



TURKOLOGY

ТҮЙМЕБАЕВ Ж.
ЕСКЕЕВА М.
САФИДОЛДА Г.

**«МӘҢГІЛІК ЕЛ»
ИДЕЯСЫН ДАМЫТУДЫҢ
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**

ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ



TURKOLOGY

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ
Мағрипа ЕСКЕЕВА
Гүлғайша САҒИДОЛДА**

**«МӘҢГІЛІК ЕЛ»
ИДЕЯСЫН ДАМЫТУДЫҢ
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**

**ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ**



**«Қазығұрт» баспасы
Алматы, 2017**

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Т 87

*Баспаға Халықаралық Түркі Академиясы және
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің
Ғылыми кеңесі ұсынған*

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

ф.ғ.д., академик Қайдар Ә.Т.
ф.ғ.д., профессор Жалмаханов Ш.Ш.
ф.ғ.д., профессор Боранбаев С.Р

ТҮЙМЕБАЕВ Ж., ЕСКЕЕВА М., САҒИДОЛДА Г.

**Т 87 «Мәңгілік Ел» идеясын дамытудың лингвистикалық негізі/
Ж.Түймебаев, М.Ескеева, Г.Сағидолда. – Алматы, 2017 – 360 бет.**

ISBN 978-9965-22-514-7

Еңбекте түркітану ғылымы «Мәңгілік Ел» идеясын бекітудің ғылыми-теориялық тұғыры тұрғысынан өзектеледі. Ұлттық идеяны дамытудың лингвистикалық тетіктері ретінде түркі жазба ескерткіштері тіліндегі, қазақ эпостары мен жыраулық поэзиясы тіліндегі, паремиологиялық жүйедегі тілдік бірліктердің этномәдени мазмұны сараланып, түркі лексикографиясы, салыстырмалы түркі тіл білімі, қазақ тілінің тарихы мәселелері қарастырылады. Еңбек түркітанушы мамандарға, докторанттар мен магистранттарға, түркі дүниесінің рухани-мәдениеті қызықтырушы көпшілік қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

ISBN 978-9965-22-514-7

© Түймебаев Ж., Ескеева М., Сағидолда Г., 2017
© «Қазығұрт» баспасы», 2017

«Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы... Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!»

Н.Ә. Назарбаев

АЛҒЫ СӨЗ

Көнетүркілік *Beṅgü El* идеясының бүгінгі Қазақ Елінің ұлттық мұратына айналуы тамыры үзілмеген тарихи сана сілкінісінің нәтижесі, рухани жаңғырудың жарқын көрінісі. Елбасының «Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі.... XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел!» (Н.Ә.Назарбаев.11.11.2014), «...қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» (Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»//Егемен Қазақстан.№70(29051).12.04.2017) деп атап көрсетуі «Мәңгілік Ел» идеясын жан-жақты дамытудың, рухани бастауларды ұрпақ санасына сіңірудің аса маңыздылығын сипаттайды.

Көне түркілер дүниетанымындағы *Beṅgü El* идеясын бүгінгі Қазақ Елінің ұлттық идеологиясының алтын қазығына айналдырудың барлық тетіктерін кешенді түрде іске қосу кезек күттір-

мейтін келелі іс. Бұл мұратты жүзеге асырудың ғылыми-теориялық негізі – түркітану ғылымы болса, халықтың рухани сапасына қатысты мақсаты – ұлттық құндылықтарға құрметпен қарайтын, елін, жерін сүйетін, патриоттық ұстанымдары берік, жаһандану үдерісіне ұлттық мүддені ескере отырып батыл қадам басатын ұрпақ қалыптастыру, яғни ұлттың рухани мүддесіне сәйкес халықтың рухани сапасын арттыру.

Мемлекеттің рухани дамуының, ұлт руханиятының негізі – мемлекеттік тіл. «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны...ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» (ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 17 қаңтар 2014 ж.). Бұл мемлекеттік тілдің функционалдық қолданыс аясын дамыту ғана емес, рухани мәдениеттің өзегін құрайтын қазақ тілінің мазмұнындағы этномәдени маркерлерді сипаттайтын тілдік бірліктердің мән-маңызын жалпы көпшілікке жеткізудің, кеңінен насихаттаудың қажеттілігін де көрсетеді.

«Мәңгілік Ел» идеясының рухани мұратын жүзеге асырудың басты тетігі – гуманитарлық пәндераралық интеграцияның ғылыми үдерісіне сәйкес әлемдік түркітану саласында жинақталған ғылыми білімнің озық идеялары мен соңғы жетістіктерін бойына сіңірген, жаңа технологиялық ресурстарды тиімді қолдана алатын, «Мәңгілік Ел» идеясының мәнін түсіндіруге қызмет ететін кәсіби түркітанушы мамандар дайындау. Кәсіби түркітанушылар – түркі әлемінің ортақ құндылықтарын сақтауға, жалпытүркілік болмысты жаңғыртуға, түркі халықтары арасындағы рухани үйлесімділік пен тарихи тұтастықты орнықтыруға қызмет етеді. Бұл түркітану мамандығы бойынша білім беру мазмұнының сапасына, оқу процесіне енгізілген түркологиялық пәндердің өзектілігі мен маңыздылығына сәйкес жүзеге асырылатын міндет.

Еңбек тарихи тамыры бір түркі елдерінің ынтымақтастығы мен рухани-мәдени ықпалдастығын тереңдетуге, жалпытүркілік идеологияны бүгінгі ұрпақ санасына сіңіріп, ұлттық тәрбиенің

өзегіне айналдыруға бағытталған Қазақстанның сындарлы саясатын жүзеге асырудың лингвистикалық тетіктерін саралауға арналған: «Мәңгілік Ел» мұратының лингвистикалық негіздері ескерткіштер тілінен, қазақтың жыраулық дәстүрінен, эпос тілінен, нақыл сөздерден, мақал-мәтелдерден көрініс беретін тілдік бірліктердің мазмұнында сақталған «елге, туған жерге деген сүйіспеншілік», «ел бірлігін сақтау», «рухани құндылықтарды құрметтеу» идеялары арқылы сараланады; Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын жалпытүркілік деңгейде, түркі дүниесінің ұлы мұратына тұрғысынан үндеудің тілдік негіздері қатарында түркі лексикографиясын, компаративистикалық түркі тіл білімін дамыту, қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі орнын анықтау мәселелері өзектеледі; «Мәңгілік Ел» идеясын дамытудың лингвистикалық тетіктері жас ұрпақ санасына түркологиялық ғылыми білімді сіңірумен, кәсіби түркітанушы-филолог мамандар дайындау ісімен және олардың кәсіби дайындығын жоғары деңгейде қамтамасыз ету мүддесімен ұштастырылып, түркі лингвистикасына қатысты пәндер кешенін оқыту барысында «Мәңгілік Ел» идеясын үндеудің методологиялық негіздемесі ұсынылады.

§ 1. ТҮРКІТАНУ – «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

Ата-баба рухы сақталған көне түркі жазбаларының мән-мағынасын бүгінгі ұрпақ санасына сіңіріп, ұлттық идеологияны нығайтудың негізіне, ұлттық тәрбиенің өзегіне айналдыру мәселесіне Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ерекше маңыз беріп келеді. Қазақстан халқына арналған «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы... Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық... Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. «Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол», – деп атап көрсетуі (ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 17.01.2014) Елбасының көне түркі жазба мұраларында көтерілген ата-баба өсиетін ұлттық тәрбиенің көзіне айналдыру, тарихи сана мен тілдік сананың біртұтастығын бүгінгі ұлттық сананың беріктігіне қызмет ететін басты тетікке айналдыру бағытын ұстанатын жүйелі де байыпты саясатынан туындайды.

Саяси-экономикалық дағдарыстар мен рухани-мәдени тоқырау қатар түрен салған күрделі үдерістер өтіндегі алмағайып кезеңнен зардапсыз шығудың Қазақстандық жолын, стратегиялық бағыт-бағдарын айқындайтын Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында (11.11.2014) Қазақстанның Жаңа Экономикалық Саясатын жүзеге асырудың басты бағдары ретінде Мәңгілік Ел идеясы өзектеліп отыр: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел!» (ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 11.11.2014).

Экономикалық құрылымдық реформаларды жаңа сипатта жалғастырып, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамыту барысындағы стратегиялық іс-шаралардың рухани өзегі ретінде Мәңгілік Ел идеясының негізделуі Қазақстанның экономикасы мен руханиятын қатар дамытуға, тарихи тамыры бір түркі елдерінің ынтымақтастығы мен рухани-мәдени ықпалдастығын тереңдетуге, бағытталған Еліміздің ұлы мұратын сипаттайды. Бұл әлемдік жаһандану үдерісіне ұлттық мүддені ескере отырып еркін араласа алатын, жалпытүркілік құндылықтарға құрметпен қарайтын ұрпақ қалыптастыру мәселесімен ұштасады: «Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген

сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!» (Н.Ә.Назарбаев.11.11.2014).

VI-IX ғасыр түркілерінің асқақ рухы мен өр намысын, еркіндік пен тәуелсіздікті мақсат тұтқан мұқалмас жігерін сипаттайтын, Түрк(i) Елі босағасының беріктігі мен жасампаздығын сақтаудың маңызды тетігі – *Beṅgü El* «Мәңгі Ел» идеясының бүгінгі Қазақ Елінің ұлттық мұратына, ел экономикасын дамытудың рухани мәніне айналуы жалпытүркілік сана жаңғырысының, ұлттық мүдденің даралық сипатының көрінісі.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлы рухани құндылықтарды ғылыми-теориялық және функционалдық-практикалық тұрғыдан игеру, көне түркілерден бастау алатын «Мәңгі Ел» идеясының тұғырын бекітіп, ғылыми-методологиялық тұрғыдан негіздеу түркітану ғылымының үлесінде. Бұл көне түркілер дүниетанымындағы *Beṅgü El* идеясын бүгінгі Қазақ Елінің ұлттық идеологиясының алтын қазығына айналдырудың ғылыми-теориялық негізін құрайтын түркітану ғылымын жан-жақты дамытудың мәні мен маңызын анықтайды.

Түркітану (түркология) – түркітектес, түркі тілінде сөйлейтін халықтардың тілін, әдебиетін, тарихын, этнографиясын, мәдениетін, дүниетанымын т.б. рухани, мәдени құндылықтарын зерттейтін кешенді ғылым саласы. Түркітану ғылымының атауы қазіргі түркі халықтарының ортақ атауына сәйкес, олардың ата-бабалары, VI-IX ғасырларда өмір сүріп, Орхон, Енисей, Талас т.б. жазба ескерткіштерді келер ұрпаққа мұра етіп қалдырған, бірнеше ру-тайпалардан тұратын макроэтноикалық топ – Түркітердің атауымен байланысты қалыптасты.

Түркітану бастапқы кезде түркі халықтарының тарихы мен салт-дәстүріне, тілі мен әдебиетіне, мәдениеті мен шаруашылығына, мемлекеттік құрылымына, экономикалық және әскери әлеуетіне қатысты; олар мекендейтін жерлердің географиялық-геологиялық, флоралық-фауналық ерекшеліктері бойынша материалдар жинауға бағытталған кешенді сипатта болғанымен, дами келе филологиялық бағытқа басымдық беріліп, лингвистикалық

тикалық пән ретінде орнықты. Соңғы жылдары түркілерге қатысты барлық рухани, мәдени, материалдық құндылықтарды қамтитын кешенділік сипатын жаңғыртуға аса мән берілуде. Классикалық түркітану ғылымы үшін түркі халықтарына қатысты ортақ мәселелердің тарихи аспектісі негізге алынса, жалпы түркітану түркілердің өткені мен бүгінін толық қамтиды. Соған орай қазіргі таңдағы түркітану ғылымы зерттеу нысандарына байланысты сараланып – лингвистикалық түркітану, түркі әдебиеттануы, түркі философиясы, түркі этнографиясы т.б. тәрізді жалпы түркі мәдениетінің тарихи дамуын, қазіргі қалып-күйін зерттейтін, бір-бірімен тығыз байланысты пәндер жиынтығынан тұрады.

Түркі мәдениетінің ірі құндылықтары – көне түркі, орта түркі жазба мұралары жалпы ескерткіш ретіндегі мәні алдымен рунологиялық, грамматологиялық (жазу таңбаларын зерттеу, мәтіндерді оқу, транскрипциялау, аудару) және тарихи-салыстырмалы негізде тіл білімінің аясында зерттелуі түркітанудағы лингвистиканың басымдылығын сипаттайды. Түркі әдебиетінің қайнар көзі саналатын ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтау, орта ғасырларда дүниеге келген түркі жазба мұраларының сюжеттік, көркемдік қырларын зерттеу, әдеби аудармаларын жасау мәселелері де алғашқы түркологиялық ізденістер қатарында болды. Бұл әдебиеттанудың түркологияның қалыптасу тарихындағы өзіндік орнын сипаттайды. Сондықтан да түркітандың өзегі тіл білімі мен әдебиеттану салаларының басын қосатын филология ғылымы болып табылады.

Заманауи тіл білімінде лингвистиканың дәстүрлі құрылымдық, яғни тілді өз жүйесі ішінде ғана зерттеу парадигмасымен қатар тілді сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, яғни, белгілі бір тілдің функционалды әлеуетін пайдаланатын этноұжымдық ортамен, олар өмір сүретін әлеуметтік қоғаммен, тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен, мәдениетімен сабақтастыра зерттеу қолға алынуда. Яғни, тілді тіл иесінің жалпы болмысымен сабақтастыра қарастыратын антропоэзектік зерттеу парадигма-

сы кеңінен қолданылуда. Этностың дара болмысын қалыптастыратын дүниетанымымен, адам санасындағы танымдық процестермен, психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланыста қарастыруды көздейтін антропоэзектік, танымдық бағыттағы тіл білімінің дербес салалары қалыптасты. Бұл адамзат өркениетіндегі адам факторына басымдық беріп отырған заман талабы. Лингвистикалық түркітану ғылымында да антропоэзектік парадигма аясына кіретін жалпытүркілік таным, жалпытүркілік сана, жалпытүркілік тілдік сана, жалпытүркілік мәдениет, жалпытүркілік руханият, жалпытүркілік тұтастық, жалпытүркілік кеңістік мәселелері өзектелуде. Соған орай түркі жазба ескерткіштерін, ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем әдебиетті, жалпытүркілік тілдік жүйені құрайтын басқа да жанрлық, стильдік қолданыстарды (бұқаралық ақпарат құралдары тілі, ғылыми тіл, жарнама тілі, ауызекі сөйлеу тілі т.б.) этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвофилософиялық, тұрғыдан зерделеп, тіл иесі – халықтың дүниетанымын, мәдениетін, жалпы болмысын сипаттайтын концептілер жүйесін саралау; дүние бейнесінің тілдік репрезентанттарының этно-мәдени мазмұнын ашу; түркі тілдері дамуының әрбір кезеңіндегі тілдік тұлғалардың сапалық мазмұнын талдау мәселелері өзектелуде.

Ежелгі түркі халықтарының қоршаған орта, адамзаттың пайда болуы, адами қасиеттер жайлы таным-түсініктері туралы, жалпы түркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін маңызды дерек көзі – ауыз әдебиеті үлгілері. Фольклор – қай халықтың болмасын өткен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мифологиялық, діни наным-сенімдерінен мағлұмат алуға мүмкіндік беретін асыл мұра болып табылады. Сондықтан лингвистика мен әбиеттанудың (фольклортану) сабақтастығына негізделген лингвофольклористика мен лингвомифологияны дамыту да өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Антропоэзектік бағыттағы этнолингвомәдениеттанудың құрамдас бөлігі болып табылатын түркі лингвофольклористикасының мақсат-міндеттеріне ауыз әдебиеті үлгіле-

рінің мазмұны мен тілі арқылы мифтік сана мен эпикалық санада сақталған этно-мәдени және тілдік кодтарды анықтау; мифтік-эпикалық сана мен тарихи сананың сабақтастығын тілдік сананың ақпараттық әлеуеті арқылы көрсету; эпикалық/мифтік тұлғаның сапалық белгілерін талдау; дүниенің мифтік/эпикалық бейнесінің тілдік бірліктерінің этномәдени мазмұнын саралау т.б. мәселелері жатады.

XX ғасырдың соңғы жылдары мен XXI ғасырда руникалық түркі жазба мұраларының оқылымдары мен аударылымдарының қайта қаралуы, араб, көне ұйғыр, армян, көне латын т.б. графикаларымен хатқа түскен орта ғасыр түркі жазбалары тіліне аналитикалық зерттеулердің жүргізілуі, жаңа ескерткіштердің ғылыми аналымға енгізілуі; жаңадан белгілі болған, бұрын зерттелмеген немесе тым аз зерттелген түркі (афшар, айналлу, боджнурди, лобнор, кашкай, салар, сарыұйғыр, сонкор, фуй-қырғыз, халадж, шұлым-түркі т.б.) тілдері мен диалектілерінің грамматикалық сипаттамалары бойынша жүргізілген ізденістердің нәтижелері лингвистикалық түркітанудың мүмкіндігін кеңейтіп, материалдық-базалық әлеуетін арттыра түсті. Бұл лингвистикалық түркітанудың теориялық-методологиялық аппаратының жаңа сатыға көтерілуіне – тіларалық байланыс пен тіларалық ықпалдастықты салыстырмалы-тарихи немесе салыстырмалы-генетикалық әдіс арқылы зерттеудің жаңа қырларын айқындап, ғылыми зерттеу парадигмасының жаңа мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашты.

VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері мәтіндерінен Түркі қағанаттары мен мемлекеттік деңгейдегі тайпалық одақтарының ішкі, сыртқы саясатқа, елдің қауіпсіздігін сақтауға қатысты ұстанымдарының кеңінен көрініс табуы көне түркілердің өздеріне тән саяси және дипломатиялық мәдениет қалыптастырғанын көрсетеді. Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері-ұлы түркі мемлекеті мен оның халықтарын ұйыстырып, мемлекеттің тұтастығын, елдігін сақтауға қызмет еткен идеологиялық-ақпараттық құрал. Түркі мемлекеттерінің ұлттық идеологиясының тұғыры

қызметін атқаратын жалпытүркілік идеяларды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеп, «әсіре қызыл түркшілдік» пен «зайырлы түрікшілдіктің» ара-жігін ажыратып беруімен; «жалпытүркілік рух» пен «жалпытүркілік патриотизмді» түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығы мен ықпалдастығын қамтамасыз етудің басты тетігі ретіндегі ғылыми негіздемесін жасаумен; жалпытүркілік саяси-идеологиялық ұстанымдар мен дипломатиялық қарым-қатынас тәжірибелерін басқа мемлекеттермен үйлесімді мәдени және саяси-экономикалық байланыстарды нығайту барысында қолдануды ғылыми тұрғыдан дәйектеу түркітанудың саяси-идеологиялық қырларын сипаттайды.

Түркітанудың кешенділік сипатын айқындайтын пәнаралық сабақтастықтағы ізденістердің барлығының дерлік ең басты зерттеу тетігі дискурстық, контекстік, синтаксистік немесе лексемалық деңгейдегі – тіл бірліктері (ескерткіштер тілі, фольклор тілі, фразеологизмдер мен паремиялар, этнонимдер, топонимдер, антропонимдер басқа да мәдени лексемалар), тілдік бірліктердің ақпараттық-деректанымдық әлеуеті мен этно-мәдени мазмұны, этимологиялық негізі мен семантикалық уәждемесі. Бұл лингвистикалық түркітанудың зерттеу амалдары мен ғылыми ұстанымдары түркологияның барлық салаларына қатысты зерттеу парадигмасының негізгі элементтерін құрайтынын көрсетеді.

Лингвистикалық түркологияның қалыптасу, даму тарихында В.Томсен, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов, В.М.Насилов, К.К.Юдахин, Э.В.Севортян т.б. сынды әлемге әйгілі ресейлік, еуропалық және азиялық басқа ұлт өкілдерінен шыққан түркітанушы ғалымдар еңбек етті. Түркітанушылар қатарын түркілердің өз арасынан шыққан А.Байтұрсынов, Э.К.Пекарский, Н.Ф.Катанов, Э.Н.Наджип, Э.Р.Тенишев, Н.З.Гаджиева, І.Кеңесбаев, Б.М.Юнусалиев, Э.И.Фазылов, Ә.Құрышжанов, К.М.Мусаев, Ә.Т.Қайдар, Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Т.Текин т.б. ғалымдар толықтырды. Түркітану тарихындағы ұлы тұлғалардың зерттеулері академиялық ғылымның іргетасы ғана емес, түркология ғылымының мемлекет, ұлт шеңберімен шектелмейтінің, жал-

пыадамзаттық арнада, халықаралық деңгейде дамитындығының айқын көрінісі. Қазіргі түркологияның халықаралық сипатының артуы, әлемдік білім, ғылым деңгейімен өрелесуі табиғи жағдай. Қоғамдық ғылымда ғылыми ой-пікір тек бір ғана халықтың немесе туыс халықтардың арасында ғана өрбісе әлемдік деңгейдегі ғылыми салмағын бәсеңдетіп алуы мүмкін, сондықтан түркологиялық проблемаларды өзге жұрттың да сынынан өткізу, ғылыми тұғыры бекем тарихи-мәдени-лингвистикалық тұжырымдамаларды халықаралық тезге салу түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттен алар орнын айшықтап көрсетудің тікелей жолы болып табылады.

Түркітану ғылымының өзегі болып табылатын *лингвистикалық түркітану* (түркі тіл білімі) көне түркі жазба мұраларының табылуына байланысты қалыптасып, олардың оқылуы, аударылуы, жазу таңбаларының генезисін анықтау мәселесіне, тілдік ерекшеліктерінің зерттелуіне, орта ғасырлық түркі ескерткіштерінің оқылуы мен аударылуына, тілінің зерттеле бастауына байланысты жаңдана түсті. Түркі тайпаларының жазба әдеби дәстүрлері түрлі тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты бір жазу жүйесінен келесі бір жазу жүйесіне (руникалық, көне ұйғыр, манихей, брахма, араб, латын, армян) алмасып немесе қатар қолданылып, сондай-ақ бірде дамып, бірде әлсіреп, үзіліссіз жалғасып отырды. Бұл дәстүрдің гүлденген кезі XI-XVII ғасырлар болды. XI ғасырда араб мәдениетінің ықпалымен Қараханидтер әулеті мемлекетінде дамыған түркі жазба дәстүрі XIII-XVII ғасырларда екі мәдени орталықта: батыста – Сельжук әулетінің мемлекеттерінде, Түркия мен Әзірбайжанда, ал шығысында Қашқарияда, Хорезмде, Бұхара мен Самарқанда жалғасты. Бұл орталықтардағы көптеген көркем-әдеби ескерткіштер көне осман, көне әзірбайжан және Орта Азиялық классикалық түркі әдеби тілінде жазылды. Орта Азиялық түркі әдеби жазба тілі түркі халықтары мекендеген Орта Азияның шығыс аймағындағы Шыңғысханның ұлдары билеген өлкеде қалыптасып, XIV-XVII ғасырлар аралығында кеңінен қолданылды. Бұл жазба әдеби тіл

түркітануда қалыптасқан дәстүр бойынша Шағатай ұлысында қолданылғандықтан “шағатай тілі” деп аталады. Шағатай тілі XI-XIII ғасырлардағы шығыс түркістандық түркі әдеби тілімен және XIII-XIV ғасырдағы алтынордалық түркі әдеби тілімен сабақтастықта дамыды. Орта Азия мен Қазақстан және Шығыс Түркістан аймақтарында қолданылған шағатай тілі жергілікті өзбек, қазақ, татар, башқұрт, ұйғыр т.б. халықтардың жазба дәстүрінің, әдеби тілінің қалыптасуына негіз болды.

XIX ғасырдың соңында Орта Азия мен Сібірден табылғанына бір ғасырдан аса уақыт өтсе де сыры ашылмай келген тасқа қашалған көне руникалық жазба ескерткіштерінің түркілер мұрасы екенінің анықталуы, сондай-ақ, әртүрлі әліпби жүйесімен хатқа түскен XI-XVII ғасыр түркі жазба мұралары қорының жинақталуы Ресей және Батыс ғалымдарының қызығушылығын тудырып, түркітанудың лингвистикалық саласының дамуына игі ықпал етті.

Ұзақ жылдар бойы көршілес аумақтарда тұрып, өзара тығыз қарым-қатынаста болған түркі және славян халықтарының тілдері арасындағы қатынас нәтижесінде қалыптасқан орыс тіліндегі түркізміздерді жинақтау, түсініктеме беру, екі халық арасындағы байланысты қамтамасыз ету мақсатында тілашарлар мен сөздіктер дайындау мәселесі де түркітанудың лингвистикалық саласының дамуына өзіндік әсерін тигізді.

Түркітану ғылымының кең ауқымда дамуы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысына сәйкес келеді. Түркітану ғылымының ілгерілеуі түркі халықтары жайлы түркі тілдерінде жазылған жаңа жазба деректердің табылуына, жекелеген түркі халықтарының мәдени-әлеуметтік даму үдерістерін, тілдеріндегі ерекшеліктерін зерттеумен, ана тілдерінде білім беру, ұлттық кадрларды дайындау мәселелерімен сабақтастықта болды. Түркі халықтарының негізгі бөлігі Кеңес үкіметінің құрамында болуына орай XX ғасырдың 20-25 жылдарынан бастап ерекше қарқынмен дамыған кеңестік түркітану (тіл білімі) үлкен ғылым саласына айналды, Кеңес үкіметі әлемдік түркітанудың

ошағы (орталығы) қызметін атқарды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін егемендікке ие болған түркі мемлекеттерінде төл мәдениет пен төл тарихқа айрықша маңыз берілуіне байланысты түркітану ғылымы да жаңа бағыт-бағдар алды.

Лингвистикалық түркітану зерттеу пәніне байланысты өзара сабақтас бірнеше зерттеу бағыттарын қамтиды: VI-IX ғасыр көне түркі жазба ескерткіштері тілі; орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілі; XVI-XVIII ғасырлардағы ескі түркі түркілері; қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолы; түркі тілдерін диахронды тұрғыдан салыстыра зерттеу (салыстырмалы-тарихи түркі тіл білімі); ежелгі түркі тілдері немесе палеотүркологиялық бағыттағы прототүркі, пратүркі тілдерін реконструкциялау мәселесі; этимология және лингвоархеологиялық мәселелер; түркі тілдерін синхронды тұрғыдан салыстыра зерттеу (салыстырмалы түркі тіл білімі); түркі халықтарының жазу жүйесін диахрониялық және синхрониялық аспектіде саралау (түркі грамматологиясы); түркі тілдерінің аударма, түсіндірме т.б. сөздіктерін түзу (түркі лексикографиясы). Сондай-ақ, түркі тілдеріндегі кірме элементтерді және басқа тілдердегі түркизмдерді ажыратып, әр жүйедегі тілдердің байланысы мен өзара ықпалдастығын саралау (лингвоконтактология), түркі тілдерінің лексика-грамматикалық табиғатын тереңірек аша түсу мақсатында және глоттохронологиялық сипаттамасын біршама нақтылау мақсатында түркі тілдерін басқа басқа жүйедегі тілдермен салғастырмалы тұрғыдан зерттеу де (салғастырмалы-типологиялық тіл білімі) лингвистикалық түркологияның үлесінде.

Жаһандану үрдісі кең қанат жайған қазіргі заман тілді «*Табиғат – Адам – Қоғам*» үштігі контекстінде, адам табиғатымен, этнос, ұлт, халық сияқты тілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірімен біртұтастықта қарастыруды талап етеді.

XXI ғасыр тіл білімінде адамзат өмірі мен тіршілігінің ең маңызды құралы болып табылатын тіл табиғатын – фонологиялық, морфемалық, лексемалық, синтаксистік, контекстік, дискурстық деңгейлердегі тілдік бірліктердің мазмұны арқылы; тілдік

бірліктердің мазмұндық ерекшеліктерін адам танымындағы ойлау, пайымдау, ақпаратты қабылдау, ақпаратты жеткізу үдерістері шеңберінде; басқа да туа біткен, кейін қалыптасқан адами қасиеттердің көрінісі тұрғысынан; тарихи, қоғамдық, әлеуметтік факторлардың ықпалын қабылдаған лингвоқұрылым ретінде; жалпы адам болмысын сипаттайтын дүниетаным мен рухани мәдениеттің мәні тұрғысынан саралаудың өзектелуі, лингвистиканың пәнаралық сипаты мен зерттеу мүмкіндігін арттыра түсті.

«Мәңгілік Ел» идеясын дамытудың лингвистикалық негіздері. «Мәңгілік Ел» идеясының тұғырын бекітудің лингвистикалық негіздерін бірнеше бағыттағы түркологиялық зерттеулер құрайды:

- VI-X ғасыр түркілерінің *Beṅgü El* идеясының мән-маңызын түсіндіру мақсатында көне түркі жазба ескерткіштері тілін терең зерттеп, бабалар тілінде сақталған жалпытүркілік рухани мәдениетті, «түркілік рух» пен «түркілік патриотизмді» сипаттайтын тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын ашу; қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісін анықтау;

- XI-XV орта түркі жазба мұралары тілін, XVI-XVIII ғасырлардағы ескі түркі тілдерін құрылымдық, антропоөзектік тұрғыдан жан-жақты зерделеу; орта ғасыр түркілері тілі мен қазіргі түркі тілдерін салыстыра талдап, ортақ рухани бастаулар мен жекелеген түркі халықтарына тән дара руханияттың жігін ажырату;

- Ежелгі түркі халықтарының қоршаған орта, адамзаттың пайда болуы, адами қасиеттер жайлы таным-түсініктері туралы, жалпы түркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін маңызды дерек көзі – аңыз әңгімелер, эпостық жырлар т.б. ауыз әдебиеті үлгілері тілін зерттеу арқылы мифтік сана мен эпикалық санада сақталған этномәдени және тілдік кодтарды анықтауға мифтік-эпикалық сана мен тарихи сананың сабақтастығын тілдік сананың ақпараттық әлеуеті арқылы көрсетуге бағытталған лингвофольклористикалық, лингвомифологиялық зерттеулерге басымдық беру;

- Түркі тілдерінің функционалдық әлеуетін арттырудың, түркі лексикалық қорын жинақтаудың, түркі тілдерінің тілдері экологиялық ахуалын жақсартудың, жойылып бара жатқан шағын этнос тілдерін сақтап қалудың тетігі; түркі тілдерінің экологиялық ахуалын жақсартудың, жаңа ұғымдарды атауда төл лексиканы мейілінше сарқа пайдаланудың, кірме элементтерді қабылдауды біріздендірудің, түркі тілдеріне ортақ терминологиялық жүйе қалыптастырудың, түркі халықтары тілдері арасындағы алшақтықты өсірмеудің материалдық базасы ретінде түркі лексикографиясын теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты дамыту;

- Қазіргі түркі тілдерінің синхрониялық қалып-күйін деңгейлік жүйе бойынша (фонетика-фонологиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік) компаративтік негізде саралап, түркі тілдерінің жүйелі салыстырмалы-синхронды корпусын сомдау; интеграциялық және дифференциациялық лингвоиндикаторларды толық қамтитын түркі тілдері грамматикалық құрылымының бірізді моделін түзу;

- Қазақ тілінің қалыптасу, даму тарихын, қазіргі қалып-күйін жүйелі түрде сипаттайтын, тілдің деңгейлік салаларын толық қамтитын қазақ тілінің тарихи грамматикасын дайындау; қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орнын анықтау; қазақ халқының этникалық дамуы монғолдармен тығыз байланысты болуына орай қазақ (түркі) – монғол тілдерінің тарихи байланыстарын алтаистикалық аспектіде жан-жақты саралау.

XXI ғасыр лингвистикасы «тіл және адам» проблематикасының біртұтас теориясын қалыптастыруға бетбұрыс жасауымен, ғылыми зерттеудің теориялық-методологиялық негізіне тілді адаммен, оның ой-санасымен, рухани-практикалық іс-әрекетімен тығыз байланыста қарастыруды, яғни антропологиялық ұстанымды басшылыққа алуымен сипатталады. Лингвистикалық зерттеудің антропоцентристік парадигмасы тілді сол тіл қызмет ететін қоғаммен, әлеуметтік ортамен, тіл иесі – халықтың сан ғасырлық тарихымен, таным әлемімен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп

келе жатқан өмірлік тәжірибесімен, рухани болмыс-бітімімен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен байланыстыра қарастыруды дiттейтiн тiл бiлiмiндегi ауқымы кең зерттеулерге жол ашты. Соның нәтижесiнде тiл мен адам болмысы, тiл мен таным, тiл мен мәдениет, тiл мен халық арасындағы тығыз байланыс, өзара сабақтастық проблемасын жан-жақты зерттеудi мақсат ететiн интеграциялық жаңа үрдiстегi лингвофилософия, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, этнопсихоллингвистика, когнитивтiк лингвистика сияқты ғылыми бағыттар қалыптасып, ХХ ғ. соңғы ширегiнде жедел қарқынмен дами бастады. Олардың әрқайсысының зерттеу нысанын нақтылауда, я болмаса ғылыми теориялық және методологиялық негiздемесiн жасауда тiл бiрлiктерi басқа ракурста, яғни адам санасымен, ойлау әрекетiмен, бүкiл адами болмыспен бiртұтастықта қарастырылуда.

Тiлдiң «имманенттiк» лингвистика аясынан шығып, этнос болмысы, дiл және дiн, ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, әлеуметтiк-қоғамдық орта, ондағы жеке тұлға сияқты ұғымдармен сабақтастықта қарастырылуы лингвистикалық әдiс-тәсiлдердi философия, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, этнография, логика сияқты ғылым салалары қолданатын әдiс-тәсiлдерiмен тоғыстырудың қажеттiгiн тудырды. Соған сәйкескөнетүркiлiк **Benğü El** идеясының қазақ тiлiндегi, жалпы түркi тiлдерiндегi көрiнiсiн анықтау түрктанудың iшкi салаларын өзара ұштастыра отырып, дәстүрлi құрылымдық және заманауи зерттеу парадигмаларының сабақтастығы негiзiнде қарастыруды мiндеттейдi.

§ 2. «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ТІЛ ЖӘНЕ ЭТНОС САБАҚТАСТЫҒЫНДА ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Тіл және адам болмысы. «Мәңгілік Ел» идеясын тіл және адам болмысы контексінде зерттеу методологиясының негізі ежелгі философиялық пайымдаулардан бастау алады. Адам болмысының ерекшеліктері оның дүниетанымы мен тілі арқылы анықталатындықтан философия ғылымында таным мен тілдің байланысы антикалық дәуірлерден бастап әртүрлі деңгейде (қарапайым, шынайы) қарастырылып келгенімен «таным мазмұны мен тіл мазмұнының сабақтастығы негізінде дамыған лингвистикалық философия немесе тілдік талдаулар философиясы – аналитикалық философияның негізгі бағыттарының бірі ретінде ХХ ғасырдың отызыншы жылдарында қалыптасты»¹ Заманауи тіл білімінің талаптарына сай жаңдана түскен Адам мен адами құндылықтарды негізге алатын антропоэзектік бағыттағы лингвистика салаларының ғылыми пән ретінде орнығуы да философияның қалыптасу, даму тарихымен, оның методологиялық негіздерімен сабақтастықта сипатталады. Философияның методологиялық категорияларын құрайтын – *жүйе, құрылым, бүтін мен бөлік, бөлшек(элемент), жалпы мен жалқы, ерекше, тұлға (форма) мен мазмұн, элемент, байланыс, қатынас* ұғымдарын структуралық тіл білімі мен антропоэзектік тіл білімінің әрқайсысы өз мүддесіне сәйкес қолданды.

Антропоцентризм (гр.anthropos – «адам», лат. Centrum – орталық) – адам феноменін Ғаламның басқа да феномендеріне қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан процестердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт². Антропоцентризмді филосо-

¹ Советский энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1988. – С. 712.

² Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира \ Б.А. Серебренников, Е.С. Кубрякова, В.И. Поставалова и др. – Москва: Наука, 1988. – С. 8.

фиялық көзқарас тұрғысынан П.С. Гуревич былай түсіндіреді: «Антропоцентризм – это воззрение, согласно которому человек есть центр Вселенной и центр совершающихся в мире событий. Многие философы исходили из данной мировоззренческой установки, полагая, что главная проблема философии – человек. Только осознавая природу, сущность, предназначение человека, можно понять все другие философские проблемы, сколько их ни накопилось в течение множества веков»¹.

Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің нысаны таным объектісінен (тіл, сөзден) сол тілді тудырушы, қолданушы, жарыққа шығарушы адам – субъектіге ауыстырылып, тілдік конструкциялар дүниені «адам призмасы» арқылы көрудің, танудың дәйектемелік негізіне алынады, «тіл мен адамның» аражігі бөлінбей, біртұтастықта сипатталады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулер объектіден субъектіге қарай бет бұрып, тіл – субъектінің ең басты конститутивтік белгісі ретінде қарастырылады.

Философия ғылымында тіл мен ой-сана, дүниетаным арасындағы қатынасқа ерекше мән беру тікелей адам болмысы негізінде айқындалатын жалпы болмыстың мәнін ашудың тетіктері ретінде сипатталады. Тіл мен адамның біртұтастығы жайлы И.А. Бодуэн де Куртенэ: «Язык существует только в индивидуальных мозгах, только в душах, только в психике индивидов или особей, составляющих данное языковое общество» деп тұжырымдайды².

Болмыс туралы ілім (онтология) тарихы біздің дәуірімізге дейінгі антикалық философиядан бастау алады. «Болмыс туралы ең өткір сұрақтар құдайдың құдіреттілігіне күмән келтірілген, ортодоксальды ақыл-ойдың дағдарысы тұсында қойылды.

¹ Гуревич П.С. Антропоцентризм как философская позиция \\ Философская антропология. М., 2001. – Гуревич П.С. Антропоцентризм как философская позиция \\ Философская антропология. – Москва, 2001. – С. 44.

² Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. Т.2. – Москва, 1963. – С. 6.

Қалыптасқан тығырықтан шығу жолын болмысты рационалды түрде негіздеп, оның шынайылығына сенімділік білдіретін философия»¹ ғаламдық мәселелерді адам бойындағы туа біткен табиғи қасиеттер мен рухани құндылықтар арқылы, адам мүмкіндігінің шегін анықтау негізінде көрсетуге мүдделі болды. Сондықтан ғаламдағы Адам позициясын нақтылап, адам әлемін қалыптастыруға мүмкіндік беретін адамзат ақыл-ойы мен тілі философиялық еңбектерде түрлі аспектіде қарастырыла бастады.

Философия тарихындағы түрлі ағымдар мен бағыттардың адамзаттың басты қасиеті – тіл мәселесіне тоқталмағаны кемдекем. «Адамның өзінің шеңберінен шығуға мүмкіндік беретін рухани форма»² ретінде танылатын тілі әр қырынан қарастырылды. Философия ілімінің алғашқы өкілдері адами болмыстың бастау көздерін ақиқатты рухани-практикалық тұрғыдан игеру жүйесі болып табылатын дүниетаныммен, ақыл-оймен, оның объективтену тетіктерінің негізгісі тілмен байланыстыруға талпыныстар жасады.

Ежелгі философия ғылымының зерттеу нысаны мен қарастыратын мәселелері тым ауқымды әрі әмбебаптық сипатта болғандықтан, философия термині алуан түрлі рухани және рухани-практикалық іс-әрекеттердің жиынтық пәнінің атауы ретінде кең мағынада қолданылды. Пуритандық философия логика, грамматика, риторика, математика, физика, теология тәрізді «еркін өнер» аталған пәндердің синонимі ретінде де қабылданды³. XVIII ғасырда пуританизм бағыты аясында Еуропада өріс алған моральдық философияда, XIX ғасырда Америкада кеңінен таралған психологиялық философияда, теологтар тарапынан қолдау тауып, дамыған философиялық антропологияда, буржуазиялық философияға тән диалектиканың теориясында, рухани және материалды құндылықтарға қатысты айтылған басқа ой-пікірлер-

¹ Философия. Құраст. Ғабитов Т. – Алматы: Раритет: 2005. – Б.141.

² Философия. Құраст. Ғабитов Т. – Алматы: Раритет: 2005. – Б. 7.

³ Покровский Н. Е. Ранняя американская философия. – Москва: Высшая школа, 1989. – С. 10.

де де тіл мәселесі назардан шет қалмады. Пуритандық ағым бойынша грамматика мен риторика диалектикадан бір саты төмен тұрды.

Диалектика аталған екі өнердің де мазмұнын құрайтын материалдармен қамтамасыз етуші ретінде танылып, грамматика сол мазмұн мен мағынаны қоғамға жеткізуші дәнекер саналды. Пуритандық философияның типологиялық методологиясы XVII ғасырдың өзінде-ақ жалпы ғалам бейнесін танудың негізгі теориялық ұғымдарын айқындап берді. Алғашқы ұғым, санадағы идея жайлы ой-тұжырымдардың бәрінде тіл деректері ойдың дыбыстық бейнесі, фантазмалардың деректенуінің көрінісі ретінде талдана отырып, олардың арасындағы тығыз байланыстың маңыздылығына мән беріледі.

Академиялық философия ілімінің тарихи даму жолына зер салсақ, түрлі буржуазиялық философиялық мектептер мен ағымдар теориялық концепцияның құрылымдық модельдерінің сциентизм және антропологизм бағыттарының аясында топтасқанын аңғарамыз. Лингвистикалық мәселелерге ерекше маңыз беретін ағымдар ішінде позитивизм, неопозитивизм және структурализм бірінші бағыттың басты ұстанымдарын негізге алса, экзистенциализм және персонализм екінші бағыттың методологиясы мен ұстанымдарын тірек етеді. Сциентизм бағыты философияның дәстүрлі дүниетанымдық мәселелерін теріске шығарып, дүниетанымдық құбылыстарды ғылыми әдіс-тәсілдер арқылы айқындау мүмкіндігіне күмән келтіреді. Сциентизм бағытының кейбір өкілдері Аристотель ілімдерінен бастау алатын метафизикалық тұжырымдарды да жоққа шығарып, «ғаламның синтетикалық бейнесі» ұғымын ұсынады. Философия ілімін қатаң ғылыми сипатта реконструкция жасауға ұмтылған сциентистер «философиялық білімді табиғи тіл мен ғылыми тіл деректері арқылы талдауды метафизикаға қарсы қойды»¹. Ал сциентазим-

¹ Митрохин Л. Н. Сциентизм и антрологизм в современной буржуазной философии // Буржуазная философия XX века. – Москва: Политиздат, 1974. – С. 23.

ге қарсы бағыт – антропология адам ақыл-ойының мазмұндық құрылымы мен оны анықтаудың тетіктерін онтологиялық (жалпы болмыс) негізде қарастыратындықтан негізгі идеялары белгілі бір дәрежеде діни ілімдердің мифологиялық концепцияларымен де астасып жатқанын байқауға болады. Антропология адамзат ой-санасының, жалпы болмысының мазмұндық құрылымы адамның сөйлеу әрекеті, яғни тілі арқылы ғана анықталатындықтан «тіл» ұғымын ерекше философиялық категория ретінде қарастырады. Жалпы философтарды тілдің лингвистикалық сапасы емес, оның мазмұны, мағынаны бойында сақтаушы, жеткізуші ретіндегі қызметі қызықтырады. Тілдің ақпараттық қызметіне айрықша мән берген антропологиялық бағыттағы феноменология, персонализм, экзистенциализм ағымдары да өздерін материалистік философия мен марксизмге қарсы қойып, адам болмысын адамға қатысты барлық құндылықтармен сабақтастыра отырып, кешенді түрде қарастыратын жаңа ілім қалыптастыруға ұмтылады. Бұл ағымдардың басын біріктіруші басты критерий позитивизмге тән философиялық және ғылыми зерттеулерді теңестіре қарастырудан бойын аулақ салу, философияның өзіне ғана тән зерттеу нысанын, өзіндік пәнін айқындауға ұмтылу; философияның басты нысаны болмыстың ақиқаттығын емес, оның мәнін, мазмұнын ашу, яғни адамның еркін және шығармашылық іс-әрекетінің принциптерін анықтау арқылы жалпы болмыстың мәні мен мағынасын айқындау. Антропологиялық бағыттағы философтардың тіл жөніндегі ой-пікірлері «тіл – рухани құндылық» концепциясын бекітті: «тіл – адамзат іс-әрекетінің себептерін айқындаушы ұлы құрал, адамзат болмысының мазмұнын көрсететін рухани құндылық»¹.

Позитивистік бағыттағы ағымдардың ішінде лингвистикалық талдау философиясы (Тіл білімі философиясы) ағымы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары Англияда ерекше қарқынмен дамыды. Идеяның орнығуына Дж. Мур, Л.Витгенштейн,

¹ Григорьян Б. Т. Философская антропология // Буржуазная философия XX века. – Москва: Политиздат, 1974. – С. 174.

Дж. Уиздом, Дж. Райл, Дж. Остин тәрізді философтар үлес қосты. Лингвистикалық философия логикалық позитивизмнің ғылыми ой қорыту барлық саналы ой қорытулардың тамаша моделі болып табылатыны жайлы тезисіне қарсы, қолданыстағы тілдің бірнешеге бөлінетіні туралы, мәселен, жекелеген «тіл – ойындар» (Л. Витгенштейн), «логикалық типтер», «тіл категориялары» (Дж. Райл), «тілдік қабат» (Ф. Вайсман) т.б. тұратынын, әрбір тілдік бөліністердегі бірліктердің контекстегі қолданысы принципті түрде ажыратылатыны жайлы тұжырымдарын ұсынады¹. Тұлғасы бірдей болып келетін сөздердің контексте мағыналары әртүрлі болып қолданылуын тікелей сөйлеушінің мақсатымен, жағдаймен байланысты қарастырған аналитиктер, «тіл – ойынды» сөздердің бір-бірін оқшауланған қатынасы емес, адамзаттың тіршілік әрекеті ретінде жалпы тілді әлеуметтік институт әрі өмір сүру формасы ретінде; мағынаны белгілі бір контекстегі сөздің қолданыс тәсілі ретінде түсіндіреді. Лингвистикалық философия өкілдері философиялық проблемалар логиктердің табиғи тілдің болмысын жете түсінбеуі нәтижесінде туындағанын, сондықтан тілдік талдау жасауға, түрлі контекстегі сөз қолданымға жан-жақты сипаттама беруге айрықша мән береді². Лингвистикалық философияның негізгі ұстанымдары мен тілге басымдық беретін көзқарастары ХХ ғасырдың көрнекті философы М. Хайдеггердің еңбектерінде нақтылана түсті, ғалым тұжырымының жалпы мазмұны адам болмысын танып-білу үшін тілге мән беріп, тілдің өзін сөйлету керек. Тарихи-аксиологиялық ақпаратты бойында сақтайтын тіл әрбір адамның өзін-өзі ашуына, өзіне танытуына, өзгені тануына, сол арқылы ғалам мен өзінің қатынасын анықтауға мүмкіндік алады³.

ХХ ғасырдың басында гуманитарлық ғылым салаларында (лингвистика, психология, фольклористика, әдебиеттану, этно-

¹ Лекторский В. А. От позитивизма к неопозитивизму // Буржуазная философия ХХ века. – Москва: Политиздат, 1971. – С. 120.

² Лекторский В. А. От позитивизма к неопозитивизму // Буржуазная философия ХХ века. – Москва: Политиздат, 1971. – С. 120-122.

³ Хайдеггер М. www.yazkon.ru.

логия, эстетика т.б.) құрылымдық әдісті, модельдеуді, семиотикалық элементтерді, математикалық әдістерді қолдануға байланысты қалыптасқан структурализм мәдениетті таңбалар жүйесінің (тіл, ғылым, әдебиет, өнер, мифология, сән, жарнама т.б.) жиынтығы ретінде қарастырды. Структуралистік бағыттың өкілдері (К.Леви-Стросс, М.Фуко, Ж.Лакан, Р.Барт, Ж.Деррида, Л.Гольдман т.б.) құрылымдық әдістің нақты ғылыми қағидаларына ерекше басымдық береді¹. Бұл структурализмнің экзистенциализм, персонализм, неопозитивизм тәрізді гуманитарлық-антропологиялық бағыттағы ғылыми ағымдармен антиномиялық қатынасын сипаттайды.

Структурализмнің көшбасында структуралық лингвистика тұрды. Этнология, психология, философия, мәдениеттану т.б. гуманитарлық ғылымдарды құрылымдық тұрғыдан зерттеушілер лингвистикалық модельдерді белсенді түрде қолданғанымен, сөздің танымдық негізіне, идеялық қырына, тіл иесі этнос болмысымен байланысына жете мән берілмеді. «Слово структурализм стало своего рода ярлыком почти для всякого движения, порвавшего с традицией»² деп белгілі лингвист А.Мартине көрсеткендей тіл мен сол тілде сөйлеуші этностың тарихи тамырының, салт-дәстүр, әдет-ғұрпының, діни наным-сенімдерінің, басқа да рухани құндылықтарының сабақтастығы көп ескерілмеді. Структуралық лингвистиканың өкілі, швед лингвисті Фердинанд де Соссюр «Курс общей лингвистики» атты еңбегінде өз әдісінің негізгі қырларын тұжырымдай отырып, лингвистиканың зерттеу нысаны жайлы «Единственным и истинным объектом лингвистики является язык, рассматриваемый в самом себе и для себя» деп қорытады³. Ф.Соссюр ілімі бойынша тіл индивидтің сөйлеу әрекетін қамтамасыз ететін, өзара тығыз байланысты мағына мен тұлғаның т.б. элементтердің жиынтығы, жүйелі құрылым.

¹ Советский энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1988. – С. 1283.

² Основная направления структурализма. – Москва: Политиздат, 1964. – С.5.

³ Соссюр Ф. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000. – С. 14.

Тілді зерттеуде нақты тілдік модельдерді (формулалық) қолданған структуралық тіл білімінің әдіс-тәсілдері тілдің танымдық, биопсихологиялық қырларын терең аша алмағанымен, интралингвистикалық заңдылықтарды анықтауда үлкен нәтижелерге жетті, сондай-ақ барлық гуманитарлық ғылым салаларындағы тілдің рөлін, белсенділігін, маңызын көрсетіп берді. Ф.Соссюр «Таңбалар жүйесіндегі ең маңыздысы – тіл»¹ деп тілдің өнер, дін тәрізді басқа семиотикалық жүйелерден артықшылығын көрсетсе, Э.Бенвенист «...Тіл жалпы семиотикалық жүйенің интерпретанты» деген ойлары негізінде² барлық тілдік емес таңбалар жүйесінің мәні тілдің таңбалық жүйесі арқылы ғана анықталатынын ашып береді. Бұл жөнінде Л.Н.Филиппов «Тіл туралы Бенвенистің формуласы барлық таңбалардың (сурет, музыка т.б. немесе хайуанаттар әлеміндегі байқауға болатын таңбалардың) мән-мағынасы адамзатқа, тек өзінің тілі арқылы ғана ұғынықты болатынын нақтылай түсті»³. Тіл біліміндегі структуралистік ағымның маңызды қырларының бірі лингвистикалық таңбалардың жүйелілігіне, әмбебаптығына мағыналық құрылымына, өзара оппозициялық сипатына ерекше мән беруінде. Ф.Соссюр іліміндегі тілдік таңбалар оппозициясын басқа гуманитарлық ғылым салаларындағы зерттеушілер де ұтымды пайдалана білді. Структуралистік лингвистика анықтаған «таңбалар мағынасы» теориясы структурализмнің өзімен антиномиялық бағыттағы антропологиялық лингвистиканың мүдделерімен белгілі бір дәрежеде астасып, тоғысып жатқанын аңғартады.

Кеңестік түркітануда да структуралық лингвистиканың қағидалары мен методологиялық негіздерін басшылыққа алған зерттеулер үлкен нәтиже берді. Түркі тілдерінің фонологиялық жүйесі, морфологиялық құрылымы, синтаксистік конструкция-

¹ Соссюр Ф. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000. – С. 27.

² Бенвенист Э. Общая лингвистика. – Москва: Прогресс, 1974. – С. 64.

³ Филиппов Л. Н. Структурализм // Буржуазная философия XX века. – Москва: Политиздат, 1974.

сы, лексикалық құрамы, бір тіл ішінде де, салыстырмалы, салғастырмалы негізде де жан-жақты зерттеліп, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктері мен даму жолы ғылыми талдауға түсті.

Тілдердің генеалогиялық туыстастығы мен өзара қарым-қатынасын, тілдік одақтар мен тілдік топтардың жалпы сипатын анықтауды мақсат еткен тарихи-салыстырмалы парадигма мен жекелеген тілдердің ішкі құрылымдық жүйесінің таза тілдік табиғатын ашуды көздеген құрылымдық-жүйелілік парадигмасының аясында тіл білімі ғылымының теориялық-методологиялық негіздемесі қаланып, аса құнды фундаментальді ғылыми еңбектер жарық көрді. Алайда, бұл бағыттағы зерттеулерде тіл бірліктері ауқымды таңбалық схемаға бағындырылып, тілдік жүйенің өз ішінде қарастырылды. Тілдік бірліктердің адам баласының ойлауымен, таным әрекетімен, жасампаздық рухымен астасатын, сол арқылы «Руханият – Мәдениет – Өркениет» контексіне алып баратын терең қатпарларының табиғатына жеткілікті мән берілмеді. Адам, оның таным әлемі, салт-санасы, қоршаған ортасы мен ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибесі, рухани өресі т.б. экстралингвистикалық факторлар саналып, зерттеу нысанынан тыс қалды. Бұл жағдай тіл білімі ғылымының жалпы гуманитарлық бағыттағы өзге ғылымдармен, қоғамдық-әлеуметтік пәндермен тығыз байланысын әлсіретіп, лингвистикалық зерттеудің ғылыми методологиясындағы біржақтылықты (грамматикалық-құрылымдық) қалыптастырды.

Түркі тілдерін зерттеуде философия іліміндегі сциентистік бағыттың әдіснамалық негізі ХХ ғасырдың 30 жылдарынан бастап құрылымдық негізде кеңінен қолданылғанымен, ХХ ғасырдың соңғы он жылдығынан бері антропологиялық бағытқа деген қызығушылық ерекше өріс ала бастағаны белгілі. Қазіргі таңда әлемдік тіл білімінде ықылас тудырып отырған В.фон Гумбольдттың тілді ойлаумен, тілдік бейне мен тілдік таңбаны ұштастыра қарауға негізделген «ішкі форма» теориясынан¹ бастау

¹ Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984.

алатын «түпкі құрылым» ұғымын қалыптастырған генеративті лингвистиканың теориялық-әдістемелік ұстанымдарын арқау ететін тілдің танымдық аспектісі түркі тіл білімінде де айрықша маңызға ие болып отыр.

Тіл мен адам факторына қатысты барлық категорияларды бірлікте кешенді түрде зерттеуді, әсіресе тілдің адам санасымен тікелей байланысты идеялық қырларына көңіл бөлуді ұсынған В. Фон Гумбольдт іліміне, оны өрбітіп, тілдің «ішкі құрылымы» мен «сыртқы құрылымының» немесе «тұлға» мен «мазмұнның» ара қатысын ассоциативті-психологиялық, логикалық негізде қарастыра отырып, «ішкі құрылымға» ерекше ден қоятын А.А. Потебня¹, И.А. Бодуэн де Куртене², Ф.де Соссюр³ т.б. зерттеушілердің тұжырымдарына сүйенетін когнитивті лингвистика тілді танымдық құрылым тұрғысынан қарастыратын әдіс-тәсілдермен ерекшеленуімен қатар белгілі бір дәрежеде фонологиялық ұстанымдарды да негізге алды. Бұл когнитивті тіл білімі мен генеративті тіл білімінің, лексикалық семантиканың арасындағы сабақтастық арқылы сипатталады. Өткен ғасырдың 50-жылдарында көтеріле бастаған тілдік бірліктердің сыртқы тұлғасынан бөлек, көзге көрінбейтін дерексіз ішкі модельдік құрылымдарын зерттеудің әдістемелік жағынан ілгерілеуіне генеративті бағыттағы көзқарастардың да әсері болды. Тіл біліміндегі іргелі өзгерістердің бірі – генеративті лингвистиканың негізін салушылар қатарында аталатын Н.Хомский ұсынған «түпкі құрылым»⁴ ұғымы лингвистикалық семантиканың қарқынды дамуына, лингвистикалық прагматиканың, мәтін теориясының, тіл бірліктерін дискурстық негізде қарастыру заңдылықтарының қалыптасуына ықпал етті. Аталған теориялардың барлығында тілдік деректі

¹ Потебня А. А. Из записок по русской грамматике. Т. 1. – Москва, 1958.

² Бодуэн де Куртене И. А. Избранные труды по общему языкознанию. – Москва, 1969.

³ Соссюр Ф. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва, 2000.

⁴ Хомский Н. Язык и мышления. – Москва, 1999.

түсіндіру идеясы бірінші кезекте тұрғанымен, қарастыру амалдары әртүрлі екені белгілі.

Генеративті теорияның сипаттамалық зерттеуі адамның тілдік қабілетінің «тереңде» жатқан заңдылықтарын ашуға бағытталса, басқаларында тілдік деректер жанама (тілдік емес) табиғи деректер негізінде түсіндіріледі. Тілдік емес табиғи фактілердің деректі болуы да міндетті емес. Тілдік прагматика үшін мұндай фактілер әлеуметтік қатынастағы (сөйлеудегі) адам іс-әрекетінің қағидалары (қабылдау мен түсіндірудің мақсат-мүддесі, қимыл-әрекет белгілері, шарттары т.б.) болса, танымдық парадигмада тілдік модель ретінде адам санасындағы процестер мен когнитивті құрылым негізге алынды, олар: фрейм; мазмұнға негізделген когнитивті модель немесе ментальді кеңістік; конфигурациялық құрылым, күш-қуат динамикасы, назар аудару, цепция т.б. тәрізді семантика-грамматикалық суперкатегориялар; кешенді әрі көпқырлы тілдік құрылым; концептуальды қорыту тәрізді когнитивтік іс-әрекеттер немесе символдық деңгей негізінде қалыптасқан интеллектуалдық жүйені танып-білу¹. Генеративті лингвистика тіл біліміндегі формальді бағыттардың бір саласы ретінде орнығып, мәні жағынан бихевиористік, эмпирикалық, әдістемелік мақсаты жағынан дистрибуциялық (фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік деңгейде) негізде болды. Дайын, тұрақты тілдік элементтер тізбегін, олардың инварианттық бірліктерін (фонема, морфема, синтаксистік конструкция), топтарын зерттеуде динамизм, дедуктивті конструктивизм және рационализм принциптеріне сүйене отырып, олардың формальді түпкі құрылымына маңыздылық береді. Генеративті бағыттағы С.К. Шаумянның екі дәрежелі фонология теориясы, соның негізінде алынған аппликативті – туындаушы модель теориясы² әлемдік лингвистикада резонанс тудырды. Аталған теория екі дә-

¹ Алпатов В. М. История лингвистических учений. – Москва, 1998. – С. 17,48.

² Шаумян С. К. Философские вопросы теоретической лингвистики. – Москва, 1971.

режелі фонологияның нәтижелерімен бірге математикалық логика теорияларының нәтижелеріне де сүйенеді. Тіл бірліктерін формальді түрде байланыстыратын аппликация тілдің абстрактылы генотиптік деңгейі (барлық табиғи тілдердің негізінде жататын идеалды, универсалды жүйе) мен тілдегі логикалық конструктілердің генотиптік қасиетін тарататын фонотиптік деңгейді ажыратып көрсететін екі дәрежелі теориядан тұрады¹. Фонотиптік деңгей фонемалар бойына жинақталған идеялық нышандар арқылы сипатталады. Генеративті лингвистиканың «түпкі құрылымды» анықтауға бағытталған мақсат-мүддесі когнитивті лингвистикамен үндес болғанымен формальді-сипаттамалық әдістемесі қайшы келді. Тілдің танымдық қыры жайлы жазылған алғашқы еңбектер негізінен тіл оған қатысты грамматикалық категорияларды адам санасындағы танымдық құрылыммен, санадағы ақпаратты қабылдау процесінің белсенділік деңгейімен сабақтастыра қарастырады (Ч.Филлмор, П.Кей, Р.Шенк, Ч.Ригер, А.Ньюелл, Ж.Фоконье, Р.Джекендофф, Дж. Лакофф, У.Чейф т.б.). Когнитивті лингвистиканың бастау көзін өзара байланысты психоллингвистика, лингвистикалық семантика, когнитология т.б. тәрізді бірнеше ғылыми бағыттар құрағанымен түпкі негізі философиялық лингвистика, аталған бағыттардың бәріне арқау болған тұжырымдар тіл туралы философиялық көзқарастардан, тілдің таңбалық сипатынан бастау алады.

Кез келген ой-пікір тіл арқылы таратылады, келесі адамға жеткізіледі. Таным теориясының амалдары бойынша «тілді күнделікті өмірде қолданылатын табиғи тіл деп қарастыру міндетті емес. Тіл ретінде бірқатар талаптарға жауап беретін ерекше белгілер жүйесін пайдалануға болады. Оның сөздігі, яғни қарастырылар ғылымның зерттейтін нысанын, қасиеттері мен қатынастарын білдіретін символдар мен белгілік комбинациялар жиынтығы болуы тиіс». Бұл қолданыс аясына байланысты тілдің семантикалық мүмкіндігін даралап та, жалпылап та қолдануға болатынымен сипатталады.

¹ Шаумян С. К. Аппликативная грамматика как семантическая теория естественных языков. – Москва, 1974.

«Тіл – ойларды, сезімдер мен тілектерді бір-бірінен туындап отыратын арнайы символдардың жүйесі арқылы жеткізудің инстинктивтік емес, керісінше, адамға ғана тән тәсілі. Бұл символдар – ең алдымен, есту символдары және олар «сөйлеу органдары» арқылы жасалады.... Әйтсе де тілді «тек дыбыстық символдардың шартты жүйесі» деп санауға болмайды. ... Тілдер мен диалектілердегі айырмашылық бір әлеуметтік топтан келесісіне ауысқанымызда ешқандай да шеңбермен шектелмейді» – дейді Э. Сепир [10, 31]. Диалект ұғымы наным-сенімге, салт-дәстүрге, өнерге т.б. қатысты қолданылатындықтан, Э. Сепирдің бұл тұжырымы «тіл және таным», «тіл және ұлт мәдениеті», «тіл және этнос» мәселелерінің арақатынасын салмақтаған қазіргі зерттеулерде толықтай қуатталады.

Адамның биологиялық табиғатына негізделетін индивидуалдықпен салыстырғанда тұлға мәнінің ерекшелігі оның өзін-өзі дамытуы арқылы қалыптасатын әлеуметтік қасиеттерге негізделуімен сипатталады. Адам неғұрлым әлеуметтік-мәдени тәжірибені, рухани құндылықтарды неғұрлым мол жинақтаса, соғұрлым оның тұлғасының да маңызы арта түседі. Тұлға ұжымда, әлеуметтік қоғамда өмір сүретіндіктен, белгілі бір дәрежеде оларға тәуелді. Қоғам тұлғаның қалыптасуына, оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасаумен қатар, кедергілер де жасауы мүмкін. Осы кедергілерден сәтті өту де тұлғаның сапалық қасиеттеріне жатады. Бұл тілдік тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынастан да көрінеді. Тұлғаның маңызды сипаттамаларының бірі – оның адамгершілік-рухани мәні. Тұлға мазмұнының және бағалануының маңызды компоненті ретінде оның санасының дүниетаным, адамгершілік және жауапкершілік деңгейі қарастырылады. Жеке бір этнос, ұлт, белгілі бір қоғам деңгейінде қарастырылатын тұлға жоғарыда көрсетілген сапалармен қатар сол ұжымның тілдік санасын жете түсінетін, қолданыстағы тілді терең меңгерген, сол арқылы өз қоғамының, өз ұлтының рухани-мәдени тұрғыдан өркендеуіне ықпал ете алатындай қабілетке де ие болуы қажет.

Индивидуалдықтың мәні адамның биологиялық табиғатына негізделсе, тұлға мәнінің ерекшелігі оның өзін-өзі дамытуы арқылы қалыптасатын әлеуметтік қасиеттерге негізделеді. Адам неғұрлым әлеуметтік-мәдени тәжірибені, рухани құндылықтарды неғұрлым мол жинақтаса, соғұрлым оның тұлғасының да маңызы арта түседі. Тұлға ұжымда, әлеуметтік қоғамда өмір сүретіндіктен, белгілі бір дәрежеде оларға тәуелді. Қоғам тұлғаның қалыптасуына, оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасаумен қатар, кедергілер де жасауы мүмкін. Осы кедергілерден сәтті өту де тұлғаның сапалық қасиеттеріне жатады. Бұл тілдік тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынастан да көрінеді. Тұлғаның маңызды сипаттамаларының бірі – оның адамгершілік-рухани мәні. Тұлға мазмұнының және бағалануының маңызды компоненті ретінде оның санасының дүниетаным, адамгершілік және жауапкершілік деңгейі қарастырылады.

Жеке бір этнос, ұлт, белгілі бір қоғам деңгейінде қарастырылатын тұлға жоғарыда көрсетілген сапалармен қатар сол ұжымның тілдік санасын жете түсінетін, қолданыстағы тілді терең меңгерген, сол арқылы өз қоғамының, өз ұлтының рухани-мәдени тұрғыдан өркендеуіне ықпал ете алатындай қабілетке де ие болуы қажет. Соған сәйкес тілді зерттеудің антропологиялық бағдарламасы адам және оның тілі арасындағы байланысқа қатысты мынадай мәселелерді ғылыми зерттеудің ең маңызды проблемалары етіп ұсынады: тіл және адамның рухани белсенділігі; тіл және адамның ой-санасы; тіл және адам физиологиясы; тіл және индивидтің психикасы; тіл және мәдениет; тіл және адамның мінез-құлық, жүріс-тұрысы; тіл және қарым-қатынас; тіл және қоғам; тіл және адами құндылықтар; тіл және таным т.б. Осы тұрғыдан келгенде, антропологиялық ұстанымды тілді зерттеуге негіз ету тіл болмысының алуан түрлі қырларын теориялық тұрғыдан біріктіруге, байланыстыруға мүмкіндік берері сөзсіз¹

¹ Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира // Б.А. Серебренников, Е.С. Кубрякова, В.И. Поставалова и др. – М.: Наука, 1988. – С. 9.

Адам психофизиологиялық ерекшеліктерден құралатын биожаратылыс; ойлау және тану әрекеті бар, саналы іс-әрекет жасай алатын индивид; қоғам мүшесі; дербес әрекеттері арқылы және қоршаған дүниені тану арқылы өзі сияқты басқа субъектілермен қарым-қатынас жасайтын тұлға ретінде сипатталатындықтан антропологиялық тіл білімінің ғылыми-методологиялық ұстанымдары өз жүйесіне негізделген дербестікті қабылдамайды, басқа ғылыми жүйелердің теориялық және әдіснамалық қағида-тарымен астарласа қолданылады. Яғни тіл табиғатын анықтаудағы адам факторына қатысты таным теориясы, дискурс теориясы, қатысымдық прагматика, когнитология, әлеуметтік психология, жасанды интеллект, сөйлеу актісінің теориясы т.б. ілімдерден тұратын теориялық жүйелерді өз мүддесіне сай пайдаланады.

Тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттың бастауы болып табылатын лингвофилософияның теориялық-әдістемелік негізін гносеологиялық таным теориясына тән – абстракциялықтан нақтылыққа көшу әдісі; үлгілеу (модельдеу) және жүйелеу принципі; эксперимент және бақылау; жалпылау және даралау; концептілеу және категориялау т.б. тәрізді амал-тәсілдері және тіл білімінің дәстүрлі диахрониялық-салыстырмалы және синхрониялық-сипаттамалы бағыттардағы – фонологиялық, морфологиялы (морфемдік), лексика-семантикалық, этимологиялық, дискурстық-мәтіндік т.б. талдау әдістерінің кешені құрайды. Сондай-ақ тарихи-диахрониялық тіл біліміне тән тұлғалық-мағыналық жаңғырту (реконструкциялау) тәсілі де лингвофилософиялық талдаулардың нәтижелі болуына ықпал етеді.

Тіл және этнос болмысы. Әрбір халықтың дара болмысы мен дүниетанымы этнотілдік ұжымның өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ететін коммуникативтік ерекшеліктерінен, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен, өмірлік ұстанымдарынан айқын аңғарылады. Мұндай ерекшеліктер әсіресе халықтың рухани, мәдени құндылықтарының негізін сипаттайтын этноұжымның тілінде жақсы сақталады, тілі арқылы оның рухани-мәдени және материалдық-тұрмыстық өмірінен толық ақпарат алуға болады.

Тіл мен этнос болмысының өзара байланысы идеясына негізделген этнолингвистиканың алғы шарттары В.фон Гумбольдт идеяларымен, ішкі құрылымға қатысты Сепир-Уорфтың болжамымен сабақтасып жатыр. Бұл концепцияның мәні – әрбір адам қоршаған әлемді өз тілі мен мәдениетінің шеңбері аясында ғана танып біледі, соған сәйкес дүниені әртүрлі қабылдайды және және жіктеп, топтастырады. В. Гумбольдт тілді жай ғана акт немесе аяқталған соңғы нәтиже емес, ол халықтық рухты жаңғартып отыратын ұзақ мерзімді белсенді іс-әрекет деп санады: «Тіл халық рухының сыртқы көрінісі іспетті: тіл – халық рухы, халық рухы – тіл. Бұлардан өзге бірбіріне соншалықты етене жақын нәрсені елестетудің өзі мүмкін емес»¹.

Тіл ең басты, ең негізгі, ең маңызды, ең тұрақты этностық көрсеткіш болып саналады. Оған территориялық біртұтастық, мәдени біртектілік, этностық (ұлттық) сана, мемлекеттік құрылым, шаруашылықтық ареал, әлеуметтік организм, антропологиялық тип сияқты тарихи өзгерістерге түсіп отыратын, тілге қарағанда тұрақтылық қуаты аз белгілер ілеседі. Сондықтан да Н.И. Толстой «тіл тағдыры мен этнос тағдыры» адамзат баласын өте ертеден толғандырған, ең көне проблемалардың бірінен саналатынын, мұнда тіл иесінің этникалық тарихына көз жүгіртпей тұрып, нақты тілдерге қатысты экстралингвистикалық деректерді елестету мүмкін емес екенін айта отырып, тіл мен этностың ара-қатысының өзгерістеріне ықпал ететін үдерістерді көрсетеді: «Этностық құрылым тілдік құрылымға қарағанда тарихи өзгеріске бейім және «тіл – этнос» аралық қатыстылыққа біршама әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік-саяси қоғамдық процестердің ықпалында болады» – дейді².

Этнос ұғымына «Этнос – өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір,

¹ Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию / Пер. С нем. Общ. Ред. Т.В.Рамишвили, послесл. А.В. Гулыги и В.А. Звегинцева. – Москва: ОАОИГ «Прогресс», 2000. – С. 68.

² Толстой Н.И. Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – Москва: Индрик, 1995. – С. 34.

салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, ата-лық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы»¹ деген анықтама берген академик Ә.Т. Қайдар этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында сақталатынын айтады: «Этностың дүниеге келуіне ұйтқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл» деп тілдің адамдар қауымдастығының этномәдени және ділдік негізін, тінін құрайтын конструктивтік (құрастырушылық) рөлін көрсетеді, «тіл әлемі» – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі» деп тіл феноменінің ғылыми-танымдық дереккөздік сипатын анықтайды².

Этнос философиясымен сабақтастықта дамыған этнолингвистиканың зерттеу нысанына этнос лексикасының көне қабаттарын құрайтын салт-дәстүрге қатысты мәдени лексемалар, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, басқа да ауыз әдебиеті үлгілері тіліндегі атау сөздер мен сөз тіркестері алынғандықтан оның дербес сала ретінде қалыптасуы диахрониялық ретроспективаға негізделді. Профессор Ж.А.Манкееваның пайымдауынша этнолингвистика «адамзат қауымының этностық деңгейдегі балаң, бастау тұсындағы тек-тамырын, мекен-жайын, өмір тәжірибесін, салт-санасын, кәсібін, жеке этностық топтардың алғашқы анайылық қалпындағы дүниетанымын, мифтік танымын, сакральды атауларын, киімін, ішкен тамағын т.б. яғни мәдениет тілі арқылы зерттейтін тіл білімінің саласы. Себебі көрсетілген жайлардың бәрі адамдардың бастапқы ұғым-түсінігіндегі өзіндік «әлем үлгісі»(модель мира ретінде тек тілде таңбаланып отырған»³.

¹ Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б.11.

² Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б.11.

³ Манкеева Ж. А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – Б. 19-20.

Этнолингвистиканың басты мүддесі наминативті бірліктер мен қалыптасқан тілдік стереотиптерде бейнеленген (қалыптасқан бейнелі оралымдар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) этнос мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға; белгілі бір этнос мүшелерінің тілінде көрініс тапқан олардың қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттарға қатысының тілдік категориялардағы ерекшеліктерін анықтауға, этносаралық қарым-қатынастағы түрлі өмірлік жағдаяттарға байланысты қалыптасқан мәдени ерекшеліктерді көрсетуге бағытталады. Орыс тіл білімінде де алғашқы этнолингвистикалық зерттеулер (Н.И.Толстой, В.В.Иванов, В.Н.Топоров, А.Ф.Журавлев т.б) славян халықтарының тілінде сақталған ұлттық ерекшеліктерді фольклор үлгілерінің, ритуалдар жүйесінің лексикасын, жергілікті тіл ерекшеліктерін талдау бағытында жүргізді.

Қазақ лингвистикасы бойынша алғашқы ізденістер ХХ ғасырдың сексенінші жылдарынан бері жүргізіле бастады. Әлемдік және орыс тіл біліміндегі этнолингвистикалық бағыт аясында қалыптасып, дамыған қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика саласы мәдени лексемалар мен этнографизмдер мағынасының күңгірт тұстарын, наминативтік уәжі мен этимологиясын анықтауға, сол арқылы этностың этнографиялық-ритуалдық жүйесінің мәнін, салт-дәстүрлердің орнығу себептері мен халық өміріндегі маңызын саралауға, этнос дүниетанымында қалыптасқан мәдени ерекшеліктерді, ұғымның (заттың, құбылыстың) символдық, сакральдық сипат алу себептерін айқындауға бағытталды. Қазақ тілі арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, этникалық құрылымын, тарихи даму жолын, басқа да рухани-мәдени құндылықтар жүйесін қамтитын дара болмысын танып-білуді мақсат ететін қазақ этнолингвистикасы арадағы отыз жыл көлемінде өзінің зерттеу нысанының негізгі көздері мен арналарын, мақсат-мүддесі мен бағыт-бағдарын, ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін айқындап, дербес лингвистикалық салаға айналды (Ә.Т.Қайдар, М.М. Копыленко, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов т.б.).

Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық мектептің ерекшелігі «этностың тіл әлеміне тән лексикалық байлықты тұтастай, түбегейлі меңгеру, мән-жайын, мағына-мазмұнын терең түсіну және түсіндіру арқылы этнос болмысын (рухын, бейнесін, өзіндік қасиетін)» анықтау¹, яғни тілдегі лексикалық қорды толығымен, әдеби тілді де, жергілікті тілдік ерекшеліктерді де пайдалануды мақсат етуінде. «Этнолингвистиканың зерттеу аясының ауқымдылығы ғылымда этнолингвистиканы кең көлемде және тар көлемде қарастыру туралы көзқарастарды орнықтырды»². Соған сәйкес этнолингвистикалық зерттеулер екі бағытта жүргізіледі. Бірінші жағдайда белгілі бір этностың қазіргі тіліндегі деректер (жазба әдеби тіл және ауызекі сөйлеу тілі) негізінде синхронды сипатта болса, екінші жағдайда жазба мұралар, ауыз әдебиеті, эпикалық шығармалар тілі негізінде диахронды сипатта болады.

Этнос болмысын танытатын рухани-мәдени құндылықтар жүйесіндегі тілдік бірліктер бірнеше лексика-семантикалық топтарды қамтиды: 1. Территория және қоршаған орта: ел географиясына қатысты тілдік бірліктер (өзен-көлдер, тау, қалалар мен елді мекендер); флораға қатысты тілдік бірліктер (шөп, гүл, ағаш, орман); фаунаға қатысты тілдік бірліктер (үй жануарлары мен жабайы аңдар, жәндіктер, құс, балық); климатқа қатысты лексемалар (ауа райы, жыл мерзімдері). 2. Материалдық өмірге қатысты тілдік бірліктер: азық-түлік, тағам түрлері; киім; тұрғын үй және баспана; үй шаруашылығы; ауыл шаруашылығы; өнеркәсіп және өндіріс; қолөнері. 3. Рухани өмірге қатысты қатысты лексемалар: фольклор, аңыз, ертегі, адамгершілік нормалар, дін, ғылым, өнер, салт-дәстүр, отбасылық мерекелерге қатысты қолданылатын сөздер мен тұрақты оралымдар. 4. Қоғамдық өмірде қолданылатын лексемалар: қоғамдық құрылым, заң ережелері, конституция, құқық қорғау, әскер, кәсіподақ, пар-

¹ Қайдар Ә. Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б. 20.

² Атабаева М. С. Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі. Ф.ғ.д. дисс. Авторефераты. – Алматы, 2006. – Б. 3.

тия, бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру және тәрбие (отбасылық, мектептік, қоғамдық); денсаулық сақтау (мемлекеттік, халық медицинасы, отбасылық демалыс түрлері, туризм). 5. Уақытқа байланысты тілдік бірліктер: адам өмірінің кезеңдері (дүниеге келу, балалық шақ, мектептегі кез, ересек кез, мамандыққа қатысы, отбасын құру, кәрілік, өлім) және оған қатысты салт-дәстүрлер¹ Қазақ тіл білімі этнолингвистика саласында – қазақ тілі лексикасының әртүрлі тақырыптық топтары, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, ономастикалық атаулар бойынша Н.М.Уәли, Ж.А.Манкеева, Г.Смағұлова, Е.Керімбаев, Р.Н.Шойбеков, М.Ержанов, С.К.Сәтенова, Қ.Қ. Рысберген, Ш.Сейітова, М.С. Атабаева, А.Жылқыбаева т.б. зерттеушілер еңбек етуде.

Этнос болмысы кең ауқымды, терең мазмұнды ұғым, сондықтан этнолингвистикалық зерттеулердің де шеңбері кеңейіп, этнос болмысын мәдени құндылықтар тұрғысынан қарастыратын лингвомәдениеттанымдық зерттеулер жүргізіле бастады, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы арқылы жалпы ұлттық дүниетаным мен ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы қалыптасты.

Тіл және мәдениет. Тілді этномәдени және тілдік ұжымның тарихи дамуымен, дәстүрлі танымдық-тағылымдық құндылықтар жүйесімен, өмірлік тәжирибесімен сабақтастықта зерттеп, оның нәтижесін «Тіл – Адам – Мәдениет» призмасында саралау – қазіргі тілтанымдық зерттеулердің көздейтін басты мүддесіне айналды. Тіл білімінде бұл мәселе соны жаңалық, тың тақырып еместігі анықталып, оның бастау-арналары, дереккөздік сипаты, алғышарттары Вильгельм фон Гумбольдтің тіл философиясына қатысты еңбектерінен бастап, тілтаным ілімінің даму тарихында өшпес із қалдырған тілші ғалымдардың зерттеулерінен іздестіріледі. Нәтижесінде, қазіргі лингвистикалық бағыттардың ғылыми-теориялық тұғыры тіл білімінің тарихи-салыстырмалы және құрылымдық-жүйелілік парадигмасы шеңберінде туында-

¹ Карлинский А. Е. Методология и парадигмы современной лингвистики. – Алматы: КазУМО и МЯ им. Абылайхана, 2009. – С. 97-98.

ған фундаментальді зерттеулерде қаланғандығы, олардың тіндік өзегін, шын мәнінде, тілдің «қарым-қатынас құралы», «ойды білдірудің амалы», «таным құралы» болу қасиеттерімен қатар қоғамдық-әлеуметтік және мәдени құбылыс ретіндегі сыр-сипаты құрағаны айқындалады.

Қазақ тіл біліміндегі І.Кеңесбаевтың қазақ тілінің фразеологиялық жүйесі жайлы, Е.Жанпейісовтың, Р.Сыздықтың қазақ лексикасының көне қабаттарының семантикалық уәжі мен этимологиясын айқындау барысында тілдік бірліктердің этно-мәдени мазмұнын саралайтын пікірлері, Ә.Қайдардың, М.Копыленконың этнолингвистика теориясы мен методологиясы жайлы тұжырымдары, т.б. зерттеушілердің этнолингвистикалық еңбектері қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттанудың алғышарттары мен іргетасын құрады. Этнолингвистикалық зерттеулерге негіз болатын тілдің қызметі жайлы Ә.Т.Қайдардың «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өміртіршілігінің, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» деген¹ сипаттамасы да лингвомәдениеттаным мен этнолингвистиканың сабақтастығын көрсетеді.

Көпшілік зерттеушілер этнолингвистиканың мақсатын орыс тіл білімінің этнолингвистикалық саласының бағытына сай диахрониялық зерттеулермен шектеуді дұрыс санайды: «Қазіргі заман этнолингвистикасы белгілі бір материалдық және тарихи мәдени кешендермен байланысты тілдік бірліктерді ғана зерттейді. ...Лингвомәдениеттану мәдениет пен тілдің өзара қатынасының тілдегі көрінісін зерттейді және бұл процесті тілдік және тілдік емес (мәдени) мазмұнды біртұтас бірлікте, біртұтас құрылым ретінде кешенді әдістемелер көмегімен және де қазіргі

¹ Қайдар Ә. Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б.34.

заманның басты бағыттары мен мәдени ұстанымдарына сәйкес зерттейтін қосынды түрдегі кешенді ғылым болып табылады»¹.

Лингвомәдениеттану орыс тіл білімінде тілдік құбылыстардың адаммен, оның ойлау жүйесімен және практикалық қызметімен ұштастырыла зерттеле бастауының нәтижесі ретінде «тіл және мәдениет» идеясы негізінде дамыды (В.Н.Телия, В.В. Воробьев, Ю.Н.Караулов, Брагина Н.Г т.б.). Белгілі ғалым В.А. Маслова «тілде бейнеленген және орныққан мәдениет көріністерінің берілу жолы мен тілдік бірліктердің мәдени мазмұнын»², зерттейтін лингвомәдениеттанудың пән ретінде қалыптасуының алғы шарттарына, антропологиялық бағытты негізге алатын басқа лингвистикалық пәндерден ерекшеленетін белгілеріне, теориялық ұстанымдары мен әдіс-тәсілдеріне кеңінен тоқталады.

«Тіл – қоғамдық құбылыс ретінде адамзат қоғамының ажырамас бөлігі болып табылатынын» тіл феноменінің табиғатына тән төлтума қасиет деп тани отырып, ғалымдар тілдің қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастағы орны, әлеуметтік мәртебесі оның дамуына немесе «жойылып-жоғалуына» белгілі дәрежеде ықпал ететінін айқындады. Мәселен, Фердинанд де Соссюр тілді «барлық бөлім бөлшектері іштей реттелген жүйе» ретінде анықтай отырып, «тіл таңбаланатын нысанға (объект) тәуелді бола тұра, оған деген қатынаста өз еркіндігі мен еріктілігін мүлдем жоғалтпайды, яғни басыбайлы тәуелділікке ұшырамайды. Сөйтсе де тіл жүйе құрамайтын фактілерге тәуелді» – дейді [9, 112].

Тіл және этникалық мәдениет аралық қарым-қатынастың сипатын замана тезінде салмақтаған Ресейлік ғалым З.К. Тарланов өз ойын: «Тіл – өзінің тілдік тұрпат арқалаған заңдары мен ережелерін тіл иесінің әлеуметтік психологиясымен, ол жасаған

¹ Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Ф.ғ.д. дисс. Авторефераты. – Алматы, 2004. – Б. 9.

² Маслова В. А. Лингвокультурология. – Москва: Искусство, 2001. – С. 9.

мәдениеттің типі және құрылымымен шебер қиыстырған дербес әлем. Сондықтан да этномәдениетті этникалық тілден бөлек қарастыру мүмкін емес, мүмкін бола қалған жағдайда, ол толық және дәлелді зерттеу болмайды. Себебі этнос өзінің тілі арқылы ғана этникалық мәдениетінің өзгеше бітімін, қайталанбас ерекшеліктерін таныта алатын болса, этникалық мәдениеттен, этникалық дүниетанымнан және ой-танымдық тәжірибеден алыстатылған тіл өзінің терең мазмұнын, өмірлік өзегін жоғалтып, қоғамдық рөлі шектеулі қатынас құралдарының біріне айналады» – деп тұжырымдайды [13, 8].

В.И. Карасиктің пікірі бойынша: Тіл – болмыстың жалпы феномендерінің органикалық құрамдас бөлігіне жататын көп қырлы, аса күрделі құрылым. Сондықтан ол өте маңызды қатынас құралы ретінде коммуникативтік әрекеттің компоненті тұрғысынан қарастырылады; әлемді қайта жаңғыртудың, ақпаратпен қамтамасыз етудің және тұлғаралық келісімді реттеудің құралы ретінде адамдарды белгілі бір әрекетке жұмылдыруға, жетелеуге, әлеуметтік қарым-қатынасты шегендеуге ықпал етуші амал-тәсіл тұрғысынан талданады; ұжымдық тәжірибенің нәтижесін қордалаушы, бекітуші, сақтаушы, келер ұрпаққа табыстаушы қазына ретінде тіл мәдениеттің құрамдас бөлігі тұрғысынан сарапталады¹.

Тілді этникалық мәдениеттің формасы, ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі тұрғысынан қарастыру «мәдениет» ұғымын нақтылаумен тығыз сабақтасып жатады.

Әрбір ұлттың я болмаса халықтың өзіне тән болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары, ұлттық ерекшелігі – сол халықтың тарихи даму жолының бет-пердесі, бүгінінің кескін-келбеті. Адамзаттың ой-санасы толып, таным-түсінігі артқан сайын өзіне дейінгі ұрпақтар жасаған материалдық және рухани мұралардың тереңіне бойлап зерттеп, оны иге-

¹ Карасик В.И. О категориях лингвокультурологии // Языковая личность: проблемы коммуникативной деятельности Сб.науч. трудов. – Волгоград: Перемена, 2001. – С. 8.

руге деген қажеттілік күн өткен сайын арта түсетіні хақ¹. Бүгінгі ғылыми түсінік ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ел-жұрттың білім өресі мен сауатын да, ойдың орамдылығы мен тілдің құнарлылығын да, материалдық және рухани қажеттіліктердің деңгей-дәрежесін де, ең арысы талғамның татымына дейін мәдениеттің аясына сыйғызады².

«Мәдениет» ұғымына берілген түсініктемелердің сан алуандығы «Тіл – Мәдениет – Адам (тұлға)» ұштағаны негізінде пайда болған, тіл және мәдениет, тіл және этнос, тіл және діл аралық қарым-қатынас пен өзара байланысты зерттейтін және сипаттайтын лингвомәдениеттану ғылымының мақсат-міндеттерін күрделендіре түседі. Мәдениет ұғымына берілген алғашқы анықтамалар «мәдениет – барлық қоғамға тән гомогенді құбылыс» деген түсінікке негізделеді. Мәселен, «мәдениет – білім, дін, өнер, мораль, заң, салт-дәстүр және қоғам мүшесі ретінде адамның үйренген әдеттері мен дағдыларының кешенді тұтастығы» деп түсіндіретін Э. Тайлор зерттеулерінде жабайлықтан өркениетке қарайғы прогресс мәдениеттің даму деңгейінің көрсеткішіне алынып, қоғамдық айырмашылықтар мәдени өренің айырмашылықтары тұрғысынан сарапталады. Э. Тайлор еңбектерінде көрініс тапқан «қоғамда өркениеттік белгілер неғұрлым көп болған сайын, ол қоғам соғұрлым мәдениетті саналады» деген пікірді сынай отыра, С.Г. Воркачев мәдениет пен өркениет – өзара салыстыруға келмейтін, бірін екіншісіне өлшем етуге болмайтын екі басқа құбылыс екенін айтады [16, 64].

Әрбір мәдениет формасы дәстүр мен жаңарулар кірігуінің, яғни олардың өзара ықпалдастық үдерісінің нәтижесі. Соған сәйкес мәдениет өткен ұрпақ пен бүгінгі ұрпақтың рухани және материалды дамуының барлық жетістіктері мен табыстарының жинтығын құрайды. Мәдени әмбебаптар кешені барлық немесе жалпы қоғамға тән мәдениет элементтері болып табылатын-

¹ Сағидолда Г. Түркі – моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана: Сарыарқа, 2011. – Б.19-25.

² Қараңыз: Сейдімбек А. Сонар. – Алматы, 1989. – Б. 31.

дықтан, оған барлық мәдениет институттары жатады. Этномәдениеттің дамуында маңызды рөл атқаратын мәдениет институттары тұтас жүйені құрастырушы алғашқы элементтерді біріктіруге қызмет етсе, мәдени институттардың бірігуін мәдени әмбебаптар (универсалия) қамтамасыздандырады.

Мәдениеттің жалпыадамзаттық мәселелер мен ұлт тағылымындағы мәнін В. Воробьев былайша көрсетеді: «Мәдениет – адам өмірін реттеуші қоғамдық құбылыстың ерекше түрі; ұлттық тұлғаға, әсіресе оның ішкі рухани әлеміне деген айрықша назар; тұлғаның материалдық және рухани шығармашылық саласындағы амал-тәсілдерінің жиынтығы; материалдық және рухани құндылықтарды бөлу мен пайдалану тәсілдері; адамзаттық прогреске ықпал ететін қоғамдық қарым-қатынастар саласындағы жетістіктер»¹. К. Герцтің «Мәдениет – тарихи жалғасым тауып, символға айналған мағыналар моделі, ұрпақтан – ұрпаққа беріліп келе жатқан түсініктер жүйесі. Адамдар қарым-қатынасы сол жүйенің көмегімен жүзеге асады, соның негізінде адамның өмір жайлы білімі және өмірлік ұстанымдарды бекиді, дамиды» деген анықтамасын А. Вежбицкая мәдениетке берілген анықтамалардың ең ұтымдысы санайды².

Мәдениетке берілген анықтамалардың әртүрлі болып келуін ғалымдардың тағылым алған ғылыми мектептерінің, айналысқан ғылым салаларының, көздеген мақсат-міндеттерінің өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіруге болады. Мәселен, мәдениет – әлеуметтік тұрғыдан «табиғаттан және индивидтің биологиялық, физиологиялық қасиеттерінен тыс, бірақ қарым-қатынас біріктірген адамдар тобына тән құбылыс» (В. Освальт), когнитивтік тұрғыдан «танымдық әрекеттер мен білім қордалау процестеріне қатысты құбылыс» (В. Гудинаф), семиотикалық тұрғыдан «алды-

¹ Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. – Москва, 1997. – С.13.

² Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков / Пер. с англ. А.Д. Шмелева, под. ред. Т.В. Булыгиной. – Москва: Языки русской культуры. – 1999. I-XII. – 289.

мен әлемнің репрезентациясын жасайтын, сонан-соң қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланылатын таңбалар жүйесі» (К. Леви-Стросс) ретінде сарапталады. Ғылыми мектептерінің ағымына, ғылыми көзқарастарындағы айырмашылықтарға қарамастан, мәдениеттанушы ғалымдардың қай-қайсысы болмасын бұл күрделі құбылыстың құрылымындағы тілдің орнын, маңызды рөлін мойындайды.

Мәдениеттегі тілдің рөлі туралы Э. Сепир: «Мәдениетті қордалау мен оның тарихи жалғасым табуында тіл аса маңызды рөл атқарады. Бұл мәдениеттің жоғары деңгейіне де, оның қарапайым формаларына да қатысты. Қоғамның мәдени қорының көп бөлігі тілдік формада сақталады»¹ деп қорытса, Р. Якобсон мәдениет пен тілдің өзара тығыз байланысы мен сабақтастықтығы жайлы: «Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, мәдениет аясындағы тіл оның астыңғы құрылымы, іргетасы, әмбебап құрал қызметінде көрініс береді»² – деген ой айтады. Мұндай пікірлер тіл мен мәдениеттің бір-бірінің мән-маңызын ашатын екі жақты қарым-қатынасын, тілдің мәдениет аясында бола тұра өзінің дербестік қабілетін, әмбебаптық сапасын сипаттайды. Тілді мәдениеттің негізгі категориясы ретінде танып, қазақ лексикасындағы заттық мәдениет атауларының ұлттық-мәдени сипатын сөз еткен Ж. Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше де, маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы көрнетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі»³ деп көрсетеді.

Тіл – мәдениет тарихының әр сатысын танытушы құрал. Ол туралы М. Маковский: «Адамзат тілі көне мәдениет пен адамдар

¹ Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – Москва: Прогресс, 1993. – С. 233.

² Якобсон Р. Избранные работы по лингвистике. – Берлин: БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ., 1998. – С. 379.

³ Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Фил. ғыл. докт. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореф. – Алматы, 1997. – Б. 13.

тарихының баға жетпес қоймасы. Тіл халықтың салт-санасын, ойлау тәсілін барометр тәрізді дәлме-дәл бейнелейді; онда жеке-леген адамзат ұжымдарының дүние-әлемді көруі мен тануының сан қилы, әртүрлі моделдері көрініс табады» – дейд [21, 16].

Ұлт мәдениетінің сыр-қыры сол халықтың ана тілінде айшықталады. Этникалық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері тіл иесінің образды ойлауымен, дүние-ғаламды тануымен, салт-санасымен тығыз сабақтасып келіп, «тіл әлемінде» этномәдени сипат арқалаған мәтіндік тұрпатқа ие болады: «Тіл тұрпат (форма) немесе қарым-қатынас жасаудың құралы ғана емес, тілдік заңдылықтары мен ережелері бола тұра, тіл иесінің әлеуметтік психологиясымен, тіл иесі жасаған мәдениеттің құрылымы және типтерімен тығыз байланысы бар дербес, біртұтас әлем»¹. Этникалық мәдениетті этнос тілінен тыс қарастыру мүмкін емес, өйткені тек тіл ғана этносты толық және барынша аша алады. Екінші жағынан, этникалық мәдениеттен, этникалық дүниетанымнан және этностың танымдық әрекетінен қарым-қатынасын үзген тілдің мәні жоғалып, дамуы тежеледі. Мәдениет те өзінің символдық қасиетінен айырылған жағдайда ұлттық дара бітімін жоғалтады. «Мәдени феномен, мәдениет элементі ретіндегі тілдің өмірлік жағдайларға байланысты изоляцияға ұшырауы мәдениеттің символдық қасиетінің біртіндеп көмескі тартуына әсер етеді»².

«Мәдениет» ұғымын қай қырынан сөз етсе де, барлық зерттеушілер бұл күрделі құбылыстың құрылымындағы тілдің рөлі айрықша екенін мойындайды: «Мәдениет және оның тарихи мирастығындағы тілдің атқаратын рөлі мен маңызы айрықша. Бұл мәдениеттің жоғары деңгейіне де, оның қарадүрсін формаларына да қатысты болмақ. Қарадүрсін қоғамның мәдени қоры-

¹ Тарланов З.К. Язык. Этнос. Время. Очерки по русскому и общему языковедению. – Петрозаводск: Изд-во Петрозаводского гос. ун-та, 1993. – С. 8.

² Мамардашвили М.К., Пятигорский А.М. Символ и сознание. Метафизические рассуждения о сознании, символическом и языке. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1999. – С.191.

ның көп бөлігі белгілі бір тілдік формада сақталады»¹. Мәдениет әр халықтың өмір сүру салтына, шаруашылықтық, діни, ділдік, дәстүрлік негіздеріне байланысты түр жағынан әр алуан болуы мүмкін. Сондықтан бір халықтың мәдениетін келесі бір халықтың мәдениетінен жоғары немесе төмен қоюға болмайды, мәдениеттің «жетілген», «жоғары дәрежеде дамыған» немесе, керісінше «жабайы», «қарадүрсін» болуы мүмкін емес.

Леви-Стросстың: «Тіл, маған, көп жағдайда мәдениет фактісі болып көрінеді. Себебі, ең алдымен, тіл-мәдениеттің құрамдас бөлігі, біздің сыртқы дәстүрден алатын әдеттеріміз бен қабілеттеріміздің бірі; Сонан соң тіл – басты құрал, ең тиімді тәсіл. Оның көмегімен біз өз тобымыздың <...> мәдениетін меңгереміз; Тіл – жүйе құрайтын мәдени құбылыстардың ішіндегі ең жетілгені. Егер біз өнердің, діннің, салт-дәстүрдің, тіптен кішкентай топтың өзіне ғана тән ішкі ереже-тәртіптерін және ізет-әдептерін білгіміз келсе, оларды тілдік коммуникация үлгісіндегі таңбалардың тіркесімінен қалыптасқан код ретінде қарастыруымыз қажет» деген пікірі тілді дүние моделінің, яғни дүние бейнесінің әмбебап коды ретінде қарастыратын лингвомәдениеттанымдық бағыттағы зерттеулерде дәйектемелік негіз етіледі².

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, сондай-ақ тіл иесінің тарихи жады, оның мәдениеті мен танымдық әрекетінің нәтижесі, наным-сенімі, философиясы, психологиясы, табиғат пен ғарыш, тағылым мен тәрбие туралы білім қоры бекіген рухани әлемі. Демек, тіл – тарихи қалыптасқан және диалектикалық қарама-қайшылықтарға толы ұлттық өмір салтын өзек ететін этникалық мәдениеттің формасы ғана емес, этникалық іс-тәжірибені жинақтап, топтайтын құрал. Ол құралдың көмегімен әрбір ұрпақ сан ғасырлық ұжымдық тәжірибені ұғынады, жете меңгереді, өмірлік іс-әрекетіне ыңғайлап қолданады, жетілдіреді.

¹ Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993. – С. 233.

² Цивьян Т.В. Модель мира и ее лингвистические основы. Изд.3-е. – М.: КомКнига, 2006. – С. 24.

Әрбір жетілдірілген, толықтырылған ұжымдық тәжірибе мен білім сан мыңдаған сөздің, фразеологизмдердің, паремиялардың, қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы мәтіндердің, формальдық этикалық жағдаяттардың т.с.с. мағыналық астарында, мазмұндық ішкі құрылымында орнығып, сақталып отырады.

Этнос дүниетанымы адамзат ақыл-ойының дамуына орай жетіліп, шыңдала түсетін мәдениеттің даму кезеңдерінің әрбір сатысынан өткен сайын ақиқат дүниені тек логикалық-позитивтік қана емес, этикалық-моральдық, ментальдық тұрғыдан да таныта алады. Бұл тіл білімінің этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік салаларының өзара тығыз сабақтастықта екенін көрсетеді.

Тілді этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеумен айналысқан мамандардың еңбектерін, олардың ой-пікірлерін саралай отырып, лингвомәдениеттанымның этнолингвистикадан басты айырмашылығы әлемнің мәдени-тілдік бейнесін сомдауды мақсат ететін әдіснамалық негіздеріне байланысты екенін аңғарамыз. Этнолингвистикалық талдауларда жалпы лексикалық қорды «Адам», «Табиғат», «Қоғам», «Уақыт», «Кеңістік» макрожүйелеріне және олардан тарайтын микрожүйелер аясына топтастырып қарастырса, лингвомәдениеттаным лексикалық бірліктерді тілдік таңба ретінде макроконцептілер мен олардан тарайтын (тілдік репрезентациясы болып табылатын әрі дербес микроконцептіге негіз болатын ұғымдар мен лексемалар) микроконцептілер негізінде, яғни концептуалды жүйе аясында қарастырады.

Антропоэзектік бағыттағы тіл білімінің басты міндеттеріне – адам санасында қалыптасқан әлем жайлы ақпараттарды жинақтау; жинақталған ақпараттарды бір жүйеге топтастыру немесе категориялау; әлемнің санада бейнелену көрнісін анықтау; санада танылған әлем көрінісінің тілде бейнеленуін айқындау жататындықтан тірек ұғымдар қатарына концепт термині жатады. Концепт термині тіл білімінде қолданыла бастағаннан-ақ мазмұн, мағына және ұғым терминдерінен ара-жігін ажыра-

тып алудың қажеттілігі туындады. Соған орай, орыс тіл білімінде Н.Д. Аругюнова, В.А.Маслова, А.П.Бабушкин, Д.С. Лихачев, Е.Н. Кубрякова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде концепт және ұғым терминдерінің ортақ тұстары мен айырмашылықтары, олардың мағынаға қатысы, концепт құрылымы жайлы жан-жақты қарастырылады.

Қазақ ғалымы Н.Уәли ұғымды белгілі бір объектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы ретінде, концептіні мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат межесі тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремеологиялық т.б.), құралдардың жиынтығы болып табылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым түрінде таниды. Ғалым ұғымнан концептінің айырмасын тілдік деректер негізінде сипаттап береді: «концепт – денотат туралы бастапқы түсінік. Денотат туралы осы түсінік жалпыланған инвариант-образ түрінде болады да, ол сөздің тууына түрткі, ұйтқы болады. Бұл – заттық-бейнелік концепт. Тілдік санада концепт форматына түскен бұл құрылым лингвокреативті ойлаудың негізінде әрі қарай өңдеуден өтіп, ұлттық-мәдени концепт пайда болуы мүмкін. Заттық-бейнелік концептінің ономонологиялық құрылымы мәдени этностық санада әрі қарай өңделуден өтеді де, басқа бір таңбаланушының таңбасына айналады. Инферентті модус түріндегі концептілер этномәдениеттің тірек элементі болып, концепт-кеңістікке енеді¹. Сондай-ақ зерттеуші заттық-бейнелік концепті (перцептивті модус) мен мәдени-ұлттық концепт (инферентті модус) когнитивтік әрекеттің екі фазасы болып саналатынын, бастапқы таңбаланушы мен таңбалаушы әртүрлі модификацияда сөз таңба ретінде қалыптасу кезеңінен өткенін, одан кейін барып сөз белгілі бір этномәдени кеңістікке еніп, сол мәдениетті түсінудің (ұғынудың) және түсіндірудің (ұғындырудың) құралына айналатынын дәйектеп көрсетеді².

¹ Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. док. дисс. авторефераты. – Алматы, 2007. – Б. 13.

² Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. док. дисс. авторефераты. – Алматы, 2007. – Б. 13-14.

Тіл білімі бойынша антропоэзектік бағытта жүргізілген зерттеулердің әдістемелік кешенін саралау негізінде – тіл арқылы этнос болмысын, этнос мәдениетін, этнос дүниетанымын, адам бойына тән психологиялық процестерді т.б. зерттейтін лингвоантропология, лингвокогнитология, лингвокультурология, лингвопсихология, лингвоэтнология (этнолингвистика) т.б. тәрізді тіл білімінің салалары – тіл арқылы адам болмысын, адами таным болмысын зерттейтін лингвофилософияның теориялық-метологиялық негіздерін өз зерттеу нысандары мен мақсат-мүдделеріне сай, саралап, өрбітіп, жаңғыртып қолданып келе жатқанына көз жеткізуге болады. Бәріне ортақ нысан – адам болмысы мен дүниетанымы жайлы, жаратылыс жайлы, жалпы әлем жайлы мәлімет бере алатын тілдің ақпараттық әлеуетін саралау.

Ғалам бейнесі – сыртқы ортаны қабылдаудың сезімдік сипатын көрсететін әлемнің жиынтық моделін айқындайтын жоғары дәрежелі абстракциялық түсінік ретінде қарапайым-мифологиялық, діни, философиялық дүниетаным аясында қалыптасып, академиялық білімнің дамуына сәйкес ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделеді. Сондықтан «әлем бейнесі» ұғымынан абстракция мен нақтылықтың парадоксалды түрде ұштасуы көрініс береді. Философия ғылымы әлем бейнесін онтологиялық болмыс мазмұнымен байланысты қарастырса, мәдениеттану ғылымы түрлі артефактілерде сақталған, белгілі бір тарихи кезеңдерде қалыптасып, әртүрлі жүйеде дамыған «мәдени парадигмаларды» негізге алады. Антропоэзектік тіл білімінің салалық бағыттары тілдік жүйеден көрініс беретін әрбір этносқа тән онтологиялық болмыс пен дүниетанымды, мәдениетті тілдік репрезентанттардың мазмұны арқылы анықтап, әлемнің тілдік бейнесін құрайтын лингвобірліктердің кешенін нақтылауға басымдық береді.

Түркі жазба мұралары тілін антропоэзектік бағытта зерделеу ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарындағы түркологиялық зерттеулерде фрагментарлы түрде ғана көрініс бере бастаса

(И.В.Стеблева¹, А.Н.Кононов², Қ.Өмірәлиев³ т.б.), қазіргі таңда көне түркі жазба ескерткіштері тілін жазба мұра иесі – көне түркілердің, олардың ұрпақтары қазіргі түркілердің дүниетанымы негізінде, яғни «түркі әлемі» аясында, барлап-зерделеуге қызығушылық артты. Жалпытүркілік таным, жалпытүркілік сана, жалпытүркілік мәдениет, жалпытүркілік руханият, жалпытүркілік тұтастық, жалпытүркілік кеңістік мәселелеріне айрықша маңыз берілуде. Бұл тамырын тереңнен алатын түркі халықтарының этномәдениеті мен ұлттық дәстүрінің назардан тыс қалған тұстарын толықтырып, түркілердің әлемдік өркениеттен алар орнын айшықтап көрсетуге бағытталған жалпытүркілік мүддеден туындайды.

Белгілі бір этностың тілі де, мәдениеті де, танымдық іс-әрекеттер арқылы жинақталып, сұрыпталған білімі де жалпыэтностық рухани құндылық жүйесіне енетіндіктен оларды зерттеу гносеологиялық сипатта болып келеді⁴. Көне жазба ескерткіштері тілін антропоэзектік парадигма аясында зерделеу де этнос дүниетанымына байланысты танымдық іс-әрекеттер арқылы қалыптасқан адам санасындағы бастапқы идеялық-мазмұндық құрылымдардың сұрыпталып, нақтыланып, бекіп тілдік бірліктерде таңбалануынан бастап, этномәдени мазмұнның лексемалық, синтаксистік, мәтіндік деңгейлерде сақталу ерекшеліктерін анықтаумен және оларды таратып-ашумен, этнос болмысына тән символизация, сакрализация тәсілімен жаңа мазмұнға ие болған тілдік бірліктердің ерекшеліктерін айқындаумен сипатталады.

¹ Стеблева И. В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы // Тюркологический сборник. 1971. – Москва: Наука, 1972. – С. 213-226.

² Кононов А. Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках// Тюркологический сборник. 1975. – Москва: Наука, 1978. – С. 159-179.

³ Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976.

⁴ Ескеева М.Қ. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. – Астана: Сарыарқа, 2011. – Б.108.

Түркілік болмыс пен дүниетанымның, түркі мәдениетінің сақталуы, кейінгі ұрпаққа жетуі, игерілуі, жаңғыруы көне түркі тілінен бастау алатындықтан көне тіл мен қазіргі тілдер деректерін салыстырмалы-диахрониялық негізде талдау да ескерткіштер тілін антропоэзектік негізде саралаудың тиімді жолдарының бірі. Антропоэзектік парадигмадағы салыстырмалы әдіс ұрпақ жалғастығын, бабалар мәдениеті мен мұрагерлер мәдениеті арасындағы рухани сабақтастықты айқындауға мүмкіндік береді.

Көне түркі жазба ескерткіштері тілін дүниетанымдық тұрғыдан зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін заманауи тіл біліміндегі антропоэзектік және құрылымдық парадигмалардың ғылыми-теориялық ұстанымдары мен жинақталған зерттеу нәтижелері, амал-тәсілдері құрайды. Бұл Түркі Будунының *Beṅgü El* идеясы мен қазіргі Қазақ Елінің *Мәңгілік Ел* идеясының сабақтастығын айқындаудың ғылыми-әдіснамалық өзегі болып табылады.

§ 3. КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ BEṅGÜ EL ИДЕЯСЫ

Өркениет ұғымының ғылыми-теориялық тұжырымдамасын белгілі бір этностық топтардың жалпыадамзат мәдениетіндегі сүбелі үлесімен сипатталатын грамматологиялық білім жүйесінің қалыптасуы, тарихи шежіресінің, әдеби мұраларының хатқа түсуі, өз дәуіріне сай ғылыми нәтижелер мен өнер туындыларының, мемлекеттік-құқықтық құрылымының болуы, гуманизмге негізделген дүниетанымдық ұстанымдарының қалыптасуы сияқты рухани-мәдени және материалдық құндылықтар кешені құрайды. Әлемдік тарихи-грамматологиялық жүйеде өз орны бар түркі руникасымен VI-IX ғасырларда хатқа түскен, түркілердің ортақ әдеби тілінде жазылған Орхон, Енисей, Талас-Шу т.б. жазба ескерткіштері Түркі өркениетінің ірі мұралары болып табылады.

Тарихи-мәдени хронологиялық тұрғыдан алғанда ерте орта ғасырлар кезеңіне жататын көне түркі жазба мұраларын зерттеу – VI-IX ғасыр түркілерінің этномәдени болмысы мен рухани құндылықтарының мән-мазмұнын түсінуге жол ашады. Сондай-ақ Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері терең тамырлы түркілердің әлі толық ашылмаған сақтарға дейінгі, сақ дәуіріндегі «мәдени-лингвистикалық субстраттары» мен қазіргі түркі мәдениетін сабақтастырушы алтын көпір қызметін атқарады.

Жалпыадамзаттық танымның әртүрлі табиғи және әлеуметтік-қоғамдық үдерістерге сай дамып, сараланып, даралануы, этностық/ ұлттық сипаттың қалыптасуына алып келеді. Барлық халықтың дара өмір-салтын, тұрмысын, мәдени-рухани құндылықтарын қалыптастыратын да, дербес ел ретінде еңсе көтеріп, өрлеу мен дәуірлеуіне негіз болатын да – ұлттық дүниетаным мен ұлттық тілдік сана. Ұлттық дүниетаным мен ұлттық тілдік сана – ұлттық рухтың қайнар көзі, ұлттық рухтың беріктігі – ұлттық мақсат-мүдделердің мүлтіксіз орындалуының, халықтың баянды болашағының кепілі. Уақыт көшіндегі белгілі бір этностық қауым ұрпақтарының рухани-мәдени даму деңгейлері олардың жазба тілінен ғана емес, ауызша тілінен көрініс тауып отырады. Әрбір ұрпақтың өзіндік ерекшеліктерімен қатар стереотиптік қалыпқа түскен көне белгілердің сақталып отыруы ауызекі тілдік койненің ақпараттық әлеуеті мен әмбебаптық сипатын көрсетеді. Ауызекі тілдің әмбебаптық сапасы жазба тілдің құнарлы да бай болуына, ұрпақ санасына сіңімді болуына қызмет етеді. Ежелгі түркі тайпаларының шешендік дәстүрімен сабақтастықта дами отырып, өмірлік тәжірибеден сұрыпталып, қорытылған, ортақ қолданыстағы ауызша әдеби тілі көне түркілердің жазба тілінің қалыптасуына негіз болғанын қазіргі түркі ауыз әдебиеті үлгілері, тарихи-шежірелік дастандар тілі дәйектейді.

Түркі халықтарының жалпытүркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі туралы мағлұмат беретін VII-IX ғасыр жазба мұраларының ең басты құндылығы – көне түркілердің ас-

қақ рухы мен өр намысын, еркіндік пен тәуелсіздікті мақсат тұтқан мұқалмас жігерін, *Beṅgü El* «Мәңгі Ел» болуды армандаған ұлы мұратын сипаттайтын мазмұнында. Бұл жасампаздық рухы биік түркілер үшін елдік идеясының сол кезеңдерде-ақ киелі ұғымға айналғанын айғақтайды.

Көне түркілер мен олардың қазіргі ұрпақтарының бірі – қазақ халқының рухани мәдениеті мен тілдік санасындағы сабақтастық ұрпақ жалғастығының табиғи көрінісі. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Осыдан мың жарым жылдай бұрын ұланбайтақ Еуразия даласының нық кіндігінде көне түркілердің ұлы империясы дүниеге келді, ол империя кейін мына шеті Қытайдан басталып, ана шеті Византияға тіреліп жатқан алып кеңістікті бағындырып алған қуатты мемлекеттік бірлестіктерге айналды. Сол уақыттардан бері біздің бабаларымыз Солтүстік Еуразияның төсінде, тұрақ-мекенін ауыстырмай ғұмыр кешіп келді, қазір біз де тап сол өңірде өмір сүріп жатырмыз»¹, – деп атап өтуі де осы рухани-мәдени және тарихи-генеалогиялық сабақтастыққа негізделеді.

Күрделі тарихи үдерістердің өтінде отырған Түрк(i) Елі босағасының беріктігі мен жасампаздығын сақтаудың маңызды тетігі ретінде *Beṅgü El* «Мәңгі Ел» идеясын *Türk budunu* «Түрік халқының» санасына сіңіруге ерекше басымдық бергені Орхан ескерткіштері мәтіндерінен айқын көрініс тапқан: *Ol jirgerü barsar, türk budun ölteçisi sen. Ötüken jir olurip, arqış-tirkiş isar, neṅ bunuy joq. Ötüken jış olursar, beṅgü el /il/ tuta olurtaçisen, türk budun toq* КТк.8 «Ол жерге барсаң, түрк халқы өлмешісің. Өтүкен жерінде отырып керуен жіберсең еш мұның жоқ. Өтүкен жынысында (қойнауында) отырсаң, мәңгі ел ұстап отырасың сен. /Сонда/ түрк халқы тоқ» Айд. I, 169. Көне түркілердің «Мәңгі Ел» идеясының ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұласып келе жатқанын орта ғасыр түркі мұраларының мазмұнынан да аңғаруға болады. Мысалы, Жүсіп Баласағұнидің «Құдатғу білік» дастанының Наманган нұсқасында:

¹ Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздік белестері – Алматы: Жібек жолы, 2010. – Б.78-79.

Кім билеуші? – билеу керек бұ жұртты,
Сол жайды айтып, даналар сөз тұжыртты.
Айтар: амал, шартын тәртіп түзетер,
Елбасы мен елдің жайын күзетер,
Әдіс айтар мәңгі ел билеп жүретін
(ҚБ 35 (Баласағуни, 8).

VI-IX ғасырларда өмір сүрген түркі халықтарының өмірлік мұратына айналған *Benğü El* «Мәңгі Ел» идеясы көпқатпарлы түркілік дүниетанымның аса маңызды мәнін құрайды. Түркілік болмыс пен дәстүрлі дүниетаным түркілердің мәдени ерекшелігіне сай қалыптасқан санадағы ғалам бейнесінен, ғаламды тану мен түсіну барысында қалыптасқан халықтың қарапайым білімі тәжірибесінен тұрады. Түркілердің ғаламды тану құбылысы – Жаратушы ие (Тәңір) және Адам, Табиғат және Адам, Адам және Қоғам, Адам және Кеңістік, Адам және Уақыт сынды әмбебап түсініктер жиынтығынан және солардың аясына кіретін – мәңгілік пен жалғандық, жан мен тән, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, жат пен жақын т.б. ұғымдар кешенін қамтиды. Осындай түсініктер мен ұғымдар кешенінен тұратын концептуалды жүйенің лингвистикалық бірліктер арқылы акустикалық немесе графикалық тұрпат алуы ғалам бейнесінің түркілік тілдік моделін сомдайды. Этноболмыстың тілдегі көрінісі Тәңір, Кісі (Адам), Түрк Елі (Түркі елі), Түрк қағандығы (Түркі қағандығы), Түрк будун (Түркі халқы), Ыдуқ йер-суб (Қасиетті жер-су), Қаған, Ұмай (Ұмай ана), Құт т.б. тілдік бірліктердің мазмұны мен қолданыс шеңберінде (синтаксистік, мәнмәтіндік, мәтіндік-дискурстық) өрбиді. Аталған ұғымдардың бәрі де Тәңірлік идеясы аясындағы өзек концепт – Адам позициясының мазмұнынан тарайды. «Дәстүрлі дүниетанымдық архетиптер мәдениеттің трансформациялық және трансляциялық түлеу процестерінде негізгі тұғыр қызметін атқаратындықтан»¹ танымдық және рухани-мәде-

¹ Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. Түркістан: Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2004. – Б. 33.

ни архетиптердің лингвистикалық архетүлғалары да белгілі бір уақыт шеңберіндегі әрбір мәдениеттің негізгі құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаушы қызметін атқарумен қатар құндылықтар жүйесінің тұтастығы мен тепе-теңдігінің сақталуын да қамтамасыз етеді. Тіл – жалпы болмысты сипаттайтын мәдениет пен дүниетаным үйлесімділігінің көрсеткіші.

Ежелгі түркі халықтарының Жаратқан ие, табиғи құбылыстар, қоршаған орта, адамзаттың пайда болуы, адами қасиеттер, біртұтас халық (этнос), халықтың елдік мәртебесі жайлы таным-түсініктері туралы, жалпытүркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін бірден-бір жазба дерек – VII-IX ғасырларда жазылған көне түркі жазба ескерткіштері тілінің бейнелілігі, көркемдігі, қалыптасқан тілдік нормалардың қайталанып қолданылуы оның белгілі дәрежеде өңделген тіл екенін білдіреді. Ескерткіш мәтіндерінде түркі халықтарының тұрмысы мен қоғамдық-әлеуметтік, саяси-әскери өмірі жайлы тарихи шындық, ұрпаққа өсиет болар даналық сөздер, ел билеуші білікті қағандардың шынайы шежіресі сипатталған.

Антропология адам ақыл-ойының құрылымы мен оны анықтаудың тетіктерін жалпы болмыс тұрғысынан онтологиялық негізде қарастыратындықтан негізгі идеялары діни-мифологиялық концепциялармен де астасып жатқанын байқауға болады. VI-IX ғасырларда өмір сүрген түркі тайпаларының Адам, қоршаған орта, жалпы ғалам туралы көзқарастары да олардың мәдениеті мен тілі арқылы көрінетін ақиқат дүниемен ұштасып жатқан қарапайым дүниетанымынан өрбиді. Тіл мәдениет пен дүниетаным үйлесімділігінің көрсеткіші ретінде құндылықтар кешенінің тұтастығы мен тепе-теңдігінің сақталуын да қамтамасыз ететіндіктен танымдық концептуалдық жүйенің тілдік репрезентациясы концептілік құрылымның ішкі мазмұны мен сыртқы құрылымын айқындайтын лексемалық, тіркестік, синтаксистік, мәнмәтіндік, мәтіндік деңгейлерді қамтитын тілдік бірліктерден тұрады.

Түркілік дүниетанымның негізі – «Тәңірлік» идеясы бастауын хун дәуірінен алатын терең тамырлы ілім. Тәңірі түркілер ұғымында – Жаратушы Ие, тылсым күш – Мәңгіліктің символы. Көне түркі ескерткіштері мәтіндеріндегі діни-мифологиялық желіге негізделген «Тәңірлік» идеясын түркілердің шынайы өмірдегі Елдіктің, халық бірлігінің баяндылығын мұрат еткен Мәңгі ел идеясына арқау болып, түркілік патриотизмнің өзегіне айналғанын аңғаруға болады.

Көне түркілер дүниетанымындағы «Тәңірлік» идеясынан өрбіген қағанды «Тәңір елшісі» ретінде қабылдау дәстүрі – елдің саяси-әлеуметтік құрылымының тұтастығын сақтаумен қатар, ішкі бірлікті нығайтуға да ықпал етті, әскери жүйенің стратегиялық-тактикалық әлеуетін дамытуға, көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынас орнатуға да негіз болды. Әрбір тарихи-әлеуметтік, әскери жағдайларды Тәңірмен байланыстырды: Тоғуз оғуз бодун кентү бодунім ерті. Теңри булуақун үчүн жауи boldi. Bir jilqa bis joli süñüsdimiz Ктү. 4 «Тоғыз-оғыз халқы өз халқым еді. Тәңірі, (мен) Жер киесіне ұшырағандығы үшін (бізге) жау болды. Бір жылда бес жолы (рет) біз соғыстық»; Tört buluñdaqi boduniy baz qiltim. Bašliyiü jükündürtim. Tizligig šökürtim. Üze teñri asra jer jarilqadiq üč(ün) БҚ. 10 «Төрт тараптағы (бұрыштағы) халықты бейбіт қылдым. Басы барды жүгіндіріп, тізеліні бүктірдім (шөктірдім). Жоғарыда Тәңірі, төменде Жер жарылқағаны үшін» (Сартқ. 207).

Орхон ескерткіштерінің ең көнесі «Онгин» жазбасында теңриkenke išig bertin tejin jarilqamiš (Аманж.І, 60, 62) «Тәңіріге күшінді бердің (еңбек сіңірдің) деп жарылқаған еді» деп «Тәңіріге қызмет еткен адам жақсылыққа кенеледі» деген ұғымды насихаттайды. Осы сарындағы сөйлемдер Енисей ескерткіштерінде де жиі кездеседі. Мысалы, «Уюк Тарлақ» жазбасында: Ben teñri elimke elčisi ertim «Мен тәңірі еліме елшісі едім»; «Уюк-Туран» жазбасында: teñri elimke jemlig ben «Тәңірі елімнен азық-ауқатқа иемін» (Аманж.І, 48-49); «Чаа-Хөд» ескерткішінде: Er erdemim elimke tandim. Teñri elim... Edgü atandym «ер ерлігім – еліме та-

бындым (аянбай қызмет еттім). «Тәңірі еліме... Игі атандым (жақсы атаққа ие болдым)» (Аманж.І,123) деген сөйлемдер арқылы көне түркілер Жаратушы Тәңірге деген адалдықты өздеріне парыз санайтынын аңғартады. Бұл шынайы өмірде Елбилеуші Қағанға да адал қызмет етуді – **Елдікті сақтаудың кепілі ретінде** қабылдаудың өзегіне алынады: Tenri teg tenride bolmıř türük bilige qağan bödke olurtım. Sabimın tüketi esid. Ulaju ini jegünim, oylanım ebreki oyuşım, b[odunım ilgerü kün] «Тәңір текті, Тәңірден жаратылған түрік Білге қаған бөдке /тақ иесіне/ отырдым. Сөзімді түгел естіңдер! Ұласқан іні, тумаларым, ұрпағым, ебтегі-иелігімдегі халқым! Ілгері» БҚ. Қағанды «Тәңір елшісі» ретінде қабылдау елдің тұтастығын сақтаумен қатар, **ішкі бірлікті нығайтуға** да ықпал етті.

Қағанды құрметтеу әлеуметтік жүйедегі ұрпақ тәрбиесі, ұрпақ болашағы, ананы қадірлеу, ағайындар арасындағы сыйластық, бауырмалдық мәселелерін де, туған жерді қадірлеу, түркі елін сүю тәрізді патриоттық сезімдерді жетілдіруге де қызмет етті: Qağan atıy bunda biz birtimiz. Siñilim qunçujuy birtimiz. Özi jañıldı, qağanı ölti. Bodunı kün qul boldı. Kögmen jir sub idisiz qalmazun tijin az qırqız bodunuy i[tip] jaratıp kelti[miz, sünüşdimiz... jana birtimiz. Ilgerü] qadiırqan ji[şiy aşa] bod[unıy ança qondurtimiz. Ança itdimiz. Qurıyaru] «Қаған атын сонда біз бердік. Сіңілім (қарындасым), хан қызын бердік. Өзі жаңылып, қағаны өлді. Халқы күң, құл болды. Көгмен жер-суы иесіз қалмасын деп Аз, қырғыз халқын құрап, жаратып келдік. Соғыстық...қайта бердік. Ілгері Қадырхан жынысын аса халықты анша қондырдық. Анша еттік. Батыстағы»; bariyma bardiy. Barduq jerde edgüg ol erinç. Qanyñ ögüzçe жүгүрти.Sünükig tayça jatdy. Beglik ury oylıñın qul qıldıy, silik [qız oylıñın kün] qıldıy. Ol bilmedükigin üçün jablaqıñın üçün eñim qağan uça bardı. Başlaju qırqız qağanıy [balbal tikdim]. Türük bodun atı küsi joq bolmazun tijin qañim qağanıy «жеткен жерге дейін бардық. Барған жерден не береке таптық? Қаның өзен боп ақты. Сүйегің тау боп жатты. Бек ұл ұрпағың құл болды. Сүлік қыз ұрпағың күң болды. Білместігіңнен, парықсыздығыңнан

Ағам-қаған дүниеден ұшты. Бас етіп қырғыз қағанының балбалын тіктім. Түрік халқының атақ – даңқы өшпесін деп Әкем-қағанды»; *ögim qatunıy kötürügme tenri, il birig[me t]enri türük bodun atı küsi joq bolmazun tijin özümin ol tenri qayan olurıt[dı erinç. Neñ] jılsıq bodunda üze olurmadım. İcre aşız, tisra tonsız jabız jablaq bodunda [üze olurtım. Inim Kül t]igin eki şad inim Kü[li-çor bir]le sözleşdimiz. Qañimiz BQ «анам қатынды ұлықтаған Тәңірі, ел берген Тәңірі, Түрік халқының атақ-даңқы өшпесін деп Тәңірі мені қаған отырғызды. Ең болмаса дәулетті халықты билемедім. Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халықты басқардым. Інім Күлтегінмен, екі шад, інім Күлі-чормен ақылдастым. Әкеміз» (ОА).*

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде *Тәңір* теонимі қатысатын дайын формулалық сөйлемдердің қолданылуы, олардың мағынасының жағдаятқа байланысты өзгеріп отыруы көне түркілер тілінің бейнелілігін айшықтаумен қатар, көне түркілердің діни дүниетанымының беріктігін, өмірлік ұстанымдарының айқындығын сипаттайды. VI-IX ғасырда өмір сүрген көне түркілер мен олардың қазіргі ұрпақтарының бірі қазақ халқының дүниетанымдық-мәдени сабақтастығы бабалар қалдырған көне жазба мұралар тілінен анық байқалады. Бұл Тәңірлік танымға негізделген дүниетанымның іздері қазақтар санасынан да берік орын алғанын көрсетеді. Ислам дінінің орнығуына орай жаратушы ие – Тәңір атауын Алла, Құдай теонимдері біршама ығыстырғанымен қазақ халқының лексикалық қорында «*Тәңірі жарылқасын*», «*Тәңірдің қолында*», «*Тәңірге құлшылық ету*», «*Тәңірі жаратқан пенде*», «*Тәңірдің сыйы*», Хан *Тәңірі*, *Тәңірберген* т.б. тәрізді *täñir* теонимі арқылы жасалған тіркестер мен оралымдардың, антропонимдер мен топонимдердің сақталуы осының дәлелі. Қазақтар ұғымында да Тәңір – Құдіретті Күш. Шалкиіз жыраудың (1465-1560 ғғ.):

Жапырағы жасыл жаутерек,
Жайқалмағы жерден-дүр,
Шалулығы белден-дүр,

Төренің кежігуі елден-дүр,
Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,
Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дүр, –

деген (ОҒЖ,127) өлең шумақтарының мазмұны да қазақ танымындағы Жаратушы ие формуласын *Ақиқат ↔ Тәңірі ↔ Құдіретті күш* моделі құрайтынын көрсетеді. Құдіретті күш – Тәңір тарту еткен қайрат-күш пен ақыл-парасатты, адами қасиеттерді сақтау, қадірін білу – адамның жердегі өмірінің мәнін, басқа тіршілік иелерінен артықшылығын сипаттайтын мазмұнын құрайды. Әрбір тарихи-хронологиялық кезеңдердерге сәйкес түркі халықтарының мәдени-әлеуметтік өміріндегі өзгерістер түркілердің «Жаратқан Ие» жайлы таным-түсінігіне айтарлықтай өзгеріс енгізе алмады, Жаратқаның құдіретті күші мен киелі қуаты орта ғасыр түркі мұралары тіліне де кеңінен орын алады:

Ей, Жаратқан, дүниені толғайсың,
Бар момынға кешірімді болғайсың!
ҚБ, 75 (Баласағұни,11).

Жалпыадамзаттық танымның әртүрлі табиғи және әлеуметтік-қоғамдық үдерістерге сай дамып, сараланып, даралануы, этностық/ ұлттық сипаттың қалыптасуына алып келеді. Барлық халықтың дара өмір-салтын, тұрмысын, мәдени-рухани құндылықтарын қалыптастыратын да, дербес ел ретінде еңсе көтеріп, өрлеу мен дәуірлеуіне демеу болатын да – ұлттық дүниетаным мен ұлттық тілдік сана. Ұлттық дүниетаным мен ұлттық тілдік сана – ұлттық рухтың қайнар көзі, ұлттық рухтың беріктігі – мақ-

сат-мүдделердің мүлтіксіз орындалуының, халық болашағының кепілі.

Көне түркілер дүниетанымындағы тәңірлік таным айрықша орын алғанымен, олар адамзат өміріндегі ақиқат-шындықты философиялық негізде түсіне білгенін, ел өміріндегі сәтсіздіктерге «Тәңірі» емес, өздері себепкер, өздері кінәлі екенін тасқа қашап қалдырып отырған: *Begleri, bodunı tüzsiz üçün, tabıaç bodun tebligın kürlig üçün, armaqçısın üçün, inili-eçüli kek şürtükin üçün, begli bodunliü joñaşürtuqın üçün türk bodun illedük ilin içyinu idmis* КТү «Бектерінің, халқының түзу еместігі үшін, табғач халқының алдауына иланғаны үшін, өтірігіне көнгендігі үшін, інілі-ағасының дауласқанынан, бекті халықтың жауласқанынан түркі халқы елдігінен айрылды» (Айд. I, 40, 173); *Qutaj bunısyz ança birür tabıaç bodun sabı süçig aıısi jımşaq ermis. Süçig sabın jımşaq aıün arıp iraq bodunıü ança jaıutır. Jaıru qoontuqda kisre jaı biligin anda üjür ermiş. Edgü bilige kisig, edgü alp kisig jorytmaz ermiş. Bir kisi janılsar oıuşı bodunı besükiıe tegi qıtmaz* БҚ «жібекті есепсіз берер табғач халқының сөзі тәтті, ақығы асыл еді. [Олар] тәтті сөзі, асыл /қазынасымен/ арбап, жырақтағы халықты өзіне соншама жақындатар еді. Жақын қонған кісіні жаман қылығына үйір қылушы еді. Жақсы, білікті кісі, мықты, алып кісі оған көнбес еді. Бір кісі жаңылса, иелігіндегі халқы бесігіне дейін /бесіктегі ұрпақтарына дейін/ құтылмас еді» (Сартқ. 197).

Халықтың жақсы тұрмысы мен бейбіт өмірі Ел билеуші бектердің біліктілігі мен адамгершілік деңгейіне байланысты екенін X-XI ғасыр түркілері де терең түсінгенін сол дәуірлердегі жазба мұралар мазмұны дәйектейді:

Мұндай бектің жүріп тұрса жарлығы,
Ел, халыққа мәңгі бақыт барлығы.
Халық тыныш құлқы түзу орайда,
Күні туар бектің соған қарай да.
Құдай қойған бектер басы ер еді,
Бек жақсыда жұрт та күнін көреді.

Ел жамандық қылса – бегі аздырар,
Жамандыққа – жамандық қой тоздырар.
Ел түзелсе – бек түзелер бақ сынап,
Бек түзелсе елін ұстар жақсылар.

ҚБ, 5820 (Баласағұни, 478).

Мәңгілік пен Жалғандықтың ара-қатысын бұл дүниедегі адамның физиологиялық өмірінің қысқалығымен, ізгілік пен жақсылықтан тұратын рухани өмірдің ұзақтығымен сабақтастыра қарастыру да түркілерге тән дүниетанымдық ерекшелік:

Ақылды – ұғар, білімділер – біле алған,
Адам өлер, қалады ғой» бұ Жалған.

ҚБ 6195 (Баласағұни, 508).

Олар өлді, жақсы аттары жә, қалып,
Кетпейді екен құрметті аттар жоғалып.
Салшы назар: туды сұрақ тосылар,
Адам ба әлде періште ме осылар?
«Адам» дейміз, о дәуірден іздейміз,
Осы жүрген адамдерді кім дейміз?
Бізді «адам» деп есептесек, оларды
«Періште» деп атаға жөн болар-ды.

ҚБ 6190 (Баласағұни, 508).

Ел данасы айтқан сөздің мақсаты:

«Адам өлер, өлмес бірақ жақсы аты!» ҚБ 5790 (Баласағұни, 476), – деп X-XI ғасыр түркілерінің өкілі Жүсіп Баласағұни бабамыз көрсеткен «өмір мен өлім» жайлы түркілік пайым VI-IX ғасыр түркілерінен жалғасып келе жатқан дүниетаным элементтері екенін Орхон, Енисей ескерткіштерінің мазмұны айқындайды.

«Өмір бар жерде – өлім бар» принципін де жақсы түсінген көне түркілер өлімді ешбір адам баласы қашып құтыла алмай-

тын ақиқат ретінде таниды: Inim Kül-tigin kergek boldi. Özim saqindim. Körür közim körmez teg, biler biligim bilmez teg boldy, Özim saqindym. Öd teñri jasar, kisi oylı qor ölgeli törimis. «Інім Күлтегін қаза болды. Өзім қайғырдым. Көпер көзім көрместей, білер білігім білместей болды. Өзім қайғырдым. Уақытты Тәңірі жасар, адам баласының бәрі өлгелі туған» КТү. 50 (Айд.І, 182) мәнмәтініндегі Öd teñri jasar, kisi oylı qor ölgeli törimis «Уақытты Тәңірі жасар, адам баласының бәрі өлгелі туған» деген сөйлем түркілер дүниетанымында өмірдің жалғандығы мен өлімнің ақиқаттығы жайлы нақтылы түсінік-пайымның қалыптасқанын,

Өлімнен құтылмассың қашсаң-дағы,
Атадан арыстан туып ассаң-дағы,
Аллахтан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы, –

деп (ОҒЖ, 167) Шал ақын жырлағандай,

Қайғы емес қаза.
Болмаймын наза,
Ноқталы басқа бір өлім... , –

деп Ш.Құдайбердіұлы (*Шәкәрім*, 23) жазғандай “өзекті жанға – бір өлімнің” ақиқатына мойынсұнғанын көрсетеді.

Қайтыс болған адамды құрметтеп жерлеу, жоқтау айту, көңіл айту, аруақтың құрметіне мол дастархан жайып ас беру, азаға құрқол келмеу (ақша, мата, мал т.б.), ескерткіш орнату салты қазақтарда да толық сақталған. Қазақтар дүниетанымынан орын алған жоқтау дәстүрі, арнайы айтылатын жоқтау сарыны, ата-бабаны қастерлеп, оның аруағына сыйыну үрдісі де көне түркілерден жалғасып келе жатқан халқымыздың ежелгі дәстүрі. Қайтыс болған адамды құрметтеп жерлеу, жоқтау айту, көңіл айту, мол дастархан жайып ас беру, ескерткіш орна-

ту салты қазақтарда да толық сақталған. Көне түркілерден келе жатқан бұл дәстүрдің мәні «өлі риза болмай–тірі байымас” деген ұлағатты сөздің мазмұнында бейеленген. Бұл да – елдіктің дәстүрі.

Адамзат коммуникациясының универсалды құралы саналатын тіл (ауызша/жазбаша) белгілі бір әлеуметтік ортаның болмысын бейнелей отырып, қоғам мүшелерінің өзара сұхбаты мен қарым-қатынасына бағышталады және ұрпақ сабақтастығы мен дәстүр жалғастығын қамтамасыз етеді. Көне түркі жазба ескерткіштері мен қазақ халқының фольклорлық-эпостық мұраларында, жыраулық дәстүрінде, жазба әдебетінде орын алған дүниетаным сабақтастығының тіл арқылы айқын таңбалануы да таңбалар жиынтығынан тұратын тілдің әлеуметтік сұхбат пен қарым-қатынасқа негізделген функционалдық-коммуникативтік мәні мен тілдік таңбаның рухани-мәдени-онтологиялық мазмұнының тығыз байланысын сипаттайды.

Көне түркілер танымында адамзаттың қалыптасуына, Тәңірі жіберген жанның абстрактілі ұғымнан формаға айналуына «Жер» ықпал етсе, «Су» олардың өсіп-өркендеуіне жағдай жасайды. Сондықтан *Жер* мен *Суды* қос сөз түрінде қатар қолданып, «Адамзат мекені» ретінде қастер тұтқан. Адамзат жаратылысын (тәнін) «бір уыс топырақ пен судан» тарататын Тәңірлік идеясы адамзат жаратылысын «бір тамшы сумен» байланыстыратын ислам дінінің ғылыми-ақиқаттық негіздерімен үйлесімділікпен ұласып, қазіргі мұсылман-түркілердің діни дүниетанымының арқауына айналып отыр. Қазақ әдебиетіндегі «Зар заман» ағымының көрнекті өкілі – Мұрат Мөңкеұлының:

Жалғаншы фәни заманда,
Топырақтан жаратқан
Осы бір жүрген адамды,
Асырап, сақтап өсірген
Бір жасаған құдайым
Он сегіз мың ғаламды, –

деген (ОҒЖ,235) өлең жолдары да қазақтың діни дүниетанымындағы Тәңірліктің іздері мен Ислам дінінің ұстанымдары бір арнаға тоғысып, адамзат пен он сегіз мың ғаламның жаратылысы жайлы қазақи көзқарас қалыптасқанын сипаттайды. Көне түркілер дәуірінен жеткен жер-суды қастерлеу, киелі санау дәстүрі қазіргі қазақтар дүниетанымынан да берік орын алғанын сипаттайтын тілдік бірліктер қазақ тілі лексикалық жүйесінде молынан сақталған: *Жерді қазба! Суға түкірме* т.б.(тиым сөздер), *Бұлақ көрсең – көзін аш; Судың да сұрауы бар* т.б. (мақал).

Көк түріктер арғы бабалары тіршілік еткен атамекенді көзінің қарашығындай сақтап, олар иелік еткен жер-суды иесіз қалдырмауды мақсат еткені ескерткіштер тіліндегі: *Eçümiz-aramiiz tutmıs jer-sub idisiz bolmasun» – tijin, az buduniü itip, jaratip...* КТү. 19 «Ата-бабамыз тұтынған жер-су иесіз болмасын», – деп аз халқын құрап, жаратып (ұйыстырып)...»; «*Kögmen jir-sub idisiz qalmazun»,-tijin, az qırq az buduniü jaratip keltimiz, süñüsdimiz, ilin birtimiz»* КТү. 20 «Көгмен жер-суы иесіз қалмасын», – деп, аз, қырық аз халықтарын жаратып (құрап) келдік, соғыстық, елін қайта бердік» (Айд. I, 175) тәрізді сөйлемдерден аңғарылады.

Ескерткіштер тілінде жиі қолданылатын *ıduq* «қасиетті»: *türk ıduq jir-subı anča timis* КТү. 10 «түркінің қасиетті жер-суы былай депті» (Айд. I, 173) лексемасы қазақ тіліндегі *жерұйық* “малғанға құт, шұрайлы жер” (ҚТТС, 297) сөзі құрамындағы *ұйық* сөзімен төркіндес болуы мүмкін. Түркі тілдері бойынша **id,*uj* моносиллабтарының теориялық сәйкестік түзу мүмкіндігі бар, жалпы алтай тілдері ішінде *d≈j, i≈u* сәйкестіктері кеңінен тараған құбылыс ¹.

VI-IX ғасыр түркілері өздеріне дейінгі арғы бабалары тіршілік еткен ата-қоныстарын қадірлеуді, жау қолына бермеуді, иесіз қалдырмауды басты парыз санағанын ескерткіштер тіліндегі сөйлемдерден аңғарамыз: *bars beg erti. Qayan at bunda biz birtimiz. Sinjilim qunçujuü birtimiz. Özi jañildi, qa yanı ölti. Bodunu*

¹ Қараңыз: Ескеева М.Қ. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. – Астана: Сарыарқа, 2011.– Б.187.

kün qul boldi. Kögmen jir sub idisiz qalmazun tijin az qırqız bodunıy itip jarat[i]p keltimiz. Sünüşdimiz ilin KTү.20,22 «Барыс (оларға) бек болды. Қаған атағын бұнда біз бердік. Сиңілім – хан қызын бердік. Өзі жаңылды, қағаны өлді. Халқы күң, құл болды. Көгмен жер-суы иесіз қалмасын деп Аз, Қырқ аз халқын құрап келдік. Соғыстық. Елін» (Айд.І,175). Qamayı biş otuz süledimis. Üç jigirmi sünüşdimiz. Illigig ilsiretdimiz, qay anıyqa ҧansiratdimiz. Tizligig sökürtimiz. Başıliyiү jükündürtimiz. Türges qayan түрükimiz bodunimiz erti. Bilmedükin]үcүн bizine janyluqin үcүн ölti. Bujruqy begleri jeme ölti. On oq bodun emgek körti. Ecümüz aramız tutmis jir sub idisiz bolmazun tijin az bodunıy itip jaratır...«Барлығы жиырма бес рет жорық жасадық. Он үш рет соғыстық. Елдігін елсіреттік, қағандығын қағансыраттық. Тізеліні бүктірдік, бастарын жүгіндірдік. Түргеш қаған түрікіміз, халқымыз еді. Білместігі үшін, жаңылғаны үшін өлді. Бұйрықы /қолбасшысы/ бектері де өлді. Он оқ халқы азап көрді. Атамыз, бабамыз тұтқан Жер-су иесіз болмасын деп азды /аз тайпаларын/ халық етіп құрап» (Сартқ II).

Ескерткіштер тіліндегі *jir-sub* қосарлы лексемасының түпкі мазмұндық құрылымында адамзаттың өмір сүруіне, өсіп-өркендеуіне жағдай жасаушы маңызды нысан ретінде таңбаланған ақпарат сақталған: Anča qazıanmiş anča itmis elimis, törümüz erti. Tүrük, oуuz begleri, bodun esidiñ! Üze teñri basmasar, asra jir tilinmeser, түrük bodun, eliñin törüñin kim artadi...Udtači...erti. Tүrük bodun «Сонша болған, жаралған, еліміз, жұртымыз еді. Түркі, оғыз бектері, халқы естің! Үстіңнен Тәңірі баспаса, астында жер айырылмаса, түрік халқының ел-жұртын кім құртады?! Түрік халқы,өкін!» (Айд.І,176) мәнмәтініндегі asra jir tilinmeser, түrük bodun, eliñin törüñin kim artadi «астында жер айырылмаса, түрік халқының ел-жұртын кім құртады?!» деген сөйлемнен көне түркілер танымында жер сілкінісі сияқты табиғи апаттар жайлы шынайы білім қоры жинақталғанын көреміз.

Көне түркілер танымындағы Ыдуқ Йер/Йір-субты қадірлеу дәстүрі Туған жерді сүйюге, қадірлеуге бағытталған патриот-

тық сезімдермен ұласып, Мәңгі Ел ұстаудың басты атрибутына айналды. Қарапайым дүниетанымнан бастау алатын **Ыдуқ Йер-суб** идеясы қазақтар дүниетанымындағы **Қасиетті Туған Жер** ұғымының негізін құрап отыр: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас (мақал) т.б. Ыдуқ йер-суб/Қасиетті жер-су ұғымы қазіргі қазақ тіліндегі **Отан** және белгілі бір шекарасы бар мемлекеттік территория ұғымдарының баламасы ретінде танылғанын ескерткіштер тіліндегі деректер толық дәйектейді.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштер тілінен көрініс тапқан көне түркілердің рухани-мәдени құндылықтар жүйесі мен ментальды дүниетанымынан дүниетанымынан мағлұмат беретін тілдік бірліктер қазіргі түркі халықтарының ұлттық болмысын айқындайтын тілдік бірліктермен астасып жатады. Соның негізінде «ұлттық мәдениеттің мәні ұлттық санада ұжымдық (этностық) тұтастық, әлеуметтік интеграция, рухани кеңістік қалыптастыруымен сипатталады. Оның айқын көріністері сакрализация тәсілі мен ұлттық психологиялық негіздегі сан қырлы символдық жүйе мен тілде көрінеді. Соның нәтижесінде мәдениеттің негізгі арқауы сақталады, жаңа сапада жаңғырады, ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Шын мәнінде қоғамда ұрпақтар жалғастығы мәдени мұраларды игеру, қабылдау, әрі қарай дамыту арқылы жүзеге асады. Атап айтқанда, мәдени ақпараттар салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б. рәміздік жүйемен қатар тіл арқылы, сөз өнері, сөз мәдениеті арқылы жүзеге асады»¹

Адамзаттың болмысын, басқа тіршілік иелерінен ерекшеленетін адами танымы мен қасиетін айқындайтын – тіл жүйелі құрылым болып табылады. Адамның өзін қоршаған тылсым дүниені тану деңгейі, әлем туралы жинақталған тәжірибелік білім қорының ауқымдылық деңгейі – адам танымының жемісі. Санады адамзат тұлғасының қалыптасуы, ұрпақ арасындағы сабақтастық желісінің үзілмеуі тілдің қызметіне тікелей байланысты

¹ Манкеева Ж. А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – Б. 20-21.

болуына орай Тіл – Болмыс – Таным үштағанының уақыт пен кеңістік аясындағы даму, өзара ықпалдасу үдерісі *Адам* ұғымының мәні мен мазмұнын құрайды. Адам – «1. Ойлау қабілеті бар, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін, саналы қоғам мүшесі. 2. Көпшілік, қауым, жұрт, халық» (ҚТТС, 17). Адам өзге тіршілік иелерінен тілдік-сөйлеу қабілетімен ғана ерекшеленбейді, сондай-ақ, басқа нысандарға – тіршілік иелеріне, заттарға, тіпті жекелеген табиғи құбылыстарға ықпал ете алатын, олардың кеңістіктегі орнын ретке келтіру немесе бұзу мүмкіндігіне ие интеллектуалды-шығармашылық іс-әрекет иесі ретінде де дараланады. Барлық тіршілік иелері ішіндегі өз сезімін, жақсы көруі мен жек көруін, қызғанышы мен сүйсінуін, қуанышы мен қайғысын, қорқынышы мен үрейін тілмен қатар қимыл-қозғалыстар мен ерекше эмоциялық әрекет арқылы, табиғи емес немесе шығармашылық іс-әрекет арқылы бере алатын адам баласы ақпаратты дәл жеткізуге де бұрмалап жеткізуге де, ойын қарапайым тілмен айтуға да, әсірелеп-бейнелеп айтуға да қабілетті. Адам өзі сияқты басқа адамның ойын оның тілі арқылы түсініп, қайғысы мен қуанышын сезіне алады, іс-әрекеттерін саралауға да мүмкіндігі бар. Мұндай қасиеттер мен қабілеттер адамзаттың белсенді позициясын айқындап, олардың жер бетіндегі басқа тіршілік иелерінен ажыратылатын гегемониялық сапасын, сана иесі ретіндегі мәнін көрсетеді.

Қоғамдық (ұжымдық) өмір салтын ұстанатын адам баласының тілі де өзі өмір сүретін қоғам аясында таралып, басқа қауымда тілдік мүмкіндігі уақытша ғана шектеліп, жаңа тілдік ортаға бейімделгеннен соң тілдік білімді игеру дәрежесіне қарай (жекелеген адам қабілетіне қарай бұл үрдіс қысқа мерзімге созылуы да, ұзаққа созылуы да мүмкін) қалыпты арнаға түседі. Бірақ тіл иесінің этностық болмысы тек ана тілі, яғни өзіне қатысты этнос тілі арқылы ғана анықталады, әр түрлі себептерге байланысты ана тілінен қол үзген этнос өкілі туған халқының дара болмысын таныта алмайды. Белгілі бір тілде сөйлейтін қауымның даралық сипатын таныту қабілетіне ие этнос тілі жалпыадамзаттық кон-

цептуалдық түсініктер кешенінің тілдік бейнесін құрай отырып, әрбір халықтың өзіндік мәдени-рухани коннотацияларын бейнелейді. Белгілі бір тілдік ортаның «мазмұндық өріс жүйесі арқылы танылатын ментальды болмысы абстрактылы идеялардың матрицасы – таңбаның сан алуан қызметі жинақталған символдық концептілер жүйесіне негізделеді»¹.

Адамзат тіршілігіне тән дүниетанымдық даму үдерістері өзін-өзі танудан және қоршаған ортаны танудан басталатыны белгілі. Көне түркілер де ақиқат заттар мен құбылыстардан, уақиғалар мен іс-әрекеттерден тұратын денотаттық нысандар арасында тіршілік етеді. Қоршаған орта мен адамзатқа байланысты санада пайда болған ақиқат өмір туралы шашыраңқы, жалпылама ақпараттар танымдық процестер арқылы адамның ой елегінен өтіп, тәжірибелік-білім қорына, яғни интеллектуалдық, руханияттық, мәдени-әлеуметтік қажеттілікті өтейтін концептілерге айналады. Бұл адамдардың тек ақиқат дүние ортасында ғана емес өздерінің таным-түсініктеріне сай қалыптастырған идеалды әлемде де өмір сүретінін көрсетеді. Әрбір кезең, әрбір дәуірдің өзді-өзіне тән ақиқат дүние туралы білім жүйесі болады. Дүниенің тілдегі бейнесін жан-жақты қарастыруда концептілік ұғыммен мағыналық байланыста тұратын әр деңгейлі тілдік бірліктердің маңызы ерекше. Ескерткіштер тіліндегі адамзат бейнесіне қатысты тілдік бірліктер де когнитивтік модель қалыптастырушы таңба, ақиқат дүниенің көрінісін белгілейтін нысандар ретінде танылады. Бұл ретте тілдік бірліктер арқылы таңбаланған «Адам» бейнесі қоғамдық санада өміршеңдік, саналылық, тұрақтылық, сезімталдық т.б. белгілерімен ерекшеленеді. Тіл біліміндегі концепт бірнеше салаға қатысты кешенді қолданыстағы ұғым болғанымен әрбір саланың зерттеу бағыты мен әдіс-тәсілдеріне, амалдарына қатысты өзіндік ерекшеліктерімен сараланатын лингвомәдениеттанымдық, психолінгвистикалық және лингвокогнитивтік аспектілерде қарастырыла отырып, ұлттық болмысқа негізделген ментальды білім жиынтығын құрайды, жинақталған білім

¹ Колесов В. В. Язык и ментальность. – Москва: Наука, 2004. – С.11.

қоры этностың философиялық дүниетанымының мазмұнын сипаттайды.

Адам жаратылысы мен адам болмысын дәл сипаттап беруге қазіргі адамзаттың мүмкіндігі мен әлеуеті жеткіліксіз: «адамды зерттеу саласындағы жетістіктерге қарамастан оның шығу тегі де, жердегі өмірдің қай кезде пайда болғаны да қазіргі ғылым үшін жұмбақ күйінде қалып отырғанын мойындауға мәжбүрміз. Адам қалыптасуының алғы тарихын түсіндіріп беруге қабілетті, теріске шығармайтындай айғақтар және дәлелдермен бекітілген сенімді теория болмай отыр. Адам туралы бар көзқарастар негізінен болжамдар мен ұсыныстарға ғана сүйенеді»¹. Адам және оның мәні туралы қазіргі көзқарастар адамды биологиялық, әлеуметтік факторлар аясында, эволюциялық дамудың нәтижесі ретінде қарастыруда, адам болмысының дамуын тіл болмысымен бірлікте Адам жаратылысы мен адам болмысын дәл сипаттап беруге қазіргі адамзаттың мүмкіндігі мен әлеуеті жеткіліксіз: «адамды зерттеу саласындағы жетістіктерге қарамастан оның шығу тегі де, жердегі өмірдің қай кезде пайда болғаны да қазіргі ғылым үшін жұмбақ күйінде қалып отырғанын мойындауға мәжбүрміз. Адам қалыптасуының алғы тарихын түсіндіріп беруге қабілетті, теріске шығармайтындай айғақтар және дәлелдермен бекітілген сенімді теория болмай отыр. Адам туралы бар көзқарастар негізінен болжамдар мен ұсыныстарға ғана сүйенеді»². Адам және оның мәні туралы қазіргі көзқарастар адамды биологиялық, әлеуметтік факторлар аясында, эволюциялық дамудың нәтижесі ретінде қарастыруда, адам болмысының дамуын тіл болмысымен бірлікте, саралауға айрықша мән берілуде.

Орхон. Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі «Адам» феноменін сипаттайтын тілдік бірліктер VII-IX ғасыр түркілерінің таным-түсінігінен, дүниетанымынан, тарихы мен мәдениетінен мәлімет беретін лигвоақпарат болып табылады. Антропология-

¹ Философия. Құраст. Ғабитов Т. – Алматы: Раритет: 2005. – Б.233.

² Философия. Құраст. Ғабитов Т. – Алматы: Раритет: 2005. – Б.233.

лық философия мен антропологиялық лингвистика адамды интеллектуалды тіл иесі ретінде ғана емес, эмоционалды менталды қырынан да қарастырады. Жеке тұлғаның психикалық құрылымдық жүйесінің компоненттерінің бірі сезім мен эмоция болса, бұл феномен тек ауызша сөйлеу үдерісінде ғана айқындалып қоймайды, жазба тілде де көрініс беріп, стилистикада арнайы тіл құралдары мен амал-тәсілдер арқылы объективтенеді. Тілдің адамнан тыс тұрған жеке құбылыс емес, адаммен бірліктегі, бір-бірін анықтайтын күрделі құрылымдар болып саналатыны да сондықтан. Тілдің ең кіші бірлігі дыбыстан бастап мәтінге дейінгі тіл бірліктерінің барлығы да адамның қандай да бір сапалық қасиеттерін, сыртқы сипатын, ішкі эмоциясы мен көңіл-күйін жекізуге қызмет етеді.

Адам концептісінің маңыздылығы мен өзектілігі жайлы Р.И.Розина «Без анализа его содержания невозможно адекватное описание культуры: место любой реалии в системе культурных ценностей – независимо от того, принадлежит эта реальность рукотворному или нерукотворному миру, – может быть определено лишь через ту роль, которую играет по отношению к этой реалии человек»¹. Ғалым пікірін Адам феноменінің күрделілігімен және Тіршілік әлеміндегі көшбасшылық ролімен түсіндіруге болады. Адам ұғымы мен жеке Тұлға ұғымы өзара сабақтас болғанымен, әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Тұлға категориясының мәнін түсіндіру Адам категориясы арқылы сипатталады. Адам физикалық(табиғи, туа біткен), рухани және әлеуметтік сапалар мен қасиеттерді қамтыса, Тұлға адамның рухани және әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығынан тұрады.

Түркі халықтарына ортақ концептуалдық түсініктер жиынтығының тілдік бейнесінің бастау көзі болып табылатын көне түркілер тіліндегі концептуалды жүйені саралау VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліне негізделетіндіктен барлық концептілер ескерткіштер тілінен берік орын алған көне түркілердің Тәңірлік

¹ Розина Р.И. Человек и личность в языке. // Логический анализ языка. Культурные концепты. – Москва: Наука, 1991. – С. 52.

дүниетанымы аясында талдауды қажет етеді. Әлем тілдеріндегі өзек концепт – *Адам* макрожүйесінің тілде бейнеленуі жалпы адамзаттың жаратылуы, оның тілінің пайда болуы, адами қасиеттерінің қалыптасуы, ғалам жайлы түсінігі, наным-сенімі, іс-әрекеті жайлы идеялар мен көзқарастар жиынтығының тілдік репрезентациясынан тұрады. Адам туралы, оның болмысы жөніндегі алғашқы идеялар көне мифтер мен аңыз әңгімелер арқылы жетсе, кейіннен ғылыми дәстүрдің қалыптасуына байланысты бірнеше гуманитарлық және жаратылыстану ғылым салаларының зерттеу нысанына айналды. Адамды зерттеу мәселесі ұзақ уақыттан бері жүргізіліп келе жатса да ғылымда адамның пайда болуы, адам миының күрделі табиғаты, жекелеген адамдарға тән ерекше қасиеттер (магия, көріпкелдік, вундеркиндтер т.б.) әлі де құпия күйінде қалуда. Бұл Адам феноменінің күрделілігін көрсетеді. Адамтанудың іргетасының қалануы жайлы мәдениеттанушылар мен философтар былай дейді: «Адамды философиялық тұрғыда түсінудің іргетасы қалыптасқан түсініктер, идеялар, образдар мен ұғымдар негізінде қалыптаса бастаған философия мен мифология арасындағы сұхбат нәтижесінде қаланды»¹.

Әрбір халықтың этностық болмысымен сабақтаса қалыптасатын *Адам* этноконцептісі де жалпы *Адам* концептісінің аясына ене отырып, өзіндік сипатымен ажыратылатыны белгілі. Түркі халықтарының этнотанымдық, этно-мәдени ерекшеліктері белгіленген адам туралы концептуалдық түсініктер көне түркілер тіліндегі *Kisi* концептісінің тілдік модельдері арқылы көрініс табады. Адам туралы түсініктің қалыптасуы мен даму жолының мифологиялық және философиялық сипатына байланысты *Адам* концептісі де әлем халықтары тілінде нақты ақиқат тұрғысынан және мифологиялық негізде жүзеге асырылуы мүмкін. Адамзаттың жаратылысы жайлы көне түркілердің көзқарастары діни-мифологиялық дүниетанымға негізделген қарапайымдылығымен де, белгілі бір дәрежедегі шынайылығымен де ерекшеленеді:

¹ Философия. Құрастырған. Т.Ғабитов. – Алматы: Раритет, 2005. – 233-бет.

üze kök teңri, asra jayyz jer qilintuqda ekin ara kisi oylı qilinmis. Kisi oylında üze eçüm apam bumın qayan, istemi qayan olurmıs. Olurypan türük bodunin elin, törüsin tuta birmis, iti birmis. ança «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бұмын-қаған, Істемі қаған таққа отырған. Отырып түрік халқының елін, заңын ұстай берген, иелік еткен»; Üze qayan olurtim. Olurtuqıma ölüт eçesi saqiniyuma. Türük begler bodun ögirip sebinip tustimış közi jügerü körti. Bödke özüm olurip bunça ayir törüg tört bulundaqu bodunya itdim. Üze kök teңri as[ra jayiz jer qilintuqda ekin ara kisi oylı qilynmıs «Жоғарыда қаған отырдым. Қаған отырған соң өлген Ағамды ойладым. Түрік бектері, халқы марапаттап, қуанып, көрер көзі қаған үйіне бұрылды. Бөдке (тақ киесіне) өзім тұтқа болып, мұншама ауыр төр (үкімет) (ісін) төрт тараптағы халыққа орнықтырдым. Үсте көк Тәңірі, аста баран жер жаратылғанда, екі арасында адам баласы жаралған» (Айд.І,171; Сартқ. II) деген мәнмәтіндердегі адамның пайда болуы жайлы пікірлер түркілер танымы бойынша бүкіл адамзаттың жаратылысынан өздерінің жаратылысын бөліп қарамайтынын және адамды табиғаттың, тұтас ғаламның бір бөлшегі ретінде танитынын аңғаруға болады. Бұл түркілердің Адамның пайда болуы жайлы түсінігінің шынайылық сипатын көрсетеді.

Түркілердің діни-мифологиялық дүниетанымы бойынша Адам – Жалғыз жаратушы /Тәңірдің туындысы. Олар үшін барша адамзатты да, түркі халқын да, өсімдік әлемі мен жан-жануарлар әлемін де жаратқан Тәңірі. Халықтың береке-бірлігі де, ел басына туған қайғы-қасірет те, мал басының көбеюі де, жұтқа ұшырауы да, ақылды қағандардың таққа отыруы да, олардың дүниеге келуі де *Тәңірдің* құзырында: *Teңri teg teңride bolmiş türk bilge qayan bu ödke olurtum* «Тәңір текті Тәңірден жаратылған Түркі Білге қаған бұл (таққа) отырдым» КТк. (Айд.І,177). Мұндай сөйлемдер түркілік діни дүниетанымның тұрақтылығын айшықтаумен қатар көптеген батыс және орыс зерттеушілері қалыптастырған көне түркілердің «Аспанға табыну», «Көпқұдайлық»

идеяларының жаңсақтығын көрсетеді. Түркілер Тәңірге ешқандай ұғымды балама санамайды. Ол – Жалғыз. Бұл Адам этноконцептісіндегі адамның діни позициясын сипаттайтын тілдік репрезентациялар арқылы олардың діни сенімнің жетілгендігін анықтауға болатынын көрсетеді.

Түркілік *Kisi/ Адам* этноконцептісінің басты тілдік моделі *kisi* лексемасының этимологиясы жайлы көзқарастар да көне түркілер дүниетанымындағы «Бір Тәңір» идеясынан хабар береді. Түркі тілдеріндегі *ulıyū – kişig* «үлкен – кіші» оппозициясы арқылы *kisi/kişi* «адам, кісі» лексемасының аталымдық уәжін анықтауға болады. Тәңір түркілер танымындағы ұлылықтың, үлкендіктің символы болса *kiçi/kişi* «адам» кішіліктің белгісі, адам баласы тәңірдің алдында дәрменсіз, оған тәуелді, тәңірдің туындысы. Яғни жалпытүркілік лексикалық қабаттың лексемалары *kişi/ kişik* «кіші, кішкентай» етістігі мен *kisi* «адам, кісі» зат есімі өзара гомогенді сөздер болып табылады. Бұл топқа *küşik/ küçik/ küşük/ küçük* «күшік (иттің, қасқырдың т.б.)» лексемасы да енеді. Түркілердің өздерінің шығу тегі жайлы аңыз-афсаналар арқылы танылатын түркілік мифологиялық дүниетанымың негізі – *Көк бөрі* тотемі де ойға қалдырады. Аңыз бойынша жаугершілікте жұртта қалған сәбиді – түркілердің арғы атасын қасқырдың қаншығы емізіп өсіреді. Ұл жігіт болғаннан кейін аналық қасқыр одан бірнеше бала көтереді. Демек мифологиялық сана бойынша түркілердің анасы – қаншық қасқыр, түркілердің ата-бабалары «күшік – кісілер»¹. Түркілер бойындағы қайсарлық пен батылдық, намысқойлық пен өршілдік, тіпті негізгі азығының ет болуы да сол аналық қасқырдан дарыған-мыс. Күлтегін жазбасында қаған әскерін бөріге теңеудің астарында да *Көк бөрі* ұғымының тотемдік-сакральді мәні жатыр: *Taşra Joryjur tijin kü esi dip baliqdaqi taııiqmys, taııdaqi inmis tirilip jetmis er bolmys. Teıri küč birtük üčün qanıı qayan süsi böri teg ermis. Jayısi qoj teg ermis. İlgerü qurııaru sülep tirmis qobratmıs. Qamayı Jeti jüz er bolmıs* КТү.12,13 «Шетте жүр

¹ Ескеева М.Қ. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. – Астана: Сарыарқа, 2011. – Б.250.

деген хабар бәрі есітіп, қаладағылар таудай болды. Таудағылар төмендеді. Жиналып жетпіс ер болды. Тәңірі күш бергені үшін Әкем қағанның әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді. Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті. Бәрі жеті жүз ер болыпты» (Айд. I, 173; Сартқ. II).

Қазіргі түркі тілдерінде *kisi* сөзінің қолданыс аясы да, тұрақты тіркестердегі, бейнелі оралымдардағы доминанттық қабілеті де кеңігенін аңғарамыз. Мысалы, қазақ тілінде: *kisi* лексемасының «1. Адам, пенде, жан. 2. Бөтен біреу, бөгде адам. 3. Қонақ, мейман: *Kisi aяғы басылды* «адамдардың жүріс-тұрысы азайды, тынышталды; беймезгіл уақыт болды, кешкірді»; *Kisi бетіне қарамады* «ұялды, қысылып-қымтырылды»; *Kisi бойы* «биіктік, ұзындық, тереңдікті білдіретін халықтық өлшем»; *Kisi болар бала* «келешегінен үміт күттірер жеткіншек»; *Kisi босағасы* «бөтен адамның үйі, біреудің есігі»; *Kisiдегінің кілті аспанда* «біреуге ісі түскеннің қиындығы көп»; *Kisi есігінде жүрді* «жалшылықта жүрді»; *Kisi қолына қарады* «өз бетімен күн көре алмады»; *Kisi құрлы көрмеді* «адам орнына санамады, менсінбеді»; *Kisi қызығарлық* «назар аударарлық»; *Kisi салды* «араға елші жұмсады»; *Kisi сыртынан тон пішті* «біреу жайында өзінше пікір айтты, мінеді»; *Kisi тіліне ерді* «біреудің сөзіне сенді, жетегінде кетті» (ҚТТС, 441) т.б. мағыналарын беруі де жалпытүркілік *Kisi/Адам* концептісінің негізгі идеяларынан туындайды. Сондай-ақ қазақ тіліндегі *kisilik* туынды сөзінің мазмұны да «1. Адамгершілік, азаматтық. 2. Әлдеқандай болған, дандайсыған, кісімсіген мінез» (ҚТТС, 441) адам, адами қасиеттер туралы түркілік дүниетанымның ерекшеліктерін көрсетумен қатар, түркі тілдері семантикалық жүйесіндегі қарама-қарсы мағыналардың да ортақ ұғымнан тарауы да жиі кездесетін құбылыс екенін аңғартады. Бұл концепт ядросындағы идеосемалардың бірнеше бағытта дамуға қабілетті полисемантикалық сипатына байланысты.

Түркі халықтары өкілінің дара болмысын сипаттайтын *Kisi* концептісінің негізгі идеясы *Түрк будыны/Түркі халқы* тіркесінің мазмұны мен мәні арқылы нақтылана түседі.

Жеке адам болмысы сол адам шыққан этнос болмысының микробейнесі болғандықтан антропологиялық философия мен этнос философиясы өзара сабақтасып жатады. Түркі халықтарының адам болмысы жайлы таным-түсініктері де олардың жалпы түркі этносының болмысы жайлы жинақталған аялық білімдерімен сабақтастықта өрбиді. Көне этнос болмысын анықтаудың бірден-бір құралы – этнонимдердің этимологиялық негіздерін саралау, аталымдық уәжін, этномәдени, этнотанымдық мазмұнын межелу.

VII – IX ғасыр жазба мұраларында жиі қолданылатыны *turk* этнонимі: *Turk budun joq bolmazun tijin, budun bolčun tijin* «Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін» КТү. 11 (Айд. I, 173); *Turk budun jitmezün tejin* «Түркі халқы өлмесін-жітпесін деп» Он. 3 (Сартқ. II, 142). *Түрк(түркі)* этнонимінің шығу тегі жайлы да көптеген пікірлер айтылып жүргенімен, толық шешімін таппаған мәселе, негізгі пікірлер: 1. Күшті, қуатты, билік иесі мағыналарын береді (В.В.Радлов, Ю.Немет); 2. *Тайпа, ру, қандас туыстардың үйі* мәніндегі *törkin* сөзінен шыққан (А.Н.Бернштам); 3. Түркі-монғол тілдеріне ортақ *туу, дүниеге келу* мағынасындағы *töre/törü* сөздерімен гомогенді (Б.Мункачи, Л.Базэн); 4. Монғол тіліндегі «*бас, белгілі бір заттың ең биік ұшы*» мәнін беретін *tolgo/tolgaj* және «*жауынгерлік бас киім*» *duwlgal/dugulga* сөздерінен шыққан (Ю.А.Зуев); *Билік етуші халық* мағынасын береді (Г.Дерфер); 5. *türük (türk), törük (törk)* сөзі этнонимге айналғанға дейін *жаратушы, мырза, заң, ақиқат* мәніндегі зат есім, құдіретті, қасиетті, ақиқат, нағыз мағынасын беретін сын есімдер болуы мүмкін (О.Сүлейменов); 6. Монғол тіліндегі *басшы, көсем, бірінші, алдыңғы* мәніндегі *turün (təruüün)* сөзі мен *türük türk* сөзінің жалпылама мағынасы тілдік заңдылық бойынша сәйкес келеді (А.Аманжолов)¹. *Түркі/түрік* этнонимінің этимологиясы жайлы әр жылдары айтылған басқа пікірлердің бәрі осы тұжырымдар

¹ Аманжолов А. С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – С. 37-40.

төңірегінде өрбиді. Түрік этнонимін интерпретация жасаған зерттеушілер сүйенген тілдік деректерді лексика-семантикалық жағынан екі топқа бөліп қарастыруға болады. 1. «күшті, қуатты, алдыңғы, ең, нағыз, таңдаулы, маңызды, сыйлы, басшы, билеуші т.б.» семаларын беретін көне түркілік *türk* «сильный, могучий», «самый, обильный, предельный» (ДТС, 599), орта түркілік *türk jigit* «достигший зрелого возраста, взрослый юноша», *türk qujaš* «верхняя кульминация, наивысшего положение Солнца на небе» (МК I, 353); қырғ. тілінде *turk* «крупный, жирный (об овцах)» (КРС, II, 284); бур. тіліндегі *türüü* «первый, головной, передовой, почетный» (БМРС, 458); монғ. тілінде *tərgüün* «басы, алды, алдыңғы», «басшы, жауапты»; *tör* «үкімет, мемлекет», «заң, ереже, тәртіп» (МҚС, 473, 497); қаз. тілінде *tör* «құрметті, сыйлы орын», *töre* «хан тұқымы, сыйлы, құрметті адам, билік басындағылар»; *töre*; 2. «туу, дүниеге келу» семасынан тараған «туған үй», «туған ауыл», «туған-туысқан» мәнін беретін сөздер: монғол тілінде *töröx* «туу», *töröl* «туыс, ағайын, туысқан», *törölx* «тума, туған, ата», *törxöm* «төркін» (МҚС, 474); қырғ. тілінде *törö* «родить», *töröt* «роды», *törkün* «родители и родня жены» (КРС, 260, 261); қазақ тілінде – *törkin* «әйел адамның туған-туысқандары, туған үйі, туған жері». Бірінші топтағы «күшті, билеуші, таңдаулы, кемеліне келген, сыйлы, нағыз т.б.» семаларын беретін *tör/tor/tür* тұлғасы мен екінші топтағы «туу» семасынан тараған *tör* тұлғасын гомогенді сөздер деп қарауға толық негіз жоқ. Алғашқы адамзат тілінің қалыптасу кезеңі негізінде онтогенездік ізденістер жүргізілсе аталған түбір-негіздердің гетерогендік сипаты теріске шығуы да мүмкін. Зерттеушілер пікірі арасындағы қайшылық та осыдан туындайды. Түркі халықтарының өткен тарихы, еркіндікті сүйген өмір-салты, өр, өткір болмыс-бітімі, образды ойлау жүйесі, жауынгерлік қабілеті анық байқалатын VII-IX ғасыр жазба мұраларының тілі, мазмұн-идеясы тұрғысынан сараласақ *türk/türki* этнонимінің жалпылама мазмұны «күшті, билеуші, таңдаулы, кемеліне келген, сыйлы, нағыз т.б.» мағынасын беретін *törk/tork/türk* лексемаларының семантикалық аясына сай

келеді және еркіндікті сүйген көне түркілердің өр болмысын сипаттайды.

Ескерткіштер тілінде *budun* сөзі «ел құрамындағы қарапайым халық» мағынасын береді: *toquz oғuz begleri, budunı bu sabimın edgüti esid, qatıyüdi tında* «Тоғыз оғыз бектері, халқы бұл сөздімді жақсы есіт, қатты тыңда!» КТК. 2 (Айд. I, 168). Орта ғасыр түркілері мен қазіргі түркі тілдері деректерін қамти отырып, жалпы түркілік континуумда қарастырсақ, сөз құрамындағы *bod/bud* моносиллабының семантикалық өрісі кеңігенін байқауға болады: «халық», «ел», «адамдар», «тайпа», «ру», «тобыр», «бағынышты ел», «біреудің немесе басқа елдің ықпалында болу», «күн төлеу», «бой», «беку», «байлау», «бірігу»¹. Көрсетілген мағыналар негізінде көне түркі тіліндегі «*Budun*» микроконцептісінің ядросындағы актуальды мағына «адамның денесі, тұла бойы» және «бірігу, беку, жабысу, байланыс» ұғымдары арқылы қалыптасқандығын болжауға болады. Басты идеясы – «адамдар тобы, адамдардың бірігуі» мәнін білдіретін *budun* лексемасының этнотанымдық мазмұнында көне түркілер болмысына тән көпшілдік, бірлік, ынтымақ позициясы таңбаланған.

Ескерткіштер тіліндегі *türk budunı* тіркесі қатысқан сөйлемдер мазмұны Кісі макроконцептісінің аясындағы Түрк будыны/Түркі халқы микроконцептісінің синтаксистік, дискурстық деңгейдегі тілдік бірліктерін құрайды. Күлтегін ескерткіші мәтініндегі *Anca qazyanmıs anca itmis elimis, törümüz erti. Türuk, oғuz begleri, bodun esidir! Üze tenri basmasar, asra jir tilinmeser, türuk bodun, elinjin törünin kim artati...Türuk bodun ökün* «Сонша болған, жаралған еліміз, жұртымыз еді. Түркі, оғыз бектері, халқы естің! Үстіңнен Тәңірі баспаса, астында жер айырымаса, түркі халқының, ел-жұртын кім құртады? ...Түрік халқы, өкін!» КТү. 22 (Айд. I, 173) тәрізді сөйлемдер түркілердің табиғи апаттардан басқа жағдайда адам тағдыры, елдің тағдыры олардың өздеріне байланысты екенін айқын түсінгенін, яғни VII-IX ғасыр түркілері

¹ Жалмаханов Ш. Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы. – Қарағанды: ҚарМУ, 2003. – Б. 91.

танымында мифологиялық-діни сеніммен қатар өмір шындығы жайлы нақты ғылыми білімнің де қалыптасқанын көрсетеді. Бұл көне түркілердің мифологиялық-діни дүниетанымы мен шынайы, ақиқат дүниетанымы арасындағы сабақтастықты сипаттап қана қоймайды, түркілердің өмірлік тәжірибесі мол, табиғи құбылыстар жайлы терең білім жинақтаған, өзіндік дара мәдениетін қалыптасқан көне тайпа өкілдері екенін де айғақтайды.

Түркі қағанатындағы ең бірінші әрі маңызды принцип – **Түрік будынының бостандығы мен бейбіт өмір сүруі**. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі Адам концептісінің тілдік бірліктері де Түркі елі үшін ең басты байлық Кісі – Түркі будыны екенін дәйектейді.

Адам болудың басты талаптарының бірі этикалық норма-қалыптарды сақтауға негізделеді. Жаман адам, әділетсіз адам, арам адам, мейірімсіз адам, қатыгез адам, әдепсіз адам, өтірікші адам, жемқор адам, қанішер адам т.б.тәрізді адамның жағымсыз қырлары жайлы түсініктің қалыптасуы адамның этикалық нормаларды сақтамауынан туындайды. Түркі қоғамы үшін түркі өкілінің адами сапасының жоғарылығы аса маңызды болғанын XI ғасыр мұрасы «Құдатғу білік» дастанының мазмұнынан да аңғарамыз:

Бірі – шындық, әділеттің сәулеті,
Ал, екінші – құт-бақыттың дәулеті.
Ол үшінші – ақыл-сана, атақ-ат,
Ал төртінші – ұстамдылық, қанағат.
ҚБ, 65 (Баласағұни, 11).

Адамның кісілігі оның адамгершілік және жауапкершілік деңгейімен сипатталатындықтан көне түркілер танымындағы тұлға категориясы да жалпыадамзаттық тұлғаның атрибуттарына толық жауап бере алатын индивидтер арқылы бейнеленеді. Философтардың көрсетуі бойынша «Басқа ерікке толығымен

бағынған және өз дүниетанымынан, өз ойы мен көзқарасынан айрылған адам – тұлға емес. Адам бойындағы интеллектуалдық-адамгершілік және еріктік қасиеттері неғұрлым айшықты көрінген сайын, оның өмірлік бағдарлары жалпыадамзаттық құндылықтармен сәйкес келеді, тұлғаның өзінің де маңызы артып, бұл құндылықтардың орнығуы мен дамуына оң ықпалымен әсер етеді. Бұл тұрғыда ол өз рухы, еркіндігі, шығармашылығы жақтарымен сипатталады»¹. Көне түркі жазба мұралары тіліндегі тұлға категориясын – Құтлығ қаған (Ілтеріс қаған), Қапаған қаған, Күлтегін, Білге қаған, Бег Чор, Бөгү қаған т.б. ел билеген түркі қағандары мен Тоникуқ тәрізді даналардың іс-әрекеттері мен адами қасиеттері айқындайды. Рухы биік, ерік-жігері мықты, елдің тыныштығы мен береке-бірлігін сақтау жолдарын, болашақ ұрпақ қамын ойлаған көнетүркілік тұлғалардың адамгершілік қасиеттері мен қайырымдылығы, қиыннан жол таба білетін даналығы мен біліктілігі олардың нақтылы іс-әрекеттері арқылы көрініс береді.

Ескерткіштер тілінен көрінетін көне түркілердің адамгершілік қасиеттерінің бірі – қайырымдылық: *Jalaŋ budunïy tonliy, ŗuŋaj budunïy baj qïltim, az budunïy üküŗ qïltim* «Жалаңаш халықты тонды, жарлы халықты бай, аз халықты көп қылдым» (Айд.І,177) сөйлемі қағанның қарапайым халыққа деген қайырымдылығын көрсетсе, сөйлем ішіндегі *igi/ ig/idil/ id/ edgü* «жақсы, игі», *biligsiz* «біліксіз», *jablag* «әлсіз, нашар, жаман», *jalaŋ* «жалаңаш», *tonliy* «тонды (киер киімі бар)», *ŗuŋaj* «кедей», *baj* «бай, дәулетті», *az* «аз», *üküŗ* «көп» сын есімдері Кісі/Адам концептісінің релятивті-бағалауыштық репрезентациясын айқындайды. Бір-біріне жақсылық жасау, игілікті іс істеу түркі болмысына тән қасиеттердің бірі: *türük bodun ücün tün udimadim, күntüz olurmadim. Inim Kültegin birle eki ŗad birle ölü jitu qazyandim. Anŗa qazyanip biriki bodunïy ot sub qïlmadim. Men özim qaŋan olurtuqïma* КТү. 26,27 «түрік халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен, екі уәзірмен өліп-тіріліп құрадым. Сонша құрап,

¹ Философия. Құрастырған. Т.Ғабитов. – Алматы: Раритет, 2005. – Б. 249-250.

біріккен халықты от-су қылмадым. Мен өзім қаған болғанда» (Айд.І,176).

Beṅgü El «Мәңгі Ел» болудың басты талаптарының бірі қоғам мүшелерінің этикалық норма-қалыптарды сақтауына негізделеді. Адамның кісілігі оның адамгершілік және жауапкершілік деңгейімен сипатталатындықтан көне түркілер танымындағы тұлға категориясы да жалпыадамзаттық тұлғаның атрибуттарына толық жауап бере алатын индивидтер арқылы бейнеленеді. Ескерткіштер мәтінінде де рухы биік, ерік-жігері мықты, елдің тыныштығы мен береке-бірлігін сақтау жолдарын, болашақ ұрпақ қамын ойлаған көнетүркілік тұлғалардың адамгершілік қасиеттері мен қайырымдылығы, қиыннан жол таба білетін даналығы мен біліктілігі олардың нақтылы іс-әрекеттері арқылы көрініс береді. Өз заманындағы тұлғалардың іс-әрекеттері мен адами қасиеттерін, ел басқару ісіндегі жетістіктері мен кемшіліктерін тасқа қашап қалдырып отыруының өзі көне түркілердің ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән бергенін көрсетеді.

Ел билеуші бектер мен билерге қойылатын басты талап – халық алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілік мәселесі ХІХ ғасыр қазақ поэзиясында да кеңінен орын алған, мысалы ел басқару ісіндегі әділетсіздіктер мен ата қонысынан айрылған бұқараның ауыр халін ашына жырлаған, Дулат Бабатайұлының (1802-1871):

Би мен бектің сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса,
Батырлықтың сәні жоқ.

Түн ұйқысын төрт бөліп,
Толғаулы найза қолға алып,
Тұйғын құстай толғанып,
Сары садақ асынып,

Ұлын қорып жауынан,
Тұтамдап оқ жонбаса, –

деген (ОҒЖ, 175) өлең жолдарындағы; Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906) Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына байланысты, басына қиыншылық түсіп, ата қонысынан ығыстырылған қазақ халқының мұң-мұқтажын сипаттайтын:

Бес қаруын белге ұрса,
Ат үстінде күн көрсе,
Арып-ашып шөл көрсе
Тебінгіні теріс қағып,
Темір қазық жастанып,
Қарындас үшін қан жұтса –
Ол ер жігітке жарасар, –

деген (ОҒЖ, 236) жыр шумақтарының негізгі идеясы ескерткіштер мәтініндегі мазмұнға сәйкес келеді. Оүлі қаған болмис еринч. Anda kisre inisi ečisin teg qilinmaduq erinč. Оүлі қағин teg qilinmaduq erinč. Biligsiz қаған olurmis erinč. Jablag қаған olurmis erinč. Вужуқи jeme biligsiz erinč, jablaq ermis erinč. «Ұлдары қаған болған еді. Бірақ інісі ағасындай болмады. Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар отырған еді. Әлсіз қағандар отырған еді. Бұйрықтары (қолбасшылары) да біліксіз еді, әлсіз болған еді» (КТү). Мәнмәтін мазмұны ел билеуге қыры жоқ қағандардың таққа отыруы халықтың елдігінен айрылып, азып-тозуына алып келетінін сипаттай отырып, қағандардың ел алдындағы жауапкершілігінің маңыздылығын меңзейді.

Жалпы Орхон ескерткіштерінің де, жыраулық мұралардың да негізгі идеясы – қағандардың немесе қазақ хандарының іс-әрекеті арқылы халықтың санасын оятуға, түркі халқының немесе қазақтардың елдігін, бірлігін сақтауға, қасиетті жер-суын немесе туған елін қадірлеуге, тәңірлік дүниетанымның немесе ислам дінінің ұстанымдарын сақтауға бағытталады.

Тұлғаның басты атрибуттарының бірі – еркіндікті сақтай отырып, жауапкершілікті сезіну. Ел билеуші қағандардың жауапкершіліксіз еркіндігі әділетсіздікке, бейберекетсіздікке, халықтың наразылығына ұрындырыратыны белгілі. Кез келген қоғамдағы маңызды тұлға белгілі бір моральдық стандарттар мен шектеуліктерге бағынбаса халық арасындағы беделінен айырылады. Сондықтан жауапкершілік тұлғаға қойылатын басты талаптардың бірі әрі ең қиыны. Неғұрлым тұлғаның маңыздылығы артқан сайын соғұрлым оның өзі мен өзгелер алдындағы жауапкершілік деңгейі де, беделі де жоғары болады. Түркі қағандары мен олардың кеңесшілерінің, қолбасшылардың ел алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең ұғынғанын ескерткіш мәтіндерінен айқын аңғарамыз: *Bir kisi jañılsar oñuşı budunı biçükiñe tegini qıd maz ermis* «Бір кісі жаңылса, руы, халқы тұқымына дейін қалмас еді» (Айд.169) *Turk budun jıtmezün tejin* «Түркі халқы өлмесін-жітпесін деп» (Сартқ.142)...*türk budun üçün tün udımadım, күндіз отырмадым*» (Айд.І,177). *Tun udımatı, tun olurmatı qızıñ qanıñ tökti, qara terim jügürti, içig-kuçig bertik* «Түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым, қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым, күш-қуатымды да бердім» Тон. 51, 52. (Айд.ІІ,113).

Ескерткіштер тіліндегі *tun udımatı, tun olurmatı, qızıñ qanıñ tökti, qara terim jügürti* сөйлемінің бірнеше рет кездесуі оралымның көне түркілер тіліндегі қалыптасқан фразеологизмдік сапада қолданылғанын аңғартады. Бар болмысымен ел алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең түсінген көне түркілер дүниетанымы бейнеленген бұл метафоралық тұрақты тіркес Кісі/Адам этноконцептісінің ментальды ерекшелігін танытатын тілдік бірліктер қатарына жатады әрі түркілер дүниетанымындағы Мәңгі Ел мұратын жүзеге асырудың басты талаптарының бірі болып табылады.

VI-IX ғасыр түркілерінің этноболмысына тән айрықша адамгершілік қасиеттердің бірі – кеңдік, өзгеге құрметпен қарай-

тын мәрттік. Alp erin ölürip balbal qılu bertim БҚ «Алып ерлерін өлтіріп балбал қыла бердім» (Сартқ.198,206) деген сөйлемнің мазмұны көне түркілер жауына да кешіріммен, құрметпен қарағанын, жеңіліске ұшыраған жақтың ерлік көрсеткен батырларының басына ескерткіш-балбалдар орнатып отырғаны айтылады. Белгілі бір дәрежеде толеранттылық ұғымымен астасатын мұндай іс-әрекет кез-келген этностың қолынан келе бермейтін, түркілердің этноболмысына ғана тән айрықша адамгершілік қасиетті көрсететін мәрттік, кеңдік.

Көне түркілер қарсыластарының жылы сөздері мен қымбат сыйлықтарының неге ұрындырарын да жақсы түсінген: Sücig sabın jımşaq aүйsyña arturıp üküš türük bodun öltüg. Türük bodun üleskiñ. Birije çuγaj jış tögültün jazy qonajın tiser türük bodun ülesikig. Anda jay kisi ança boşurur ermiş. Yraq erser jablaq aγu birür. Jayuq erser edgü aγu birür tip ança boşurur ermiş «Тәтті сөзі, асыл ақығына алданып, түрік халқы, өлдің. Түрік халқы үлесің. Беріде Шұғай жынысына, Төгүлтүн жазығына қонайын десең, Түрік халқы, өз үлесің. Сонда жау кісілер былай азғырған еді: «Жырақ кетсең жаман қазына берер, жақын жүрсен жақсы қазына берер» – деп, осылайша азғырған еді» (Айд.І,176).

Sücig sabın jımşaq aүйsyña arturıp üküš türük bodun öltüg. Türük bodun üleskiñ. Birije çuγaj jış tögültün jazy qonajın tiser türük bodun ülesikig. Anda jay kisi ança boşurur ermiş. Yraq erser jablaq aγu birür. Jayuq erser edgü aγu birür tip ança boşurur ermiş «Тәтті сөзі, асыл ақығына алданып, түрік халқы, өлдің. Түрік халқы үлесің. Беріде Шұғай жынысына, Төгүлтүн жазығына қонайын десең, Түрік халқы, өз үлесің. Сонда жау кісілер былай азғырған еді: «Жырақ кетсең жаман қазына берер, жақын жүрсен жақсы қазына берер» – деп, осылайша азғырған еді» (Айд.І,176). Бұл көне түркілер дүниетанымында белгілі бір дәрежеде дипломтиялық тәжірибе жинақталғанын көрсетеді.

Өз халқын түркі болмысына жат қылықтардан сақтандыру мәселесі де көне түркілердің назарынан тыс қалмаған. Qutaj buñsiz ança birür tabyaç bodun saby sücig aүйsy jımşaq ermiş. Sücig sabyn

jimşaq aŷin arip iiraq bodunïy ança jaŷutir. Jaŷru qontuqda kisre jaŷ biligin anda üjür ermiş. Edgü bilige kisig, edgü alp kisig jorïtmaz ermiş. Bir kisi jaŷïlsar oŷuşı bodunï besükine tegi qïtmaz «жібекті есепсіз берер табғач халқының сөзі тәтті, ақығы асыл еді. [Олар] тәтті сөзі, асыл /қазынасымен/ арбап, жырақтағы халықты өзіне соншама жақындатар еді. Жақын қонған кісіні жаман қылығына үйір қылушы еді. Жақсы, білікті кісі, мықты, алып кісі оған көнбес еді. Бір кісі жаңылса, иелігіндегі халқы бесігіне дейін /бесіктегі ұрпақтарына дейін/ құтылмас еді».

Орхон, Енисей ескеркіштері мәтінінен барлықта да, жоқтықта да кісілік қасиеттерді сақтай білудің қажеттілігіне де мән беріледі: *bilmez kisi ol sabïy alï jorjur ertig Tenri ilig ol jergerü busartürük bodun ölteci sen. Ötüken jer olurip arqiş tirkış ysar neŷ buŷuŷ joq. Ötüken jiş olursar bengü il tuta olurtaçi sen. Türük bodun toq ariqoq sen ačsïrjar tosiq ümez sen. Bir todsar ačsïq ömez sen* «білмес (ақылсыз) кісі сол сөзді алып /сеніп/, жақын барған еді. Тәңірлік елің ол жерге барса, түрік халқы, өлімшісің сен. Өтүкен жерінен керуен аттандырып қойып отырсаң, еш мұның жоқ. Өтүкен жынысында отырсаң, мәңгі ел тұтып отырап ең сен. Түрік халқы, сен тоқта арық иеліксің. Аштықта тоқтықты түсінбедің сен. Бір тойсаң ашықпайтындай боласың сен» (Айд.І, 176; Сартқ.ІІ). Көне түркілер дүниетанымы бойынша аштық пен тоқтыққа қарамай **төзімділік, қанағатшылдық, парасаттылық** қасиеттерін сақтай білу **Мәңгі ел** болудың негізгі тетіктерінің бірі.

Ағайын-туысқа, бауырға құрметпен қарау, ата-ананы сыйлау – барлық түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының да айнымас асыл қасиеттерінің бірі. Өмір беріп, өнеге көрсеткен әке, әлпештеп өсірген шеше алдындағы парыз – әр адамның адамгершілік деңгейінің өлшемі саналады. Көне түркілердің ерекше атап өтетін адамгершілік қасиеттерінің бірі де бауырмалдық, туған-туысқанға деген құрмет. Ата-ананы, ағаны, ініні сыйлау, қыз балаға қамқор болу. Ескерткіштер мәтінінде *qaq* «әке», *ög* «шеше, ана», *ini* «іні», *qiz* «қыз», *ara* «жасы үлкен немере туыс, аға» *jegün* «жиен», *oŷlan* «ұл» *oŷiş* «ұрпақ, ру», *siŷli* «қарындас» т.б. туыс-

тық қатынасты білдіретін атаулардың кеңінен қолданылуы көне түркілердің туыстық жүйеге айрықша маңыз бергенін аңғартады. Көне түркілердің этномәдениетінде қандық туыстық және некелік қатынастағы туыстық, ағайынның бауырдың алдындағы жауапкершілік мәселесі жоғары қойылған: *Ögüm qatun, ulaju öglerim, ekelerim, kelinünim, күнçujlarım, bunça jeme tirigi күн, boltači erti, ölügi jurtda, jolta jatu qaltači ertigiz* «Шешем қатын, оған ілескен аналарым, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім мұнша және күң болар едіңдер, өліктерің жұртта, жолда жатар едіңдер» КТү, 49 (Айд.І, 182); *Tenri teg tenride bolmiš türük bilige qaγan bödke olurtim. Sabimün tüketi esid. Ulaju ini jegünim, oγlanym ebreki oγušim, bodunim ilgerü күн* «Тәңір текті, Тәңірден жаратылған түрік Білге қаған бөдке /тақ иесіне/ отырдым. «Сөзімді түгел естіңдер! Ұласқан іні, тумаларым, ұрпағым, ебтегі-иелігімдегі халқым! Ілгері»; *Men türgeš qaγanqa qızı[mün bertim]. Ertenü uluγ törün ali birtim* БҚ «Мен түргеш қағанға қызымды бердім. Ер теңі ұлына төр /өкімет/ алып бердім» (Сартқ.ІІ,166). *Küli-çoriγ çiqan Top-uquq ataγ* «Күүлі-чорға чықан /жиен/ Тониқұқ атағы берілді»; *bögtürmis. İšbara çiqan Küli-çor bolmis. Çub jeri töles ...uq* «бүктірді. Ышбара чықан Күлі-чор атанды...Чуб жері төлес (сол қанат) суы-жері» КЧ; *Oγli qaγan bolmis erinč. Anda kisre inisi eçisin teg qilinmaduq erinč. Oγly qaγin teg qilinmaduq erinč. Biligsiz qaγan olurmıs erinč. Jablag qaγan olurmıs erinč. Bujuqi jeme biligsiz erinč, jablaq ermıs erinč* «Ұлдары қаған болған еді. Бірақ інісі ағасындай болмады. Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар отырған еді. Әлсіз қағандар отырған еді. Бұйрықтары (қолбасшылары) да біліксіз еді, әлсіз болған еді»; *Qaγanladuq qaγanin jiturü idmıs. Tabγač bodunqa beglik ury oγlin qul boldi, silik qız oγlun күн boldi. Türük begler türük atin itti. Tabγačyi begler tabγač atin tutran* КТү «Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айырылды. Табғач халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды. Түрік бектер түрік атын жойды. Табғачшыл бектер табғач атын тұтынды»; *Qaγan, İteris qaγan eline qilindim. El etmis jabγu oγli išbara tamγan-çor joγa inisi bilige išbara tamγan tarqan, ajmayliγ bes*

jetmis eñim atam Он «...Қапаған, Елтеріс қаған елінде қылыңдым / тәрбиелендім/. Елетміш явғу ұрпағы Ышбара Тамған-шор Иоға, інісі білікті Ышбара Тамған –тархан аймағымен /барлығы/ алпыс бес ата...»; *Ataçimqa bitig taşiy* «Аташымның бітіг тасын» Он; *ataçim ölti* «аташым өлді» Он. (Сартқ.ІІ). Бауырмалдық қазақ мәдениетінен айрықша орын алатын үрдіс, мысалы Төле бидің Қазыбек биге берген жауабында аға мен інінің орны көрсетіледі:

Іздеп келер інің бар болса,
Бақытың барын содан біл.
Аңсап келер ағаң бар болса,
Аруағың барын содан біл.
Аларды біліп, бермегеннен без
Ел-жұрты қашып, ермегеннен без.
Үйіне қонақ қонбағаннан без
(ТА)

Орхон, Енисей ескерткіштер тіліндегі *Kisi/Адам* концептісінің адамгершілікке қатысты тілдік бірліктері көне түркілер танымында *Адам* туралы, оның кісілік қасиеттері туралы шынайы білім қоры жинақталғанның көрсетіп қана қоймайды, түркілердің асыл арманы – **Мәңгі Ел** мұратын жүзеге асыру жолындағы халықтың сапалық ерекшеліктерін де сипаттайды.

Көне түркілердің **Bengü El** идеясының мәні мен маңызы ескерткіштер тіліндегі елдікті, ерлікті, жауынгерлікті сипаттайтын тілдік бірліктерден айқын аңғарылады. Жазба мұралар мәтінінде үнемі **Türk budunı /Түркі халқы** тіркесінің қолданылуы және мәтін мазмұны жекелеген адамдардың емес тұтас қауымның мүддесі – елдің береке-бірлігі мен ынтымағы, ұрпақ болашағы, түркі халқының абыройы мен намысы, басқа халықтар алдындағы беделі алдыңғы орынға шығатынын көрсетеді. Бұл түркілер үшін «жеке адам ↔ қауым, әлумет» оппозициясының тірек моделі Мен↔Біз дуализмінің көпшілдік позициясы түркі халқының басты өмірлік ұстанымы екенін сипатайды. Көне түркілер

дүниетанымындағы көпшілдік позициясы елдік дәстүріне арқау болып, түркілік **Benğü El** идеясының мәнін айқындайды.

Азшылық пен көпшіліктің арақатынасы бойынша көпшіліктің артықшылығын мойындау түркілік дүниетанымға да тән екенін төмендегі сөйлемнің мәні айқын сипаттайды: Jujqa erkilig toplayalı uçuz ermis, jinçge erkilig üzgeli uçuz. Jujqa qalın bolsar toplayülüü alp ermis, jinçge joıan bolsar üzgölük alp ermis Тон,13 «Жұқаны топтау оңай, жіңішкені үзу оңай. Жұқа қалың болса алып қана топтар, Жіңішке жуан болса, алып қана үзер» Айд.ІІ.

Ескерткіштер тілінде **el/il** лексемасы «мемлекет, ел, халық» мағынасын беріп, **türk budun** тіркесімен белгілі бір дәрежеде синонимдік мәнде қолданылады: Udu ben özüm qazıanmasar il jeme, bodun jeme joq erteçi erti. Qazıanduqın üçün uduy ilim qazıanduqım üçün Il jeme il boldi, bodun jeme bodun boldi Тон. 55,56 «Оған еріп мен өзім де осылай етпесем, Ел де, халық та жойылар еді. Осылайша еткенім үшін. Менің де ұйғарғаным үшін Ел тағы да ел болды» (Айд.ІІ,113). Сөздің мағынасын саралап, мәнін түсіндіруге бағытталған семантикалық талдау дүние туралы білімнің мәнін ашуға бағытталған концептуалды анализдің негізгі құралы болып табылады. Семантикалық талдау мен концептуалдық талдаудың сабақтастығы мен айырмашылықтары жайлы Е.С.Кубрякова былай деп ой қорытады: «...семантический анализ отдельного слова обнаруживает точки соприкосновения с его концептуального анализа, их конечные цели нетождественны. Если первый направлен на экспликацию семантической структуры слова, уточнение реализующих ее денотативных, сигнификативных и коннотативных значений, то концептуальный анализ предстает как поиск тех общих концептов, которые подведены под один знак и предопределяют бытие знака как известной когнитивной структуры. Семантический анализ связан с разъяснением слова, концептуальный анализ – идет к знаниям о мире»¹.

¹ Кубрякова Е. С. Об одном фрагменте концептуального анализа слова память.// Логический анализ языка. Культурные концепты. – Москва: Наука, 1991. – С. 85.

El лексемасының мәні мен *Ел* ұғымының мазмұндық аясына кіретін тілдік бірліктердің семантикасын салыстыру нәтижесі көне түркілер тілі мен қазақ тілінде ортақ мағына мен мазмұнның толық сақталғанын көрсетеді. Көне түркі тіліндегі *el* сөзінің семантикалық ауқымы қазақ тілінде негізгі мағынаны сақтай отырып, кеңі түскен: *Ел* – 1. Жұрт, халық, қауым. 2. Туған жер, өскен орта. 3. Негізі, шыққан тегі; заты, руы. 4. Отан, туып-өскен жер. 5. Туыс, дос-жар (ҚТТС,220). Қазақ тіліндегі *el* сөзінің мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердегі қолданысы *Ел* ұғымының этномәдени мазмұнын тереңірек ашуға көмектеседі. Мысалы, *Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас; Өз елім-өлең төсегім; Ел іші – алтын бесік; Өз елімнің басы болмасам да, Сайының тасы болайын; Елінен безген ер оңбас, Көлінен безген қаз оңбас; Ел құлағы елу; Елде болса ерінге тиеді, Ауылда болса ауызға тиеді; Адассаң елмен адас* т.б мақалдарда, *Ел аузынан «халықтан, жұрттан»; Ел аузына қақпақ бола алмайсың «көпшілік тілегіне тиым сала алмайсың»; Ел бастады «жұртты соңына ертті»; Ел бетін көрмеді «өскен ортаға оралмады»; Ел бетіне қарай алмады «ұятқа қалды»; Ел қамын жеді «жұрттың жайын ойлады»; Ел қатарлы «біреуден ілгері, біреуден кейін»; Ел іргесін сақтады «халықтың бірлігін ойлады, тыныштық орнатты»; Елге сыймады «сүйкімі кетіп, аласталды»* т.б тәрізді тұрақты тіркестерде қазақ халқының дүниетанымындағы *Елдің* қадір-қасиеті, маңыздылығы бейнеленеді. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде *Ел* ұғымының дербес лексемалық репрезентанттары шағын болғанымен қазіргі қазақ тіліндегі *Ел* ұғымының мазмұнындағы идеялар кешенінің толық сақталғанын дәйектейді.

Көне түркілер танымында орныққан елдік-патриоттық дәстүрін сипаттайтын – мемлекеттік деңгейдегі ежелгі түркі қағанаттарының мемлекеттік тұтастығын сақтаудағы ұлттық идеяға, саяси-әскери жүйесіндегі ішкі тәртіпке, дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға бағытталған сыртқы саясатқа, халық арасындағы әлеуметтік қатынастарды ретке келтіретін салт-дәстүр, наным-сенімге т.б. қатысты қолданылатын тілдік модельдер *el* «ел,

мемлекет», *tör* «өкімет», *qayanliq* «қағандық, қағанат, мемлекет», *bud(un)* «хлық», *jer-sub* «ата-мекен, мемлекеттік территория, туған жер» т.б. сынды саяси лексемалардан, *qa(γan)* «хан», *qa(tun)* «ханша», *tut(iq)* «әскери шен», *buj(ruq)* «әмір», *beg* «бек» т.б. тәрізді титулалық атаулардан; *sü* «әскер», *süñüs* «ұрыс, шайқас, соғыс» т.б. сияқты әскери лексемалардан; *qul* «құл», *kün* «күн» сынды әлеуметтік мәнді сөздерден; *turk*, *qırqaz*, *oγ(uz)*, *qib(šag)*, *tur(ges)*, *ta-tar* т.б. этнонимдерден тұрады. Аталған сөздер ішінде көне түркілер үшін де қазіргі қазақтар үшін де ерекше мәні бар *el*, *bud(un)*, *jer-sub* ұғымдары түркі дүниесіне тән дербес микроконцептілер жүйесін құрайды.

Жазба ескерткіштер тілінде бейнеленген көне түркілер санасындағы мифологиялық және ақиқат дүниенің идеялық құндылықтарын таңбалайтын концептілерге сараптама жасап, олардың тілдік модельдерінің архимазмұны мен архетипін анықтау жалпытүркілік концептуалды жүйенің эволюциялық даму бағытын, концептілердің тоғысу нүктелері мен оппозициялық шегін, концептілер ядросындағы актуалды мазмұн мен қосымша дефинициялардың объективтену ауқымын, олардың сыртқы құрылымы мен ішкі құрылымының үйлесімділігін саралауға жол ашады. Елдік позициясын сипаттайтын тілдік репрезентанттар қазақ тіліндегі Отан концептісінің тілдік бірліктерінің мазмұнын ашуға, семантикалық тұрғыдан даму бағытын айқындауға мүмкіндік береді. Ежелгі түркілер мен қазіргі түркі халықтары арасындағы дәстүрлі ұрпақ жалғастығын тек лингвистикалық негізде ғана емес, когнитологиялық, концептологиялық, семиотикалық, аксиологиялық тұрғыдан да айғақтайтын ақпарат көздерінің бірі – жалпыадамзаттық Қоғам және Адам макроконцептілері аясындағы тілдік модельдер.

Көне түркілер дүниетанымындағы Елдік позициясының доминант (лексемалық деңгейдегі) тілдік бірліктерін *budun* «хлық», *türük* «түркі», *jurt* «жұрт», *qayanliq* «қағандық», *qayan* «қаған» тәрізді сөздер құрайды. Ал «түркілік патриотизмі» мәтіндік, мәнмәтіндік деңгейде анықталады: *jir-suby anča temis. Türük*

bodun joq bolmazun tijin, bodun bolčun tijin qañim ilteris qağaniü ögim Ilbilige qatunüü tenri töpesinde tutip jügerü kötürmis erinč. Qañim qağan jiti jigirmi erin taşıqmıs KTү «жер-суы былай депті: Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп әкем Елтерис қағанды, анам Ел-білге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті. Әкем қаған он жеті сарбаз жинапты»; Jana birtimiz. Ilgerü qadırqan jışı aša bodunü anča qonturtimiz. Anča itdimiz. Qurıyaru kenü-tarmanqa tegi түрük bodunuü qonturtimiz. Anča itdimiz ol ödke qul qulluü bolmıs erti. [kün күnlüg bolmıs erti. «және бердік. Ілгері-Қадырхан жынысын асып халықты осылайша қондырдық. Анша еттік. Батыстағы Кеңу-Тарманға дейін түрік халқын қоныстандырдық. Осынша еттік. Ол уақытта құл құлды болған еді. Күн күнді болған еді»; eçümüz qazıanmıš bodun atı küsi joq bolmazun tijin түрük bodun üçün tün udimadim, күндüz olurmadim. Inim Kül tigin birle eki šad] birle ölü Jitü qazıandim. Anča qazıanip ebreki bodunü ot sub qılmadim. Men[özüm qağan olurtuqıma] jir saju barmıs bodun jadaüin jalañin] ölü jitü jana «ағамыз иелік еткен халықтың атақ-даңқы өшпесін деп, түрік халқы үшін түн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өліп-талып иелік еттім. Осылайша иелік етіп, ебтегі халықты өз-ішінен жауластырмадым (от-су қылмадым). Мен өзім қаған боп отырғанда жер-жерден босқан халық жаяу, жалаңаш, өліп-жітіп қайта» (Сартқ.ІІ 207).

Ескерткіштер тіліндегі *budun* сөзі дербес тұрып «ел құрамындағы қарапайым халық» мағынасын береді: *toquz oğuz begleri, budunı bu sabimın edgüti esid, qatıydı tında* «Тоғыз оғыз бектері, халқы бұл сөздімді жақсы есіт, қатты тыңда!» (Айд.І, 168). Түркі тілдері бойынша *budun* сөзі құрамындағы көнетүркілік *bod/bud* «бой(адамның бойы, тұлғасы, тұла бойы)» тұлғасының семантикалық өрісі кеңігенін байқаймыз: «халық», «ел», «адамдар», «тайпа», «бағынышты ел», «біреудің немесе басқа елдің ықпалында болу», «бой», «бірігу, тұтасу» (ДТС, 91). Көрсетілген мағыналар негізінде көне түркі тіліндегі *Budun* репрезентантындағы өзекті мағына «адамның денесі, тұла бойы» және «бірігу» ұғымдары

арқылы қалыптасқанын болжауға болады. Басты идея «адамдардың бірігуі, қауымдасуы, бір ұжымға топтасуы». Қазақ тіліндегі *буданда* «1.Әртүрлі мал тұқымын будандастыру арқылы жаңа тұқым шығару. 2.Әр сортты немесе әртүрлі өсімдіктерді тозаңдандыру, ұластыру арқылы жаңа сорт шығару», *будан* «Әртүрлі тұқымды біріне-бірін будандастырудан шыққан жаңа түр, тұқым» (ҚТТС,96). сөздерінің мазмұнынан да «араластыру, біріктіру» семасын аңғаруға болады. Ауызекі тілде әртүрлі ұлт өкілдерінің некесінен туылған ұрпақты *будан* деп атау да кездеседі. Демек көне түркі тіліндегі *bidun* лексемасының семантикалық уәжі түркілердің этногенездік құрылымына негізделеді деп айтуға толық негіз бар. Кез келген халықтың қалыптасуы бірыңғай генеалогиялық негізде ғана емес, территориялық-аумақтық негізде де жүзеге асатыны, яғни бір аумақта қатар өмір сүрген басқа туыс, туыстас, туыс емес тайпа өкілдерінің өзара араласып, басым тайпаның тілі мен ділін, мәдениетін қабылдау үдерісінің нәтижесінде монолитті сипатқа ие болатыны белгілі.

Көне түркі тіліндегі *Vidun* ұғымының қазақ тіліндегі баламасы – *Халық* ұғымы дербес микроконцепті құрайды. Негізгі тілдік бірліктері *көпшілік, адамдар, адамзат, ел, жамағат, қауым, жұрт, жұртшылық, әлеумет, адамзаттар* (белгілі бір мемлекеттің), *тұрғындар* (белгілі бір мекеннің) т.б. лексемалар арқылы сомдалып, *Ел* микроконцептісімен бірге белгілі бір дәрежеде ортақ модельдер кешенін құрайды. Көптік мәнді *халық/ bidun* ұғымдарының жекеше мәні *жеке адам* «Қоғам» концептісінің өзегі болып табылады, яғни «Қоғам» концептісінің бастауы «Адам» концептісі. Себебі адамзаттың қоғамды тануы алдымен өзін-өзі танудан, өз бойынан танылған білімді қоғамды тануға пайдалануынан басталады. Көне түркілер танымындағы *bidun* ұғымының және қазақ танымындағы *халық, жұрт* ұғымдарының тілдік бірліктері Елдік позициясын сипаттайтын басқа тілдік репрезентанттармен бірге *Beṅgü El* «Мәңгі Ел» идеясының ортақ лингвомоделін құрайды.

Көне түркі ескерткіштері тілінің деректері түркі этносының өкілінің қайталанбас қасиеттерімен ерекшеленетін ұлттық адам образын сипаттайды. Өзінің тарихи тамырын терең білетін кез-келген суперэтносқа тән «Өз руын, өз тайпасын, халқын басқа ру-тайпа, халықтармен салыстыру негізінде өздерін «нағыз», «ерекше», «ақиқат», «толыққанды» деп танитын этноцентризм де ұжымдық этникалық сананың ментальдік ерекшелігінен туындайды¹ Ұлттық рухқа негізделген этноцентризм көне түркілер тілінен де орын алғанын байқауға болады. Қазақ ономастикасын лингвокогнитивтік аспектіде зерттеген ғалым Б. Тілеубердиев этнонимдер арқылы көрінетін адам болмысы жайлы «этноатаулардан өздерін «адамдар», «нағыз адамдар» деп санаған көптеген көне тайпалар мен әлем халықтарының этникалық санасының ерекшеліктерін көруге болады. Бұл этноцентризм жағынан алып қарастырғанда олар «өздерін» басқаларға, яғни өздерінен түпкілікті ерекшеленетін және «толыққанды емес» адамдарға қарама-қарсы қойып отырған»² деп көрсетеді. VII-IX ғасыр жазба мұраларында жиі қолданылатын көне түркілер тіліндегі *Kisi-Адам* концептісінің тілдік бірлігі *turk* этнонимі: *Turk budun joq bolmazun tijin, budun bolǵun tijin* КТү.11 «Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін» (Айд.І,173); *Turk budun jitmezün tejin* Он.3 «Түркі халқы өлмесін-жітпесін деп» (Айд.І,173). Күлтегін ескерткіші тіліндегі *teñri küč bertük ücün qañim qaуan süsi bõriteg ermis, jaүisi qojteg ermis* «Тәңірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді» (Айд.І,173) деген сөйлем түркі жауынгерлерінің ержүрек, батырлығын, олардың жауларын өздерінен кем санағанын, жауласушы тайпа әскерлерін өздеріне қарағанда әлсіз деп бағалағанын бейнелейді. Өздерін Тәңірдің сүйікті перзенті санаған көк түріктердің амбициялық көзқарастары *Tört bulunǵaqi boduniү baz qiltim. Bašliүiү*

¹ Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – Б. 100.

² Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – Б. 99.

jükündürtim. Tizligig şökürtim. Üze teңri asra jer jarılqadiq üç(ün) БҚ,10 «Төрт бұрыштағы халықты бейбіт қылдым. Басы барды жүгіндіріп, тізеліні шөктірдім» деген сөйлемдерден де айқын аңғарылады.

Көне түркілердің этноцентристік көзқарастарымен қатар, өз халқының осал тұстарын дәл көрсететін, сыни көзқарастың қалыптасқанын да тіл деректері көрсетіп отыр: Begleri, budunı tüzsiz üçün, tabyaç budun tebligın kürlig üçün, armaqçisın üçün, inili-eçüli kiñsürtükin üçün, begli budunlıy joñsürtuqın üçün türk budunı illedük ilin içyinu idmıs «Бектерінің, халқының түзу еместігі үшін, табғаш халқының алдауына иланғаны үшін, өтірігіне көнгендігі үшін, інілі-ағалының дауласқанынан, бекті халықтың жауласқанынан түркі халқы елдігінен айрылды» (Айд.І,172); Qutaj buñsiz ança birür tabyaç bodun sabi süçig aүйisi jimşaq ermis. Süçig sabyn jimşaq aүйin arıp iraq bodunıy ança jaуutir. Jaуru qontuqda kisre jaуbiligin anda üjür ermiş. Edgü bilige kisig, edgü alp kisig joritmaz ermiş. Bir kisi jañilsar oуuşı bodunı besükiñe tegi qitmaz «Жібекті есепсіз берер табғач халқының сөзі тәтті, ақығы асыл еді. Олар тәтті сөзі, асыл /қазынасымен/ арбап, жырақтағы халықты өзіне соншама жақындатар еді. Жақын қонған кісіні жаман қылығына үйір қылушы еді. Жақсы, білікті кісі, мықты, алып кісі оған көнбес еді. Бір кісі жаңылса, иелігіндегі халқы бесігіне дейін /бесіктегі ұрпақтарына дейін/ құтылмас еді» (Сартқ.165,176) деген сөйлемдер көне түркілер қағандардың қателігі тұтас елдің өміріне, ұрпақ болашағына кері ықпал ететінін, қағанның ел басқарудағы қателігі олардың Мәңгілік Ел мұратын жүзеге асыруға кері әсерін тигізетінін терең түсінгенін көрсетеді.

Ескерткіштер мәтінінен көне түркілер дүниетанымындағы басты құндылық – ел тұтастығын сақтау принципі екені айқын аңғарылады: Bodun ança timis «ellig bodun ertim. elim amtı qanı? Kimke elig qazyanur men»,-tir ermis. «Qayanlıy bodun ertim. Qayanım qanı? Ne qayanqa isig küçig birürmin»,-tir ermis. Ança tip tabyaç qayanqa jaүйi bolmıs «Халқы былай десті: «Елді халық едім, елім енді қайда? Кімге елдік құраймыз?» – десті. «Қағанды халық

едім, Қағаным қайда? Қай қағанға күш-қуатымызды береміз?»- десті. Осылай деп Табғач халқына жау болды» (Айд.І,173) деген сөйлемдерде көне түркілердің Түркі елінің, Түркі Қағанатының мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін Қытай елімен жауласқандары айтылса Bars beg erti. Qağan at bunda biz birtimiz. Siñilim qunçujuу birtimiz. Özi jañildі, qağanі ölti. Bodunu күñ qul boldі. Kөгmen jir sub idisiz qalmazun tijin az qırqaz bodunіү itip jaratip keltimiz. Sünüşdimiz ilin «Барыс (оларға) бек болды. Қаған атағын бұнда біз бердік. Сіңілім – хан қызын бердік. Өзі жаңылды, қағаны өлді. Халқы күң, құл болды. Көгмен жер-суы иесіз қалмасын деп аз, қырқаз халқын құрап келдік. Соғыстық. Елін ..» (Айд.І,174) деген мәнмәтінде Түркі тайпаларын бір мемлекетке Түркі еліне топтастыру үшін жекелеген түркі тайпаларына да қарсы жорықтар ұйымдастырып, оларды өздеріне қаратқан соң тайпаның ханын сайлап, түркі тайпалары арасындағы араздықты басып, халықты біріктіру мақсатында қыз беріп, қыз алысуға негізделген құдандалық дәстүрді пайдаланғандары баяндалады. Бұл да көне түркілердің **Bengü El** идеясын нығайту тетіктерінің бірі болып табылады.

Елдік дәстүрдің беріктігін сипаттайтын сөйлемдер Енисей ескерткіштерінде де жиі кездеседі. Мысалы, Чаа-Хөд ескерткішінде: Er erdemim elimke tandim. Teңri elim... Edgü atandim «ер ерлігім – еліме табындым (аянбай қызмет еттім). «Тәңірі еліме... Игі атандым (жақсы атаққа ие болдым)»(Аманж., 123); Басқа Енисей ескерткіштерінде Teңri elimkä biş jaşimda... «Моему божественному государству с пятнадцати лет я (служил)» E.68; jiti jägirmi jaşimda män teңri elimkä qara boldim bökmädim aјita әsni «С семнадцати лет я стал служить моему бога (хранимому) государству и не наслаждался, о горе!» E.147 (Кормушин, 153,164); Уюк Тарлақ жазбасында: Ben teңri elimke elçisi ertim «Мен тәңірі еліме елшісі едім»; «Уюк Туран» жазбасында: teңri elimke jemlig ben «Тәңірі елімнен азық-ауқатқа иемін» (Аманж.І, 48-49); деген сөйлемдер көне түркілердің «Елге қызмет етуді» «Тәңірге қызмет етумен» бірдей деңгейде түсінгенін сипаттайды. Түркілердің **Bengü**

ЕІ мұраты қазіргі таңдағы түркі халықтарының ұлттық идеологиясының негізі, елдің тұтастығын, түркілердің дара болмысын, этномәдени кеңістігін сақтап, дамытуды қамтамасыз ететін патриоттық рухтағы феномендік құбылыс.

VI-IX ғасырларда өмір сүрген түркі тайпаларының көшпелі, жартылай көшпелі тұрмыс-салты жағдайында қалыпты тіршілік кешу үшін этноұжымдық сипаттағы мемлекеттік құрылым – Түрк Елінің елдігін сақтап қалудың басты тетіктерінің бірі – **Ерлік-Жауынгерлік-Әскери** позициясын нығайту болды. Арғы ата-бабаларынан келе жатқан жауынгерлік, қайтпас қайсарлық VII-IX ғасыр түркілерінің де адами болмысының негізгі сапасын құрайды.

Білге қаған ескерткішіндегі *Qu seŋün bařadu tört tümen sü kelti. Tönker taŋda tegip toqïdim. Üç tümen süg ölürtim. Bir...erşer... söktim* БҚ «Қу-сеңүн бастаған төрт түмен /қырық мың/ қол келді. Төңкер-тауда шабуылдап жауладым. Үш түмен /отыз мың/ қолды қырдым. Бір...болса...талқандадым» (Сарт.198,206). Деген сөйлемдер көне түркілердің **жауынгердік әлеуетінің жоғарылығын**, отыз-қырық мыңға дейін жететін қайысқан қолға қарсы тұра алатын **әскери қуатын** көрсетеді.

Көне түркілердің жаугершілік замандағы ерлік істері мен жеңіске жету жолындағы **әскери стратегиясын**, тактикасын сипаттайтын сөйлемдер Орхон мұралары тілінен кең орын алған: *Qu seŋün bařadu tört tümen sü kelti. Tönker taŋda tegip toqïdim. Üç tümen süg ölürtim. Bir...erşer... söktim* БҚ «Төңкер-тауда...Қу-сеңүн бастаған төрт түмен /қырық мың/ қол келді. Төңкер-тауда шабуылдап жауладым. Үш түмен /отыз мың/ қолды қырдым. Бір...болса...талқандадым» (Айд.ІІІ).

Otuz artuqï sekiz jařıma qïşin qïtaj tapa süledim...otuz artuqï toquz jařıma jazın tatabï tapa süledim... «Отыз сегіз жасымда қыста қытайға (кидан) қарсы аттандым. Отыз тоғыз жасымда...»; *men... ölürtim. Oŋilin, jotızın, jilqışın, barımın altım...jere qur bodunin* «Мен...өлтірдім. Ұлын, қатынын, жылқысын, барын алдым... бағындырып халқын» деген мәнмәтін мазмұны көне түркілердің

әскери жорықтарды елдің экономикалық жағдайын жақсартуға да пайдаланғанын көреміз. Бұл қазақ эпостарынан да көрініс тапқан – соғыс заңы:

Артық туған Қобыланның
Ісі келді жөніне,
Келмеді дұшпан шеніне,
Қалмақтан алған көп олжа
Әділдікпен батырың
Жиып алып көп халқын,
Бөліп берді еліне,
Пақыр, кедей, кеміне.
Кедейі байға теңеліп,
Риза болды бәрі де,

Қобыланды сынды еріне.
Қобыланды жиып көп елді,
Қият-қыпшық баласын
Көп олжаға кенелді.
Халықпен қатар олжаны
Үлестен бөліп алғасың,
Кедейі байға теңелді.

(Қобыланды батыр).

Ескерткіштер мәтіндеріндегі жаугершілік кезеңнің бейнеленуі *söktim* «сөктім/талқандадым», *ölürtim* «өлтірдім», *süledim* «аттаңдым (соғысқа)», *süñüs* «соғыс», *sü* «әскер» т.б. сынды лексемалардың синтаксистік деңгейдегі семантикалық мазмұны арқылы айқындалады. Соғыс жағдайын көрсететін лексемалар мен сөз тіркестері белсенді түрде пайдаланылады: *Ersenke tegi süledim. Tübütke kiçig tegmedim. Qurıyaru jinçü ügüz keçe temir qarıyqa tegi süledim. Jiryaru jir bajırqu jeriñe tegi süledim. Bunça jirke tegi jorıtdim. Ötüken jışda jig idi joq ermis. Il tutsuq jir ö[tüken jış ermis. Bu jerde olurup tabyaç bodun birle түzül[tim]. Altun, күmüs, isig[ti]*

«Ерсенге дейін жауладым. Түбүтке сәл жетпедім. Батыста Інжу өзенін кеше Темір-қақпаға дейін жауладым. Терістікте Жер-Байырқу жеріне дейін жауладым. мұнша жерге дейін жорық жасадым. Өтүкен жынысында игі ие жоқ еді. Ел тұтатын жер осы Өтүкен жынысы еді. Бұл жерде отырып табғач халқымен түзілдім, (жарастым). Алтын, күміс, дақылды»; Eçim qağan olurtuqta özüm tarduş bodun üze şad ertim. Eçim qağan birle ilgerü jaşyl ügüz şandun jazıqa tegi süledimiz. Qurıyaru temir qaruuqa tegi süledimiz. Kögmen aça qırqız jirine tegi süledimiz] КТ «Ағам-қаған отырған кезде өзім тардуш халқының үстіне шад едім. Ағам-қағанмен бірге ілгері-Жасыл өзеніне, Шантуң жазығына дейін сүледік (жорық жасадық). Батыстағы Темір-қақпаға дейін сүледік. Көгмен жотасын асып қырғыз жеріне дейін сүледік»; Qamaıı biş otuz süledimis. Üç jigirmi sünüşdimiz. Illigig ilsiretdimiz, qağanıy qağansiratdimiz. Tizligig sökürtimiz. Başlııy jükündürtimiz. Türges qağan türükimiz bodunimiz erti КТ «Барлығы жиырма бес рет жорық жасадық. Он үш рет соғыстық. Елдігін елсіреттік, қағандығын қағансыраттық. Тізеліні бүктірдік, бастарын жүгіндірдік. Түргеш қаған түрікіміз, халқымыз еді»; Bilmedükin üçün bizıne jañıluqın üçün ölti. Bujruqı begleri jeme ölti. On-oq bodun emgek körti. Eçümüz apamız tutmıs jir sub idisiz bolmazun tijin az bodunıy itip jaratyp... КТ «Білместігі үшін, жаңылғаны үшін өлді. Бұйрықы /қолбасшысы/ бектері де өлді. Он-оқ халқы азап көрді. Атамыз, бабамыз тұтқан Жер-су иесіз болмасын деп Азды халық етіп құрап» (Сартқ,II).

Түркі тайпаларын бір мемлекетке Түркі еліне топтастыру үшін жекелеген түркі тайпаларына да қарсы жорықтар ұйымдастырып, оларды өздеріне қаратқан соң тайпаның ханын сайлап, түркі тайпалары арасындағы араздықты басып, халықты біріктіру мақсатында қыз беріп, қыз алысуға негізделген құдандалық дәстүрді пайдаланғандары баяндалады. Бұл да көне түркілердің *Beñgü El* «Мәңгі Ел» идеясын жүзеге асыру жолындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды ретке келтіру принциптері қатарынан орын алады.

Түрік қағанатының оң қанатының көсемі, жауынгер-қолбасы Кули Чорға арналып қойылған ескерткіш мәтінінде де түркілердің жауынгерлік қасиетін көрсететін тілдік деректер мол: ...Qarayān qaγanīja elīje...s...belgisin üčün alpyn, erdemīn üčün qazıandı. Qaγany «...Қапаған қағанына, еліне ...киелі белгісі (сүл-десі) үшін, асқақ айбыны, амалы ұлылығы үшін иеленді. Қағаны...» ...sančdı. Kečinde tümen süre sünüsdi. Küli-čor oplaju tegip süsin... КЧ «шаншыды. Кешінде түмен /он мың/ қол сүре соғысты. Күүлі-чор опыра шабуылдап әскерін»...ittä...Besbalıqda tört sünüs sünüsdükde Küli-čor oplaju tegip bulıaju КЧ «...аттандырды. Бесбалықта төрт рет соғысқанда Күлі-чор опыра шабуылдап талқандады»; Tabıačqa bunča sünüsip alpın erdemīn üčün kü bunča tutdı «Табғачпен бұнша соғысып, айбынын асқақтатып, мәртебесін көтеру үшін соншама ұлылық жасады» КЧ; sü sürti. Qarluqıy içgintükin sančdı. Qarluq tара topla ғали barıp azyn erig jana eбіne süsi kigürti. Qarluq atlantı. Anča süsin КЧ «қол бастады. Қарлуқтардың ішке кіргендерін шаншыды (найзалады). Қарлуққа барып, [оларды] жинап алғалы барып, аздаған [өзінің] ерлерін қайтадан олардың ебіне /курень/ кіргізді. Қарлуқтар аттана қашты. Сонша қолын мерткітіре» (Сартқ.226-235) деген сөйлемдер Түркі қағанатының негізін қалаушы Құтлығ/Елтеріс қағанмен, оның ақылшы-серігі болған Тониқукпен, Қапаған, Білгеқаған, Күлтегіндермен бірге ұзақ жылдар бойы Түркі қағандығының елдігін сақтауға қызмет еткен Кули Чордың тек көзсіз батыр ғана емес, дана қолбасы болғанын да айғақтайды. Мәнмәтіндегі *süre sünüsdi* «сүре соғысты», *oplaju tegip bulıaju* «опыра шабуылдап талқандады», *sü sürti* «қол бастады» тәрізді тіркестер көнетүркілік дүниетанымның жауынгерлік-ерлік позициясын айшықтайтын тілдік бірліктер болып табылады.

Адамзат тарихындағы жауласқан елдердің арасындағы адамды кепілдікке алу немесе жеңіске жеткен елдің жеңілген елдің қыз-келіншектерін олжалдау түркілерге де тән болғанын ескерткіш деректері дәлелдейді: *asaıır çoluıın jaııtıqda Küli-čor uplaju tedip sančıp ölürip oıılın kicicin bulan ді... КЧ. «асарға жи-*

налған аң аулаушылар шабуыл жасағанда Күлі-чор шаншып өлтіріп, олардың ұлын, әйелін олжалады...» (Сартқ.ІІ).

Көне түркілердің қайтпас қайсарлығы, өздеріне екі есе артық жауға қаймықпай қарсы тұрғаны да ескерткіш мәтіндерінен көрініс табады. Түркі халқтарының жауынгерлік сапасын, қайсарлығын сипаттайтын тілдік деректер түркі халықтарының батырлық жырлары мен дастандарында да кеңінен суреттеледі, мысалы Қорқыт ата кітабындағы Салор Қазанның сөзі:

Мың-мың ер дұшпан көрсем де мақтаман дедім,
Жиырма мың дұшпан көрсем де жақтамадым.
Отыз мың дұшпан көргенде, онға санадым,
Қырық мың дұшпан көргенде, бажырая қарадым.
Елу мың дұшпан көрсем де қол бермедім,
Алпыс мың дұшпан көрсем де сөзге ермедім.
Жетпіс мың дұшпан көрсем де келіспедім,
Сексен мың дұшпан көрсем де беріспедім.
Тоқсан мың дұшпан көрсем де тайсалмадым,
Жүз мың дұшпан көрсем де қайта алмадым,
Жүзі майырылмас қылышымды қолыма алдым.

Жаугершілік заманында ерлік пен қаталдық қатар жүретіні белгілі. Бұл қай дәуірдегі болмасын соғыс әрекетінің негізгі шарты болып табылады. Ескерткіштер тілі арқылы көне түркілер де жауларымен шайқасу барысында қаталдыққа барғандарын байқаймыз: *tört tümen sü kelti. Tönker taıda tegip toqıdım. Üç tümen süg ölürtim. Bir... erser ... söktim.* БҚ «Төңкер-тауда...Қу-сеңүн бастаған төрт түмен /қырық мың/ қол келді. Төңкер-тауда шабуылдап жаулады. Үш түмен /отыз мың/ қолды қырдым» (Сартқ. III) деген сөйлемде түркілердің отыз мың қолды қырып салғаны баяндалады. Ескерткіш мәтіндерінде түркілердің өздерінің және қарсыластарының әскер санын бірнеше рет қайталап көрсетуі олардың әскер ұстауға, оларды соғыс өнеріне жаттықтырып, тәрбиелеуде өзіндік тәжірибелері қалыптасқанын көрсетеді.

Qaḡim qaḡan jiti jigirmi erin taṣıqmıs. Tıṣra Jorıjıur tıjin kü esidip balıqdaḡı taḡıqmıs, taḡdaḡı inmis tirilip jetmis er bolmıs. Teḡri küç birtük üçün qaḡim qaḡan süsi böri teg ermis. Jaḡısi qoj teg ermis Pgerü qurıḡaru sülep tirmis qobratmıs KTү, 12 «Әкем қаған он жеті сарбаз жинапты. Олар тыста жортуда жүр дегенді бәрі есітіп, қаладағылар жиналды. Таудағылар сонда барып қосылды. Жиналып жетпіс ер болды. Тәңірі күш бергені үшін Әкем қағанның әскері бәрі тектес еді. Жаулары қой тектес еді. Ілгері-кейін шапқылап халықты жинады, көтерді» (Айд.І; Сартқ.ІІ) деген мәнмәтін құрамындағы *qaḡan süsi böri teg ermis. Jaḡısi qojteg ermis* «қағанның әскері бәрі тектес еді, жаулары қой тектес еді» метафоралық оралымының қолданылуы да түркілердің қуатты да күшті, әскери дайындығы жоғары қол ұстап отырғанының айғағы.

Қаған әскерінің ержүрек, батырлығын, жауларының әлсіздігін бейнелейтін «әскері бөрідей», «жаулары қойдай» тәрізді теңеулер қазақ танымынан да алыс емес. «Қобыланды батыр» эпосында:

Жалғыз өзі батырың,
Жойып кетіп барады.
Қойға тиген қасқырдай
Сойып кетіп барады, –

деген жолдардың, «Алпамыс батыр» дастанында:

Алатау ұран шақырып,
Қалмаққа жалғыз тиеді.
Қойға шапқан бөрідей,
Талқандап қуып бөледі, –

деген шумақтардың кездесуі, басқа ауыз әдебиеті үлгілерінде де «жауын қойдай жусатқан» «бөрідейін шүйлігіп», «аш бөрідей атылып» тірізді бейнелі оралымдардың жиі қолданылуы VI-IX ғасыр түркілері мен қазақтардың бейнелі ойлау жүйесіндегі сабақтастықтың толық сақталғанын дәйектейді.

Қазақ халқының көне мәдениетінен көрініс беретін мұра – ауыз әдебиетінің – ұрапақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан үлгілерінің бірі болып табылатын батырлық дастандар «халықтың тарихына, қоғамдық өміріне тығыз байланысты туған. Халық өзінің тұрмыс-тіршілігінде елеулі орын алған жағдайларды батырлар жыры арқылы елестетіп беруге тырысқан. Қазақ халқының эпикалық шығармалары бір ғасырдың ғана жемісі емес, ол сандаған ғасырмен бірге жасасып, талай тарихи кезеңдерді басынан кешірген»¹. Сондықтан VI-IX ғасыр түркі мұралары тілі мен «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырлары тіліндегі этнофилософиялық, этномәдени мазмұнның үндесіп жатуы олардың ортақ бастауларға негізделгенін айғақтайды.

Көне түркілердің жаугершілік өмірі тек жеңістерден тұрмағаны, ірі жеңілістерге ұшырап, елдігінен айрылып, тіпті бодандыққа ұшыраған кездері де болғаны белгілі. Мұндай сәтсіздіктерді де бұрмаламай тасқа қашап қалдырып отырған: *Tabyač bodunqa beglik urı oylın qul qıltı. Silik qız oylın күн qıltı. Türuk begler türuk atın [itti]. Tabyač[yi] begler tabyač [atın tutupan. Tabyač qağanqa kürmis. «Табғач халқына бек ұлдары құл болды. Сүліктей қыздары күн болды. Түрік бектері түрік атын жойды. Табғачшыл бектер табғач атын тұтынып, Табғач қағанға бағынды»* (Сартқ., I, 193-198). Бұл сөйлемдер арқылы көне түркілердің өкініші сипатталғанмен, түпкі мақсат – болашақ ұрпақты атабаба қателігін қайталамауға үндеу идеясы, өмірлік тәжірибеден тағлым алуға баулу, ұзақ жылдар төгілген қан мен тер арқылы еңсесін қайта көтерген Түрк Елін мәңгілік етуді армандаған Көк Түріктердің **Beṅgü El** идеясын ұрпақ бойына сіңіру.

Ескерткіштер мазмұны түркі халықтары дүниетанымы бойынша жат жұртқа қыздарының күн болуынан, ұлдарының күн болуынан асқан қорлық жоқ екенін, барлық қайрат-жігері мен мүмкіндіктерін ұрпақтың жарқын болашағы жолына жұмсауды мақсат ететін ұлы мұратын сипаттайды: *Tabyač bodunqa*

¹ Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы: Ғылым, 1972. – Б.10.

beglik urï oylın qul qilti. Silik qiz oylın kün qilti. «Табғач халқына бек ұлдары құл болды. Сүліктей қыздары күн болды» Осы сарындағы, сөз қолданысы мен мазмұны жағынан сәйкес шумақтар «Алпамыс батыр» эпосындағы Тайшық ханның түсін сипаттайтын жыр жолдарында қолданылады:

Бір арыстан өзіме
Шабатұғын көрінді
Талқан қып алды шәһәрімді,
Талауға салды барымды.
Екі бүйірін таянып,
Алатұғын көрінді,
Қойнымда жатқан жарымды.
Қаланың аузын қан қылды,
Қақбамның аузын шаң қылды.
Айдарлымды құл қылды,
Тұлымдымды тұл қылды.
Солқылдаған мырзамды
Табанға салып жүн қылды.

VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары мен мен қазақ эпостарындағы сабақтастықтар көнетүркілер мен қазақтардың танымдық әлемінде *жау* және *жеңіліс* ұғымдарының таңбалануы да, тілдік бірліктер арқылы объективтенуі де бірдей екенін көрсетеді. Белгілі бір кезеңдегі тілдің құрылымдық ерекшеліктерін, танымдық-семиотикалық, ақпараттық-кумулятивтік және коммуникативтік-функционалдық мүмкіндіктерін көрсететін жазба мұралар да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілері де тарихи-лингвистикалық дерек ретінде тіл иесі-халықтың дүниетанымы мен дара болмысын сипаттайды. Сондықтан түркі жазба ескерткіштері мен эпикалық-жыраулық мұраларын *тіл↔адам↔мәдениет* триадасының сабақтастығында зерделеу – жалпыадамзат өркениетіндегі түркі өркениетінің мәртебе-

сін айқындауға, жалпытүркілік Мәңгілік Ел идеясының мәнін түсіндіруге септігін тигізетін өзекті мәселе.

Күлтегін ескерткішіндегі: *Türgis qağan süsi Bolčuda otča, borča kelti* КТү «Түргеш қаған әскері Болшыда отша, боранша келді» (Айд.І); Тониқук ескерткішіндегі: *Örtče qizip kelti. Sünüsdimiz. Bizinte eki uči, suñarča artuq erti. Teñri jarilqaduq üçün üküс tejin qorimadimiz sünüsdimiz Tarduš cad ara bardy jajdimiz qağanin tutdimiz* Тон, 40,41 «Өртше қызып келді. Соғыстық. Бізден екі шеті жартыдай артық еді. Тәңірі жарылқағаны үшін көп деп біз қорықпадық, соғыстық Тардуш шады қатысты. Жеңдік, қағанын ұстадық» (Айд.ІІ) деген мәнмәтіндегі *örtče qizip kelti* «өртше қызып келді» тіркесі түркілік дүниетанымдағы ассоциациялық-салыстырмалы құбылыстарды бейнелейді, мазмұнында «күшті, қуатты, қатал, ешкімді, ешнәрсені аямайтын» семалары жиі ақталған.

Көне түркілердің Түркі Елінің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтауға бағытталған жауынгерлік позициясының тілдік репрезентанттары мен Түркі Елінің елдігін сақтауға бағытталған елдік позициясының тілдік репрезентанттарының мазмұны жинақтала келе көнетүркілік дүниетанымдағы түркілік рухтың биіктігі мен жасампаздығын сипаттайтын *Beṅgü El* «Мәңгі Ел» идеясының тілдегі бейнесін сомдайды.

Түркілер өркениетінде «жылқы мәдениеті» айырықша орын алғаны белгілі. Жылқы малы VII-IX ғасыр түркілерінің бейбіт өміріндегі серігі ғана емес, жаугершілік жағдайда да жеңіске жетудің басты атрибуты болғанын көне мұралар мәтіні дәйектейді. Күлтегіннің ең алғашқы қатысқан соғысынан бастап, өмірінің соңына дейінгі жорықтарда мінген аттары жайлы, олардың қай шайқаста өлгені, қай жерінен жараланғаны, қанша оқ тигені туралы толық мәлімет берілуі осының дәлелі: *Bir otuz jaşıña čačaseñünke sünüsdimiz. Eñ ilki tadıqın čorin boz atıy binip tegdi. Ol at anda ölti* КТү,32 «Жиырма бір жасында Чача сеңүнмен соғыстық. Ең ілкі Тадықан Чордың боз атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді» (Айд.178); *Ekinti ičbara jamtar boz atıy binip tegdi. Ol at anda ölti. Üčünči jegin silig begin kedimlig toriу at binip tegdi. Ol at anda ölti.*

Jaraqında, jalmasında jüz artıq oqun urty KTү, 33 «Екінші рет Ыш-бара қолбасының боз атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді. Үшінші рет Иегін Сілік бектің ерттеулі торы атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді. Қаруына, сауытына жүзден артық оқ тиді» (Айд.І, 178); Kül-tegin bajırqunіñ aq adyіruу binip oplaju tegdi bir erig oqun urdi. Eki erig udišru sancidi. Ol tegdükde bajırqunіñ aq adyіriу udluqin siju urtu KTү, 35,35 «Күлтегін Байырқының ақ айғырын мініп шабуылға шықты. ... Ол айқаста өкшелей қуғанында Байырғының ақ айғыры мертiкті» (Айд.178-179); Kül-tigin başу boz at binip tegdi. Başу boz k... KTү,37 «Күлтегін Басқы боз атқа мініп тиді» (Айд.І,179); Alp er bizіñe tegmis erti. Anday ödke ökünip Kül-tiginig az erin ertürü ittimiz. Uluу sünüş sünüşmiş. Alp šalçу aq atin binip tegmiş KTү, 40 «Алып ерлер бізге тиісті. Сол кезде өкініп, Күлтегінді аз ермен айқасуға жібердік. Үлкен соғыс жасады. Алып Шалшы ақ атын мініп тиді...» (Сартқ.ІІ; Айд.179-180); Kültigin Ögsiz aqіin binip toquz erin sancidi KTү, 49 «Күлтегін енесіз ағын мініп, тоғыз ерін шанышты...» (Айд.І, 181) т.б.

Қазақтың эпостық дастандарында да батыр мен тұлпар бірлікте қарастырылады: «Астымдағы Шұбарым, Тар жерге жолдас шырағым» (Алпамыс батыр). Батырлар жырында батырлардың соғыс аттары құлын кезінен бастап, барлық жорықтардағы қалып-күйі суреттеліп отырады:

Таң салқыны жеткенде,
Ағыны қатты Бурылмен
Алтынды таудың етегіне
Аңқытып жетіп келеді.
– Еменнен кестім найза, – деп,
– Пеңделік тартқан халқыма
Тигіземін пайда, – деп,
Күн шыққанша Қобыланды
Екі айналды шаһарды.
(Қобыланды батыр).

Көне түркі жазба ескерткіштерінде *Alp šalči aq at* «Алып Чалчы ақ ат», *azman aq* «Азбан ақ», *az jayüz* «Аз қаракер», *Ögsiz aq* «Енесіз ақ», *Idil aq* «Іділ ақ», *Qarluq jigren* «Қарлуқ жирен» *tadiqin čorin boz atı* «Тадықан Чордың боз аты», *ičbara jamtar boz atı* «Ышбара қолбасының боз аты», *jegin silig begin kedimlig toriy atı* «Мегін Сілік бектің ерттеулі торы аты» *bajırqunıñ aq adyiri* «Байырқының ақ айғыры», *Vaşyu boz* «Басқы боз», сынды бірнеше тұлпарлардың аттары аталуы көне түркілердің жылқы малына етене жақындығын сипаттайды. Тұлпар атауын білдіретін онимдерде VII-IX ғасыр түркілерінің этномәдени болмысы мен этнотарихынан мәлімет беретін ақпараттық мазмұн жинақталған.

Ескерткіштер тілінде жылқының түсіне қатысты лексемалардың тұрақты пайдаланылуы да түркілер өміріндегі жылқының маңызын анықтайды. Соғыс аттары жайлы тілдік деректерсіз көне түркілердің Ерлік – Жауынгерлік позициясының толыққанды сипаттамасын жасау мүмкін емес. Сондықтан Тұлпар және Түрк ері қатынасын білдіретін лексемалық, синтаксистік, мәнмәтіндік, дискурстық тілдік бірліктер түркілердің **Beṅgü El** мұратын жүзеге асыру жолындағы іс-әрекеттері мен этникалық мәдениетінің ерекшеліктерін айқындайтын репрезентанттар жүйесінен орын алады.

VI-IX ғасырларда өмір сүрген түркі халықтарының мемлекеттік құрылымы – Түрк Елінің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтап қалудың; олардың қалыпты тіршілік кешуінің, рухани дамуының түп қазығы – **Beṅgü El** идеясының тілдегі бейнесін Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері мәтінінен көрініс беретін Елдік, Жауапкершілік, Жауынгерлік позицияларын сипаттайтын тілдік бірліктердің этномәдени мазмұны айқындайды.

Көне түркілердің дүниетанымы мен қоғамдық өмірінде **Beṅgü El** идеясының басымдыққа ие болуы VI-IX ғасыр түркілерінің табиғи дара болмысын сипаттайтын ұғымдар кешенінен тұратын концептуалды жүйе аясындағы Елдік позицияның

қуатын сипаттайды. Көне түркілер дүниетанымының тілдік репрезентанты *Beṅgü El* «Мәңгілік Ел» тіркесі бірлік пен ынтымақтастықтың, ұлылық пен жасампаздық рухының, баянды болашақтың, мемлекеттік тұтастықтың семалық жиынтығын сақтаған – лингвоонтологиялық құрылым. Орхон ескерткіштері мәтінінің мазмұнындағы тізеліні шөгеріп, бастыны жүгіндірген (*tizligig sökürmis, başliüiü jükünturmis*) асқақ түркілік рух; сұлу қыздарын күңдікке, бек ұлдарын құлдыққа түсірмей (*silik qiz oyliṅ küñ bolmasun tijin, beglik uri oyliṅ qul bolmasun tijin*) жолында күңдіз тізе бүкпей, түнде көз ілмеген (*tün uḍimati, күntüz olurmati*) намысшылдық пен арлылық; түркінің қасиетті жер-суы иесіз қалмасын деп (*türkiduqjir-subü idisiz bolmasun tijin*) қызыл қанын ағызып, қара терін төккен (*qizil qanım tökti, qara terim jügürti*), барлық күш-қуатын берген (*içig-kuçig bertik*) елдік-жершілдік идеялары бірге өріліп, VI-IX ғасырларда Еуразия құрлығын еркін жайлаған Түркі Будынының дара болмысын, **Түркі Елін Мәңгілік Елге** айналдыру жолындағы қажыр-қайратын сипаттайды.

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінен көрініс тапқан *Beṅgü El* «Мәңгі Ел» идеясын қазіргі түркітілдес мемлекеттердің ұлттық идеясына, ұлттық тәрбиенің өзегіне айналдыру түркі дүниесінің ынтымақтастығы мен ықпалдастығына қызмет ететін, жаһандану үдерісіне түркілік болмыс-бітімімен араласа алатын ұрпақ қалыптастырумен сабақтасып жатқан өзекті мәселе. **Beṅgü El «Мәңгілік Ел»** идеясы – әлемдік өркениеттегі Түркі өркениетінің орнын бағамдауға, Түркі дүниесінің жасампаздығын қамтамасыз етуге бағытталған сара жол.

§ 4 «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН БЕКІТУДІҢ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗДЕРІ

Мақал-мәтелдер – халықтың өмірлік іс-тәжірибесі, күнделікті тірлік-тіршілігі барысында байқағандары мен барлағандарын, жасаған пайымдары мен түйген ойларын өткір де ықшам, ұтқыр да көркем тұрпатта бейнелейтін тілдік модельдер. Басқаша айтқанда, «мақал-мәтелдер – белгілі бір халықтың қоғам тіршілігінен, табиғат құбылысынан жасаған қысқаша қорытындысы, әлеуметтік және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейтін заңы, жас ұрпақты тәрбиелейтін өсиеті, насихаты, оқулығы»¹. Тұрмыс-тіршіліктің барлық қырын қамтитындықтан, кез келген тілдің паремиологиялық қорына әлеуметтік мазмұн тән². Сондықтан түркілердің «Мәңгілік Ел» мұратының мән-маңызын, халықтың өмірлік ұстанымдары мен патриоттық сезімдерінің, рухани мәдениетінің тілдегі көрінісін айқындауда мақал-мәтелдердің орны ерекше. «Ел намысы – ер намысы» қағидасын ұстанатын қазақтың елдік-патриоттық рухын сипаттайтын этномазмұн да мақал-мәтелдер семантикасында шоғырланған.

Тілдік қауымдастық мүшелерінің әлеуметтік психологиясы, қоғамдық өмірдің сан қилы жақтары мен қым-қиғаш қайшылықтары, жеке адам мен ұжым арасындағы қатынастар, халық менталитеті және рухани мәдениеттің ұлттық нышандары т.б. әлеуметтік-мәдени таңбаларға тікелей қатысты болып келетін ұлттық-мәдени семантика мақал-мәтелдердің мазмұндық құрылымындағы макрокомпонент болып саналады. Тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасын «Тіл – Мәдениет» арақатысы контекстінде қарастырған ресейлік ғалымдар Е.М. Верешагин мен В.Г. Костомаровтар мақал-мәтелдерді тілдің афористік деңгейіне жатқыза отырып, олардың ұлттық мәдениетті екі жақты

¹ Адамбаев Б. Қазақ халық әдебиеті: мақал-мәтелдер. – Алматы: Ғылым, 1996. – Б. 5

² Короглы Х. Персидские пословицы и поговорки. – Москва, 1973. – С. 38.

таңбалайтынын айтады: Біріншіден, мақал-мәтелдер типтік ситуацияны атайтын және бейнелейтін біртұтас тілдік бірлік ретінде ұлттық-мәдениетті өзінің жиынтық мағынасына қатысты тұтастай таңбалайды. Екіншіден, өзінің құрамына енетін сөздер мен олардың лексикалық фоны, сондай-ақ жасалуына негіз болған еркін тіркестің мағынасы арқылы мақал-мәтелдер ұлттық-мәдениеттің компоненттерін бөлшектеп танытуға қабілетті¹.

Паремиялық бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасы тілдің номинативтік, кумулятивтік, директивтік қызметтерінен туындайды. Мақал-мәтелдердің атауыштық (номинативтік) қызметі олардың типтік жағдаятты білдіруінен көрінеді. Ал мақал-мәтелдердің атауыштық мағынасына тікелей байланысты емес барлық ақпараттар жиынтығы, яғни мақал-мәтелдің пайда болуына, жасалған уақытына, астарындағы аялық білімге, этикалық көзқарасқа т.б. қатысты туындайтын ассоциацияның барлығы оның паремиологиялық фонын құрайды. Мақал-мәтелдердің атауыштық емес семантикасына оны құраушы сыңарлар (сөздер) білдіретін нақты лексикалық мағыналар мен ол мағыналардан тыс жататын әрбір сыңардың лексикалық фоны, сондай-ақ мақал-мәтелдердің тура мағынасына қатысты туындайтын барлық ассоциациялық түзілімдер енеді, яғни мақал-мәтелдердің кумулятивтік қызметі атауыштық емес ақпаратқа негізделеді. Ал мақал-мәтелдер бойындағы ұлт өкілін жеке тұлға етіп қалыптастыруға, тәрбиелеуге бағытталған тәлімдік-тағылымдық қасиет тілдің директивтік қызметіне негізделеді².

Мақал-мәтелдердің жиынтық мағынасымен сипатталатын өмірлік типтік жағдаят, ол жағдаят астарындағы аялық білім, мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің семантикасына енетін лексикалық ұғымдар мен лексикалық фон, мақал-мәтелдің

¹ Вершагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедание в преподавании русского языка как иностранного. – Москва, 1990. – С. 77.

² Вершагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедание в преподавании русского языка как иностранного. – Москва, 1990. – С. 74-79.

тәлімдік-тағылымдық сипаты сияқтылардың қай-қайсысы болмасын ұлт мәдениетін танытатын ақпараттық әлеуетімен ерекшеленеді. Осы тұрғыдан келгенде мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени семантикасын күрделі логика-лингвистикалық құрылым деп санауға болады. Оның өзегін «халық өмірі» елегінен өткізілген «адам және ортаның (табиғи, әлеуметтік, тілдік т.б.) өзара қатысы» құрайды, яғни мақал-мәтелдердің логика-семантикалық құрылымы антропоцентризмге негізделеді. Бұл туралы Ә.М. Қайдар: «Мақал-мәтелдер – құрамдық-құрылымдық қалпы тұрақты, поэтикалық заңдылық бойынша құрылып, көркем де әуезді болып келетін, негізгі (тура) мағыналары абстракцияланып, ауыс мағынасында, гомоцентристік принцип бойынша Адамға ғана қатысты қолданылатын этнолингвистикалық күрделі құбылыс», – деп атап көрсетеді¹. Демек қазақ мақал-мәтелдері қазақтың (қазақ ұлты өкілінің) дүниетанымын сипаттайтын өмірлік ұстанымдар жүйесі, қазақтың адам болмысы жайлы, өмірдің мәні мен қоршаған орта туралы тәжірибелік білім қоры.

Мақал-мәтелдердің құрамында айтылған ой-пікірдің логикалық түйінін арқалаушы, жалпы мазмұндық құрылымның құрамдық бөлшектерін айқындаушы, мақал-мәтелдің құрамындағы сөздердің барлығының басын қосып мағыналық біріктіруші, ұйытқы болушы қызмет атқаратын тірек сөз болады². Тірек сөздер білдіретін лексикалық мағынасы арқылы тіл иесінің санасында өзіне тура немесе жанама қатыстылықта келетін әрқилы ассоциациялық тізбектер тудыруға, соның негізінде мағыналық кеңістік құрап, лексикалық фон түзуге қабілетті болып келеді. Тірек сөздің лексикалық мағынасы мен фоны мақал-мәтелдің, яғни паремияның адамға бағышталған ауыс мағынасының да, әу бастағы прототиптік тура мағынасының да құрылымына түгелдей еніп, оның ұлттық-мәдени семантикасының арқауын, негізгі өзегін құрайды. Мәселен, «адам» сөзінің лексикалық ұғымына:

¹ Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай. 2004, – Б. 54.

² Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай. 2004, – Б. 181, 76.

1) ойлауға, сөйлеуге қабілетті, шығармашылық қасиеті бар, қоғамдық еңбек процесінде құрал-сайман жасай алатын және оны пайдалана білетін өнімді іс-әрекет, саналы тіршілік иесі; 2) өзіне ғана тән ішкі қасиеттерімен, сыртқы бет-әлпетімен ерекшеленетін белгілі бір қоғамдық, әлеуметтік ортаның өкілі; 3) өте жоғары моральдық және интеллектуальдік қасиеттердің қоғамдық үлгісін көрсетуші жеке тұлға тәрізді мағына түзуші форманттар енеді. Мұның сыртында *адам* сөзі тіл иесінің санасында қордаланған аялық білімге барып ұштасатын адамға байланысты айтылатын барлық сөздердің, бейнелі орамдардың білдіретін мағыналарымен ассоциативтік қарым-қатынасқа түседі, яғни адамға қатысты барлық ұғымды қамтиды. Ол сөздер мен бейнелі орамдар адамның жағымды немесе жағымсыз мінез-құлқына, көңіл-күйіне, қимыл-әрекетіне, жүріс-тұрысына, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, адамның қоғамдағы орнына, дүниетанымдық көзқарасына, т.б. қатысты әртүрлі мағынада, әртүрлі сипатта, әртүрлі тілдік тұрпатта болып келеді.

Ассоциативтік қатынастар негізінде тілдік санада адам болмысы туралы жалпы түсінік қалыптасады. Ол түсінік тіл иесінің ақиқат шындықты тануымен, образды ойлауымен тығыз байланыста болады және тілде бекіп, сақталады. Осы тұрғыдан келгенде, паремиялар құрамында кездесетін «адам» тірек сөзінің мазмұндық құрылымына оның нақты лексикалық ұғымын түзуші мағыналық бөлшектер де, «адам болмысы» туралы ұғым-түсініктер жиынтығы да енеді. Мәселен, *адам* сөзінің «ойлауға, сөйлеуге қабілетті, шығармашылық қабілеті бар, қоғамдық еңбек процесінде құрал-сайман жасай алатын және оны пайдалана білетін іс-әрекет иесі» лексикалық мағынасына негізделіп, адам шығармашылығының ерен күш-қуаты қазақтың паремиологиялық дүние бейнесінде «*Қағазға тіл бітірген – қалам, жансызға жан бітірген – адам; Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның тынысы*» деп түйінделеді.

Адам айнала қоршаған шындық болмыстағы сан алуан заттар мен құбылыстарды бір-бірінен ажыратып тану үшін, олардың

басты қасиет-белгілерін ескеріп, ат қояды, айдар тағады. Мәселен, қазақ тіліндегі *Адам* сөзінің лексикалық мазмұнын құрайтын семемалар, атап айтқанда тіршілік иесінің интеллектуальдық ой-өресі, моральдық ұстанымы, сана-сезімі, табиғаттың жойқын күшін өзіне бағындыра білген ақыл-ойы, адамзат қауымының дамуына қызмет ететін саналы іс-әрекеті, ұрпағына өсиет ететін өмірлік тәжірибесінің озық нәтижелері т.б. адамның табиғаттағы өзге тірі мақұлықтардан (жан-жануар, жәндік) артықшылығын көрсететін семантикалық бөлшектер мен адамгершілік, қарапайымдылық, мейрімділік, парасаттылық, әдептілік, биязылық, көргенділік, т.б. адами қасиетті сипаттайтын жинақтық мән біртұтасып келіп, «*Адам деген ардақты ат*» паремиясының ішкі құрылымын түзеді. Бұл паремия арқылы қазақ этносының өзі қойған өмірдегі аттар мен атаулардың ішіндегі ең қасиеттісі саналатыны *адам* деген жалпылама атау екенін байқауға болады. Ал жеке адамға қойылатын аттың (антропонимнің) қоғамдық-әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі және адамдар арасындағы коммуникациядағы маңызы қазақтың дүние бейнесінің паремологиялық фрагментінде «*Мыңның жүзін білгенше, бірдің атын біл*» деген тұрақты тілдік оралым түрінде бекиді.

Адам өзінің жеке басының және қоғам өмірінің өлшемі етіп мәңгілік уақытты алады. Адамның өмірлік іс-тәжірибесінің қортынды-нәтижесі мәңгілік уақыттың сәт, шақ, мезгіл, тәулік, апта, ай, жыл, ғасыр, дәуір, кезең т.б. болып келетін уақыт өлшемдерімен өлшенеді. *Заман да* – уақыт қиындысы. *Заман* ұғымы арқылы нақты бір кезеңде бірлесе тіршілік етіп, бірігіп қоғам құрушы адамдар қауымдастығының қоғамдық, әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани, мәдени дамуы сипатталады және танылады. Әр индивид өз заманының түлегі. Ол өз заманының тіршілік-тынысымен өмір сүреді, өз заманының талабына, ыңғайына қарай тынымсыз еңбек етеді. Адамның жасампаздық рухы уақыт тезімен қабысып, әр заманның қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени өзіндік келбетін жасайды. Мұны қазақтың паремологиялық дүние бейнесі «*Адам – заманның көркі, еңбек – адамның көркі*» деп

бекітеді. Бұл қазақтар танымындағы жасампаздық рухты, яғни мәңгілік пен жалғандықтың, өмір мен өлімнің ақиқатын түсіне тұра, уақытты меңгеруге, өз заманында мәнді өмір сүруге ұмтылысын көрсетеді. «Адам – заманның көркі, еңбек – адамның көркі» паремиясы құрамындағы тірек компонент «адам» сөзінің адамға қатысты барлық ұғым-түсініктер жиынтығынан тұратын жалпы мазмұны «заман» сөзінің лексикалық мағынасымен, сондай-ақ «заман және адам» концептуалдық модельге байланысты санадағы аялық біліммен логика-ассоциативтік тұрғыдан қарым-қатынасқа түсіп, мақал-мәтелдің «заманның қозғаушы күші – адам, жай адам емес, тіршілік үшін маңдай терін төгіп, еңбектенуші адам» деген жалпы мағынасын қалыптастырады.

Қазақ тілінде заманның «біршама ұзақ уақыт аралығы» деген лексикалық мағынасының сыртында, оның фонын жасайтын, оны әр қырынан анықтайтын, айқындайтын *қазіргі заман, бұрынғы заман, ықылым заманнан бері, заман талабы, заман ыңғайы, замана көші, замандастар, ақыр заман, зар заман, тар заман, заман ағымы, о заман да бұ заман, Заманың тұлкі болса, тазы боп шал* т.б. тілдік модельдер көптеп кездеседі. Олардың әр қайсысының астарында адамзат қауымының белгілі уақыт аралығындағы іс-тәжірибесінің қортындысына қатысты білім жинақталады.

«Адам – Заман» қатысымдылығы қазақтың дүние бейнесінде адамзат тарихының белгілі бір даму кезеңіндегі әлеуметтік, қоғамдық, мәдени факторларды сипаттайтын кең ауқымды мағыналық-мазмұндық шоғырлардың бір-бірімен түйісі түрінде көрініс береді. Мәселен, «Заман қайғысы – адам қайғысы» мақалында *қайғы* сөзінің «адамның ішкі жан дүниесінің күйзелісі, қасірет шегуі, мұң арқалауы» деген лексикалық мағынасы «адам» және «заман» деген екі үлкен мағыналық шоғырлармен түйісіп, «зіл-зала, сел, тасқын, өрт тәрізді табиғи апаттар, соғыс, жаугершілік, ашаршылық т.б. әлеуметтік-саяси және экономикалық дағдарыстар сияқты ел басына түскен ауыртпалықтың салдары» болып ауқымын кеңейтеді. «Қоғам өмірінде болған қандай-да бір ауыр жағдайдың салдарынан, сол кезеңде өмір сүрген халықтың

қайғы-қасірет шегетіні, одан сол қоғамның мүшесі – жеке адам да қалыс қала алмайтыны» тарихи замана көшіндегі типтік жағдаят. Олай болса, «*Заман қайғысы – адам қайғысы*» мақалын қазақтың «*Заман – Қоғам – Адам*» үштігіне қатысты жасаған нақты тұжырымының тілде бекіген бейнелі атауы деп түсінуге болады. Мақал мазмұны енжарлық, қара басының қамын ойлау қазақ болмысына жат екенін, әрбір қазақ замана перзенті болғандықтан өз заманының тыныштығына қызмет ету керектігін де сипаттайды.

Мақал-мәтелдер құрамындағы «адам» тірек компоненті өзінің жеке тұрып білдіретін лексикалық мағыналарының сипатына қарай, паремияның жиынтық мағынасына жалпылауыштық, нақтылауыштық, даралауыштық мән дарытады. Мәселен, қазақ тіліндегі: «*Он адам жүрген жерде із қалады, жүз адам жүрген жерде – соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады*; «*Адам болып туған соң, адам болып өлген абзал*; «*Адамды алдау – арыңның алдында қылмыс, ағаны алдау – анаңның алдында қылмыс*; «*Атаңның баласы болма, адамның баласы бол*; «*Адам көркі шүберек, ағаш көркі жапырақ*; «*Адам ойға тоймас, бөрі қойға тоймас*; «*Адам жүрген жермен адам жүреді, біреу білмегенді біреу біледі* т.б..

Қазақ тіліндегі: «*Адамның күні адаммен*; «*Адам адаммен адам*; «*Адам бір-біріне қонақ*; «*Ат аяғынан семірер, адам құлағынан семірер*; «*Ат жақсысын мақта, адам жақсысын жақта*; «*Адамына қарай сәлемі*; «*Жұмсақ ағаш құртқа жем, жұмсақ адам жұртқа жем*; «*Адам қатесіз болмас, көл бақасыз болмас* т.б. мақал-мәтелдер білдіретін жалпы мағынаның құрамына адам сөзінің “жалпы адам баласы” деген жинақтауыштық мағынасымен қатар, “белгілі бір әлеуметтік қауымдастықтың мүшесі, индивид” деген нақтылауыштық мағына да енеді.

Қазақ тіліндегі: «*Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында*; «*Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде*; «*Темір сырын отта танытады, адам сырын жоқта танытады*; «*Мың адам салған көпірді бір адам бұзады*; «*Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас, жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас*,

қондырса да оңдырмас т.б.; сияқты мақал-мәтелдер құрамындағы “адам” тірек компоненті олардың паремиологиялық жиынтық мағынасына даралауыштық мән дарытады.

«Адам» компонентті мақал-мәтелдердің ішкі құрылымы «адамгершілік ↔ адами қадір-қасиет» категориясымен сабақтасып жатады да, адамның сыртқы және ішкі әлемін, яғни мінез-құлық, жақсылы-жаманды қасиеттерін, ақыл-ой өресін, білім-біліктілігін тұтастай қамтуға бағытталады. Дүниенің паремиологиялық бейнесіндегі «адамгершілік ↔ адами қадір-қасиет» категориясының семантикалық арқауын ақылдылық пен ақмақтық, жуастық пен өткірлік, білімділік пен білімсіздік, саналылық пен санасыздық, адалдық пен аярлық, естілік пен есерлік, жомарттық пен қараулық, кеңпейілділік пен іштарлық, табандылық пен табансыздық, тектілік пен жетесіздік сияқты бинарлық жұптараралық қарым-қатынастар жиынтығы түзеді. Мысалы: қазақ тілінде: «*Саналы адам сағыңды сындырмас, санасыз адам жағыңды тындырмас*; «*Қарау адам – күншіл, мекер адам-міншіл*; «*Білген адам тауып айтады, білмеген адам қауып айтады*; «*Ақылды үйренуге құмар, ақымақ үйретуге құмар*; «*Білімдінің алды-жарық, білімсіздің беті-көн шарық* т.б.; т.б.

Қазақтың паремиологиялық дүние бейнесінде айналасындағы адамдардың көңіл-күйін барлап барып, жәйменен сөз бастап, келген мақсатын сабырмен жеткізу ақылдылықты танытатыны, ал байбаламдап келіп, айқаймен іс тындырмақ болу ақылсыздықтың белгісі екені «*Ақылсыз адам айқайлай келеді, жан-жағын жайпай келеді, Ақылды адам жәй-жәй келеді, жан-жағын байқай келеді* деп **ұрпақ тәрбиесіне** қажет нақты жағдаяттың көрнекі, суретті сипаттамасы түрінде бекиді.

Адамның өз еркінен тыс жиі қайталайтын ерсі қылығын образға алу арқылы адам мінезіне қатысты әлсіздік, кербездік сияқты дерексіз ұғымдарға қазақы дүниенің паремиологиялық бейнесінде «*Әлсіз кісі жағымпаз, кербез кісі қырымпаз*» деген логикалық-пайымдық деңгейдегі анықтама беріледі. Ол анықтама «қайта-қайта қырынып, сақал-мұртымен алысқан орынсыз кер-

бездік сол адамның өзіне деген ішкі сенімінің аздығын байқата-тынын, өзіне-өзі сенбеу түптеп келгенде жағымпаздаққа әкеліп соғатынын, ал жағымпаздық рухтың әлсіздігінің белгісі» екенін ескерткен тіл иесінің адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты жинақтаған тәжірибесінің нәтижесі екені сөзсіз.

Адамның адами қадір-қасиетін білдіретін бинарлық ұғымдардың басым көпшілігі дерексіз лексикамен сипатталатыны белгілі. Дүниенің паремиологиялық бейнесінде адамның нақты көзге көрінетін қимыл-қозғалысын, жүріс-тұрысын, қалып-күйін суреттейтін, белгілі бір ситуацияда адамның өзін-өзі ұстауына қатысты туындайтын образ арқылы дерексіз ұғымға анықтама беріледі, басқаша айтқанда, паремияға арқау етілген образ дүниенің паремиологиялық бейнесінде «адамгершілік», «адами қасиет» категориясына енетін дерексіз ұғым-түсініктерді анықтаушы белгі, нышан, таңба қызметін атқарады, соның негізінде дерексіз бинарлық жұптар деректілік мәнге ие болады. Сөйтіп дүниенің паремиологиялық бейнесінде адамға мінездеме берудің тілдік моделі қалыптасады. Оларды, бір жағынан, адамға берілер мінездеменің метатілін құраушы дерексіз ұғымдарға берілген паремиологиялық деңгейдегі анықтамалар, екінші жағынан адамның мінез-құлығын, адамгершілік қасиетін, кісілік келбетін танудың, байқастап бағамдаудың жолдарын үйрететін логика-сигнификативтік деңгейдегі амал-тәсілдер деп білуге болады. Мәселен, қазақ этносы: «*Жаман адам жақсы болмас, қанша қыдыр дарыса да, жақсы адам жаман болмас, қанша жасып, арыса да;*» «*Жақсы адамның ашуы жібек орамал кепкенше, жаман адамның ашуы басы көрге жеткенше;*» «*Жақсы кісі текшіл, жаман кісі кекшіл;*» «*Жаман адамнан қарыз алма, қарыз алсаң да қаражат қылма;*» «*Жаман адамды жақынға санама* т.б.;

Адамның мінезіне қатысты айтылатын дерексіз ұғымдарға нақты мақал-мәтел түрінде берілген деректі, суретті, бейнелі анықтамалардың «Қоғам:Адам:Табиғат» триадасының маңызды компоненті «Адам:Адам» арасындағы өзара қарым-қатынастың іс-әрекеттің нәтижесіне тигізер әсерін, себеп-салдарын сипаттау-

дағы рөлі ерекше. Мәселен, дүниенің концептуалдық бейнесінің «Адам:Социум» моделіне негізделіп қазақ тілінде «*Жақыны көп адам жасқанбайды*, паремиялары жасалады. «Адамдармен жақсы қарым-қатынас жасай білудің нәтижесінде жеке индивидтің белгілі бір әлеуметтік топ ортасындағы өз орнына деген сенімі қалыптасатынын» білдіретін бұл паремиялардың образына «шаршы топта именбей, тайсалмай, батыл әрекетке (сөз әрекеті, іс-қимыл әрекеті т.б.) баратын адам» арқау етіледі.

Адам компонентті қайсы-бір паремиялардың ішкі мазмұндық құрылымына «Адам:Адам» аралық қатынасты реттеудің тетіктері қызметінде жұмсалатын «физиологиялық қалып-күй бейнесі» де енеді. Ол «бейнені» (образдық негізді) коммуникативтік актіде белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін қажет паремиологиялық нышан деп қабылдауға болады. Мысалы: қазақ тіліндегі «*Аш адам ұрысқақ, ақсақ қой тырысқақ*, «*Қатты ашуланған адам тез басылады*, «*Жақсы адамның ашуы жібек орамал кепкенше*; тәрізді мақал-мәтелдер, бір жағынан, паремиологиялық дүние бейнесіндегі «Адам» макроконцептісінің құрамына енетін «Ашу» концептісін жасаушы тілдік модельдер болатын болса, екінші жағынан, олар тілдік қатынас жағдаятында ашушаң адамның эмоциялық жай-күйін, іс-қимыл әрекетін көрсетуші нышан-бейнелер.

Дүниенің паремиологиялық бейнесінде адамның психика-физиологиялық жай-күйіне қарап, адам мінезін байқауға болатыны да көрініс табады. Мысалы: қазақ тілінде: «*Қорыққанға қос көрінер*; «*Жасық адам жасына жетпей қартаяр, асыл адам жасына жетпей марқаяр*; «*Сараңның қолы қалтырауық* т.б.

Қазақ тілінің паремиологиялық дүние бейнесінде адам болмысы мәселесін айқындауға *адам* лексемасының синонимдік қатарын құрайтын *кісі* сөзі де қатысады. Қазақы дүниенің паремиологиялық бейнесінде «Адам» компонентті паремиялар даралаушылық, жинақтаушылық, жалпылауыштық семантикалық дефиницияда келіп, адам болмысына қатысты ұғым-түсініктерді бейнелеуде кең ауқымдылық танытатын болса, «кісі» ком-

понентті мақал-мәтелдер кез келген адамға қатысты емес, нақты позициядағы адам орнын айқындайды. Басқаша айтқанда, «кісі» компонентті паремиялар тілі шықпаған баланы, жан-дүниесі күйзеліске ұшыраған ақылы кем адамды, я болмаса өзіндік бағыт-бағдары жоқ адамды емес, кәмілетке жеткен, ақыл-ойы толысқан, мақсат-мұраты бар адамды кескіндейді. Мысалы: *«Кісі болар баланың кісесінен белгілі, ат болатын құлынның мүшесінен белгілі; «Кісі болар баланың кісілерде ісі бар, кісі болмас баланың кісілерде несі бар; «Болған кісі болдым демес, болдым десе болғаны емес; «Екі кісі ұрысса, есті кісі кейін тұрар.*

Дүниенің паремиологиялық бейнесін түзуге *кісі* лексемасының «жеке тұлға» дегендегі даралауыштық, «жалпы адам туралы» дегендегі жалпылауыштық, «ақыл-есі бүтін, кәмілетке жеткен, толысқан адам» дегендегі айқындауыштық семантикалық дефиницияларымен қатар, «әйтеуір бір адам», «біреу» дегенді білдіретін белгісіздік мәні де қатысады. Мәселен, *«Бейтаныс кісі – бітеу жаңғақ; «Кісінің бергені кісіге ырыс болмас; «Үй өзімдікі деме, үй артында кісі бар; «Кісідегінің кілті аспанда т.б.*

«Кісі» компонентті паремиялардың ішкі мазмұндық құрылымына **кішпейілділік**, кішілік ұғымдарын жинақтаушы «**кісілік**» категориясы да енеді. Дүниенің паремиологиялық бейнесінде «кісілік» категориясы «Адам:Адам» аралық қатыстылықты сипаттаудың мәдени факторы (адамның мәдени өресін айқындаушы) тұрғысынан көрініс береді. Мысалы: *«Кішпейілділік – кішілік емес, кісілік; «Кішіге ағалығы жоқтың, кісіге бағасы жоқ; «Кісілік – мінез-құлқы орнықты, іс-әрекет қимылы айқын, адамдармен қалыпты қатынас жасауды білетін адамға тән атау. Кісілігі бар адамның мінезінде ұнамды қасиеттер аз болмайды. Ол ақыл-тоқтатып, жұртқа өнегелі сөз айтып, өзгені де тыңдай білетін адам. Кісілігі бар адам бір істі бастаса оны аяғына дейін тындыруы тиіс. Оның әрбір қимыл-қозғалыс, әрекеті діттеген мақсатына бағытталады»¹*

¹ Жарықбаев Қ., Ғабитов Т., Алдамұратов Ә. Әдеп негіздері. – Алматы, 2001. – Б. 101-103.

Дүниенің паремиологиялық бейнесінде адамның нақты көзге көрінетін қимыл-қозғалысын, жүріс-тұрысын, қалып-күйін суреттейтін, белгілі бір ситуацияда адамның өзін-өзі ұстауына қатысты туындайтын образ арқылы дерексіз ұғымға анықтама беріледі, басқаша айтқанда паремияға арқау етілген образ дүниенің паремиологиялық бейнесінде «адамгершілік», «адами қасиет» категориясына енетін дерексіз ұғым-түсініктерді анықтаушы белгі, нышан, таңба қызметін атқарады, соның негізінде дерексіз бинарлық жұптар деректілік мәнге ие болады. Сөйтіп дүниенің паремиологиялық бейнесінде адамға мінездеме берудің тілдік моделі қалыптасады. Оларды, бір жағынан, адамға берілер мінездеменің метатілін құраушы дерексіз ұғымдарға берілген паремиологиялық деңгейдегі анықтамалар, екінші жағынан адамның мінез-құлығын, адамгершілік қасиетін, кісілік келбетін танудың, байқастап бағамдаудың жолдарын үйрететін логика-сигнификативтік деңгейдегі амал-тәсілдер деп білуге болады.

Логика-ассоциациялық екпін «адам» тірек сөздеріне түсетін мақал-мәтелдер дүниенің тілдік бейнесінде адамның «адамгершілік қасиетін», «кісілік келбетін» суреттейтін образды сипаттамалар жасауға қатысады. Олардың ішкі мазмұндық құрылымына материалдық әлемдегі заттар мен құбылыстар арасындағы өзара қатыстың адам іс-әрекетінің нәтижесімен байланысы арқау етіледі. Сондықтан *адам* компонентті мақал-мәтелдерді «тіл және ұлт мәдениеті» контексіндегі «Адам – Адам» және «Адам – Қоғам» аралық коммуникативтік байланыстың тілдік тетіктері деп санауға болады.

Тіл иесінің бағзы заманнан қоршаған ортаны игеруіне қатысты жинақтаған өмірлік тәжірибесі, әлеуметтік-қоғамдық қарым-қатынастарының тұжырымдамасы тілдік бірліктердің ішкі мазмұндық құрылымында этномәдени ақпараттар жүйесі түрінде сақталады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдегі мақал-мәтелдердің жиынтығынан тұратын паремиологиялық қор – этномәдени ақпараттар жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналады.

Өйткені паремиялардың, яғни мақал-мәтелдердің мазмұн межесі мен мағыналық құрылымында, ішкі формасында, уәждік негіздері мен фондық астарында ұлттың (халықтың, этностың) сан ғасырлық қоғамдық, тарихи, мәдени тәжірибесі бекітіледі. Сондықтан да әр паремияны дүние бейнесінің кесіндісі, дүние суретінің тілдік моделі деп санауға болады.

Паремиялардың (мақал-мәтелдердің) денотативтік негізін оқиғалар, фактілер, өмірлік жағдаяттар, іс-әрекеттердің қалыпкүйі құраса, деонтикалық (нормаланған) және аксиологиялық модалділікпен сипатталатын типтік жағдаят олардың прототипіне алынады. Ал паремиялардың мағынасы фольклорлық – бағалауыштық салада қалыптасады, себебі паремиялардың денотациясы – әлемге деген денотация емес, халықтық рухтағы құндылықтар жүйесіне енудің амалы¹. Сондықтан да паремиологиялық дүние бейнесінде тілдік ұжымның құндылықтық-нормативтік дүние бейнесіне барып саятын фрагменттері орын алады.

Мақал-мәтелдердің халық даналығын қордалап, тіл иесінің өмірлік философиясының ұстанымдарын айқындай алатын, сондай-ақ болмысты онтологиялық категориялар түрінде бекіте алатын әлеуетінің арқасында паремиологиялық дүние бейнесінде этностың қарабайыр-этикалық философиясы да көрініс табады. Паремияларға, яғни мақал-мәтелдерге тән тұрақтылық қасиет оларды ұлттық мәдениеттің константтары жасайды, сол арқылы тілдік ұжымның алғашында әлемді игеруі процесінде, кейіннен ұрпақ санасында қалыптасып, ғасырлар бойы орныққан мәдени ұстанымдарын жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұл тілдік таңбалардың (паремиялардың) мағыналық құрылымындағы мәдени-этикалық коннотацияны айқындауға мүмкіндік береді.

Халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүр, әдет-ғұрпының, рухани және заттық мәдениетінің сан алуан қырына қатысты

¹ Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. – Москва, 1996. – С. 74.

типтік жағдаяттардың тілдік таңбасы, образды сипаттамасы және бейнелі атауы саналатын мақал-мәтелдер жиынтығы тілде дүниенің паремиологиялық бейнесін сомдайды. Дүниенің паремиологиялық бейнесі – «тіл – мәдениет» тұтастығында екшеліп, мәдени-ұлттық құндылықтар деңгейіне көтерілетін адамның рухани іс-әрекеттерінің нәтижесі, танымдық, тағылымдық және практикалық тәжірибесі бекитін, сақталатын тілдік дүние бейнесінің құрамдас бөлігі. Демек, дүниенің паремиологиялық бейнесінің басты ерекшелігі – оның халықтың рухы мен ділін танытып, этностың өзі өмір сүретін ортасын игеруінің мәдени-тарихи тәжірибесін бейнелі тұрақты оралымдар түрінде бекітуінде. Сондықтан да дүниенің паремиологиялық бейнесінде еңбек құралдарынан бастап сәндік әшекей әлеміне дейінгі этнографиялық реалийдің тұтас жинағы, ауа-райы, климат, жан-жануар және өсімдік дүниесі, жер бедері сияқтыларды қамтитын географиялық ортаның толық сипаттамасы, бастан өткенген оқиғалар мен тарихи тұлғалар туралы мәліметтер, көне наным-сенім мен діни көзқарастар, қоғамдық құрылым мен қоғамдық қатынас жүйесінің айшықты суреттемесі көрініс тауып, ұлт өкілінің өзін қоршаған шындық болмыс туралы танымы, жасаған пайымы, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасы, берген бағасы тұрақтылық сипат алады.

Тілде даяр қалпында жұмсалатын өзге де тұрақты тілдік оралымдардан мақал-мәтелдердің (паремиялардың) басты ерекшелігі – олардың адам өмірінде кездесетін түрлі жағдаяттарды қорытындылап, тұжырымдап, астарлы мағынада бейнелеп атайтындығында десек, дүниенің паремиологиялық бейнесінің образдар әлемі адамның объективті шындық болмысты қабылдауындағы сезімдік және рационалды танымдық іс-әрекетінен туындай келіп, тіл иесінің өмір тіршілігінің барлық саласымен ұштасып жатады.

Дүниенің паремиологиялық бейнесінің образдар әлеміне тән басты ерекшелік – айтылмақ ойға арқау етілген образдың адам өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің қай саласынан алынбасын, сайып

келгенде, тек адамға, оның іс-әрекетіне, мінез-құлқына, қылық-қимылына т.б. баға беруге бағытталуы, бағытталып қана қоймай сол тілдік ұжымның ұрпаққа қалдырар өсиет-өнегесін «көркем сурет» түрінде дәйектеуінде.

Мақал-мәтелдердің ішкі құрылымындағы образ реалды және ойдан шығарылған әлемдердегі қарама-қайшылықтардың тоғысына құрылады да, адамның біртұтас ғалам, ондағы өзінің немесе өзгелердің орны туралы ақпараттық мәлімдеме түзеді. Басқаша айтқанда, мақал-мәтелдердің ішкі мазмұндық құрылымына архаикалық адамның жаратылыс туралы мифтік танымын танытатын, адам санасының терең қатпарларында бекіп, орнығып қалған «көнетоз дүниеліктері» болып саналатын мифологемалар да, мақал-мәтелдердің бейнелілігін тудыруға себеп болған қандай да бір «суретті түсінік» (образ) де, мақал-мәтелдердің пресуппозициясы мен имплицитті мағыналары да енеді.

Дүниенің паремиологиялық бейнесінде реалды дүниедегі заттар мен құбылыстар да, адам қиялының туындысы іспетті ойдан шығарылған реалды емес әлемнің бейне кескіндері, үзінділері «кодтар тоғысы» түрінде көрініс береді. «Кодтар тоғысын» айқындау арқылы тұрақты бейнелі оралымдардың этномәдени ішкі мазмұнын ашып, «Адам және Әлем» арасындағы күрделі қатыстылықтың терең қатпарларын «індете зерттеуге» болады. Осы тұрғыдан келгенде мақал-мәтелдер бойында тоғысатын әрқилы кодтарды (астральдық, вегативтік, зооморфтық, антропоморфтық, гастрономдық, түр-түстік, сандық т.б.) ішкі құрылымдық жүйені реттеуші тілдік тетіктер деуге де болады.

Реалийдің объективті белгілерін атаумен, көрсетумен шектелетін тілдік емес код пен сол атауға бейнелілік, сокральділік, символдық, тылсым құпиялық, магиялық т.б. мәндердің үстемеленуінен пайда болатын тілдік кодтардың өзара ауыс-түйісі паремиялардың ішкі мазмұндық құрылымындағы күрделі байланыстарды реттейді. Соның нәтижесінде дүниенің паремиологиялық бейнесінің үзінді-кесінділері, фрагменттері ретіндегі тілдік модельдері (мақал-мәтелдер) тіл иесінің әлем, ақиқат шындық

болмыс, өмір-тіршілік заңдылықтары т.б. туралы ұғым-түсініктері, жасаған пайым-тұжырымдары, өмірлік іс-тәжірибесінің қорытынды-нәтижелері бекітін дүние бейнесімен (әлем моделімен) күрделі байланысқа түседі.

Өмірлік типтік жағдаяттардың бейнелі атауы ретіндегі паремиялар (мақал-мәтелдер) және олардың құрамындағы логикалық ой екпіні түсетін тірек сөздер – когнитивтік семантика тұрғысынан алғанда, өзіне сай келетін объектілермен тығыз байланыстағы танымдық концептердің, лингвокультурологиялық семантика тұрғысынан тіл иесінің өмір-тіршілігі үшін маңызды құбылыстарды, заттарды, қимыл-әрекеттерді, мәнді саналатын абстракты ұғымдарды таңбалайтындықтан мәдени константтар атауы болып саналады. Басқаша айтқанда, мақал-мәтелдер – таным нәтижесін тіркеуші және сақтаушы, бір индивидтен екінші бір индивидке көшу барысында біршама варианттық өзгерістерге ұшырап отыратын шындық болмыстағы объектілер туралы қордаланған білім қорын жеткізуші бірліктер.

Паремиялар екіншілік аталымдар ретінде адамның ақиқат шындыққа, заттар мен құбылыстарға, әрекеттер мен қалып-күйге, ортаға, әлемге деген эмоционалдық – бағалауыштық қарым-қатынасты да білдіреді. Бұл паремиологиялық дүние бейнесінде әлем туралы эмоционалдық – экспрессивтік мәндегі ақпараттың жинақталуына негіз болады. Тіл иесінің бағзы заманнан қоршаған ортаны игеруіне қатысты жинақтаған өмірлік тәжірибесі, әлеуметтік-қоғамдық қарым-қатынастарының тұжырымдамасы тілдік бірліктердің ішкі мазмұндық құрылымында этномәдени ақпараттар жүйесі түрінде сақталады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің паремиологиялық қоры – тілдік этномәдени ақпараттар жүйесінің құрамдас бөліктері болып саналады. Өйткені олардың мазмұн межесі мен мағыналық құрылымында, ішкі формасында, уәждік негіздері мен фондық астарында ұлттың (халықтың, этностың) сан ғасырлық қоғамдық-тарихи тәжірибесі бекітіледі. Сондықтан да әр паремияны дүние (ғалам) бейнесінің кесіндісі, дүние суретінің тілдік моделі деп санауға болады. Мәселен, қа-

зақ тілінің паремиологиялық қорындағы «Қағынан жеріген құлан оңбас; «Түлкі түгінен жазады; «Ажалды киік адырға қарай қашады; «Аюды жеңген – жарты ер, Ашуды жеңген – бүтін ер; «Бір жылға қоян терісі де шыдайды; «Аюдан қорыққан орманға бармас; «Тау-текенің тасқа шықпаса, тұяғы қышиды; «Қасқыр тойғанына емес, қырғанына мәз; «Сағынған елін аңсайды, сарыала қаз көлін аңсайды; «Көл жайлаған үйрек-қаз шөл қадірін білмейді, шөлде өскен бұлдырық көл қадірін білмейді; «Баба бүркіт барлап ұшады, бала бүркіт парлап ұшады; «Сұңқар тұғырына саңғымайды; «Жаман мерген теке атқан жеріне үш барады сияқты паремиялар қазақ даласында кездесетін аң мен құстардың түрін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар қазақ халқының «ит жүгіртіп, құс салған» аңшылық, саятшылық кәсібінен де хабардар етіп, аң аулау барысындағы әр аңға, әр құсқа тән қасиетті, қимыл-қылықты бақылып, барлаған тәжірибесін де көрсетеді. Сол тәжірибе негізінде адамға қатысты моральдық-этикеттік нормалар, адами қасиеттер, жат қылықтардан аулақ болу, ұрпақ тәрбиесі, патриотизм т.б мәселелері көтеріледі.

Ал «Бетеге, жусан – бел көркі, білімді ұл-қыз – ел көркі; «Соры бар жігітке сортаң жер жолығар, айналасы ойпаң жер жолығар; «Мәуелі ағаштың басы төмен; «Қисық бұтаққа қызыл жиде бітеді; «Тау баласы тауға қарап өседі; «Қопалы жерге қонбаңыз, қона өртенсе үй кетер, Жар басына қонбаңыз, дауыл тұрса, күй кетер; «Сары аязда сары қамысты қыста, Басыңа пана, малыңа қора ұста тәрізді мақал-мәтелдер қазақ жерінің географиялық бет-бедерінің, ой-шұңқырының сипатын танытатын болса, «Не ексең, соны оларсың; «Егіндікті күз суар, күз суармасаң жүз суар; «Кетпеннің басын бассаң, сабы өзіңе тиеді; «Шегірткеден қорыққан егін екпес; «Күріштің арқасында күрмек су ішер сияқты паремияларының образдық негізіне жер жыртып, егін еккен диханшы өмірі алынып, семантикалық жағынан «не істесең, соның нәтижесін көресің», «біреудің арқасында жақсылық көру», «тәуекелшіл болу» т.б. өмірлік қағидаттар мен ситуациялық мәселелер сипатталады.

«Түстік өмірің болса, кештік мал жи; «Мал ашуы-жан ашуы; «Жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа мың қамшы; «Ақылсыз бас

аяққа тыным бермейді; «Ақымақ айғыр саяққа тыным бермейді; «Түйедей бойың болғанша, түймедей ойың болсын; «Қой тұяғын, сиыр мүйізін төсейді; «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты; «Қойың болмаса, байлықта ойың болмасын; «Жаман сиыр жазда бұзаулайды, «Қотыр теке қора былғар; «Түйе мінген қой арасында жасырына алмайды; «Адам сөйлескенше, жылқы – кісінескенше т.б. мақал-мәтелдер адамға қарата қолданылғанымен, олардың түп негізінде қазақ халқының ата кәсібі – мал шаруашылығына байланысты жинақтаған ғасырлық іс-тәжірибесі жатады.

«Балта сабынан озбайды; «Өтпес пышақ қол кесер; «Ел аузына елек қойып болмас; «Көсеумен тұрткеннің кегі кетпес; «Әркім өз кездігімен өлшейді; «Салақ қатынның үйінен сабақты ине табылмас тәрізді тілдік модельдер балта, пышақ, көсеу, кездік, ине сияқты еңбек құралдары атауларының, «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді; «Бөз көйлекке жібек жамау; «Тақиям жаман болса да, таяғым жақсы; «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – бес саулық; «Төркіні жақынның төсегі жиылмас; «Жақсының сөзі – шамдай жарық; «Жақсы жерге түскен келін – келін, жаман жерге түскен келін – келсап, «Асы бар аяқ әдемі; «Құрғақ қасық ауыз жыртар тәрізді мақал-мәтелдер киім-кешек, қазан-ошақ, төсек-орын сияқты тұрмыстық зат атауларының көмегімен жасалып, номинативтік дүние бейнесін паремиологиялық дүние бейнесімен ұштастырады.

Дүниенің паремиологиялық бейнесі алғашқы адамдар қауымдастығының тіршілік тынысынан басталатын қоғамдық формациялар тарихын сол қалпында бүгінгі ұрпаққа жеткізетіндігімен құнды. Мәселен, тіршілік қамымен алысқа кеткен отағасын артындағы әйелі, бала-шағасының сарылып күтуіне қатысты айтылатын қазақ тіліндегі «Түздегі май ішер, үйдегі қан ішер мақал-мәтелінің түп негізінде аң аулап, аулаған аңын отқа қақтап жеп күнелткен алғашқы адамдардың тіршілігі көрініс табады.

Ертедегі аналық (матриархаттық) билік үстемдік еткен көне дәуірден жалғасып келе жатқан «ана және оның мемлекеттік тұ-

тастықтағы атқаратын рөлі» туралы көзқарас қазақ тіліндегі «*Баланың жақсы болмағы нағашыдан, Әке – асқар тау, шеше – қайнар бұлақ, бала – жағасындағы құрақ тәрізді мақал-мәтелдердің образдық-фондық негізінен көрініс береді.*

Дала заңына сай жер дауын, жесір дауын даулап, барымтаға қарымта қайтарып, адам өлімі үшін қанды кек алған замана суретіне негізделіп «*Барымтаны бай алады, пәлесі кедейге қалады мақалы жасалса, Жеті атасын білмеген – жетім, жеті руын білмеген – жетесіз; Үйірі басқаны ноқта қосады, руы басқаны құдай қосады* сияқты паремиялар рулық қоғамның күнделікті тіршіліктің бейнелейді.

Әр халықтың дүние бейнесінде өзге ешбір ұлтта кездеспейтін, тек сол халықтың төлтума этникалық мәдениетіне, тарихи-эпикалық санасына тән жүйелі білім бекиді, сол арқылы ұлттық салт-сана мен тарихи жады қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңдерінде қайтадан жаңғырып отырады. Олай болса, қазақы дүние бейнесінің паремиологиялық фрагменті Қазақ ордасының елдік тұғырнамасын: «*Ұранымыз – алаш, уығымыз – ағаш; мемлекеттік басқару құрылымын: Ұлы жүзді қауға беріп – малға қой, Орта жүзді қамшы беріп – дауға қой, Кіші жүзді найза беріп – жауға қой; қазақ қоғамының әлеуметтік сипатын: Ханды құдай қарғаса, қарашасымен қас болар, Хан көп болса, жау көп, Би көп болса, дау көп; Әділ би халқы үшін, залым би құлқы үшін қызмет етер; Төреге ерген ерін арқалайды, Қожаға ерген тері арқалайды; Жарлы кісі байыса, артын қоюға жер таппайды; Бай кісі кедейленсе, бетін қоюға жер таппайды; туыстас түркі халықтарымен дипломатиялық қарым-қатынасының тұжырымдамасын: Өзбек – өрістес ел, қырғыз – қоныстас ел, қарақалпақ – қарындас ел, түрікпен – тамырлас ел, татар-башқұрт – тағдырлас ел. Өзбек – өз ағам, сарт – садағам; Ресей, Қытай сияқты шекаралас алпауыт мемлекеттердің боданы болудан сақтандыру шарасын: Орыспен көрші болсаң, қасыңда айбалтаң болсын; Қара қытай қаптаса, ақыр заман болар; салт-дәстүрін: Көшкен елдің көмеші болса, қонған елдің ерулігі бар; құқықтық заңнамасын: Иілген басты қылыш кеспес; Бір қазаға*

екі жаза жоқ; «Барымтамен келген мал, қарымтамен кетеді; «Жесір ерден кетсе де, елден кетпес; «Жаңылмас жақ болмас, сүрінбес тұяқ болмас) т.б. бекіткенімен ерекшеленеді деуге болады.

Әр басқа халықтың, елдің салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әдеп-әдібінде сол этностың этникалық төлтума болмысынан туындайтын ерекшеліктің болмай қоймайтынын, кез келген жат жұрттық соған сай өмір сүруі қажеттігін қазақы дүние бейнесінің паремиологиялық фрагменті «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа деп тіркейді.

Дүниенің тілдік бейнесінің паремиологиялық модельдері тіл иесінің санасындағы дүниенің практикалық бейнесімен ұштасып, «сол тілді қолданушы үшін мынадай прагматикалық қызметтерде жұмсалады»¹.

1. Мақал-мәтелдер қандай да бір өмірлік немесе логикалық жағдаяттың санадағы моделін түзеді, яғни моделдеуші қызмет атқарады. Мысалы, «Біреудің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге паремиясы бір жағынан оңдық, жүздік, мыңдық, түмендік болып сап түзеп, жауға аттанған әскерлердің жорық кезінде біреуі қорқақтық көрсетсе, немесе сатқындық жасаса, ол үшін бүкіл топ жазаға тартылатын әскери тәртіптің, яғни қазақ халқының басынан өткерген тарихи жаугершілік іс-қимылын танытатын өмірлік жағдаяттың тілдік моделі болатын болса, екінші жағынан, «бір адамның жағымсыз әрекеті бір топ адамның мақсат-мүдделерінің орындалуына кедергі келтіреді» деген типтік логикалық жағдаятты моделдейді. Сол «Бір қарын майды бір құмалақ шірітер пармиясы дүние бейнесінде «ұжым бірлігіне, ортақ мақсат жолындағы бірлесіп істеген іске тигізер бір адамның кесірі» туралы логикалық жағдаятты да, тіршілігі төрт түлікпен тығыз байланысты қазаққа етене таныс тұрмыстық ситуацияны да таңбалайды.

Қазақ тіліндегі «Баусыз оймақ қолда тұрмас, байсыз қатын үйде тұрмас паремиясы әрі «тұрақты қалып күй үшін екі затты, екі нәрсені бір-бірімен жалғап, байлап тұратын себеп болуы ке-

¹ Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 1998. – Б. 88-89.

ректігін» аңғартатын логикалық модель, әрі оймақтың баусыздығынан иненің жуан басы қолға кіріп, іс тігуге кедергі келтіріп, қолайсыздық тудыратыны тәрізді, жеңілтек әйелдің күйеуінің жоқтығын пайдаланып үйде отырмауы бала тәрбиесі мен үй іші тірлігіне кері әсер-ықпалын тигізетінін меңзеген өмірлік типтік жағдаяттың моделі. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды паремиясының жасалуына әр нәрсенің туындау себебі мен оның салдарын бағамдаған өмірлік тәжірибенің «бірінен екіншісі туындайтын кез келген құбылыстың себебі және салдары болады» деген жалпыхалықтық пайыммен тоғысы арқау етіледі.

Мұндай тіл иесінің белгілі бір жағдаяттың екінші бір жағдаяттың туындауына себеп болатынын логикалық тұрғыдан пайымдап, оны этногенетикалық ұжым мүшелерінің қажетіне жарар кеңес-тағылым етіп, паремиологиялық модель түрінде бекіткен тұрақты бейнелі орамдарына қазақ тіліндегі: «Бота қотыр болса, енесін былғайды, енесі келесін былғайды; « Аузы күйген үрлеп ішер; « Көп жортқан ит күшалаға кездесер; « Күзетте көзің ілінсе, жау қармағына өзің түсерсің; « Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің; « Еңбек етсең – емерсің; « Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды; « Қой семізі – қойшыдан т.б., т.б. мақал-мәтелдерді жатқызуға болады. Мақал-мәтелдердің логикалық және тілдік тұрғыдан моделдеуші қызметі зат пен құбылыстар арасындағы қарым-қатынастардың, байланыстардың сан алуан сипатымен айқындалады, яғни өмірлік дағдылы жағдаятты сипаттай отырып, мақал-мәтелдер логикалық ой екпінін бейнелі, образды мағынамен тұспалдап жеткізеді.

2. Мақал-мәтелдер тілдік ұжым мүшесін тәрбиелеу, өмірге үйрету қызметінде жұмсалады. Олардың қайсы бірі ақиқат шындық болмыс және оның жалпы заңдылықтары туралы түйінді ойы, өмірлік іс-тәжірибесінің қортынды-нәтижесі бекітілген тіл иесінің санасындағы дүние бейнесімен таныстырса, кейбіреулері ата-мекен, туған жердің қадір-қасиетін, халықтың елдік болмысын түсіндіріп, қоғам мүшелерін кісілік пен әдептілікке, еңбек-

қорлық пен кәсіби шеберлікке, байқампаздыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге үндейді, адами қарым-қатынастың озық үлгісіне баулу мақсатын көздейді. Мәселен, қазақ тіліндегі «Алтынды тот баспайды; «Жауын аяған жаралы; «Көз көруге тоймайды, құлақ етуге тоймайды; «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді; «Болат пышақ қын түбінде жатпас; «Жетеліні жеті жыл жетелесең адам болады, жетесізді жетпіс жыл жетелесең де надан болады, т.б., мақал-мәтелдер өмірдегі құбылыстардың, заттардың тектік болмысы көп жағдайда тұрақты болып келетінін ұрпақ зердесіне философиялық түйін ретінде жеткізетін тілдік модельдер болып саналады.

Қайсы бір заттар, құбылыстар белгілі бір уақыт аралығында жаңа сапалық қасиетке ие болып, түр жағынан өзгеріске түсіп отыратынын салмақтап бағамдаған тіл иесінің танымдық тәжірибесінің нәтижесі қазақы дүние бейнесінде: «Бүркіт қартайса тышқаншыл; «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?! «Жақсы жерге келген келін – келін, жаман жерге келген келін – келсап. «Бұрынғының кісісі – бүгінгінің кішісі, «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас т.б., тілдік моделдер түрінде шегенделіп бекітіледі.

Дүниенің қарабайыр бейнесінің паремиологиялық фрагментінде жақсыға тән қасиет пен жаманға тән қасиет, олардың ара жігін ашып көрсету арқылы келер ұрпақты жақсы мен жаманды айыра білуге үйретудің тағылымдық модельдері көрініс табады: қазақ тілінде: «Данамен жақын болсаң қолың жетер, залыммен жақын болсаң басың кетер; «Жақсыдан шапағат жаманнан кесепат; «Жақсы жолдас жеткізеді мұратқа, жаман жолдас қалдырады ұятқа; «Жақсы көргенін айтады, жаман жегенін айтады т.б.

Ал «Жер басқанға мәз болма, жерде ізін қалмаса деп ұрпақты артқа қалар ізге балаған, «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар деп балалы болуды, артына арлы, абыройлы ұрпақ қалдыруды өмірдің мәні санаған қазақ халқы ұл-қыздың тәлім-тәрбиесіне айрықша назар аударып, дүниенің паремиологиялық бейнесінде Қарағайға

қарап тал өсер, Қатарына қарап бала өсер; « Ұлың өссе, ұлықтымен ауылдас бол, Қызың өссе, қылықтымен ауылдас бол; « Ата көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер; « Аяғына қарап асын іш, шешесіне қарап қызын ал; « Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүрер; « Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей деп қоғам мүшелеріне жас ұрпақ тәрбиесін міндеттеген ұлттық этнопедагогикалық құндылықтар жүйесін құрады. Ол құндылықтар жүйесінде « Тек жүрсең, тоқ жүресің; « Аңдамай сөйлеген ауырмай өлер; « Әлін білмеген – әлек; « Қисықтың көлеңкесі де қисық; « Атаңа не қылсаң, алдына сол келер; « Жығылып жатып, сүрінгенге күлме; « Пысық болам деп нұшық болма деп жас адамды жөнсіз қылықтан сақтандыру да, « Ел алғысын алсаң елеулісі боласың, Халық алғысын алсаң қалаулысы боласың; « Жат үйінде жатық бол; « Таспен атқанды, аспен ат; « Көп тыңда, аз сөйле; « Өзін өзі мақтаған-өліммен тең; « Әдепті бала, ата – анасын мақтатар, әдепсіз бала ата-анасын қақсатар; « Атасы тұрып, ұл сөйлегеннен без, Анасы тұрып, қыз сөйлегеннен без деп әдепті болуға шақыру да, « Ұлы сөзде ұят жоқ, « Ұлы сөзден – ұлағат; « Көре тұра айтпасаң, көргенсіз дер, біле тұра айтпасаң жетесіз дер деп кезі келгенде өз ойын ашық айтар өткірлікке баулу да, « Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер; « Ата өлгенмен кәде өлмейді; « Аты-тоны сай кісі жиын тойға барысар, Ұлы-қызы бар кісі құдалыққа барысар деп ұлттық салт-дәстүрді сақтауға үйрету де көрініс табады¹.

Қазақ дүние бейнесінің паремиологиялық фрагментінде бекіген «ұрпақ және оның тәлім-тәрбиесі» мәселесіне қатысты этнопедагогикалық тағылым адамның отбасындағы орнынан бастап, қоғамдық-әлеуметтік қарым қатынас жүйесінде атқаруға тиіс кісілік, азаматтық, патриоттық т.б. міндеттерін тұтас қамтиды, барлық мүмкіндікті пайдалана отырып, туған елі мен кіндік қаны тамған жерінің болашағына қажет тәжірибені жастайынан жинақтауды өсер ұрпаққа өсиет етеді.

¹ Қараңыз: Сағидолда Г. Түркі – моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана: Сарыарқа, 2011.

3. Паремиялардың практикалық мақсат көздейтін прагматикалық қызметтерінің бірі – олардың болашақта болатын нәрсені, құбылысты, өзгерісті болжауы. Мақал-мәтелдердің бұл қызметте жұмсалуды да тіл иесінің өмірлік іс-тәжірибесінің, көрген-білгені мен көңілінде түйгендерінің салдар-нәтижесі. Мәселен, қазақ тіліндегі «*Болар бала он бесінде бас болар, болмас бала отызында жас болар*; «*Ақыл жастан, асыл тастан*, «*Өнерлі жігіт өрде озар, өнерсіз жігіт жер соғар*, «*Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар* тақылеттес паремиялар адамның болашағы мен келешегіндегі ақыл-қайраттың, амал-айланың, өнер-білімнің орнына қатысты айтылады. «*Үт кірер, үйге құт кірер*; «*Отамалы, отамалыдан қалған мал – ата малы*; «*Үркер жерге түспей жер қызбас*; «*Сүмбіле туса, су суыр* тәрізді паремиялар қазақ халқының уақыт есебін, табиғат құбылыстарының өзгеруін қалт жібермей бақылап, одан жасаған қорытынды-болжамын өзінің паремиологиялық дүние бейнесінде тіршілік-тынысына қажет білім етіп тіркегенін көрсетеді.

Аспан денелерінің орналасу ерекшеліктерін білу, жыл мезгілдерінің ауысуын мұқият қадағалау, маусымдық мерзімдерді дәлме-дәл көрсету мал бағу, егіншілік-дихандықпен айналысу сияқты шаруашылықтарды ұйымдастыру үшін қажет болды. Қырық күн шілде басталарын «*Үркер жерге түспей жер қызбас* деп болжаған қазақ, «*Тараз туса, таң салқындар* деп егін жинау мерзімін Тараз жұлдызының көрінуімен байланыстырады. *Сүмбіле туса, су суыр* жаз айының аяқталуын білдіріп, қыс қамына кірісу керектігін меңзейді. «*Жыл деген ат басын бұрғанша, ай аунап тұрғанша* мақалы арқылы уақыттың тез өтетінін ескерткен қазақ, «*Көліне қарай қазы, қысына қарай жазы* деп қыс қатты болса, жазда аптап ыстық болатынын болжайды¹

4. Өмірлік типтік жағдаяттың тілдік таңбасы ретінде мақал-мәтелдердің қайсы бірінің образдық-фондық негізінде тілді, сөзді қоршаған ортаға ықпал ете алатын қару деп танып, оның

¹ Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 1998. – Б.146.

құдіретіне табынған, тілдің магиялық күшіне, сөздің сакральді мағынасына сенген ежелгі адамдардың архаикалық ой танымы жатады. Ежелгі дүниетанымдық жүйедегі сөзге, тілге деген культтық көзқарас паремиялардың прагматикалық қызметіне магиялық реңк үстемелейді. Мысалы: қазақ тіліндегі «*Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады*» паремиясында табиғаттың небір алапат күштері бұзып-жара алмаған тау-тасты уатып жіберетін адамзат тілінің қаһарлы күшіне деген қазақтың ежелгі мифтік-архаикалық сенімі көрініс табады. Ауыр айтылған ащы сөздің уытын қазақ «*Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді*» деп бағамдайды.

Этномәдени ортада адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының жағымды, я болмаса жағымсыз сипат алуы да сөздің сакральді мағынасына, күш қуатына, құдіретіне қатысты болып келетінін аңғарған қазақ «*Жақсы сөз – жарым ырыс, «Жылы-жылы сөйлесең жылан іннен шығады, «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді*» деп деп қарым-қатынас жасау мәдениетіндегі сөздің орнын анықтайды. «*Аузын ашса, көмекейі көрінеді, «Ішімдегінің бәрі тілімде, тілімдегінің бәрі түрімде*» деп қарым-қатынас жасаушы адамдардың мінез-құлығын, адами парқын сөз арқылы тануға болатынын көрсете отырып, қазақ «*Айтылған сөз атылған оқ, «Басқа пәле – тілден, «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі, «Көп сөз көжеге қатық болмайды*» деп тілдік ұжым мүшелеріне берекесіздік, бақытсыздық, дау-дамай көбіне көп байқамай айтылған ауыр сөзден немесе мәнсіз көп сөйлеуден туындап жататынын ескертеді. Артық сөз түптің түбінде адамға кері әсерін тигізетінін ұрпағына өсиет етеді.

5. Мақал-мәтелдердің поэтикалық-бейнелі табиғаты, қысқа тұрпатты құрылымы, әуезділігі мен саздылығы олардың ауқымды ойды нақтылаушы және айшықтаушы қызметте жұмсалуына негіз болып қана қоймайды, оларды көркем сөз өнерінің көрікті үлгілері ретінде танытады. Осы тұрғыдан келгенде, паремияларды тіл иесінің поэтикалық дүние бейнесін сомдауға қатысатын тілдік модельдер деп санауға болады. Мақал-мәтелдердің ой

легін тыңдаушысына қысқа да нұсқа, бейнелі де әуезді, көркем де көрікті етіп жеткізу қызметін қазақ халқы « Жүздің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал; « Жүздің көркі – көз, ауыз көркі – сөз, сөздің көркі – мақал деп бағалайды¹

6. Дүниенің паремиологиялық бейнесі – ұлттық дүниетанымның, халықтық төлтума болмыс-бітімнің тілдік модельдерін зерттеудің “құнарлы топырағы” Паремиология арқылы ұлт өкілінің өзін қоршаған шындық болмыс туралы танымын, жасаған пайымын, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасын анықтауға, соның негізінде қазіргі рухани құндылықтардың онтологиялық бастаулары мен қайнар көздерін түсінуге болады. Мәселен, қазақ халқының этногенетикалық біртұтастығының іргетасы саналатын ұлттық ділдің құрамдас бөлігі – тәңірлік наным-сенім “адамның бай, кедей болмағы, тіршілігінің ауыр-жеңіл болмағы бір Тәңірінің ықтиярында” деген мағынада қолданылатын « Тәңір асыраған тоқтыны бөрі жемейді паремиясында көрініс тапса, әдетте, ортақ мақсат-мүдде біріктірген, ым-жымы бір, сыбайлас екі адамға қарата қолданылатын « Қарға қарғаның көзін шұқымайды паремиясы мифтік (тотемдік) танымды танытатын тілдік модель.

« Қарға қарғаның көзін шұқымайды паремиясының ішкі формасын, образдық негізін ашуда қарға тамырлы қазақ, қарға жүнді қаттасым, үйрек жүнді оттасым, қолға қарға тышу тіркестерін қосымша танымдық-ақпараттық көз ретінде пайдалануға болады. Бұлардың құрамындағы қарға компоненті қазақтың көне нанымы – тотемизмге жетелейді.

Бір ру елдің, бүтін бір этностың шығу тегін құс әлемімен, жан-жануарлар дүниесімен байланыстырып, солардан тарату түркілік көне дүниетанымның құрамдас бөлігіне жататыны белгілі. Ә.Т. Қайдар қарға тамырлы қазақ фразеологизмінің жалпы мағынасы генетикалық тектік ортақтыққа, өзара туысқандық байланысқа меңзеп, «қандық туыстық біріктірген қазақтар», «қаны бір қазақтар» дегенді білдіретінін, фразеологизмді біртұ-

¹ Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство. – Алматы, 1997. – С.10.

тас қазақ этносына, тіптен осы этностың әрбір өкіліне тура немесе жанама түрде болсын қатысы бар ерекше сипаттама ретінде қабылдауға болатынын айтады¹.

Қарға тұнғыс-мәнжі, эвенкі, монғол, тува, саха сияқты алтай тілдес халықтар үшін ерте кезде тотем деп танылған киелі құс болғанын Қ. Ғабитханұлы тілдік деректер арқылы дәйектей келе: “Қарғаға қатысты *қарға тамырлы қазақ, қарға жүнді қаттасым, үйрек жүнді оттасым, қолға қарға тышар* тәрізді тұрақты тіркестер қарғаның қазақ үшін де тотем болғанын дәлелдейтін сияқты. Халық ішінде “бір-екі балам бар” деудің орнына “бір-екі қарға ұстап отырмыз” деу немесе баласын “қарғам” деп еркелету бар. *Қарға тышар* деп олжадан, табыстан үміттену қарғаның саңғырығын байлыққа балаудан, демек қарғаның қасиеттілігінен туындаған. Бұл ұғымдар бізге тым ертеден наным-сенім ретінде жетіп отыр” деген түйінді ой айтады.

Демек *қарға қарғаның көзін шұқымайды* паремиясы бір жағынан, тіл иесі этностың әлеуметтік-генеалогиялық тектестігіне қатысты мифтік (тотемдік) наным-сенімін танытып, концептуальді дүние бейнесін қалыптастыратын этномәдени концептер аясына енетін болса, екінші жағынан, дүниенің тілдік бейнесінде нақты жағдаяттарды немесе объектілер арасындағы нақты қатынастарды таңбалайды. Мұндағы нақты жағдаят – біреудің іс-әрекетіне келесі біреудің көңілі толмау және оны әлеуметтік бір саты жоғары тұрған адаммен салыстыру болатын болса, объектілер арасындағы қарым-қатынас – бір әлеуметтік ортадан шыққан, мақсат-мүддесі ортақ екі адамның іс-әрекеттеріне баға беруші үшінші адам арқылы сипатталады.

Мақал-мәтел екі бірдей типтік жағдаят арасындағы логика-ассоциативтік байланыс нәтижесінде туындайтын күрделі тілдік конструкция болғандықтан, онда дүние бейнесінің екі бірдей кесіндісі (фрагменті) қиысады. Мақал-мәтелдің тура мағынасы

¹ Қайдар А. Тысяча метких и образных выражений: (казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями). – Астана: Білге, 2003. – С. 209

арқылы сипатталатын бірінші типтік жағдаят тіл иесінің өзін қоршаған табиғи ортаға бейімделуі және оны игеруі барысында жинақтаған өмірлік тәжірибесіне, ауыспалы мағынамен сипатталатын екінші типтік жағдаят адамның жеке басына, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа берілген бағаға, жасалған пайымға байланысты болып келеді. Мысалы: “Баласының қылығы көңіліне симаған ана оған ашуланып ұрсуы, қаталдық танытуы мүмкін. Әйтседе өз анасынан естіген ауырлау сөз де, тіптен ананың тартып жіберген шапалағы да бала көңіліне сызат түсірмейді” деген ауыспалы мағынада қолданылатын «*Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды*» мақал-мәтелінде дүние бейнесінің фрагменттері екі типтік жағдаят түрінде көрініс береді: оның біріншісі – жылқышы қазақтың күнделікті өмірінде жиі көріп жүргені, яғни желі басында оңдырмай тепкеніне қарамастан енесінің бауырында ойнақтаған құлынның қылығы; екіншісі – мейірімді ана мен тентек бала арасындағы қарым-қатынастың бір сәті. Бұл екі типтік жағдаяттардың арасын құлынды бие мен ана, құлын мен бала қылықтары арасындағы ассоциативтік-логикалық сәйкестік жалғайды. Тілдік қолданыста синонимдер ретінде бірінің орнына екіншісі қолданыла беретін бұл паремиялардың мазмұндық құрылымында екі бірдей жағдаят, атап айтқанда кез келген адамның ет жақындарынан тұратын өз ортасы болатыны, ол ортада мінезі жайсыз адамның оғаш қылықтарының өзі байқала бермейтіні туралы өмірлік шындық пен жыртықшы қасқырдың апанында ғана өзін бейқам, тыныш, қамсыз болатыны туралы аңшылық тәжірибе тоғысады.

Әлеуметтік-типтік көзқарастар, қарым-қатынастар мен бағалар жүйесі ұлттық тіл жүйесінде өз таңбасын қайтсе де қалдырады. Дүниенің паремиологиялық бейнесінде ақиқат шындық болмыстағы объектілер, құбылыстар, оларға тән қасиеттер, белгі-нышандар т.б. ғана емес, сол объектіге, құбылысқа деген субъектінің көзқарасы, бағасы, пайымы да көрініс табады¹ Мысалы: қаз. «*Үш кессең де жыланның кесірткелік қауқары бар*; «*Есіктен кіріп, төр*

¹ Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск, 2004. – С. 5.

менікі деме; «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүрер; «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық, т.б. Паремиологиялық дүние бейнесінің өзегін «тіл мен мәдениет» біртұтастығы құрайды. Сондықтан да этногенетикалық тілдік қауымдастықтың танымдық, поэтикалық, тағылымдық-тәлімдік, этикалық-нормативтік, аксиологиялық-бағалауыштық, практикалық іс-әрекеттерінің нәтижелері паремиологиялық дүние бейнесінде типтік жағдаяттардың көрнекі (бейнелі) атаулары, суретті сипаттамасы (паремия) түрінде таңбаланады, орнығады, бекиді, сақталады және келер ұрпаққа табысталады.

«Мәңгілік Ел» идеясының паремиологиялық жүйедегі көрнісін туған жерді, туған елді қадірлеуге: «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол; «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас; «Өзін-өзі билеген ел бақытты, өзін-өзі білген ер бақытты; «Елді сыйлағаның – өзіңді сыйлағаның; «Ұлтарақтай болса да атақоныс жер қымбат, Ат төбеліндей болса да туып өскен ел қымбат; «Ел намысы – ер намысы; «Сұңқар қиясын сағынады, торғай ұясы сағынады т.б.; аршылдыққа: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы; «Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер; «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені т.б.; «Жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат; ынтымақ-бірлікке: «Ырыс алды – ынтымақ; «Бірлік болмай – тірлік болмас т.б.; өнер-білімге: «Оқыған қара суды теріс ағызар, Ошаққа қара тастан май тамызар; «Шешенің сөзі мерген, шебердің көзі (қолы) мерген т.б.; ата-ананы құрметтеуге: «Әке – асқар тау, Ана – шалқар көл; ұрпақ тәрбиесіне: «Ата көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер; «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер; «Тәрбие басы – тал бесік т.б.; үлкенді сыйлауға: «Үлкенге құрмет – балаға міндет; «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, Кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды т.б. ; сөзге тоқтауға, ойланып сөйлеуге: «Өнер алды – қызыл тіл; «Тәрбие тілден басталады; «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар; «Қылышынан қан тамған батырды, Тілінен бал тамған ақын алады; «Мал шөпке тоқтайды, Адам сөзге тоқтайды; «Тіл – қылыштан өткір т.б.; әділеттілікке, шыншылдыққа: «Тура биде – туған жоқ; бауырмалдылыққа: «Мал қонысын

іздейді, Ер жігіт туысын іздейді т.б.; басқа да адамгершілік нормаларын сақтауға үндейтін және өмірлік-жағдаяттық тәжірибеге баулитын мақал-мәтелдер құрайды.

Халықтың өмірлік тәжірибесі мен аялық білім қорының нәтижесі жинақталған мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұны ұлттық рухты нығайтуға, «Мәңгілік Ел» идеясының лингвистикалық тұғырын бекітуге қызмет етеді.

§ 5 «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ДАМЫТУДЫҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

«Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді...Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны... ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» («Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. 17.01.2014.). Мемлекеттік тілді ұлттың ұйытқысына айналдыру, қазақ тілінің лексикалық қорын жинақтап, сапалы сөздіктер түзумен, қазақ лексикографиясын жалпытүркілік деңгейде (түркі лексикографиясы аясында) ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты дамыту мәселесімен ұласады.

Түркітілдес халықтардың мәдениетаралық қарым-қатынастарын жаңғыртуды сапалық жаңа деңгейге көтерудің, жаһандану үрдісі жағдайында жалпытүркілік лингвоэтномәдени құндылықтарды сақтап қалу және насихаттаудың түркі әлемінің ғылым және білім кеңістігіндегі, түркі халықтарының өзара ықпалдастығы мен ынтымақтастығын арттырудағы маңызы зор. Мұнда түркі тілдерінің әр қайсысының қоғамдық қарым-қатынастардың барлық саласындағы атқаратын әлеуметтік рөліне айрықша мән берілері сөзсіз.

Техногендік өркениеттің және ақпараттық жаһанданудың әсерінен түркі тілдерінің сөз қорының шет-шекарасының кеңеюі,

қоғамдық санадағы қайсыбір ұғымдардың ескіруі салдарынан бір кезде актив қолданыста болған сөздердің көнеленіп, көне сөздердің архаизмдерге айналуы, мәдениетаралық қарым-қатынастарда бір тіл мен екінші бірдің тіл ортаға тіл салмай өте жақын жанасуы т.б. тілдік, геосаяси, қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер түркі тілдерінің сөз қазынасын, сөздік қорын толассыз толығуларға, айтарлықтай өзгерістерге жетелегені сөзсіз. Сондықтан түркі тілдерінің лексикалық қазынасын түркі тілдері дамуының қазіргі деңгейі тұрғысынан зерттеу және қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қорын барынша түстеп-түгендеу – заман талабынан туындап отырған өзекті мәселелер деуге болады. Мұндай келелі мәселелердің шешімін табуда дәстүрлі лингвистикалық түркітанудың лексикология саласына, соның ішінде салыстырмалы-тарихи лексикология, салыстырмалы-синхрондық лексикология, терминология, лексикография, ономастика тәрізді салаларына зор міндет жүктеледі.

Жаһандану үдерісіне сай ғаламдық ақпараттық кеңістіктің біртұтастануы, өркениеттер тоғысының, мәдениеттераралық диалогтардың, діндераралық келісім мен толеранттылықтың халықаралық қауымдастықтың тұрақты дамуының кепіліне алынуы, инновациялық технологияның айрықша дамуы және т.б. заманауи факторлар еліміздің қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінің сан-алуан салаларында жедел қарқынмен жүріліп жатқан интеграциялық үдерістердің тілдік және мәдениеттанымдық тетіктерін іздестіруді міндеттейді. Бұл ретте түркі лексикографиясы – интеграциялық үдерістердің жедел қарқын алуына игі әсерін тигізетін тілдік және мәдениеттанымдық тетіктердің бірі ғана емес бірегейі саналады.

Тарихи жағдайға байланысты бір негізден тараған түркі халықтарында әртүрлі әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және тілдік жағдаяттар қалыптасты. Осыған орай қарым-қатынас үдерістерінің әлеуметтік шарттары мен әлеуметтік-мәдени факторлары, этникалық үдерістердің тілдік салдары, әрбір этносқа тән ұлттық-мәдени дүниетанымның өзіндік ерекшеліктері

қалыптасты. Жекелеген түркі тілдері даму барысында өзге тілдермен ықпалдастыққа түсіп, лексикалық қорын кірме сөздер арқылы жаңартып, байытып отырады. Бұл түркі тілдерінің барлық деңгейлеріндегі алшақтықтардың ұлғаюына алып келді.

Жалпы тілдегі сөздік қорды толықтай жинап алудың аса күрделілігі жайлы академик Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің сөз байлығын, сөздік қорын түгел де толық көрсету алыстағы армандай қиын дүние, тіпі ол мүмкін емес. Өйткені тіл байлығы шегі жоқ теңіздей мол дүние. Ол күн санап жаңарып, толығып, жаңаланып отыратын организм іспетті. Екіншіден, тіл қазынасын түгел қамтуға мүмкіншілік беретін әмбебап лексикографиялық сөздік түркітануда әлі дүниеге келген жоқ. Бүгінгі таңда сөз қазынасын түгел болмаса да біршама толық қамтуға мүмкіншілік беретін жол біреу-ақ: салалық сөздіктерді жасау», – деп ой түйеді¹. Түркі тілдері лексикалық қорын мүмкіндігінше толық жинақтау, жүйелеу, әр тілдегі тарихи қабаттарды саралап, кірме сөздерді қабылдау ерекшеліктерін анықтау түркі тіл білімінің лексикография саласына тікелей қатысты өзекті мәселе болып табылады.

Түрлі сыртқы факторларға, тарихи-қоғамдық жағдаятқа байланысты тілдің қолданыс аясының тарылуы немесе мүлдем жойылып кетуі де табиғи заңдылық. Түркі тілдерінің ішінде де жоғалу алдында тұрған, аз ғана тілдік топ қолданатын шағын этностардың тілдері бар. Олардың қатарында сары ұйғыр, салар, қарайым, құмық, ноғай, шор, халадж т.б. тілдерді атауға болады. Күннен-күнге функционалдық қызметінен айрылып бара жатқан тілдердің лексикалық қорын жинақтау да лингвистикалық түркітанудың келелі мәселелерінің бірі.

Жалпы лексикалық байлықтың үлкен бір саласын ғылыми-техникалық терминдер құрайды. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қазақ тіліндегі терминдердің жалпы саны орыс және интернационалдық терминдер мен қазақ тілі негізінде жасалған терминдерді қоса есептегенде, қазақ тілінің байырғы, яғни

¹ Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б.119.

төл сөздерінің санынан асып барады, яғни терминдер төлтума өз сөздерімізден көп. Жер бетінде ауыс-түйісі жоқ тіл кездеспейді, бірақ заңды түрдегі ауыс-түйістің де белгілі шегі болуы қажет. Егер басқа тілден енген сөздер белгілі бір мөлшерден көбейе бастаса, онда тілдің табиғатына, табиғи түрде дамуына нұқсан келеді. Өйткені әр тілдің өзіндік фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, семантикалық даму заңдылықтары бар және ол заңдылықтар түгел сақталған жағдайда ғана тіл өз қасиетін сақтап қалады. Ал сыртқы әсер күшейген сайын тіл өз еркінен айрыла бастайды. Ғылым мен техниканың дамуына, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге байланысты тілімізге еніп жатқан терминдер ағымын тоқтату мүмкін емес. Тек оларды түркі тілдерінің ішкі заңдылығына бейімдеп енгізу ғана тіл табиғатының бұзылмауына ықпал етеді. «Терминологиялық лексиканы өз бетімен жіберу деген сөз – тілді ұлттық қасиеттен жұрдай етумен пара-пар»¹. Сондықтан түркі тілдеріндегі терминологиялық жүйені біріздендіру біріншіден, түркі тілдерінің төл заңдылықтарының сақталуына, түркілік табиғатының бұзылмауына кепілдік берсе, екіншіден, түркі халықтары тілдері арасындағы алшақтықтың одан әрі дамымауына ықпал етеді. Бұл мәселе де түркі тілдері лексикалық қорын жинақтап, жүйелеп, жан-жақты лексикографиялық ізденістер жүргізумен ұштасады.

Лексикология жекелеген сөздердің тобын емес, тілдің қалыптасқан лексикалық жүйесін қарастыратындықтан, лексикалық қорды зерттеу сөздік құрамды тұтас бір бүтін жүйе ретінде таныды міндеттейді. Түркі тілдеріндегі сөздердің құрылымдық және мағыналық түрлерін, тарихи арналары мен қат-қабаттарын, толығу жолдарын, экспрессивті-стистикалық мәнін, қолданылу аясын саралау алдымен қолданыстағы тілдік бірліктерді мүмкіндігінше толық тізімдеп алуды талап етеді. Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар жайындағы ұғымдар жеке сөздермен ғана емес, тұрақты тіркестер түрінде қалыптасқан баламала бірліктермен де түсіндіріледі. Тілдің қаншалықты жетіл-

¹ Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б.120.

гендігі сөздік құрамдағы сөздер санымен ғана емес, олардың мағыналық әлеуетінің кеңдігімен, тереңдігімен де өлшенеді. Бұл сөздік қорды жүйелеу семасиологиялық заңдылықтарды игеруді талап ететінін көрсетеді. Сөздік құрамның синхронды қалып-күйін диахрониялық қалып-күйінен дербес алып қарау түбірлес сөздер мен әртекті, бірақ тұлғасы ұқсас сөздердің семантикалық мағыналары мен реңктерін ажыратуда, этимологиялық негіздерін анықтауда жаңсақтыққа ұрындыруы мүмкін. Сондықтан тілдік дамудың диахрониялық қалпы мен тарихи эволюциясын сипаттайтын тілдік бірліктерді жалпытүркілік сөздік қордан аршып алу да, мүмкіндігінше барлық тірі, өлі түркі тілдерінің лексикалық байлығын жинақтап алумен ұштасады.

Тілдегі сөздердің номинативті қызметімен қатар грамматикалық қызметі де бар. Тілдің тарихи дамуы барысында сөздердің бір-бірімен әрдайым грамматикалық байланыста болуы арқылы бір жағынан лексикалық бірліктердің грамматикалану процесі жүріп жатса, екінші жағынан, сол сөз тіркесінің бір бүтін лексикалық бірлікке ауысу, яғни лексикалану процесі де жүріп жатады. Бұл құбылыс сөзжасам тәсілдерінен көрініс береді. Лексикалық қорды жүйелеу фонетика-фонологиялық заңдылықтарды ескеруді де талап етеді. Сөздер бірнеше дыбыстың тарихи қалыптасқан тіркесімен айтылғанда ғана белгілі бір мағына береді. Тілдегі сөздердің дыбыстық құрамының өзгеруі олардың мағыналарының өзгеруіне алып келеді. Сондықтан түркі тілдеріндегі альтернативті құбылыстарының типтерін – тарихи дыбыс өзгерістері мен позициялық дыбыс алмасуларын, лексикалық паралельдер мен лексикалық варианттарды, грамматикалық құрылымға байланысты дыбыстық ауысуларды ажырата білу мәселелері фонология мен лексикологияның тығыз байланысын сипаттайды.

Әлемдік және отандық лексикографияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, түркі тілдерінің сөздіктерін ғылыми негізде түзу – заман талабы. Түркі елдерінің ортақ құндылықтарды сақтап, дамытуға, мәдени-рухани байланысты, өзара ықпал-

дастықты нығайтуға басымдық беруі түркі лексикографиясының кемелдене дамуына мүмкіндік беріп отыр. Бұл лингвистикалық түркітанудың лексикографиялық саласын жан-жақты дамытудың теориялық және практикалық мән-маңызын сипаттайды: **түркі лексикографиясын дамыту – түркі тілдері лексикалық қорын жинақтаудың, түркі тілдерінің экологиялық ахуалын жақсартудың, жойылып бара жатқан шағын этнос тілдерін сақтап қалудың негізі; жаңа ұғымдарды атауда төл лексиканы мейілінше сарқа пайдаланудың, кірме элементтерді қабылдауды біріздендірудің, түркі тілдеріне ортақ терминологиялық жүйе қалыптастырудың, түркі халықтары тілдері арасындағы ашақтықты өсірмеудің материалдық базасы; түркі тілдерінің функционалдық әлеуетін арттырудың, түркі халықтары арасындағы рухани-мәдени байланысты нығайтудың, жалпытүркілік тілдік сананы жаңғыртудың басты тетігі.** Сонықтан жалпытүркілік тарихи-этимологиялық сөздіктерді, жекелеген жазба ескерткіштердің сөздіктерін, белгілі бір хронологиялық кезеңдер аралығындағы жазба ескерткіштер тілінің ортақ сөздіктерін; қазіргі түркі тілдері аралық екітілді, көптілді аударма сөздіктерді; екітілді салыстырмалы-түсіндірме сөздіктерді; түркі тілдерінің салыстырмалы фразеологиялық сөздіктерін; паремиологиялық түсіндірме сөздіктерін т.б. сөздік түрлерін құрастырудың ғылыми-әдістемелік ұстанымдарын жетілдіріп, жаңа сипаттағы сөздіктер дайындау ісін қолға алу түркітанудың кезек күттірмейтін маңызды мәселелерінің бірі.

Этнос тілі мен этнос мәдениетін бір-бірінен бөліп-жармай тұтастықта қарау ХХІ ғасыр лингвистикасының басты талабы болуына орай, әрбір түркі этносының мәдениеті мен болмысына тән, тарихына қатысты лексемаларды қамтитын этнолингвистикалық сөздіктер түзу де жаһандану дәуіріндегі түркі өркениетін айшықтап көрсетуге, мәдени-рухани құндылықтарды сақтап, дамытуға ықпал етеді.

Түркі лексикографиясын талапқа сай дамытуда хронологиялық, локальдық, тілдік, типтік-құрылымдық сипаты әртүрлі

түркі тілдері сөздіктерінің жетістіктері мен кемшіліктерін саралау, қолданыстағы амал-тәсілдерді жетілдіру, әлемдік лексикографиялық тәжірибенің озық нәтижелерін түркі тілдерінің табиғатына икемдеп пайдалану аса маңызды. Сондықтан халық сұранысын толық қанағаттандыра алатын сапалы сөздік құрастыру тарихи және теориялық-методологиялық зерттеулерге құрылған проблемалар кешенін анықтап алуды міндеттейді:

- түркі лексикографиясының тарихи даму жолын саралап, алғашқы түркі сөздіктерінің типтік, методологиялық ерекшеліктерін талдау;

- түркі лексикографиясы дамуын хронологиялық тұрғыдан кезеңдестіріп, әрбір тарихи кезеңнің сипаттамасын жасау;

- сөздік түзу тәжірибесіндегі «дыбыстық-тұлғалық» жақындыққа негізделетін әліпбилік сөздіктер мен «мағыналық-идеялық» жақындыққа негізделетін идеографиялық-тезаурустық сөздіктердің ерекшеліктерін түркі тілдері материалдары бойынша талдау;

- жүйелі, сериялы және градуалды сөздіктер жасау тәжірибесін жан-жақты саралап, тиімді әрі оңтайлы амалдарын анықтау;

- түркі лексикографиясының метатілін құрайтын терминологиялық базаны анықтап, біріздендіру; құрылымдық және мағыналық тұрғыдан саралау;

- түркі сөздіктерінің типологиялық, жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес лексемалық бірліктерді сұрыптаудың ұстанымдарын нақтылау;

- лексикография теориясының норма және нормативтілік мәселелеріне қатысты қалыптасқан көзқарастарды саралау;

- әр типті және бір типті сөздіктердегі сөздік мақаланың параметрлік құрылымын анықтап, сөздікке алынатын сөздік бірліктердің фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық және лексика-семантикалық сипаттамаларын салыстырмалы зерттеу;

- сөздік бірліктерге берілетін анықтамалардың түрлерін талдау, мағынасының айқындылығы мен нақтылығын қамтамасыз ету;

-түркі жазба ескерткіштері тілі бойынша түсіндірме сөздіктер жасаудың ғылыми-методологиялық ұстанымдарын саралау;

-түркі тілдері бойынша ортақ тарихи-этимологиялық сөздік түзудің басты ұстанымдарын айқындау;

-түркі лексикографиясының ғылыми және методологиялық ұстанымдарын жетілдірудің заманға сай тетіктерін қарастыру;

-біртілді және екітілді түсіндірме сөздікте қамтылатын негізгі параметрлер құрамын анықтау. Сөздіктің нысанға, көлемге, адресатқа байланысты басты типтері мен жанрларына жіктеме жасау;

-екітілді, көптілді аударма сөздік жасаудың басты ұстанымдарын саралап, туыс тілдердің аударма сөздіктерін түзудің өзіндік ерекшеліктерін анықтау;

-фразеологизмдердің біртүлді, екітілді, көптілді түсіндірме, аударма сөздіктерін құрастырудың ұстанымдарын нақтылау;

-біртүлді, екітілді, көптілді паремиологиялық түсіндірме, салыстырма сөздіктер түзудің ұстанымдарын анықтау;

-көлемі ауқымды жалпыхалықтық сөздіктер мен шағын оқу сөздіктерінде қамтылатын лексикалық бірліктердің құрамын анықтау;

-әдеби және ауызекі сөйлеу тілінің материалдарын, ареалдық және аймақтық бірліктерді, жаңа сөз қолданыстарын, кәсіби сөздерді, кірме лексика мен ғылыми терминологияны, фразеологизмдерді, туынды, көмекші және күрделі сөздерді, жалқы есімдерді, олардың сөз таптарына қатысын, омонимдер мен синонимдерді, стильдік реңктерді лексикографиялаудың заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін анықтау, қысқарту ережелерін, шартты таңбаларды, ортақ транскрипцияны нақтылау.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жыл өткен сайын дамып келе жатқан түркі тілдерінің лексикалық байлығы әртүрлі хронологиялық кезеңдерді қамтитын жазба ескерткіштер тілі, халықтың ауыз әдебиеті мен ауызекі сөйлеу тілі, көне жер-су атаулары мен антропонимдер арқылы жетті. Мыңдаған жылдық даму жолынан өткен тіл тарихын лексикография тарихынан тыс қарасты-

ру мүмкін емес, сондықтан лексикография тарихы тарихи тіл білімімен тығыз байланыста қарастырылады. Түркі тілдері тарихи лексикологиясының құнды дереккөзі саналатын алғашқы сөздік үлгілері лексикография тарихының бастау көздерін құрай отырып, тарихи тіл білімінің де зерттеу нысаны болып табылады. Бұл жерде лексикография тарихы мен тарихи лексикография өзара ажырай отырып, жалпы тарихи лексикологияның зерттеу аясына енеді. Түркі тілдерінің тарихи лексикографиясы сөздік сипаттағы немесе сөздік элементтерін сақтаған орта ғасыр жазба ескерткіштерін ғана емес көне түркі, орта ғасыр түркі жазба мұраларының барлығын (немесе жекелеген ескерткіштер тілі бойынша) қамти отырып, лексикографияның заманауи ғылыми-теориялық және тәжірибелік-методологиялық зерттеу парадигмасы негізінде тарихи бағыттағы сөздік түрлерін түзу мәселелерімен айналысады. Ал тарихи тіл білімі ескерткіштер мәтініндегі тілдік бірліктер негізінде түркілік лексикологиялық қордағы сөздердің тарихи дамуын, этимологиялық негіздерін, тұлғалық-семантикалық өзгерістерінің даму бағытын, деривациялық шегін айқындау мәселелерімен айналысады. Сондықтан әр кезеңдерде хатқа түскен түркі жазба ескерткіштері тарихи лексикографияның да, тарихи лексикологияның да негізгі дереккөздері болып табылады.

Лексикалық қордың баюы мен нормалануы, жаңа ұғым атауларының бірізденуі мен жүйеленуі лексикографиялық жұмыстармен тығыз байланысты жүзеге асады. Сөздік түзу барысында тіл білімінің теориялық негіздері мен жалпы тіл мәдениетінің заңдылықтары, тілдің функционалды-қолданбалы қызметі, прагматикалық қырлары басшылыққа алынады. Лексикографияның тіл мәдениетін көтеруге бағытталған міндеттері тілдік нормаларға, нормалардың табиғатына (тілдің өзінде қалыптасқан табиғи нормаға және ережеге негізделіп жасалған нормаға) сәйкес анықталады.

Лексикографиялық еңбектерді саралап, сөздік жасаудың қалыптасу, даму тарихын зерделеу сөздіктердің хронологиялық,

локальдық, типтік ерекшеліктерін анықтауға, методологиялық ұстанымдарын нақтылауға, функционалдық ерекшеліктерін айқындауға, сөздік жасаудың озық тәжірибелері мен оңтайлы тетіктерін меңгеруге, лексикалық базаны толықтыруға мүмкіндік береді. Соған сәйкес түркі лексикографиясы тарихын зерделеу түркілік тіл табиғатын сақтауға, түркі тілдеріндегі лексика-грамматикалық құбылыстарды мейілінше дәл көрсете білуге, тілдік ортаның сұранысын қанағаттандыруға бағытталған, заман талабына сай сапалы сөздіктер құрастыруға ықпал етеді.

Әлемдік тіл білімінде теориялық лексикография ғылым ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасқанымен түркі лексикографиясының негізі ХІ ғасырда-ақ қалана бастағаны белгілі. Классикалық араб тіл білімімен сабақтаса дамыған орта ғасыр түркі тіл білімінде сөздік түзу мәселесі ерекше орын алды. ХІ ғасырдағы түркі тілдерінің деректерін жинақтап, бірнеше түркі тілдері мен диалектілеріндегі гомогенді сөздердің тұлғалық-мағыналық ерекшеліктерін салыстыра отырып, олардың араб тіліндегі түсініктемелерін берген М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде біреше сөздік түрлерінің – аударма, салыстырмалы, түсіндірме, этимологиялық, этнолингвистикалық, диалектологиялық сөздіктердің әдістемелік элементтері жинақталып қолданылған. Бұл алғашқы түркі сөздігінің әмбебаптық, кешенділік сипатын көрсетеді. «М.Қашқари өз сөздігін араб тілінің сөздік түзу принциптерінің негізінде жасап, түркі тілдерінің грамматикасын араб тілінің грамматикалық негіздеріне салып жүйелеген. М.Қашқари ұсынған сөздік түзу принципі мен түркі тілдерінің грамматикасы араб тіліндегі араб тіліндегі сөздік түзу принциптері мен араб тілінің грамматикасымен ұштасады»¹.

ХІ ғасырда грамматикалық сипатта жазылған «Диуани лұғат-ит-түрк» тарихи салыстырмалы әдісті негізге ала отырып, түркі тілдері мен диалектілерінің негізгілерінен (оғыз, арғу, ненужек,

¹ Мухитдинов Р.С. Диуан лұғат-әт турк – түркітану қазығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – Б. 7.

қыпшақ, түрк, бұлғар, қарлұқ, шігіл, яғма, ябақу, тоғсы, жомул т.б.) мысалдар келтіреді. М.Қашқари түркі тілдеріндегі дыбыстың өзгерістердің аса көп еместігін айта отырып, 9 түрлі дыбыс сәйкестіктерін көрсетеді¹. Еңбектің түпнұсқасы сақталмаған, бізге жеткен жалғыз көшірмесі 1266 жылы жазылған, 3 кітаптан 8 тараудан тұрады. Әр тарауда бір кітап деп атаған зерттеуші әр кітабындағы талдауларын белгілі бір жүйе бойынша (алфавиттік, құрылымдық, дыбыстың жасалу жолын байланысты) жүргізген зерттеуші, 1-кітабын *І* (алиф) әрпінен басталатын, 2-кітабын *алиф, уау, йа* дыбыстары жоқ сөздерге, 3-кітабын бір дыбыс екі рет қайталанатын, 4-кітабын *йа* әрпінен басталатын, 5-кітабын үш әріптен тұратын, 6-кітабын төрт әріптен тұратын сөздерге, 7-кітабын мұрын жолымен айтылатын дыбыстар бар, 8-кітабын екі дауыссыз дыбысы бар сөздерге арнаған. Сөздікте жеке сөздермен қатар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер де кеңінен қамтылған. Тілдерді топтастыру мәселесі жөніндегі алғашқы деректерді де осы еңбектен кездестіреміз. Тілдерді топтастырғанда тіл тазалығына, басқа тілдердің ықпалының аз-көптігіне де мән береді. М.Қашқари 29 түрлі этнонимді атап, олардың географиялық мекенін, тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерін көрсетеді.

Махмұд ибн-әл Хусаин ибн Мұхаммад әл Қашқари жазған бұл шығарма – ерте орта ғасырдағы түркі тайпаларының лексикалық қорындағы әдебиет пен өнерге, этнографияға, әкімшілік басқару жүйесіне, туыстық қарым-қатынастарға, медицинаға, түркілер мекендейтін аймақтардың географиясына, фаунасы мен флорасына т.б. қатысты тілдік материалдарды кешенді түрде қамтыған энциклопедиялық-анықтамалық сипаттағы сөздік. XI ғасырда өмір сүрген филолог-түркітанушы М.Қашқаридың мұрасы жалпы түркітану ғылымының бастауы болуымен қатар лингвистикалық түркітанудың фонетика, морфология, лексикология, семасиология, лексикография сынды салалық бөлімдерінің де қайнар көзі болып табылады.

¹ Қашқари М. Түрк сөздігі. А.Егеубаевтың аудармасы. I том. – Алматы, 1997. – Б. 60.

Әлемдік лексикография тарихында орта ғасырлардағы араб тілді, араб графикалы сөздіктердің маңызы ерекше болды. Ортағасырлық араб лексикографиясы үлкен көлемді аударма сөздіктерді де, салыстырмалы сөздіктерді де, түсіндірме сөздіктерді де, тақырыптық арнаулы сөздіктерді де, кірме сөздердің сөздіктерін де қамтыды. Араб және түркі лексикографиясы арасындағы байланыс ислам дінінің Орта Азияға таралуына қатысты басталғаны белгілі. Сөздіктер құрастыру ісіне түркі халықтарының өкілдері де белсенді түрде ат салысып отырды. Араб лексикографиясы тарихындағы 40 мың лексикалық бірлікті қамтыған, ең көлемді «Сыхах» сөздігінің авторы Ысмайыл әл-Жаухари түркі халқының өкілі болғаны жайлы деректер бар. Сондай-ақ, Фараб қаласынан шыққан ұлы ғұламалардың бірі Ибрахим Исхак ибн Ибрахим әл-Фарабидің «Диван әл-адаб фи байан лұғат әл-араб» атты еңбегін М.Қашқари үлгі ретінде қолданғаны туралы мәліметтер де сақталған. М.Қашқаридың еңбегінен кейінгі құнды шығармалардың бірі – авторы белгісіз «Китаб мажмуғ тәржуман турки уа ажами уа мағули уа фарси» сөздігі. 78 беттен тұратын қолжазбаның 62 беті түркіше – арабша сөздікке, қалған 16 беті монғолша – парсыша және парсыша – монғолша сөздікке арналған¹. Сөздік материалдарының құрылымы екі тілді аударма сөздіктердің ұстанымына сай келеді.

Түркі тілдерінің лексикалық жүйесі жайлы мәлімет беретін орта ғасырда жазылған еңбектер қатарында Махмұд Замахшаридың «Мұхаддимат-ул адаб» еңбегін (XII ғ.), Жалалиддин Әбу Мұхаммад Абдуллах түркідің «Китабу бұлғат ал-муштак фи лұғат-ит-түрк уа-л кифчак» (XIV-XV ғғ.) тәрізді құнды мұраларды айтуымызға болады. Сондай-ақ араб тіл білімі үлгісінде жазылған шығармаларда да түркі тілдері жайлы сөздіктің элементтері сақталған. Мысалы, Джамал ад-дин ибн Муханнаның «Хилат ул инсон уа хашбат ул-лисан» еңбегі.

¹ Курышжанов А. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – С. 13.

Араб тілінде мәмлүк қыпшақтарының тілі жөнінде жазылған Асиф ал-Дин Абу Хайан Мухаммед ибн Али ибн Юсуф ал-Гарнатидің (Андалусий) «Китаб ал-идрак ли-сисан ал-атрак» («Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап») (XIII-XIV ғғ.) шығармасының да орны ерекше. Бұл еңбек мәмлүк қыпшақтарының тілі туралы грамматикалық оқу құралы. Еңбекте түркі лексемаларының мағынасы арабша түсіндіріліп, сөздік түрінде беріледі. Африкалық бербер жұртынан шыққан ғұлама Андалусийдің (1256-1344) аталған грамматикасынан басқа да «Түркі тілі грамматикасының гүлін жинаған кітап», «Түркі тілі грамматикасының жарқын інжу маржаны», «Түркі тіліндегі етістіктер» атты еңбектері болғандығы тарихи деректерден белгілі, олар бізге жетпеген. Белгілі түркітанушы Ә.Құрышжанов мәмлүк қыпшақтарының грамматикасында 32 дыбыс көрсетіліп, оларға айтылуы жөнінде талдаулар жасалғанын, сөз тұлғасындағы өзгерістер (*айақ~азақ, арт~ард, ары~арыз, біт~бітік, буд~бут, бузағу~бузави, тіл~діл* т.б.) ажыратылғанын және «Сөздік» бөлімінде 2400-дей сөз беріліп, олардың шыққан тегі мен өзгеру өрісі барынша дәл көрсетілгенін айтады¹.

Ал шыққан жылы мен авторы белгісіз «Китаб ат-тухфа аз закийа фил-лұғат ат-түркия» («Түрік тілі туралы жазылған ерекше сыйлық») еңбегінде (көлемі 182 бет) 3000 сөз беріліп, кей сөздердің тұсына түрікмен, татар тілдерінен мысалдар келтірілген. Зерттеушілердің пікірінше мәмлүк қыпшақтарының тілі жөніндегі грамматикалық еңбек «Китаб ат-тухфа аз-закийа фил-лұғат ат-түркия» XIV ғасырда жазылған болу керек. Шығарманың түпнұсқасы Стамбул қаласындағы Баязит мешітінің Валиддин Ефенді кітапханасында сақтаулы. Араб тілі грамматикасы үлгісімен жазылған мәмлүк қыпшақтарының тілі жөнінде басқа да еңбектер сақталған, мәселен: Абу-л-лайт ас-самарқандидің «Китаб муқаддима» (XI ғ.) атты діни трактаты, XIV ғасырда Мәмлүк қып-

¹ Құрышжанов Ә. «Китаб ал-идрак ли-сисан ал-атрак» // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б. 82

шақтары мемлекетінде қыпшақ тілін оқып-үйрену үшін жазылған «Китаб ад дура ал-мудийа фил-луғат ат-туркийа уал камал» т.б.

Қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи дамуын анықтаудағы құнды дерек көзі саналатын «Кодекс Куманикус» шығармасы да түркі лексикографиясының бастау көздерін құрайтын еңбектер қатарынан орын алады. «Кодекс Куманикус» (XIII ғ.) латын әліпбиімен қыпшақтар (куман) тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктер жинағы 164 беттен тұрады. Шығармада құман тілінің қысқаша грамматикасы, қыпшақ сөздерінің жіктелу кестесі, септелу үлгісі берілген. Еңбектің бір бөлімі итальян тілінде түсініктеме берілетін латынша-парсыша-құманша сөздіктен, екінші бөлімі немісше түсініктеме берілетін құманша-немісше сөздіктен тұрады.

1317 жылы құрастырылған Шемсеттин Самидің «Қамуси Түрки» сөздігі, Әлішер Науаи шығармалары негізінде түзілген «Бадайи лұғат» (XV ғ.), шағатайша-парсыша «Абушқа» (XVI ғ.) сөздіктері орта азия түркілерінің ортақ әдеби-жазба тілі – шағатай тілінің алғашқы аударма сөздіктері қатарынан орын алады.

XV-XVI ғасырлардағы түркі тілдерінің дифференциациялану үдерісі басталғаннан кейінгі кезеңдердегі тілдік ерекшеліктерді көрсететін жазба мұралар бұрынғы жалпытүркілік тілдік жүйеден ажырай бастады. Соған сәйкес әрбір түркі халықтарына тән жазба тілдің сілемдері салына бастағаны белгілі. Осы кезеңдерде жазылған сөздіктік сипаты бар еңбектердің, хан жарлықтары мен шежірелердің де тарихи лексикографияға берері мол.

XI-XVI ғасырлар аралығындағы ортағасырлық түркі лексикографиясы, араб жазулы, латын, армян жазулы ортағасырлық қыпшақ тілі сөздіктері қазіргі түркі лексикографиясының тарихи бастауларын құрайды. XVI ғасырдан кейінгі кезеңдерде түркі халықтары өміріндегі қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты қалыптасқан лексикографиялық дәстүр біраз кешеуілдеп барып басқа арнаға бұрылды.

XVII ғасырдың соңғы жылдарынан бастап түркі лексикографиясы орыс лексикографиясымен тығыз сабақтастықта дамыды. Бұл Ресей патшалығының түркі елдеріне жүргізе бастаған ықпалына байланысты болды. Соған орай түркіше-орысша, орысша-түркіше (қазақ, түрік, татар, өзбек, әзірбайжан, хакас, якут т.б тілдері бойынша) сөздіктердің дайындалуы жиілей түсті. Мәселен, 1773-1776 жылдары дайындалған А.Д.Скалон мен И.Г.Андреевтің «Орысша-қазақша сөздігін» атауға болады. Бұл сөздік туралы мәлімет С.Буличтің еңбегінде беріледі: «В 1765-1777 гг. А.Д. Скалон проходил службу на пограничных линиях Западной Сибири, а в течение 1773-1776 гг. Находился на должности командующего войсками на Сибирских линиях. Умер в Усть-Каменогорской крепости и там же похоронен. Во время службы в Усть-Каменогорске составил совместно с капитаном И.Г. Андреевым рукописный словник казахских терминов и выражений, ставший одним из первых в России русско-казахских словарей»¹. XVIII ғасырда дайындалған алғашқы түркі сөздіктерінің қатарында 1770-1774 жылдары И.П.Фальк құрастырған немісше-татарша-қазақша-бұқарша-қалмақша глоссариінің қазақша, татарша бөлімін атауға болады.

XVIII ғасырдағы түркологиялық зерттеулер қатарынан профессор С.Г.Гмелиннің Волга татарларының тілі деректерін пайдаланған «Путешествие по России для исследования трех царств естества» атты еңбегі, «Русско-турецко-персидско-гилянский глоссарий» деген сөздігі үлкен орын алады. Сөздікте негізінен азербайжан тілінің деректері берілген. П.С. Палластың 1778 жылы жарияланған «Барлық тілдер мен сөйленістердің салыстырмалы сөздігі» еңбегі салғастырмалы-типологиялық зерттеулердің бастамалары қатарында болды, еңбекте орыс тілінен алынған 285 сөз бірнеше тілге аударылып беріледі, ішінде түркі тілдеріндегі баламалары да бар. XVIII ғасырда К.А.Кондратович, Ф.Холодищев, М.Котельников, Г.-Л.-Хр.Бакмейстер т.б. зерт-

¹ Булич С. Очерк истории языкознания в России. Т.І. – С.Петербург: Маркушева, 1904. – С. 198.

теушілердің құрастыруымен көптеген түркі тілдерінің екітілді, көптілді сөздіктері мен тілашарлары дайындалған¹. Бұл сөздіктердің біразының қолжазбалары Ресей Ғылыми Академиясының, Санкт-Петербургтегі Шығыстану институтының қолжазбалар қорында, Тарту университетінің кітапханасында, Қазан университетінің ғылыми кітапхансында сақталған. XVIII ғасырда құрастырылған сөздіктер қатарына М.Махдиханның шағатайша-парсыша сөздігі де бар.

XVIII ғасырдағы түркі лексикографиясының дамуы Ресейдегі түркітану орталықтарының қалыптаса бастауымен, ішінара болса да мектептер мен гимназияларда түркі тілдерінің оқытылуымен байланысты болады. 1755 жылы Москва университеті ашылғанда, оның жанынан дворяндардың балаларына арналған және жалпы халықтың балаларына арналған екі гимназия қатар ашылады. Осы гимназияларда татар тілі арнайы пән ретінде жүргізіледі. Түркі халықтары шоғырланған Ресей губернияларында да түркі тілдері оқытыла бастайды. Түркі тілдері оқытылатын оқу орындарында түркі тілдерінің сөздіктерін түзу мәселелеріне ерекше мән берілді. 1758 жылы ашылған I-Қазан гимназиясының оқытушысы Сагит Хасанұлы Хальфиннің қатысуымен 1785 жылы екі томнан тұратын «Қазан гимназиясында оқушыларға арналған татар сөздігі» деген көлемді еңбек дайындалады. XVIII ғасырдағы түркі тілдерінің сөздіктері негізінен оқу лексикографиясының стилінде, тілде белсенді қолданылатын лексемалар негізінде дайындалды.

Қазан түркологиялық мектебінің қалыптасуына үлес қосқан зерттеушілердің бірі – татар тілінің мұғалімі, Қазан губерниясы, Мендель болысы, Селенгур ауылында 1824 жылы дүниеге келген Мухамедгалея Махмудов. Түркітанушының татар тіл білімінің қалыптасуына, Қазан түркологиялық мектебінің нығаюына қосқан үлесін көрсеткен академик М.Закиев: «М.Махмудов, вопреки распространенному тогда мнению, доказал пригодность прос-

¹ Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С. 75.

того разговорного языка народа для написания научных или иных трудов. В этих целях в 1851 г. Он перевел объемистую медицинскую книгу с русского на татарский»¹, – дей отырып, зерттеушінің өз сөзін мысалға келтіреді: «Прошу уважаемых читателей, пусть не ругают меня, бедного, за то что я сделал перевод на языке «черни», ибо перевод сделан для того, чтобы поняли все» (Мәхмүдов М.Г., 1851). М.Махмудовтың түркі лексикографиясы тарихындағы құнды еңбегі – «Практическое руководство к изучению татарского языка» (1857) атты кітабы. Еңбек араб жазуына негізделген татар әліпбиіне, фонетикалық жүйеге сипаттама беруден басталып, татар тілінің морфологиялық құрылымы мен синтаксистік конструкциясы түсіндіріледі және 3000 сөзді қамтитын сөздікпен аяқталады. Араб әліпбиімен жазылған тілдік деректердің орыс әрпімен транслитерацияланған нұсқалары қатар беріледі.

XIX ғасырдағы Қазан түркологиялық мектебінің өкілдері қатарында А.Вагабов, М.Иванов, С.Кукляшев т.б сынды түркітанушылар да бар. Бірінші Қазан гимназиясын 1835 жылы әскери мамандық бойынша аяқтаған Абдюш Вагабовтың «Самоучитель для русских по-татарски, для татар по-русски» деген оқу құралы 1850-1911 жылдар аралығында 18 рет басылып шығады. Бұл еңбектің үлкен сұранысқа ие болуымен қатар әдістемелік жағынан да қолайлы болғанын көрсетеді. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының татар тілі мұғалімі Мартиньян Иванов дәріс материалдары негізінде татар тілінің грамматикасын дайындап, татар тілінің хрестоматиясы мен сөздігін құрастырады. 1939 жылы дайын болған бұл үштомдық еңбек Қазан университетінің баспаханасынан жарық көреді. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының тағы бір түлегі Салих-Джан Кукляшев Қазан университетінің медицина факультетінен өз еркімен филология факультетіне ауысып, 1835-1836 жылдары шығыс тілдері разряды

¹ Закиев М.З. Возникновение Казанской тюркской лингвистической школы с центром в университете//Казанская лингвистическая школа. Книга первая. –Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 23.

бойынша кандидат атағын алады. С.Кукляшев түркі лексикографиясы тарихындағы еңбегі 1859 жылы Қазан университетінің типографиясынан жарық көрген «Словарь к татарской хрестоматии» деген еңбегінен көрінеді.

XIX ғасырда түркі тілдері бойынша сөздіктер құрастыру ісімен тұрақты түрде айналысатын ресми орталықтар жұмыс істеді. Түркі тілдерінің сөздіктері мен тілашарларын дайындауды ұйымдастыратын арнайы орталықтар ашу Ресей патшалығының жүргізіп отырған саяси-экономикалық мүддесіне байланысты жүзеге асырылды. Сондай орталықтардың бірі 1870 жылы Қазан қаласындағы «Әулие Гурий бауырластығы одағының» жанынан ашылды, аудармалар жасайтын және оларды қадағалап отыратын тұрақты комиссия ретінде құрылған орталыққа Н.И.Ильминский төрағалық етті. Түркі тілдерін оқыту, орыс тіліне аудару мәселелерімен айналысатын келесі орталық 1907 жылы Қазан оқу округі жанынан ашылады. Орталық аясында түркі тілдеріне қатысты оқу құралдарын дайындап, сөздіктер құрастырумен және аударма мәселелерімен шұғылданатын бірнеше комиссиялар жұмыс жасады. Орталыққа Н.Ф. Катанов басшылық жасады. Сол кезеңдерде дайындалған сөздіктердің ішінде Л.З.Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (1869, 1871) атты еңбегінің маңызы ерекше. Тарихи категория болып табылатын архаизмдерді, көнерген сөздерді молынан қамтыған бұл сөздік түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы лексикографиясының дамуына ерекше үлес қосты. Түркі лексикографиясы тарихындағы құнды еңбек – В.В.Радловтың аударма, салыстырма, анықтама этимологиялық сөздіктердің сипатында жазылған «Опыт словаря тюркских наречий» (1888–1905) атты еңбегі. 1825 жылы Фазлуллаханның шағатайша-парсыша сөздігі дайындалды. 1895-96 жылдары Каюм Насыри «Ләһжәи татари» сөздігін құрастырады, бұл татар тілінің алғашқы екі томдық түсіндірме сөздігі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы түркі сөздіктерінен сөз варианттарының әр түрлі нұсқаларының

қатар қолданылуы, сөздерді әр қилы аударылуы тәрізді жарыспалылық құбылысы тән болды. Бұл түркі тілдері лексикографиясының теориялық және әдіснамалық негіздерінің жүйеленбеуіне, сөз нормаларының толық қалыптаспауына, грамматикалық емлелердің жетілмеуіне, орфография мен орфоэпияның жіктелмеуіне байланысты қалыптасқан жағдай екені белгілі.

Түркі тілдері бойынша ХХ ғасырдың алғашқы жартысында жарияланған ең көлемді лексикографиялық еңбек – 1927, 1929 жылдары Ж.Вәлиди құрастырған татар тілінің екі томдық сөздігі. Жалпы алғанда, Кеңестер одағы құрамындағы түркі тілдерінің үлкен түсіндірме сөздіктерін дайындау ісі кеш қолға алынды: қазақ тіліндегі алғашқы екі томдық түсіндірме сөздік 1959-61 жылдары, он томдық 1974-1986 жылдары; қарақалпақ тілінің екі томдық сөздігі 1982, 1984 жылдары; өзбек тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі де 1981 жылы; татар тілінің үш томдық түсіндірме сөздігі 1977-81 жылдары жарыққа шықты. Кеңес үкіметі кезеңінде Ресей, Орта Азия, Қазақстандағы түркі тілдері аралық екітілді аударма сөздіктер құрастырылмады, негізінен түркі тілдерінен орыс тіліне және орыс тілінен түркі тілдеріне аударма сөздіктер дайындау ісіне айрықша мән берілді (Русско-кумыкский словарь. Под ред. З.З.Бамматова. – Москва: Гос. изд. иностранных и национальных словарей, 1960. –1148 с.; Уйгурско-русский словарь. Сост. Э.Н.Наджип. – Москва: Советская энциклопедия, 1968.-828 с; Русско-якутский словарь // под ред. П.С.Афанасьева, Л.Н.Харитоновна. – Москва: Советская энциклопедия, 1968. – 720 с.; Татарско-русский словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1966; Русско-киргизский словарь. Сост. Б.О.Орузбаева, Д.Ш.Шукуров, Ю.Я.Яншансин. – Фрунзе: Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1988. – 479 с.; Русско-ногайский словарь. Сост. Абдулжалилов Ф.А., Жанбидаева К.К., Калмыкова С.А., Курманалиев М.К. – Москва, 1978. Узбекско-русский словарь. Под ред. С.Ф.Акобировна и Г.Н.Михайлова. – Ташкент: Главная редакция Узбекской Советской энциклопедии, 1988. – 727 с.; Киргизско-русский словарь. Сост.

К.К.Юдахин. – Москва: Советская энциклопедия, 1985. Т. I. – 503 с. Т. II. – 474 с. т.б). Жалпытүркілік лексикография бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары да 1969-90 жылдары В.М.Наделяев, Д.М.Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М.Щербак, Э.В. Севортян, Л.С. Левитская сынды түркітанушылардың жалпытүркілік сөздіктерінен (Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969; Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, I-IV т. 1974, 1978, 1980, 1989 т.б.).

Түркі тілдерінің мәйегі – тұрақты тіркестер мен бейнелі оралымдардың, мақал-мәтелдердің түсіндірме, аударма сөздіктерін құрастыру мәселесі де толық шешімін таппай келеді. Қазақ ғалымы С.Кеңесбаев негіздемесін жасаған түркі тілдерінің фразеологиялық сөздіктерін түзу тәжірибесін (Кеңесбаев С. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.) кең көлемде дамыту да түркі лексикографиясының келелі міндеттерінің бірі.

Түрік лексикографиясы тарихында Осман империясының ресми тілі – түрікшеге қатысты Османша сөздіктер, сондай-ақ латынша, немісше, итальянша, французша және полякша салғастырылмалы сипаттағы көп тілді «Thesaurus onomasticus» және «Thesaurus Linguarum Orientalium Turcicae, Arabicae, Persicae (Lexicon Turcico – Arabico – Persicum)» т.б. сөздіктер болды.

Түркияда Тіл реформасымен басталған якут, қырғыз, чуваш сияқты түркі тілдерінің сөздіктерін түрікшеге аудару, сондай-ақ Хусейн Казым Кадрының «Түркі лұғатынан» (Hüseyin Kâzım Kadri. Türk Dillerinin İştikakî ve Edebî Lûgatları, Maarif Vekaleti, Devlet Matbaası, İstanbul I 1927, II 1928; Türk Dillerinin İştikakî ve Edebî Lûgatları, Maarif Vekaleti, Türk Dil Kurumu Neşriyatı, Cumhuriyet Matbaası, II İstanbul 1943, IV 1945) басталған салыстырмалы сөздік түзу тәжірибесі түрік лексикографиясының тарихындағы салыстырмалы көптілді сөздіктер түзудің алғашқы үлгілері болып табылады. Бұл үрдістің заңды жалғасы ретінде 1991 жылы Анкарада жарық көрген «Karsilastirmali turk lehceleri sozlugu» (Жалпы редакциясын басқарған А. Ержиласун) атты

сөздікті көрсетуге болады. Реестрлік тізімге барлығы 8000 лексикалық единица қамтылған бұл сөздікке түркі тілдерінің қыпшақ тобынан қазақ, қырғыз, татар, башқұрт тілдерінің, оғыз тобынан түрік, әзірбайжан, түрікмен тілдерінің, қарлұқ тобынан өзбек, ұйғыр тілдерінің материалдары енді және соңғы қатарда түркі сөздерінің орыс тіліндегі баламасы берілді. Сөздікте 9 түркі тілдеріндегі XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы ең актив лексикалық бірліктердің салыстырмалы сипатын таныту мақсатын көздеді.

Қырғыз лексикографиясының қалыптасуында К.К. Юдахиннің «Киргизско-русский словарь» атты еңбегінің (1940, 1965) орны ерекше. «Қырық мыңға жуық сөзден құралған К.К. Юдахин сөздігі адам қызметінің түрлі салаларының кәсіби сипатын танытатын ғылыми терминологияны, өткен жүзжылдықтың ортасындағы қырғыз халқының саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми өмірін бейнелейтін сөздерді қамтыды. К.К. Юдахин бұл жұмысымен қырғыз лексикографиясы және лексикологиясының негізін қалады» – деп жазды көрнекті қырғыз лингвистерінің бірі К.К. Сартбаев¹.

Қырғыз лексикографиясы тарихында Х.Карасаевтың «Кыргыз тилинин орфографиялык сөздүгү» (1966), «Кыргыз тилинин орфографиялык сөздүгү» (2009), «Накыл сөздөр (тил казынасынан баян)» (1982), «Өздөштүрүлгөн сөздөр» (1986) тәрізді сөздіктерінің алатын орны ерекше.

Қырғыз ғалымдары әртүрлі типтегі сөздіктерді құрастыру және жариялау ісімен көптеген жылдар бойы айналысты, нәтижесінде энциклопедиялық сөздіктер «Кыргыз Совет энциклопедиясы» (I–VI томдор; 1976 – 1980), «Географиялык энциклопедиялык сөздүк» (1987), «Үй-тиричилигинин кыскача энциклопедиясы» (1989), «Манас» энциклопедиясы» (I–II, 1995 және т.б.), түрлі сипаттағы лингвистикалық сөздіктер жарық көрді: «Русско-киргизский словарь» (1938), «Киргизско-русский словарь»

¹ Сартбаев К.К. Константин Кузьмич Юдахин (к 80-летию со дня рождения) // Тюркологические исследования. – Фрунзе: Илим, 1970. – С. 3-15.

(1955), «Русско-киргизский словарь» (1944), «Русско-киргизский словарь» (1957), «Русско-киргизский фразеологический словарь» (1977), «Русско-киргизский гнездовой словарь» (1979) тәрізді аударма сөздіктер, «Кыргыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү» (1969), «Кыргыз тилинин синонимдер сөздүгү» (1984), «Кыргыз тилинин омонимдер сөздүгү» (1986), «Кыргыз тилинин антонимдер сөздүгү» (1988), «Кыргыз тилинин диалектологиялык сөздүгү» (1972) түсіндірмелік сипаттагы сөздіктер, «Орфографический словарь киргизского языка» (1942), «Кыргыз тилинин орфографиялык сөздүгү» (1956), «Кыргыз тилинин орфографиялык сөздүгү» (авт.: Х. Карасаев 1966; 2009) көрсөткіштік сипаттагы сөздіктер жарык көрдү.

Әзірбайжан лингвистикасында XX ғасырдагы зерттеулердин бир бөлігін лексикография мәселелеріне арналган еңбектер түзеді. Атап айтқанда, орыс-әзірбайжан сөздіктері (1928–1929, 1940–1946, 1951, 1956–1959, 1971–1978), «Әзірбайжан тилиндегі араб-парсы сөздер сөздігі» (Баку, 1945), орфографиялык (1929, 1940) сөздіктер әзірбайжан лексикографиясының XX ғасырдың алғашқы жартысындагы жетістіктері саналады.

Әзірбайжан лексикографиясының тарихында XX ғ. 50–60 жылдарынан бергі кезең «Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti» (Баку, 1966), И. Тагиевтің жетекшілігімен 4 томдық «Орысша-әзірбайжанша сөздік» (Баку, 1986, 1989, 1997, 2000), «Әзірбайжан тилинің энциклопедиялык сөздігі» (10 томдық, 1965–1975), «Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti» (1966), «Әзірбайжан тилинің орфографиялык сөздігі» (1960, 1975, 2004), «Шет тилдер сөздерінің қысқаша сөздігі» (1981), «Әзірбайжан тилинің диалектологиялык сөздігі» (Баку, 1964; Анкара, 1999), «Әзірбайжан тили терминдерінің түсіндірме сөздігі» (Баку, 1990), «Лингвистикалык энциклопедиялык сөздік» (I том. Баку, 2006), «Дипломатиялык энциклопедиялык сөздік» (Баку, 2005), «Орыс-әзірбайжан, әзірбайжан-орыс дипломатиялык сөздігі» (Баку, 2010) тәрізді екітілді сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, орфографиялык, диалектологиялык т.б. сөздіктер жарык көрген жемісті жылдар болып саналады.

Қазақ тіл біліміндегі лексикография тарихы да әдеби тіл тарихымен тығыз сабақтастықта қарастырылуда. Қазақ лексикографиясының тарихы жайлы академик Р.Сыздық, Ш.Ш. Сарыбаев, М.Малбақов, Р.Нұрмұхамбетова, З.Тұрарбекова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қазақ сөздіктері тарихын жүйелеудің өзектілігі сараланып, олардың ғылыми-теориялық ұстанымдары мен методологиялық амал-тәсілдеріне талдау жасау барысында қазақ лексикографиясына тән ерекшеліктерге, қазақ сөздіктерінің түзілу тарихына сипаттама берілді. Сондай-ақ, К.Ш.Хұсайынның В.В. Радлов шығармашылығы жайлы, Б.А.Атабайдың Л.З.Будагов сөздігі туралы зерттеулерінде де қазақ(түркі) лексикографиясының тарихына қатысты мәселелер көтеріледі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ лексикографиясының тарихы Г.Ю.Клапрот, А.В. Старчевский, В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, Л.З.Будагов, М.Бекчурин, М.А.Терентьев, К.Г.Бессонов, Ы.Алтынсарин, Е.Букин, В.В.Катаринский, П.М.Мелиоранский, А.Е.Алекторов, Н.С.Жетпісбаев, Қ.Кемеңгерұлы т.б. сынды зерттеушілердің есімдерімен байланысты болды.

XIX ғасырдағы қазақ тіл білімі лексикография саласының қалыптасу, даму тарихына қатысты маңызды еңбектер қатарында – Г.Ю.Клапроттың қазақ тілі туралы жазған мақаласында берілген шағын французша-қазақша сөздігін («Азия журналында» 1825 жылы жарияланған); Қазан қаласында шыққан Мир-Салих Бекчуриннің «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречиями бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана» атты еңбегіндегі шағын сөздік (1859); Н.И.Ильминскийдің (1822-1891) «Материалы к изучению киргизского наречия» (1861), М.А.Терентьевтің (1857-1909) «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875); А.В. Старчевскийдің «Спутник русского человека в Средней Азии» еңбегіндегі қазақша-орысша сөздігі (1878); К.Г.Бессоновтың (1848-1917) «Хрестоматия для киргизских школ» (1880);

И.Букиннің «Русско-киргизский и киргизско-русский словарь», «Русско-киргизские разговоры» (1883); П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» (ч. I, 1894); В.В.Катаринскийдің (1846-1902) «Букварь для киргиз», «Первоначальный учебник русского языка для киргиз» (1894), «Краткий киргизско-русский словарь» (1893), «Киргизско-русский словарь» (1897), «Грамматика киргизского языка» (1897); И.Г.Лаптевтің «Материалы по казак-киргизскому языку» (очерк); «Грамматика киргиз-кайсакского языка» (1898); Нағибай Жетпісбаевтың «Начальное руководство арабского, персидского и киргизского языков с арабо-персидско-киргизскими словами в конце» (1890); А.Е.Алекторовтың (1861-1919) «Киргизская хрестоматия» (ч. I, 1898), «Русско-киргизская азбука» (1901); Орынбор миссионерлік қоғамы мүшелерінің «Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис» (1898) т.б. тәрізді құнды еңбектерді атауға болады. Жалпы лексикографиялық еңбектердің қай түрлерін алсақ та, түркі тілдері бойынша даму динамикасының әрқилылығы көзге түседі, тәжірибенің де, ғылыми-теориялық ізденістердің деңгейі де, лексикалық қордың қамтылу деңгейі де әртүрлі.

Қазақ лексикографиясы бойынша ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында да бірнеше сөздіктер дайындалды, олардың қатарында-Жұмағұл Көшербаевтың «Краткий русско-киргизский дорожник со словарем» атты орысша-қазақша сөздігі (1906); Верный қаласында шыққан «Орысша-қазақша сөздік» (1912); Тоқаш Бокиннің «Орысша-қазақша сөздігі» (1913) т.б. еңбектер бар.

XVIII-XIX ғасырлардан ХХ ғасырдың алғашқы жылдарына дейін миссионерлік қоғамдар тарапынан дайындалған қазақ тіліне қатысты екітілді сөздіктердің көпшілігінің идеографиялық сөздіктердің ұстанымдарына сәйкес, яғни гомогенді сөздердің морфологиялық, семантикалық дамуына негізделетін «сөзжасамдық ұяға» құрылуы, қазақ тілінің табиғи болмысына мән беріліп, сөзтізбеге кірме сөздердің енгізілмеуі, қазақтың төл

сөздерінің алынуы, сол кезеңдегі ұлттық тілдің қалып-күйін танытады. Бұл тарихи лексикография үшін құнды дереккөз болатыны сөзсіз.

Лексикография тарихын зерттеуші ғалым М.Малбақов А.В.С-тарчевскийдің 1878 жылы дайындалған «Спутник русского человека в Средней Азии» атты еңбегіндегі қазақша-орысша глоссарийді қазақ тілінің тарихи лексикологиясы мен лексикографиясының құнды дереккөзі ретінде бағалайды және сөздікте қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын немесе сирек қолдаылатын сөздер мен сөз тіркестері кездесетінін көрсетеді¹. Зерттеушінің пікірі бойынша, Н.И.Ильминскийдің сөздігі мен В.В.Катаринскийдің редакциясымен шыққан «Қазақша-орысша сөздіктің» (1897) тарихи-этимологиялық сипаты бар².

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан кейін түркі тілдерінің сөздіктері біршама жүйелілік сипатқа ие болып, сөздіктердің салалық түрлері дами бастады. Бұл еңбектер негізінен қазақша-орысша, орысша-қазақша екітілді аударма сөздік сипатында болды. Олардың қатарында-«Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (Қызылорда, 1926), «Қазақша-орысша тілмаш» (Москва, 1926), «Пән сөздері» (Қызылорда, 1927), «Атаулар сөздігі» (1931 ж.) т.б. тәрізді сөздіктер мен тілашарларды көрсетуге болады.

XX ғасырдағы екінші жартысы түркі лексикографиясының сапалық жаңа деңгейге көтерілген кезеңі саналады. Мәселен, өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап қазақ лексикографиясы саласында айрықша маңызды еңбектер жарық көрді десек, Н. Сауранбаевтың «Орысша-қазақша сөздігі» (Алматы, 1954), «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (Алматы, 1963), Ғ Мұсабаевтың «Орысша-қазақша сөздігі» (Алматы, 1978), «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі» (Т. 1–10., Алматы, 1974–1986), он мыңнан

¹ Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б.32.

² Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б.87.

аса фраза қамтылған І.К. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (Алматы, 1977), «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» (Алматы, 1996) және т.б. сөздіктер – қазақ лексикографиясының толағай табыстары. Ал ХХІ ғасырдың алғашқы он-онбес жылдығындағы қазақ лексикографиясының жоғары деңгейін көрсететін еңбектер ретінде қазақ тілінің барша лексика-фразеологиялық-паремиологиялық байлығын мүмкін болғанынша түгел қамтып, мағына-мәніне, қолданысына түсініктеме беру, жүздеген тақырыптардан тұратын единицаларды жинақтап, жүйелеу мақсаты көзделген Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты үш томдық этнолингвистикалық сөздігін¹, сондай-ақ 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігін», 30 томдық «Қазақ тілінің терминологиялық сөздігін» атап көрсетуге болады. Бұл сөздіктер бүгінде қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа мирастыққа қалдыратын рухани-мәдени мұрасы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде жан-жақты дамуына ғасырлар бойы қызмет ететін сүбелі еңбектер ретінде қазақ қауымы тарапынан жоғары бағаланып отыр.

Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркия тәрізді тәуелсіз түркі мемлекеттерінің мемлекеттік тілі саналатын ірі түркі тілдерінің лексикографиясы ғана емес, региональдық деңгейдегі түркі жазба тілдері лексикографиясының да жалпы түркі лексикографиясының қалыптасу тарихы мен және даму барысындағы орны ерекше. Олардың арасынан, қыпшақ тобы тілдерін құрайтын башқұрт, ноғай, құмық тілдері лексикографиясының даму барысына шолу жасасақ, бұл тілдер бойынша лексикография саласында нәтижелі істердің мол екені байқалады. Мәселен, құмық тілі үлгілерінің алғашқы жазбалары ХVІІІ ғасырдың 70-жылдарына жатады. Бұған Бакмейстер жинаған лингвистикалық материалдар және кейінірек ҒА құрметті мүшесі Ф.П. Аделунгке (1768–1843) берілген П.С. Палластың материалдарының бірқатар бөлігі кіреді. П.С. Палластың сөздік материалдарының

¹ Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Дайк-Прес, 2009. – 780 б.

көп бөлігі академик А.М. Шёгрэннің (1794–1855) қарауына беріледі. Бакмейстер, Аделунг және Палластың архивіндегі түркі тілдеріне қатысты материалдар әсіресе «Сравнительный словарь всех языков и наречий» (1787–1789) салыстырмалы-тарихи лексикографияның мақсатына қызмет ете алады.

К.Г. Залеман түсіріп алған көшірме түрінде жеткен А.А. Шифнердің орыс-құмық тілашарының (Qumiqische Gesprache. Nacheinervom Akademiker Schiefner mitgeteilten Handschriftabgeschrieben von C. Salemann. Reval, 1871), сондай-ақ К.Г. Залеманның студенттік шағында құрастырған (1867–1871) «Орыс-құмық сөздігінің» құмық тілі лексикасының зерттелу тарихындағы маңызы зор ¹

XIX ғасырдың соңында құмық тілі бойынша «Құмық мәтіндері. Шікестелер, Аксай ауылында мұғалім Цаллагов жазып алған» және «Құмық әндері, М. Афанасьев училищесінің меңгерушісі Костеков жазып алған», қосымшасында «Орыс-құмық сөздігі» берілген М.Г. Афанасьев және М.В. Мохирдің «Құмық-орыс сөздігі» тәрізді бірқатар қызықты материалдар жарияланды. 1908 жылы А. Акаев «Суллам ал-лисан» (тілдер баспалдығы) атты төрт тілді аударма сөздігін (араб, құмық, авар, орыс) шығарады. Сөздік грамматикалық-тақырыптық принцип бойынша құрастырылған және 20 тақырыптық бөлімдерден тұрады. Мұнда табиғат құбылыстары, аспан денелері, жыл мезгілдері, адам тәнінің бөліктері, тұрмыс заттары, аңдар атаулары тәрізді ауызекі тілде көп қолданылатын 900 сөз және 150 фразеологиялық бірлік қамтылған. 1909 жылы А. Акаев шешен тілін қосып кеңейтілген, байытылған сөздік шығарады (сөздік 1910, 1914 жылдары қайта шығарылды). Әр тіл бойынша сөздер саны 1000-ға жуық, тараулар саны – 27. Н.И. Лобачевский атындағы Қазан университеті ғылыми кітапханасында сақталған, авторы жоқ, баспа орны және мерзімі жоқ «Құмық-орыс сөздігінде (П-дан Т-ға дейін)» құмық тілінің лексикасы бойынша маңызды материалдар берілген. Құ-

¹ Дмитриев Н.К. Материалы по истории кумыкского языка // Языки Северного Кавказа и Дагестана. – Москва– Ленинград, 1949. – Вып. 2. – С. 183–247.

мық лексикографиясы тарихындағы айтулы жетістік 1999 жылы Б.Г. Бамматов редакциялауымен 40 000 сөзден тұратын «Орыс-құмық сөздігінің» баспадан шығуы болды. Бұл сөздік аударма тілінің жаттықтығымен, онда қамтылған сөздердің әдеби нормаға сәйкестігімен ерекшеленеді. ал 2013 жылы 30 000 сөзден тұратын «Құмық-орыс сөздігі» жарияланды.

Ноғай тілі бойынша лексикографиялық жұмыстар А.Ш. Джанибековтың терминологиялық сөздіктеріне енген Н.А. Баскаковтың «Қысқаша ноғай-орыс глоссарийінен» басталады. 1940 жылы Н.А. Баскаковтың «Ноғай тілі және оның диалектілері» деген еңбегі жарық көреді. Мұнда автор грамматика және мәтіндерден кейін, сөздікті қосымша етіп тіркейді. 1956 жылы Н.А. Баскаковтың редакциялығымен ғылыми қызметкер С.А. Калмыков құрастырған «Орыс-ноғай сөздігі», ал 1963 жылы «Ноғай-орыс сөздігі» жарық көрді. 1960 жылы З.З. Бамматов редакциялығымен 30 000-ға жуық сөз қамтылған «Орыс-құмық сөздігі» жарияланды. Бұл сөздікте құмық тілінің кең қолданылатын лексикасы алғаш рет жинақталып, жүйеленіп берілді. 1969 жылы З.З. Бамматов редакциялығымен 13000 сөзден тұратын «Құмық-орыс сөздігі», 1984 жылы Д.М. Шихмурзаевтың «Ноғай тілінің фразеологиялық сөздігі» жарық көрді. Жаңа ғасыр басында ноғай тіліндегі көнерген сөздер, атап айтқанда, ескі қару-жарақтар, тұрмыс-зат атаулары, анатомиялық және медициналық терминдер, жан-жануарлар және өсімдік әлеміне қатысты атаулар т.б. ноғай тілінде сирек қолданылатын лексика, калькалар және кірме сөздер қамтылған «Ноғайша-орысша тақырыптық сөздік» (2005 ж.) жарық көрді.

Башқұрт лексемалары ортағасырлық зерттеушілер, саяхатшылардың ерте және кейінгі еңбектерінде, атап айтқанда, Клавдия Птолемей (II ғ.), Аммиан Марцеллин (IV ғ.), Менандр Протектор (VI ғ.), Константин Багрянородный (X ғ.), Ибн-Фадлан (X ғ.), Ибн-Русте (X ғ.), Ал-Бакри (X ғ.), М. Қашғари (XI ғ.), Гардизи (XI ғ.), Әл-Бируни (XI ғ.), Әл-Идриси (XII ғ.), Әл-Гарнати (XII ғ.), Плато Карпини (XIII ғ.), Гильома Рубрука (XIII ғ.), Юлиан

(XIII ғ.), Әл-Казвини (XIII ғ.), Әл-Асира (XIII ғ.), Абул-Фида (XIII-XIV), Пицигани ағайындылары (XV ғ.), Шерафитдин Йезди т.б. еңбектерінде көбінесе ономастикалық атаулар түрінде кездеседі¹.

Башқұрт халқының Ресей мемлекетінің құрамына енуінен кейінгі кезеңдерде башқұрт тілінің лексикасы орыс тілді жазба деректерге енеді. Мәселен, П.И. Рычков «Лексикон или словарь топографической Оренбургской губернии» (1776 ж.) сөздігінде көптеген башқұрт атауларына түсіндірме немесе аударма береді: Ямантау от яман «плохой, худой», Актау – Белая гора, Кизляртау – Девичья гора, Иряк – таш – Осокоревый камень и др. Академик П.С. Паллас жетекшілігімен құрастырылған «Сравнительные словари всех языков и наречий, собранные десницею Всевысочайшей особы» (1787 ж.) сөздігінде көрініс тапқан 200 тілдің лексикалық материалы арасында 285 башқұрт сөзі кездеседі. Ал Орынбор губерниялық кеңсесінің коллеждік сот мәжіліскері, башқұрттан шыққан шенеунік М. Бичурин құрастырған «Башқұрт тіліне сөздерді аудару» (XVIII ғасырдың 80-жылдары) қолжазбада 360 орыс сөзінің башқұрт тіліндегі аудармасы берілген². 1899 жылы В.В. Катаринский семантикалық, грамматикалық белгілері бойынша топтарға жіктелген 2500-ге жуық башқұрт сөздері енгізілген «Башқұрт-орыс сөздігін» жариялайды. Бұл сөздік төңкеріліске дейінгі башқұрт және орыс тілдерін зерттеуде практикалық мәні бар және башқұрт лексикографиясында маңызды орын алған еңбек болып саналады.

XX ғасырдың бірінші жартысында башқұрт лексикографиясында терминологиялық сөздіктер жасауға басымдылық беріліп, өсімдік атаулары (1932), математика (1932), физика (1934 и 1935), химия (1934), медицина (1935), гистология (1935), әлеуметтік-экономикалық-философиялық ғылымдар бойынша (1935), физика

¹ Башкирский язык. Башккорт теле. / под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. – Уфа: Китап, 2000. – С. 9-11, Академический словарь башкирского языка: в 10 т. / под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. – Уфа: Китап, 2011. – Т. 1. – 432 с.

² [27, 12 б.].

(1949), математика (1949), химия (1950), зоология (1952), ботаника (1952), география (1952), астрономия (1954), орман шаруашылығы (1954), заң (1956), ауылшаруашылық (1961), әдебиеттану (1965) бойынша аударма және түсіндірме орыс-башқұрт және башқұрт-орыс сөздіктері жарияланды [6, 31].

Терминологиялық сөздіктерді дайындау және жариялау істері әдеби башқұрт тілінің лексикалық нормаларын анықтауда, бекіту және дамуда маңызды рөл атқарды, олардың қосымша корпусы жалпы аударма және түсіндірме сөздіктерде көрініс тапты. Жарияланған орыс-башқұрт (1948, 1954, 1964, 1994, 2002, 2005, 2007), башқұрт-орыс (1958, 1996) және түсіндірме (1993, 2004) сөздіктер сөзтізбенің ұдайы толықтырылып отыруымен, материалды өңдеу сапасының жетілдіруімен, сөз мағыналарын түсіндірудің кеңеюімен және нақтылануымен ерекшеленеді. Айталық 1948 жылы Н.К. Дмитриев, К.З. Ахмеров, Т.Г. Баишев редакциялығымен жарияланған «Орыс-башқұрт сөздігі» 40 000 сөзден тұрады; 1964 ж. сөздікте (жау.ред. К.З. Ахмеров) – 46 000 сөз; 2005 ж. екі томдық сөздікте (жау.ред. З.Г. Ураксин) – 60 000-ден астам сөз қамтылған.

Башқұрт лексикографиясында соңғы 40-50 жылда тілдің семаσιологиялық және сөзжасамдық құбылыстары бойынша лексикографиялық жұмыстар жүргізіліп, синонимдер сөздігі (құрас.: З.Г. Ураксин; 1966, 1985, 2000), омонимдер (құрас.: М.Х. Ахтямов; 1966, 1986), антонимдер (құрас.: М.Х. Ахтямов; 1973, 2009), паронимдер (құрас.: К.Г. Ишбаев, З.К. Ишкильдина; 2001), фразеологиялық бірліктер (құрас.: З.Г. Ураксин, Ф.А. Надршина, Х.Г. Юсупов; 1973, 1989, 1996, 2006), морфемалар (құрас.: М.Х. Ахтямов, З.Г. Уразбаева, Ф.Г. Хисамитдинова, А.М. Ишегулова; 1992, 1994, 2004, 2005, 2008); ономастикалық материалдар жарияланды: жалқы есімдер сөздік-анықтамасы (құрас.: Т.Х. Кусимова, С.А. Биккулова, Ф.Г. Хисамитдинова, Р.И. Султанова, С.Х. Тупеев; 1976, 1982, 1991, 2000), топонимдер (құрас.: А.А. Камалов, Р.З. Шакуров, Г. Ураксин, М.Ф. Хисматов, Ф.Г. Хисамитдинова, З.А. Сиразитдинов, Н.Ф. Суфьянова, Ю.Х. Юлдашбаев; 1980, 1992, 1994,

2000, 2001, 2002, 2005, 2006, 2008, 2009); функциональды-когнитивті (2000, 2002, 2003, 2007), жиілік (құрас.: З.А. Сиразитдинов; 1995, 1997, 2002, 2006), идеографиялық (құрас.: М.Г. Усманова; 2005) тәрізді сөздіктің жаңа формалары жарық көрді.

Соңғы онжылдықта әртүрлі ғылым саласына қатысты терминологиялық сөздіктерді жасау жұмыстары жанданды: ауылшаруашылығы (2001), омарташылық (2001, 2008), қоғамдық-саяси терминдер (2001), ботаника (2002), лингвистика (2002), педагогика және психология (2002), этнолингвистикалық және этномәдени танымдық лексика (2002, 2003, 2006), мифология (2002, 2010, 2011), техника (2003), заң (2003), офтальмология (2004), архитектуралық-құрылыстық терминдер (2004), сауда және қоғамдық тамақтандыру қызметкерлері үшін сөздік (2005), халықтық медицина (2005), малшаруашылығы (2006), кітапхана, баспа және ақпараттық қызмет қызметкерлері үшін сөздік (2006), медицина (2007), орман шаруашылығы (2007), экономика (2007), әскери лексика (2007), өлікті жерлеу, бата оқу дәстүрі бойынша сөздік (2008), астрономия (2008), экология (2008), эстетика (2008), сызу (2008), этика (2009), денешынықтыру және спорт (2009), жаратылыстану (2009), мәдениет қызметкерлері үшін сөздік (2009), сауда, кәсіпкерлік және сыртқыэкономикалық қызмет, дипломатия бойынша сөздік (2009) және т.б. екітілді сөздіктер мен анықтамалар шығарылды [6, 85]. 2011–2012 жылдары башқұрт тілінің 10 томдық академиялық сөздігінің алғашқы төрт томы жарық көрді. Бұл сөздік башқұрт лексикологиясы тарихында алғашқы төрт тілді түсіндірме-аударма сөздік болып табылады.

Сонымен, ХХ ғасырдағы түркі лексикографиясы негізінен әр түркі тілдерінің сөздерін сол тіл шеңберінде әр қырынан (диалектологиялық, орфографиялық, түсіндірме т.б.) түстеп-түгендеген немесе орыс, ағылшын сияқты құрылымы басқа тілдерге аударып берген сөздіктердің көптеп жарық көруімен ерекшеленді. Мұндай келелі табыстарға тек қазақ, қырғыз, түрік, әзірбайжан, башқұрт, ноғай, құмық тілдері лексикографиялары ғана емес,

басқа да көптеген түркі тілдері лексикографиялары қол жеткізді. Әйтсе де жекелеген түркі тілдері лексикографиясының толағай табыстарына сүйене отырып, қазіргі түркі тілдерінің лексикалық байлығын бір арнаға тоғыстыруды көздеген, таза салыстырмалы сипаттағы көптілді сөздік түркі лексикографиясында қолға алына қойған жоқ деуге болады.

Наделяев В.М., Насилов Д.М., Э.Р.Тенишев, Щербак А.М., Боровкова Т.А., Дмитриева Л.В., Зырин А.А., Кормушин И.В., Лягина Н.И., Тугушева Л.Ю. тәрізді белгілі түркітанушы ғалымдардың авторлығымен 1969 жылы Ленинградта жарық көрген «Көне түркі сөздігі». 20 000 көне түркі сөздері мен тұрақты тіркестер қамтылған «Көне түркі сөздігі» күні бүгінге дейін 8-13 ғасырлардағы орхон-енисей, араб, ұйғыр, манихей, брахми тәрізді әртүрлі жазу жүйесінде жасалған жазба ескерткіштер бойынша дереккөз қызметін атқаруда.

Э.В. Севортянның (1901-1978) басшылығымен 1974 жылы басталып қазіргі кезде жалғасын тапқан (7 том жарық көрді) «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» (ЭСТЯ) түркі лексикасының тарихи дамуы барысындағы морфемдік, фонетикалық және семантикалық өзгерістерін көрсеткен бірден-бір ірі сөздік ретінде құнды. Ал қазіргі түркі тілдерінің салыстырмалы сипаттағы алғашқы көп сөздіктерінің бірі – ХХ ғасырдың соңғы ширегінде жарық көрген Куртулуш Өзтопчының сегіз түркі жазба тілінің сөз қорына негізделген «Түркі тілдері сөздігі»¹. Бірақ мұнда бас сөздің реестрлік қатары ағылшын тілі сөздеріне құрылғандықтан, сөздік ағылшын тіліндегі сөздің өзге түркі тілдеріндегі баламасын беру бағытындағы салғастырмалы сипат алған-ды.

Көптеген жылдар бойы алтаистикалық және түркологиялық бағыттағы теориялық-методологиялық, қолданбалы-практикалық зерттеулерге аса маңызды лексикографиялық дереккөз қызметін атқарып келе жатқан түркі тілдеріаралық деңгейдегі

¹ Öztopçu Kurtuluş. Dictionary of the Turkic languages: English, Azerbaijani, Kazakh, Kyrgyz, Tatar, Turkish, Turkmen, Uighur, Uzbek. – London: Routledge, 1996. – 422 p.

ЭСТЯ¹, ЭСЧЯ², EDAL³ тәрізді танымал сөздіктер генеалогиялық принципті басшылыққа алған этимологиялық сөздіктер болып табылады. Ал В. Радловтың «Опыт тюркских наречий» сөздігі бүгінгі күнге дейін қазіргі түркі тілдерінің лексикалық құрамының ядросы саналатын негізгі лексикалық қорды біршама толық қамтуға талпыныс жасалған сөздік қалпында қалып отыр деуге болады.

Түркі лексикографиясы тарихының зерттеу нысанына түркі тілдері жайлы алғашқы деректер сақталған ежелгі дәуірлерден бүгінгі заманға дейінгі тұтас хронологиялық кезеңді қамтитын барлық сөздіктер жатады. Дереккөздерді таңдау, іріктеу, сөздіктің мақсатына байланысты, бір немесе бірнеше ескерткіштің тілін қатар қамтуы мүмкін, ал белгілі бір ұстанымдарға сай лексемалық бірліктерді жинақтау, сөзтізбесін дайындау сөздік түзудің проспектісіне, құрастырушылардың мақсатына сәйкес дайындалады. Дайындалатын сөздіктің материалдық базасын дереккөздердің бірнеше арналары құрайды: көне түркі, орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілі; фольклор тілі; осы уақытқа дейін дайындал-

¹ Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / АН СССР Институт языкознания. – Москва, 1974; Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» / АН СССР. Ин-т языкознания. – Москва, 1978; Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «В», «Г» и «Д» / Ред. Н.З.Гаджиева/. – Москва, 1980; Севортян Э.В., Левитская Л.С. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Ж», «Ж», «И». – Москва, 1989; Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «К», «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин. – Москва, 1997; Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С». – Москва, 2003; Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин/. – Москва, 2000.

² Федотов М. Р. Этимологический словарь чувашского языка. – Чебоксары, 1996. Т. 1-2.

³ Starostin S., Dybo A., Mudrak O. Etymological Dictionary of the Altaic Languages. – Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. – P. 858. (A-K); Vol. 2. – P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. – P. 1557-2096. (Indices).

ған сөздіктер материалдары; жазба тіл (көркем әдебиет, баспасөз, публицистикалық, ғылыми әдебиет т.б. тілі) материалдары; халық арасынан жинақталған тірі тілдік материалдар (жазба, аудио, видео). Дереккөздерден жинақталған картотекалық қор (электронды, жазбаша) сөзтізбе қорын құрайды.

Түркі тілдері дамуының тарихи кезеңдерінен белгі беретін, сол замандағы лексикалық құрамның ерекшеліктерін көрсететін әртүрлі хронологиялық, локальдық, типтік, стильдік сипаттағы жазба тіл мұралары лексикография тарихының зерттеу нысаны бола отырып, заманауи лексикографияның маңызы мен құндылығын, ғылыми әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Лексикография тарихы алғашқы сөздіктердің дайындалуының тарихи-филологиялық факторларын анықтап, сөздіктердің тарихи даму жолдарын, жасалу тарихын филологиялық тұрғыдан зерттейді, олардағы әртүрлі лексикографиялық мәселелердің шешілу тарихын ғылыми тұрғыдан негіздейді. Лексикография тарихы – тіл тарихы. Ал тіл тарихы – сол тілде сөйлеуші этностың тарихы, жүріп өткен жолы, бітім-болмысы мен дүниетанымының көрінісі. Сондықтан түркі тілдерінің тарихи кезеңдерін сипаттайтын жазба мұралар тілін толықтай лексикографиялық айналымға енгізу түркі лексикографиясының келелі міндеттеріне жататынын көрсетеді.

XI ғасырдан басталатын түркі лексикографиясының даму тарихын әдіснамалық, тәжірибелік және ғылыми-теориялық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. XI-XVI ғасырдағы түркі лексикографиясы. Бұл кезеңдегі түркі тілдерінің сөздіктері араб тілі лексикографиясының ұстанымдары негізінде араб тіліндегі түсіндірмелерімен беріліп, типтік тұрғыдан жіктелмей әмбебаптық сипатта болды.

2. XVII-XIX ғасырлардағы түркі лексикографиясы. XVII ғасырдың соңғы жылдарынан бастап түркі лексикографиясы орыс лексикографиясымен тығыз сабақтастықта дамыды. Осы кезеңде дайындалған лексикографиялық еңбектер негізінен орысша-

түркіше және түркіше-орысша аударма сөздіктерден және бірнеше тілдер деректеріне негізделген салыстырмалы–салғастырмалы сипаттағы сөздіктерден тұрады.

3. XX ғасыр түркі лексикографиясы. Үшінші кезең түркі лексикографиясының қарқынды түрде дамыған кезеңі. Бұл кезеңде сөздік түзу мәселесі ғылыми-теориялық және методологиялық тұрғыдан негізделіп, жүйелілік сипатқа ие болды. Негізінен түркі-орыс, орыс-түркі тілдері аралық аударма сөздіктер түзу тәжірибесі басымдық алды. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерін дайындау қолға алынып, тарихи-ғылыми (көне түркі тілдерінің сөздігі, этимологиялық сөздіктер т.б.) сөздіктер түзіле бастады.

4. XXI ғасыр түркі лексикографиясы. Түркі тілдеріаралық сөздіктер құрастыру мәселесі түркі халықтары арасындағы рухани-мәдени байланысты нығайтудың, жалпытүркілік тілдік сананы жаңғыртудың, түркі тілдері лексикасының базалық қорын сақтаудың, дамытудың негізгі тетігі тұрғысынан өзектелуде.

Шығыс және батыс өркениетімен қанаттаса дамыған түркі өркениеті тарихында түркі руникасымен, көне ұйғыр, манихей, араб, көне грек, армян т.б. әліпбилерімен хатқа түскен көне-түркілік, ортағасырлық жазба ескерткіштердің, XVII-XIX ғасырларда жазылған мұралардың орны ерекше. Осы жазба мұралар тілінде қолданылған лексикалық бірліктерді толықтай тізімдеп, лексикографиялық сипаттамасын жасау; Ресейде, Арменияда т.б. шетел архивтері мен қолжазбалар қорындағы XVII-XIX ғасырларда дайындалған түркі сөздіктері мен лексикографиялық элементтері бар басқа да еңбектердің қолжазбаларын зерттеп, ғылыми айналымға түсіру түркі лексикографиясының тарихи аспектісінің жүгінің аса ауырлығын көрсетеді.

Заманауи тіл білімінің даму үдерістеріне сай теориялық лексикография міндеттерінің де ауқымы артуда, антропоөзектік бағыттағы теориялық және практикалық мәселелері зерттеудің орталық нысанына айналып, әр тілдің тарихы, дүниетанымдық қырлары бойынша жалпылингвистикалық күрделі мәселелер-

ге қарай бағыт алуға. Сөздік – тіл туралы білімдер жиынтығы, рухани мәдениеттің өзегі. Сапалы лексикографиялық еңбектер қоғамның дамуына, ұрпақ болашағының тұрақтылығына қызмет ететіндіктен әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік деңгейдегі мәселе ретінде өзектелуде. Сондықтан сөздіктердің ақпараттық мәліметі мол және ғылыми, мәдени құндылығы жоғары болуы әрі тұтынушылардың рухани-практикалық сұранысын қамтамасыз ету тетіктерін оңтайластыру заманауи түркі лексикографиясының басты талабы.

Лексикография лексикологияның құрамдас бөлігі әрі қолданбалы тіл білімінің жетекші салаларының бірі ретінде жалпыхалықтық тілді байыту, жүйелеу, тіл мәдениетін арттыру, тілдераралық қарым-қатынасты реттеу тетіктерінің ғылыми-теориялық негіздемесін құрайды. Сөздік жасаудың теориясы мен тәжірибесін қарастырып, олардың ғылыми ұстанымдарын қалыптастыратын, құрылымдық жүйесі мен тілдік мазмұнын зерттейтін сөздіктану – тілдің байлығын, рухани-мәдени және функционалдық әлеуетін сипаттайды. Сөздіктердің маңызы жайлы лексикограф В.В Морковкин: «Являясь важным научным пособием для различных разделов лингвистики, языковые словари имеют, кроме того, большое практическое значение. Это значение заключается прежде всего в том, что они дают возможность быстро и эффективно ориентироваться в огромном и сложном организме лексики, содействуя тем самым поддержанию норм литературного языка, повышению правильности, выразительности и точности индивидуальной речи его носителей», – деген ой айтады¹. Ғалым пікірі тіл байлығын игеруді, оны тиімді қолдана білуді қамтамасыз ететін лексикографиялық еңбектердің мәнін айшықтап көрсетеді.

Сөздіктер қоғамдық қажеттіліктен туындайтындықтан тәжірибелік лексикография теориялық лексикографиядан бұрын қалыптасып, жалпы тілтаным ғылымының дербес ғылым саласы ретінде орнығуына үлес қосқан алғашқы еңбектер қатарынан

¹ Морковкин В.В. Идеографические словари. – Москва: ГИС, 1970. – С. 6.

орын алды. Қоғамдық ғылымдарға тән әмбебаптық, салааралық сипатымен ерекшеленетін лексикография жеке лингвистикалық пән ретінде мәдени-тарихи-филологиялық, әлеуметтік-семиотикалық, әлеуметтік-психологиялық және логика-кибернетикалық сипаттағы теориялық мәселелерді қамтитын ғылым саласы болып табылады.

Лексикография теориясы – сөздік жасау тәжірибелерінің ғылыми қорытындылары мен лексикологиялық зерттеу нәтижелері негізінде қалыптасты. Лексикография теориясы тіл білімінің қол жеткен жетістіктеріне сүйене отырып, семиотика мен информатиканың жалпы теорияларын, математиканың, кибернетиканың әдіс-тәсілдері мен идеяларын, компьютерлік техникаларды өзінің мақсатына сай қолданады. Лексикографияда гуманитарлық, техникалық, жаратылыстанымдық ғылым салаларының әдіс-тәсілдерін кешенді түрде қолдану оның филологиялық-лингвистикалық табиғатын өзгертпейді, керісінше оны қазіргі заманның талабына сай жаңа сапаға көтерілгенін көрсетеді. Сөздік түзуде қолданылатын амалдар жүйесі тәжірибелік лексикография мен теориялық лексикографияны тұтас бір мақсатқа ұйыстыруға қызмет етеді. Тәжірибелік лексикографияның міндеті – тілдің сөздік байлығын жиып, ретке келтіру; нормаға түсіру; тілді үйрету және оқыту; қоғамның тіл мәдениетін арттыру; ұлттар арасындағы қатынас жасауды жеңілдету; тілдің сөз байлығын ғылыми тұрғыдан зерттеу¹ мәселелерінен тұрады.

Теориялық лексикографияның зерттеу парадигмасы-сөздіктердің жалпы типологиясын жетілдіру; сөздіктің микроқұрылымын талдау; жекелеген сөздік мақалаларды ғылыми тұрғыдан негіздеу; сөзге грамматикалық және фонетикалық түсініктеме беру; мағыналарды анықтау мен топтастыру; сөздік анықтаманың түрлерін ажырату; белгі сөздің жүйесін айқындау; тілдік дәйектемелердің түрлерін нақтылау; фразеологиялар мен қо-

¹ Қалиев Ғ. Лексикография // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – Б. 255.

сымша мәліметтерді беру жолдарын негіздеу; түсіндірме және этимологиялық сөздіктегі сөз мағынасының берілу амалдарын саралау тәрізді кешенді мәселелерді қамтиды. Сөздіктердің құрылымдық, типтік түрлерін талдап, әр түрлі сөздіктердің мақсат-міндеттерін айқындау да теориялық лексикографияның зерттеу аясына жатады. Әртүрлі хронологиялық, локальдық, құрылымдық, типтік сипаттағы сөздіктерге филологиялық тұрғыдан талдау жасап, сөздік түзу тәжірибелерін жүйелеу мен қорытындылау негізінде сөздік дайындау ісін жетілдіру тетіктерін нақтылауы, теориялық және практикалық мүмкіндіктерді анықтап беруі теориялық лексикографияның ғылыми қызметін сипаттайды.

Лексикография теориясының дамуы практикалық лексикографияның жетілуіне, жүйеленуіне ықпал ететіндіктен лексикография теориясының дәрежесі неғұрлым жоғары болса, сөздіктер де соғұрлым сапалы болмақ. Сөздіктер мазмұнынның сапасын арттыру лексикографияның теориялық және практикалық проблемаларын зерттеуді кешенді түрде жүргізуді қажет етеді. Сөздің лексикалық мағыналарының типтері; мағына мен қолданыс; сөз мағыналарының сөздікте берілу тәртібі; полисемия құбылысы мен омонимия құбылысының айырмашылығы; фразеологиялық сөз тіркестерінің сөздікте берілу принциптері; сөздікке кіретін туынды сөздердің түрлері және олардың аумағы мен шегі; сөздерге берілетін түсіндірме мен стилистикалық мінездеме және т.б. айрықша назарда болу керек. Сөзге берілетін сипаттама семасиологиялық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктер тұрғысынан жасалады, сондықтан лексикографиялық ізденістерде грамматика мен стилистиканың да атқаратын қызметі зор. «Сөздің семантикалық қыры түсіндірме сөздікте де, аударма сөздікте де маңызды мәселе болып табылады, ал сөздің белгілі бір сөз табына, белгілі бір стильге қатыстылығы тиісті белгілер арқылы көрсетіледі. Бұл тілдің лексикасының стилистикалық жақтан дифференциялануын

зерттеп, лексикадағы стильдік топтар мен тармақтарды айқындаудың нәтижесінде ғана іске асады»¹.

Сөздіктер берілген лексемалардың әліппи тәртібімен көрсетілуіне немесе ұғымдас бірліктердің ретімен көрсетілуіне қарай екіге бөлінеді: дыбыстық немесе алфавиттік сөздіктер; идеографиялық сөздіктер немесе ұғымдар сөздігі. Қазіргі таңда сөздік дайындау тәжірибесі негізінен альфавиттік жүйеге құрылады. Соған сәйкес *сөздік* терминіне «Словарь – сборник слов в алфавитном порядке, с пояснениями, толкованиями или с переводом на другой язык»² деген анықтама беріледі. Тіл таңба ретінде ойлаумен органикалық бірлікте қарастырылады, ойлау адам танымындағы ақиқат дүниенің танылуын қамтамасыз ететін үдемелі үдерістерге әсер етіп, білім аясын қалыптастырады. Білім – адамның қоғамдық және табиғи заңдылықтар мен құбылыстар туралы ақиқат шындықты қабылдауының нәтижесі, танымда орныққан шындықтың сөзбен бекітілуі тілдің таңбалық сипатын анықтайды. Лингвистер тарапынан тілдің таңбалық сипаты толық мойындалғанмен, *сөз – таңба ретінде* ұғымына қатысты көзқарастар екі бағытқа ажырайды: сөздің таңбалық сипаты белгілі бір мағына арқылы бекітілген сөздің сыртқы тұлғасына (сөздің материалдық қабығына) ғана тән³; сөз-таңба сөздің ішкі тұлғасы мен сырқы тұлғасының бірлігінен көрінеді. Ф. де Соссюрдің: «Мы называем знаком комбинацию понятия и акустического образа», – деген ойы екінші бағыттың кеңінен орнығуына ықпал етті⁴.

Сөз – адам санасында танылған әлемнің объективтенуі, сондықтан ол шындықтың синкретті-коррелятивті бейнесі ретінде де қарастырылады. Тілдің таңбалық сипатының танылу ерек-

¹ Аханов К. А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002. – Б. 31.

² Ожегов С.И. Словарь русского языка. Под ред. Н.Ю.Шведовой. 20-изд. – Москва: Русский язык, 1989. – С. 720.

³ А. С. Мельничук. О природе лингвистического знака. В сб. «Теоретические проблемы современного языкознания». – Москва: Изд-во АН СССР, 1964. – С.28.

⁴ Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики. – Москва: Комкнига, 2006. – С. 78.

шеліктеріне сәйкес лексикалық құрамды сыртқы құрылымның (тұлғалық-тұрпаттық) жақындығына және ішкі құрылымның (мағыналық-мазмұндық-ұғымдық) жақындығына байланысты топтастыруға болады. Бұл сөздік түзу тәжірибесінен де көрінеді, тұлғалық-тұрпаттық жақындық негізге алынғанда сөздік алфавиттік жүйеге құрылады, ал мағыналық-мазмұндық-ұғымдық жақындық негізге алынғанда сөздік «семантикалық ұяға», «мағыналық деривацияға», яғни идеографиялық жүйеге құрылады.

Алфавиттік сөздіктер практикалық тұрғыдан қолайлы болғанымен тіл арқылы көрініс беретін адамзаттың дүние жайлы білім жүйесіне сәйкес келмейді. В. И. Дальдің алфавиттік сөздіктер жайлы: «Самые близкие и сродные речения... разносятся далеко врозь и томятся тут и там в одиночестве; всякая живая связь речи разорвана и утрачена., читать такой словарь нет сил, на десятом слове ум притупеет и голова вскружится, потому что ум наш требует во всем какой-нибудь разумной связи, постепенности и последовательности»¹ деген ойы да лексикалық жүйедегі ұғымдық-семантикалық сабақтастықтың үзілмейтініне айрықша мән бергенінен туындаса керек. Идеографиялық сөздіктердің тіл табиғатын танытудағы маңызын В.В.Морковкин: «Идеографический словарь самим фактом размещения рядом родственных по смыслу слов дает возможность прогнозировать различные синтаксические и семантические изменения, (например, изменение управления глаголов по аналогии и др.). Расположение слов по группам, связанным смысловыми узами, позволит в определенной степени решить проблему составления словаря синонимов и антонимов»² деген ойлары арқылы білдіреді.

Әліпбилік жүйенің кез келген сөз туралы мәліметті тез арада тауып алуға мүмкіндік беруі сөздік түзу тәжірибесіндегі алфавиттік жүйенің басымдық алуына ықпал етті. Сондықтан зама-

¹ Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. т. 1. – Москва: ГИС, 1955. – С.18.

² Морковкин В.В. Идеографические словари. – Москва: ГИС, 1970. – С. 9.

науи сөздіктер негізінен әліппилік жүйеге құрылуда. Қоғамдық-әлеуметтік және ғылыми қажеттілікке байланысты да сөздіктер бірнеше түрге бөлінетіні белгілі. Сөздің қалыптасуын, тұлғалық және семантикалық дамуын, хронологиялық тілдік қабаттарға қатысын сипаттайтын этимологиялық сөздіктер мен ескерткіштер тілінің түсіндірме, аударма сөздіктері тарихи сөздіктерге жатады. Қазіргі тілдер лексикасының статикалық қалпына сипаттама беруді немесе басқа тілдегі аудармасын беруді мақсат ететін сөздіктер заманауи сөздіктерге, терминдерді, синонимдер мен антонимдерді, омонимдерді, фразеологизмдер мен паремияларды, табу сөздер мен эвфемизмдерді, дисфемизмдерді т.б. түсіндіруге, басқа тілге аударуға арналған сөздіктер арнаулы сөздіктер тобына жатады. Сөздіктің мақсаты мен міндетіне, ішкі мазмұнына байланысты тақырыптық ауқымыда аса кең: этимологиялық сөздік, тарихи сөздік, этнолингвистикалық сөздік, түсіндірме сөздік, аударма сөздік, диалектологиялық сөздік, фразеологиялық сөздік, синонимдер сөздігі, омонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі, терминологиялық сөздік, топонимдер сөздігі, антропонимдер сөздігі, энциклопедиялық сөздік, иллюстративтік сөздік, орфографиялық сөздік т.б.

Лексикография теориясында сөздік түзу ісін жоспарлау мен ұйымдастыру туралы ұстанымдар жүйесінен тұратын лексикографиялық құрастырма ілімі ерекше маңызды. Сөздік дайындауда атқарылатын қызмет пен орындалатын істі біртекті филологиялық қызмет ретінде қарастыруға болмайды. Негізгі атқарылатын іс – әртүрлі атаулық бірліктерге анықтама беріп, талдау жасауды қамтамасыз ететін лингвистикалық функциядан тұрады, екінші қызмет – лингвистикалық деректердің түрлі қасиеттерін мақсатты түрде тұтас жүйеге айналдырып, ашып көрсету арқылы жаңа сапада қайта ұсынуды қамтиды. Бұл сөздік дайындаушының лингвист қана емес, құрастырма жұмыстарының маманы, лингвист-инженер болуын талап етеді. Лексикографиялық құрастырма жұмыстары туралы лексикограф ғалым В.В.Морковкин: «Лексикографиялық құрастырма – үлкенді-кішілі әртүрлі мақ-

саттағы сөздіктерді, сөздіктің жүйелері мен серияларын ойлап шығарумен, олардың мақсатқа сай ең тиімді түрін, компоненттік құрамын белгілеумен, сондай-ақ, құрылымдық жаңартулар көмегімен сөздікке максималды ақпараттық құндылық беретін, пайдалануға ыңғайлы етіп жасайтын инженерлік-филологиялық қызметтің түрі», – деп ой түйеді¹. Ғалымның көзқарастары бойынша құрастырманың кем дегенде үш түрі болады: бірінші түрі – кез келген сөздікті құрастыру ісі және оны құрастыруға қатысты құрылымдық мәселелердің жиынтығы, бұл ұғым бір сөздік көлеміндегі, сөзтізбе мен сөздік мақаланың құрылымына, яғни сөздіктің ішкі құрылымына қатысты құрастырма мәселелер көлемін ғана қамтиды; екінші түрі – лексикалық құрамы тілді үйренудің деңгейіне байланысты бірте-бірте күрделеніп жасалатын, бірнеше кітаптан тұратын сөздіктер сериясын құрастыруға қатысты, яғни оқытудағы сатылылық (градуалдылық) ұстанымына негізделіп түзіледі; үшінші түрі – белгілі бір тілдің құрамы мен құрылымын толық ашып көрсету мақсатында немесе тілді жан-жақты меңгерту мақсатында әртүрлі сөздіктерден құралатын сөздіктер жүйесін жасауға қатысты². Бұл негізінен аударма, түсіндірме сөздіктерге қатысты құрастырма жұмыстарын сипаттайды. Этимологиялық, этнолингвистикалық, тарихи сөздіктерді дайындау барысында жүргізілетін құрастырма жұмыстарының жүгі арта түседі.

Лексикографиялық жұмыстарды ұйымдастырудың алғашқы сатысы – бастапқы материалдар немесе картотекалық қор туралы ілімнің ұстанымдарына негізделіп жүргізіледі. Сөздіктердің дереккөздерін саралап, сөздікке негіз болатын бастапқы материалдарды жинақтаудың формалары мен әдіс-тәсілдерін нақтылау – сөздік түзу жұмысындағы маңызды мәселелердің бірі, лексикографиялық еңбектің сапасы, оның дұрыс түзілуі картотека

¹ Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии. – Москва: Институт русского языка им. А.С. Пушкина, 1990. – С. 122.

² Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии. – Москва: Институт русского языка им. А.С. Пушкина, 1990. – С. 122-130.

мәселесінің оңды шешілуімен тікелей байланысты. Жобаланып отырған сөздікке негіз болатын дереккөздер корпусын анықтау, басқа сөздіктер материалдарын дереккөз ретінде пайдаланудың ерекшеліктерін белгілеу, жалпытілдік (ғылыми, әдеби, публицистикалық) шығармалардан, сонымен бірге, арнаулы салалық шығармалардан материал жинақтаудың әдіс-тәсілдерін сипаттау, ауызекі сөйлеу тілі негізінде даярланған жазбаларды сөздікке пайдаланудың әдіс-тәсілдері мен қолданым шектерін анықтау, тілдік бірлікті ұсынатын мәтіннің сипаты мен көлемін белгілеу, тілдік бірліктің қолданымын дәйектейтін сөздік мәтін бөліктерінің жалпы санын айқындау – материалды дайындауға қатысты іс-шаралар кешенін қамтиды. Сондай-ақ, сөздік материалдарын жинақтайтын картотекалардың түрлері, оларды толтырудың әдістемесі, материалды сұрыптап алудың инструкциясы, картотека жасау ісін автоматтандырудың, электронды бағдарламаларды пайдаланудың жолдары, т.б. – лексикография методологиясындағы негізгі мәселелер болып табылады.

Сөздік түзу ісін жоспарлау мен ұйымдастыру туралы ілім – әрбір лексикографиялық туындының мақсаты мен өзіндік ерекшеліктеріне байланысты жоспарлау, оның нұсқаулығы мен проспектісін жасау, сөздікті түзу ісін ұйымдастыру шараларын қамтиды. Сөздік проспектісінің негізгі бөлімдері: сөздіктің мақсаты мен міндеттері; нақты адресаты (тұтынушысы); сөздіктің композициясы; сөзтізбе сипаттамасы (сандық және сапалық); сөздік мақаланың құрылымы; сөздік мақаланың жекелеген элементтерін жүйелі түрде, рет-ретімен және нақты сипаттау; белгілерді, қабылданған қысқартуларға, шартты таңбаларға сипаттама; дереккөздер тізімі; қосымшалардың сипаттамасы¹.

Сөздік түзудегі маңызды мәселе – сөздік мақалада қамтылатын анықтаманы дұрыс орналастыру. Сөздіктерде анықтаманы қолайлы орналастыру үшін грамматикалық, лексикологиялық, семасиологиялық, орфоэпиялық және орфографиялық мәлі-

¹ Козырев В.А. Русская лексикография. – Москва: Дрофа, 2004. – С. 55-56.

меттер синтезделеді, қорытылады. Бұл тілдік бірліктерді нақтылы әрі толық сипаттауға мүмкіндік тудырады. Қазіргі түркі лексикографиясының сөздік түзудегі басты талаптары сөздіктің мақсатына байланысты бірнеше ұстанымдарды қамтиды: *жүйелілік* – тілдің лексикалық байлығын тұтас бір жүйе ретінде қабылдау және пайдалану, яғни тілдегі сөздік қорды лексикалық жағынан да, мағыналық жағынан да бір-бірімен байланыста, бірлікте алып қарастыру, сөз мағыналарының тұтас бір құрылым екенін көрсете білу. *Жүйелілік қағидасы* тізімге алынған тілдік бірліктерге стильдік белгі қоюда, мағыналарын ашуда сол сөзге лексика-семантикалық топтағы басқа сөздермен салыстыра отырып, олардың мағыналарын бір-бірімен байланыстыруды талап етеді; *тілдің функционалдық мүмкіндігін ашу* – сөздің сөйлеу үдерісіндегі қолданысын мейілінше көрсете білу. Тілдің функционалдық мүмкіндігін ашу қағидасы сөздің синтаксистік конструкциялардағы мағынасын, сөздермен грамматикалық байланысын толық көрсетуді қажет етеді; *семантикалық* – сөз мағыналарын, мағыналық реңктерін саралап көрсету; *тарихилық* – сөз семантикасына тарихи, даму тұрғысынан қарау; *грамматикалық* – сөз құрылымының ерекшеліктеріне байланысты түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың, түрлі грамматикалық категориялардың сөйлеу үдерісіндегі міндеттерін қамту; *сабақтастық* – лексикографияның тіл білімі салаларымен байланысына негізделген ұстаным – тілдік құрылымдағы лексика, морфология, синтаксис, стилистика, тіл тарихы, тіл мәдениеті салаларының арасындағы байланысты көрсету.

Лингвистикалық сипаттау теориясының нысаны – *тілдік бірлікті сипаттау* сөздік түзу ісінде кеңінен қолданылады. Тілдік бірлікті сипаттау арқылы сөз мазмұнын ашу семантикалық сипаттаумен байланысты болғандықтан, тіл иесі болып табылатын халықтың, этностың тарихымен, мәдениетімен, дүниетанымымен тығыз сабақтастықта қарастырылады. Сөздікте берілетін тілдік бірлікке сипаттама беру барысында бірнеше ұстанымдар кешені қамтылуы қажет: *стандарттық ұстанымы* – сөздік мақа-

лалардағы тірек сөздердің таиғатына сәйкес бірдей құбылыстардың лексикографиялық түсіндірмесі сөздіктің өн бойында бірдей болуы шарты. Стандарттықты сақтау лексикографияға қойылатын басты талаптардың бірі; *үнемділік ұстанымы* – максимум ақпаратты минимум мәтінге сыйдыру. Үнемділік ұстанымының маңызы лексеманың тұтас мазмұнын шағын әрі нақты түсініктемемен беруге мүмкіндік беруімен сипатталады; *қарапайымдылық ұстанымы* – микромәтіннің қарапайым тұтынушыға, яғни адресатқа мейілінше ұғынықты болуын қамтамасыз ету шарты. Қарапайымдылық ұстанымын сақтау сөздің лексикалық мағынасын беруде екіұштылықтан арылу үшін нақты синтаксистік құрылымдар мен сөздерді пайдалануды қажет етеді; *толықтық ұстанымы* – сөздің қолданылуы мен мағыналарын сөздік мақалада мүмкіндігінше толықтай көрсетуге ұмтылу. Толықтық ұстанымы сөйлеу барысында сөздің функционалдық әлеуетін дұрыс қолдануға, оның барлық парадигмалық, синтагмалық қасиеттерін дәл түсінуге көмектеседі; *тиімділік ұстанымы* – сөз мазмұнын сипаттауды, тұтас сөздік жүйесін құруды барынша оңтайландыру; *сипаттаудың сатылы семантикалық ұстанымы* – лексемалық бірліктің мазмұндық аясына кіретін негізгі мағына мен ауыспалы мағыналарды, семантикалық реңктерді рет-ретімен сатылай орналастыру. Бұл сөздік мақаланы алгоритмдік формада құру талаптарымен ұштасады; *сөздікті тұтынушыға (адресатқа) бейімдеу ұстанымы* – сөздік түрлеріне, сөздіктің мақсатына байланысты адресаттың ерекшелектерін ескеру¹. Мысалы, төменгі сынып оқушыларына арналған шағын сөздіктерде сөздік мақалаға қойылатын талаптар баланың жас-ерекшелігіне сай болуы керек; ғылыми сөздіктер (этимологиялық сөздіктер, ескерткіштер тілі

¹ Қараңыз: Қалиев Ғ. Лексикография // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998; А. С. Мельничук. О природе лингвистического знака. В сб. «Теоретические проблемы современного языкознания». – Москва: Изд-во АН СССР, 1964; Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии. – Москва: Институт русского языка им. А.С. Пушкина, 1990. – 292 с.; Козырев В.А. Русская лексикография. – Москва: Дрофа, 2004. – 288 с.

сөздіктері, түбір сөздер сөздіктері т.б.) мен жалпы көпшілікке арналған сөздіктердегі сөздік мақаланың құрылымы мен стилінде ерекшеліктер болады.

Тілдік жүйенің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық деңгейлерін тұтас қамтыған тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-сипаттамалы, синхронды-сипаттамалы бағыттағы іргелі зерттеулер арқылы теориялық-методологиялық тұғыры берік орныққан лингвистикалық түркітанудың бүгінгі таңдағы келбетін саларалық сипатының басымдық алуы айқындайды. Бұл «тіл – адам – қоғам» триадасының қағидаттарын басшылыққа ала отырып, этнос мәдениетін, ой-таным, салт-санасын, дүниетанымын, сан ғасыр бойы жинақтаған іс-тәжірибесін, білім қорын этностың (халықтың, ұлттың) тілі арқылы зерттеп-зерделеу мүддесін көздейтін антропоцентристік бағыттағы ХХІ ғасыр лингвистикасының келелі мәселелерімен ұштасып, түркітанудың тілтаным, әдебиеттану, фольклор, тарих, этнография, дінтану, мәдениеттану сияқты гуманитарлық ғылым салаларының басын қосатын кешенді пәнге айналуынан туындайды.

Түркітанудың жаңғыруы тәуелсіз түркі республикаларының өзара ынтымақтастық пен ықпалдастыққа негізделген халықаралық байланыстары мен қарым-қатынастарының жаңа сапалық деңгейге көтерілуімен, рухани-мәдени және тарихи тамырластыққа мән берілуімен, ақпараттық технологияның қарқынды дамуы мен жаһандану үдерісінің айрықша қанат жайған тұсында түркілік өркениеттің жалпыадамзаттық өркениеттен алатын орнын бағамдау, адамзат мәдениетінің шығыстық моделінің құрамдас бөлігі ретінде жалпытүркілік болмыс-бітімді сақтап қалу міндетімен сабақтасып жатыр. Осы орайда қазіргі түркі халықтарының тілі мен ділінің, рухани мәдениетінің, жалпы құндылықтар әлемінің қайнар көздері бір екенін танытатын, дифференциациялық және интеграциялық лингвоиндикаторларды ашалап көрсететін түркі тілдері аралық екітілді, көптілді аударма және салыстырмалы-түсіндірме сөздіктер құрастырудың маңызы мен рөлі айрықша. Олардың сапалы болуы ғылыми зерт-

теудің теориялық-методологиялық негіздемесі мен фактологиялық-дереккөздік базасының ауқымына барып тіреледі.

Түркі тілдерінің құрылым-құрылысына қатысты іргелі ғылыми зерттеулер, сондай-ақ түркі тілдерінің әрқайсысының сөздік қорларын тізімдеп-тіркеуге бағытталған терминологиялық, диалектологиялық, ономастикалық, түсіндірме, екітілді аударма т.б. сипаттағы сөздіктер, ауыз әдебиетінің сан алуан жанрларына қатысты көлемді жинақтар мен анталогиялар т.б. негізінде түркі тілдерін салыстыра зерттеудің фактологиялық базасы біршама қалыптасты десек те, әлі де назардан тыс қалған жекелеген тіл материалдары баршылық. Сондықтан түркі тілдері лексикалық қорының фактологиялық базасын жетілдіріп, мүмкіндігінше толықтыру бүгінгі таңдағы түркітілдес халықтардың интеграциялану үдерісі талап етеді.

Лексикография теориясында әлеуметтік-мәдени мәндегі ұлттық және әлемдік лексикографиялық тәжірибелер, мәдени-тарихи дәстүрлі ұғымдар дұрыс түсіндіріліп, үздіксіз қарастырылуы қажет. Соған орай жалпытүркілік тарихи-этимологиялық сөздіктерді, жекелеген жазба ескерткіштердің сөздіктерін, белгілі бір хронологиялық кезеңдер аралығындағы жазба ескерткіштер тілінің ортақ сөздіктерін; қазіргі түркіаралық екітілді, көптілді аударма сөздіктерді; екітілді салыстырмалы түсіндірме сөздіктерді; түркі тілдерінің салыстырмалы фразеологиялық сөздіктерін; паремеологиялық түсіндірме сөздіктерін; синонимдер, омонимдер, антонимдер сөздігін түзудің негізгі ғылыми-әдістемелік ұстанымдарын біріздендіруге бағдарлануы аса маңызды. Түркі тілдері аралық екі тілді аударма және салыстырмалы түсіндірме сөздіктер құрастыру туыс халықтар арасындағы рухани жақындық пен үйлесімділікті қамтамасыз ететін тетік қызметін атқаратындықтан, жекелеген түркі тілдері арасындағы қатынасты реттеуге қызмет ететіндіктен басты нысана ретінде жалпытүркілік ортақ сөздерге шартты белгі қойып, гомогенді сөздердің әр тілге тән нұсқалары тұлғалық өзгерістерімен берілуін қамтамасыз ету керек, лексикалық ерекшеліктер айқын болған

жағдайда ғана, яғни бір тілдегі сөздің баламасы келесі тілде мүлдем басқа сөз болса гетерогенді түркі сөздерінен немесе өзге тілден енген сөздерден тұратын баламаларын қолдану қажет. Осы қағиданы тұғыр еткен сөздіктер ғана түркі халықтары арасындағы интеграциялық үдерістерге, түркі әлемінің тарихи-мәдени және тілдік сабақтастығын жандандыруға қызмет ете алады.

Жекелеген ғылым салаларының даму қарқындылығы, бағыт-бағдары ғылыми-ұйымдастыру шараларына тікелей байланысты. XVI ғасырдан бері жұмыс істеп келе жатқан Еуропа елдеріндегі Ғылым академиялары жалпыеуропалық өркениетті дамытуға қызмет етті, жалпыеуропалық тілдердің лексикалық қорын зерттеп, біртілді, екітілді және көптілді сөздіктер түзу ісімен айналысу арқылы ортақ және ерекше сөз құрамы мен сөзқолданым заңдылықтарын, нормативтілік мәселелерін біріздендіруге мүмкіндік тудырды. Бұл Еуропа тілдері арасындағы ықпалдастықтың нығаюына, интеграциялық үдерістердің қарқынды дамуына игі әсер етті. XVIII ғасырда (1724 жылы 28 қаңтар) ашылған Ресей Ғылым академиясы аясында дамыған түркі лексикогорафиясы да империялық мүддеге қызмет етуге бағытталып, орысша-түркіше, түркіше-орысша аударма сөздіктер түзу мәселесі біріздендірілді, жалпытүркілік ортақ сөздіктер (тарихи, этимологиялық т.б.) негізінен орыс тілінде дайындалды. Кеңестік түркітануда түркі халықтарының интеграциясына ықпал ететін – тіл экологиясы (жаңа ұғымдарды білдіретін сөздерді біріздендіру, терминдер жүйесін қалыптастыру барысында түркі тілдерінің ішкі әлеуетін пайдалану немесе түркі тілдерінің табиғатына бейімдеп қолдану, функционалдық аясын кеңейту т.б.), орфографиялық нормалар мен әліпби жүйесін біріздендіру мәселелеріне назар аударылмады.

В. Радлов (XIX ғ. соңы XX ғ. басы) заманынан бері бір ғасырдай уақыт өткенін ескерсек, бұл аралықта қоғамдық-әлеуметтік факторлар ықпалымен көптеген жаңа сөздердің пайда болуы, қоғамдық санадағы қайсыбір ұғымдардың ескіруі салдарынан бір кезде актив қолданыста болған сөздердің көнеленіп, көне сөз-

дердің архаизмдерге айналуы, техногендік өркениеттің, ақпараттық жаһандандудың әсерінен терминологиялық қордың интернационалдық шет-шекарасы кеңеюі түркі тілдерінің сөз қазынасын, сөздік қорын толассыз толығуларға, айтарлықтай өзгерістерге жетелегені сөзсіз. Сондықтан түркі тілдерінің лексикалық қазынасының біртұтас электрондық базасын түзу және қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қорын барынша түстеп-түгендеуге бағытталған сөздіктерді құрастыру, ондай сөздіктерде қамтылатын лексикалық бірліктердің лексика-семантикалық, морфологиялық, генеалогиялық, қолданыстық т.б. сипаттамаларын салыстырмалы түрде толықтай көрсетуді көздейтін түркі тілдеріаралық деңгейде бірыңғай модельге құрылған екітілді, үштілді және көптілді сөздіктерді жасаудың маңызы зор болмақ.

XX ғасырдағы түркологиялық бағытта жүргізілген сан алуан зерттеулердің эмпирикалық материалдық базасын құрап, дереккөз ретінде пайдаланылған түркі лексикографиясының айтулы жетістіктері қатарын қазақ, қырғыз, әзірбайжан, түрік, түркімен, өзбек тәрізді мемлекеттік деңгейдегі түркі тілдері бойынша, сонымен қатар, башқұрт, чуваш, ноғай, құмық, тува, якут т.б. региональдық деңгейдегі түркі жазба тілдері бойынша жарық көрген әр алуан сипаттағы сөздіктер құрайды. Демек қазіргі түркі тілдерінің сөз қазынасындағы лексикалық бірліктерді барынша жинақтап, құжаттап тіркеуге және оның біртұтас электрондық базасын жасауға, түркі тілдерінің өз араларында әр алуан сипаттағы (аударма, түсіндірме, диалектологиялық, фразеологиялық, синонимдік, ономастикалық, этимологиялық, терминологиялық, орфографиялық, этнолингвистикалық, лингво-мәдениеттанымдық т.б.) екітілді, көптілді сөздіктерді құрастыруға тұғыр болатын лексикографиялық дереккөзде біршама қордаланды.

Бүгінгі таңда түркі елдері арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейге көтерілуі, түркологиялық зерттеулердің бағдарының жалпытүркілік мүддеге қарай бағытталуы, түркілік интеграцияға қызмет ететін жаңа ғылыми орталықтардың құрылуы

түркі лексикографиясының заман талабына сай қанат жаюына, түркі тілдері аралық сапалы да мазмұнды сөздіктер түзуге толық мүмкіндіктер тудыруда. Мәселен, 2012-2013 жылдары ҚР Түркі академиясының «Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясының теориялық және қолданбалы мәселелері» атты ғылыми жобасы шеңберінде бірыңғай модельге құрылған қазақ, қырғыз, әзірбайжан, түрік, түрікмен, өзбек тілдері бойынша «Түркі тілдерінің салыстырмалы сипаттағы көптілдік сөздігін» құрастыру тәжірибесі мұндай сөздіктерде нормативтік және салыстырмалы ұстанымдарды басшылыққа алу сөздердің лексика-семантикалық сипаты мен морфологиялық құрылымының салыстырмалы сипатын айқын көрсетуге толықтай мүмкіндік беретінін көрсетті.

Түркі тілдері аралық салыстырмалы сөздіктерді құрастыруда бассөз ұяшығында орыналасатын түркі тілінің бірі, айталық қазақ тіліндегі лексикалық бірліктің әр тілдегі баламаларының өзі сол тіл тұрғысындағы дербес «бассөз ұяшығын» құрап, тілдераралық деңгейдегі салыстырмалы тұрпатқа ие болатыны байқалады. Соның негізінде әр сөздің семантикалық (тура немесе ауыспалы; бірмағыналы немесе көпмағыналы, мәндес немесе қарама-қарсы т.б.), генетикалық (жалпытүркілік немесе кірмелік), функционалдық (жалпы халықтық немесе диалектілік, кәсіби т.б.) және т.б. сипатын айқын көрсетуге болатыны анықталды. Мысалы: *анағұрлым* сөзіне қатысты 6 тілде берілетін сипаттамаларға зер салсақ: қазақ тіліндегі *анағұрлым* сөзі – морфологиялық тұрғыдан туынды үстеу, ал оның синонимдік қатарын *бірталай, әлдеқайда, біршама, едәуір* сөздері құрайды. Бұл сөздің мағынасын қырғыз тілінде туынды үстеу болатын *бир кыйла, бир далай* сөздері береді. Әзірбайжан тілінде бұл сөздің баламасы туынды үстеу *хеулі* сөзі болып табылады, оның синонимдік қатарын *oldugça, bir qərər artıq, daha çox* сөздері құрайды. Ал түрік тілінде – *o ölçüde* (туынды үстеу), синонимдері – *ondan da fazla, o kadar, daha çok*. Түрікмен тілінде – *эн-эсли* (туынды үстеу), синонимдері – *мөчбери, мукдары*. Өзбек тілінде – *анча*

(туынды үстеу), бұл сөзбен мағыналас сөздер – *анчагина, бирталай, кўпгина, кўп янада*.

Қазақ тілін «кіріс тіл» ретінде алатын болсақ, сөздік мақалада *анағұрлым* сөзіне және оның 5 тілдегі баламаларына лексика-семантикалық және морфологиялық тұрғыдан төмендегідей салыстырмалы сипаттама беріледі:

қазақ тілінде: *анағұрлым [anağurlım]* үст. (○), туын. (⊠), син. (SIN) бірталай, әлдеқайда, біршама, едәуір; анағұрлым жақсы;

қырғыз тілінде: бир далай так. (○), туун. (⊠), син. (SIN) бир кыйла; бир далай жакшы;

әзірбайжан тілінде: *xeyli zf.* (○), *tör.* (⊠), *sin.* (SIN) *oldugça, bir qəgər artıq, daha çox; xeyli yaxşı;*

түрік тілінде: *o ölçüde zf.* (○), *tür.* (⊠), *anl.* (SIN) *ondan da fazla, o kadar, daha çok; daha iyi;*

түрікмен тілінде: *эп-эсли хал.* (○), *яс.* (⊠), *син.* (SIN) *мөчбери, мукдары боюнча көп; эп-эсли говы;*

өзбек тілінде: *анча рав.* (○), *яс.* (⊠), *син.* (SIN) *анчагина, бирталай, кўпгина, кўп янада; анча яхши.*

Сол сияқты қазақ тіліндегі *ана* сөзі морфологиялық сипаты жағынан зат есім, лексика-семантикалық тұрғыдан түркі тілдеріне ортақ сөз, ал онымен *шеше, ана* сөздері мағыналас болып келеді. *Ана* сөзі *ана мейірімі, көп балалы ана* секілді сөз тіркестері мен *ана сүті аузынан кетпеген* тұрақты сөз тіркесі құрамында кездеседі. Қырғыз тілінде бұл сөздің эквиваленті *эне*, морфологиялық сипаты тұрғысынан зат есім, жалпытүркілік сөз, синонимі *ана* сөзі, *эне сүйүүсү, көп балалуу эне* сөз тіркестері мен *эне сүтү оозунан кете эледеген* фразеологизм құрамында кездеседі. Әзірбайжан тілінде – *ана* (зат есім, жалпытүркілік сөз), сөз тіркестері – *ana тоhebbəti, çoxısaqlı ana*, фразеологизм – *ağzından ana südü iyi gəlir*; түрік тілінде – *ана*, морфологиялық құрылысы жағынан түбір зат есім, лексика-семантикалық сипаты бойынша жалпытүркілік сөз, синонимі – *anne*; сөз тіркестері – *anne şefkati; çok çocuklu anne*; фразеологиялық тіркес – *ağzından anne sütü kokuyor, agzi sut kokan*. Ал түрікмен тілінде – *эне* морфологиялық құрылысы жағынан

түбір зат есім, лексика-семантикалық сипаты бойынша жалпы-түркілік сөз, синонимі – *әже; эне дуйгусы, көп чагалы энедеген* сөз тіркестері мен *ағзындан эне сүйди гитмэндир* тұрақты сөз тіркестерінің құрамында кездеседі. Өзбек тілінде бұл сөзді зат есім *она* деген жалпытүркілік сөз білдіреді, онымен *эна, инэ* сөздері мағыналас болып келеді, *она шафқати, кўп болали онасияқты* сөз тіркестері, *ағзи она сутни ҳидланяпти* тәрізді фразеологизмдер құрамында кездеседі.

Сөздікте *ана* сөзін мынадай салыстырмалы тұрпатта көрсетуге болады:

қазақ тілінде: *ана* з.е. (■), түб. (●), жт. (GENT), син. (SIN) *шеше, ана; ана мейірімі; көп балалы ана; фр.(♦) ана сүті аузынан кетпеген.*

қырғыз тілінде: *эне* з.а. (■), уң. (●), жт. (GENT), син. (SIN) *ана; эне сүйүүсү; көп балалуу эне. фр.(♦) эне сүтү оозунан кете эле.*

әзірбайжан тілінде: *ana is.* (■), *kök.* (●), *üm.* (GENT); *ana mohebbati; сохушақли ана; фр.(♦) ағзындан ана сүдү ийи гәлир*

түрік тілінде: *ana is.* (■), *kök.* (●), *um.* (GENT), *anl.* (SIN) *anne; anne şefkati; çokçocuklu anne; dey.(♦) ағзындан anne sütü kokuyor, aғзи sut kokaп.*

түрікмен тілінде: *эне ат.* (■), *д.с.(●), ум.* (GENT), *син.* (SIN) *әже; эне дуйгусы; көп чагалы эне; фр.(♦) ағзындан эне сүйдигитмэндир.*

өзбек тілінде: *она от.* (■), *ўз.* (●), *ум.* (GENT), *син.* (SIN) *эна, инэ; она шафқати; кўп болали она; фр. (♦) ағзи она сутни ҳидланяпти.*

Ал термин сөздерге (TER) символдық таңбасы және ол таңбаның алдынан терминнің қай тілден енгендігіне қатысты шартты белгі қойылып, терминнің 6 тілдегі мағынасы салыстырылады десек:

қазақ тілінде: **амфибия** з.е. (■), *фран. (FR), тер. (TER):*

1) *зоол. (TER); бот. (TER)* құрлықта да суда да тіршілік ететін жануар немесе өсімдік;

2) *эск.(TER)* құрлыққа да, суға да қона алатын ұшақ; құрлықта да суда да жүре алатын ұшақ, *автомобиль, танк.*

қырғыз тілінде: **амфибия** з.а. (■), *фран. (FR), тер. (TER):*

1) зоол. (TER); бот. (TER) кургакта да, сууда да жашоочу жаны барже өсүмдүк;

2) сог.(TER)жерден да, суудан да учуп, жерге да, сууга да коно бере турган самолет; дарыядан, көлдөн ж.б. кечип кете турган автомобиль, танк.

әзірбайжан тілінде: **amfibiya is.** (■), *fr. (FR), ter. (TER):*

1)zool. (TER), bot. (TER): hәм suda, hәм дә quruda yaşayan heyvan və bitki;

2)әsg. (TER) quruda vəsuda gedән avtomobil və tank.

түрік тілінде: **amfibi is.**(■), *fr.(FR), ter. (TER):*

1)zool.(TER); bot. (TER): ikiyaşayışlı;

2) ask.(TER) hem karada hem suda hareket edibilen araba, uçak, yüzme tank.

түрікмен тілінде: **амфибия ат.**(■), *фран.(FR), тер.(TER):*

1) зоол.(TER); бот.(TER) сувда хем гурпы ерде яшаян хайванве өсүмлик;

2) хар.(TER) сувда хем гурпыерде гонуп ене-де учуп билйэн самолёт; сувда ве гурпы ерде херекет этмек үчин болан автомобиль, танк.

өзбек тілінде: **амфибияот.**(■), *фран.(FR), тер.(TER):*

1) зоол. (TER), бот.(TER):хам қуруқликда, хам сувда яшайоладиган жонивор ва ўсимликлар;

2) ҳар. (TER) хам қуруқликда, хам сувда юраоладиган самолёт, автомобиль, танк.

Сөздің тура және ауыспалы мағынасы, бір мағыналық және көпмағыналық, сөздердің синонимдік қатары, антоним және омоним сөздер, ғылыми терминдер және олардың басқа тілден келу арналары, жалпытүркілік және кірме лексика, кірме лексикалық бірліктердің тілдік негізі т.б. сөздің лексикалық мағынасының әр алуан сипатын толық көрсету барысында гақты түркі тілдері аралық сөздіктердің арқауына алынатын тілдердің сөз қазынасының құрамына және құрылымына статистикалық талдаулар жасауға мүмкіндік туады.

Түркі тілдері арасында сөздіктер түзудегі басты нысана ретінде жалпытүркілік ортақ сөздерді алып, гомогенді сөздердің әр

тілге тән нұсқаларын тұлғалық өзгерістермен беруге болады. Лексикалық ерекшеліктер, яғни бір тілдегі сөздің баламасы келесі тілде мүлдем басқа сөз болған жағдайда геторогенді түркі сөздерінен немесе өзге тілден енген сөздерден тұратын баламаларын келтіруге болады.

Жаһандану үдерісінің белең алуына байланысты түркі тілдерінің қазіргі сөз қазынасын тіркеу және құжаттау заман талабынан туып отырған қажеттілік десек, «Түркі тілдерінің салыстырмалы сипаттағы көптілдік сөздіктері» арқылы мемлекеттік мәртебесі бар ірі түркі тілдерінің, немесе регионалдық деңгейдегі түркі тілдерінің, я болмаса жойылып кету қатері алдында тұрған шағын түркі тілдерінің лексикалық қоры барынша түгенделіп, осы тілдер арасындағы әр сипаттағы аударманы (көркем шығармалар, ғылыми мәтіндер, ауызекі т.б.) жүзеге асыруға және болашақтағы салыстырмалы зерттеулерге қажет эмпирикалық материалдық база дайындалады.

Түркі тілдерінің арасында екі тілді аударма және көп тілді салыстырмалы сөздіктер құрастыру туыс халықтар арасындағы рухани жақындық, үйлесімділікті қамтамасыз ететін тетік қызметін атқарып, «Мәңгілік Ел» идеясын жалпытүркілік деңгейде дамытуға үлес қосады.

§ 6 ТҮРКІ ТІЛДЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ ОРТАҚ РУХАНИЯТТЫ ЖАҢҒЫРТУ ҚҰРАЛЫ

Түркологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеулерді жүйелі түрде жүргізу түркі халықтарының өткені мен бүгінін қамтитын тарихы мен мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне, басқа да рухани-мәдени және материалдық құндылықтар жүйесіне қатысты кешенді ғылыми білім жүйесін қалыптастырумен ұштасып, этно-лингво-мәдени тегі бір түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы мен рухани тұтастығын қамтамасыздандыруға бағытталған жалпытүркілік идеологияның негізін құрайды. Кез келген мәде-

ниетті танып білу ең алдымен сол мәдениет иесінің тілін меңгеруден, тіл табиғатын түсінуден басталады. Сондықтан компаративті түркі тіл білімі түркі дүниесіне ортақ – көнетүркілік **Beṅgü El** мұратының мән-маңызын түсінуге ықпал етеді.

XI ғасырдан басталған түркі тілдерінің зерттелу тарихында лингвистиканың барлық зерттеу парадигмасы бой көрсетті. Көне түркі жазба ескерткіштері, орта ғасырлардағы жазба мұралары, олардың жалпы ескерткіш ретіндегі мәні алдымен грамматологиялық және тарихи-салыстырмалы негізде тіл білімінің аясында зерттелуі түркітанудағы лингвистиканың басымдылығын негіздеп берді. Заманауи түркі тіл білімінде тілді тіл иесінің дүниетанымымен, мәдениетімен, жалпы болмысымен сабақтастыра қарастыратын антропоэзектік зерттеу парадигмасы кеңінен қолданылуда, тіл иесі – халықтың дүниетанымын, мәдениетін, жалпы болмысын сипаттайтын концептілер жүйесін саралау; дүние бейнесінің тілдік репрезентанттарының этно-мәдени мазмұнын ашу; концептілердің құрылымдық түзіліміндегі тілдік және мәдени кодтарды анықтау; түркі тілдері дамуының әрбір кезеңіндегі тілдік тұлғалардың сапалық мазмұнын талдау мәселелері өзектелуде.

XX ғасырдың соңғы жылдары мен XXI ғасырда түркі жазба мұраларының оқылымдары мен аударылымдарының қайта қаралуы, тіліне аналитикалық зерттеулердің жүргізілуі, жаңа ескерткіштердің ғылыми аналымға енгізілуі; жаңадан белгілі болған, бұрын зерттелмеген немесе тым аз зерттелген түркі тілдері мен диалектілерінің грамматикалық сипаттамалары бойынша жүргізілген ізденістердің нәтижелері лингвистикалық түркітанудың мүмкіндігін кеңейтіп, материалдық-базалық әлеуетін арттырды. Бұл лингвистикалық түркітанудың теориялық-методологиялық аппаратының жаңа сатыға көтерілуіне, түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи немесе салыстырмалы-генетикалық әдіс арқылы зерттеудің жаңа қырларын айқындап, ғылыми зерттеу парадигмасының жаңа мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашты.

Әлем тілдерінің грамматикалық құрылымы мен олардың тарихи даму жолының жан-жақты зерттелуі компаративті, контрастивті, контактологиялық, универсальды-типологиялық, ареалдық-географиялық т.б. тұрғыдан зерттеу нысанына алынатын тілдердің ауқымын кеңейтті. Генетикалық тегі бір түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен тілін зерттеуде, түркі тілдеріне глоттогенеалогиялық, глоттохронологиялық классификациялар жасау барысында, өз ішінде ғана шектелмей, дәстүрлі шегарадан шығып, басқа халықтардың мәдениеті мен тіліндегі ортақ типологиялық индикаторларды кеңінен қолдану қажет. Бұл еуроцентристік бағыттағы дәстүрлі түркология шектеп тастаған түркі халықтарының тарихи тамырын тереңдетуге ықпал етеді. Осыған орай ХХІ ғасыр түркологиясына салыстырмалы ізденістердің шеңберінен шығып, салғастырмалы-типологиялық зерттеулерге де сүйенуіне тура келеді.

Лингвистикалық түркітанудың өзегі – салыстырмалы-диахрониялық, салыстырмалы-синхрониялық зерттеулер. Себебі, бұл кез келген құбылысты хронологиялық және локальдық сипатына қарай тектес құбылыстардан қашан, қайда, қалай жіктелгенін, тарихи және құрылымдық жүйесінің қалыптасу жолдарын қарастырады және тектес құбылыстарды құрылымдық-мазмұндық белгілері мен заңдылықтарына қарай топтастырып отырады. Мұндай салыстырмалы зерттеулер түркі халықтарында кеңінен таралып кеткен ортақ тарихи, мәдени және тілдік құбылыстарды тұтас қамту үшін ғана емес, олардың себеп-салдарын, пайда болу, даму, өзгеру жолдарын анықтау үшін де қажет. Салыстыра зерттеуді қамтамасыз ететін бастапқы ортақ белгілерді жинақтау белгілі бір заңдылықтар мен жүйелілікке негізделеді. Салғастырмалы-типологиялық зерттеулердің нәтижелі болуы да салыстырмалы-диахрониялық, салыстырмалы-синхрониялық зерттеулердің толыққандылығына байланысты жүзеге асады. Өз жүйесінде толық зерттелмеген тілдік семьяны басқа жүйедегі тілдік семьямен салғастыра зерттеу оң нәтиже бермейді. Салыстырмалы-тарихи әдістің нәтижесінде тілдердің өзара туыстық

деңгейін анықтауға, салыстырылып отырған тілдердің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейлеріндегі сәйкестіктер мен өзгешеліктерді айқындауға, сол тілдердің қалыптасуына негіз болған тектілдің тілдік бірліктерінің архиформаларын реконструкциялауға, тілдік заңдылықтардың қалыптасу кезеңін шамалауға, тілдердің генеалогиялық және тарихи-хронологиялық классификациясын жасауға мүмкіндік туады. Түркі тілдерінің шынайы глотто-хронологиялық классификациясын жасауға барлық түркі тілдері толықтай зерттелгенде ғана қол жеткізуге болады. Өкінішке орай, түркі тілдері жүйесінде әлі де зерттелмеген немесе жеткіліксіз деңгейде зерттелген тілдер бар.

Шағын тілдерді басқа түркі тілдерімен салыстырмалы тұрғыдан зерттеудің маңызы. Этномәдени кеңістіктің ұлғаюы немесе ықшамдалуы, этностардың өз ата-мекенінен ығыстырылуы, ассимиляцияға ұшырауы, тіпті тұтастай жойылып кетуі де тарихи-эволюциялық үрдіс. Мұндай тарихи оқиғалардан түркі халықтары да тыс қалмады. Көне замандардан бері дербес тайпалық одақтар мен хандықтарға бөлінсе де, өзара ұласып-сабақтасып жататын тұтастығын қамтамасыз етіп келген түркі дүниесі тарихи жағдайларға байланысты бөлшектеуге түсті. Әрбір түркі тілі, әрбір түркі диалектісі – жалпытүркілік құндылық. Ал тілдің өлуі немесе тілдегі ассимиляциялық құбылыстар этностың жоғалуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан қазіргі түркі тілдерінің ішіндегі қолданыс аясы тым шағын тілдерді зерттеп, жойылып бара жатқан, ассимиляцияға ұшыраған этностар тілдерінің статикалық қалып-күйін саралау, лингвоэкологиялық талдаулар жүргізу, сол тілдер бойынша эмпирикалық материалдарды мүмкіндігінше толық жинақтау да түркі тіл білімінің көкейкесті мәселесінің бірі. Шағын санды түркі тілдері жан-жақты зерттелмей түркі тілдерінің шынайы сипаттамасын жасау да мүмкін емес.

Түркі тілдері жүйесінде айрықша орын алатын шағын тілдердің бірі йоғур (сары ұйғыр) тілі. Тарихи-әлеуметтік және

мәдени-лингвистикалық факторларға байланысты функционалдық қолданыс аясы тарылып, қарқынды лингвоконтактологиялық үдеріс нәтижелерін бойына сіңірген сары ұйғыр тілінің о бастағы төл табиғатын сипаттайтын «таза түркілік қабаты» түркі тілдері жүйесіндегі ерекше құбылыс.

Түркі тілдерінің тарихи дамуының хун дәуіріндегі (б.д. д. V ғ.) $z\sim\check{s}$ тілді шығыс хун тілдерінің $z\sim\check{s}$, d/t тілді ұйғыр-оғыз тобы мен $z\sim\check{s}$, d/t тілді қырғыз-қыпшақ тобынан; орта түркі дәуірінде (б.д. X-XV ғғ.) $z/s \sim j$ тілді хакас тобынан дамыған $z/s \sim j$ тілді хакас диалектілері мен алтай тілінің солтүстік диалектілерінен таратылатын сары ұйғыр тілінің көне түркі дәуіріндегі (б.д. V-X ғғ.) негізтілі белгісіз, ата-бабалары кезінде Орхон бойын мекендеген йоғурларлардың (сары ұйғырлар) тілі дәстүрлі классификация бойынша d/t тілді көне оғыз тілі саналатын Орхон ескерткіштерінің тілінен тыс қарастырылады¹. Бұл түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтау, тарихи-генеалогиялық жіктемесін жасау мәселелерінің түбегейлі шешімін таппағанын көрсетеді. Сондықтан сары ұйғыр тіліндегі түбір морфемалардың құрылымдық-семантикалық даму жолын көне түркі жазба ескерткіштері тілімен, өзге түркі тілдерімен салыстырмалы тұрғыдан саралау агглютинативті тіл табиғатын терең танытуға мүмкіндік береді әрі сары ұйғыр тілінің көне түркі дәуіріне қатысты қалып-күйінің (сары ұйғыр тілі тарайтын тілдің) айқындалмауына байланысты туындаған түркі тілдерінің даму тарихының жүйелілік сапасына кері әсер ететін проблемалардың шешімін табуға септігін тигізеді.

Агглютинативті құрылымға сәйкес түркі тілдеріндегі лексикалық байлықтың өзегін құрайтын түбір сөздер адамзат өміріндегі тілдің маңызын айқындайтын, сан қырлы рухани-функционалдық сапаны қамтамасыз ететін лингво-онтологиялық құрылым. Үнемі даму үстінде болатын тілдік жүйенің өзгермелі, икемді табиғаты бір буынды сөздердің семантикалық деривациясымен,

¹ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – С. 354.

құрылымдық модельдерінің даму бағытымен, оның құрамындағы фоно-корреляттардың өзара сәйкестік түзу мүмкіндігімен, таралу аясымен, фонеморфологиялық, фоносемантикалық, идеосегменттік қырларымен сипатталады.

Сары ұйғыр тілінде түркі тілдеріне тән түбір морфемалардың 6 құрылымдық моделінің бәрі де қолданылады, олардың бір тобы дербес лексемалық деңгейде қолданылса, келесі тобын морфемдік талдау әдісі арқылы ғана анықтауға болатын моносиллабтар құрайды, мысалы:

V моделі – с.ұйғ. *e* заттың, құбылыстың, қимылдың, іс-әрекеттің болуы етістігі негізінен болымсыздық мәнін беретін-те аффиксімен тіркесіп жұмсалады: *e+me+s* емес, *хорһауһан һау емес* қайырған май емес. Лингвистикалық түркітану ғылымында тілдің негізін құрайтын бір буынды сөздердің табиғаты жайлы түрлі көзқарастардың айтылуы алғашқы дыбыстық тілдің сұлбасы байқала бастаған кезден бастау алатын моносиллабтардың бірнеше сатылы даму жолы мен қайшылыққа толы қат-қабат күрделі табиғатына байланысты. Түркі сөздері тұлғасының қарапайымнан күрделіге қарай дамуы басты ерекшелік болғанымен фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық, фоно-семантикалық заңдылықтарға орай кезең-кезеңімен кері процестерді де басынан өткізуі, одан қайта күрделенуі тәрізді мәселелер түбір морфемалардың табиғатын айқындауда көзқарастар қайшылығын тудырып келді. Түркі сөздерінің шынайы болмысын танып-білу, даму жолының бағыт-бағдарын мүмкіндігінше нақтылау «көнетүркілік кезеңге дейінгі тілдік белгілерді сақтаған»* йоғур тіліндегі моносиллабтар жүйесін көне түркі, орта түркі және қазіргі түркі тілдерімен салыстырмалы, қуырған май емес`к. түр. *e* `быть` Тал.ІІІ, ДТД, 86. Талас ескерткіштері тілінен тіркелген *e* етістігі қазіргі қыпшақ тілдерінде көмекші етістік қызметінде өткен шақ мәнін білдіреді, болымсыздық формасында да өте жиі қолданылады. Ауызекі тілде шақ формалары түсіріліп, тікелей жіктік жалғауларымен тіркесіп те қолданылады. Мысалы,

қазақ тілінде: *e* → *edim* → *em*, *e* → *ediñ* → *eñ*; *e* → *edi* → *et* және *e* → *ken*. Әдетте *e* етістігі жалпытүркілік *er/*är/*ip* моносилабынан таратылады. Орхон ескерткіштерінде *er* тұлғасы кеңінен қолданылады: *tabγač budun sabli süčik, aγisi jumčaq ermis* КТк. 5 «табғач халқы сөзі тәтті, қазынасы асыл еді» Айд.І,169. *e*, *er* тұлғаларының бір дәуірде қатар қолданылуына байланысты архитұлғасын анықтау әлі де тереңірек қарастыратын мәселе.

VC моделі – с.ұйғ. *az* `аз, көп емес : *qoj azyaqtro* `қой азайды` ~ к.түр. *az* ДТД,41: *az buduniy ükiš qiltim* КТк.10 `Аз халықты көп қылдым` Айд.І,170 ~ е. қып. *az* Құрыш. 78 ~ құм., башқ., ноғ., ққалп., қар., тат., қаз. *az*. *az* моносиллабы *ar* → *arši* `тазалау`, *ar* → *ariq* `жүдеу`, *az* → *aziw* `арықтау` тұлғаларымен төркіндес. Сары ұйғыр тілінде *az* моносиллабының жалпытүркілік `азу, азғындау, күнәға бату` мәні де қолданылады: с.ұйғ. *az* `адасу, жолдан таю (азғындау)` ~ к.түр. *az* Он. II,3 `азғындау, күнәға бату` ДТД, 41 ~ е. қып. *az* Құрыш.78, башқ., тат., ноғ., ққалп., қар., қаз. *az*; с.ұйғ. *aq* `ақ(түс)` : *aq at* `ақ ат` : ~ к.түр. *aq* `ақ` СДЕ, 207: *Alp šalči aq atin binip oplaju tegdi* КТү. 42 «Алып Шалшы ақ атын мініп шабуылға шықты» Айд.І, 170 ~ ққалп., құм., ноғ., башқ., қаз. *aq*; қар. *ax*. Ескі қыпшақ жазбаларынан да *aq* моносиллабы тіркелген Құрыш.81; с.ұйғ. *al* `ал, алу` : *kelin alti* `үйленді; ұлын, інісін үйлендірді` ~ к.түр. *al* «алу, қабылдау» ДТС, 32: *Bilig bilmez kisi ol sabiy alur* КТк. 7 «Білік білмес кісі сол сөзді алып» Айд.І, 169 ~ е. қып. *al*→*alyil* Құрыш.83; қар., құм., ққалп., тат., башқ., ноғ., қырғ., қаз. *al*.

VCC моделі – с.ұйғ. *ört/ort* `өрт` : *ort polti* `өрт болды` ~ к.түр. *ört* Тон. 40: *Örtče qizip kelti* «Өртше қызып келді» Айд.ІІ,111 ~ қаз., ққалп., ноғ. *ört*; тат., башқ. *ürt*. Монғол тілінде *örnüün* `қызу` МҚС, 395. Зерттеушілер *ört* лексемасы түркі-монғол тілдеріне ортақ **ör* `өрт, от, жалын`, `жағу,түтату,өртену, жалындау` синкретті моносиллабынан таратады ЭСТЯ I, 551. Қыпшақ тілдері бойынша *rt* дауыссыздар тіркесінің тұрақты болып келуі, **ö* тұлғасының жалпы түркі тілдері қалыптасуы кезеңіндегі мағыналық аясының аса кең болғанын, *ört* сөзінің дараланып шығуының өзі де өте ежелгі кезеңдерден басталатынын көрсетеді.

CV моделі – с.ұйғ. *sī* `сын, сыну` : *men sibadip tro* мен сыныр-дым` ~ к.түр. *sī* «бұзу, сындыру» ДТД, 66: *Ol tegdükte Bajurqunin aq adyiriü udliqin siju urti* КТү. 36 «Ол айқаста өкшелей қуғанында Байырғуның ақ айғыры мертіккі» Айд.І, 179 ~ қаз., ққалп., ноғ., қар., тат. *sin*; башқ. *hün*; с.ұйғ. *ji* `есть, кушать` : *et jiti* `ет жеді` ~ к.түр. *jel/ji* `же, жеу` : *Kejük jiju tabisyan jiju olurur ertimiz* Тон. 7 `Киік жеп, қоян жеп отыратын едік` Айд.ІІ, 105~ қаз., ққалп. *že*, тат. *žü*; башқ., құм., ноғ. *ē*.

CVC моделі – с.ұйғ. *pas* `бас, басу` : *ayiriqin pas tro* ауруын басты` ~ к.түр. *bas* «басу, таптау, жеңу» ДТД, 33: *Qirq aziü uqa basdimiz* Тон. 27 `Қырық азды ұйқыда бастық` Айд.ІІ, 109 ~ қаз., ққалп., қырғ., тат., қар., башқ., ноғ., құм. *bas*; с.ұйғ. *baš/paš* `бас (адамның т.б.), бір заттың жоғары жағы (таудың, өзеннің т.б.)` : *taü paši* `таудың басы` ~ к.түр. *paš/baš* `бас, басшы, бастау` ДТД, 34: *Anta jerüki suq basliü...* Тон.46 «Сонда Суқ бастаған...» Айд.ІІ, 112~ қаз., ққалп., қырғ. *bas*; тат., башқ. *baš*. *bas/baš* моносиллабын Э.В.Севортян *bāš* түрінде ЭСТЯ ІІ,87, А.М.Щербак **paš* түрінде реконструкциялайды¹ ; с.ұйғ. *pat* `жоғалу, жоқ болу, жасырыну`, `бат, бату (күн батты, суға батты)` : *atiñ pati* `твое имя обесчестилось` (букв. утонуло, погрузилось в воду) ЯЖУ, 89 ~ к.түр. *bat* «погружаться, заходить (о солнце)» ДТД, 34: *quriyaru kün batsiqiña* КТк. 2 «кейін күн батыста...» Айд.І, 168 ~ қаз., қырғ., ноғ., құм., ққалп., башқ., тат. *bat*. *Bat* моносиллабы түркі тілдеріндегі *batraq, batqaq, bataq, batmaq, putxax* «болота, топь» сөздерінің жасалуына да негіз болғанын ескерткіштер тіліндегі *batim* «терең, тереңдік» лексемасының қолданысы арқылы түсіндіруге болады. *Bat* моносиллабы таза түркілік лексема, тунгус-маньчжур, монғол тілдеріндегі *bat* «вмещаться» сөзін зерттеушілер якут тілі арқылы енген элемент ретінде қарастырады².

¹ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 195.

² Дмитриева Л.В. Этимология географических апеллятивов в тюркских и других алтайских языках // Алтайские этимологии. – Ленинград: Наука, 1984. – С. 137.

CVCC моделі – с.ұйғ. *turt/ tört/durt* `төрт` : *turt kise* `төрт кісі` ~ к.түр. *tört* `төрт` ДТД, 73, Е. 28; КЧ. 11; МЧ. II, 15; Он. I, 1; КТү. 2: *tört buluŋ qop jayï ermis* `Төрт бұрыштың бәрі жау еді` Айд. I, 171~ қаз., ққалп., қырғ. *tört*; қар., құм., ноғ. *dört*, тат., башқ. *diirt*. А.М.Щербак *tört* лексемасының архетұлғасын созылыңқы дауысты арқылы береді. *tört*¹. Қарлұқ тобындағы ұйғыр тілі диалектілерінде *tört* сан есімінің құрамындағы *r*, *t* дыбыстарының элизиясы да кездеседі: *töt*, *tö* «четыре»².

Түркі тілдеріндегі түбірдің монсиллабтық концепциясы негізделгенімен морфемалардың құрылымдық модельдерінің қайсысы алғашқы екені жайлы көзқарастар қайшылығы бар екені белгілі. Академик Ә.Т.Қайдар түбір құрылымы туралы бұрынсоңды айтылған пікірлер мен тұжырымдарға талдау жасай отырып: «Тюркский корень есть наидревнейшая и историческая реальная единица языка, сохраняющая свою суть несмотря на постоянные фоно-морфо-семантические изменения, происходящие в процессе агглютинативного развития строя тюркских языков. Он может структурно совпадать с первообразным словом, если оно не превышает одного слога. Во-всех остальных случаях тюркский корень выступает как производная единица языка, где корень отражает в себе состояние статики, а слова – динамики»³ деген тұжырымға келуі моносиллаб теориясы аясындағы бір буындылардың екінші немесе үшінші дәрежелі бірлік болу мүмкіндігі жайлы концепцияның толықтай орнығуына ықпал етті. Архаикалық сапасын сақтаған сары ұйғыр тілі деректері де ғалым идеясының негізділігін дәйектейді. Сары ұйғыр тіліндегі **az~*aγ~*ar* моносиллабтары арқылы жасалған лексемалардың семантикалық мазмұны арқылы архитүбірдің тұлғалық және семантикалық даму жолын аңғаруға болады:

¹ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 197.

² Малов С.Е. Уйгурские наречия Синьзяня. – Москва: Изд-во АН СССР, 1961. – С. 161.

³ Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 25.

с. ұйғ. *azir* `айрылу, ажырау`, *aziril* `ажыра, айырыл` : *et soñuktan azirilip tro* : `ет сүйектен ажырады` ~ к.түр. **ad*→*adiril* «ажырау, айрылу» ДТД, 32: *Qara Ğur esiz ...özüğe ujalarına adirilmiş* Тал.2 «Қайран Қара Чур өз ұяларынан, туыстарынан айырылды» Аманж., 44 ~ е. қып. *aj*→*ajril* Құрыш. 81, башқ., ноғ., қар., ққалп., қаз. *ajiril*, тат. *ajeril*. Қазақ тілінде **až*→*ažira* нұсқасы да қолданылады, **ad* моносиллабы қазақ тіліндегі *adira qal* тіркесінің, *adir* (адыр-адыр жер) лексемасының құрамында сақталған;

с. ұйғ. *ayit* `қуу, ажырату, босату, жіберу` : *poqani inekten ayitip tro* `бұқаны сиырдан ажыратты` ~ к.түр. **ay*→*ayit* `ағыту, босату, айдау, қуу` ДТС, 20: *Oza kelmis süsin Kültegin ayitip, Toñra bir oyuş alpañu on erig Toñatigin joyinta egirip ölürtimiz* КТү.47 «Оза келген әскерді Күлтегін қуып, Тоңра руынан шыққан он ерді Тоңатегінді жерлегенде өлтірдік» Айд.І, 181. **ay* моносиллабы қазақ тілінде «босату, жіберу» мәнін беретін *ayit* етістігінің құрамында сақталған: *құлынды, бұзауды ағыт, түймеңді ағыт; суды ағыт* т.б.; қырғ., ққалп. *ayit*. Көне түркілік *ayit* сөзінің «айыр, ағыт, босат, жібер» мағыналары көрсетіледі Айд.І,206;

с. ұйғ. *ari* `алыс, арыдағы` : *ari uruñ* `алыс туыс` ~ қаз. *ari/äri*. Е. Қажыбек **ar* моносиллабын жалпыалтайлық лексикалық қабатқа жатқыза отырып, «ажырау, айырылу» семасын беретін *aj* моносиллабымен жақындығын көрсетеді¹. *ar* моносиллабын қазақ тіліндегі *arši, aruwla, aruw, ariq* «бұлақ» сөздерінің құрамынан да ажыратуға болады. «Арылу, тазару, ажырау, аралық» семасын беретін **ar* моносиллабы мен «көбейту, арттыру, жүкті тиеу, керуен» сөздеріне негіз болған **ar* моносиллабтарының ортақ мазмұнынан антиномиялық қатынастың ізі байқалады. Мұндай мысалдар түркі тілдеріндегі түбір табиғатының сыры тым тереңде жатқанын, тіл онтологиясымен сабақтастыра қарастыруды қажет ететін мәселе екенін көрсетеді.

с. ұйғ. **az*→*azyir* `айғыр` : *ariñ azyir* `асыл тұқымды айғыр` ~ к.түр. **ad*→*adyir* `айғыр` ДТД, 40: *Kultegin Bajirqunin aq adyiriy binip oplaju*

¹ Қажыбеков Е. З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 246.

тегді КТү. 35 `Күлтегін Байырғының ақ айғырын мініп шабуылға шықты` Айд.І, 179 ~ е. қып. *aj→ajyir, *az→azyir Құрыш.80; баш., ноғ., тат., құм., ққалп., қаз. ajyir. Түркі тілдерінде adyir/azyir/lajyir/atyir лексемаларымен түбірлес azman/ azban сөзі де қолданыста: к.түр *az→azman `кличка лошади` ДТС, 73: Kültegin azman aqiy binip op laju tegdi КТү. 45 `Күлтегін Азбан ағын мініп шабуылға шықты` Айд.І, 181~ қаз. az(ban); ққалп. az(man) «жеребец». Түркі-монғол тілдеріне ортақ adyir лексемасы жалпы алтай тілдері бойынша *ad ≈ *az ≈ *až ≈ *at ≈ *as ≈ *ax ≈ *aj ≈ *oj ≈ *öj түбірлес моносиллабтар кешенін құрайды. Сондықтан түркі тілдеріндегі *ay «ажырау, бөліну», *ad «бөліну, ажырау», *ad/at/az/aj «айақ», *až *aš *ač *at *ad «айғыр», *az «азбан» моносиллабтары «қозғалу, қимыл, бөліну» идеясын сақтаған жалпытүркілік aq ≈ ay ≈ at ≈ ad ≈ az ≈ až ≈ aj ≈ aw т.б. гомогенді моносиллабтар кешеніне кіретін туынды тұлғалар, гипотезалық ілкі түбірін *a/i тұлғалы V моделі ретінде жаңғыртуға болады. Салыстырыңыз: қазақ тілінде: idiraw.

Жалпытүркілік *u/*ü≈*o/*ö≈*e дыбыстарының фоносемантикалық идеясындағы `көбею, өсу, өну` семасының тұлғалық, мазмұндық дамуын көрсететін тілдік бірліктер сары ұйғыр тілінде де кездеседі: un выходить, вырастать, urylat `размножать` ЯЖУ, 129,130, монғол тілінде urgulax `тарату, өсіру, асырау` МҚС 760, с.ұйғ. uruу urug uruq `родство, родственная`, uruq `родственная линия, родня`, uruq `подниматься, раздуваться`, ün/un `восходить, подниматься`: taḡyar kun ungen tugete qoqqaš maina `завтра утром после восхода солнца, вставши от сна отправимся в путь`, unduruw `на восток`, ur `верх, верху`: uri tegip, qozi tegip `он скакал по холмам и низинам`, uri `верх,верху`: mangis uri, kep tro `мангыс поднялся ото сна и явился`, emiy `грудь`, emiz `кормить грудью` emisiq `соска из кожи для младенца`, enek `корова`, eneka `старуха` ЯЖУ, 25; с.ұйғ. er `ер адам, әйелдің күйеуі`: bul er `бұл ер`~қаз. er~түр. erkek, koca[koʒa] `ер адам, күйеу`~көне т.er `ер/батыр, еркек, күйеу` СДЕ, 245: bujrui jeme bilge ermis erinč, alip ermis erinč КТү. 3 `бұйрықтары да білгір ер еді, өздері де алып ер болған екен` Айд.І, 171. Сары ұйғыр тілінде eren `муж, мужчина`: eren joq säzdiq

`женщина без мужа`, *erl`e`подниматься`, *erl`et`возвышать`,
erl`ig`высокий`* ЯЖУ, 26,26. Қазіргі түркі тілдерінде *er≈ir≈ijr≈эр
≈ar≈är* тұлғалары қолданылады. Сары ұйғыр тілінде осы түбір-
ден тараған *erkek`еркек`* лексемасы да қолданыста: *erkek kise`ер
адам`, *erkek qoj`еркек қой`, *erkek at`еркек ат`* ~ қаз. *erkek~түр.
erkek.****

Шығыс хун тілдерінің оғыздық белгілері (*z~š, d/t* тілді ұйғыр-
оғыз тобы) мен қыпшақтық белгілерін (*z~š, d/t* тілді қырғыз-қып-
шақ тобы) қатар сақтаған сары ұйғыр тілі мен батыс хун тілдері
қыпшақ тобындағы тілдерімен салыстыра қарастырып, түбір
сөздер құрамындағы фоно-морфо-семантикалық құбылыстар
негізінде тіларалық лингводифференцияциялық және линг-
воинтеграциялық индикаторларды анықтау түркі тілдерін ге-
неалогиялық тұрғыдан жіктеу мәселесіндегі кейбір қайшылық-
тарды ретке келтіруге септігін тигізеді.

Қарқынды лингвоконтактологиялық үдерістер аясындағы та-
рихи-әлеуметтік факторларға сәйкес функционалдық ауқымы-
ның тарылуына байланысты фонетика-фонологиялық жүйесі
мен грамматикалық құрылымын «архаикалық сапада» сақтап
қалған қазіргі сары ұйғыр тілін түркі тілдері дамуының көне-
түркілік дәуірін (VI-IX ғғ.) сипаттайтын Орхон, Енисей, Талас
ескерткіштері тілімен, «мемлекеттік тіл» дәрежесіне ие, үнемі
даму үстіндегі қазіргі қазақ, қырғыз тілдерімен және басқа да
қыпшақ тобындағы тілдермен салыстыру арқылы анықталған
жалпытүркілік базалық лексика құрамындағы фонетика-фоно-
логиялық құбылыстар, дыбыс сәйкестіктерінің табиғаты жал-
пытүркілік тектілдің шарттылық сипатын біршама бәсеңдетіп,
нақтылай түседі, бұл жалпытүркілік лексикалық қабаттың нақ-
тылана түсуіне де ықпал етеді.

**Қазіргі түркі тілдері сөз қазынасының стратиграфиялық қабат-
тары.**

XI ғасырда жаһандану үрдісі кең қанат жайып, техноло-
гиялық ақпараттық кеңістіктің әлемдік деңгейде біртұтастануы
түркітілдес халықтардың мәдениетаралық қарым-қатынастарын

жаңғыртуды сапалық жаңа деңгейге көтеріп, жаһандану үрдісі жағдайында жалпытүркілік лингвоэтномәдени құндылықтарды сақтап қалуды міндеттейді. Осы орайда түркітілдес халықтардың өзара ықпалдастығы мен ынтымақтастығының, түркі әлемінде жүріліп жатқан интеграциялық процесстердің тілдік тетіктерін іздестіру заман талабынан туындап отырған күрделі мәселелерінің бірі. Бұл мәселеде жалпытүркілік ортақ тілден бастау алып, тарамдала дамыған 30-дан астам түркі тілдерінің сөз қазынасын түстеп-түгендеп, түркітілдеріаралық деңгейде сөздіктер құрастыру, түркі тілдерінің лексикалық қорларындағы ортақтықтар мен айырмашылықтардың аражігін нақты айқындап, қазіргі қоғамдық өзгерістердің түркі тілдерінің сөз қазынасына тигізіп отырған әсер-ықпалын айқындаудың маңызы зор. Мұндай маңызды мәселелер лингвистикалық түркология саласында күні бүгінге дейін кешеуілдеп келе жатқан сала – түркі тілдерінің салыстырмалы-синхрондық лексикологиясын қалыптастыруды қажет етеді.

Түркі тілдерінің генеалогиялық классификациясын негізге ала отырып, тілдік топтарішілік және тілдік топтараралық, я болмаса әр топқа енетін жеке тілдераралық салыстырмалы-сипаттамалы сипаттағы біртұтас зерттеулерарқылытүркі тілдерісалыстырмалы-синхрондық лексикологиясының пәндік негізі қаланады. Бұл бұрын-соңды түркі тілдері лексикасы өзара синхрондық аспектіде мүлдем салыстырыла зерттелмеді деген сөз емес, екі немесе үш түркі тілдері лексикасын қандай да бір аспектідеөзара салыстырып (қазақ-түрік, түрік-якут, татар-башқұрт, құмық-ноғай т.б.), я болмаса құрылымы бөтен тілдермен (орыс, ағылшын, неміс т.б.) салғастырып зерттеген еңбектер лингвистикалық түркологияда баршылық. Дейтұрғанмен қазақ тілінің лексикологиясы, қырғыз тілінің лексикологиясы, башқұрт тілінің лексикологиясы, татар лексикологиясы тәрізді жекелеген түркі тілдерініңтілтаным ғылымының лексикология саласында қол жеткізген жетістіктеріне сүйене отырып, түркілік кеңістікте қолданыс аясы әр қилы болып келетін (мемлекеттік тіл, әдеби тіл,

жазба тіл, ауызекі сөйлеу тілі т.б.) түркі тілдерінің лексикалық жүйесіне қатысты теориялық білімнің біртұтас корпусын жасау әлі де қолға алына қоймаған, әйтседе лингвистикалық түркологияда шешімін табуға тиісті басты міндеттердің бірі екені сөзсіз.

Түркітілдес халықтардың әрқайсысының жеке дербес этнос ретінде қалыптасқанға дейінгі және онан кейінгі ауызекі сөйлеу тілдерінің, түркі халықтарына ортақ жазба жәдігерліктер тілдерінің, сондай-ақ ұлттық сипаттағы жаңа дәуір жазба әдеби тілдерінің барлық қаттауларын (сөз қазынасын, грамматикалық құрылысын, дыбыстық жүйесін) және олардың әр тарихи кезеңдеріндегі күй-қалпын тұтас алып, полиаспектілік тұрғыдан зерттеу өте ауқымды, аса күрделі мәселе екені сөзсіз. Дейтұрғанмен кез келген тілдің және оның ауызша, жазбаша үлгілерінің әр деңгейін тілдік ішкі кіші жүйе тұрғысынан әр түрлі аспектіде қарастыру тіл білімінде орныққан методологиялық ұстаным десек, түркі тілдерінің сөз қазынасын зерттеу лингвистикалық түркологияның лексикология саласының үлесіне тиеді.

Қазақ, қырғыз, башқұрт, құмық, ноғай, татар тәрізді қазіргі қыпшақ жазба тілдері мен түрік, әзірбайжан, гагауз, түрікмен тәрізді оғыз тілдері сөз қазынасы құрамын хронологиялық-генетикалық тұрғыдан: 1) түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің генеалогиялық тектестігіне жетелейтін жалпыалтайлық қабат; 2) түркі тілдеріне ортақ лексикадан тұратын жалпытүркілік қабат; 3) түркі халықтарының әр қайсысының тіршілік-тынысының өзіндік ерекшеліктерін және этникалық мәдениетінің даралық болмысын танытатын байырғы төл лексикалық қабат; 4) түркі халықтарының басқа халықтармен болған тарихи-мәдени қарым-қатынастарына байланысты қалыптасқан кірме қабат деп 4 стратиграфиялық қабаттарға бөлуге болады.

Түркі тілдері сөз қазынасының жалпыалтайлық қабатын құрайтын көптеген сөздер алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде ілкі түбір тұрғысынан қарастырылады. Мәселен, алтай тілдері-

не ортақ сөздердің ілкі түбіріне (бастапқы, біріншілік) қатысты компаративтік зерттеулерде түркі-моңғол, түркі-моңғол-тұңғыс-маньчжур және моңғол-түркі-тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі параллель етістіктердің негіздері дыбыстық тұрғыдан типтес болып келетініне ерекше назар аударылады¹:

– түрк. *ora-* ‘орау, алдын орап кету, алдау’, ‘орап қою’: түрікм. *ora*, қаз. *ora-*, узб. *ora-*, диал. *horä-*, ұйғ. *oru-*, лобн. *ojo-*, чув. *vär-* ‘орау’, ‘орап тастау’, ‘айналдыра орап қою’ ~ орта-моңғ. *horči-*, моңғ.-жазба *orči-* ‘айналу’, *orija-*, *oruyä-* ‘айналдыра бұрау, орап тастау’, х.-моңғ. *orō-*, *orči-*, бур. *orō-*, *oršo-*, калм. *orā-*, *orčā-*, дунс. *choro-*, баоань. *horə-*, ш.-юг. *horō*, моңғор. *furō-*, *χurō* ‘орау, орап тастау’ ~ тұңғ.-маньчж.: эвенк. *horol-* ‘айналдыру, айналу’, нег. *χojil-* ‘тж.’; маньчж. *foro-* ‘айналу’; ‘бір нәрсені шыр айналдыру’; ульч. *pori-* ‘тор тоқу’;

– түрк. **as-* ‘асу’: түрікм. *as-*, қаз. *as-*, халадж. *has-*, чув. *us-* ‘асу’ ~ жазба.-моңғ. *asa-*, х.-моңғ. *asa-*, бур. *aha-* ‘жоғары шығу, өрмелеу’, бур. *ahā-* ‘тіркеу, тағу, іліп қою, асып қою’ ~ тұңғ.-маньчж.: ороқ. *χasi-*, нан. *hasi-*, *fasi-*, нан., ороқ. *pasi-* ‘асу, асылу’;

– түрк. **üskür-* ‘үшкіру’, ‘шашырату (түкірігін)’: түрікм. *üsgür-*, халадж. *esür-*, түрік. *öksür-*, гаг. *ūsür-*, чув. *üzër-* ‘жөтелу’, *üsläk* ‘жөтел’ ~ моңғ. **hösiür-* ‘бүрку, шашырату’: жазба моңғ. *ösür-*, *üsür-*, х.-моңғ. *üsre-*, қалм. *ösr-*, дағур. *χesurë-*, *χesre-* ‘шашырату’ ~ тұңғ.-маньчж.: эвенк. *husu-*, эвен. *hus-*, нег. *χusi-*, маньчж. *fisi-*, *fise-*, *fusu-*, ульч. *pisuri-*, нан. *pisi-*, *fisi-*, ороқ. *pisitči-*, *possoli-* ‘бүрку’;

Түркі тілдеріне ортақ лексикадан тұратын жалпытүркілік қабат қазіргі түркі тілдері лексикалық қорының ядросын құрайды. Жалпытүркілік сөздер – көне және ортағасыр ескерткіштерінде тіркелген, сондай-ақ қазіргі ірілі-уақты түркі тілдерінің түгелінде жуығында кездесетін ортақ сөздер. Мәселен: Орх., Е., Тал. *jil* «год» ~ қаз., ққалп., башқ. *zıl*, құм., тат, ноғ. *jil*; Орх., Е., Тал. *jim(čaq)* «мягкий» ~ тат., қ.тат. диалектілерінде *jim(šaq)*, қар. *jim(šax)*, ққалп. *dim(saq)*; Орх., Е., Тал. *jış* «густой лес, чернь»~

¹ Ramstedt G.J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft. – Helsinki, 1957. – S. 192.

ққалп. *žis*, тат., башқ. *jis*, қырғ. *žiš*. Қазақ тіліндегі *žinis* «қалың, ну» лексемасының көне түркілік *jīš* сөзімен төркіндестігі байқалады; Орх., Е., Тал. *qiz* «девушка, девушка, дочь»~ қаз., ққалп., ноғ., құм., башқ. *qiz*; Орх., Е. *qid* «укоратить, сократить» ~ қаз., ққалп., құм., ноғ. *qis(qa)* «короткий, краткий»; Орх., Е. *qil* «делать» ~ қаз., ққалп., ноғ., құм. *qil*, қырғ., башқ., тат. *kil*; Орх., Е., Тал. *qirq* «сорок» ~ қаз., ққалп., ноғ., құм., башқ. *qiriq*; тат., қырғ. *kirk*; Орх., Е., Тал. *qiš* «зима»~ қаз., ққалп., ноғ., құм. *qis*, тат., башқ., қырғ. *kiš*; Орх. *siy(ta)* «плакать» ~ қаз. *siq(ta)* «жылап-сықтау»; Орх., Е., Тал. *tiŋ(la)* «слушать» ~ қаз., ққалп., ноғ., башқ. *tiŋ(da)/tiŋ(la)*.

Көптеген тілдерде жалпытүркілік лексика мағыналық тұрғыдан үйлес келгенімен, жалпытүркілік тектілден тарамдалатын тілдік топтардың, жекелеген тілдердің өзді өздерінің тілдік заңдылықтарына сай олардың фонетикалық, морфологиялық және тұлғалық ерекшеліктері орын алады. Мәселен, түркі тілдері консонанттар жүйесіндегі *q, k, γ, g, x, h* дыбыстарынан тұратын К типтес фонемалар түркі тілдері дамуының ежелгі дәуірінде бір фонеманың аллофондары болған, яғни генезисі жағынан бір-біріне жақын, төркіндес дыбыстар ретінде қарастырылады¹.

Түркі тілдерінің консонанттық жүйесі ортақ болғанымен қазіргі тілдер түрлі ықпалдарға байланысты өзіндік қасиеттерімен ерекшелене дамиды. Бір дыбыстан немесе африкаттан тұратын ортақ архитұлғадан тараған *q, k, γ, g, x, h* аллофондарының дербес фонемаларға айналуы ұзақ мерзімге созылған фонологизацияланудың нәтижесі, олардың әрқайсысының өзіндік артикуляциялық, акустикалық, функционалдық ерекшеліктерімен қалыптасуы да лингвоэволюциялық, физиоэволюциялық үдерістер аясында жүзеге асады. Мысалы:

Qq(k) – тілдің түбі таңдайдың артқы шенінен тиюден жасалатын шұғыл қатаң фонема. Түркі тілдерінің көпшілігінде *q* дыбысы сөз соңында сақталған, көне түркі тілінде, қаз., тат., ноғ.,

¹ Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 105.

башқ., қырғ., ұйғ., түркім., тув. тілдерінде – *aq*, өзб. тілінде – *oq* “ақ”, көне түркі тілінде, қаз., тат., құқм., каб. – балк., қырғ., тув. тілдерінде – *balik* “балық”¹

Әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктеріне орай сөз соңындағы *q* дыбысы бірнеше өзгерістерге түседі: 1. *q* ≈ *x* (як. – *suox, atax, ox*; хак. – *ajax, čox*; әзірб. – *jox, ox*; қаз. – *ajaq, žoq, oq* “аяқ”, “оқ”, “жоқ”); 2. *q* ~ *g* (әзірб. – *balig*; қаз. – *baliq*); 3. *q* ≈ *γ* (өзб. – *čijroy*, қаз. – *širaq*); *q* ≈ *ø* (чув. – *ura, čere, pure*; қаз. – *ajaq, žürek, büjrek*). *q* ≈ *x* сәйкестігі монғол тілдерінде де кездеседі: көне монғол тілінде – *aga*, қазіргі монғол тілінде *axa*; қаз. – *ауа* «аға»². Кейбір түркі тілдерінде *q* дауыссызы артикуляциялық жағынан сәл өзгешелеу, мысалы, Э.Р. Тенишевтің көрсетуі бойынша көне ұйғыр, сары ұйғыр тілдерінде қырылдаңқырап естіледі: *aqh*-“ақ (етістік)”³.

Қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін көрсетуде VII–IX ғасыр түркілерінің тілдік дерегі – Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштерінің тілі негізгі дінгек ретінде қарастырылады. Ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі дауыстылар жүйесінің өзгерістері де жалпытүркілік вокализмдердің күрделі даму жолын, даму үрдісінің бағыт-бағдарын, қыпшақ тобындағы әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерін, көне түркі тіліне қатыс-дәрежесін білдіретін тілдік құбылыс. Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі моносиллабтар құрамында да дауыстылар сәйкестіктерінің кездесуі тіл дамуының табиғи заңдылығы. Ескерткіштер тіліндегі сегіз дауысты дыбыс қазіргі түркі тілдерінің, оның ішінде қыпшақ тілдерінің де дауыстылар жүйесінің негізін қалайтыны белгілі. Мәселен, қыпшақ тілдеріндегі бір буынды сөздердің немесе екі, көп буынды сөздердің бірінші буынындағы *i* дауыстысы алғашқы дауыстылар

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 192.

² Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Прес, 2011. – Б. 114.

³ Тенишев Э.Р. Система согласных в языке древнеуйгурских памятников уйгурского письма Турфана и Ганьсу // Вопросы диалектологии и тюркских языков. – Баку, 1963. Т. 3. – С. 125.

қатарына жатады¹. А.М.Щербак тува, якут тілдеріндегі кейбір сөздердегі *i* дыбысының қалыптасуына баба түркілік *a* дауыстысының ықпалы болғанын (*tip* «находить» <**tap*, *kil'in* «толстый» <**kal'in*, *il* «братъ» <**al*, *ti'mir* «корень», «жила» <**tamir*, *tij* «жеребенок по второму году» <**maj* т.б.) айта отырып, «*a* дыбысының *i* дыбысына ауысуы түркілік баба тіл диалектілерінің біріне тән ерекшелік» деген қорытындыға келеді².

Жалпытүркілік лексика әр тілдің дербес дамуы, функциональдық қолданыс аясының кеңеюі мен тарылуына байланысты мағыналық-мазмұндық өзгерістерге ұшырап отырғаны сөзсіз. Дейтұрғанмен олардың семантикалық дамуына негіз болған бас-тапқы мағына лексика бойынан бірде көрінеу, бірде көмескі көрініс беріп отырады. Салыстырсақ.: чув. *tavär-*, тат. *tägärä-*, як. *tägiri-*, көне-түрк. *megirä* 'төңірек, айнала', *tegir-män* 'диірмен', түркм. *tegelek* 'дөңгелек', ноғ. *togin* 'тоғын', тат. *dugim*, чув. *togäm* 'тоғын, шеңбер', шағат. *toylak* 'дөңгеленген', тел. *toyolok*, қаз. *doyalak*, хақ. *toylax* 'дөңгелек'; қаз. *tönörök* 'төңірек, айнала', *töngülök* 'доңғалақ', тоб. *tünäläk* 'сақина, шеңбер'; түрк. **peli-η* (-η етістіктен есім тудырушы қосымша): көне.-ұйғ. *belin* 'қорқақ', көне.-ұйғ., шағат. *balinla-* 'қорқып ояну', телеут. *pelindä-* 'қорқақтау'; ескі.-түрік. *belin* 'қорқыныш'; түрік. *belin* 'таңғалған, есі шығып кеткен'; диал. *pelin* 'қоян' (<'қорқақ'), қаз. *belen* 'арын, бас асау', *belen al-* 'үрку (жылқы туралы)'³.

Қазақ, қырғыз, башқұрт, құмық, ноғай, татар және әзірбайжан, гагауз, түрікмен халықтарының тіршілік-тынысының өзіндік ерекшеліктері және этникалық мәдениетінің даралық болмысы осы тілдердің әрқайсысының сөз қазынасында байырғы төл лексикасынан тұратын қабатты қалыптастырғаны белгілі.

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С.149.

² Щербак А.М. Введение в сравнительное изучение в тюркских языков. – Санкт-Петербург: Наука, 1994. – С.145.

³ Doerfer G. Vorosmanische (die Entwicklung der oghusischen Sprachen von den Orchonschriften bis zu Sultan Veled)//Türk Dili Araştırma Yıllığı. – Ankara, 1976. – S. 25.

Бұл қабатқа жататын лексика мазмұн меже тұрғысынан этномәдени сипатта, ал тұрпат меже тұрғысынан жалпытүркілік түбірге қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған туынды сөз немесе күрделі сөз, сөз тіркесі түрінде болып келеді. Мысалы: құмық тілінде *тәшлюк* «жеңсіз жылы мақталы киім», *сылапчы* «суға түсуге арналып, металдан жасалған кірші», *мачийлер* «үй аяқ киімі», *ичшалвар/акъшалбар* «дамбал», *бетявлукъ* «бет ормал», *кирли капут/къаралар* «қаралы киім», *ичурнакъ/ичгөлек* «іш көйлек», *тавукъуя* «тауық қоры» т.б.; қазақ тілінде: *орынбасар*, *қаламсап*, *құсбегі*, *жазбаша*, *өзінше*, *қызықты*, *әдепті*, *сыртқы*, *панасыз*, *ойшыл*, *оқтаудай*, *өзімшіл*, *көйлекшең*, *сырлас* т.б.; қырғыз тілінде: *азык-түлүк*, *атала*, *жарма*, *сүрөткер*, *жетекчи*, *сатуучу*, *тырмооч* т.б.; гагауз тілінде: *балабан* «биік», *басма* «жаулық», *чывдырыг* «жыңды», *гугуш* «көгершін», *dürüq* «бұлыңғыр», *yıldırma* «қорқыту», *dünür* «құда», *qüdüjü* «қойшы», *ар* «теке», *sıpr* «шекара» т.б.; түрікмен тілінде: *artıq* «немере», *aydıjı* «хабаршы», *qöqöle* «шикі», *qolay* «жақын», *ösüş* «өркендеу», *yaraşık* «әлем», *oturdaş* «сот» т.б.

Қазақ, қырғыз, башқұрт, құмық, ноғай, татар және әзірбайжан, гагауз, түрікмен тілдеріндегі кірме сөздердің денін моңғол, араб, парсы, орыс тілдерінен енген сөздер құрайтын болса, қазіргі түрік тіліндегі кірме сөздердің ең жоғары пайызы араб және парсы тілдерінің, онан кейін француз, итальян, ағылшын, грек, неміс, латын, испан, мажар тілдерін үлесіне тиеді, ал қытай, моңғол, орыс, жапон, армян тілдерінен енген сөздер қатары түрік тілінде біршама аз кездеседі.

Түркі тілдері лексикасының кірме қабаттары тілдік негіз тұрғысынан әр қилы болып келуінің әлеуметтік-саяси және объективтік-тарихи себептері жоқ емес. Мәселен, КСРО құрамында болған қазақ, қырғыз, түрікмен, әзірбайжан, гагауз халықтарының және Ресей Федерациясы құрамында өмір сүріп жатқан башқұрт, құмық, ноғай, татар тәрізді түркі халықтарының тілдеріндегі кірме элементтердің үлес салмағының денін орыс тілінен енген сөздердің құрайды. Бұл тілдерде тұрмыстық (құмық.:

палтун, копте, тупли, кета, битон, гипс, паркет, цемент т.б.; қаз.: пальто, кофта, туфли, кеда; бетон, гипс, паркет, цемент; қырғ.: батинке, көлөч, көпөс, бөлкө, чиркөөт.б.) және терминологиялық (компьютер, видеокамера, вентилятор, радиотелефон, пейджер, бюллетень, вариант, йод, калий, калория, кадр, коллекция, ландшафт, облигация, радиолокация т.б.) сипаттағы лексиканың орыс тіліне бағытталуын кеңестік кезеңде біршама жоғары деңгейде дамығын қазақ-орыс; қырғыз-орыс; түрікмен-орыс, әзірбайжан-орыс, гагауз-орыс, құмық-орыс, башқұрт-орыс, құмық-орыс, татар-орыс, башқұрт-орыс (немесе керісінше) қостілділігімен байланыстыруға, сондай-ақ түркітілдес халықтар арасында осы күнге дейін орыс тілінің қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде екінші тіл ретінде актив қолданылуымен түсіндіруге болады.

Жаһандану үдерісінің қарқындылығы, техногендік ақпараттың әлемдік деңгейде біртұтастануы салдарынан бүгінде түркі тілдерінің әр қайсысының сөз қорына ағылшын тілі арқылы еніп жатқан еуропалық жаңа кірме қабатты қалыптастыруда. Мысалы: *босс, ария, либретто, тенор, дебат, апельсин, боцман, мемуар, тендер* т.б.

Түркілердің өзге халықтармен тарихи-мәдени, көршілік, сауда-саттық, жаугершілік т.б. қарым-қатынастары олардың әр қайсысының тілінде із-таңбасын қалдырғаны сөзсіз. Мәселен, А.М. Щербак қарайым, чуваш сияқты «шеткері» түркі тілдерінде, әзірбайжан, гагауз, түрік секілді оғыз тілдерінде моңғолдық элементтердің аздығын, ал моңғолдармен көрші отырған алтай, тува, якут, хақас тәрізді сібірлік түркі тілдерінде, моңғолдармен тарихи және территориялық жағдайларға байланысты тығыз қарым-қатынастарда болған қырғыз, қазақ тілдерінде моңғол элементтерінің мол екенін айтады¹. А.М. Щербак: көне түрк. *abla-*, қаз. *avla-*, түркм. *āvla-*, моңғ. *avla-* 'аулау, аңға шығу'; көне түрк. башқ., өзб., орта моңғ. *alda-* 'алдау'; алт., тув. *azyra-*, қар., қырғ. *asra-*

¹ Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.). – Санкт-Петербург: Наука, 1997. – С.291.

,чув. *usra-*‘жемдеу, асырау, тәрбиелеу’, жазба моңғ. *asara-*‘асырап сақтау, тәрбиелеу’; қырғ. *barqyra-*, якут. *baqqyrā-(<barqyrā-)*, моңғ. *barχira-*‘бақыру’; көне түрк. *biti-*, алт. *biči-*, тув. *biži-*, орта моңғ. *biti-- biči-*, моңғ. *bič-*‘жазу’; көне түрк. , туркм. *bol-*, әзерб., түрік. *ol-*, тат. *bul-*‘болу’, жазба моңғ. *bol-*‘болу’; алт. *bürke-*, қырғ. *bürkö-*, тув. *bürge-*‘бүркеу, жабу’, жазба моңғ. *bürke-*‘бүркеу, жабу, торлау (бұлт)’ тәрізді түркі және моңғол тілдеріне ортақ болып келетін етістіктердің шығу тегін моңғол тілдерімен байланыстырады¹.

Қазақ, қырғыз, башқұрт, құмық, ноғай, татар және әзірбайжан, гагауз, түрікмен, түрік және т.б. түркі тілдеріне араб сөздері түркілердің мұсылман дінін қабылдауына, араб графикасына негізделген ортағасырлық түркі жазба тілдік дәстүрінің дамуына байланысты енді. Қазіргі қазақ тіліндегі *құдай, періште, пайғамбар, жұмақ, тозақ, бейіш, тамұқ, намаз, ораза, молла, жаһаннам, зәмзәм, зәре тәрізді иран тілінен сөздер, қадым, әсел, әріп, әзір, әдет, атлас, ахуал, аманат, ақыр, дүкен, залым, дәріс, гұрып, қисса, қадір, заман, шайыр, хикая, шаригат, ықылас, ынтымақ* арабизмдер түркі тілдерінің көбінде сол тілдің дыбыстық заңдылығына сай бейімделген тұлғада кездеседі. Ал түркі тілдеріндегі парсы сөздерін түркілер мен ирандар арасындағы тарихи-мәдени қарым-қатынастар мен сауда-саттық байланыстардың нәтижесі деуге болады. Мысалы: қырғ.: *анар, анжир, бадыраң, багбан, амбар, араа, далис, дарбаза, кыш, мейманкана, терезе, арзан, базар, , тараза, дасторкон, кант, нан, шарап, күрүч, бейшемби, дүйшөмбү, чейрек, чилде, шаршемби* т.б.

Қазақ, қырғыз, башқұрт, құмық, ноғай, татар тәрізді қазіргі қыпшақ жазба тілдері мен түрік, әзірбайжан, гагауз, түрікмен тәрізді қазіргі оғыз жазба тілдерініңсөз қазынасының құрамын хронологиялық-генетикалық тұрғыдан:

– түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің генеалогиялық тектестігіне жетелейтін жалпыалтайлық қабат;

¹ Щербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (к проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания. – Москва: Наука, 1986. – № 4. – С. 47–59.

– түркі тілдеріне ортақ лексикадан тұратын жалпытүркілік қабат;

– түркі халықтарының әр қайсысының тіршілік-тынысының өзіндік ерекшеліктерін және этникалық мәдениетінің даралық болмысын танытатын байырғы төл лексикалық қабат;

– түркі халықтарының басқа халықтармен болған тарихи-мәдени қарым-қатынастарына байланысты қалыптасқан кірме қабат деп 4 стратиграфиялық қабаттарға бөлуге болады.

Лексика – қоғамдық өзгерістерді бойына тез дарытатын тілдің ең қозғалмалы бөлігі десек те, қазақ, қырғыз, башқұрт, татар, құмық, ноғай, әзірбайжан, түрікмен тілдерінің сөз қоры құрамының жалпытүркілік қабаты сөз қазынасының өзегін құрап, өзгерістерге түбегейлі түспейді. Жалпытүркілік лексикалық қабат түркі тілдерінің жалпыалтайлық қабаты және әр түркі тілдерінің байырғы төл лексикасы арасын жалғастырушы «көпір» қызметін атқара отырып, қоғамның сан алуан саласында болып жатқан өзгерістерге байланысты туындайтын жаңа сөздерге тұғыр болады.

Қазақ, қырғыз, башқұрт, құмық, ноғай, татар және әзірбайжан, гагауз, түрікмен тілдеріндегі кірме сөздердің денін моңғол, араб, парсы, орыс тілдерінен енген сөздер құрайтын болса, қазіргі түрік тіліндегі кірме сөздердің ең жоғары пайызы араб және парсы тілдерінің, онан кейін француз, италия, ағылшын, грек, неміс, латын, испан, мажар тілдерінің үлесіне тиеді, ал қытай, моңғол, орыс, жапон, армян тілдерінен енген сөздер қатары біршама аз болып келеді.

Қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінде тілдің атқаратын қызметтеріне байланысты жекелеген сөздер пассив сөздерге, қайсыбір сөздер, керісінше, актив қолданыстағы сөздерге айналады. Осы тұрғыдан келгенде соңғы 20 жылда қазақ, қырғыз, башқұрт, татар, құмық, ноғай, әзірбайжан, түрікмен тілдерінде терминологиялық лексиканың жаппай өзгеруі орын алады. Кеңестік кезеңмен пайда болған көптеген терминдер (советизмдер) қолданыстан шығып, тіл-тілдің пассив сөз қорына кетсе, ХІХ

және XX ғ. басында қолданыста болған байырғы төл лексика мен араб-парсы терминологиясы актив қорға оралуда, сондай-ақ сөз қазынасы жаңа сөздермен толығуда.

§ 7. ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ОРНЫ

Тарихи және лингвистикалық әдебиеттерде қазақ этносы да, оның тілі де негізінен XIV-XV ғасырларда қалыптасқаны жайлы айтылатыны белгілі және бұл тікелей Қазақ хандығының құрылуымен байланыстырылады. Этникалық топтардың және олар мекендеген этникалық аумақтардың мемлекеттік тұрғыдан ресми түрде біріктірілуі қазақ халқының дербес этнос ретінде нығаюына, тілінің тұрақты қалыпқа түсіп жүйеленуіне игі ықпал еткені даусыз. Алайда кез келген жаңа этностың, оның тілінің қалыптасуы бірнеше ғасырды қамтитын даму үдерістерінің нәтижесі, жүз жыл ішінде жаңа бір халықтың, оның тілінің пайда болуы этноэволюциялық, глоттоэволюциялық заңдылықтар мен ұстанымдарға сәйкес келе бермейді. Соған орайтүркі дүниесіндегі қазақ халқының, оның тілінің қалыптасуына негіз болған этногенездік, глоттогенездік процестер де көне замандардан бастау алатыны анық.

Қазіргі түркі тілдерінің тарихи орнын межелеудің негізгі арқауы ретінде көне түркі жазба ескерткіштері-Орхон, Енисей және Талас мұраларының тілі алынады. Ескерткіштер тілі түркі жазба тілінің бізге жеткен ең көне нұсқасы болғандықтан орта ғасыр түркі тілдері мен қазіргі түркі тілдерін түркілік тектілмен (протоязык), бабатілмен (праязык)жалғастыратын бірден-бір фактологиялық материалдар қоры және қазіргі түркі тілдеріне тән басты фонетикалық, грамматикалық заңдылықтардың бағыт-бағдарын, өткен кезеңдердегі қалып-күйін, ортақ лексикалық жүйенің дамуын айқындауға мүмкіндік беретін дерек көзі.

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде көне түркі тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық құрылымын дәлме-дәл қайталайтын бірде-бір тіл жоқ. Тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, бұл – табиғи лингво-эволюциялық заңдылық. Кеңестік түркітану Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліноғыздық, ұйғыр-оғыздық, қырғыз-қыпшақтық сипатта тануды қалыптастырып, соңғы жылдарға дейін көне мұралар тілінің батыс қыпшақ тілдеріне қатысы күңгірт қалып келгені де белгілі. Шын мәнінде, көне жазба мұралар тілі – VI-IX ғасырларда өмір сүріп, Түркі қағанаттарының құрамында болған көне тайпаларға қатысы бар қазіргі түркі тілдерінің бірнеше макротоптарын құрайтын барлық түркі тілдерінің ортақ желісі, ортақ негізі. Қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қоры, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымы, синтаксистік конструкциясы көне түркі тілінің жалпы лексика-грамматикалық жүйесімен сәйкес келуі, көне тілдің ерекше белгілері қазіргі тілдердің тек біреуінен ғана емес, әр топтағы бірнеше тілдерден көрініс беруі де кезінде өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар жалпы түркілік ортақ жазба әдеби тіл қолданыста болғанының куәсі. VIII ғасырдың орта тұсында орнатылған Мойун Чур (744 ж.) ескерткіші мәтінінде *түрік-қыпшақтардың* тоғыз-оғыздарды елу жыл басқарғаны жайлы деректің сақталуы, Тоникук (726 ж.) жазбасындағы *түрк-сир(есир)*, Білгеқаған (735 ж.) ескерткішіндегі *алты сир(есир)* тіркестерінің қыпшақтарға байланысты қарастырылуы да VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліне қазіргі қыпшақ тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің де қатысы барын айғақтай түседі.

Тілдің ішкі заңдылықтарымен бірге халықтың этногенезіне де белгілі бір дәрежеде қатысы бар тілдегі тарихи дыбыс өзгерістері фоно-морфологиялық құбылыстардың зерттелуі тіл тарихында айрықша орын алады. Қазақ тілінің түркі тілдері арасындағы тарихи орнын, қалыптасу кезеңін белгілеуде негізгі критерий ретінде танылатын ерекшеліктердің бірі – сөз соңындағы және сөз ортасындағы көнетүркілік γ/g дыбыстарының тарихи өзгерістері, атап айтқанда, w, j дыбыстарына ауысуы немесе ре-

дукцияға ұшырап түсіп қалуы (*taγ≈taw, j̄iγ≈žij, kičig≈kiči* т.б.). Бұл құбылыс негізінен қыпшақ тобындағы тілдерге тән болғандықтан қыпшақ тобындағы тілдер оның ішінде қазақ тілі де ең жас тілдер қатарына жатқызылады. Ал $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестіктерінің және γ/g дыбыстарының нөлдік деңгейге дейін редукциялануы қазақ тілін толық қамтымаған құбылыс екеніне, көпшілік жағдайда көне түркілік γ/g фонемаларының w, j дыбыстарына өзгермей, қатаң q/k дыбысымен қалыптасуына, кей жағдайда q/k (γ, g) тұлғалы көне варианттармен w, j тұлғалы жаңа варианттардың қатар қолданыста болуына, сондай-ақ γ/g (q/k) элизиясының көне, ең көне тілдер қатарында саналып жүрген бұлғар, ұйғыр-оғыз тобындағы тілдерде, $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестіктерінің қыпшақ тілдерінен бұрын қалыптасқан тілдер ретінде қарастырылатын оғыз, қарлұқ тобындағы тілдерде де ұшырасатынына жете мән берілмей келеді.

Қазақ тілінің тарихи орнын нақтылаудың тағы бір тиімді жолы – VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің базистік лексикасын құрайтын бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің тілімізде сақталу деңгейін анықтау; басқа қыпшақ тобындағы тілдердің деректерін қамти отырып, фоно-морфологиялық заңдылықтар негізінде моносиллабтардың мағыналық және тұлғалық деривациясының шегін шамалау. Түркі лингвистикасындағы түбіртану теориясының ғылыми-методологиялық ұстанымдары мен зерттеу нәтижелері негізінде Орхон-Енисей, Талас көне түркі жазба ескерткіштері тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің тұлғалық және мағыналық дамуын саралау тіліміздің дыбыстық жүйесінің, морфологиялық құрылысы мен семантикалық құрылымының даму ерекшеліктерін, өзіндік заңдылықтармен қалыптасу жолын тереңірек тани түсуге жол ашады.

Түркілер тарихындағы *үйсін, қаңлы, қыпшақ* т.б. мемлекеттік деңгейдегі ұлы тайпалық одақтардың, *дулат, арғын, керей, найман, қоңырат, адай* т.б тәрізді ірі тарихи тайпалардың атауын өзінің этникалық құрамын сипаттайтын этнонимдер жүйесін-

де сақтап қалған; мемлекеттік территориясы ежелгі сақтар мен хундар/ғұндар, үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері территорияларының негізгі аумағын, көне дәуірдегі батыс түрік қағанаты мен орта ғасырдағы Дешті қыпшақ мемлекеті аумағының басым бөлігін, бірнеше этникалық топтар мекендеген Ұлы Тұран даласының негізгі бөлігін, кейінгі түркілердің төл бесігі саналатын Түркістан аймағын қамтитын қазақ халқының тарихи-лингвистикалық негізі оның тарихи-этникалық негізімен тығыз байланысты. Тарихшылардың көрсетуі бойынша Еуразия континентінің кең-байтақ аумағында энеолит дәуірінің соңына қарай жеке рулардың бірігуі әсерінен ірі тайпалық топтар құрыла бастаса, жеке ру-тайпалар тілінің бірігіп сұрыпталуы нәтижесінде ірі этностар тілінің қалыптасуы неолит дәуірінде басталуы мүмкін. Бұл болжам осы өлкенің ежелгі тұрғындарының бүгінгі ұрпақтарының бірі – түркілерге де қатысты.

Қыпшақ тобындағы қазақ тілінің дамуы, қазақ этносының ұлттық сипатқа ие болуы қыпшақ тобындағы өзге тілдердің даму процестерімен, сол тілде сөйлеуші этностардың даралану үдерістерімен тығыз байланыста жүріп отырғанын тарихи деректер де, тілдік деректер де қуаттайды. Түркі тілдерінің глоттохронологиялық классификациясы (Мудрак О.А.) бойынша қыпшақ тілдерінің әрі қарай ыдырауы 940 жылы қарқынды жүреді, бұл процесс 936 жылғы Қырғыз қағанатының құлауымен одан кейінгі жоңғарлардың Шығыс Қазақстанға жорықтарына ұласқан кезеңдермен сәйкес келеді. 1030-1050 жылдары шығыс даладан келген қыпшақтардың ықпалымен Хазар қағанаты толықтай ыдырайды. Қыпшақтардың негізгі үш тілдік бұтаққа ажырауы 1010 жылдарға сәйкес келеді, бұл үрдіс келесі миграциялық толқынға жалғасып, нәтижесінде ғұндарды ығыстырылуына, Хазар қағанатының толық күйреуіне, 1055 жылы жазылғы орыс жылнамаларында көрсетілгендей, олардың территориясын половецтердің игеруіне байланысты тереңдей түседі. Жалпы татар тілдері бұтағынан мишар диалектісінің бөлінуі Алтын Орданың әлсіреп ыдырау алдында тұрған кезінен кейін 1430 жылдары шамасын-

да болады. Ноғай тілінің «үлкен қазақ» тобынан (қаңлы) ажырауы және кавказ түркі тілдері тобының құмық, қарашай-балқар тілдеріне ыдырауы 1380 жылдарғы Темірдің жорықтарына сәйкес келеді. Ал Волга бойындағы қыпшақ бірлестігінің қазіргі башқұрттар мен татарлардың ата-бабалары тілдерінің ыдырауы Қалке тұсында (1223-1224 жж.) Сүбедейдің осы аймаққа бірінші жорығынан кейін болған процесс ретінде қарастырылады. Монғол шапқыншылығынан кейін түркі халықтары өкілдерінің Галицко-Волынский княздығына, Литва, Польша княздықтарына қызмет етуіне орай қарайым тілі бөлініп шығады. 1560 жылдары волга татарларының, сібір татарларының қазақ және қарақалпақ тілдері, башқұрт әдеби тілінің негізін құрайтын батыс диалектісі ажырайды. Бұл мерзімі жағынан Ноғай Ордасының құлауымен, Иван Грозныйдың Қазан хандығын бағындыруымен сәйкес келеді. Башқұрт тілінің оңтүстік және шығыс диалектілері бөлінуі 1780 жылы осы аймақта болған Е.Пугачев көтерілісінің мерзіміне сәйкес келеді, осы кезеңнен бастап әкімшілік себептерге байланысты башқұрт тілінің шығыс және оңтүстік диалектілерінде сөйлейтіндердің қарым-қатынасы үзіледі де, өзара ажырай бастайды¹

Қазіргі түркі тілдерінің бәріне ортақ лингво-дифференциациялық процестердің XIII-XV ғасырлар аралығында қарқынды жүруіне жауапкершіліктің немесе ішкі қақтығыстардың салдарынан өзіндік тілдік ерекшеліктері бар түркі тайпаларының басын қосқан түркі хандықтары ыдырап, олардың орнына жаңа хандықтардың келуі; сараланған тіл иелерінің жаңа этнонимдік атауларды иеленуі; лингво-мәдени-контактологиялық жағдаят тәрізді сол кезеңдегі әлеуметтік, тарихи-саяси оқиғалар тікелей ықпал етті. Дегенмен, этнос пен этнос тілінің тарихын олардың жаңа атауға ие болып, жаңа мемлекеттік құрған дәуірлерімен шектеуге болмайды, қазіргі түркі тілдерінің бәрі де түркілік тек тілдің, баба тілдің,

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике. – Москва: РГГУ, 2009. – С. 175-176.

орта түркі тілінің белгілерін молынан сақтағанын тілдік деректер толықтай қуаттайды. Қазақ халқы да өз бастауын алатын арғы ата-бабаларынан жалғасқан рухан-мәдени құндылықтар жүйесін ұрпақтан-ұрпаққа үзбей жалғастырыра отырып, этникалық шыңдалудан өткен көне халықтың ұрпақтары.

Қазақ этносының қалыптасу тарихы қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орнымен өлшенеді. Қазақ халқының терең тамырын, қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орнын таразылайтын тілдік деректерді қазақ тілінің фонетика-фонологиялық жүйесінен де, морфологиялық құрылымынан да, лексика-семантикалық ерекшеліктері мен лингво-ақпараттық әлеуетінен де аңғаруға болады.

Қыпшақ тобына жататын тілдер тілдік ерекшеліктеріне, географиялық орнына, сол тілде сөйлеуші этностардың тарихи қалыптасу жолына байланысты түрліше жіктеліп келді. Махмұд Қашқари беженек, қыфжақ, башғырт, татар, қырғыз тілдерін Рұмға жақын орналасқан тілдер қатарына қосады. Тек түрік тілінде ғана сөйлейтіндерге қырғыз, қыфжақ тайпаларын жатқызады, башғырт тілі аталған тілдерге жақын екенін, бұлғар тілі сөздердің соңын қысқартып айтатын түрік тілі екенін көрсетеді (МҚ. I, 64-66).

А.Ремюза қыпшақ тілдерін ноғай тобы, қырғыз тобы деп екіге бөлсе, В.В.Радлов Батыс Сібір, Вольга бойы татарларының, қырғыз, қазақ, қарақалпақ, башқұрт тілдерін түркі тілдерінің батыс тобына (негізгі белгілері – сөз басында қатаң *q, k, t, p* дыбыстарының келуі; сөз басында ұяң *b* дыбысының қолданылуы; сөз басында ұяң *d* дыбысының қолданылуы; дауысты дыбыстың алдында тұрған қатандардың ұяңдануы; *s ≈ š, č ≈ š, č ≈ ts* дыбыстарының сәйкес келуі; *z, s, š* дыбыстарының барлық позицияда қолданылуы; *l* дыбысының жуан-жіңішке варианттарының болуы), Қырым татарларының говорларын оңтүстік топқа (*o, ö* дыбыстарының бірінші буында ғана қолданылуы; сөз басында *d, g* дыбыстарының көп қолданылуы; сөз соңындағы *č ≈ dz, t ≈ d* сәйкестіктері; *ï, i* дыбыстарының өзара ажыратылуы; соңғы буындағы дауысты-

лардың еріндікке айналуы; буын үндестігінің толық сақталмауы т.б.) жатқызады¹.

Ф.Корш қырғыз, қарашай, қазақ, ноғай, татар, башқұрт тілдерін түркі тілдерінің солтүстік тобына (негізгі белгісі – γ , g дыбыстарының сөз ортасында және сөз соңында қолданылмауы; γ дыбысының сөз соңында, ашық дауыстыдан кейін w дыбысына айналуы); қыпшақ (половец) тілін шығыс топқа (негізгі белгісі сөз соңында және сөз ортасында γ , g дыбыстарының сақталуы) бөледі².

А.Н.Самойлович қыпшақ тілін тағлы тобына (негізгі белгісі *тау* сөзінің *таг* болып айтылуы); Тау тобы немесе қыпшақ солтүстік батыс тобына (негізгі белгісі *таг* лексемасының y немесе созылыңқы дауыстылармен айтылуы) қырғыз, құмық, қарашай, балқар, қарайым, татар, башқұрт тілдерін (монғол шапқыншылығына дейінгі тілдер), қазақ, ноғай (монғол шапқыншылығынан кейінгі тілдер) тілдерін жатқызады³.

В.А.Богородицкий қыпшақ тілдерін географиялық орнына қарай жіктеп, қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерін түркі тілдерінің Орта Азия тобына (ерекшелігі – $\check{s} \approx s$ дыбыстарының алмасуы); Вольга, Орал бойындағы татар, башқұрт тілдерін Вольга, Орал бойындағы түркілер тілі тобына ($e \approx ij$, $o \approx u$ дыбыстарының сәйкестігі) Чұлым, Барабин, Түмен, Тобыл татарларының тілін – Батыс Сібір тобына, құмық тілін Оңтүстік Батыс тобына жатқызады⁴.

М.Р.Рясянен қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз, құмық, қарашай-балқар, қарайым, татар, башқұрт, көне куман тілдерін түркі тілдерінің Солтүстік-Батыс тобына жатқызса, И.Бенцинг Қаратеңіз, Қаспий жағалауындағы қыпшақ тілдеріне қарайым, қарашай-балқар, құмық тілдерін; Оралдағы қыпшақ тілдері-

¹ Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – Б. 193.

² Корш Ф. Е. Классификация тюркских языков // Этнографический сборник. – Санкт-Петербург, 1910. – С. 76.

³ Самойлович А. Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005. – С.85-87.

⁴ Богородицкий В. А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Москва, 1953.

не татар, башқұрт, қырым татар тілдерін, Арал-Каспий тобына қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін жатқызады. К.Г.Менгес көне солтүстік-батыс түркі тілдері тобына көне құман тілін; Қара теңіз – Каспий тілдері тобына қарайым, қарашай-балқар, Қырым татарлары, құмық тілдерін, Еділ-Кама тілдер тобына татар, батыс Сібір, барабин татарларының, башқұрт тілдерін; Арал-Каспий тобына қазақ, қарақалпақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, ноғай тілдерін енгізген. Түркі тілдеріне жасалған жіктемелер ішінде түркі тілдерінің негізгі ерекшеліктері, сол тілде сөйлеуші халықтың этникалық құрылымы, басқа этностармен қарым-қатынасы біршама толық анықталған, көпшілік мамандар тарапынан қолдау тапқан Н.А.Баскаковтың классификациясында татар, башқұрт тілдері қыпшақ тобының қыпшақ-бұлғар тілдер топшасына; қарайым, қарашай-балқар, қырым татары, қырымшақ тілдері қыпшақ, половец тілдер тобына; қыпшақ-ноғай тілдер тобына ноғай, қазақ, қарақалпақ тілдері енгізіледі¹

Түркі тілдеріне жасалған генеалогиялық-тарихи жіктемелер өз кезеңіндегі компоративистиканың үлкен нәтижесі болып табылады, қазіргі түркі тіл білімінде де аталған классификациялардың ғылыми-теориялық, методологиялық негіздері тереңдетіліп, олардың жетістіктері мен олқы тұстары жан-жақты талдануда. ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарына дейінгі кезеңде жасалған классификацияларда кездесетін кейбір қайшылықтар мен сәйкессіздіктернегізінен сол кезеңдердегі түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасы мен тарихи диалектологиясының жеткілікті дәрежеде зерттелмеуінен, түркі тілдеріндегі фонетика-фонологиялық өзгерістер мен тарихи морфологиялық заңдылықтарды толық көрсетуге әлеуетті тілдік материал қорының жинақталмауынан туындайды. Қазіргі таңда түркі тілдеріндегі фонетикалық, морфонологиялық құбылыстардың таралу шегі мен қолданыс аясын біршама нақтылауға мүмкіндік беретін фактологиялық материалдар қоры жинақталды, альтернативация-

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – С. 230-240.

лық құбылыстар жекелеген түркі тілдері бойынша да, жалпы түркі тілдері бойынша да біршама кеңірек зерттеліп, жүйелі құбылыстар оларға қарама деректер сараланды, диалектілік ерекшеліктерді көрсететін тілдік деректер қоры да толығы түсті.

Қазіргі түркі тіл білімінің мүмкіндігі жайлы профессор А.В.Дыбо: «Более или менее тщательный сравнительно-исторический анализ полного материала к настоящему времени позволяет установить вполне регулярные соответствия между тюркскими языками там, где раньше кажущийся разноречивой приводил к разговору о «междиалектных заимствованиях» и о принципиальной невозможности установления фонетических закономерностей (например, в рефлексии начальных глухих и звонких, или интервокальных комплексов). ...Во всяком случае, наблюдаемые сбой базовых соответствий объясняются значительно реже междиалектными заимствованиями, чем сложными позиционными развитиями или морфологическими выравниваниями»¹ деген ой айтады. Түркілік бабатиідің фонологиялық жүйесін реконструкциялау негізінде түркі тілдерінің жаңа генеалогиялық классификация ұсынған ғалым түркілік бабатиідік дәуірден басталатын ыдырау кезеңдері бойыншатүркі тілдерін екі макротопқа бөледі: 1) бұлғарлық баба тіл (прабулгарский) тобы; 2) жалпытүркілік топ. Бұлғар тобы Дунай бұлғарлары және Еділ бұлғарлары микротоптарына жіктеліп, Еділ бұлғарлары тілінен чуваш тілі таратылады. Ал жалпытүркілік тіл үш макротопторға ыдырайды: 1) якут-долған тілдері; 2) саян тілдері; 3) оғыз тілдері, оғыз бұтағынан «қырқыз», солтүстік алтай, орталық шығыс, қарлұқ және қыпшақ тілдері ажырайды².

Түркі тілдерін глоттохронологиялық негізде қарастырған профессор О.А. Мудрак қыпшақ тобынбес салаға бөледі: оңтүстік-башқұрт және шығыс башқұрт тілдері; Еділ татарларының және

¹ Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков: лексический фонд: пратюркский период. – Москва: Восточная литература, 2007. – С.10-11.

² Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков: лексический фонд: пратюркский период. – Москва: Восточная литература, 2007. – С.65.

сібір татарларының тілі; қазақ және қалпақ тілдері; қарашай-балқар, құмық тілдері; қарайым және қырым татарлары тілдері¹.

Түркі тілдеріне қатысты барлық жіктемелерді салыстыра қарағанда, қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдердің фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының ұқсастығы сол тілде сөйлеуші этностардың генетикалық немесе тарихи жақындығы ғалымдар тарапынан принципті түрде ажыратылатын қайшылық тудырмайтынын байқауға болады. Батыс қыпшақ тілдеріне тән ортақ лексиканы жалпы түркілік деңгейде салыстыра қарастырған белгілі ғалым К.М.Мұсаевтың зерттеулерінде² де қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи-генеалогиялық жақындығы лексика-семантикалық тұрғыдан дәйектеледі.

Жалпы бір негізден тараған тілдердің өзі де түрлі ішкі, сыртқы факторларға байланысты негіз тілдің белгілерін бірдей дәрежеде сақтай алмауы лингвоэволюцияның заңдылығы. Қазіргі түркі тілдерінің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы дыбыстық жүйесі негізінен көне түркі тілінде қалыптасқан. Түркі тілдері ортақ лексика бастауын ата түркі тілінен алып жалпы түркілік қабат құрағанымен мағыналық бір тектілікті сақтай отырып, өзара дыбыстық, морфологиялық өзгерістерге ұшыраған. Бұл жөнінде белгілі ғалым Э.Р.Тенишев “VII-VIII ғғ. Оғыздар мен қыпшақтарда-*j* – тіл, ұйғырларда-*d* – тіл, қырғыздарда-*z* – тіл болды” деп жазды³.

Қазіргі қыпшақ тобына енетін тілдердің бір бөлігінің негізінде оғыздық сипаты бар көне бұлғар тілінің жатуы, қыпшақтау процесінен кейін де басқа туыстас тілдермен мәселен қазіргі оғыз тілдерімен (қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татары тілдерінің әзірбайжан тілдерімен қарым-қатынасы), бұлғар

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов. – Москва: Институт восточных культур и античности, 2009. – С.175.

² Мусаев К. М. Лексикология тюркских языков. – Москва: Наука, 1984.

³ Тенишев Э.Р. О наддиалектном характере языка тюркских рунических памятников// Turcologica. К семидесятилетию академика А.Н.Кононова. – Ленинград: Наука, 1976. – С.165.

тілдерімен (татар, башқұрт тілдерінің чуваш тілімен қарым-қатынасы) тілдік қарым-қатынасқа қолайлы географиялық аумақта таралуы; негізін көне қыпшақ тілінен алатын (көне қыпшақ тілінде де оғыздық элементтердің сақталғаны белгілі) қарақалпақ, қазақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі тілдерінің қарлұқ тілдерімен (ұйғыр, өзбек), ноғай тілінің оғыз тілдерімен (түрік, түрікмен, әзірбайжан), бұлғар тілдерімен (чуваш) қатынаста болуы олардың лексикалық қорындағы қыпшақтық қабаттың өзгерістерге түсуіне алып келді. Мұндай өзгерістер негізінен сөз тұлғаларындағы дыбыс сәйкестіктері арқылы айқындалады.

Түркі тілдері бойынша көне қыпшақ тілдеріне тән лексиканы ажыратып алу да түркі тілдері тарихындағы күрделі мәселелердің бірі. Ж.Манкеева түркі тіл білімінде белгілі ғылыми зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жалпытүркілік қабатты айқындаудың қағидаларын талдап көрсетеді. Қыпшақ тілдеріндегі мәдени лексиканы зерттеу нысаны етіп алған ғалым, қыпшақтық қабатты жіктеуде шарттылық сақталатынын айтады¹. Көне қыпшақ тілінің элементтері қыпшақ тобындағы тілдерде ғана емес басқа топтағы түркі тілдерінде сақталуы көне қыпшақ тілінің таралу аясы аса кең болғандығын көрсетеді. Қаратеңіз жағалауындағы, Кавказ бойындағы әзірбайжан, түрік, түрікмен тілдеріндегі жалпы қыпшақтық қабатқа тән сөздер олардан алшақта орналасқан Орта Азия және Волга бойындағы түркі халықтары тілінде де қайталанады. Зерттеулер бойынша Орта Азия және Волга бойындағы түркілер тіліндегі қыпшақизмдер «нағыз қыпшақтық», ал Қаратеңіз, Кавказ аумағындағы тілдердегі қыпшақтық сөздер қолайлы географиялық жағдайға байланысты, екінші дәрежелі қарым-қатынастың нәтижесінде қалыптасқан қыпшақизмдер болып табылады².

Орта түркі жазба мұраларының тілін талдау нәтижелері оғыз, қыпшақ тілдері сараланып шыққанға дейін жалпытүркілік қып-

¹ Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – Б.37-45.

² Гаджиева Н.З. О некоторых трудных вопросах методики изучения истории тюркских языков // *Turcologica*, 1986. – Ленинград: Наука, 1986. – С. 70.

шақ-оғыздық, оғыз-қыпшақтық жағдайдың орныққанын көрсетіп бергені белгілі. Орта түркі дәуірінің алдындағы көне түркі жазба ескерткіштері тілі мен орта түркі дәуірінен кейінгі дәуірде, қолданылып жүрген қазіргі қыпшақ, оғыз тілдері деректері де қыпшақ→оғыз тіл бірлестігінің іздері сақталғанын көрсетеді. Оғыз және қыпшақ тілдерінің дербестік сипатқа ие болуы тұтас бір тілдің екіге жарылуы нәтижесінде емес, бұрыннан өздеріне тән белгілердің іздері бар екі тілдің белгілі бір географиялық жағдайда әрқайсысы өз мүддесін қорғау ыңғайында, яғни өздеріне тән белгілерді сақтап қалуға ұмтылу арқылы қалыптасқанын байқаймыз. Қазіргі қыпшақ тілдерінің ішінде қыпшақтық коларит қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерінде, татар диалектілерінде басым екенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр (Н. Сауранбаев, Қ. Жұбанов, С. Е. Малов).

Оғыз тілдеріндегі қыпшақтық элементтер тұлғалық ерекшеліктеріне, басқа да сипатына қарай төрт түрге бөлінеді: 1) таза қыпшақтық сөздер (оғыз-қыпшақ тіл бірлестігінен қалған); 2) қолайлы географиялық жағдайға байланысты қалыптасқан екінші дәрежелі қыпшақизмдер; 3) Поэзия арқылы әдеби тілдердің бір-біріне ықпалы негізінде қалыптасқан қыпшақизмдер; 4) Кездейсоқ сәйкестіктердің және конвергентті даму процесінің нәтижесінде қалыптасқан жалған қыпшақизмдер¹. Қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақ элементтерін сипатына қарай жіктеу кешенді лингвистикалық талдауларға негізделген қатаң әдістемеге сүйенеді. Түркі тілдерінде тіркелген параллель құбылыстардың бәрі бірдей генетикалық бірлікті көрсетпеуі мүмкін (жалпытүркілік негізде емес). Сондықтан қазіргі оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдеріндегі қыпшақтық белгілерді анықтауда, барлық тілдер тәрізді, түркі тілдерінде де фреквентальді құбылыстардың, яғни дыбыс өзгерістерінің потенциалды мүмкіндігі аясының кеңдігі ескерілуі керек. Дыбыс жүйесіндегі делабиализациялану, спирантизациялану, т.б. процестердің қыпшақ тілдерінде де, оғыз тілдерінде де

¹ Гаджиева Н.З. О некоторых трудных вопросах методики изучения истории тюркских языков // *Turcologica*, 1986. – Ленинград: Наука, 1986. – С. 73.

ұшырасуы конвергентті изоглоссалық құбылыстардан көрініс береді. Конвергентті процестер белгілі географиялық аумақта изоглостың қоюлана түсуіне ықпал етеді. Мысалы, татар тіліндегі дауыстылардың қысаңдануы редукциялық сипатта болса, әзірбайжан тіліндегі дауыстылардың қысаңдануында фонетикалық ықпалдардың әсері болмайды немесе *к* дыбысының чуваш тілінде *х* дыбысына ауысуы тілдің біршама алға жылжуымен байланысты дыбыстың редукциялануы негізінде жүзеге асады (тат. т. *kiš* ~ чув.т. *xel* «зима»). Әр тілден көрініс беретін аймақтық изоглоссалар синхронды және жүйелі шарттылық сипатта болады, мысалы: *č≈š*, *š≈s* алмасулары қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің микроареалдарында кездеседі.

Түркі тілдеріндегі генетикалық топтардың конвергенциясы тілдік деректер негізінде ғана анықталады. Изоглоссалық құбылыстардың қатарында тек көрші халықтар тілінің бір-біріне ықпалы негізінде қалыптасқан элементтер ғана емес, негіз тілге тән көне реликт белгілер де, тарихи миграциялық әсерлерден қалған көне тұлғалар да кездесуі мүмкін. Тілдік топтардың генетикалық конвергенциясы жайлы В.М. Жирмунский «...изоглоссы общетюркского диалектологического атласа выходят за рамками современных национальных республик и национальных языков, указывая на более древние генетические связи между племенами и народностями их диалектами и языками»¹ деген ой айтады. Сондықтан қазіргі қыпшақ тілдеріндегі таза қыпшақтық қабатты аршып алу мәселесінде тек әдеби тіл ғана емес, олардың микроареалдық топтары да қамтылуы қажет. Көне түркі ескерткіштерінің тілін қазіргі түркі тілдерімен салыстыра, сабақтастыра зерттеуде де қазіргі тілдер туралы «диалектологиялық ізденістердің нәтижелерін қолданудың маңызы ерекше»².

Тілдегі диалектілік ерекшеліктердің табиғатын терең түсініп, әдеби тіл деректерімен қатар қолдану компаративистиканың

¹ Жирмунский В.М. О некоторых вопросах лингвистической географии тюркских диалектов // СТ. – Москва, 1966. – С. 56.

² Трыарский Э. Еще раз о методике издание рунических надписей // Turcologica. – Москва: Наука, 1976. – С. 326.

әлеуетін арттыра түседі, туыс тілдерде кездесетін дыбыстық өзгерістердің даму жолын, бағытын, аралық звеносын айқындауға кей жағдайда варианттардың бастапқы тұлғасын тірі тілдер деректері арқылы анықтауға жол ашады. Тіл эволюциясының түрлі хронологиялық кезеңдерді қамтитын тарихи қабаттарының белгілері де микроареалдық топтардан көрініс беруі мүмкін. Сондай-ақ ареалдық лингвобірліктерді құрылымдық-танымдық тұрғыдан сипаттау, тілдік қабаттарды түрлі эволюциялық-фазалық деңгейде қарастыру біріншіден, тілдегі құбылыстарды инварианттардың бірлігі, аллоэмикалық элементтердің жиынтығы ретінде тануға мүмкіндік берсе, екіншіден тарихи өзгерістердің ішкі, сыртқы лингвистикалық факторларын, тіларалық контактілердің ықпалын айқындауға да жол ашады. Бір тіл ішіндегі говорларды салыстыра-салғастыра қарастыру, олардың изоморфтық, алломорфтық сипатын айқындап, изоэм мен аллоэмнің бір тіл ішінде таралу шегін, гомогенді және гетерогенді компоненттерін ажырату, яғни ареалдық лингвистиканың қағидаларына сүйену көне түркі тілі мен қазіргі түркі тілдері моносиллабтық жүйесіндегі гомогенді бірліктердің тұлғалық ерекшеліктерінің даму бағытын, гетерогенді бірліктердің кездейсоқ тұлғалық сәйкестіктерінің себептерін анықтауға да септігін тигізеді.

Фонетика және морфология салалары жеке-дара түсіндіре алмайтын, таза сөзжасам тәсілі ретінде қарастыруға да келмейтін, фонетика, морфология, семантиканың үшеуіне де белгілі бір дәрежеде қатысы бар аралық, әрі қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктерін, тарихи орнын анықтауда ерекше орын алатын альтернация құбылыстарының бірі –инлаут, ауслаут позициядағы $q/k, \gamma /g \approx w$ және $q/k, \gamma /g \approx j$ сәйкестіктері

Түркі тілдеріне тарихи тұрғыдан, яғни қалыптасу кезеңіне байланысты классификация жасаған ғалым – С.Е.Малов түркі тілдерінің фонетикалық және лексика-грамматикалық жүйесіндегі ерекшеліктерді негізге ала отырып, көне белгі ретінде rt, lt, nt тіркестерінің түбір мен қосымша морфема жігінде қолданылу ерекшеліктерін (*altī* «алды», *kelti* «келді», *bartī* «барды», *anta*

«онда» т.б.), көне түркі жазбаларында кеңінен қолданылатын γ/g дауыссыздарының сақталуын (*taγ* «тау», *sariγ* «сары» т.б.) көрсетеді. Аталған белгілердің сақталу деңгейіне байланысты түркі тілдерін төрт топқа бөледі:

1. Ең көне түркі тілдері: бұлғар, сары ұйғыр, чуваш, якут тілдері;

2. Көне түркі тілдері: оғыз (көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінің тілі), тофалар, тува, көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі, хакас, шор тілдері;

3. Жаңа түркі тілдері: әзірбайжан, гагауз, құманды, қыпшақ, печенек, половец, салар, түрік, түрікмен, Шығыс Түркістандағы ұйғырлар тілдері;

4. Ең жаңа түркі тілдері: башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ойрат, ноғай, татар, чуваш, якут тілдері¹.

Ең жаңа немесе балаң тілдерді анықтаудың басты шарты ретінде алынған заңдылықтың бірі – дисиллабтар құрамындағы қатаң дыбыстардың инлаут позицияда ұяң дыбыстарға ауысуы – түбір морфеманың соңындағы үнді *r, l, n* дыбыстарынан кейін қатаң *t* дыбысынан басталатын қосымша морфема жалғанса, қатаң *t* дыбысының ұяң *d* дыбысына өзгеруі, яғни морфемалар жігіндегі *irt, lt, nt* тіркестерінің фонетикалық сапасын сақтай алмауы: *alti*→*aldi* «алды», *kelti*→*keldi* «келді», *barti*→*bardi* «барды», *anta*→*andalonda* «онда» т.б. Балаң тілдерді анықтаудың келесі бір критерийі – тіл арты γ , тіл ортасы g дыбыстарының инлаут және ауслаут позицияда ілгерінді артикуляциямен айтылатын *w, j* дыбыстарына өзгеруі: *say*→*saw* «сау», *taγ*→*taw* «тау», *sigir*→*sijir* «сиыр», *teg*→*tej/tij* «ти» т.б.. Бұл құбылысты дыбыстардың ілгерілеуі (опереднения звуков) деп атаған ғалым инлаут, ауслаут позициядағы γ/g дыбыстарының редукцияға ұшырап түсіп қалуын (*qulγaq*→*qulaq* «құлақ», *sariγ*→*sari* «сары» т.б.) және еріндік созылыңқыларға (екінші дәрежелі созылыңқылар: *say*→*soo* «сау», *taγ*→*too* «тау»

¹ Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Мсква.-Ленинград, 1951. – С. 5-7; Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // ОлиЯ. Т. 2. Вып. 2. – Москва, 1952. – С. 142.

т.б.) айналуын да ең жаңа тілдерге тән белгілер қатарында қарастырады. С.Е. Маловтың 1941 жылы жарияланған “Якутский язык и его отношение к другим тюркским языкам” деген баяндамасында дыбыстардың ілгерілеу үдерісіне байланысы *ілгерілеу заңдылығы* термині алғаш рет қолданылады. Ежелгі түркі жазбаларында кеңінен қолданылған сөз соңы мен сөз ортасында қолданылатын γ/g дауыссыздарының қазіргі тілдерде сақталуы түркі тілдерінің көне фонетикалық белгісі болып табылатыны жайлы пікірлер басқа лингвистикалық әдебиеттерде де кеңінен айтылып жүр¹

Морфема жігіндегі үнді, l, n дыбыстарынан кейін келген қатаң t дыбысының ұяңдануын, γ/g дыбыстарының сөз ортасы мен сөз аяғында ілгерілеуін немесе элизияға ұшырауын көрсететін тілдік деректер қазақ тілі лексикалық жүйесіне тән екені белгілі, соған орай классификацияда қыпшақ тілдері, оның ішінде қазақ тілі де балаң тілдер қатарына жатқызылады. Жіктеменің негізіне алынған қазақ тіліндегі үнді дыбысқа аяқталатын сөздерге септік және жіктік жалғауларының ұяң варианттарының жалғануы (*žolta ≈ žolda, körtim ≈ kördim*) дауыстылар ортасындағы дауыссыздардың қазақ тілінде ұяңданып айтылуы (*sekiz ≈ segiz, toqiz ≈ toyiz*) тәрізді үндестік заңының нәтижесі. Көне түркі тіліндегі γ/g дыбыстарына аяқталатын біраз сөздер қазіргі тілімізде негізінен w сонантына ауысады, мысалы: *tay/day ~ taw* “тау”, *tuγ ~ tuw* “ту”, *baγir ~ bawir* “бауыр”; енді біраз сөздер j дыбысына ауысады, мысалы: *sigir ~ sijir* “сиыр”, *tügme ~ tujme* “түйме”, *üg ~ üj* “үй”; үшінші тобы редукцияланып элизияға ұшырайды, мысалы: *sariγ ~ sari* “сары”, *aγuw ~ uw* “у”; төртінші бір тобы қатаңданып q/k -ге айналған, мысалы: *joγ ~ zoq* “жоқ”, *tüg ~ tük* “түк”

Түркі тіл білімінде қазіргі қазақ тіліндегі ауслат q/k дыбыстары көне түркілік γ/g -нің қатаң варианты деген пікір қалыптасқан. Көптеген зерттеушілердің пікірінше түркі тілдері дамуының

¹ Дмитриев Н.К. Вставка и выпадение гласных и согласных в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. IV. Фонетика. – Москва, 1955. – С.286.

ежелгі кезеңінде сөздің басы да, соңы да бірыңғай қатаң дыбыстардан тұруы мүмкін. Осы теорияның негізінде Орхон-Енисей, орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі γ мен g -ге аяқталатын сөздерді кейінгі құбылыс деп тануымыз керек. А.М. Щербак түркі тілдерінде қатаң дауыссыздардың сөз соңында ұяң дауыссыздарға қарағанда жиі кездесетінін дәлел ете отырып, ежелгі кездегі сөздің бәрі қатаң дауыссыздарға аяқталған деген пікір айтады және бір сыңары ұяң, бір сыңары қатаң болып келетін барлық соңғы дауыссыз жұптардың ұяң сыңары қатаң сыңарлардан өрбігендігін ескертеді¹.

Н.А.Баскаков та түркі тілдерінің фонологиялық жүйесінде қ дыбысын ілкі дауыссыздардың бірі деп біледі. Осы мәселе жөнінде ғалым А. Айғабылов былай дейді: “ γ/g , q/k дыбыстарының тілімізде алмасу жайы туралы қорыта айтқанда, алғаш бұл фонемалар қатаң айтылып, кейін келе ұяңдану процесі нәтижесінде γ/g дыбыстары морфонологиялық құбылыс ретінде пайда болған деуге болады. Сондықтан γ/g дыбыстарының жай-жапсары дауысты дыбысқа, үнді дыбысқа қатысты болсын таза фонетикалық заңдылық аясында қарастыруға келмейтін, анықтап айтқанда артикуляциялық шек, мүмкіндік дегендермен өлшеуге көнбейтін сөйлеу дағдысынан қалыптасқан құбылыс болуға керек”². Жоғарыдағы пікірлерге сүйенсек, қазақ тіліндегі сөз соңында қолданылатын q/k -ні көне түркілік γ/g -нің қатаңдаған түрі емес, керісінше олардан бұрын қалыптасқан, көненің көзі болуы керек. Алайда архифонемалардан аллофондардың ыдырауы тым ежелгі замандардан, адамзаттың дыбыстық тілі қалыптасқан кездерден бастау алады. Сондықтан өзара тектес q/k , γ/g дыбыстарының бірін жаңа, екіншісін көне дыбыстар деп жіктеудің хронологиясы көне түркі дәуірінен (Ү-Х ғғ.) әлде қайда әріден, біздің заманымызға дейінгі ежелгі дәуірлерден басталады.

¹ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 95-97.

² Айғабылов А.М. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995. – Б.56.

Қазіргі түркі тілдерінің қай-қайсысы болмасын бастауын түркілік тектің алатындықтан әрбір тілдегі лексикалық жүйені кең көлемде, әдеби тіл мен диалектілік ерекшеліктер арасына шекара қоймастан, фразеологизмдер мен паремияларды, фольклор тілін толық қамти қарастырғанда қай тілден болмасын көне белгінің іздері байқалып жатады, сондай-ақ кейін қалыптасқан жаңа белгілер де аңғарылып тұрады. Соған орай, түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық классификациясы бойынша бірізді мойындалған көзқарас қалыптаспады. Түркітілдеріндегі $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестіктері де, γ/g элизиясы да қазақ тілін толық қамтымаған заңдылық екенін тілдік деректерден көреміз. Орхон-Енисей жазбаларында, «Диуани лұғат-ит түркте», «Хибатул хакаиқ» т.б. орта ғасыр ескерткіштерінде кеңінен қолданылатын *uliy, kičig* сөздері «*Uliq bolsañ, kišik bol*», «*Qostin kišigi bolyanša, ijtтин küšigi bol*» деген мақалдар құрамында сақталған. *Uliq* сөзі әдеби тілде жеке тұрып та қолданылады. Тілімізде кеңінен қолданылып жүрген кейбір туынды етістіктер құрамында да көне белгілер сақталып қалған, мысалы: *qutti* → *quttiqtaw*, *sari* → *usaryajuw*, *uli* → *ulyajuw*, *tori* → *toriyuw* т.б. Сондай-ақ көне түркілік *ölig*, сөзінің көне варианты мен жаңа варианты қатар қолданыста (*öli, ölik*). Ең көне әрі жаңа тілдер қатарынан орын алатын чуваш тілінде де γ/g элизиясы жиі ұшырасады: *ura* ≈ *ajaq*, *uša* ≈ *ašiq*, *ata* ≈ *etik*, *pula* ≈ *baliq*, *küre* ≈ *qujriq*, *suxa* ≈ *sayaq*, *čere* ≈ *žürek*, *černe* ≈ *tirnaq*, *taja* ≈ *tajaq* т.б. Бұл мысалдардан Б.Серебренниковтің «Көне тілдер қатарына жататын чуваш және якут тілдерінде сандық жағынан архаизмнен гөрі кейінгі өзгерістер басымдау»¹ деп орынды айтқанын байқаймыз. $\gamma/g \approx j$ сәйкестігі негізінен қыпшақ тобындағы тілдерге тән болғанымен бұл сәйкестікті әзірбайжан тілінің диалектілерінен (*üzüj* ≈ *žüzik* «жүзік», *küräj* ≈ *kürek* «күрек»), өзбек тілі диалектілерінен (*bülej* ≈ *bilew* «білеу, қайрақ», *teräj* ≈ *terek* «терек»), ұйғыр тілінен (*üčäj* ≈ *išek* «ішек», *kösäj* ≈ *kösew* «көсеу») де кездестіреміз.

¹Серебренников Б.А. Вероятности обоснования в компаративистике. – Москва, 1974. – С. 39.

Қазақ тілінің деректерінде көнетүркілік белгілердің ($\gamma/g, q/k$) көптеген сөздерде сақталып қалғанына сүйене отырып, С.Исаев «Бұл сияқты тілдік фактілер кейінгі кездегі басқа түркі тілдерінің ықпалы деуге ешбір негіз жоқ»¹ деген пікір айтады. Қазақ тілінде көне түркілік γ/g дыбыстарының w, j -ге ауысуы немесе элизияға ұшырауы тілдік қорды толық қамтымай көптеген сөздерде қатаң q, k түрінде, дауыстылар арасында γ, g тұлғасында сақталып қалуы, кей жағдайда көне тұлға мен жаңа тұлғаның қатар қолданыста болуы қазақ тілін ең жаңа тілдер қатарына жатқызуға кепілдік бере алмайды. Оның көнелік белгіні де молынан сақтап қалғанын көрсетеді. Қазақ тілі де өзге туыстас түркі тілдері сияқты алтай, хун, көне түркі дәуірлерінен бастау алып, бірнеше тайпалық одақтардың тілдік дәстүрлерінің бірігуінен қалыптасқан, базистік лексикасында баба тілдің, көне түркі тілінің элементтерін молынан сақтаған әрі жаңа сипатқа ие болған тілдердің бірі.

Қазіргі түркі халықтарының дербес халық ретінде қалыптасуы олардың тілінің біршама жүйеленуіне ықпал еткенімен, тілдің негізі тереңнен бастау алатынын дәйектейтін тілдік деректер түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық классификациясында шарттылық басым екенін көрсетеді.

Түркі тілдерінің генеалогиялық жіктемелерінде де $q/k, \gamma/g$ дыбыстарының қолданыс ерекшеліктеріне ерекше мән беріледі. Мысалы, Ф. Корш қазіргі түркі тілдерін генеалогиялық жағынан топтастырғанда осы заңдылыққа, атап айтқанда, ашық дауыстылардан кейінгі γ/g және w дыбыстарының альтернативасы ($tay \approx taw$) мен сөз ортасында немесе сөз соңындағы γ/g дыбыстарының қолданылу, қолданылмауына ($sari \approx sari\gamma, qalan \approx qalyan$) сүйенгендігі белгілі². Түркітану ғылымында өзіндік орны бар ғалым А.Н. Самойловичтің классификациясында негізгі тірек ретінде қолданылған алты сөздің төртеуі ($a\dot{j}aq, taw, sari, qalyan$) $q/k, \gamma/g \approx w \approx j$

¹ Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1989. – С. 55.

² Корш Ф.Е. Классификация турецких языков // Этнографическое обозрение. – Санкт-Петербург, 1910. – № 6.

сәйкестіктеріне қатысты¹ болса, қазіргі түркілердің тілдік ерекшеліктері біршама толық қамтылған, түркітанушы ғалымдар тарапынан қолдау тауып отырған Н.А. Баскаковтың жіктеуінде де аталмыш сәйкестік негізгі критерийлер қатарына жатады². Сондықтан да бұл дыбыстардың генезис, жалпы эволюциясын, өзара сәйкестікке түсу себептерін, түрлі фоно-морфо-семантикалық факторларға ықпал ету қасиетін анықтау түркітану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі.

Қазіргі түркі тілдерінің бәріне ортақ этно-лингво-дифференциациялық үдерістердің XIII-XV ғасырлар аралығында қарқынды жүруіне сыртқы жаугершілік пен ішкі қақтығыстардың көбеюі; соның салдарынан өзіндік тілдік ерекшеліктері бар бірнеше түркі ру-тайпаларының басын қосқан түркі бірлестіктері ыдырап, олардың орнына жаңа хандықтардың келуі; олардың тілдерінің өзара саралана бастауы; сараланған тіл иелерінің жаңа этнонимдік атауларды иеленуі; басқа халықтармен лингво-мәдени-контактологиялық жағдаяттың орнығуы тәрізді саяси-әлеуметтік, тарихи оқиғалардың ықпал еткені белгілі. Дегенмен, этнос пен этнос тілінің тарихын олардың жаңа атауға ие болып, жаңа мемлекеттік құрған дәуірлерімен шектеуге болмайды, қазіргі түркі тілдерінің бәрі де түркілік тек тілдің, баба тілдің, орта түркі тілінің белгілерін молынан сақтағанын тілдік деректер толықтай қуаттайды. Қазақ халқы да өз бастауын алатын арғы ата-бабаларынан жалғасқан рухан-мәдени құндылықтар жүйесін ұрпақтан-ұрпаққа үзбей жалғастырыра отырып, этникалық шыңдалудан өткен көне халықтың ұрпақтары.

Қазақ этносының қалыптасу тарихы қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орнымен өлшенеді. Қазақ халқының терең тамырын, қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орнын таразылайтын тілдік деректерді қазақ тілінің фонетика-

¹ Самойлович А.Н. Некоторые дополнения к классификации тюркских языков. – Петербург, 1922.

² Баскаков А.Н. Введение в изучение тюркских языков. Изд. 2-ое. – Москва: Высшая школа, 1969. – С.230-342.

фонологиялық жүйесінен де, морфологиялық құрылымынан да, лексика-семантикалық ерекшеліктері мен лингво-ақпараттық әлеуетінен де аңғаруға болады.

Жалпытүркілік тек тілдің ғасырлар бойы үздіксіз дамуының нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, өз құрамындағы этностар тілдеріне ыдырауы, өзара қайта тоғысуы, іргелерін қайта ажыратуы, туыстас немесе басқа жүйедегі тілдермен тығыз қарым-қатынаста болуы, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптасуына алып келді. Сондықтан да қазіргі түркі тілдері әр деңгейде өзгерістерге ұшыраса да көне тілдің элементтерін бойында сақтаған, түркілік тектің, бабатілдің белгілі бір дәрежедегі мұрагері болып табылады.

Тілдегі дыбыс сәйкестіктері түбірлес сөздердің фонологиялық варианттарын түзумен қатар, олардың бастапқы жалпытүркілік мағыналарының ыдырап, нақтылануына алып келеді. Осы құбылыстың нәтижесінде бір сөздің әртүрлі мағына білдіретін, әр түрлі синтаксистік қызмет атқаратын бірнеше фоно-морфологиялық нұсқалары қалыптасады. Сөздердің көпфункционалдығы олардың құрамындағы архиформалар мен архисемалардың полисемиялық, полиформалық табиғатымен ұштасып жатқан құбылыс. Бірінші буындағы фоно-морфологиялық заңдылықтар екінші буында да өзіндік ерекшеліктерімен, өзіндік сипатымен қайталанып отыруына байланысты тұтас лексемалық жүйенің көпфункционалдық сапасы туындайды. Дыбыс сәйкестіктерінің қайсысы болмасын адамзат тілінің қалыптауымен ұласып жатқан тарихи лингво-эволюциялық құбылыстар қатарынан орын алады. Сондықтан тілдің дамуына, лексикалық қордың баюына қызмет ететін дыбыс сәйкестіктерінің таралуын қазіргі тілдердің хронологиялық жасымен байланыстыру нәтижесіз.

Қазақ тілін балаң (ең жаңа) тілдер қатарына жатқызудың негізгі критерийі $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестіктері мен $\gamma/g \rightarrow \emptyset$ редукциясының қазақ тілін біржақты бағытта толық қамтымауы жал-

пытүркілік сөздердің құрамындағы γ , g дыбыстарының нөлдік деңгейге дейін редукцияланбай, w , j дыбыстарына да өзгермей, γ, g -нің архиформасы саналатын q, k дыбыстарымен қалыптасуы; $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестігіне ұшыраған гомогенді параллельдердің q/k тұлғалы «көне» нұсқасы мен w, j тұлғалы «жаңа» нұсқасының қатар қолданыста болуы; әрі олардың бәрі бірдей тұлғалық өзгерістерге ғана түсіп қоймай мағыналық жағынан ажырап, лексикалық қорымыздан тең дәрежеде орын алуы; кей жағдайда дисиллабтар мен полисиллабтар құрамында инлауту/ g -нің ұяңдығын сақтап қалуы; кейде $\gamma/g \rightarrow \emptyset$ құбылысына ұшыраған гомогенді варианттардың екі нұсқасының да қолданыста болуы; $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестіктерінің қыпшақ тобындағы тілдерден басқа оғыз, қарлұқ тобындағы тілдерден де көрініс беруі; $\gamma/g \rightarrow \emptyset$ элизиясының ең көне әрі ең жаңа тілдерге жататын тілдер бұлғар тобындағы чуваш, түркі тілдерінің шығыс бұтағын құрайтын ұйғыр-оғыз тілдеріне енетін якут тілдерін де кездесуі қазақ тілін ең жаңа жатқызылуын қолдамайды. Қазақ тілінде көне тұлға мен жаңа тұлғаның қатар қолданыста болуы қазақ тілін ең жаңа тілдер қатарына жатқызуға кепіл бола алмайды, керісінше оның жаңа сипат ала отырып, көнебелгіні де сақтап қалғанын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі кейбір сөздер құрамында бұрын болған дауыссыздардың түсіп қалып, сөздің дыбыстық құрамының ықшамдалуы дыбыстауға жұмсалатын физикалық қуатты үнемдеуге қатысты қарастырылып жүр. Сөйлеуге кететін күшті неғұрлым азырақ жұмсауға ұмтылу, дыбыс шығару органдарына шамадан тыс ауыртпалық түсірмеуге тырысу жалпы адамзат баласына ортақ қасиет екені белгілі. Сөзді айтуға кететін физикалық қуатты үнемдеп жұмсауға барлық тіл мүдделі бола тұра, бір негізден өрбіген түркі тілдерінің өз ішінде $\gamma/g, q/k$ дауыссыздары элизиясының түрліше таралуы бұл құбылыстың тек үнемдеу заңына ғана байланысты емес екенін, әрбір тілдің дамуымен ұласып жатқан тарихи-лингвистикалық заңдылықтар қатарынан орын алатынын сипаттайды.

Қазіргі түркі тілдеріндегі сөз соңында q/k , $\gamma/g \approx w$, q/k , $\gamma/g \approx j$ дыбыс сәйкестіктерін түзетін моносиллабтар мен дисиллабтардың мағыналық саралануы олардың архитүбірі номинация қағидаларына орай архисеманың ортақ уәждерімен негізделіп, тілдік, қоғамдық дамуға байланысты жүзеге асатын тарихи-лингвистикалық процесс. Түркі тілдеріндегі семантикалық даму 1) жалпыдан → нақтыға; 2) нақтыдан → жалпыға ауысу тенденциясының бірнеше тізбегін қамти отырып жүзеге асуы да мүмкін, бірақ бастапқы архисема полисемантикалық сипаттағы жалпы мәнді береді, одан әрі қарай кейбір (бәрі емес) нақтыланған мағыналар қайтадан жалпылық сипат алып, қайтадан нақтылануы мүмкін. Кешенді түрде жүзеге асатын бұл құбылыс өз бастауын психофизиологиялық, танымдық процестерден алады. Адамның қоршаған ортаны танып білуге деген құлшынысы негізінде өздеріне беймәлім болып келген құбылыстар мен заттарды тануы, танылған заттар мен құбылыстар туралы белгілі бір ұғым қалыптастыруы, сол ұғымға белгілі бір атау беруі ұғымның лингвистикалық сипат алуына, жаңа мағыналы дербес сөз жасалуына ұласады. Жаңа ұғым тілдік өмірде белгілі бір тұлғалық және мазмұндық таңбаға ие болады. Жаңа мағына танымның тілдегі көрінісі ретінде сөз тұлғасының ішкі мазмұнын айқындайды, ал тұтас лексема таным мен сыртқы әлем арасында ақпарат тасымалдаушы таңба қызметін атқарады.

VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің базистік лексикасын құрайтын бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің тұтас корпусының сақталу деңгейі мен өзгерістерін саралау да қазіргі түркі тілдерінің тарихи орнын межелуге септігін тигізеді. VII-IX ғасыр ескерткіштері тілі моносиллабтық жүйесінде қыпшақтық белгілердің молынан сақталуы, сол белгілердің қазіргі қыпшақ тобындағы түркі тілдерінде бірде әдеби тілде, бірде диалектілік ерекшеліктерде үнемі қайталанып отыруы, «түрк», «қыпшақ» атауларының синонимдес мәнде жұмсалу мүмкіндігі жайлы болжамның ақиқатқа жақындығын, көне жәдігерлер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің тығыз байланысын білдіреді. Тіл

дамуындағы мираскерлік сабақтастық адам ағзасындағы, қанындағы генетикалық жалғастықпен пара-пар жүретін феномендік құбылыс. Сондықтан жалпы түркі жұртшылығына ортақ Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінен қазіргі қыпшақ тілдер тобына кіретін тілдердің де алар үлесі ауқымды, бұл қыпшақ тобына енетін қазақ тіліне де қатысты.

Орта түркі жазба мұраларының тілін талдау нәтижелері оғыз, қыпшақ тілдері сараланып шыққанға дейін жалпытүркілік қыпшақ-оғыздық, оғыз-қыпшақтық жағдайдың орныққанын көрсетіп бергені белгілі. Орта түркі дәуірінің алдындағы көне түркі жазба ескерткіштері тілі мен орта түркі дәуірінен кейінгі дәуірде қолданылып жүрген қазіргі қыпшақ, оғыз тілдері деректері де қыпшақ-оғыз тіл бірлестігінің іздері сақталғанын көрсетеді. Моносиллабтар құрамындағы анлаут $q, k, t, s, č, š$ дыбыстарының толық сақталуы; анлаут ұяң b фонемасының кеңінен қолданылуы; кей жағдайда анлаут $b \approx m$ корреляциясының екі нұсқасының да қатар кездесуі; ауслаут $q, k, t, s, č, š$ дыбыстарының сақталуы; ауслаут $t \approx d, s \approx š, č \approx š$ фоно-корреляттарының; анлаут дауысты $a \approx o, u \approx o, i \approx ö, e \approx i$ фоно-корреляттарының қолданылуы ескерткіштер тілінің қыпшақ-оғыздық сипатын бейнелейді.

Орта ғасырдағы оғыз-қыпшақтық аралас тілдік жүйедегі қыпшақ тілдерінің дербестік сапасының айқындала бастауы бір ғасыр шеңберінде ғана қалыптасқан құбылыс емес түркі тілдері дамуының алғашқы кезеңдерінде-ақ оғыздық немесе қыпшақтық белгілердің сілемдері қолданыста болуы әрі олардың арасында дифференциациялық және интеграциялық процестердің кезең-кезеңімен бірнеше мәрте қайталануы да мүмкін. Сондықтан көне түркі дәуірі мен орта ғасыр дәуіріндегі түркі жазба әдеби тілі арасындағы сабақтастық та аралас тілдік жүйе арқылы айқындалады.

VI-IX ғасыр ескерткіштері тілінде қыпшақтық белгілердің молынан сақталуы, сол белгілердің қазіргі қыпшақ тобындағы түркі тілдерінде бірде әдеби тілде, бірде диалектілік ерекшеліктерде үнемі қайталанып отыруы, Мойун Чур ескерткіші тілін-

дегі түрк-қыпшақ этнонимдерінің бір этнос атауы ретінде қолданылуы кезінде белгілі ғалымдар тарапынан ұсынылған «түрк», «қыпшақ» атауларының синонимдес мәнде жұмсалып мүмкіндігі жайлы болжамның ақиқатқа жақындығын білдіреді. Тіл лингвоэволюциясындағы мираскерлік сабақтастық адам ағзасындағы, қанындағы генетикалық жалғастықпен пара-пар жүретін феномендік құбылыс. Сондықтан жалпы түркі жұртшылығына ортақ Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінен қазіргі қыпшақ тілдер тобына кіретін тілдердің алар үлесі де мол болмақ.

VI-IX ғасыр мұралары – Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері тіліндегі бір буынды сөздердің бірі бөлігінің қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларымен мағыналық-тұлғалық жағынан толық сәйкес келуі, келесі бөлігінің тұлғалық өзгерістерімен ортақ мазмұнды сақтай отырып қолданылуы көнетүркі тайпалары мен қазақ халқының тарихи-лингвистикалық сабақтастығы берік сақталғанын дәйектейді.

Қазақ тілінің даму жолы мен түркі тілдері арасындағы тарихи орнын анықтауда бізге жеткен көне түркі, орта түркі, ескі қыпшақ, ескі қазақ жазба мұралары мен бірге халық санасында жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен ауыз әдебиеті үлгілерінің де орны ерекше. Бұл жөнінде Р Сыздықова “XV-XVII ғасырларда қазақ халқының мәдени өмірінде жаңа құрала бастаған халықтың сөйлеу тілі мен қазақ халқын құраған ру-тайпалардың әріден келе жатқан, поэзия тілінің негізінде ауызша дамыған әдеби тіл қызмет етті” деп көрсетеді¹. Қазақ халқының этногенездік негізін құрайтын жеке ұлт болып қалыптасуына үлес қосқан рулар мен тайпалардың, ұлыстар мен халықтардың өз заманында қолданған тілдері – қазіргі қазақ тілінің тарихи негізі болып табылады. Бабатүркілік тілдің тармақтары саналатын біздің дәуірімізге дейінгі тайпалық одақтар сақтардың (б.з.б. III-I мыңжылдықтар), үйсіндердің (б.з.б. I мыңжылдық), қаңлылардың (б.з.б. I мыңжылдық), хундардың (б.з.б. III ғасыры мен

¹ Сыздықова Р XV-XVII ғ. Қазақ көркем әдебиет тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1981. – Б. 60-86.

б.з. V ғасыры) т.б. құрамындағы түркі тектес тайпалардың тілдері қазіргі қазақ тілінің қайнар көзі десек, біздің дәуіріміздің V ғасыры мен XV ғасырлары аралығында өмір сүрген бұлғар, қыпшақ, оғыз, қарлұқ тәрізді көне түркі тайпаларының тілдері, диалектілері негізгі арналары болып табылады. Көне түркі тілімен қазақ тілінің арасындағы басты фонетикалық заңдылықтар – $d \approx z \approx j$, $n \approx \eta \approx j$, $\gamma / g \approx w$, $\gamma / g \approx j$ сәйкестіктерінің, γ, g дыбыстары элизиясының орнығуы да осы кезеңге (V-XV ғғ.) сәйкес келеді. Қазақ хандығының мемлекеттік аумағына кірген барлық туыс тайпалық топтардың (үйсін, қаңлы, қыпшақ, арғын, дулат, шапырашты, жалайыр, сіргелі, албан, суан, қоңырат, найман, керей, алшын т.б.) бірігуі мен тоғысуы нәтижесінде монолитті жалпыхалықтық қазақ тілі қалыптасып, ортақ тілдік құрылымға ие болды.

§ 8. «ҚАЗАҚ» ЭТНОНИМИ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСТАР

Белгілі бір халықтың атауына айналған этнонимнің этимологиялық негізі мен семантикалық уәжі, қалыптасу тарихы сол халықтың тарихымен, этногенездік даму үдерістерімен, дүниетанымдық ерекшеліктерімен сабақтасып жатуына орай «этнонимдерді зерттеу күрделі де көп қабатты этникалық үдерістердің тереңіне бойлаудың маңызды құралы» болып табылады¹ Тарихи этнонимдердің ғылыми-теориялық ұстанымдар негізінде лингвистикалық тұрғыдан талдануы этногенетикалық, этнотарихи зерттеулердің нәтижелі болуына ықпал етеді.

Қазақ сөзінің шығу тегі, мән-мағынасы жайлы түрлі пікірлер айтылып, аңыз әфсаналарға негізделген халықтық этимологиялар да, тарихи-лингвистикалық ұстанымдарға негізделген ғылыми этимологиялар да ұсынылғанымен бірізді тұжырым әлі толық қалыптаспай келеді. Қазақ халқы жайлы бес жүздей

¹ Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – Москва: Наука, 1974. – С. 75-77.

пікір жүйеленіп, қазақ этнонимі туралы жүз елуге жуық этимологиялық және этнолингвистикалық пайымдаулар жинақталып берілген академик А.Т.Қайдардың «Қазақ қандай халық?» атты еңбегінің әлқиссасында айтылған «Шынында да, біз кімбіз, қазақ қандай халық? Бұл сауал бүгінде өзгеден гөрі өзімізді, қазақ азаматтарын көбірек ойландыратын, толғандыратын мәселеге айналып отыр. Өйткені өз тарихында алғаш бүгінгідей егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқы үшін, әсіресе оның өзін-өзі құрметтей білетін әрбір азаматы үшін «Қазақ қандай халық?» деген сауалға дұрыс жауап бере білудің тарихи-әлеуметтік мәні зор, рухани, моральдық жауапкершілігі мол мәселе екені сөзсіз»¹ деген ойлары қазақ қауымына, әрбір қазақ азаматына үлкен жауапкершілік жүктейді. Ғалым жинақтап, жүйеленген деректер қазақ халқының терең тамырлы бай тарихын ұрпақ санасына сіңіріп, жаһандану жағдаятындағы халық болашағының тұғырын нығайтуға қызмет ететін қазақтану ғылымының іргетасын бекітер өзегіне айналары анық.

Жазба деректерде сақталған *qazaq* сөзіне тұлғасы жақын, фонетикалық варианттар ретінде қарастыруға фонетика-фонологиялық, морфологиялық, лексика-семантикалық заңдылықтар қайшы келмейтін бірен-саран лексемалар қазақ халқының, тілінің тарихы бойынша зерттеулер жүргізуде, қазақ этнонимінің қалыптасуы мен этимологиясын жобалауда аса маңызды дерек болып табылады. Қазақ халқының атауына тұлғасы сәйкес келетін лексемалар біздің заманымызға дейінгі ежелгі жазбалардан да қылаң беретін сыңайлы. Белгілі ғалым Ә.Нұрмағамбетов б.д.д. VI-V ғасырларда билік құрған Дарий патшаның құлпытасындағы жазуда *kossak* деген халық атауы кездесетінін көрсетеді.² Әрине, екі мың бес жүз-екі мың алты жүз жыл бұрын қолданылған көне этнонимді қазіргі қазақ халқының атауымен тікелей сабақтастыру үшін әлі де нақтылы тарихи деректердің жеткіліксіз екені,

¹ Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – Б.3.

² Нұрмағамбетов Ә. Қазақ ру-тайпалары атауларының төркіні//Ана тілі. – 1993, 13 мамыр.

шынайы пайымдаулар жасау үшін жазудың нақты көшірмесін қолға түсіріп (егер сақталған болса), тарихи-граммотологиялық талдаулар жүргізудің қажеттілігі белгілі. Ал таза лингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда *qazaq* этнонимін *kossak* түрінде реконструкциялау этимологиялық принциптерге қайшы келмейді.

Qazaq сөзімен тұлғалық жағынан сәйкес лексема VI-IX ғасырлардағы көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тілінде де кездеседі. Енисей ескерткіштеріне жататын Уюк-Туран жазбасында: *Teңri elimke qazyaqim oylim En Uz oylimalti biñ juntim* «Тәңірі еліме олжам /табысым/ – ұлым Ен Ұз, ұлым /және/ алты мың жылқым» (Аманж.І,49) деген сөйлем құрамында *qazyaqim* лексемасы қолданылады. Ескерткіштің алғашқы оқылымдарында *qizyaqim* түрінде транскрипцияланған сөзге алғаш назар аударған ғалымдардың бірі С.Е. Малов консонантты жазу жүйесіне негізделген түркі руникасының ерекшеліктеріне сай дауысты дыбыстардың таңбаланбайтынын ескере отырып, сөзді *qazyaqim* деп оқуға да болатынын айтады және *qazyaqim oylim* тіркесін «приемный сын» түрінде аударады. Түркі тілдеріндегі *γ/g* дыбыстарының тұрақсыздық сапасын негізге алған ғалым ескерткіштер тіліндегі *qazyaq* лексемасы мен *qazaq* қазіргі *qazaq* этнонимі бір сөздің варианттары болуы мүмкін екенін де көрсетеді:¹*qazyaq* → *qazaq*. Сөйлем құрамындағы *qazyaq* сөзінің *qazaq* этнонимімен сәйкестігіне профессор А.Аманжолов та мән береді: «Бесінші жолдағы *қазғақым-қазғақ* «олжа, табыс» сөзінен оның *қазға/н/-олжалау, тауып алу* етістігі мен қазіргі қазақ этнонимімен төркіндес екендігі байқалады /*қазғақ-қазақ*/»². С.Малов аудармасындағы «асыранды бала/приемный сын» мағынасы да «тауып алған, олжа бала» мәнінен туындап отырғаны аңғарылады. Бұл этнонимдік сипатта болмаса да *qazaq* этнониміне тұлғалық тұрғыдан сәйкес келетін лек-

¹ Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. Текст и переводы. – Москва-Ленинград, 1958. – С.16-19.

² Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – Б. 49.

сема қолданылғаннақтылы жазба деректердің ең көнесі. Зерттеушілердің Енисей ескерткіші Уюк-Туран жазбасындағы *qazyaq* сөзін «олжа, табыс» мағынасында аударуына *qazba* «Жер асты байлығын іздеу жұмыстары», *qazina* «1. Түрлі бағалы заттар, дүние-мүлік; материалдық байлық. 2. Жер қойнауындағы қазба байлық, кен» ҚТТС, 453 сөздерінің жалпы мазмұнындағы ортақ семантика негіз болса керек. *Qazyaq* лексемасының құрамынан *qazet* істігін және есім сөз тудырушы *-yaq* қосымшасын ажырату арқылы лексеманың аталымдық уәжін («олжаны, байлықты табу үшін жасалатын іс-әрекет») айқындау қиындық тудырмайды. Жалпы этнонимдер жүйесінің тарихилығы, көп қабатты даму үдерістерінен сұрыпталған субстраттық табиғаты қарапайым талдауларға көне бермейді, сондықтан *qazaq* этнонимінің мазмұнын «олжа, табыс» мағынасымен ғана байланыстыра қарастыру жеткіліксіз. Сондай-ақ Орхон мұралары тіліндегі *qazya* сөзінің семантикалық деривациясындағы ортақ мазмұн Уюк-Туран жазбасындағы *qazyaq* лексемасының мағынасын «олжа, табыс» мәнімен ғана шектеуге болмайтынын көрсетеді. Орхон ескерткіштерінде жиі қолданылатын *qazya* сөзі әр түрлі аударылады: «билік орнату»-*Qaŋim qaŋan anča illig törüg qazyanip* «Әкем қаған осылай елдік пен билікті орнатып» КТү.15 (Айд. I, 174); «елдік жасау»-*Kimke ilig qazyanurmün* «Кімге елдік жасаймын» КТү.9 (Айд. I, 173); «құрау (елді)»-*Inim Külmegin birle eki čad birle qazyantim* «Інім Күлтегінмен, екі уәзірмен өліп-тіріліп құрадым» КТү.27 (Айд. I, 177); «меңгерді»-*Altı jigirmi jašiq ečimqaŋanilin törüsinanča qazyantı* «Он алты жасында ағам қағанның ел-жұртын сонша меңгерді» КТү.31 (Айд. I, 177-178); «бүйтпесе (олай етпесе)»-*Ilteris qaŋan qazyan masar joq erti erser. Ben öziim bilge Tonijkuq qazyan masar ben joq erti erser* «Елтеріс қаған бүйтпесе, ол да болмас еді. Мен өзім Тоникук бүйтпесем, мен де болмас едім» Тон.59 (Айд. II, 114); «қызметі (қызмет еткені)»-*Ilteris qaŋan bilge Tonijkuq qazyantıuq üčün Qaraŋan qaŋan Türk esir budun jorıduqı* «Елтеріс қаған, білге Тоникук қызметтері үшін Қапаған қаған түркі есір халқы жасады» Тон. 61 (Айд. 114). С.Е.Малов *qazya* лексемасы қолданылған Күлтегін және Тоникук

ескерткіштеріндегі осы сөйлемдерді «Для кого я *добываю* (т.е. завоевываю)» КТү.9; «С моим братом Кюль-тегином и с двумя шадами я *приобрел* (т.е. предпринимал завоевания)» КТү.27; «Если бы Эльтериш-каган *не старался* приобретать или если его не было бы и если бы я сам мудрый Тоньюкук, *не старался* приобретать или если бы не существовал» Тон.59; «Ради стараний Эльтериш-кагана и мудрого Тоньюкука вот существует Капаган-каган и народ тюрков-сиров» Тон.61¹ деп аударарды. Екі автордың аударылымдары әр түрлі берілгенімен жалпы мазмұнға «елге қызмет ету, елдің басын біріктіру, жаңа ел (мемлекет) құру» семасы өзек болып отырғанын аңғару қиын емес. Бұл *qazya* етістігін *qazaq* этнонимімен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік береді.

Уюк-Туран ескерткіші тіліндегі *qazyaq* сөзін *qazaq* этнонимімен байланыстырушы зерттеушілердің бірі В.П. Юдин С.Е. Маловтың пікірін негізге ала отырып, *qazyaq* емес *qazaq* деп оқуды дұрыс санайды және П.Пелльо, В.В.Вельяминов-Зернов т.б. сынды ғалымдар ұсынған алғашқы гипотезалық этимологияныңізімен *qazaq* этнонимі құрамындағы *qaz* түбірін **qaš//*qaš* түрінде реконструкциялады, этноним мағынасын «қашқын//беглец» деп ажыратуды ұсынады. Автордың пікірінше, *qazaq* этнонимінің «асыранды бала/приемный сын» мағынасы алғашқы болып табылады, «қашқын//беглец» мәні бірінші мағынадан өрбіген екінші дәрежелі мағына: «...чтобы стать приемным сыном, владельцу рода приходилось признавать ранее, уходив со своими людьми или без них от своего племени, чтобы пристать к другому».²

XII ғасыр мұрасы саналатын «Оғуз қаған» эпосында қолданылған *Ošul Urum qayan Oγuz qayanıñ jarlıyın saqlamas erdi, qadaqlayū barmas edi* «Урум қаған Оғуз қағанның жарлығын сақтамас (орындамас) еді, қадағалауға (қарауға, бақылауға, басқаруға) бармас еді»; *...kök tüliklig, kök jalluy beduk bäriniñ artlarin qadaqlap jürügde turur*

¹ Малов С.Е. Памятник в честь Тоньюкука//Орхонские надписи. Кюль-Тегин. Бильге-Каган. Тоньюкук. – Семей: Международный клуб Абая, 2001. – С. 84, 88, 123.

² Юдин В.П. К этимологии этнонима казах (қазақ)//Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 156-166.

erdiler erdi «көк түлікті, көк жалды биік бәрінің арттарынан қадағалап (күзетіп) жүретін ерлер ерді(ілесті)»; *Baluqni qadayla kerek turur* «Қаланы қадағалау (күзету) керек» сөйлемдерінің құрамындағы *qadaqla/qadayla* етістігіне негіз болған **qad(*qad→qad+aq/ay+la)* моносиллабы да жалпы тұрпаты мен жалпы мазмұны жағынан Уюк-Туран жазбасындағы *qazyu* етістігіне негіз болған **qaz(*qaz→qaz +ya)* моносиллабымен сәйкес келеді.

VII-VIII ғасырлардағы қытай жылнамаларында *qazaq* этнонимі *qasa/ xasa* тұлғасында қолданылғаны жайлы деректер бар.¹ VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында өмір сүрген грек монахи Епифанидің жазбасында *kasogdijane(касоддиане)* халқы кездесетіні жайлы да мәлімет тіркелген². *Qazaq* лексемасының этнонимдік сипатта қолданыла бастаған кездері зерттеушілердің пікірі бойынша негізінен X-XI ғасырлардан басталады. 913-959 жылдары өмір сүрген Византия императоры Константин Багрянородныйдың жазбасында *Kasaxija(Касакхия)* елі туралы, парсы ақыны Фирдоусидің «Шахнама» дастанының «Рүстем тарихы» тарауында *Qazaqija(Қазақия)* елі жайлы, X ғасырда өмір сүрген араб тарихшысы Масудидің «Мурадж әл-дзахаб» еңбегінде *kaşak* халқы туралы, 982 жылы парсы тіліндегі «Худд әл әләм» атты шығармада *qasaq* ұлысы жайлы мәліметтер берілсе; славяндықтардың 968 жылы жазылған Святослав жазбасында *kosog* этнонимі; 1022 жылы жазылған Мстислав жазбасында да *kosog* этнонимі; 1223 жылы жазылған Никон жылнамасында *kasax* этнонимі; XII-XIII ғасыр мұрасы «Слово о Полку Игореве» жылнамасында *kosok* сөзі сақталған³.

¹ Қараңыз: Бәдірленов Р. «Қазақ» атауының төркіні туралы// Ленин туы. – 1990, 15 наурыз.

² Сарай Ә. «Қазақ» атауының ізімен.//Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997. – Б. 362.

³ Қараңыз: Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008; Шахматов В. К вопросу об этногенезе казахского народа//Известия АН КазССР. Сер. Историч. –1950, вып. 6.; Еремеев Д.Е. К семантике тюркской этнонимии//Этнонимы. – Москва, 1970; Юдин В.П.К этимологии этнонима казах (қазақе)//Ц нтральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001; Әбдірахманов А. «Қазақ» сөзінің шығу төркіні//Қазақ әдебиеті. – 1968, 3 ақпан.

Монғолдардың «Құпия шежіресінде» (XIII ғ.) де *qasaq* этнонимімен тұлғалас *hasag* лексемасы кездеседі. Шежіреде қоңыраттарға берген Дэй шешеннің сипаттамасында *Хасаг тэргэнд унуулж, Хар буур хөлгэж* «Қазақ арба(күйме) мінгізіп, қара бура жеккізіп» деген сөйлемдер бар¹. *Хасаг тэргэнд* «қазақ арба(күйме)» тіркесі XIII ғасырдағы оқиғалар желісіне құрылған «Алтын топшы» (XVI-XVII ғғ.) ескерткішінде де қолданылады.² Монғол шежірелеріндегі *hasag* сөзінің қоңыраттарға байланысты қолданылуы лексеманың *qazaq* этнониміне тікелей қатыстылығын көрсетеді. Қазақстан аумағынан табылған петроглифтерде екі дөңгелекті арбалардың бейнеленуі де ежелгі түркі тайпаларының (қазақтардың ата-бабаларының) арба жасау механизмін жақсы меңгергенін айғақтайтын деректер ретінде қарастырылуда.

Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуымен байланысты XV-XVI ғасырлардан бастап *qazaq* этнонимінің жазба деректерде кездесуі де жиілей береді. Акадмик Ә. Марғұлан XV-XVI ғасырларда Қазақ хандығының династиялық сипаты жайлы айтылған бірнеше түркі дереккөздерін көрсетеді: «Қазақ ұлысының династия түрін ашық түрде жазып кеткен ғалымдар – Абдыразақ Самарқанди (1413-1482), Мұхаммед Хайдар (XVI ғ.), Хондемир Хабиб Асснар, Масгут Куихистани (Тарих Абулхайыр Хани), Қадырғали Жалаири (XVI ғ.), Хафиз Тыныш (Абдулла неме), Рузбихан (XVI ғ.), Хайдар Рази, Ғафари, Абулғази, Маржани. Олардың биік сатыға жеткен кезі Жәнібектің, Керейдің, Бұрындықтың, Қасым ханның, Ақназардың кезі»³.

Қазіргі қазақ халқының атауы *qazaq* этнонимінің *Kasaxija, Qazaqija* елдерінің атауларымен, *kosog, kasax, kosok, hasag*, лексемаларымен байланысы XIX ғасырдың бірінші жартысында-ақ П.Бутков, С.О.Сенковский, А.Левшин, А.Вамбери т.б. сынды

¹ Моңғолдың Құпия шежіресі. – Өлгей, 1978. – Б. 31.

² Лувсанданзан. Алтан товч. – Улаанбаатар, 1990. – Б.21.

³ Марғұлан Ә. Таңбалы тас жазуы // Қазақ тарихынан: Жалын, 1996. – 2004. – Б.211.

зерттеушілер тарапынан айтыла бастағаны белгілі. 1804-1805 жылдары Москвада жарияланған алты томдық «Словарь географический Российского государства» атты еңбектегі деректер де *qazaq/kosog/kajsak* этнонимдерін бір халықтың атауы екенін көрсетеді: «Казахи – древние Косоги, племя обитающее в русской Армении, т.е. в Тифлисской, Ереванской губерниях, тождественны с нынешними (1804) кайсаками. ...Страна Казах или Казахская династия, называемая Страбоном Сахатзене, входит ныне в состав Елизаветпольского уезда Тифлисской губернии»¹. Қазақ халқының өткені мен *qazaq* этнонимінің тарихына байланысты айтылған пікірлер сол кезден бері жалғасып, жаңа көзқарастармен толығып келеді (Ю.Клапрот, В.В.Радлов, А.Н.Самойлович, В.В.Вельяминов-Зернов, И.Г. Гербер, И.А. Гильденштидт, И.Казанцев, А.А.Семенов, К.И.Петров, В.В.Бартольдт, А.Н.Бернштам, А.П.Чулошников, П.П.Иванов, П.Алексеева, В.Ф.Минорский, Д.Е.Еремеев, Ф.Шахматов, С.В.Юшков, В.П.Юдин т.б.). *Qazaq* этнонимі жайлы фрагментарлы пікірлер мен арнайы зерттеулер қазақ халқының төл перзеттері тарапынан айтыла бастағанына да ғасырдан аса уақыт өтті. Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, С.Сейфуллин сынды қазақтың біртуар ұлдарының пікірлері мен көзқарастары С.Аманжолов Ә.Марғұлан, С.Ибрагимов, М.Ақынжанов, Ә.Қайдар, Ә.Нұрмағамбетов, А.Әбдірахманов, Б.Әбілқасымов, Т.Жанұзақов, Б.Аспандияров т.б. ғалымдардың еңбектерінде, Ә.Сарай, Р.Бәдірленов т.б. сынды зерттеушілердің ізденістерінде тереңдетіліп, жан-жақты талданды.

А.Левшиннің 1832 жылы жазылған «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей» (СПб, 1832) деген еңбегінде қазақтардың әдет-ғұрпы, дәстүрі, әлеуметтік өмірі жайлы мәлімет беріліп, тарихи жазба деректер негізінде олардың терең тамырлы этностық сипаты туралы алғашқы пайымдаулар жасалды. Зерттеушінің көзқарастары «қазақтардың әрі кетсе

¹ Қараңыз: Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – Б.354.

XIV ғасырда, Жошы ұлысы ыдырағаннан кейін қалыптасқан жас халық» екені жайлы қалыптасқан стереотипке қайшы алғашқы пікір болды.

В.В. Вельяминов-Зерновтың 1863-1887 жылдар аралығында жазылған төрт бөлімнен тұратын «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты еңбегінде *qazaq* этнонимінің «әскер, салт атты» мәні, Л.З. Будаговтың 1869-1871 жылдары жазылған екі томдық «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» сөздігінде «қарпапайым, жай» мағынасы беріледі¹. Ал Ш.Уәлихановтың еңбегінде *qazaq* сөзінің «ерікті» мағынасы көрсетіледі. Түркістан өңіріндегі хан Қызыл Арысланның ұлы Алашаның Сыр бойынан Арқаға ауып «қазақ» болып жүруіне, өзінің ақылдылығы мен әділеттілігінің арқасында маңына халық жиналып Алаша хан аталатыныны жайлы ел аузында сақталған деректерге сүйенген ғалым қазақтардың ежелгі атауы *alaş* болғанын, кейіннен Қазақ хандығының құрамына енген Алтын Орда қыпшақтары, шағатай ұлысындағы арғындар, жоңғарлармен шекаралас аумақты мекендеген үйсіндер өздерін *қазақтар* деп атағанын айтады. Сондай-ақ далалы аймақта тұратын қыпшақтар мен таулы аймақты мекендейтін дулаттар да өздерін күшті ұлыстан санап *қазақпыз* деп атағаны көрсетіледі². Зерттеуші пікірлерінің желісі *qazaq* этнонимі Алаша ханның заманынан бері қолданылып келе жатқанын, үшжүздік құрылым да сол дәуірлерден бастау алатынын меңзейді.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында *qazaq* және *kazak* этнонимдерінің байланысы тарихшылар мен лингвистердің ерекше қызығушылығын тудырған сыңайлы. 1928 жылы ССРО ҒА тарапынан казактардың тарихына, олардың түркілер мен славяндарға қатысына, *qazaq/kazak* этнонимдерінің шығу тегі мен семантикасына байланысты материалдар топтастырылған «Кзаки» атты ғылыми жинақтың жариялануы осыны көрсетеді (өкінішке орай,

¹ Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. II. – Москва, 1960. – С. 63.

² Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1960. – Б.10-18.

бізге бұл жинақтың материалдарымен танысудың реті келмеді). Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, бұл еңбекте де түрлі көзқарастар ғана ұсынылып, бірізді тұжырым жасалмаса керек: «Казак. Об этом тюркском слове, точное происхождение которого все еще не установлено, см. специальную статью в сборнике «Казаки», изданном АН СССР в 1928 г. Много материала по этому вопросу дает кумыкский язык. У кумыков казак означало «оруженосец при феодале», «военный слуга», «друженник»; у них существует даже особая поэма, воспевающая преданность казака своему князю и его жене»¹. Белгілі түрколог Н.К.Дмитриевтің кұмық тіліндегі *qazaq/казак* сөзінің этнонимдік емес, жалпы лексикалық мағыналарын көрсетуі ғалымның *казак* этнонимін таза түркілік сөз, *qazaq* этнонимінің варианты ретінде қарастыратын бағытты толық қолдайтынын көреміз.

Қазақ халқының тарихы мен қазақ этнонимінің мән-мағынасы жайлы алғаш пікір білдірген қазақ зиялыларының бірі Ж.Ақпаев: «1465 жылы Өзбек Әбілхайыр қайтыс болғаннан кейін оның ұлысынан Жәнібек пен Керейге көп халық қосылып, қазақ одағының санын көбейтті. «Қазақ» есімімен «наразылық, білдіруші еркіндер», «еркін», «кезбе» және сол сияқты сөздердің байланыстырылуы психологиялық жағынан әбден түсінікті; жаңа ұлыс халқының «қазақтар» деп атала бастағаны да түсінікті, өйткені бастапқыда барлық халық әскери адамдар және қазақ кавалериясы (атты әскер) болатын. Бастапқыда «қазақ» сөзі жауынгерлік ұран болған, содан соң ержүректікті, еркіндікті білдірген және ақырында, халық-ұлт мағынасында қолданыла бастаған»² деген тұжырым жасайды. Заңгер әрі тарихшы Ж.Ақпаевтың көрсетуі бойынша, Қазақ хандығының басына Әз-Жәнібектің ұлы Қасымхан келгеннен кейін 1505-1520 жылдар аралығында жалпыхалықтық құрылтай өткізіп, бұрынғы Қыпшақ алтын Ордасының құрамына кірген барлық халықтар мен тайпалардан (Өзбекстан,

¹ Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1962. – С.535.

² Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – Б. 168.

Ноғайлы, Сібірстан, Қазан, Сарай және Қырым) және Моғолстан мен Башқұртстаннан делегаттар шақырады. Осы съезде «Қазақ» деген атаумен біртұтас халықтың және Үш жүздік құрылым бекітіледі.¹

Қазақ халқының *qazaq* этнонимімен аталу тарихына талдау жасаған С.Сейфуллин Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кездердегі жазба деректерде сақталған қазақ халқына қатысы бар-ау деген мәліметтерге жалпылама сипаттама беріп, XIV ғасырдан кейінгі деректерде сақталған *qazaq* этнонимімен тұлғалық жағынан сәйкес лексемаларды қазақ халқының атауымен тікелей байланыстырады: «1397-1410 жылдары Қырым татарларының біразы Литва еліне ауып барған. Литва короліне хат тасушы қызметінде болған татарлар «қазақ» атанған. Ол кезде орыстың «қазақ-орыс» дегендері шықпаған кез еді. Күншығыс жақта 1456 жылы Жәнібекті хан көтерген ноғайлар – қазақ атанып, бастап Қазақ хандығын құрғанда, 1474 жылы Қырым ханы Меңлікерей, 3 Иван атты орыс князіне жазған хатында: «Сенің жеріңді тартып алуға мен ұландарымды, мырзаларымды, қазақтарымды жібермеймін»-деген. 1523 жылы Морозов деген орыс түрік сұлтанына айтқан сөзінде: «сенің қазақтарың бізге тие береді» деген» Бұл мағлұматтардан көрінетін нәрсе мынау: көп елінен екшеулеп шығып, жауынгершілік кәсібінде болғандарды «қазақ» деген. Күншығыстағы Абылқайыр ханға араз болып, әлгі хан тауына көшіп барып, қазақ атанып, қазақ хандығының негізін құраған, Жәнібек бастаған аз ноғайлардан басқа да, Алтын Орданың бөлек-бөлек хандарының бәрінің де жауға аттанғандай алып шығатын күшінің бір түрлісін – қазақ деп атаған.² Автор өз тұжырымын Қырым ханы Меңлікерейдің орыс князі III Иванға 1474 жылы жазған хатындағы дерекке және 1471 жылы Новгород қаласына Қасымлықтар мырзасы Даниярдың өз «қазақтарымен» барғаны жайлы мәліметке сүйеніп дәйектейді.

¹ Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – Б. 172.

² Сейфуллин С. Қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат// Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997. – Б.294.

С.Аманжолов 1948 жылы жазылған мақаласында Абайдың *qazaq* этнонимін арабтың *xizaуи* «көшпелілер, көшпелі тайпалар» мәнін беретін *xizaуи* сөзімен байланыстырған пікірі жайлы «...қазақтың да құзақтар секілді көшпелі болғандығынан, ұқсастырып аталып кетуі ықтимал. IX ғасырда Орта Азияны арабтар бағындырып тұрғаны белгілі. Ал сол кезде қазақ тайпаларының болуы шындық. Оған Фердаусидің айтқаны да дәлел. Сонда *қазақ* деген сөзді арабтың *құзақ* деген сөзінен шықты деудің жөні бар сияқты» дей отырып, *qazaq* атауының әр дәуірде әр түрлі мағына бергенін XV ғасырда шыққан Самабектің «Хамус турки» сөздігінде *qazmaq* «тарау», *qazaq* «сақалсыз әскер» лексемаларының кездесетіні, XIV ғасырда татарлардың атты әскерлері *qazaq* деп аталғаны, В.В.Вельяминов-Зернов *qazaq* сөзін «салт атты әскер» мағынасында қолданылғаны т.б. деректер негізінде дәлелдейді.¹ Сондай-ақ ғалым XIV-XV ғасырда Амудария, Сырдария бойында Сарай Берке қалаларындағы *qazaq*, *özbek* этнонимдерінің мағынасы бір синонимдік сөздер болғанын көрсетеді: «Мұхамедсалық деген кісінің «Шейсанинама» атты кітабында осы екі сөздің бірінің орнына бірін қолдана береді. Екінші бір жерінде *қазақ* деген «өжет», «жауынгер» деген сөз орнына қолданады. Мухамед Хайдар Дулати деген адам «Тарихи Рашиди» деген кітабында, Бабур Сұлтан өзінің «Бабурнама» деген кітабында *қазақ* дегенді осылай қолданады.... Бірақ *қазақ* және *өзбек* деген сөздердің қалай синоним болуы жұмбақ. Белгілі нәрсе: XIII ғасырдың аяғында Алтынорданы Шыңғыс тұқымынан Өзбек деген хан билеген. Ол көп елді, оның ішінде қазақтарды да мұсылман дініне кіргізген. Оларды Өзбек хан билеген соң, «Өзбектер» деп аталған. Бірақ Өзбек хан өлісімен *өзбек* деген ат әлсіреп, *қазақ* деген ат қайта туған. Енді осы екі атаудың екеуі де жарыса жүріп синонимге айналған»². Мұхаммед Хайдар Дулатидің деректерін негізге ал-

¹ Аманжолов С. «Қазақ» деген сөздің қайдан шыққаны туралы// Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1996. – 2004. – Б.106-108.

² Аманжолов С. «Қазақ» деген сөздің қайдан шыққаны туралы// Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1996. – 2004. – Б. 106-108.

ған зерттеушілердің көпшілігі *qazaq, özbek* этнонимдерінің дербес халық атауы ретінде қолданылуын 1468-жылы Әбілқайыр қайтыс болғаннан соң қазақ ұлысының күшейіп, Дешті-Қыпшақтың барлық елі Жәнібек пен Керейге қосылуымен, олардың Шу өңірінен қайта көшіп Сыр бойындағы Сығанақ қаласына орналасуымен байланыстырады. Осы кезден бастап қазақ өзбектен бөлініп, өздерін «қазақ» атаған дегенге саяды.

1984 жылы «Жұлдыз» журналында (№1) жарияланған «Таңбалы тас жазуы» атты мақаласында Әлкей Марғұлан қазақ халқының ежелгі тарихы мен *qazaq* этнонимінің қалыптасуын зерттеуде шығыс, батыс, орыс жазбаларындағы мәліметтерге ғана емес Қазақстан аумағындағы төрт түрлі жазу үлгісімен – руникалық, көне ұйғыр, арамей (Жұбан Ана, Батағай) және араб (Айша бибі, Бабаша Хатың, Болған ана, Көк кесене т.б.) әліпбилерімен орта ғасырларда хатқа түскен жазба мұралар мен петроглифтердің мазмұнына, ауыз әдебиеті үлгілері мен шежірелер деректеріне де айрықша мән береді. «Бұл – тасқа не мавзолейдің қабырғасына жазып қалдырған тарихи сөздер қазақ мәдениетінің орта ғасырдағы бір үлкен белгісі, қазақта жазу болмаған, шикі, тағы ел деп айтушылардың сөзін теріске шығаратын ашық белгілер. Осындай тасқа жазылған қазақ сөздерін біріктіріп, жеке бір кітап етіп шығарса, қазақты білмейтіндер өзінен өзі таң қалып жүрер еді»¹ деген ойлары арқылы қазақ халқының бай тарихынан мәлімет берген ғалым Бетпақдала сахарасында сақталған қазақтардың саяси, мәдени тіршілігін айқын түрде суреттейтін араб харпымен тасқа жазылған сөздер мен таңбалар, петроглифтер XI ғасырдан XIX ғасырға дейінгі дәуірді қамтитынын айтады. Ғалымның пікірінше, Сарысу өзенінің жоғары жағында орналасқан жар-тастағы «ғасырлар бойында Қазақстан өлкесін қоныстанған тайпалардың тасқа жазып түсірген мыңдаған таңбалары, ел басқарушылардың қол қойған аттары, ұрандар, тасқа қиып түсірген

¹ Марғұлан Ә. Таңбалы тас жазуы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын 1996. – 2004. – Б. 204.

әдемі өрнектер»¹ – Таңбалы тас өңірі қазақтардың ұлы мереке жасап, ұран шақырып, бір ел болып қосылған жері екенін айғақтайды және бұл таңбалар бір замандікі емес, талай ғасырлар ішінде түсірілген, олардың көбі қазақ ұлысы жасалмай тұрған кезде қашалған. Мақалада Таңбалы тас пен қазақ халқы тарихының сабақтастығы тасқа қашалған таңбалардың қазіргі қазақ халқының этникалық құрамындағы қыпшақ, қаңлы, қоңырат, найман т.б. рулардың таңбаларымен («бөрі құлақ», «ай таңба», «босаға таңба», «қанжар таңба», «қылыш таңба», «жай таңба», «қазан таңба» т.б.) сәйкестіктері негізінде де дәйектеледі. Таңбалы тасты алғаш зерттеген ғалым А.И.Шренктің жергілікті қазақ қарияларынан жазып алған деректер негізінде «Таңбалы тас петроглифтерінің мазмұны «Оғыз наме» дастанындағы қарияның сөзіне өте ұқсас» деген идеясын өрбіткен Ә.Марғұлан барлық тайпалардың ұлыс басқаратын адамдары, атақты билері, асқан ерлері жиналып, кеңес құрып, қай тайпа қай жерді қоныс ету мәселесін шешкенін, әрбір тайпаның өзіне арнап таңба беріп, ол таңбаның суретін осы тасқа жазып түсіргенін бейнелейтін пиктографиялық, идеографиялық жазу мазмұнын «Оғыз наме» жырында баяндалатын Оғыз хан әкімшілік құрғанда үлкен той жасап, барлық тайпалардың басын қосып, оларға белгілі қыстау, жайлау бөліп беретіні, әрбір тайпаға меншікті таңба тарататыны жайлы оқиғалармен, «Жиренше шешен» аңызындағы Жиреншенің әрбір тайпаны белгілі бір аймаққа берік орналастырып, қыс қыстайтын, жаз жайлайтын өлкелерді анықтайтыны, олардың әрқайсысына таңба бөліп беретіні жайлы деректермен салыстыра қарастырады.² *Qazaq* лексемасын Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі ерте кездерде қолданыста болған әрі таза түркілік сөз ретінде қарастырған ғалым *qazaq* этнонимін *qazaqšyiw* тіркесімен сабақтастырады: «Қазақтың ерте кезде болуының бір

¹ Марғұлан Ә. Таңбалы тас жазуы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1996. – 2004. – Б. 205.

² Марғұлан Ә. Таңбалы тас жазуы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1996. – 2004. – Б.206-207.

куәлігі XII-XV ғасырларда «қазақ шығып кету», «қазақ бол» деген бір ұғым болған. Үкімет орталығынан қуғын көрген тегіндер, сұлтандар, билер ордадан қырға қашып «қазақ болып» жүретін. Ең ерте кезде (IX-X ғ.) ордадан қашып шыққан Алаша хан – сондай сұлтанның бірі»¹ дей отырып, «қазақ шығып кеткендер» қатарында Сарай қаласынан қырға кеткен Едігені, Алтын Ордадан кетіп Есіл мен Ұлытау өңіріне қоныстанған Тоқтамысты, Темір ұрпақтары Хусаин Байқара мен Алауеддин мырзаны, Шайбаниды атайды. *Qazaq šiyuw* «еркіндікке шығу» тіркесінің мағынасы негізінде *qazaq* лексемасының «еркіндік» мәнін ажыратқан зерттеуші сөздің этимологиясын анықтауда кезінде академик Н.Я. Марр ұсынған *qazaq*, *hazar* этнонимдерін, *Kaspij* гидронимі мен *Kavkaz* топонимдерін көне этноним *kas/qas/xaz* тұлғасынан тарататын гипотезалық пікірдің негізділігін қолдайды және қазақ тіліндегі аяғы енді шығып келе жатқан сәбилерге қатысты қолданылатын *qaz tur*, *qaz-qaz* «тұру, тік тұру, мықты, берік тұру» тіркесі құрамындағы *qaz* моносиллабымен, *qasqijir qaraw*, *qasqajiw* «мықты, алып күшпен қарау, қарсы тұру», *qasa batir* «жойқын, алып батыр» тіркестерінің құрамындағы *qas* моносиллабымен сабақтастырады. Қазақ хандығына дейін қолданыста болған *qazaq* лексемасының этноним ретінде қалыптаспау себебін қазақтардың негізінен өздеріне қатысты ірі тайпалардың атауын пайдаланғанымен түсіндірген ғалым: «Тегінде қазақ бұл кезде шыққан сөз емес, ол қазақ халқының ойында көп ғасыр бойы айтылып келе жатқан сөз. Халық оған көп заман этникалық мән бермей, көбінесе ұлы тайпалардың атымен жүруге ерекше мән берген (үйсін, қаңлы, дулат, қоңырат, қыпшақ, алшын, арғын, керей, найман, жалайыр, уақ-меркіт, үңгіт, қарлуқ, жағмауыт, (жағма), шекті). Олар тек қытай әскері басып алуға келгенде бірлесіп «қазақ» ұранын шақыратын. «Қазақ» сөзінің көп заман ішінде этнос атауы болмауына себеп болған әрбір тайпаның феодал дәуірінде ұлы әкімшілікке бағынуынан.

¹ Марғұлан Ә. Таңбалы тас жазуы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1996. – 2004. – Б.232-233.

Олар көп заман монғол үкіметіне, Алтын Ордаға, Шағатай ұлысына, Темір мемлекетіне қарады. Дегенмен Қазақстанның көп тайпалары өздерін көп заман бұрын «қазақпыз» деп келген»¹ деп тұжырымдайды.

Қазақ халқының тарихына, *qazaq* этнонимінің этимологиясы мен семантикасына қатысты мәліметтерді жинақтап, Қазақстан өңірінен табылған тастағы жазулардың мағынасы, пиктограмма мен идеограммалардың мотивтері, эпос мәтіндерінің мазмұны негізінде басқа да филологиялық және тарихи деректерді сабақтастыра отырып ғылыми пайымдаулар жасаған академик Әлкей Марғұланның болжамдары мен идеялары кейінгі зерттеулерге де арқау болып келеді. Белгілі лингвист ғалым Қ. Өмірәлиев Ә. Марғұланның пайымдауларын тереңдетіп, лингвистикалық заңдылықтар негізінде өрбітеді, тың ойлармен толықтырады. Зерттеуші VII-VIII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері тіліндегі *tutuq budun* тіркесін IX-XII ғасырларда қолданылған *qadaq budun* терминімен байланыстырады: «...қадақ будунқағанаттың шекарасында өткір қылыштың жүзі мен найзаның ұшын жауына қаратып тұратын әскер халық болды. Ол кезде қадақ будун болу, қадақ болу үлкен ерлікке, артықшылыққа есептелді. Тіпті ордада есе тимеген не қысым көре бастаған тегін-батырлар алыста жатқан осы шекаралық әскер халыққа («қадақ будунға») шығып кетуді, солардың көмегімен орданы шабуды салт етті. Осыдан келіп қадақ шығу деген жаңа сөз туды. ... Бұл салтты XII ғасырдың басында ең ірі қозғалыс түрінде Бұзар хан бастаған қаңлы-қыпшақ тайпалары бастады. Олар қарақытайға тәуелді Баласағун хандығынан шығып, шығыс шекараға барып, сонда күшейіп алып, Алмалық хандығының тағына келді. Олар дәл осы тұста «қадақ шыққан» жұрт болды. Мұны 200 жыл өткен соң Мауреннахрдан бөлініп шығып, Моғолстан, ал 300 жыл өткен соң Ақордадан бөлініп шығып, Жәнібек хан мен Керей хан қайталады және олардан кейін «қазақ шығу» ол халықтың

¹ Марғұлан Ә. Таңбалы тас жазуы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1996. – 2004. – Б. 230.

атына айналып тұрақтанды.¹ Автор «Оғуз қаған» эпосы тіліндегі *qadaq+la* «бақ», «күзет» сөзінің жасалу жолы жайлы *qadaq* (зат есім) лексемасына *-la* жұрнағы жалғанып, қарауыл+да, көз+де деген үлгідегі етістікке айналғанын, *qazaq* сөзіне «Оғуз қаған» эпосындағы осы көне *qadaq/qadaу* сөзі негіз болғанын, *qadaq* лексемасы уақыт өте келе дыбыстық жағынан ғана өзгеріске түскенін көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, түркі тілдері жүйесіндегі *d* дыбысының *z* дыбысына айналу кезеңі шамамен XI және XIII ғасырлар аралығын қамтиды, дыбыстық жағынан өзгеріске түскен *qadaq/qadaу/qazaу* → *qazaq* сөзі өзінің тегін де мағынасын да көмескілеп, жаңа қолданысқа ие болған: «Кейін жүз-екі жүз жыл өткен соң, бергі XIV-XV ғасырда *qadaq+laуи* баратын қол ордадан шығып, шекаралық аймақты күзететін, сақтап тұратын ертедегі Түрік қағанатындағы *тутуқ будун* сияқты қол, әскер болса, енді бұл «шығып кету» ордадан бөлініп, оған бірден-бір оппозицияда, соғыс жағдайында болудан келіп туды. Яғни *қазақ* сөзі саяси мән алды. Енді ордадан бөлініп, оған қарсы, соғыс жағдайында болған жұрттың (әскери қолдың) әрекетін *қазақ* +лық деп атады. Ал ордаға оппозицияда болған әскери қолмен соғыс жағдайында болуды *қазақ*+лық+та деп атады. Тіпті қазақлыда болуды батырлықтың, жауынгерліктің белгісі деп білу, қазақлыққа шыққан қолды жауынгерліктің, ерліктің иесі деп тану болған. Ертедегі түріктерде «түрк бурхан» (күдіретті, күшті бүрхан), «түрік йігіт» (кемеліндегі, айдарлы жігіт) деп те атаған».² *Qadaq/qadaу* лексемасының тұлғалық, семантикалық даму жолын *qadaq/qadaу* → *qazaq* түрінде бағамдаған ғалым «Шейбани намадан» (*Қазақлықда қылыч чабқан, даулетқа себеб болған булур турур*), «Бабур намадан» (*Қазақлықда уа фатаратларда менің білән бір еділер*) және «Оғуз намадан» мысалдар келтіреді.

Зерттеу нәтижелері бойынша Қара теңіз бен Азов теңізінің, Кавказ тауларының солтүстігін мекендеген ежелгі *Kasaxija/Qazaqija* елдерінің жергілікті тұрғындары мен қазіргі Қазақстан

¹ Өмірәлиев Қ. Ата тарихқа үңілсек. // Жалын. – №5. – 1985. – Б. 107-120.

² Өмірәлиев Қ. Ата тарихқа үңілсек. // Жалын. – №5. – 1985. – Б. 107-120.

мемлекетінің жергілікті тұрғындары арасындағы тарихи-лингвистикалық, этно-антропологиялық сабақтастық пен жалғастық ішкі миграциялық үдерістер негізінде біршама дәйектелді, *qazaq* этнонимінің XV ғасырға дейін де қолданыста болған көне атау екені де тарихи деректер бойынша дәлелденді. Әлі де болса шешімі толық табылмаған мәселе *qazaq* этнонимінің этимологиясына байланысты туындауда. Қазақ халқының күрделі этнотарихы *qazaq* этнонимі мазмұнындағы архисеманың даму барысында полисемиялық реңк алуымен де өлшенетін тәрізді, *qazaq* этнонимінің мән-мағынасының әртүрлі сипатталуы, уақыт өте келе ортақ мазмұннан өзара сабақтас, әр дәуірге тән әртүрлі семалардың дамуы этнонимнің о бастағы жалпы лексикалық мазмұны мен этнонимдік мағынасының ара жігін ажыратуда қиындық тудыруда. Қазақ тарихы мен *qazaq* этнонимінің мағынасына байланысты екі ғасырға жуық уақыттан бері айтылып келе жатқан ойлардағы пікір қайшылығының жиі ұшырасуы да осыған байланысты.

Бұрынғы айтылған ойларды қолдайтын, жаңа тұжырымдармен толықтыратын, соны болжамдар ұсынатын немесе бірін-бірі қайталайтын, теріске шығаратын жүз елуге жуық *qazaq* лексикасының этимологиясы жайлы айтылған пайымдаулардың ғылыми ұстанымдары мен талдау әдістері де, зерттеушілердің мақсатына сай анықталатын тарихи-лингвистикалық бағыт-бағдары да әр қилы. Этимологиялық ізденістер ең алдымен талдауға алынатын лексеманың морфологиялық құрылымына негізделетін морфемдік компонентті талдау амалдарына сүйенетіні белгілі. *Qazaq* этнониміне жасалған этимологиялық талдаулар да морфологиялық принцип бойынша екі бағытқа ажырайды: «...научной интерпретации лексико-семантической структуры и происхождения этнонима казах в имеющихся исследованиях обнаруживается двойкий подход, рассматривающий данный этноним в одном случае как сочетание двух лексических элементов, выражающих каждый в отдельности конкретное этнонимическое понятие, а в другом – как цельнооформленную производную

основу, образованную от корневой морфемы тюркского или не-тюркского происхождения»¹.

Түркі тілдерінің этножүйесінде дербес екі морфеманың қосарлануы, бірігуі арқылы жаңа ру-тайпа атауының жасалуы қалыптасқан сөзжасамдық модель қатарына жатады, мысалы VI-IX ғасыр түркі жазба мұраларында жиі ұшырасатын этнонимдердің бірі – *qırq az*: *Qırqaz qayanta tarduǵ inançi çor kelti. Bariq itgüci, bediz jaratiyma bitig taş itgüci, tabyaç qayan çiqanı çañ señün kelti* «Қырғыз қағаннан тардуш Ынанчу-чор келді. Жай орнатуға, өрнек салынған жазулы тас қоюғатабғач қаған жарлысы Чаң-сеңүн келді» (Айд. I, 182) лексемасы *qırq* және *az* түбір морфемаларының қосарлануы арқылы жасалған: *qırq + az → qırqaz*. Көне этноним *oғuz*: *On-oq oғlim türges qayanda maqraç tamyaçi, oғuz bilige tamyaçi kelti. Kültegin qoj jılqa jiti jigirmike uçdi*. «Он оқ ұлы Түргеш қағаннан Мақраштаңбашы, Оғыз Білге таңбашы келді. «Күлтегін қой жылы [тоғызыншы айдың] он жетісі күні өлді (ұшты)» (Айд. I, 182) лексемасы да *oq* және *az* этнонимдерінің бірігуі немесе қосарлануы негізінде жасалуы да мүмкін: *oq + az → oqaz → oqiz → oғuz*. Дауыстылар ортасында *q* дыбысының ұяңдануы, бірінші буындағы еріндік дауыстылардың соңғы буындағы дауыстыға ықпал етуі түркі тілдеріне тән заңдылық. Ескерткіштер тілінде *toqiz* сан есімі мен *oғuz* этнонимінің бірігуі арқылы жасалған *toqiz oғuz* этнонимі де қолданылады: *Toqiz oғuz budun kentü budunim erti* «Тоғыз оғыз халқы өз халқым еді» КТү. 44 (Айд. I, 180); *Boltuqda toqiz oғuz beg(i) jayı ermis* «Болтуқта тоғыз-оғыз бектері жауласты» Он. 6 (Сартқ. 145). Зерттеушілер дербес этнонимдердің қосарлануы арқылы жаңа этнонимдердің жасалуын «...образование парных сочетаний прежде всего вызвано в целях передачи значения собирательности, совокупности и множественности» деп түсіндіреді² Бір сөйлем ішінде екі этнонимнің қатар қолданылмауы ескерткіш мәтіні негізін-

¹ Кайдар А. О принципах этимологического анализа «қазақ» // Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы : Ана тілі, 1998. – С. 265-267.

² Кайдаров А. Т., Койчубаев Е. К. К лингвистическому объяснению этнонима «Қазақ» // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – С. 139.

де *оуиз* және *тоқуз* этнонимдерінің дербес тайпа атаулары екенін әлде бір ғана тайпаның атауы екенін анықтауда қиындық тудырады, *az, qırq az* этнонимдерінің дербестігіне сүйенсек *тоқуз* этнонимі *оуиз* тайпасының бір тармағының атауын білдіретін микроэтноним ретінде қарастырудың негізділігіне көз жеткізуге болады. Ескерткіш тілінде *он оқ* этнонимі де бірнеше рет кездеседі: *Он оқ будуні қалисиз тасіqmіs tir* «Он оқ халқы қалмай жиналды» Тон. 30 (Айд. II, 110); *Он оқ будуні emgek körti* «Он оқ халқы бейнет көрді» КТү. 19 (Айд. I, 175). Көне түркілік *он оқ* этнонимімен аталатын тайпа VII ғасырда Шу бойын мекендеген.

Н.Я.Бичуриннің пікірінше *он оқ* өзара бірлескен он түркі тайпасының жалпылама атауы. Әрбір тайпа 10 мың атты жасақ шығара алған және әр тайпаның жебелерінің айырмашылықтары болған, яғни он түрлі оқ пайдаланған. Олардың 5-уі – *жчумгунь, хунуву, нишетидунь, туциши – халон, шуниши-чубань* дулат (дулу) бірлестігіне, 5-уі – *асиги, гэшу, басайган – дуншибо, асиги – нишу, гжшу – чубань* тайпалары нушеби бірестігіне қараған¹. Ғалым кетірген дерек қытай жылнамаларынан алынғандықтан, этнонимдердің түркілік тұлғасын тап басып анықтау қиын. Біраз зерттеушілер *он оқ* құрамындағы тайпалардың басым көпшілігін *үйсін* этносынан таратады².

Көне түркі тілінде *оқ* «стрела» (ДТС, 368) қазіргі түркі тілдерінде де «оқ, жебе» мәнін сақтаған. Көне түркі әліпбиінде ↓↑ жебенің таңбасы *q* дыбысын, *оq, иq/qo, qi* дыбыс тіркестерін бейнелеуі де *оq* этнонимінің мағынасының айқын екендігін көрсетеді. *он оқ* этнонимінің он тайпалық одақтың атын білдіруі *оq* және **иγ/оγ* «род, племя» тұлғаларының арасында семантикалық байланыс жоқ па деген ойға жетелейді, себебі қазіргі түркі тілдерінде **иγ/оγ* архитұлғасының қатаң варианттары да кездеседі, салыстырыңыз: *ұқ/оқ, ұқсас* «тектес», жергілікті ерекшеліктерде – *оқсас*. О.Сүлей-

¹ Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии и древние времена. – Москва-Ленинград, 1950. – С. 192.

² Хасенов Ә. Үйсін «он оқ бодын». Түркеш // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 2002. – Б. 115.

менов қазақ этнонимі *qos* «қос, екі» және *oq* тұлғаларының бірігуі арқылы жасалуы мүмкін деген пікір айтады¹.

Түркі тілдерінде *-q/-k* (*-ïq/-ik, -aq/-ek*), *-γ/-g* (*-ïγ/-ig, -uγ/-üg, -aγ/-äg*) қосымшасы да белсенді қолданылатын өнімді аффикстер қатарында. *-q/-k* (*-ïq/-ik, -aq/-ek*), *-γ/-g* (*-ïγ/-ig, -uγ/-üg, -aγ/-äg*) қосымшасының қимыл есім, зат есім, сын есім тудыру мүмкіндігіне байланысты әрі лексикалық, әрі грамматикалық мәнде қолданылатын омонимдес көне қосымшалар ретінде қарастырылады. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде де *-uq/ük, -ïγ/-ig, -uγ/-üg, -aγ/-äg* тұлғалы қосымшалардың етістіктерден зат есім, сын есім тудыратын аффикс қызметін атқарғаны белгілі. Аффикстің есім сөз тудыру қабілеті оның этнонимжасам процесіне де қатыса алатынын көрсетеді, мысалы, *türk* этнонимінің *tür/tört* түбір морфемасы мен *-ük/-üg* қосымша морфемаларынан туындауы мүмкін екенін ұсынатын көзқарастар бар. Сондықтан *qazaq* этнонимін екі дербес лексеманың бірігуінен жасалуы да, түбір морфема мен сөз тудырушы қосымша морфема арқылы қалыптасуы да мүмкін.

1) *qazaq* этнонимі екі дербес сөздің бірігуінен жасалған туынды сөз:

- *qas+saq* → *qassaq* ≈ *kassak* ≈ *kazak* → *qazaq* «қас және сақ тайпаларының этно-саяси бірігу үдерістеріне байланысты қалыптасқан Орта Азиядағы көшпелі тайпа». **kas* ≈ **kaz* ≈ **qas* ≈ **qaz* «Каспий теңізі бойын мекендеген ежелгі қас//кас тайпасының атауы» + *sak* ≈ *saq* «скиф тайпасының Орта Азиядағы бөлігі сақ//сақ тайпасының атауы» (А.Н.Бернштам, Ә.Байжанов т.б.) А.Н.Бернштамның пікірінше, уақыт өте келе *qassaq* ≈ *kassak* лексемасының құрамындағы қатар келген екі дыбысының біреуінің түсіп қалуына байланысты *qazaq* этнонимі қалыптасқан². **kas* моносиллабын *Кавказ, Каспий, хакас, хазар* онимдерінің құрамынан да ажыратуға болады.

¹ Сүлейменов О. Тюрки в доистории. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. – Алматы: Атамұра, 2002. – С. 153.

² Бернштам А.Н. Этимология слова «казах» и проблемы этногенеза казахского народа// Қазақстан мектебі. – 1967. -№6. – С. 82-85; Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана//Известия АН КазССР.Сер. археологическая. Вып.2. – 1950. – С.60-67.

• *az*→*haz/qaz+saq/sak*→*azsaq*→*qazaq*«аз және сақ тайпалары» (Ә.Қайдаров, Е.Койчубаев). Этимологияны ұсынушы ғалымдар түркілер тарихындағы аз тайпаларының VI-VIII ғасырларда қазіргі қазақ даласын мекендегені, олардың астанасы Жетісудағы сауда орталығы – Суяб қаласы болғаны жайлы деректерге сүйене отырып, «...то вполне вероятно, что они могли составить союз племен с аборигенами этих районов – *саками* и образовать общее название племенного союза *қазақ*, этимологически восходящее к *қаз* (<*haz*<*хаз*<*қаз*) и *сақ*, имеющим также разные фонетические варианты в зависимости от того, в каком языке или диалекте они употребляются»¹ деп тұжырымдайды. Түркі-монғол тілдері этнонимдер жүйесінде екі бір өңірді мекендейтін екі тайпа атауларының қосарлануы арқылы жаңа этнонимдердің жасалуы қалыптасқан сөзжасам амалдарына жатады және екі компонент бірігіп, екі тайпаның «бірігуі» «тұтасуы» мәнін береді: «Здесь закономерности языка, согласно которым и образованы сотни и тысячи этнонимов и топонимов самых различных типов, подсказывают нам, что образование парных сочетаний прежде всего вызвано в целях передачи значения собирательности, совокупности и множественности».² Түркі тілдері фонологиялық жүйесіндегі фарингаль *h* дыбысының анлаут позициядағы протезалық сапасы, ортақ архифонемадан тараған *h*, *x*, *q* дыбыстарының өзара сәйкестік түзу мүмкіндігінің жоғарылығы *az* этнонимі мен **haz/*xaz*→**qaz* моносиллабын гомогенді тұлғалар ретінде қарастыруға толық мүмкіндік береді.

• *qas+saq*→*qassaq*→*qazaq*«нағызсақ»(М.Ақынжанов, Б.Кенжебаев, К.Ақышев, Г.Каушев т.б.) *qas* «нағыз»+*saq* «сақ» → *qassaq* → *qasaaq* → *qazaq*. Салыстырыңыз: *қас сұлу*, *қас дұшпан*. Этимологияны ұсынушы зерттеушілер б.д.д. II ғасырда үйсіндер өздерін

¹ Кайдаров А.Т., Койчубаев Е.К. К лингвистическому объяснению этнонима «қазақ»//Вестник АН КазССР. –№ 3. –1971. – С. 47-53.

² Кайдаров А.Т., Койчубаев Е.К. К лингвистическому объяснению этнонима «қазақ»//Вестник АН КазССР. –№ 3. –1971. – С. 48.

qassaq деп атағаны жайлы қытай жылнамаларында дерек сақталғанын негізге алады.¹

• *ka/xa+saq→kasaq→qazaq* «ғұндар арғы атасы *ka/xa* мен сақтардың ұрпақтары» (Ә.Сарай). Автор «Иакинаф атай (Бичурин) айтып, кейін Ә.Марғұланның мақұлдауынша, сюннулардың (ғұндардың) түпкі аталары *Қа, Ха* деген кісі болған. Сюннулар өздерінің шығу тегін осы атақты бабаларының атына апарып тіреп отырған. Олай болса, қа-сақ (қа-зақ) *Қа* бабаның ұрпағы, қа бабаның сақ атанған ұрпағы»² деген ой айтады. Бұл пікір бойынша *qazaq* этнонимінің қалыптасу жолы: *ka/xa* «ғұндардың арғы атасы» + *saq* «сақ» → *kasaq/xasaq/qasaq→qazaq*.

• *ko+zak→kozak→qazaq* «әскери күзетші, шекарашы», «жалдамалы сарбаз» (П.Бутков). Бұл бағытты ұстанушылар *qazaq* этнонимін монғол тіліндегі *ko* «сауыт» және *zak* «күзет, қарауыл» сөздерінің бірігуінен таратады: *ko+zak→kozak→qazaq*. *Qazaq* «қарапайым жауынгер» (Х.Әділгереев).

• *kos+ok//qos oq→qazaq* «біріккен ру-тайпалар» (О.Сүлейменов): Автор *qazaq* этнонимі көне түркі ескерткіштері тілінде жиі кездесетін *on oq, üč oq* этнонимдерінің сөз жасамдық амалына сай *qos* «бірігу, қосылу» және *oq* «ру-тайпа» сөздерінің бірігуінен қалыптасқанын көрсетеді: *qos+oq→qazaq*.

• *oγuz saq→qazaq* «оғыз және сақ тайпаларының бірлестігі» мәнін беретін біріккен сөз (Ә.Байжанов, Ә.Қоңыратбаев, О.Бекжанүбірі.): *oγuz→γuzz→γuz→qiz→*qaz+saq→qazsaq→qazaq*.

• *qas+oq→qazaq* «қас тайпалары» (А.Әбдірахманов): *qas//xas* «ежелгі тайпа атауы» + *aq* «тайпа». *qazaq* этнонимін «ежелгі тайпа атауы» *qas//xas* лексемасы мен «ру-тайпа» мәнін беретін түркілік *oγ/oq* лексемасының бірігуінен жасалған деп пайымдаған зерттеуші *oγ/oq* сөзі уақыт өте **aq* тұлғасына, *qas//xas* сөзі **qaz* тұлғасына ауысқанын көрсетеді³

¹ Қараңыз: Ақынжанов М. Қазақ халқының аты туралы дерек // Қазақ әдебиеті. – 1959, 27 қараша.

² Сарай Ә. «Қазақ» атауының ізімен // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997. – 388.

³ Әбдірахманов А. «Қазақ» сөзінің шығу төркіні // Қазақ әдебиеті. 1968, 3 ақпан.

• *qazi+aq*→*qazaq* «әділ қазы» (Оспанұлы Н. т.б.). *qazi* «билік айтушы, төреші»+*aq* «әділ»→*qazi**aq*→*qazaq*. Бұл бағытты ұстанушылар қазақ тіліне тән заңдылықтарды-бір сөз құрамында екі дауыстының қатар қолданылмайтынын және қысаң дауыстыға аяқталатын сөз бен ашық дауыстыдан басталатын сөздердің бірігуінен жасалған туынды лексемалар құрамындағы қатар келген қысаң мен ашық дауыстылардың қысаңы элизияға ұшырайтын заңдылықты негізге алған болу керек.

2) *qazaq* этнонимі түбір морфемаға қосымша морфеманың жалғануынан жасалған туынды атау:

• *qašaq*≈*qačaq*≈*kašak*≈*kačak*→*qazaq* «қашақ, қашқын» мағынасын білдіреді (В.П.Юдин т.б.). **qaš*≈**qač*→**qaz* «ет.қаш»+*aq*//*-ak* «етістіктен есім тудырушы аффикс». В.П.Юдин *qazaq* этнонимін Қазақ хандығы құрамындағы көшпелі өзбектерге қатысты қалыптасқан деп санайды.¹

• *qaz+aq*→*qazaq* «биік жерді (тауды) мекендейтін адамдар» (Сеидов М.). **qaz* моносиллабын *quz* «биік, жартасты тау» лексемасымен сабақтастырған автор *qazaq* этнонимін *qaz* «биік, биіктік» тұлғасы мен *aq* морфемасынан таратады.

• *qos+aq*→*qazaq* «әскери термин» (М.Арын). Автор қазақ тіліндегі *žasaq* «әскер», *qosaq*, монғол тіліндегі *zevtsax* «садақ, қару», *xesaq* «әскер» сөздерінің ортақ мазмұнын негізге ала отырып, қазақ тіліндегі *Жасаққа* – *қосақ* фразеологизміндегі *qosaq* лексемасын *qazaq* этнонимінің фонетикалық варианты (*s*≈*z* сәйкестігі) ретінде қарастырады². *Qosaq*//*qazaq* сөздерінің байланысы жайлы пікір С.Сейфуллиннің еңбектерінде де кездеседі: «Түріктер әскерді «қосын» дейді. Қосыннан «қосақ» деген сөз шығады. «Қазақ» деген сөз осы осы қосаққа да ойысатын сияқты... «Қосақ», «қашақ», «қасақы», «кезек» деген сөздердің бәрі де қазақ болмысына үйлеседі»³.

¹ Юдин В.П. К этимологии этнонима казах (казақ)//Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С.193.

² Қараңыз: Арын М. Төртінші анық. Тарих//Бес анық (тәрбие туралы толғамдар). – Алматы, 1996. – Б.33-45.

³ Сейфуллин С. Қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат// Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997. – Б. 295.

- *qaz+aq*→*qazaq* этнонимінің негізгі мағынасын «жеңіл қаруланған азат аттылар» түрінде ажыратқан Г.Ф.Благова *qazaq* этнонимі жайлы пікірлерге шолу жасай отырып, лексеманың «елсіз, жұртсыз (Отансыз)», «кезбе», «қашақ», «ел-жұртынан қуылған», «жұмыссыз», «көшпелі», «мақсатсыз кезбе», «қаңғыбас» т.б. мәндерінің көпшілігі *qazaq* сөзі қалыптасқаннан кейін өрбіген қосымша мағыналар екенін көрсетеді¹

- *qazaqqaz(қас)* «нағыз, батыл кісілер, ержүректер» «еркін, тәуелсіз адамдар»-*aq* көптік жалғауы (Т.Жанұзақов); «ер, қайсар, жауынгер» (Қ.Бекхожин); *qazaq* «қарапайым әлеуметтік топ» (Б.Аспандияров); «мықты, алып, жойқын, берік» (Ә.Марғұлан); *qazaq* «бойдақ» (Б.Әбілқасымов) т.б.

- *qaz+aq*→*qazaq* «елсіз, жұртсыз (Отансыз)» «кезбе»«қашақ», «ел-жұртынан қуылған», «өр, өркөкірек», «жұмыссыз», «көшпелі», «мақсатсыз кезбе», «қаңғыбас», «отанынан безген» (А.Вамбери, П.Куртейль, П.А.Фалев т.б), *qazaq* «қарақшы» (В.В.Бартольдт). М.Сеидов «Араб-қыпшақ сөздігі» 1245-жылғы негізінде «әуреге түскен, отанынан қуылған» «үй-күйсіз, баспанасыз» мағыналарын ұсынады.

Этнонимдерге морфемдік-компоненттік әдіс арқылы морфологиялық талдау жасау этимологиялық зерттеудің бірінші этапы ғана. Этнонимнің этимологиясын, семантикалық негізін анықтап, архиформасы мен архисемасын реконструкциялау фоно-морфологиялық, лексика-семантикалық заңдылықтарды кешенді түрде меңгеруді, олардың ішіндегі тиімдісін талғай білуді, тарихи дыбыс сәйкестіктерінің мүмкіндігін, олардың қай бағытта, қалай жүзеге асатынын, протезалық, метатезалық, редукциялық құбылыстар мен жылысу, кірігу т.б. процестерінің ерекшеліктерін игеруді қажет ететін күрделі мәселе. Сондықтан *qazaq* этнониміне жасалған талдаулардың да бәрі бірдей ғылыми-теориялық тұрғыдан дәйектелген пайымдаулар емес екені белгілі.

¹ Благова Г.Ф. Историческое взаимоотношение слов казак и казах//Этнонимы. – Москва,1970. – С.143-156

Этнонимді дербес лексемалық деңгейдегі екі морфеманың бірігуінен жасалған деген көзқарасты қолдайтын бағытты да, түбір морфемаға қосымша морфеманың жалғануы арқылы жасалған деген пікірлердің басын біріктіретін бағытты да семантикалық тұрғыдан іштей бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады: 1) «батыл, батыр», «нағыз, батыл кісілер, ержүректер»; 2) «еркін», «өз еркі өзінде», «қызу қанды, еркін»; 3) «қас тайпалары»; 4) «оғыз және сақ тайпаларының бірлестігі»; 5) «ғұндар арғы атасы қа/ха мен сақтардың ұрпақтары»; 6) «аз және сақ тайпалары»; 7) «нағызсақ»; 8) «әскери күзетші, шекарашы», «жалдамалы сарбаз»; 9) «қарапайым әлеуметтік топ»; 10) «биік жерді (тауды) мекендейтін адамдар»; 11) «бойдақ», «жалғыз басты»; 12) «көшпелі»; 13) «әділ қазы»; 14) «қаңғыбас», «кезбе», «мақсатсыз кезбе», «жұмыссыз»; 15) «қарақшы», «басбұзар»; 16) «әуре-сарсаңға түскен, отанынан қуылған», «ел-жұртынан қуылған», «елсіз, жұртсыз (Отансыз)»; 17) «қашақ», «қашқын», «отанынан безген»; 18) «барымташы», «ұры-қары» т.б. Әр түрлі авторлар тарапынан, әр түрлі дәйек-дәлелмен ұсынылған басқа этимологиялар да осы мазмұнның аясында өрбиді.

Сырттан таңылған атаулар болмаса ешбір халық өзін-өзі жағымсыз атаумен атамайды. Рухы биік Көк түріктердің қазіргі ұрпақтарының бірі – қазақ халқы да өзін жағымсыз мағыналы атаумен атамаса керек. *Qazaq* этнонимі қазақтардың ата-бабаларына сырттан таңылған атау емес екенін, олардың өздерін «қазақпын» деп атағанын деректер қуаттайды (Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан). «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген ұлағатты сөзді өмірлік ұстанымы еткен қазақ халқының дара болмысы да осыны меңзейді. *Qazaq* лексемасының құмық тілінде «батыл, батыр», «жауынгер»; түрік тілінде «қызу қанды, еркін», «нағыз жігіт»; ноғай тілінде «еркін», «бойдақ» деген мағыналарының сақталуы да қазақ халқының еркіндікті сүйетін табиғи болмысына сай қалыптасқан этноним екенін көрсетеді.

§ 9. ҚАЗАҚ ТІЛІН «ТҰРАН ТІЛДІК ОДАҒЫ», «АЛТАЙ ТІЛДІК ОДАҒЫ» АУҚЫМЫНДА ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Халық рухының биіктігі тарихи тамырдың тереңдігімен өлшенетіндіктен, Мәңгілік Ел идеясын бекітудің бір қыры ретінде түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің түпкі тамырын тектілік деңгейде, «Тұран тілдік одағы» аясында, алтаистикалық зерттеулер ауқымында, қарастыру аса маңызды.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуы барысында екі немесе одан да көп тілдердің генетикалық байланысын зерттеудің және туыстықты дәлелдеудің берік тәртібі қалыптасып, белгілі бір тілдік семьяның ең бастапқы, түп тегі саналатын ғылыми жорамал ретіндегі тектіліктің жүйесін оның мұрагерлері болып табылатын қазіргі тілдердің материалдары негізінде жаңғыртудың бұлжымас қатаң әдістемесі жасалды деуге болады. Әйтседе ғылымда тектіл және оны жаңғырту туралы түсініктерге үнемі өзгертулер енгізіліп отырады. Оның басты себебін, біріншіден: зерттеушілердің зерттеу нысаны туралы түсініктеріндегі өзгерістермен, яғни бұрындары назардан тыс қалып келген тілдік құбылыстардың зерттеу нысанына алынуының нәтижесімен (мәселен, соңғы 25-30 жылда көптеген жетістіктерге тарихи акцентология); екіншіден: тілдік материалдар ауқымының үнемі толықтырылып, кеңейіп отыруымен түсіндіруге болады¹.

Тектілік моделдің теориялық негіздемесін ХІХ ғ. орта тұсында алғаш рет А. Шлейхер салды. Ол «Компендиум по сравнительной грамматике индоевропейских языков» (1861-1862) атты танымал еңбегінде Ч. Дарвиннің тірі организмдердің эволюциялық дамуы теориясына сүйеніп, үндіеуропа тілдерінің «туыстық дінгегі» немесе «шежіре ағаш» (орысша: родословное дерево) түрінде дамығаны туралы теорияны ұсынды: «Языки, возникшие первыми из праязыка, мы называем языками-основами; почти

¹ Дыбо В. А., Пейрос И. И. Проблемы изучения отдаленного родства языков // Вестник Российской Академии Наук. – Москва, 1985. – № 2. – С. 55-66

каждый из них дифференцируется в языки, а языки могут далее распадаться на диалекты и диалекты-на поддиалекты. Все языки, происходящие из одного праязыка, образуют языковой род, или языковое дерево, которое затем делится на языковые семьи, или языковые ветви»¹.

Тілдердің тектілік жағдайы, қалып-күйі туралы теорияның даму тарихында мынадай үш түрлі конструктивтік парадигма орын алады: 1) «Шлейхер парадигмасы» деп аталған «туыстастық діңгегі-шежіре ағаш» туралы теория және оның кейіннен «тектілдің тілдік ақиқат-шындық» ретінде қабылдануына негіз болуы, Б. Дельбрюк, Ф. Ф. Фортунатов зерттеулерінде «тілдің белгілі бір уақыт аралығындағы даму күйі», «тілдердің біртіндеп, рет-ретімен, жүйелі дамуының тарихи этаптары» тұрғысынан жалғастық табуы; 2) тектілікті «диалектілік континуум» ретінде түсіндіретін И. Шмидт және Г. Шухардттың «толқын теориясы»; 3) тектілікті «генетикалық тұрғыдан әр алуан тіл бірлестіктерінің өзара қарым-қатынастарының нәтижесі» тұрғысынан қарастыратын Н.С. Трубецкойдың «аллогенетикалық теориясы». Тіл білімі тарихында тектілікті қайта жаңғыртудың мүмкін еместігі және қажетсіздігі туралы пікірлер де орын алады. Француз ғалымы А. Мейе салыстыру арқылы үндіеуропалық тектілікті емес, тіптен б.э. IVғ. халықтық латынды жаңғырту, яғни жоғалып кеткен тілдерді қайта қалпына келтіру мүмкін емес деп біледі. Оның көзқарасын Б.Террачини, Дж. Бонфанте, Дж. Девото, В. Пизани сияқты неолингвисттер қолдайды. Тектілікті жаңғыртудың мүмкін екенін Н.Я. Марр да мойындамайды. Ол ортақ тектіл туралы идеяны ғылыми фикция деп санайды²

Әу баста үндіеуропа тілдерінің материалдары негізінде қалыптасқан тектілік қалып-күйді қайтадан қалпына келтіру (жаң-

1 Шлейхер А. Компендий сравнительной грамматики индоевропейских языков // Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. – Москва, 1964. Ч. 1.109

2 Нерознак В. П. Праязык: реконструкция или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. – Москва, 1988. – С. 26-43

ғырту) теориясы қазіргі таңда үндіеуропалық емес тіл бірлестігін құрайтын тілдердің материалдары негізінде тарихи компаративистиканың аралық салалары бойынша (түркология, кавказтану, фин-угортану, африкан тіл білімі т.б.) жалғастық табуда.

«Тектіл» терминіне лингвистикалық сөздіктерде екі түрлі анықтама беріледі: бірінші мағынада «тектіл» ұғымы гипотезалық сипаттағы дерексіз модель тұрғысынан айқындалады: «Тектіл (негіз тіл) – тарихи-салыстырмалы реконструкцияның нысанына алынатын өзара генетикалық байланыстағы тілдердің ішіндегі ең көнесі: бір семьяға немесе бір топқа жататын барлық тілдердің бастауы, қайнар көзі ретінде танылатын абстрактылы модель. Жалпы орыс тектілі; жалпыславяндық тектіл; славянбалтық тектілі; үндіеуропалық тектіл»¹. Ал екінші мағынада «тектіл» тарихи өткен заманаларда шынында да болған түпкі тілдің жағдайы, қалыпкүйі тұрғысынан анықталады: «Тектіл, негіз тіл, бабалар тілі ... Тілдерді семьяға топтастыруда қарастырылатын тілдің шығу тегіне қатысты аталатын тіл: латын тілі француз тілі үшін тектіл болады ... Мұнда мұрагер тіл жаңа тіл болып саналмайды, түпкі тілдің эволюциялық дамуының жаңа қалып-күйін көрсетеді»².

Қазақ тіл білімінде «п्राязык» терминіне қатысты «ата тіл», «тектіл», «төркін тіл», «түптіл» деген терминдік қолданыстар орын алады және оған тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «Ататіл (тектіл, төркін тіл) орыс. *п्राязык* – диалектілері туыс тілдер тобының шығуына негіз болған тіл. Мазмұны жағынан басқа белгілі тілдер негізінде анықталған жалпы типологиялық заңдылықтарға сай келетін, нақты кеңістікте, белгілі бір тарихи әлеуметтік ортада өмір сүрген тіл ретінде қаралады. Тегі бір тілдер дамуында ататіл ұғымы нақты сипат алып, өзгеріп отырады. Мысалы, бірқатар роман тілдері үшін латынның сөйлеу тілі ататіл болған ... Осы күнгі түркі тілдерінің ататілі көне түркі тілі болса, көне түркі тілі үшін

¹ Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 1966. – С.344.

² Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 1960. – С.223.

ататіл қызметін Алтай заманындағы ататілдің бір диалектісі атқаруы мүмкін. Сөйтіп, ататіл дегеніміз диалектілері туыс тілдер тобының шығуына негіз болып отыратын тарихи ұғым болып табылады. Ататіл тегі бір тілдердің генетикалық тұрғыда бір негізге саятын басты қасиеттері мен белгілерін қамтиды. Оның кейбір көріністері көне тіл құбылыстары ретінде қазіргі тілдерде сақталуы мүмкін»¹.

В.П. Нерознак «тектіл» ұғымын белгілі бір тарихи дәуірлерде өмір сүрген тілдің көне формасы емес, тілдің тарихқа дейінгі дамуы туралы біздің біліміміздің кеңеюін қамтамасыз ететін ғылыми конструкт тұрғысынан қарастырылуы қажет өте күрделі мәселе екенін алға тартады. В.Н.Нерознак пікірінше, «тектіл» үнемі тарихи даму үстінде болатын білім моделі. Тілдің тарихқа дейінгі даму этаптары туралы біздің біліміміздің өзі үнемі даму үстінде болатындықтан, тектілдік модель туралы білім парадигмасы да үнемі өзгеріп, жетілдіріліп отырады. Білім моделі ретінде «тектіл» қазіргі заманғы тарихи – салыстырмалы тіл білімінде кеңінен қолданылып отырған генетикалық реконструкцияның (ішкі және сыртқы) әртүрлі тәсілдеріне, сонымен қатар синхрондық-типологиялық тіл білімінің барлық жетістіктеріне сүйенері сөзсіз².

Компаративистикада осыдан он мыңдаған жылдар бұрынғы тілдік құбылыстарды реконструкциялаудың мүмкін еместігі, тіптен мұндай талпыныстың өзі бос әурешілдік болатыны туралы скептикалық көзқарастар да орын алады. Мәселен, венгерлік лингвист П.Хайду тектілдік құбылыстарды жаңғартуға қазіргі заманғы компаративистиканың әдіс-тәсілдерінің шамасы жетпейді, сондықтан да бұл бағыттағы ізденістер сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды деп біледі. П.Хайдудың пікірінше, орал және тағы басқа тілдер арасында кездесетін морфологиялық, лексикалық

¹ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005. – Б.37.

² Нерознак В.П. Праязык: реконструкт или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. – Москва, 1988. – С. 26-43

параллелдердің табиғатын моногенездік туыстықтан да, тіптен кірмеліктен де емес, бір ғана «тілдік одақтың» мүшелері ретіндегі өзара «квазитуыстық байланыстармен» түсіндіру қажет¹. Әйтсе де тектілдік құбылыстарды жаңғыртуға қатысты мұндай пікір қайшылықтарының орын алуына қарамастан, қазіргі таңда алтайтанудың ең басты, ең негізгі ғылыми ұғымдық аппараттарының бірі – алтайлық тектіл және оның шынайлығы, тектілдің қайта жаңғыртылған моделдер арқылы көріну формасы мәселесі төмендегідей үш түрлі әдіснамалық тұғырдың кешенділігі негізінде айқындалуда: фонетика-фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық жаңғыртудың (реконструкция) барлық амал-тәсілдерін қамтитын дәстүрлі салыстырмалы-тарихи әдіс; тілдік бірліктердің құрылым-құрылысының сан алуан түрін ескеретін типологиялық мәліметтер; генетикалық және ареалдық-генетикалық тіл бірлестіктерінің табиғатын көп белгілік классификациялар негізінде түсіндіретін тіл ортақтығы теориясы.

Алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде алтайлық тектіл жорамал тұрғысындағы дерексіз модель емес, белгілі бір тарихи дәуірде өмір сүрген, қазіргі түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей, жапон тілдерінің шығуына негіз болған түпкі тіл тұрғысынан қарастырылады. Ғалымдар алтайлық тектілдің өмір сүрген немесе ыдыраған мерзімін ХХ ғасырдың 50 жылдары М.Сводеш ұсынған, кейіннен С.А. Старостин жетілдірген глоттохронологиялық әдіске сүйеніп жорамалдайды.

Тілдер тобының тектілдік қалып-күйінің эволюциялық дамуының глоттохронологиялық кезеңдерін сөздік қордың сақталу деңгейі негізінде есептеп шығаруға болатыны туралы М.Сводеш пікіріне сүйене отырып, Б.Базылхан алтайлық тектілдің сатылай даму кезеңдерін: 1) біздің жыл санауымыздан бұрынғы 1,750 миллион жылдан 800-950 мың жылға созылған «ым-тіл дәуірі»; 2) біздің жыл санауымыздан бұрынғы 800 мың жылдан 40 мың жылға (немесе 760 мың жылға) дейін созылған «келте сөз дәуірі»;

¹ Хайду П. Уральские языки и народы. – Москва, 1985. – С.169

3) біздің жыл санауымыздан бұрынғы 40 мың жылдан 10 мың жылға дейін (немесе 30 мың жылға) созылған «күрделі сөз дәуірі» деп үшке бөліп көрсетеді және бұл жорамалды 'V' және 'CV' типтегі түбір морфемадан 'VC', 'VCC', 'VC VC', 'VCCV', 'CVC', 'CVCV', 'CVCC', 'CVCVC' типтегі көптеген түбір сөздердің туындауымен дәйектейді¹.

Алтайлық тіктің ыдырау мерзімін айқындау мәселесі орал және алтай тілдерінің ортақтастығына қатысты *орал-алтай теориясымен* де, Еуразия және Солтүстік Африкадағы тілдерді тілдік макросемьяға біріктіріп, оларды осыдан 12-14 мың жылдар бұрын өмір сүрген болжам ретіндегі бір ғана 'ностратикалық тектіңден' таратын *ностратикалық теориямен* де сабақтаса өзектеледі. Себебі, тарихи-этнологиялық және тарихи лингвистикалық зерттеулерде алтай тілдерінің және ол топты құрайтын тілдерде сөйлейтін халықтардың шығу төркіні, түп тегі мәселесі мынадай ретроспективтік бағытта зерделенеді: түркі тілдері және түркі халықтары; моңғол тілдері және моңғолдар; тұңғыс-маньчжур тілдері және тұңғыстар мен маньчжурлар; корей тілі және корейлер; жапон тілі және жапондар тарихы < алтай тілдері және алтайлық халықтар < орал-алтай тілдері және олар-алтайлық этногенетикалық қауымдастықтар < ностратикалық тілдер және ностратикалық этностар. Басқаша айтқанда алтайлық тектің проблематикасы алтай, орал-алтай және ностратикалық тілдердің генетикалық ортақтастығы мәселесімен тығыз байланысып жатады.

Ностратикалық тілдер туыстастығы теориясы орал және алтай тілдері арасындағы генетикалық байланысты да, сонымен қатар алтай тілдерінің ортақтығын да бір мезгілде дәйектейтіндігімен маңызды саналады. Ностратикалық теория үндіеуропа, орал, алтай, дравид, картвель, афразиялық тілдер семьяларының алыс туыстық қатынасын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан дәйектеу мақсатын көздейді. Ностратикалық тілдер туралы гипотезаны

¹ Базылхан Б. Алтай төркіндес тілдердің ортақтығы туралы мәселе // ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – № 2 (96). – Алматы, 1996. – Б.3-12.

және «Nostratic» терминін алғаш рет 1903 жылы дат ғалымы Х.Педерсен ұсынды. Ал өткен ғасырдың 60 жылдарында Владислав Маркович Иллич-Свитычтың (1934-1966) ностратикалық тілдер арасындағы фонетикалық сәйкестіктерді айқындап, ностратикалық тектілдің дыбыстық жүйесін жаңғыртууы, ностратикалық тілдердің этимологиялық сөздігін түзуі ностратикалық гипотезаның тарихи компаративистиканың табан тірер ғылыми теорияларының біріне айналуына арқау болды. Б. Долгопольский, В.А. Дыбо, С.А. Старостин т.б. ғалымдар зерттеулері арқылы одан ары жетілдіріле түскен ностратикалық тілдер туыстығы теориясымен қазіргі таңда дүниежүзінің ірі-ірі орталықтары айналысуда.

Ностратикалық тілдердің туыстығы мәселесі өзара генетикалық туыстық қатыстылықтағы морфемалардың (түбір және аффиксалдық) кең көлемдегі корпусын қамтығандығымен сипатталады. Мұнда түбір морфемалардың құрамы негізгі сөздік қордағы түбірлерден құралады және басты элементарлық ұғымдар мен реалийлердің атауларынан (дене мүшелері, туыстық қатынастар, табиғат құбылыстары, қарапайым әрекеттер мен процестер т.б.) тұрады. Өзара алыс туыстық қатыстылыққа қарамастан, үндіеуропалық, оралдық, алтайлық, дравидтік, картвелдік, афро-азиялық алты тектіл арасында грамматикалық морфемалар (сөзжасамдық және сөз түрлендіруші) жүйесінің ең тұрақты саналатын бөліктерінде, атап айтқанда сілтеу, сұрау, жіктеу есімдіктерінде және шығу тегі оларға барып саятын жіктік жұрнақтарында, сондай-ақ есім сөз түрлендіруші аффикстер жүйесінде генетикалық тепе-теңдік орын алады. Бұл тілдік семьялар үшін көптеген алғашқы сөзжасамдық аффикстер де генетикалық ортақ болып саналады¹.

Туыс тілдер семьясын кеңейту идеясының пайда болуының өзіндік себептері де жоқ емес. Біріншіден, әр түрлі семьяға жататын көп тілдерді бір ортақ арғытектілге біріктіру тарихи

¹ Дыбо В. А., Пейрос И. И. Проблемы изучения отдаленного родства языков // Вестник Российской Академии Наук. – Москва, 1985. – № 2. – С. 55-66.

перспективаның кеңістік-хронологиялық шеңберін кеңейтеді. Екіншіден, макросемьяда туыс тілдердің саны көп болған сайын, олардағы архаизмдердің сақталуының сапалық деңгейі жоғары болады, сонымен қатар жаңа фонетикалық заңдылықтардың және грамматикалық құрылымның көне элементтерінің айқындала түсуіне жол ашылады. Бұл жаңа тілдердің тарихы жөніндегі мәліметтерді нақтылап, кеңейтуге, туыс тілдердің эволюциялық даму жолдарын ашалауға мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, генуинді тілдердің анықталуы осы тілде сөйлеушілердің ежелгі заманда өмір сүрген аймағын табуға көмектеседі.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей және жапон сияқты бес ірі тілдік топтан құралатын алтай семьясы орал және дравид тілдерімен бірге ностратикалық макротілдік құрылымның шығыс бұтағын құрайды. Оның континентальдық (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) және аралдық (корей және жапон) болып екіге бөліну кезеңі, яғни ыдырау мерзімі глоттохронологиялық мәліметтер бойынша б.з.д. V мыңжылдықтармен өлшенеді. Соңғы кездері алтай семьясының аралдық бөлігіне эскалеут, айн, нивх тілдерін қосу тенденциясының орныға бастауы, сондай-ақ сиу, майя, ацтек сияқты индейстер тілімен лексикалық, ал кечуа, аймара тілдерімен грамматикалық тұрғыдағы ұқсастықтардың табылуы оны ең көне шығыстық ностратикалық тілдік семья деп тануға жетелеп отыр. Ал алтай және орал тілдері арасын жалғастыратын аралық тектіл қызметін орал-юкагир тектілдік топ атқарады және бұл топқа юкагир-чуван тілдері енеді. Орал семьясын ғалымдар шамамен б.з.д. V-III мыңжылдықтарда ыдырады деп біледі.

Алтайлық тектілдің іштей ыдырауы Г.И.Рамстедт пікірінше, б.з.д. II ғасырлардан, В.Котвич пікірінше, б.з.д. I мыңжылдықтардың басынан, ал Л.Лигети пікірінше, б.з.д. II-III мыңжылдықтардан басталады. С.А.Старостин алтайлық тектілдің ыдырау мерзімін б.з.д. VII мыңжылдықтар деп көрсетсе, О.П.Суник б.з.д. X мыңжылдықтар деп біледі. «Алтай тілдерінің этимологиялық сөздігінде» (2003) жинақталған 2000 лексикалық изоглосс-

тың салыстырмалы бөлінісі және лексикостатистикалық талдау нәтижесі бойынша алтай семьясының 3 тілдік бұтаққа ыдырау мерзімі төмендегідей тоқтатылады:

Батыс бұтақ (түркі-моңғол), б.з.д. 4-мыңжылдықтар ортасында түркі және моңғол болып 2 бөлінеді;

Орталық бұтақ, тұңғыс-маньчжур бұтағы (б.з.д. IVғ.);

Шығыс бұтақ (жапон-корей), б.з.д. 3-мыңжылдықтардың орта шенінде корей және жапон-рюкю болып екіге жарылады¹.

Алтайлық тектілдің әртүрлі бұтақтарға бөліну мерзімін Дж. Киекбаев осыдан 10—6 мың бұрын деп есептесе², В.М.Иллич-Свитыч: 'Алтайлық тектіл б.з.д. V-IV мыңжылдықтарда ыдыраған үндіеуропалық тектілге дейін іштейтілдік бұтақтарға ажырап кетті деп біледі³.

Белгілі шығыстанушы-археолог И.Л.Кызласов алтайлық халықтардың әу бастағы ортақтығы, біртектестігі мәселесін археологиялық тұрғыдан бағамдай келіп: «Алтай тілдерінің туыстық байланысын қолдаушылардың өзі алтайлық тектілдің ыдыраған кезін б.з.д. II ғ. басынан I ғ. дейін, II ғ.-дан III ғ. дейін, ал кейде б.з.д. X-VIII мыңжылдықтарды, тіптен палеолитт дәуірін көрсетіп, әртүрлі белгілейді. Кейде нақты мерзімсіз «алтайлық дәуірден» соң бірден Орталық Азияның саяси тарихымен ұштастырылатын «хун дәуірінің» (б.з.д. III ғ.) хронологиялық кезеңі көрсетіледі. Бұған қарағанда тілдік дамудың және өзара байланыстардың жазу пайда болғанға дейінгі кезеңдерін нақты тарихи оқиғалармен дәйектеп, хронологиялық терең құбылыстардың мерзімін жорамалдауға болатындай өзіндік әдістер алтаистикада әлі күнге жоқ деуге болады. Алтай тіл бірлестігінің қалыптасу дәуірлерін уақыт пен кеңістік шеңберінде айқындау

¹ [http://ru.wikipedia.org/wiki/Алтайские языки](http://ru.wikipedia.org/wiki/Алтайские_языки): Материал из Википедии — свободной энциклопедии

² Киекбаев Дж. Введение в Урало-Алтайское языкознание. – Уфа, 1972. – С. 20-24.

³ Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: (семитохамитский, картвельский, индоевропейский, уральский): Введение. Сравнительный словарь. – Москва: Наука, 1971. Вып.1. – С. 69.

және оны тарихи тұрғыдан түсіндіруге тырысу алтайлық проблеманы тудырады» дейді.¹

Тектілдік қалып күйді қайта жаңғарту, қалпына келтіру мәселесінде «глоттогенез», «этногенез», «этногенетикалық туыстық», «этногенетикалық шоғыр», «тілдік атажұрт» ұғымдарының ара жігін ажыратып, олардың әрқайсысының *тектіл* туралы ғылыми түсінікке қатысын нақты айқындап алудың маңызы зор.

Адамзаттың табиғи дыбыстық тілінің қалыптасу процесіне қатысты болып келетін глоттогенез (грек. *glotto* тіл, *genesis* шығу тегі) мәселесі тілдің пайда болуының философиялық, әлеуметтік және психологиялық мәнін ұғынумен байланысты туған жалпы проблеманың жалғасы болып табылады. Глоттогенез негізінен антропологиялық циклдер (әлеуметтік антропология және этноантропология) аясында қарастырылатын және таза лингвистикалық құралдардың көмегімен шешілмейтін проблема болып саналады.

Глоттогенез мәселесі лингвистикада адамзат қоғамы қалыптасуының ең бастапқы кезеңіндегі еңбектің рөліне және оның ойлау мен сөйлеудің туындауына қатысына байланысты сөз етіледі. Компаративист ғалымдар адамзаттың табиғи дыбыстық тілі қалыптасуының өте ерте кездердегі сатысын жаңғырту проблемасының белгілі бір тілдер тобының шығу тегіне байланысты болып келетін тіл ортақтастығы проблемасына, тектілдік қалыпкүйді реконструкциялауға еш қатысы жоқ екенін, тіптен компаративистиканың айналысатын мәселесі емес екенін баса айтады. Сондықтан да Э.А. Макаев, Г.А. Климов, В.К. Журавлев, В.П. Нерознак зерттеулерінде тектілді жаңғарту мәселесі мен глоттогенез арасына шектеу қою қажеттілігіне айрықша мән беріледі².

¹ Кызласов И.Л. Археологический взгляд на проблему первоначального единства алтайских народов // Еуразияшылдық идеясы контекстіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, 2009. – Б. 36-49.

² Макаев Э.А. Общая теория сравнительного языкознания. – Москва, 1977; Климов Г.А. Введение в кавказское языкознание. – Москва, 1986; Журавлев В.К., Нерознак В.П. Проблемы реконструкции праязыкового состояния // Slavica XVIII. Debrecen, 1981.

Тілдің тектілдік қалып-күйін қайта жаңғырту, қалпына келтіру этногенез мәселесімен тікелей байланысып жатады. Мұнда, әсіресе, ХХ ғ. 70 жылдары бой көрсеткен антрополог В.П. Алексеевтің этногенетикалық шоғыр туралы теориясының орны ерекше. Ол этногенетикалық шоғыр ұғымына: «шығу тегі бір халықтардың өзара бірігуінің кез келген формасы» деген анықтама береді¹. Этногенетикалық типология аясында қалыптаса бастаған этногенетикалық туыстастық теориясы тілдердің шығу тегіне байланысты А.Шлейхердің туыстастық ағашы теориясын еске салады.

В.П. Алексеев этногенетикалық шоғырды оны құраушы халықтардың туыстық жақындығына байланысты этногенетикалық ағаштар мен этногенетикалық түптерге бөледі. Ол этногенетикалық түптерді «одан әрі бөлінбейтін құрылымсыз және аморфтық бірлестік» ретінде анықтайды, ал құрылымдық тұрғыдан іштей жіктелетін бірлестіктер қатарына этногенетикалық бұтақтар мен этногенетикалық бағананы жатқызады. Этногенетикалық бұтақтар ұғымына «шығу тегі бір халықтар тобы» деген анықтама бере отырып, В. П. Алексеев: «егер бұтақтар арасында туыстық жақындық анықталған жағдайда олар өзара этногенетикалық бағанаға бірігеді» деп біледі²

Этникалық топтардың (ру, тайпа, ұлыс, этнос, ұлт, халық) шығу тегіне және өзара туыстық байланысына қатысты болып келетін этногенетикалық бағананы қалпына келтіру, қайта жаңғырту проблемасының лингвистикалық деңгейдегі алыс туыстықты айқындауға тікелей қатысы бар мәселе екеніне В. П. Нерознак назар аударады. Ол ретроспективтік реконструкцияда «этногенетикалық бағаналар» ұғымы тектілдік макросемьялармен, этногенетикалық бұтақ ұғымы белгілі бір тілдер семьясы үшін ортақ пішін, бірыңғай түр-түрпат ретінде көрініс беретін тектілмен өзара байланыста болып келетінін айтады³. Сайып

¹ Алексеев В.П. Этногенез. – Москва, 1986. – С. 88

² Алексеев В.П. Этногенез. – Москва, 1986. – С. 72

³ Нерознак В.П. Праязык: реконструкт или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. – Москва, 1988. – С. 26-43

келгенде, этникалық бірлестіктердің типтері мен түрлерінің құрылымдық таксономия (этнос, этникос т.б.) және кеңістік шеңберінде таралуы (этникалық аймақ, аудан, ауыл т.б.) тұрғысынан жете зерттеле бастауы, этникалық бірлестіктердің тектік тұрпатын қайта қалпына келтіруге қатысты қолданылатын этногенетикалық бағыналар, түптер, бұтақтар т.б. ұғымдар этнография саласында лингвистикалық теорияларға ден қою бар екенін көрсетеді.

Халықтың этникалық қалыптасу тарихы мен сол халық сөйлейтін тілдің тарихы өзектесіп, бірге өріледі десек, алтайлық халықтардың әрқайсысының этногенезі мен алтай семьясын құрайтын әрбір тілдік бұтақтар мен тілдік топтардың, тілдік топшалар мен олардың құрамындағы жеке тілдердің қалыптасу тарихы арасындағы байланысты зерттеу – тарихи-лингвистикалық деректерге негізделген терең этимологиялық талдауларды қажет ететін айрықша ауқымды да күрделі мәселе екені сөзсіз.

«Этнос пен этнос тілі тарихи бір мезгілде, бір географиялық ортада және белгілі бір әлеуметтік жағдайда қалыптасатынын ескерсек, тілдік факторлар этностың халық болғанға дейінгі және одан кейінгі тарихын айқындауға қажет»¹, ал тарихи факторлар тілдердің тектестігін, тарихи өзара байланысын, қарым-қатынасын, бір-бірімен араласуын, бір-біріне тигізген ықпал-әсерін, анықтауға қажет дереккөз қызметін атқара алатынымен құнды.

Алтай семьясын құрайтын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей тілдерінің әрқайсысының базистік лексикасында сақталған жалпыалтайлық сөздер мен сөз тұлғаларынан тыс, алтайлық ономастикалық кеңістіктің жалпы сипатын танытатын этнонимдер, антропонимдер мен топонимдер, алтайлық ареалдың өлкелік ерекшелігін сипаттайтын диалектизмдер, жер-жерді мекендеген ру-тайпалардың, ұлыстар мен ұлттардың ата

¹ Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері// Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – Б. 52.

кәсібіне қатысты қалыптасқан кәсіби лексика, алтайлық ареалда сақталған жазу-сызу түрлері мен жазба ескерткіштер – осылардың бәрі де алтайлық этногенетикалық қауымдастықтар пен олардың тілдерінің қалыптасу тарихынан мол мағұлмат беретін тарихи-лингвистикалық деректер болып табылады.

Алтайлық халықтардың этникалық қалыптасу тарихы мен тілдерінің тарихы аралық сабақтастық «тілдік ата жұрт» туралы ғылыми түсінікке, яғни этнос (ру, тайпа, ұлыс, ұлт, халық) және оның тілі ең алғаш пайда болған тарихи-географиялық орта – «алтайлық атамекен» туралы ұғымға жетелейді.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей және жапон тілдерін біріктіретін макротілдік топтың «алтай» аталуының өзі осы семьяның атажұрты Алтай болғанын меңзейді. Бұл өңір ретінде ең соңғы мәліметтер бойынша, қазіргі Солтүстік Қытай, кезінде Хуншань мәдениетінің ошағы болған Маньчжурия территориясы көрсетіледі. Белгілі фин ғалымы Юха Янхуненнің пікірі бойынша, барлық алтай тілдері о баста Маньчжуриядан шықты. Корей түбегіне арғыжапон (протожапон) және арғы корей (протокорей) тілдерінің таралуын Маньжуриямен байланыстыра отырып, Юха Янхунен: «Корей түбегінде қатарласа өмір сүрген Когуре және Силла тілдерінің біріншісі ертежапон тіліне генетикалық жақын тіл, ал Силла тілі арғыкорей тілі болды. Осылайша корей тілінде жапондық субстрат қалыптасты» деп біледі.

Алтайтануда «алтайлық атажұрт» ұғымына қатысты «б.з. дейін Алтайды (Солтүстік Қытайды) Пазырық мәдениетін ұстанған үндіеуропалық тайпалар мекендеді, ал алтайлықтар Сібірді б.з.д. II ғ. глазов мәдениеті тұсында игере бастады» деген пікірмен қатар, «Алтай-Саян таулы қыраттары мен Енисей және Лена өзендері, Байкал көлі сияқты ірі-ірі су тораптарын қамтитын Сібір өлкесін алтай халықтарының төл мекені, ата жұрты» деп тану да орын алады¹.

«Тілдік атажұрт» ұғымы лингвистер мен тарихшылар тарапынан зерттеудің ғылыми ұғымдық аппаратына «уақыт пен кеңіс-

¹ Википедия материалдарынан // <http://wikipedia>

тік шеңберінде өзгеріске ұшырап отыратын тілдік жағдаят», «тілдің өмір сүруінің лингвоэкологиялық ортасы және лингвотарихи отан» ретінде ендірілгенімен, шынайы әрі заңды тарихи-лингвистикалық фактор тұрғысынан ғылыми дәйектемесі жеткіліксіз концепция болып саналады. Сондықтан да тек алтай тілдерінің ғана емес, үндіеуропа, славян (висло-одер, карпат, днепр, дунай), грек (кіші азия, балкан) т.б. тілдердің «атажұрты, шыққан мекені» туралы концепцияларда бір біріне кереғар, бірін-бірін жоққа шығаратын пікірлер орын алады¹.

Алтай тілдеріндегі конвергенттік типологиялық және тілдераралық қарым-қатынастың нәтижесінде пайда болған материалдық ұқсастықтардың пайда болу себептерін айқындау, алтай тілдері арасындағы типологиялық немесе материалдық жақындықтың бастау көзін анықтау – тарихи алтаистиканың өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселе өз кезегінде Еуразияның аридтық алабында (шығыста Үлкен Хинганнан батыста Волганың төменгі сағасына дейін созылған) және Ұлы Даланың солтүстігі мен оңтүстігіндегі іргелес территорияларда таралған, генетикалық тұрғыдан туыстас та, туыс емес те сан алуан тілдерді қамтитын орталық азиялық лингвистикалық ареалдың келбетін сипаттайтын ұғымдардың бірі «тілдік одақ» туралы ғылыми түсінікке барып саяды. Себебі Еуразияның далалық белдеуінде ертедегі тұрғындардың мыңжылдықтар бойына жалғасқан алғашқы тілдік ареалдарының қалыптасу процесі жүрілді, Орталық Азияның тарихи тереңінде түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, орал т.б. халықтардың қалыптасуына негіз болған көптеген тайпалық одақтар пайда болды.

Еуразияның далалық алабында дәстүрлі түрде алтай семьясына біріктірілетін түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің иран, тибет-син, орал және енисей-кет тілдерімен тығыз араласқұраластықтағы қарым-қатынасы жүзеге асты. Орталық Азия-

¹ Нерознак В.П. Праязык: реконструкт или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. – Москва, 1988. – С. 26-43

дағы барлық тілдердің (қазіргі кезде белгілі) көпғасырлық және интенсивтік қарым-қатынастары, бір-біріне тигізген өзара әсер-ықпалы иран, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур т.б. тілдердің құрылымында түбегейлі өзгерістердің пайда болуына жетеледі. Сондықтан түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур сияқты алтай тілдерінің өзара қарым-қатынасын, әсер-ықпалын, сондай-ақ олармен тарихи қарым-қатынасқа түскен орал (фин-угор және самоед), енисей, үндіиран, шығыс иран, син-тибет т.б. тілдердегі типологиялық ұқсастықтарды айқындау және олардың пайда болу себептерін, бастау-арналарын, өзіндік сипаттарын лингвомәдени, лингвотарихи, лингводеректанымдық тұрғыдан дәйектеу қазіргі заманғы алтайтанудың басты міндеттері қатарына жатады. Бұл, ең алдымен, алтай тілдерінің әр бір тобындағы интерференция құбылысын (лат. *inter*-өзара, *ferio*-тиісу – қостілділік жағдайындағы тілдердің бір-біріне әсер етуі) және әртүрлі тарихи мерзімдегі кірмеліктің көлемін, орны мен хронотопын нақты анықтау үшін қажет. Осы тұрғыдан алғанда әртүрлі деңгейдегі құрылымдық-типологиялық параллелдер қатары түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдеріне және олардан географиялық тұрғыдан сәл алшақ жатқан фин-угор, кеңірек алғанда орал тілдеріне, сондай-ақ жеке-дара оқшау жатқан корей және жапон тілдеріне қатысты *тілдік одақ* ұғымын қолдануға мүмкіндік береді¹.

Егер «Шлейхер парадигмасы» деп аталған «туыстастық діңгегі-шежіре ағаш» туралы теория тілдердің генеалогиялық классификациясын жасауда, тілдерді туыстық жақындығына қарай топтастыруда негізге алынған болса, ареалдық тығыз қарым-қатынастар нәтижесінде тілдердің жақындасуы, бір-бірімен араласуы, бір-біріне кірігуі, соның негізінде тілдік топтардың пайда болуы мүмкін екені туралы Н.С. Трубецкойдың «аллогенетикалық теориясы» тілдік қауымдастықтың, тіл бірлестігінің жаңа типі – *тілдік одақ* туралы ұғымның туындауына негіз болды.

¹ Туймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз. Изд.: КГУ, Кокшетау, 2009. – 108 с.

Н.С. Трубецкойдың пікірінше, тілдерді генетикалық тұрғыдан бір тілдік бірлестікке біріктірудің сыртында, ұзақ мерзімге созылған көршілік қарым-қатынастар мен жеке дара қатарласа, жарыса (параллель) дамудың нәтижесіндегі ұқсастықтарға қарап топтауға болады. Ол мұндай генетикалық ұстанымға негізделмеген тілдік топтарды «тілдік одақ» деп атауды ұсынады. «Ареалдық тілдік қауымдастық» деп атауға болатын тіл бірлестігінің жаңа типін айқындай отырып, Н.С. Трубецкой тілдік одақтар жекелеген тілдер арасында ғана емес, тілдік ірі-ірі макротоптар (семья) арасында да болатынын, генетикалық тұрғыдан жақын емес тілдік семьялардың өзі бір географиялық және тарихи-мәдени зонада түйісуі, қиысуы, соның негізінде тілдік семьялар одағы пайда болуы мүмкін екенін айтады¹. Демек ХХ ғасырдың 80-90 жылдарынан дәстүрлі бесмүшелі алтай теориясына, алтай семьясының құрамына, алтай семьясының ішкі тармақтарыаралық байланыстың табиғатына қатысты сыни пікірлердің негізінде кең тарала бастаған алтай тілдеріндегі ұқсастықтарды, сәйкестіктерді, ортақтықтарды ареалдық құбылыстармен, тектілдің аралас сипатымен, яғни тілдік одақпен түсіндіру ХХ ғ. басында айтылған Н.С. Трубецкойдың аллогенетикалық теориясынан, тілдік одақ туралы пікірінен бастау алады.

‘Тілдік одақ’ – қазіргі заманғы лингвистикада белгілі бір географиялық кеңістікте тілдердің ұзақ уақытқа созылған үзіліссіз және үздіксіз интенсивті қарым-қатынастарының және конвергенттік дамуының нәтижесінде пайда болған ұқсас құрылымдық, семантикалық, функционалдық және материалдық белгілермен сипатталатын ареалдық-тарихи бірлестіктің (қауымдастықтың) типі тұрғысынан сипатталады. Тілдердің ареалдық ортақтығының ерекше типі ретінде *тілдік одақ* тілдік жүйенің дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық, дискурстық деңгейлердегі құрылымдық және материалдық ұқсастықтардың, сонымен қатар лексика және фразеологиядағы белгілі бір ор-

¹ Трубецкой Н.С. Вавилонская башня и смешение языков // Евразийский временник. – Берлин, 1923. Кн. 3. – С.114

тақтықтардың жиынтығымен сипатталады. Басқаша айтқанда, *тілдік одақ* және ол тәріздес ареалдық тілдік топтар – *тілдік семьялармен* салыстырғанда екіншілік құрылым болып табылады. Біртұтас ареалда таралған және тіл деңгейлерінің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылым-құрылыстарындағы, кейбір сөзжасам моделдеріндегі ортақтықтар ортақтықтар, лексика мен семантикадағы ортақ элементтер негізінде біріктірілген тілдердің жиынтығы. Генетикалық туыстас тілдер тобына, тілдік семьяларға тән заңдылық болып табылатын тарихи-фонетикалық сәйкестіктер ареалдық тіл бірлестіктері үшін міндетті болып саналмайды. Тілдік одақтар құрамына әртүрлі тілдік семьяларға жататын туыс емес тілдер де, әртүрлі генетикалық жақындықтағы туыс тілдер де енеді. Сондықтан да тілдер тобының бұл типінің табиғаты о бастағы генетикалық туыстастықпен емес, тілдердің өзара жақындасуы құбылысымен, әу бастағы гетерогенді идиомдардың конвергенцияға ұшырауымен, Р.О. Якобсон сөзімен айтқанда ‘тілдердің туысқандай болып кетуімен’ (‘сродства’) түсіндіріледі.

Тілдік одақтар өте ертеден, бұрыннан немесе тарихи жақын мерзімдерден қазіргі кезге дейін жалғасып келе жатқан әр алуан типтегі тілдік және этникалық контактілердің белсенді үдерістерінің нәтижесінде қалыптасады. Шығу тегіне қарай әртүрлі тілдік семьялар мен тілдік топтарға, топшаларға топтастырылатын тілдерді *тілдік одақтарға* бірігуге жетелейтін конвергенция тек өте тығыз тілдік және этномәдени қарым-қатынастар барысында жүзеге асады. Сондықтан да *тілдік одақтар* ортақ тілдік элементтердің болуымен ғана емес, сонымен қатар әртүрлі тілдерде сөйлейтін халықтардың рухани және материалдық мәдениетінің төлума болмысын танытатын белгілердің жиынтығынан тұратын әр ареалға тән өзіндік ерекшеліктерді де қамтиды.

Алтайтану ғылымындағы неоалтаистикалық бағыт өкілдері (Н.И. Егоров, А.А. Чеченов, Ж.К. Түймебаев) Орталық Азиядағы бірқатар тілдер мен тілдік семьялардың мыңжылдықтар бойына

жалғасқан қарым-қатынастарының барысында, перманенттік конвергенцияның нәтижесінде пайда болып, тарихи қалыптасқан этнотілдік қауымдастықты атау үшін **Тұран тілдік одағы** терминін қолдануды ұсынады және 'Тұран тілдік одағы' мәселесі тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы-типологиялық, ареалдық-географиялық әдіс-тәсілдер мен тілдік фактілерді контактологиялық талдау амалдарының синтезін қолдануды қажет ететін күрделі лингвистикалық нысан болып табылатынын айтады.

Тұран тілдік одағының қалыптасуына жетелеген шешуші факторлар ретінде: 1) иран, түркі, моңғол тілдерінің тарихи ұзақ уақытқа созылған өзара, сонымен қатар син-тибет, урал және т.б. тілдермен қарым-қатынастарын, ықпал-әсерлерін; 2) бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуші тілдердің әу бастағы типологиялық ұқсастықтары мен генетикалық тектестігін; 3) этномәдени, шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік-саяси мазмұндағы тарихи жағдайларды; 4) тілдердің тарихи дамуына тигізетін терең субстраттық және үстіңгі адстраттық катализаторлардың әсерін атайды¹.

XXI ғ. басында алтайтану саласында 'Тұран тілдік одағының' манифестациялануын және оның тарихын зерттеудің археологиялық, тарихи және тілдік білімдер интеграциясына, ареалдық, компаративтік, контактологиялық, контрастивтік бағыттағы зерттеулердің тоғысына негізделген перспективасының айқындалуын алтай тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу барысында туындаған теориялық және методологиялық қиындықтармен, дәстүрлі алтаистикалық көзқарастар жүйесін концептуалдық тұрғыдан қайта бағдарлау және өткен ғасырлардағы ғылыми жетістіктерді шығармашылықпен қайта қарау мен қайта бағалауды талап етіп отырған заманауи проблемалармен түсіндіруге болады.

¹ Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Тұранский языковой союз. – Кокшетау: Изд. КГУ, 2009. – С.13-14

«Тұран тілдік (этнолингвомәдени) одағы» манифестациясы – Ресей, Қытай, Қазақстан, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжан, Түркия, Иран т.б. елдеріндегі шығыстанушы, алтайтанушы, түрколог, моңғолтанушы, иранист т.б. мамандардың қызығушылығын тудырып отырған аса ауқымды ғылыми жаңа докторина ғана емес, қазіргі заманғы этностараралық, тілдераралық, діндераралық қарым-қатынастардағы өзара ықпалдастық пен ынтымақтастық, мәмлелерлік пен келісімге келушілік мәселелеріне тікелей қатысы бар көптеген өзекті мәселелерді қарастыруды дiттейтiн ғылыми жоба. Себебі әртүрлі тілдер мен әрқилы мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасу заңдылықтары мен нәтижелерінің тарихи түп-тереңіне үңілу – Еуразия құрлығында орналасқан елдерде қоғамдық-саяси және азаматтық көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ат салысатын, мемлекеттік тіл саясатын жүргізетін, мемлекеттераралық қарым-қатынастарды жүзеге асыратын дипломат, саясаткер, аймақтанушы, дінтанушы т.б. мамандар үшін маңызды мәселе екені сөзсіз.

«Тұран тілдік (этнолингвомәдени) одағы» манифестациясы ХХІ ғ. алтайтану ғылымының алдына Қаратеңіз, Қырым және Кавказдан басталып, батысында Волганың орта сағасы, Орталық Азия және Ауғанстан территориялары арқылы Сібірге және Моңғолияға ұласатын, онан әрі шығыста Тибетке дейін жалғасып жатқан Орталық Еуразияның әртүрлі регионьнда тарихи әрқилы дәуірлерде орын алған және қазірде интенсивті жүріліп отырған этнотілдік және мәдени контактілердің көне және қазіргі заманғы типтерін пәнаралық деңгейде кешенді зерттеу міндетін қояды.

Алтайтанудың дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып, дамуының тiндiк өзегiн ‘алтай гипотезасы’ немесе ‘алтай теориясы’ деп аталатын алтай тiлдерiнiң генетикалық туыстық байланысына қатысты ғылыми идеялар мен көзқарастардың, тұжырым-пiкiрлердiң жиынтығы құрайды.

ХХ ғ. басында түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей сияқты тілдік топтардың тіл ортақтығын, өзара байланысын,

бір-біріне қатысын зерттейтін компаративисттік алтаистиканың қалыптасуына арқау болған ‘алтай теориясы’ өз бастауын XVIII ғасырдың бірінші жартысында пайда болған орал-алтай тіл білімінен, орал-алтай семьясын құрайтын тілдердің генеалогиялық классификациясын жасауда негізге алынған ‘орал-алтай гипотезасынан’ алады. А.М. Щербак: ‘алтай гипотезасының (resp. орал-алтай) кең таралуына түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің құрылым-құрылысының барлық деңгейін (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік) қамтитын таза лингвистикалық мәліметтерді ‘әу бастағы бір ғана баба тілге’, яғни болжам ретіндегі ‘алтайлық тектілге’ барып саятын генеалогиялық туыстықтың кепілі ретінде қабылдау, сондай-ақ фин-угор тіл әлемінің шет-шекарасын кеңейтуді көздеген субъективтік факторлар әсер етті’ дейді¹.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында швед офицері Йоганн фон Страленберг Ресейдің шығыс бөлігін және Сібірді, Қаратеңіз бен Каспий теңізінің аралығын мекен еткен көптеген халықтарды тілдік тұрғыдан ‘татар’ деген жалпы атауға біріктіріп, оларды іштей: 1) уйғырлар, яғни фин-угор халықтары, барабиндер және гундар; 2) түркі – татарлар; 3) самоедтер; 4) моңғолдар және манджурлар; 5) тұңғыстар; 6) Қаратеңіз және Каспий теңізінің аралығында өмір сүретін тайпалар деп 6 топқа жіктейді².

Йоганн фон Страленбергтің ‘татар’ тобына біріктірген тілдер арасындағы ‘генетикалық туыстық байланыс’ туралы идея кейіннен ‘орал-алтай гипотезасы’ деп аталды және оны зерттеу ісі Р.Раскының ‘скиф тілдері’, М.Мюлердің ‘Тұран тілдері’ туралы сипаттамалы-салыстырмалы еңбектерінен басталып, В.Шотт, М.А Кастрен, Ф.Е.Видеман, О.Бётлинг, Г.Винклер, Е.Д.Поливанов, Г.И.Рамстедт, Б.Коллиндер т.б. оралтанушы-алтаист ғалымдардың зерттеулерінде жалғасын тапты.

¹ Щербак А.М. О методике исследования языковых параллелей (в связи с алтайской гипотезой). – С.271

² Strahlenberg F. Der Nord und Östlich Theil von Europa und Asia, von Philipp von Strahlenberg. – Stockholm, 1730.

Расмус Раск «скиф тілдері» деп атаған топқа Гриландияда, Солтүстік Америкада, Азия және Еуропаның солтүстік бөлігінде, Кавқазда таралған тілдерді, сонымен қатар Испания мен Галлиядағы ежелгі тілдерді (үндіеуропалықтар қоныстанғанға дейінгі) жатқызды. Ол топ моңғол, тұңғыс, түркі, фин-угор (оралдық), самоед тілдерінің сыртында эскимостардың, полиазиаттықтардың, кавқаз халықтарының, Испания мен Еуропада жойылып кеткен яфеттік тұрғындардың тілдерін қамтыды¹

Ал Макс Мюллер көптеген тілдердің аглютинативтік сипаттамасын негізге ала отырып, Страленберг пен Раск атаған топтарға сиам, тибет, дравид, малай тілдерін қосты және бұл топты гипотезалық тұрғыдан 'түркілердің отаны' саналатын Ішкі Азияның бір бөлігі – Тұран атауына байланысты «Тұран тілдері» деп атады. Аса ауқымды территориядағы сан алуан тілдерді қамтыған, әрі үндіеуропа тілдері, немесе семит тілдеріне қарағанда тілдік белгілері нақты айқындалмаған 'Тұран тілдерін' зерттеуде М.Мюллер өзгеше әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттігін айтты. М.Мюллер тіл феноменіне саяси сипат дарытып, үндіеуропа мен семит тілдерін *political languages*, Тұран тілдерін тек 'көшпенділердің тілдері' (*nomadic languages*) деп атады және Nomadic тілдердің арасындағы байланыс *political* тілдерге қарағанда әлсіз деп білді. Сондықтан ол Nomadic тілдерге қарасты 'тілдік семья' терминін сирек қолданды, оның орнына 'тілдік топ' деген терминге жиі жүгінді². Жалпы алғанда, М.Мюллердің Тұран тілдері жайлы көзқарасы нақты да айқын болмады және лингвист компаративистер тарапынан қолдау таппады. М.Мюллер тұсында 'Тұран тілдері' тобына жатқызылған тілдердің зерттелу деңгейі де төмен болды

«Орал-алтай гипотезасының» салыстырмалы-тарихи тұрғыдан негізделуі 19 ғ. 30 жылдары жарық көрген неміс ориенталистісі

¹ Rask R.K. Den skitiske Sproget. – Kopenhagen, 1834.

² Max Muller, *Essays I*, Leipzig, 1869. *The languages of the Seat of War in the East, With a Survey of three families of languages, Semitic, Arian, and Turanian.* – London-Edinburgh-Leipzig, 1855.

В.Шотт (1802-1889) зерттеулерінен басталады. В.Шотт 1836 жылы Берлинде жарық көрген ‘Versuch uber die tatarschen Sprachen’ (‘Татар тілдерін зерттеу тәжірибесі’) атты еңбегінде орал-алтай тілдеріне ‘алтай’ немесе ‘чуд-татар тобы’ деген жалпы атау бере отырып, іштей : Орал тілдері (фин-угор және самоед); Түркі тілдері; Моңғол тілдері; Тұңғыс-маньчжур тілдері деп төрт ірі тілдік топқа бөлді.

В. Шотт туыстық байланысы жағынан ең жақын тілдерге самоед пен фин-угор тілдерін жатқызып, оларды ‘Финдық’ немесе ‘Чудтық’ деп, ал түркі, моңғол, маньчжур-тұңғыс тілдерін ‘Татар тілдері’ деп атайды және ‘чуд-татар тобы’) тілдерінің әртүрлі тармақтары өзара жақындық дәрежесі бойынша сатылана байланысады деп білді, түркі, моңғол, тұңғыс тілдерінің өзара байланыстарына көп көңіл бөлді.

«Алтай тілдері» терминін XIX ғ. орта шенінде ғылыми айналымға енгізіп, Шығыс Еуропа мен Сибирде таралған типологиялық тұрғыдан бір біріне жақын болып келетін көптеген тілдердің атажұртын ‘Алтаймен’ байланыстырған, фин, самоед, тұңғыс, түркі, моңғол тілдерінің туыстық байланысын ғылыми негіздеуді көздеген алғашқы зерттеулер аса көрнекті оралтанушы-алтаист М.А.Кастреннің еншісіне тиеді. М.А.Кастрен ‘Алтай тілдері’ деп атаған тілдік топты іштей: 1. Орал тілдері (фин-угор және самоед тілдері); 2. Алтай тілдері (түркі, моңғол және маньчжур-тұңғыс тілдері) деп екіге бөледі және «Орал-алтай мәселесінде мен үнемі моңғолдарға немесе татарларға барып тірелемін. Менің бұл тілдердің өз арасындағы және олардың фин, самоед тілдерімен ұқсастығын дәлелдегім келеді. Татар (түркі) және моңғол тілдері арасында туыстық байланыс бар екені күмәнсіз, бірақ оны дәлелдеп шығу үшін көп уақыт пен қажырлы еңбек қажет» деп түркі және моңғол тілдерінің өзара туыстық байланысына айрықша назар аударады¹.

¹ Castren, M.A., „Über die Personalaffixe in den Altaischen Sprachen, *Kleinere Schriften*, St. Petersburg, 1862. Castren, M.A., *Reiseberichte und briefe aus den Jahren 1845-49*, St. –Petersburg, 1856.

А.М. Кастрен ғылыми айналымға енгізген ‘алтай’ ұғымы екі түрлі мағынада қолданылады: А.М.Кастрен зерттеулеріндегі ‘алтай’ – ‘орал-алтай тілдері’ деген мағынаны білдіретін болса, қазіргі кезде ‘алтай тілдері’ деген атау түркі, моңғол, маньчжур-тұңғыс, корей және жапон тілдеріне қатысты қолданылады¹

В.Шотт, М.А. Кастрен еңбектері ‘Алтай гипотезасының (Орал-алтай)’ жүйелі түрде ғылыми тұрғыдан зерттелуіне жол ашты. Лингвистер фин-угор-самоед немесе моңғол-тұңғыс-түркі топтарындағы фонетикалық және морфологиялық сәйкестіктерге қызығушылық танытты, олардың арасындағы туыстық байланыстың алыс-жақындығын зерделеуге, соның негізінде алтай тілдері классификациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге талпынды. Мәселен, Г. Винклер орал-алтай тілдерін 2 бөлді: бірінші топқа фин-угор-самоед-тұңғыс-жапон тілдерін, екінші топқа моңғол-түркі тілдерін жатқызады. Ол маньчжур тілі жапон мен фин-угор-самоед тілдері арасындағы байланыстырушы ‘көпір’ қызметін атқарады, тұңғыс тілі басқа тілдерге қарағанда фин-угор тілдеріне қарағанда жақын деп білді².

М.А.Кастреннің замандасы О.Н.Бетлингтен басталған жапон тілін орал-алтай тілдері тобына қосу мәселесі тек Г. Винклер зерттеулерінде³ көрініс беріп ғана қойған жоқ, кейіннен Е.Д.Полливанов, Г.Й.Рамстедт зерттеулерінде алтай тобының корей-жапон бұтағына байланысты қайта жаңғырып, С.А.Старостин, Н.А.Сыромятников, Э.Г.Азербайев, С.Е. Мартин т.б. алтайтанушы лингвистер тарапынан қолдау тапты.

XIX және XX ғасырлар тоғысында оралтанудан іргесін ажыратып, ғылыми дамудың дербес жолына түскен қазіргі заманғы компаративистикалық алтаистиканың негізін фин ғалымы Г.Й. Рамстедт салды. Ол орал және алтай тілдері арасындағы

¹ Poppe N. Introduction to altaic linguistics. Otto Harrassowitz. –Wiesbaden, 1965. – S.127

² Winkler H.. Uralaltaische Volker und Sprachen. Berlin, 1884; Das Ural-altaische und seine Gruppen. – Berlin, 1886.

³ Winkler H. Der ural-altaische Sprachenstamm, das Japanische. – Berlin, 1909

туыстық байланысты туралы пікірлерге қарсы болды және алтай тіл бірлестігінің құрамын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур сияқты негізгі тілдік топтармен, сондай-ақ корей және жапон (көне жапон) тілдерімен шектеп, бұл тілдер арасындағы байланысты генетикалық туыстықпен дәйектеді.

Алтай тілдерінің шығу тегін бір негізден – жалпы Арғы алтай тілінен өрбіткен Г.И. Рамстедт постулаты Н. Поппенің, Б.Я. Владимирцовтың салғастырмалы-салыстырмалы және салыстырмалы-тарихи зерттеулері барысында одан әрі жетілдіріліп, ендігі жерде алтай тілдерінің тармақаралық байланыстарының жақындық деңгейін айқындауға, Арғыалтай тілінен түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің қайсысы ең алдымен бөлініп шықты деген мәселелерге көңіл қойыла бастады. Мәселен, Б.Я.Владимирцов: «Түркі және моңғол тілдері өзара өте жақын туыстық байланыста болып келеді. Олардың тегі о бастағы ортақ тіл – жалпы моңғол-түркі тектіліне, ал жалпы моңғол-түркі тектілі мен қазіргі тұңғыс-маньчжур тілдерінің арғы ататегі ретіндегі жалпы тұңғыс-маньчжур тектілі екеуі алтай тектіліне барып саяды»¹, -деп көрсетеді.

Н.Поппе алтай тілдерін Г.И.Рамстедттің ізімен *моңғол тілдері, тұңғыс-маньчжур тілдері, чуваш-түркі тілдері және корей тілдері* деп топтайды². Н.Поппе алтай тілдерін құрайтын топтардың әрқайсысын

іштей жіктеп, санта, моңғур, дагур, могол, ойрат, бурят, могол, халха, дариганга, чахур, урат, харчин-түмүт, хорчин, ужимчин, ордос тілдерін моңғол тобына; жучен, манчу, голди, улча, орочи, ороки, удэхэ тілдерін маньчжур тобына, нэридал, эвенк, ламут, солон тілдерін тұңғыс тобына жатқызады. Түркі тілдерін чуваш тілі және түркі тілдері тобы деп екіге бөліп, түркі тілдерін іштей якут

¹ Владимирцов Б. Я. Об отношении монгольского языка к индо-иранским языкам средней Азии // Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее Российской Академии наук. Т.1. – Ленинград, 1925.

² Poppe N. Introduction to altaic linguistics. Otto Harrassowitz. – Wiesbaden, 1965. –S .146

тілі, тува-хакас тобы, қыпшақ тобы, шағатай тобы, түркмен тобы деп топтастырады және алтай тілдеріне жатқызған тілдік топтар мен тілдерге арнайы тоқталып, олардың әрқайсысына жеке-жеке лингвистикалық сипаттама береді¹. Сондай-ақ алтайлық негіз тіл – тектілдің бөлінуі туралы Н.Н.Поппе: ‘алтайлық негіз тіл – тектілден ең алдымен түркілік тектіл бөлініп шықты, ал моңғол және тұңғыс – маньчжур тілдері бір тектіл құрамында ұзақ уақыт бірге дамыды’ – деген пікір айтады².

Алтайтанудың орал-алтай тіл білімі құрамында, кейіннен дербес ғылым саласы ретінде даму барысында оралтанушы және алтайтанушы ғалымдар ұсынған үлгілер мен топтастыруларға сүйене отырып, Н.А.Баскаков орал – алтай тіл ортақтастығын: орал тілдері және алтай тілдері деп екі ірі макротопқа бөледі, олардың әрқайсысының ішкі классификациясын ұсынады: I. **Орал семьясы.** 1. *Фин-угор бұтағы*: фин тобы; угор тобы. 2. *Самодий (самоед) бұтағы*: самоед тобы; юкагир-эскимос-алеут тобы. II. **Алтай семьясы.** 1. *Түркі-моңғол бұтағы*: түркі тобы; моңғол тобы. 2. *Тұңғыс-маньчжур бұтағы*: тұңғыс тобы; маньчжур тобы. 3. *Жапон-корей бұтағы*: жапон тілі; корей тілі³.

Н.А.Баскаков алтай тілдерінің іштей тарамдала, жеке дара дамуы алтайлық ру тайпалар мен ұлыстардың тарихи бірігуі мен тұтасуы, қайтадан бөлінуі процестерімен қатар жүрілгендігіне назар аударады және алтайлық тілдік бұтақтардың ішкі жіктелісі туралы былай дейді: «Рулар мен тайпалардың, тайпалық одақтардың өзара бірігуі мен біртұтастануы, ол тұтастықтың қайтадан тарамдала бөлінуі барысында алтай тілдері алдымен, *түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур* және болжамдық тұрғыдағы *жапон-корей* сияқты үш негізгі тілдік бұтақтарға ажырады. Ары

¹ Poppe N. Introduction to altaic linguistics. Otto Harrassowitz. – Wiesbaden, 1965.

² Poppe N. Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen. T.1: Vergleichende Lautlehre. – Wiesbaden, 1960.

³ Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – Москва, 1981. – С.14-16.

қарайғы тұтастану процесінің нәтижесінде *түркі-моңғол* бұтағы – кейіннен *батыс хун* және *шығыс хун* болып екі жарылған *түркі тілдері тобына* және іштей ойрат-қалмақ, халха-моңғол, бурят және моңғол болып бөлініске түскен *моңғол тілдері тобына* ажырады. *Тұңғыс-маньчжур* бұтағы – эвенк және нанай-голд бөлімшелерінен тұратын *тұңғыс тобына* және *маньчжур тобына* (маньчжур және чжурчжень) бөлінді. Ал жапон және корей тілдерін біріктіретін *жапон-корей бұтағы*, ғалымдардың айтуынша, алтайлық диалектілердің көршілес тілдермен (алтай тілдеріне жатпайтын) аралас-құраластығының нәтижесінде пайда болған. Сондықтан да алтайтану саласындағы салыстырмалы-тарихи зерттеулер негізінен түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерімен шектеледі де, оралтануда юкагир-эскимос-алеут тобының жеке зерттелетіні сияқты жапон-корей ортақтығын өзінше оқшау қарастыру үрдісі орын алады»¹.

Түркі, моңғол, тұңғыс маньчжур тілдерінің генеалогиялық тектестігі мәселесі, яғни ‘Алтай гипотезасы’ алтайтанушы лингвистер арасында алтай тілдерін бір негіз-тілден өрбітетін дәстүрлі алтаистикалық, алтай тілдеріндегі материалдық ортақтықты осы тілдердің көп ғасырлық тығыз қарым-қатынасынан іздестіретін антиалтаистикалық, сондай-ақ алтай тілдерінің өзара генетикалық байланысын жоққа шығармағанымен, Орталық Азия ареалында тарихи қалыптасқан тілдік одақтарды тереңдеп зерттеудің алтай тіл бірлестігі проблематикасына тікелей қатысы бар маңызды мәселе екенін зерттеудің күн тәртібіне қойған неоалтаистикалық көзқарастардың қалыптасуына жетелеген басты теориялық концепция болып саналады.

Г.И. Рамстедт, Н.Н. Поппе, Б.Я. Владимирцов, Е.Д. Поливанов, сияқты компаративистикалық дәстүрлі алтайтанудың негізін қалаған ғалымдар және олардың ізбасарлары (Н.А. Баскаков, П. Аалто, О. Прицак, К.Г. Менгес, В.И. Цинциус, В.М. Илич-Свитыч, М.Р. Федотов, С.А. Старостин т.б.) алтай тілдерінің

¹ Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – Москва, 1981. – С.14-16.

генетикалық туыстастығы туралы тұжырымдаманы (концепция) алтай тілдік топтарыаралық деңгейде анықталған фонетикалық және морфологиялық сәйкестіктер мен жалпыарғы-алтайлық тұлғалардың реконструкциясын жасау бағытындағы этимологиялық зерттеулер негізінде дәйектейді.

Салыстырмалы алтай тіл білімі және моңғолтану салаларының дамуына айрықша үлес қосқан В.И.Котвич түркі, моңғол және тұңғыс тілдерінің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық деңгейлерінде орын алатын ұқсастықтар мен сәйкестіктердің жалпы көлемі пайызға шаққанда: түркі-моңғол тілдері тобы мен тұңғыс-маньчжур тілдері арасында 10% лексикалық, 5% морфологиялық, ал түркі және моңғол тілдері арасында 25% лексикалық, 50% морфологиялық сипатта болып келетінін айта келе, алтай тілдері семьясының негізін генетикалық емес, типологиялық ұқсастықтар құрайды деп біледі¹

В.И.Котвичтен басталатын алтай тілдерін типологиялық тұрғыдан зерттеу – алтайтанудағы айрықша маңызды бағыттардың бірі. Өйткені типологиялық ұқсас тілдер ретінде алтай тілдері бір ғана тектілге барып саятын генетикалық тілдік бірлестікті құрайды деп санауға болады. Алтай тіл бірлестігін құраушы тілдер арасындағы типологиялық ұқсастықтарға: сингормонизм заңдылығының орын алуы; сөздің басқы шенінде бірнеше дауыссыздардың қатар келмеуі; түбір-негіздің біршама тұрақтылығы; сөздердің аглютинативтік тәсіл арқылы жасалуы және түрленуі; атау септігінің полифункционалдық қызмет атқаруы; род категориясының жоқтығы; тәуелдік категориясының болуы; септік парадигмасының аксиалдық сипатта болып келуі; көптік (жинақтық) мағынаның жекеше тұлғада кездесуі; сұраулық демеуліктің болуы; бағыңқының басыңқының алдында келуі (конструкция); нақты нысанның табыс септігімен көмкерілуі; сан және сын есімдер анықтауыш қызметін атқарғанда өзінен кейінгі сөзбен қиыса байланыспауы; есім, есімше мен көсемшелі конструкциялардың көмегімен жасалатын сөйлемдерде бағыңқы сөйлемдердің ана-

¹ Котвич В.И. Исследование по алтайским языкам. – Москва, 1962. – С.351

логтарының кездесуі сияқты тілдік құбылыстарды жатқызуға болады¹.

Й.Бенцинг, Д.Шинор, Г.Дерфер, А.М.Щербак, Б.А.Серебренников, Г.Д.Санжеев, Л.Лигети, Дж.Клоусон, А.Ронаташ т.б. алтай тілдеріаралық өзара кірмелікті дәстүрлі алтаистикалық концепцияға қарсы қоятын антиалтаистикалық бағыт өкілдері: ‘Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және жапон, корей тілдерін жорамал түріндегі алтайлық тектілдің ‘мұрагерлері’ деп санауға болмайды. Олардың арасындағы дәстүрлі алтаистика айқындаған материалдық ортақтықтарды компаративтік тұрғыдан тереңдеп зерттеп, жете тексерген жағдайда ұқсастықтар мен сәйкестіктердің, ортақтықтардың барлығы дерлік бір тілден екінші тілге енген бір жақты кірме, немесе өзара кірме, я болмаса бір тілден келесі бір тілге, немесе керісінше неше мәрте қайталана енген кірме элементтер болып шығады’ деген көзқарасты жақтайды.

Алтайлық ареалда әрқилы тарихи дәуірлерде әртүрлі деңгейде орын алған этнолингвомәдени сипаттағы контактологиялық процестерді кірмелік теориясымен ұштастыратын неоалтаистикалық бағыт өкілдері жалпыалтайлық негіз тіл туралы постулат өз шешімін табу үшін, ең алдымен көне, өте көне, ерте, өте ерте дәуірлерден келе жатқан кірме элементтерді толық анықтап алу қажеттігін алға тартады.

Сонымен қазіргі заманғы алтайтану саласында алтай тіл бірлестігінің құрамы негізінен түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және жапон, корей тілдері сияқты бес тілдік топпен шектеліп, салыстырмалы – тарихи зерттеулердің нысанына осы тілдер арасындағы ұқсастықтар мен сәйкестіктер, ортақтықтар алынады. Әйтседе түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур және жапон-корей тілдерінің материалдық жақындығын о бастағы тектілдік негізден, типологиялық ұқсастықтардан және тілдераралық қарым-қатынастан іздестіретін ғылыми-көзқарастар қайшылығы күні бүгінге дейін толастамай келеді. Пікір қайшылығы алтайлық 5 тілдік топтың өзара жақындық қатысына, жекелеген тілдік бұтақтара-

¹ Языки мира: Тюркские языки. – Москва, 1996. – С.8

ралық өзара байланыстың табиғатына, алтай тілдерінің ата жұртын-төл отанын анықтауға, жалпыалтайлық ортақ тілдің өмір сүрген хронологиялық дәуірін тоқтатуға, жалпы арғы алтайлық формаларды қайта жаңғыртуға, тілдік кірмелік құбылысының екі жақты, үшжақты бағыттарына т.б. мәселелерге байланысты да орын алады. Мәселен, ХХғ. 80-90 жылдары көрініс берген Пол Бенедик, Юха Янхунен, Г.Дерфер, С.Е.Мартин, А.Вовин, В.И.Рассадин, А.А.Бурыкин сияқты алтаистердің ой-тұжырымдарына кеңінен тоқтала келіп, Грит Серпент:¹

Жапонтанушылар арасында Пол Бенедиктің жапон тілінің австронезийлік шығу тегі туралы пікірінің дәйексіздігі С.А.Старостин, К.Крипс тарапынан қатал сынға ұшырағанына қарамастан, 'жапон тілінің австронезийлік те, алтайлық та тілдермен генетикалық байланысының жоқтығы және бұл тілдердің жапон тіліне әсері субстраттық және адстраттық құбылыстардың нәтижесі' екені туралы теорияның кеңінен тарала бастауын;

Алтайлық тілдік одақтың төл отаны деп Маньчжурияны көрсету, жапон тілін алтайлық тілдерге қатысы жоқ, дербес жапон-рюк тілдік семьясына жатқызу, 'жапон тіліндегі моңғол және тұңғыс тілдерінен енген кірме элементтерді алтайлық тілдік одақ тұсындағы құбылыс' деп тану, моңғол-тұңғыс-маньчжур бұтағын жеке дербес тілдік семья деп қарастыру сияқты мәселелердің көтерілуін (фин лингвисті Юха Янхунен);

Антиалтаистикалық бағыттың белді өкілдерінің бірі Г.Дерфердің ХХғ. 90 жылдары түркі-моңғол-тұңғыс-маньчжур бағытындағы біржақты тілдік кірмелік туралы позициясын қайта қарап, 'түркі тілдерінде тым көне моңғолдық, моңғол тілдерінде өте ертедегі тұңғыстық, ал моңғол-тұңғыс тілдерінде самодейлік тілдік кірмелік қабаттардың орын алатынын мойындауын;

Жапон-корей туыстастығын жақтайтын С.Е. Мартиннің бұл тілдік бұтақты тұңғыс тілдерімен салыстырудың қажеттігі туралы пікірінің қолдау тауып отырғанын;

¹ Great Serpent. Altaic languages // http://Community.Livejournal.com/terra_linguarum. 2005. – 03.08.

А.Вовиннің алтай семьясының бес тілдік тармақтық құрамынан бас тартып, оның тек 'шығыс алтайлық' бұтағына енетін тілдер туыстығын (жапон-корей-тұңғыс-маньчжур)' жақтауын;

А.А.Бурыкиннің 'алтайлық бестармақтық тілдер тобы аралық туыстық байланысты дәлелдеуге болатыны, бұл тілдер қатарына нивх тілін де қосуға негіз бар екені' туралы пікірін;

В.И.Рассадиннің 'алтай семьясын тек түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжурлық құраммен қалдыру, онда да түркі және тұңғыс-маньчжур тармақтары аралық туыстық байланыстың түркі-моңғолға қарағанда біршама жақындығы' туралы көзқарасын ХХІ ғасыр қарсаңында алтайтану ғылымында орын алған маңызды тұжырымдамалар ретінде атап көрсетеді.

Мұндай алтайтанудың басты, ең негізгі проблемаларына қатысты қызу пікірталастар, негізгі ұстанымдар және олардың уәжділігі, әр бағыт өкілдері тарапынан жасалған ұсыныстар мен келтірілген дәлелдердің, пікір-пайымдаулардың сапасы мен тиімділігі мәселелері – аргументация теориясы (ХХІ ғ. тіл біліміндегі жаңа бағыт) тұрғысынан түсіндірілетін дәйектемелік сараптаманы қажет етері сөзсіз.

ХVІІІ ғ. басында 'алтай гипотезасы' (кеңірек алғанда орал-алтай) деген атпен белгілі болған түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және фин-угор, самоед тілдерінің генетикалық туыстастығы туралы идеяның – ғылыми жорамалдың ХХ ғасырдың орта тұсынан бастап түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және жапон-корей тілдерінің туыстастығын негіздеуді көздеген 'алтай теориясы' аталатын 'әртүрлі деңгейдегі, аса ауқымды лингвистикалық материалдарды қамтыған, ғылыми фактілермен дәйектелген ғылыми білімге айналуының'¹ нәтижесінде алтайтану ғылыми-теориялық және методологиялық тұғырнамасы жетілген салыстырмалы-тарихи сипаттағы дербес пән деңгейіне көтерілді.

¹ Кызласов И.Л. Археологический взгляд на проблему первоначального единства алтайских народов//Еуразияшылдық идеясы контексіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы. – Астана, 2009. – Б.36

Кез келген ғылым саласы тәрізді алтайтану да өз басынан қалыптасу, даму, тоқырау және қайта өрлеу кезеңдерін басынан өткерді десек, бір ғасырдан астам уақыт аралығында жинақталған аса ауқымды ғылыми зерттеулерге, қордаланған ғылыми білімге сүйене отырып, алтайтану ғылымының қалыптасу, даму кезеңдерін былайша жіктеуге болады¹:

1. Эмприкалық материалдардың жинақталу кезеңі.

2. Орал-алтай теориясының қалыптасу, даму және құлдырау кезеңі, яғни ХІХ ғасырдың бірінші жартысында В.Шотт, А.Боллер, М.А.Кастрен т.б. ғалымдардың орал және алтай тілдерінің жекелеген топтары арасындағы туыстық қарым-қатынасты болжаған алғашқы тәжірибелік зерттеулерінің пайда болуымен, алтай гипотезасының, кеңірек алғанда орал-алтайлық ғылыми жорамалдың күн тәртібіне қойылуымен, жинақталған эмпирикалық лингвистикалық материалдардың ғылыми айналымға түсе бастауымен сипатталады;

3. Дәстүрлі немесе ортодоксалдық алтаистикалық кезең классикалық алтаистикалық бағыттағы ғылыми зерттеулермен қатар түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің генетикалық туыстастығы туралы 'алтай гипотезасына' деген скептикалық көзқарастағы ғылыми зерттеулердің пайда болуымен сипатталады.

4. Дәстүрлі алтаистикалық еңбектерде айқындалған жалпы құрылымдық элементтерді осы тіл иелерінің тығыз әрі ұзақ мерзімдік қарым-қатынастарының нәтижесі деп танудың барысында ХХ ғ. екінші жартысында классикалық алтаистика дағдарысқа ұшырап, екі жақты тілдік кірмелік теориясы белең алады, компаративтік алтаистиканың дамуында жаңа кезең басталады. Бұл кезеңді неоалтаистиканың қалыптасу кезеңі деп санауға болады.

5. Алтаистика дамуының қазіргі кезеңі алтаистикаға деген қызығушылықтың қайта оянуымен, ортодоксальдық және неоалтаистикалық бағыттардың қатарласа орын тебуімен, яғни алтай-

¹ Түймебаев Ж. Становление и развитие алтайской теории и алтаистики. –Туркестан, 2006. – С.7-10

лық контактология мен салыстырмалы-тарихи алтаистикаға қатысты зерттеулердің қайта жаңғыруымен сипатталады.

Алтаистиканың қалыптасуы мен дамуындағы осындай кезеңдерде зерттеудің күн тәртібіне қойылған теориялық проблемалардың шешілу жағдайын түркология, моңғолтану, тұнғысманьчжуртану салаларындағы қол жеткізген нәтижелермен, жапон-корей тілдерін 'алтаистикалық' контексте қарастыруға қатысты жетістіктермен сабақтастыра қараудың маңызы зор. Бұл алтаистика ғылымының өткенін қорытындылап, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерін анықтап, алдағы міндеттерін айқындап алуға, соның негізінде алтаистикалық зерттеулердің жаңа ғасырда сапалық жаңа деңгейге көтерілуіне белгілі дәрежеде ықпалын тигізері сөзсіз.

Алтаистикалық зерттеу нәтижелері мен тарихи деректер түркі тілдері тарихының «таза түркілік қабаты» көне түркі дәуіріне (ерте орта ғасыр) дейінгі даму жолын бағдарлауға мүмкіндік береді:

Ирандықтардың прототүркілермен өте жақын араласуы, яғни ассимиляцияға ұшырау процесі басталады; прототүркілік стандарт Z-тілінде шығыс ирандық субстраттық қабат қалыптасады, соның нәтижесінде б.э.д. VIII-VII ғ. Моңғолияның барлық даласында басым позицияда көрініс берген оғур-булгар-чуваш типіндегі R-тілі қалыптаса бастайды;

Б.э.д. VII-IV ғ. түркілік Z-диалектілерінің оғурлық R-тілінің булгар-чуваш типімен ассимиляциясы жүре бастайды: б.э.д. IV-III ғ. Тарих аренасына R-тілді түркі тайпалары шығады. Көне қытай дереккөздерінде сюннү, дунху т.б. политонимдермен белгілі стандартты түркілік диалектілерде сөйлеген тайпалар біртіндеп моңғол даласының оңтүстік-батысы мен солтүстік-батысына ығысады;

Б.э.д. III ғасырынан б.э. II ғасыры аралық мерзімде Орталық Азияда сюннү және онымен туыстас ухуани, сяньби, мужун, жуань-жуани т.б. тайпалары басым күшке ие болады; Б.э. II ғасырында далада қуаңшылық басталып, сюннүлер Империясы

құлайды да сюннү тайпаларының басым көпшілігі батысқа қарай – Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Арал бойы, одан әрі Жайыққа, оңтүстік орыс даласына, Дунай жағалауларына дейін қоныс аударады;

IV – V ғ. қуаңшылық аяқталып, Орталық Азияны негізінен Z-тілді түркі тайпалары мекендей бастайды. Осылайша Ұлы Далада көне түркі дәуірі басталады¹.

VI ғ. бастап түркі этнолингвогенезінде жаңа дәуір басталады. Көне түркі қоғамының әлеуметтік жіктеліс процесі ерекше қарқын алып, түркілік билік Моңғолияның далалы өңірінде ғана емес, Ұлы даланың қазақстандық және ортаазиялық аймақтарына таралады, көне түркілердің саяси ықпалы батысқа қарай еңдей кіріп, оңтүстік орыс далаларына дейін кең қанат жаяды. Политоним *türk* (соғды. *türkūt* ← < *türk* ‘Тұрандық’ + *-ūt* –көптіктің көрсеткіші) Еуразияда танылмал болып, византия, сирия, араб, тибет, қытай тілдерінде жазылған тарихи дереккөздерге енеді. Көне түркі тайпаларының ендігі жердегі этникалық даму процесі Бірінші Түркі қағанаты (551-630 жж.), Екінші Түркі қағанаты (682-745 жж.), Уйғыр қағанаты (745-840 жж.), Қырғыз қағанаты (IX – X ғ.) т.б. алғашқы феодалдық мемлекеттер аясында өрістейді.

Дәстүрлі тарихи дереккөздер Үлкен Хянганнан батысқа қарай созылатын Орталық Азия далаларында сонау сюннү дәуірінде де, көнетүркілік қағанаттар кезінде де моңғол тайпаларының атаулары кездеспейтінін мәлімдейді. Әйтседе түркітілдес және моңғолтілдес халықтардың бір территорияда ұзақ уақыт бірлесе өмір кешіп, бір-бірімен етене араласып, өте тығыз қарым-қатынаста болғанын тарих жоққа шығармайды.

X ғасырда Орталық Азияда қайталанған табиғи катаклизм көшпелі тайпалардың батысқа қарай жылжуына, сөйтіп этнотілдік жағдаяттың біршама өзгеріске түсуіне әкеп соққаны байқалады. Шығыстан көшкен оғуздардың қысымына шыдамаған қыпшақтар

¹ Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008. С.67-68

(печенегтер) Арал бойын тастап, Днепр жағалауларына кетеді, 915-916 жылдары кидандардан жеңілген қырғыздар Саян тауларының солтүстігіне қарай ойысады. Б.э. II мыңжылдықтарының алғашқы ғасырларынан бастап Ұлы Далада қысқа мерзімдік қуаңшылық аяқталып, малшаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай қайтадан пайда болады. Бос қалған Орталық Моңғолия өңірін татарлар, керейттер, наймандар т.б. ру-тайпалар қоныстай бастайды. Бұған дейін Байкалдың шығысын, Онон және Шилк өзендері бойын, Амурдың орта сағасын мекендеп, аң, балық аулаумен күнелтіп келген көнемоңғол тайпалары дәл осы кезден малшаруашылығымен айналыса бастайды. Моңғол тайпаларының тарих аренасына шыққан дәуірі де осы кезеңмен тұстас келеді, басқаша айтқанда XII ғасырда Орталық Азияда Шыңғысхан құрған Ұлы Моңғол Империясының пайда болуы моңғол политонимін жаңа дәуір тарихының парақтарына мәңгіге қалдырды¹.

Моңғол шапқыншылығының Қазақстан территориясындағы этнотілдік жағдаятқа тигізген әсер-ықпалын этнолингвотарихи тұрғыдан сараптай келе, түркі-моңғол тілдік қатынасын қазақ тілінің тарихына байланысты:

- 1) XIII-XIV ғ. – қыпшақ-моңғол қарым-қатынасы;
- 2) XV-XVII ғ. – қазақ-ойрат этнотілдік қарым-қатынасы;
- 3) XVII ғ. – күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан қазақ-қалмақ этнотілдік қарым-қатынасы;
- 4) XIX ғ. - қазірге дейін – қазақ-халха этнотілдік қарым-қатынасы деп төрт кезеңге бөлуге болады².

Қазақ және моңғол тілдерінің қарым-қатынасы мәселесін қазақ тілінің тарихи лексикологиясының көкейтесті мәселесі тұрғысынан өзектеген Ә.Т. Қайдар: «Қазақ пен моңғол тілдерінің қарым-қатынасын екі үлкен дәуірге бөліп қарастыруға болады: біріншісі – көне дәуір де, екіншісі – XII ғасырдан кейінгі, яғни

¹ Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008. – С.52-76.

² Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008. – С.150-295.

Шыңғысхан бастаған моңғол шапқыншыларының Қазақстан мен Орта Азия жерін және оны мекендеген түркі тілдес ру-тайпаларады жаулап алып, үстемдік еткен дәуір. Егер бірінші дәуірде түркі, моңғол тілдерінің, соның ішінде қазақ тайпалыры тілдерінің шығу тегі, базистік лексиканың, түбір тұлғалар мен сөз жасау моделдердің туыстығы, ортақтығы немесе сәйкестігі сөз болатын болса, екінші дәуірде бұл тілдердің тарихи жағдайларға байланысты ықпал-әсері, өзара лексикалық ауыс-түйіс мәселесі қарастырылады», деп көрсетеді. «Моңғол үстемдігі кезінде, яғни XIII-XIV ғасырлар аралығында Қазақстан территориясын негізінен түркі тілдес халықтар мекендеді. Солардың арасында қазақтар автохтонды тұрғындар болып саналады. Осы кезде жергілікті халықтармен мидай араласып кеткен моңғол ру-тайпалары, о баста баста бұл өлкеге жаулап алушы болып келсе де, өзіне тән этностық дәстүрді, мәдениетін, тілін, дінін дамыта алмады, қайта жергілікті субстрат тарапынан ассимиляцияға душар болды. ... олардың түркі тілдес қалың қауым арасына сіңіп кетуіне түркілер мен моңғолардың өмір сүру, тіршілік ету тәсілдеріндегі, салт-сана, әдет-ғұрпындағы ұқсастықтар, сәйкестіктер де себеп болды»-дей келе, Ә.Т.Қайдар моңғол тілдері мен түркі тілдерінің сол дәуірлердегі ықпал-әсері екі жаққа бірдей болғанын, сондықтан екі тілдің лексикалық қорында кездесетін көптеген ауыс-түйіс, ортақ дүниені заңды түрдегі субстрат, суперстрат құбылыс деп қарастырған жөн деп санайды¹.

Шыңғысхан дәуірінен кейінгі кезеңдердегі қазақтар мен қалмақтардың (ойрат) жаугершілік, көршілестік, саяси-дипломатиялық т.б. тарихи-әлеуметтік оқиғаларға байланысты қазақ тіліне тигізген моңғол әсерін Қазақстан топырағындағы көптеген жер-су атауларынан да, кісі, ру-тайпа аттарынан да, тұрмыс-салтқа, әскери басқару, заң т.б. ұғымдарға байланысты да кездестіруге болады².

¹ Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – Б.56-58.

² Қараңыз: Түймебаев Ж.Қ., Сағидолда Г. Алтайтанудың тарихи-лингвистикалық негіздері. – Астана: Prosper Print, 2013.

Қазақ тілінің моңғол тілдерімен тығыз қарым-қатынаста дамуына байланысты қазақ(түркі)-моңғол тілдерін заманауи алтаистиканың бағыттары мен зерттеу парадигмасына сәйкес салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы-типологиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеу қазақ тілінің тарихи тұғырын бекітуге ықпал етеді.

§ 10. «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ҮЗДІКСІЗ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ТҮРКІТАНУШЫ

Жалпытүркілік ұлы құндылықтарды ғылыми-теориялық және функционалдық-практикалық тұрғыдан игеру ісінің үздіксіз жалғасуын қамтамасыз ету, «Мәңгілік Ел» мұратын іс жүзінде дамыту – әлемдік түркітану саласында жинақталған ғылыми білімнің озық идеяларымен, соңғы жетістіктерімен қаруланған, заманауи еңбек рыногының даму перспективасы мен динамикасына сай келетін, жаңа технологиялық ресурстарды тиімді қолдана алатын түркітанушы маман дайындаумен ұштасады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында «Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!» деп (11.11.2014) атап көрсетілгендей, түркітану мамандығы бойынша білім алып жатқан жастардың Қазақ Елінің жалпыұлттық мұраты – Мәңгілік Ел идеясын нығайтуға, жалпыадамзат өркениетіндегі түркілік мәдениеттің тұғырын бекітуге, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен рухани-мәдени ықпалдастығын арттыруға қызмет ететін жас толқынның алдыңғы шебінен көрінетініне кәміл сенеміз. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті «Нұрлы жол» Жолдауы жастардың болашаққа деген сенімін арттырып, барлық күш-жігері мен білімін туған халқының мүддесіне сәйкес ұлы мақсаттарға жұмылдыруына ықпал етеді.

Жалпыадамзат өркениетіндегі “түркі феноменінің” тұғырын бекіту, тарихи тамыры бір түркітідес елдердің өзара ынтымақтастығы мен ықпалдастығын арттыру, түркі әлемінің мәдени-рухани тұтастығын қамтамасыз ету, жалпытүркілік құндылықтарды құрмет тұтатын ұрпақ қалыптастыру – түркі әлеміне ортақ мүдде. Жаһандану үдерісіне түркілік болмыс-бітімімен араласа алатын, жалпытүркілік мүддеге қызмет ететін ұрпақ тәрбиелеу-түркітану ғылымын жан-жақты дамытумен, арнайы кәсіби мамандар дайындаумен ұштасатын стратегиялық маңызы бар – келелі іс.

Әлемдік түркітану саласында жинақталған ғылыми білімнің соңғы жетістіктерін сұрыптап, оқу процесіне енгізу, түркітану ғылымының озық идеяларымен, қаруланған, креативті ойлауға машықтанған, білікті лингвист-түрколог маман дайындау – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен әлемдік ғылыми білім сабақтастығына негізделген Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің талаптарынан туындайды және еліміздегі әлеуметтік жаңарулардың жасампаздығын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Бұл мәселенің көкейкестілігі мен айрықша өзектілігі Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясын, ҚР Президентінің «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» (28.02.2007), «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17.01.2014), «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» (11.11.2014) Жолдауларын, Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдардағы тұрақты дамуға көшу Тұжырымдамасын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың әлеуметтік-коммуникативтік тетіктерінен туындайды.

Түркітідес елдердің өзара ынтымақтастығы мен ықпалдастығын арттыру, түркі әлемінің тұтастығы мен мәдени-рухани құндылықтарын сақтау, түркі өркениетінің жалпыадамзаттық өркениеттегі алатын орнын бағамдау, қазіргі заманғы түркілік проблемаларды айқындау және тереңдеп зерттеу мәселерінің нәтижелі болуы да білікті түркітанушы мамандар дайындаумен

ұласып, әлемдік озық тәжірибе мен тұрақты даму қағидаттарына негізделген жалпытүркілік ғылыми-білім кеңістігін құруға жол ашады.

Жаһандану үдерісінің кең қанат жаюына, әлемдік ақпараттық технологиялар қызметінің қарқынды дамуына, ғылымдағы антропоэлектік бағыттың жаңдануына, ел тәуелсіздігімен қатар жүретін қоғамдық сананың еркіндігіне сәйкес ХХІ ғасыр түркологиясының пәнаралық-кешенділік сипаты айшықтала түсті. Бұл түркітану ғылымына түркітілдес халықтардың тарихын, тілін, дінін, этномәдени әлемін, аксиологиялық-құндылықтар жүйесін кешенді түрде зерттеуді; түркі мемлекеттерінің даму тарихын, заңнамалық негіздерін, саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайын, дүниежүзілік деңгейдегі қоғамдық институттардың әлеуметтік қарым-қатынас жүйесіндегі алатын орнын толық қамтуды жүктейді. Сондай-ақ дербес түркі елдері мен құрамында түркі автономиялары, түркі диаспоралары өмір сүріп отырған мемлекеттердің тарихи, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастарын саралап, ассимиляциялық үдерістегі шағын түркі этностарының рухани-мәдени құндылықтарын сақтап қалу шараларын ғылыми тұрғыдан негіздеу, қарқынды лингво-контактологиялық жағдаяттағы түркі тілдеріне лингвоэкологиялық талдаулар жасау да түркітанудың үлесінде. Түркология ғылымының кешенділік сипатына сәйкес түркітанудың бір саласы бойынша маман дайындаумен ғана шектелмей, түркі халықтарының тарихын, тілі мен әдебиетін, философиялық дүниетанымын, мәдениеті мен өнерін, мемлекеттік-хұқықтық және қоғамдық-саяси жүйесін, әлеуметтік қатынастарын жетік меңгерген кең профильді түрколог маман дайындау да заман талабы.

Түркологияның қалыптасу тарихында тіл білімінің айрықша орын алғаны белгілі. Күні бүгінге дейін түркологиялық зерттеулер ретінде негізінен түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы аспектте қарастырған еңбектер мен түркі жазба ескерткіштерінің тілі бойынша жүргізілген ізденістер аталады. Бұл тұрғыда линг-

вистиканың барлық зерттеу парадигмасы түркітануда бой көрсетті деуге болады. Көне түркі жазба ескерткіштері, орта ғасырлардағы жазба мұралар тіл мен тарихтың, тіл мен әдебиеттің, тіл мен әлеуметтік мәселелердің ара-қатысында қарастырылды. Олардың жалпы ескерткіш ретіндегі мәні алдымен грамматологиялық (жазу таңбаларын зерттеу, мәтіндерді оқу, транскрипциялау, аудару) және тарихи-салыстырмалы негізде тіл білімінің аясында зерттелуі түркітанудағы лингвистиканың басымдылығын сипаттайды. Сондықтан алдымен кәсіби түркітанушы-филолог дайындау ісін жолға қою қажет. Түрколог-лингвист, түрколог-әдебиеттанушы мамандықтарын оқыту барысында филологиялық пәндермен қатар түркітанудың басқа салаларына қатысты пәндерді де, мүмкіндігінше кеңінен қамту, түркітанудың пәнаралық кешенділік сипатына айрықша маңыз беру-қалыптасқан филологиялық оқу жүйесінкең профильді кәсіби-түрколог маман дайындаудың негізіне айналдыруға мүмкіндік тудырады.

Ғылым мен білімнің дамуы, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің артуы мемлекеттіліктің нығаюының алғышарты болып саналатындықтан әлемдік стандарттар мен бүгінгі талаптарға сай келетін ұлттық білім жүйесін құру Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік басымдылықтарының қатарына еніп отыр. Қазақстанның Болон декларациясына қол қоюы, оқытудың кредиттік технологиясының және үшсатылық білім жүйесінің (бакалавр, магистр және PhD (доктор) енгізілуі Отандық білім берудің әлемдік жүйеге интеграциялана бастауының көрінісі. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР Президентінің 2007 жылғы 20 маусымдағы № 348 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған білім берудің мазмұны мен ғылымның қазіргі жағдайының арасындағы алшақтықты жою және отандық дәстүрлер, әлемдік тәжірибе және тұрақты даму

қағидағтары негізінде білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңартуға байланысты міндеттемелер жалпытүркілік кеңістіктегінтеграциялық процестерді “тіл-мәдениет-таным” контексі аясында зерделеумен сабақтасып жатады. Кәсіби біліктілігі жоғары маман даярлау – Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясын, «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» (Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясы) аталатын ҚР Президентінің 2006 жылдың 1-наурызындағы Қазақстан халқына Жолдауы негізінде жасалған Үкімет бағдарламасын, ҚР Президентінің 2007 жылдың 28-ақпанындағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауын, Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдардағы тұрақты дамуға көшу Тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың әлеуметтік-коммуникативтік тетіктерінің бірі саналады. ҚР Президентінің Жолдауында да («Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты», 2008 жылғы ақпан айындағы) білім беру жүйесін жетілдіру басым бағыттар қатарында аталып, қоғамның басты байлығы мен қозғаушы күші – адам факторына, ел тарихы мен тағлымына, мәдени-рухани құндылықтарға, ұлттық рух пен патриотизмге, жастардың кәсіби біліктілігі мен тәлім-тәрбиесіне жіті ден қойылды. Соған орай Қазақстанда түркітанудың негізін құрайтын лингво-грамматологиялық бағыт бойынша түрколог-лингвист дайындау қолға алынды. Қазақстанның үш деңгейлі білім жүйесіне (бакалавр, магистр және PhD) көшуіне сәйкес 2008 жылы 5B021200 – Түркітану (бакалавриат), 6M021200 – Түркітану: түркі тілдері; түркі жазба ескерткіштерінің тілі (магистратура), 2011 жылы 6D021200 – Түркітану (PhD докторантура) ашылды.

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына негізделген үш сатылы 5B021200 – Түркітану, 6M021200 – Түркітану, 6D021200 – Түркітану мамандықтары түрколог-филологтарды дайындауды жүзеге асыратындықтан білім мазмұнының негізіне түркология ғылымының қалыптасуына арқау болған лингво-грамматологиялық түркология алынды.

Түркі жазба ескерткіштері тілін зерттеу мәселесі жалпы-түркілік сананы жаңғыртуға, түркі халықтары арасындағы рухани үйлесімділік пен тарихи тұтастықты орнықтыруға қызмет етеді, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінің тарихи тамыры мен көркемдік әлеуетін, жалпы табиғатын терең тануға жол ашып, түркі елдері мемлекеттік тілдерінің мәртебесін айшықтай түседі. Түркі халықтарының тарихи тамырының тереңдігін, адамзат өркениетіндегі айрықша орнын тану ұрпақ санасындағы патриоттық ұстанымдарды нығайтып, әлемдік өркениетке, жаһандану үдерісіне батыл қадам басуына ықпал етеді. Бұл еліміздегі әлеуметтік жаңарулар мен қоғамдық сананың еркіндігін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі ретінде мемлекет дамуының стратегиялық басымдықтары қатарына енеді. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жинақталған кең көлемдегі материалдарды ғылыми айналымға енгізу ісінде де түркі жазба мұралары тілін зерттеудің, ескерткіштердің түпнұсқаларымен жұмыс істей алатын мамандар дайындаудың маңызы зор.

Қазақ халқының тарихы, мәдени-рухани құндылықтар жүйесі де жалпытүркілік рухани-мәдени құндылықтардан бастау алатындықтан ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіріп, ұлттық сананың берік қалыптасуын қамтамасыз етуде Орхон, Енисей, Талас көне түркі жазба мұралары мен көне ұйғыр, араб, көне латын, армян жазуларымен хатқа түскен орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің мәтіндерін жан-жақты зерттеп, көне түркі және орта түркі тілдеріндегі диалектілік ерекшеліктердің қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуындағы ықпалын саралаудың, осы бағыттағы тың пікірлерді, ескерткіштердің жаңа оқылымдары мен аудармаларын ғылыми білім айналымына енгізудің маңызы ерекше. Бұл үш деңгейлі түркітану мамаңдығының білім мазмұнын құрайтын лингвистикалық түркологияға қатысты пәндер кешенінен көрніс табуы қажет.

Лингвистикалық түркологияға қатысты пәндерді оқытудың өзектілігін әлемдік түркологиялық ғылыми мектептер дәстүрін жалғастыра отырып, тың тұжырымдар мен соны пікірлерді

жүйелеуге, ХХІ ғасырдағы түркітанудың бағытын айқындауға, түркі әлемінің тарихи-мәдени және тілдік сабақтастығын жандандыруға бағытталғандығымен түсіндіруге болады. Жаһандану дәуіріндегі түркі әлемінің ортақ рухани құндылықтарын сақтауға, түркілік гуманитарлық ғылыми білімнің тарихи тұғырын нығайтуға қажет білімді қордалау мүддесін көздеуі мамандықтың практикалық-функциональдық мәні мен маңызының айқындайды.

VI-IX ғасыр түркілерінің асқақ рухы мен өр намысын, еркіндік пен тәуелсіздікті мақсат тұтқан мұқалмас жігерін сипаттайтын, Түрк(i) Елі босағасының беріктігі мен жасампаздығын сақтаудың маңызды тетігі – *Bengü El* «Мәңгі Ел» идеясының бүгінгі Қазақ Елінің ұлттық мұратына, ел экономикасын дамытудың рухани мәніне айналуы жалпытүркілік сана жаңғырысының көрінісі. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында «Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!» деп (11.11.2014) атап көрсетілгендей, түркітану мамандығы бойынша білім алатын жастар Қазақ Елінің жалпыұлттық мұраты – Мәңгілік Ел идеясын нығайтуға, жалпыадамзат өркениетіндегі түркілік мәдениеттің тұғырын бекітуге, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен рухани-мәдени ықпалдастығын арттыруға қызмет ететін жас толқынның негізін құрайды.

Түркітану мамандығының мақсаты – әлемдік түркітану саласында жинақталған ғылыми білімнің озық идеяларымен, соңғы жетістіктерімен қаруланған, заманауи еңбек рыногының даму перспективасы мен динамикасына сай келетін, жаңа технологиялық ресурстарды тиімді қолдана алатын **түрколог-филолог мамандар** дайындау арқылы жалпыадамзат өркениетіндегі түркілік мәдениеттің тұғырын бекіту; түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен рухани-мәдени біртұтастығын нығайту.

Лингвистикалық түркологияға қатысты пәндер кешенін оқытудың басты мақсаты – түркі лингвистикасының теориялық-

методологиялық негіздерін меңгерту; түркі әлемінің тұтастығы қамтамасыз ететін жалпытүркілік сананы жаңғырту идеясына сәйкес, түркі халықтарының ортақ жазба мұралары – Орхон, Енгисей, Талас жазба ескерткіштерін, орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерін «жалпытүркілік феномен» контекстінде зерделеу; түркі тілдерінің тарихи даму кезеңдерінің ерекшеліктері мен түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық және тарихи-генеалогиялық классификацияларының принциптерін меңгерту; түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық жүйесін, морфологиялық құрылымын, грамматикалық-синтаксистік құрылысын, лексика-семантикалық ерекшеліктерін сипаттайтын негізгі заңдылықтармен таныстыру; түркі халықтарының алғашқы төл жазуы – көне түркі руна әліпбиінен бастап, орта ғасыр түркі мұралары хатқа түскен көне ұйғыр, араб, көне латын, армян әліпбилерін меңгерту; болашақ мамандардың жалпытүркілік өзекті мәселелерді терең түсініп, өз білімдерін ғаламдану дәуіріндегі түркі әлемінің ортақ рухани құндылықтарын сақтауға, түркілік әлеуметтік-гуманитарлық ғылыми білімнің тарихи тұғырын нығайтуға жұмсауларына мүмкіндік жасау арқылы түркі халықтарының ғылыми-мәдени байланысын арттыру.

Лингвистикалық түркологияның негізгі міндеттері:

-Түркітану ғылымының мақсат-міндеттерімен, зерттеу пәнімен, ғылыми ұстанымдарымен таныстыру, пәнаралық-кешенділік сипатын түсіндіру, түркология ғылымының қалыптасуы мен зерттелу тарихы, түркологиялық орталықтар, түркітанудың негізін салған белгілі ғалымдардың шығармашылығы жайлы мәліметтер беру;

-Түркі тілдерінің тарихи даму кезеңдерінің ерекшеліктерімен, түркі тілдерінің тарихи-генеалогиялық, тарихи-хронологиялық тұрғыдан жіктелу мәселелерімен таныстыру, жіктеудің ғылыми принциптерін түсіндіру;

-Түркі тілдеріне қатысты лингвистикалық деректерді интерпретациялауда қолданылатын структуралық және антрополо-

гиялық парадигмалардың сабақтастығына құрылған объективті зерттеу амалдары мен әдіс-тәсілдерін меңгерту;

-Түркі тілдерінің тарихи даму кезеңдерін сипаттайтын тілдік индикаторлардың тұрпаттық-мазмұндық ерекшеліктері жайлы ғылыми-теориялық зерттеу нәтижелерін, прототүркі тілі туралы идеялар мен ғылыми гипотезаларды түсіндіру, әр кезеңге тән лексикалық қабаттарды ғылыми тұрғыдан талдай білуге баулу;

-Көне түркі жазба мұраларын хронологиялық, локальдық, графикалық, лингвистикалық тұрғыдан жіктеудің принциптерін меңгертіп, осы бағыттағы жаңа көзқарастар мен пайымдаулардың мәнін түсіндіру;

-Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі диалектілік жіктелісті көрсететін фонетикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктерді қазіргі түркі тілдері деректерімен салыстырып, интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ара-жігін ажырата білуге үйрету;

-Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің зерттелу тарихымен таныстырып, орта ғасыр мұраларын хронологиялық, локальдық, грамматологиялық және лингвистикалық тұрғыдан жіктеудің принциптерін түсіндіру;

-Көне түркі және орта түркі жазба тіліндегі диалектілік жіктелістердің қазіргі түркі тілдерінің даму жолын анықтаудағы маңызын көрсету;

-Көне түркі руникалық алфавитінің генезисі жайлы ғылыми көзқарастар мен гипотезалардың грамматологиялық негіздерін түсіндіру, көне түркі руникалық алфавитін меңгерту, ескерткіштерді оқудың амал-тәсілдерін үйрету;

-Түркі халықтары X-XX ғасырлар аралығында қолданған көне ұйғыр, араб, көне латын, армян, славян әліпбилерінің шығу тегіне сипаттама беріп, олардың түркі жұртшылығына таралуының экстралингвистикалық факторларын анықтау, әрбір жазу жүйесінің түркі тілінің дыбыстық жүйесін таңбалаудағы тиімді, тиімсіз тұстарын саралау; Түркі халықтарының қолданыстағы жазу жүйелерін меңгерту;

-Қазіргі түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық жүйесі мен лексикалық құрамын, семантикалық заңдылықтарын, морфологиялық құрылымы мен синтаксистік конструкциясын синхронды-сипаттамалы және диахронды-салыстырмалы негізде саралай білуге баулу;

-Түркі тілдеріне ортақ жалпытүркілік базистік лексиканың қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылуы, олардың тұлғалық-мазмұндық өзгерістері, түркі тілдерінің кірме элементтерді қабылдау ерекшеліктері, лингвоконтактологиялық ықпалдар мәселесін түсіндіру;

-Алтайтанудың мақсат-міндеттерімен, зерттеу пәнімен, зерттелу тарихымен, түркі тілдерінің прототілдік кезеңімен жалғастықтағы алтай дәуіріне қатысты тың ғылыми көзқарастармен таныстыру, «Алтай теориясы» аясындағы генеалогиялық, типологиялық және неоалтаистикалық бағыттардың ғылыми ұстанымдарын түсіндіру;

-Тілдік жіктеме бойынша түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур, корей-жапон тілдерін қамтитын Алтай тілдер тобының басты ерекшеліктерін саралай білуге баулу; тілдер мен мәдениеттер сабақтастығы, түркі-монғол, тұңғус-маньчжур және корей-жапон тілдерінің тарихи ықпалдастығы, тіл дәнекерлігі арқылы тілдер мен мәдениеттердің араласуы, сақталуы, таралуы проблемаларын түсіндіру.

Кезінде Кеңестер Одағы әлемдік түркітанудың ошағы қызметін атқарғаны, Одақ құрамында бірнеше түркологиялық мектептер қалыптасқаны белгілі. Осы мектеп өкілдерінің тарапынан мол түркологиялық зерттеулер қоры жинақталды. В.Радлов, П.Мелиоранский, С.Малов, А.Самойлович, Э.Севортян, В.Котвич, В.Рамстедт, П.Поппе, М.Рясянен, В.Насилов, Э.Наджиц, А.Кононов, Э.Тенишев, Н.Баскаков, А.Щербак, Б.Юнусалиев, К.Мусаев, А.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Ә.Қайдар, М.Оразов, Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Қ.Құрышжанов, Т.Қордабаев, М.Томапов т.б. ғалымдардың еңбектері лингвистикалық түркітанудың теориялық негіздерін толық қамтиды. Соңғы жылдары түркі

халықтарының тілі мен тарихына, жазба мұраларына қатысты мәселелерді тарихи ақиқат тұрғысынан зерделеуге, түркілік дүниетаным аясында қарастыруға бағытталған еңбектер де жариялана бастады. Бұл үш деңгейлі 5B021200 – Түркітану (бакалавриат), 6M021200 – Түркітану: түркі тілдері; түркі жазба ескерткіштерінің тілі (магистратура), 2011 жылы 6D021200 – Түркітану (PhD докторантура) мамандығы бойынша білім мазмұнын құрайтын лингвистикалық пәндерден сапалы дәрістер оқуға және болашақ мамандардың өздік жұмыстар мен тапсырмаларды, дипломдық, диссертациялық зерттеу жұмыстарын нәтижелі орындауына мүмкіндік береді. Білім мен ғылымның ықпалдас­тығы, пәндік білімнің іргелілігі, кең бейінділігі, оларды меңгеру мен қолданудың шығармашылық деңгейінің қамтамасыз етілуі және Қазақстанның үшсатылық білім жүйесіне (бакалавр, магистр және PhD көшуіне байланысты жоғарғы дәрежелі білікті лингвист-мамандардың теориялық-методологиялық білім дағдысын жетілдіру – түркологиялық лингвистиканы оқытудың негіздемесін айқындайды.

Іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми-әдістемелік зерттеулерді жаңа сатыға көтеру, оқулықтар мен оқу құралдарының сапасын арттыру, оқу процесінде инновациялық әдістемелер кешенін қолдану арқылы білім мазмұнын тереңдету ғылым мен білім сабақтастығына жете мән беріп, ғылыми-теориялық зерттеудің соңғы нәтижелерін әдістемелік-практикалық мақсатқа тиімді қолдана білу дағдысын қалыптастырмайынша оң нәтиже бермейді.

Қазақстандағы түркітану саласын жандандыру мақсатында лингвистикалық түркітануға қатысты пәндерді оқытудың ғылыми-теориялық, әдіснамалық негізін саралай отырып, әлемдік түркологиядағы қол жеткізген ғылыми нәтижелерді жинақтап, ХХІ ғасыр жоғары ғылыми білімінің жетекші компонентіне айналдыру жалпы түркі жұртшылығы арасындағы рухани үйлесімділік пен тарихи тұтастықты сақтауға қызмет етері сөзсіз. Білікті түрколог-лингвист мамандардың дайындалуы лингвисти-

калық түркітану саласындағы көптеген өзекті мәселердің шешімін табудың алғы шарты болып табылады.

Түркі тілдерінің тарихи даму жолы, тұлғалық-мазмұндық өзгерістердің даму бағыты, прототүркілік тілдік кезең жайлы шыннайы ғылыми нәтиже алу түркі тілдерін өз ішінде немесе тек алтай тілдік семьясы аясында ғана емес, басқа жүйедегі тілдермен де салғастырмалы тұрғыдан жан-жақты зерттеуді талап етеді. Себебі түркі халықтарымен тығыз этно-лингво-мәдени қарым қатынаста болған әр тектес халықтар тілдері мен түркі тілдерінің түрлі деңгейлерінен көрініс беретін құрылымдық-типологиялық параллельдердің кездесіп жатуы лингвистикалық түркітанудың салғастырмалы-типологиялық аспектісін синхрондық тұрғыдан дап, диахрондық тұрғыдан да дамытудың, тюркославистика, тюркоиранистика, тюркоарабистика, тюркосинология бағытындағы зерттеу жұмыстарын жандандырудың маңыздылығын айқындауда. т.б. Азияның орталық аумағындағы славян, түркі, монғол, үнді-иран, шығыс иран, самодий, енисей, сино-тибет т.б. тілдері аралық параллельдер осы аумақтағы тілдерді дербес тілдік одаққа біріктіру идеясы көтерілуде. Тіл біліміндегі жаңа концепция *Тұран тілдік одағы* терминімен аталады (Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков центральной Азии. Туранский языковой союз. – Көкшетау, КГУ, 2009. – С.13). Бұл тілдік одақтың лингвистикалық принциптеріне географиялық-ареалдық жағынан біршама алшақтықта орналасқан корей, жапон, фин-угор тілдерінің, кеңінен алғанда орал тілдерінің деректері де сәйкес келеді. Концепция бойынша тұран тілдік одағының тарихи қалыптасу кезеңінде үнді-иран, иран (шығыс-иран тілінің архаикалық күйі, оңтүстік-батыс тобындағы тілдер т.б.), түркі, монғол тілдері белсенді ықпалдастыққа түскен, өзара ықпалдастықтағы түркі, иран, монғол, сино-тибет, орал тілдерінің, кейбір басқа да тілдік семьядағы тілдердің даму үдерісіндегі ішкі, сыртқы факторлардың күрделі кешені, оның ішінде қарым-қатынастағы тілдер дамуындағы бастапқы генетикалық белгілер мен бастапқы типологиялық ұқсастықтар, олар-

дың дамуындағы этно-мәдени, шаруашылық-экономикалық, әлеуметтік-саяси жағдай, дамудың тереңгі қабаттағы субстратты және жағары қабаттағы адстратты катализаторлары маңызды роль атқарады. Сондай-ақ ұзақ жылдардан бері айтылып келе жатса да, тарихи және ғылыми-теориялық тұрғыдан әлемдік ғылымда толық мойындалмай келе жатқан түркілер мен Америка үндістері арасындағы лингвогенетикалық байланыс мәселесі де ХХІ ғасыр түркологиясының үлесінде тұр. Батыс, шығыс еуропа халықтары тілінен, этнонимдер жүйесі мен топонимдер жүйесінен түркі тілдері сілемдерінің көрініс тауып жатуы тюркороманистикалық, тюркогерманистикалық зерттеулерді дамытудың қажеттілігін көрсетуде. Осы тәрізді неотүркологиялық бағыттағы күрделі мәселелердің шешімін табуы кәсіби тюрколог-лингвистер дайындаумен ұштасады. Бұл үш деңгейлі 5В021200 – Түркітану, 6М021200 – Түркітану: түркі тілдері; түркі жазба ескерткіштерінің тілі, 6Д021200 – Түркітану мамандықтарының ғылыми перспективасын анықтайды. Ал кәсіби түркітанушылардың түркі әлемінің ынтымақтастығы мен рухани-мәдени тұтастығын қамтамасыз етудегі қызметі мамандықтың әлеуметтік-функционалдық перспективасын сипаттайды.

Жаһандану үдерісіне өзіндік болмыс-бітімімен араласа алатын, әлемдік ақпараттық кеңістікке ұлттық мүддені ескере отырып еркін бойлай алатын, бәсекеге қабілетті кәсіби маман дайындау түркітану ғылымының салалары бойынша жаңа пәндерді теориялық-методологиялық тұрғыдан негіздеп, оқу процесіне енгізумен; білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарына сай жаңа технологиялар мен инновациялық әдістемеге негізделген жаңа тұрпатты оқу құралдарын дайындаумен ұштасады. Түркітануға қатысты лингвистикалық пәндерді жоғары оқу орындарында оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздемесін жасау, соған орай түркі тілдерінің хронологиялық-тарихи даму кезеңдерін толық қамтитын, түркі халықтарының алғашқы төл жазуы – көне түркі руна әліпбиінен бастап, орта ғасыр түркі мұралары хатқа түскен көне ұйғыр, араб, көне латын, армян әліп-

билерін меңгертуге, қазіргі түркі тілдеріне тән заңдылықтарды VII-XVI ғасыр жазба мұралары тілі негізінде игертуге бағытталған жүйелі оқу құралдары мен оқулықтар кешенін дайындау. Бұл – Қазақстанның ұшсатылық білім жүйесіне (бакалавр, магистр және PhD көшуіне байланысты 5B021200 – Түркітану (бакалавриат), 6M021200 – Түркітану (магистратура), 6D021200 – Түркітану (PhD докторантура) бойынша білім алатын болашақ мамандардың жалпытүркілік өзекті мәселелерді терең түсініп, өз білімдерін жаһандану дәуіріндегі түркі әлемінің ортақ рухани құндылықтарын сақтауға, түркілік гуманитарлық ғылыми білімнің тарихи, ғылыми-теориялық тұғырын нығайтуға жұмсауларына; **Қазақстан Республикасының ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел»** мұратын үздіксіз дамыту бағытында қызмет жасауларына жол ашады.

5B021200 – түркітану мамандығы бойынша білім мазмұнын құрайтын лингвистикалық түркологияға қатысты пәндер кешені.

Міндетті пәндер:

Түркі филологиясына кіріспе. Түркі филологиясына кіріспе пәнінің мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны, ғылыми ұстанымы және әдіс тәсілдері. Түркітану шығыстанудың бір саласы. Түркітану ғылымының тарихи бастауы және араб классикалық тіл білімі. М.Қашқари шығармашылығы. Түркі және славян халықтарының тарихи қарым-қатынасы. Түркітаудың дербес ғылым саласы ретінде қалыптасуындағы орыс және батыс зерттеушілері мен саяхатшыларының үлесі. XVII-XVIII ғасырлардағы түркологиялық зерттеулер. Ресей ғылым академиясының ашылуы. Г.З. Байер, Г.Ф. Миллер, И.Э. Фишер, П.С. Паллас, В.Н. Татищев, С.Г. Гмелин т.б. зерттеушілердің түркітанудың қалыптасуына қосқан үлесі. XIX ғасырдағы түркологиялық зерттеулер. Азия академиясының жобасы. Шығыс кабинеті. Азия музейінің ашылуы. Орхон-Енисей, Талас жазбаларының сыры ашылып, түркі халықтары мұрасы екенінің анықталуы. Қазақ тілі жайлы алғашқы гамматикалар мен сөздіктер. XX ғасырда-

ғы түркі тілдерінің зерттелуі. Қазан төңкерісіне дейінгі түркологиялық зерттеулер. В.В. Радлов шығармашылығы. Кеңес Одағы кезіндегі түркітану ғылымының бағыт-бағдары. 1991 жылдан кейінгі түркологиялық зерттеулер мен жаңа түркологиялық (неотюркология). Түркі тілдері дамуы мен қалыптасу кезеңдері. Алтай дәуірі. Алтай теориясы жайлы көзқарастар мен бағыттар. Түркі-монғол халықтары арасындағы лингвокантактологиялық байланыстар. Түркі тілдері дамуының хун дәуірі. Хун дәуірінің ерекшеліктері. Түркі тілдері дамуының көне түркі дәуірі. Орхон-Енисей, Талас ескерткіштерінің тіліндегі диалектілік ерекшеліктер. Көне түркі руна жазуының шығу тегі жайлы пікірлер. Түркі тілдері дамуының орта ғасыр дәуірі. Орта ғасырдағы түркі жазба мұраларының тілі. Дербес тілдік топтардың саралана бастауы. Ескі қыпшақ тілі. Шағатай тілі. Түркі тілдері дамуының жаңа және ең жаңа дәуірі. Түркі тайпаларының дербес халық ретінде, олардың тілдерінің дербес тіл ретінде қалыптасуы. Кеңес Үкіметі тұсындағы түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық жүйесіндегі өзгерістер. Қазақстандағы түркология ғылымының бағыт-бағдары. Түркі тілдерін классификациялау мәселелері. С.Е. Маловтың тарихи классификациясындағы қазақ тілінің орны жайлы көзқарастар. Н.А.Баскаковтың генеалогиялық классификациясы. Түркі тілдерін классификациялау мәселесіндегі тың көзқарастар. Түркі тілдерінің бұлғар тобы. Түркі тілдерінің оғыз тобы. Түркі тілдерінің қыпшақ тобы. Түркі тілдерінің қарлұқ тобы. Түркі тілдерінің ұйғыр-оғыз тобы. Түркі тілдерінің қырғыз-қыпшақ тобы.

Алтайтануға кіріспе. Алтай тілдерінің ішкі классификациясы; Алтаистиканың даму тарихындағы «Алтай гипотезасының» рөлі мен маңызы. Алтаистиканың қалыптасу даму кезеңдері: алтай семьясына енетін көптеген тілдер бойынша эмпирикалық материалдардың жинақталу және игерілу кезеңі, алтай тілдеріне қатысты алғашқы зерттеулер. Орал-алтай тілдері тобының және алтай тілдерінің генетикалық туыстастығы туралы манифестация. Орал-алтай тіл бірлестігінің орал тілдері және алтай

тілдері болып екі дербес тілдік ірі топқа ажыратылуы. Уралистика (финно-угорovedение) және алтаистика ғылымдарының гуманитарлық пәндердің дербес салалары ретінде қалыптасуы. Алтаистикалық зерттеулердегі салыстырмалы-тарихи әдіс. Алтаистикалық ғылыми бағыттар және олардың алтайтанудың дамуындағы рөлі. Ортодоксалды алтаистиканың қалыптасу кезеңі; антиалтаистикалық көзқарастар және классикалық (ортодоксалды) алтаистикадағы дағдарыс. Тілдік кірмелік теориясы және неоалтаистиканың қалыптасуы. Алтай тілдерінің фонологиялық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйелеріндегі ортақтықтар мен ұқсастықтар туралы жалпы мағұлмат. Түркі және монғол тілдерінің өзара байланысы, қарым-қатынасы. Түркі-монғол лингвоконтактологиясының этнотарихи алғы шарттары. Түркі-тұңғыс-маньчжур тілдік байланысы мәселесі. Түркі-корей тілдік байланысы мәселесі. Түркі-жапон тілдік байланысы мәселесі. Алтаистиканың қазіргі заманғы өзекті мәселелері және ғылыми зерттеудің антропоцентристік парадигмасы.

Түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Түркі жазба ескерткіштерінің тілі пәнінің мақсаты мен міндеттері. Түркі жазба ескерткіштерінің тарихи-хронологиялық тұрғыдан топтастырылуы. Түркі тілдері тарихи дамуының көнетүркілік кезеңінен мәлімет беретін Орхон, Енисей, Талас, Дон, Кубань руникалық жазба мұралары. Көне түркі ескерткіштерінің зерттелуі. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің фонетикалық жүйесі, дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбалану ерекшеліктері. Көне түркі тіліндегі фонетикалық заңдылықтар. Ескерткіштер тілінің морфологиялық құрылымы мен сөз таптарының ерекшеліктері. Синтаксистік құрылысындағы басты ерекшеліктер. Сөздердің байланысу тәсілдері. Құрмалас сөйлемдердің түрлері. Көне түркі тілінің лексикалық құрамы, базистік лексикасы, кірме сөздер. Ескерткіштер тіліндегі диалектілік жіктелістер туралы ғылыми көзқарастар. Көне түркі тілінің қазіргі түркі тілдеріне қатыс-дәрежесі. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінің

оғыздық, ұйғыр-оғыздық, қырғыз-қыпшақтық, қыпшақ-оғыздық сипаты жайлы көз қарастар. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері. Орта ғасыр түркі жазбаларының қолданған жазу жүйесіне байланысты жіктелуі. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің оғыз-қыпшақтық, қыпшақ-оғыздық аралас тілдік жүйеге негізделуі. Көне ұйғыр жазуымен жазылған түркі мұралары және олардың тіліндегі ерекшеліктер. Араб жазуымен жазылған түркі мұралары және олардың тіліндегі ерекшеліктер. Қарахан әулеті түріктерінің мұралары. М. Қашқари еңбегіндегі XI ғасыр түркі тілдерінің ерекшеліктері жайлы талдаулар. Орта Азия түріктерінің мұралары. Алтын Орда дәуірінің мұралары. Мәмлүк қыпшақтарының тілі жайлы деректер. Көне армян және көне латын жазуымен жазылған қыпшақ мұралары тілінің қазіргі қыпшақ тобындағы тілдерге қатысы. Шағатай тілі. Орта ғасыр түркі ескерткіштері тілінің жалпы фонетика-фонологиялық жүйесі. Фонетикалық заңдылықтар. Морфологиялық құрылымы, сөзжасам жүйесі. Сөз таптары және олардың категориялары. Орта ғасыр түркілері тілінің лексикалық құрамы. Ескерткіштер тіліндегі араб-парсы элементтері, антропонимдер жүйесіндегі өзгерістер. Фразеологиялық және паремиологиялық жүйе.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы пәнінің мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны, ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Тіл біліміндегі салыстырмалы-тарихи әдістің маңызы. Түркі тілдерін салыстыра зерттеудің тарихи негіздері. М.Қашқаридың түркі тілдерін салыстырмалы тұрғыдан қарастыруы. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Дауысты дыбыстар жүйесі. Түркі тілдерінің бұлғар, қыпшақ, қарлұқ, оғыз, ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ топтарындағы дауыстылар жүйесіндегі ортақтықтар мен өзгешіліктер. Түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстылар. Шығыс хун тілдеріндегі созылыңқылар табиғаты. Түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі. Фонологизация құбылысы. Жекелеген дыбыстардың тарихи даму жолы.

Протезалық дыбыстар. Түркі тілдеріне ортақ фонетикалық заңдылықтар. Түркі тілдерінің лексикалық құрамы. Жалпытүркілік қабат. Түркі тілдеріне ортақ базистік лексиканың жекелеген түркі тілдеріндегі семантикалық және тұлғалық дамуы. Қыпшақ, қарлұқ, оғыз, бұлғар, ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ топтарының лексикалық ерекшеліктері. Қазіргі түркі тілдеріндегі кірме сөздер табиғаты. Фразеологиялық және паремиологиялық жүйедегі ортақтықтар мен ерекшеліктер. Түркі тілдері лексикасын салыстыра қарастырудағы антропоцентристік парадигма және танымдық-логикалық ұстаным. Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымындағы ерекшеліктері. Түбір сөздер табиғаты. Қосымша морфемалар. Сөз таптары. Зат есім және оның категорияларының жасалуындағы ерекше белгілер. Сын есім және оның шырайлары. Сан есімнің ерекшеліктері. Етістік және оның категориялары. Түркі тілдерінің синтаксистік құрылысы. Сөздердің байланысу тәсілдері мен сөз тіркестері. Жай сөйлемнің логика-грамматикалық типтері. Түркі тілдеріндегі құрмалас сөйлемдердің түрлері, олардың жасалу жолдары.

Қазақ тілінің тарихы. Түркология және қазақ тіл білімі. Түркі тілдерінің генеалогиялық классификациясы. Қыпшақ тобы тілдері және қазақ тілі арасындағы сабақтастық. Қазақ тілі қалыптасуының тарихи негіздері және лингводеректану. Қазақ тілінің даму барысын дәуірлеу мәселесі. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы. Қазақ халқының этногенезі мен глоттогенезі мәселесі. Қазақтың халық және ұлт тілдерінің қалыптасуы. Қазақ тілі лексикасының этимологиялық негіздері. Қазақ тілі және тілдік контакт. Қазақ тіліндегі араб-парсы элементтері. Қазақ тілі мен монғол тілдерінің қарым-қатынасы. Қазақ және орыс тілдерінің қарым-қатынасы. Қазақ тілі және батыс еуропа тілдері аралық қарым-қатынас. Қазақ тілінің тарихи фонетикасы. Тарихи дыбыс өзгерістері және қазіргі қазақ тілінің фонологиялық жүйесі. Тарихи морфология және қазіргі қазақ тілінің морфологиялық құрылымы. Тарихи синтаксис және қазіргі қазақ тілінің синтаксисі. Қазақ әдеби тілінің сипаты. Әдеби тілдің тарихи негіздері.

Даму кезеңдері. XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілі. XVIII ғасыр мен XIX ғ. I жартысындағы қазақ әдеби тілі. XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. 20 жылдарындағы қазақ әдеби тілі. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдеби тілі. Әдеби тіл нормаларының қалыптасуы.

Түрік тілінің тарихы. Тілдің сипаты, маңызы, мәдениетпен байланысы, жазу тілі, сөйлеу тілі. Түрік тілінің дүниежүзі тілдері арасындағы орны. Түрік тілінің тарихи дамуы және қазіргі жағдайы. Түрік тілінің тарихи негізі және туыстас тілдер мәселесі. Урал-алтай тілдік семьясы және «алтай гипотезасы». Түрік тілінің тарихи дәуірлері мен тарихи тілдердің пайда болуы: прото түрік тілі, ана түрік тілі, көне болғар түрік тілі. Караханидтер кезеңі жайлы тарихи мәліметтер. Сол дәуірдегі жазба ескерткіштер және олардың лингвистикалық тұрғыдан зерттелуі. Kutadgu Bilig және Atabetü'l-Nakaуık ескерткіштері бойынша мәтіндерді оқу, транскрипциясын жасау, аудару, фонетикасы мен морфологиясы тұрғысынан талдау; мәтіндер арқылы сол дәуірдің өзіне тән тілдік ерекшеліктерді анықтау. Хорезм қыпшақ тілі туралы жалпы мағұлмат. Хорезм дәуірі жайлы тарихи мәліметтер. Сол дәуірдегі шығармалар мен осы шығармалар бойынша жүргізілген зерттеулер. Nehcü'l-Feradis және Kısasü'l-Enbiya ескерткіштері бойынша жазбаша мәтіндерді оқу, транскрипциясын жасау, аудару, фонетика мен морфология тұрғысынан талдау жұмыстары; мәтіндер арқылы сол дәуірдің грамматикалық ерекшеліктерін белгілеу. Османлы түрік тілі және оның тілдік ерекшеліктері. Османлы түрікшесінде жазылған мәтіндерді тілдік тұрғыдан талдау. Шағатай дәуірі жайлы тарихи мәліметтер. Шағатай түрік тілінің пайда болуы, дамуы және түркі тілдерінің даму тарихындағы алатын орны. Шағатай жазуы және емле мәселесі. Шағатай жазба мұралары бойынша мәтіндерді оқу, транскрипциясын жасау, аудару, фонетика мен морфологиясы тұрғысынан талдау жүргізу. Қазіргі түрік тілі және оның құрылым-құрылысының жалпы сипатты. Түрік тілінің диалектілері мен говорлары. Анатолы және Румелия говорлары бойынша жасалған лингвистикалық зерттеулер. Говорлар бойынша мәндік талдау.

Элективті таңдау курстарына ұсынылатын пәндер:

Қазақ жазуының тарихы. Қазақ жазуының тарихы пәнінің мақсаты мен міндеттері. Графикалық лингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысы және оның негізгі ұғымдары. Жазудың қалыптасуы, дамуы, семасиографиялық кезеңі мен фонографиялық кезеңінің айырмашылығы жайлы ғылыми көзқарастар мен болжамдар. Жазба тіл мен ауызекі тілдің арақатынасы. Жазу таңбаларының қалыптасуы. Жазу жүйесі тарихының сурет өнерімен тығыз байланысы. Қазақ графикасының зерттелуі. Қазақ жазуының тарихи бастауы – түркі петроглифтері. Қазақстан аумағынан табылған пиктографиялық және идеографиялық жазу үлгілері. Көне түркі руникалық әліпбиі. Қазақстан аумағынан табылған руникалық жазу үлгілерінің зерттелуі және оқылуы (А.Аманжолов). Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінде қолданылған көне түркі әліпбиінің шығу тегі жайлы көзқарастар мен гипотезалық пікірлер. Көне түркі әліпбиіндегі идеографиялық және силлабикалық жазу үлгілерінің көрінісі. Түркі руникалық жазу жүйесі мен қазақ халқы құрамындағы ру-тайпалардың ең-таңбаларындағы сабақтастықтар. Көне түркі жазуының ерекшеліктері. дыбыстық құрамы. Дауыссыздар мен дауыстылардың қолданыс ерекшеліктері. Түркі халықтарына көне ұйғыр, манихей жазуларының таралуы. Көне ұйғыр жазуымен жазылған түркі мұралары. Көне ұйғыр әліпбиінің ерекшеліктері және шығу тегі, дыбыстық құрамы. Түркілерге араб жазуының таралуы. Араб жазуымен жазылған түркі мұралары. Араб жазуының генезисі, консонанттық табиғаты, дыбыстық құрамы. Көне армян, көне латын жазуларының түркілерге таралу себептері. Армян және латын жазуымен жазылған түркі жазба мұралары. Армян әліпбиі, қалыптасу тарихы, дыбыстық құрамы. Латын әліпбиінің шығу тегі, даму жолдары, дыбыстық құрамы. Араб жазуы негізінде жасалған қазақтың төл әліпбиі. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне негізделген алфавит түзу барысында А.Байтұрсынов ұстанған ғылыми қағидалар. Латын жазуына негізделген қазақ әліпбиі. Кириллица негізінде жасалған қазақ

әліпбиі. Славян алфавитінің қалыптасуы және дамуы. Ы.Алтынсариннің орыс графикасын қазақ тіліне қолдану тәжірибесі.

Қазіргі түркі тілдері. Қазіргі түркі тілдеріне синхронды тұрғыдан сипаттама беру: Қазіргі түркі тілдері пәнінің пәнінің мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны, ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Қазіргі түркі тілдерін генеалогиялық, аймақтық негізде топтастыру мәселесі. Түркі тілдерінің таралу аймағы. Қазіргі түркі тілдерінің зерттелі деңгейі. Түркі тілдерінің функционалдық қолданыс аясы. Жазба дәстүрі. Әліпби жүйесіндегі ерекшеліктер. Түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі, дауысты және дауыссыз дыбыстардың қолданыс ерекшеліктері. Үндестік заңы. Ерін үндестігінің сақталу деңгейі. Созылыңқы дауыстылардың қолданысы. Протезалық дыбыстар. Жекелеген түрі тілдеріне тән фонетикалық заңдылықтар және ортақ заңдылықтар санталу деңгейі. Түркі тілдерінің лексикалық құрамы. Жалпытүркілік қабат. Түркі тілдеріне ортақ базистік лексиканың жекелеген түркі тілдеріндегі семантикалық және тұлғалық дамуы. Кірме элементтерді қабылдау ерекшеліктері. Диалектілік жіктелістер. Ономастикалық жүйе. Терминология\ жүйесіндегі ерекшеліктер. Қазіргі түркі тілдеріндегі кірме сөздер табиғаты. Араб-парсы, монғол, орыс т.б. тілдері мен түркі тілдері арасындағы лингвокантактологиялық үдерістер. Фразеологиялық және паремиологиялық жүйедегі ортақтықтар мен ерекшеліктер. Түркі тілдері лексикасын зерттеудегі антропоцентристік парадигма және танымдық-логикалық ұстаным. Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы. Жекелеген тілдерге тән морфологиялық ерекшеліктер. Түбір морфемалар мен қосымша морфемалар. Сөз тудырушы және грамматикалық мағына тудырушы қосымшалардың әр тілдегі ерекшеліктері. Сөз таптары. Зат есім және оның категориялары. Сын есім және оның категориялары. Сан есімнің ерекшеліктері. Етістік және оның категориялары. Түркі тілдерінің синтаксистік құрылысы. Сөздердің байланысу тәсілдері мен сөз тіркестері. Сөйлем түрлері.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасы. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасы пәнінің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері, ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Түркі тілдері фонетика-фонологиялық жүйесінің зерттелу тарихы. Түркі халықтары мен олардың тілдері туралы алғашқы мәліметтер. М.Қашқари сөздігіндегі түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктері жайлы деректер. Салыстырмалы-тарихи әдістің фонетикалық принциптері. Түркі тілдерін генеологиялық және тарихи тұрғыдан жіктеудегі фонетикалық ұстанымдардың мәні. В.В. Радлов, А.Н. Самойлович, В.А. Богородицкий, С.Е. Малов, Н.А. Баскаков т.б. зерттеушілердің жіктелерінде негізге алынған фонетикалық белгілер. Фонетикалық жүйенің басқа тілдік деңгейлерге әсері. Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстар жүйесі. Көне түркі тіліндегі дауысты дыбыстардың қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыс ерекшеліктері. Жуан-жіңшке дауыстылардың қалыптасуы. Ашық-қысаң дауыстылардың қалыптасуы. Езулік, еріндік дауыстылардың дамуы. Түркі тілдерінің бұлғар, қыпшақ, қарлұқ, оғыз, ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ топтарындағы дауыстылар жүйесі. Түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстылар. Бірінші дәрежелі созылыңқылар мен екінші дәрежелі созылыңқылардың қалыптасуындағы, тарихи дамуындағы ерекшеліктер. Шығыс хун тілдеріндегі созылыңқылар табиғаты. Түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі дауыссыздар жүйесінің қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыс ерекшеліктері. Дауыссыздардың жасалу орнына, дауыс қатысына қарай жіктелуі. Қосар дауыссыздар табиғаты жайлы көзқарастар. Фонологизация құбылысы. Жекелеген дыбыстардың тарихи даму жолы. Архифономалар мен аллофондар. Түркі тілдеріндегі протеза және эпентеза құбылыстары, пайда болу себептері, олардың фонетикалық жүйеге әсері. Дауыссыздар мен дауыссыздар жүйесіндегі элизия құбылысының ерекшеліктері. Элизияның түркі тілдері тарихи дамуы мен дыбыстық жүйесіндегі орны, фоно-морфологиялық сипаты. Түркі тілдеріндегі метатеза құбылысы. Метатеза құбы-

лысының фоно-морфологиялық ерекшеліктері. Тілдегі үнемдеу заңдылығы. Түркі тілдеріндегі үнемдеу құбылысының фоно-морфо-семантикалық жүйеге әсері. Түркі тілдеріндегі альтернация құбылысының негізгі себептері. Дыбыс алмасулары мен дыбыс сәйкестіктерінің айырмашылығы. Дыбыс сәйкестіктерінің ішкі флексия құбылысымен байланысы. Дыбыс сәйкестіктерінің имитатив теориясымен байланысы. Дыбыс сәйкестіктерінің идеофондық, фоно-семантикалық қабілеттері. Дыбыстық жүйенің тіл онтогенезімен сабақтастығы.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи лексикологиясы. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи лексикологиясы пәнінің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері, басқа ғылым салаларымен байланысы, ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Салыстырмалы-тарихи әдістің лексика-семантикалық, этимологиялық, этнолингвистикалық, танымдық-логикалық т.б. принциптері. Түркі тілдері лексикалық құрамының салыстырмалы тұрғыдан зерттелу тарихы. М.Қашқари сөздігіндегі түркі тілдеріндегі диалектикалық жіктелістердің лексикалық ерекшеліктері, атау сөздердің лексикалық-тақырыптық топтары жайлы деректер. Түркі тілдеріндегі тарихи лексикалық қабаттар. Жалпыалтайлық қабатқа тән белгілер. Түркілік тек тілдік (прототүркі) қабатты реконструкциялау мәселесі. Түркілік баба тілдік (пратүркі) және көнетүркілік қабаттар. Көне түркі тіліндегі және орта ғасыр түркі тілдеріндегі лексикалық құрамның қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы. Жекелеген тілдік топтарға қатысты қыпшақтық, оғыздық, қарлұқтық қабаттар. Түркі тілдерінің бұлғар, қыпшақ, қарлұқ, оғыз, ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ топтарындағы тарихи-лексикалық қабаттардың ерекшеліктері. Түркі тілдеріне ортақ базистік лексика. Моносиллабтардың тұлғалық-семантикалық ерекшеліктері. Синкретизм құбылысы. Түркі тілдеріндегі семантикалық деривация мәселесі. Түркі тілдеріне ортақ сөздер тобы (адамның дене мүшелері, мал атаулары, табиғат құбылыстарының атаулары, туыстық атаулар т.б.). Түркі тілдеріндегі жергілікті ерекшеліктердің лексикалық деңгейде

көрінуінің этногенездік және лингвокогнитологиялық қырлары. Этимологиялық талдаулар жасаудың ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Түркі тілдеріндегі фразеологизмдер мен парамологиялық жүйедегі ортақтықтар мен ерекшеліктер. Түркі тілдеріндегі этнонимдер жүйесі. Түркі тілдеріндегі топонимдер жүйесі. Түркі тілдеріндегі антропонимдер жүйесіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктер. Түркі тілдері дамуындағы тіларалық кантактология мәселесі. Түркі тілдері лексикалық құрамындағы араб-парсы кірме сөздері. Түркі-монғол тілдеріндегі ортақ лексиканың генеалогиялық және типологиялық сипаты. Түркі және славян халықтары арасындағы лингвокантактологиялық үдерістер. Түркі тілдері лексикалық жүйесіндегі қытай тілінің элементтері.

Түркі жазба ескерткіштері тілінің фонетикасы пәні салыстырмалы-тарихи зерттеуде сақталатын хронологиялық заңдылықты басшылыққа ала отырып, көне түркі және орта ғасыр ескерткіштері тілі фонетикалық жүйесінің ерекшеліктерінен, қазіргі түркі тілдерінің топтастырылуы мен өзара жіктелуіндегі көне түркі және орта түркі тілдері фонетикалық жүйесінің орны жайынан мағлұматтар береді; олардың бір-бірімен алыс туыстық және жақын туыстық қарым-қатынасын, өзара байланысын айқындаудың негізіне алынатын көнетүркілік, ортатүркілік фонетикалық ерекшеліктерді көрсетеді; орта түркі кезеңінде қолданылған әліпби жүйелерінің фонетикаға ықпалы сараланады; орта түркі тілі фонетикалық жүйесіндегі өзгерістердің үндестік заңына ықпалын түсіндіреді; түркі тілдерінің фонологиялық жүйесінің өзіндік заңдылықтарымен даму себептерін түсіндіреді; түркі тілдері аралық дыбыстық сәйкестіктермен, дыбыстық өзгерістердің бағыт-бағдарымен, альтернативия құбылысының негізгі факторларымен таныстырады.

Көне түркі тілінің морфологиялық жүйесі – көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы мен грамматикалық құрылысы жөнінде кешенді мағлұмат береді. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құры-

лымының ерекшеліктерін саралау қазіргі түркі тілдері морфологиялық жүйесін құрайтын түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тұлғалық-мағыналық даму бағытын, грамматикалық-функционалдық әлеуетін айқындауға мүмкіндік беретін өзекті мәселе. Ескерткіштер тілінің морфологиялық құрылымына талдау жасау ең алдымен ескерткіштер тілінің морфологиялық жүйесін құрайтын түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың жалпы корпусын сомдауды, олардың қазіргі түркі тілдеріндегі сақталу деңгейі мен өзгерістерін ажыратуды міндеттейді. Агглютинативті тілдік жүйенің басты ерекшелігін сипаттайтын түркі тілдеріндегі түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың дамуы фонетика-фонологиялық жүйенің, лексикалық құрам мен синтаксистік конструкцияның өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуына ықпал ететіндіктен морфологиялық құрылым тұтас тілдік жүйенің тарихи дамуы мен тілдік деңгейлердің өзара үйлесімділігін қамтамасыз ететін басты грамматикалық тетік болып табылады. Тіл жүйесіндегі эволюциялық даму барысындағы фонетика-фонологиялық, грамматикалық құбылыстар түбір морфемалар мен қосымша морфемаларға бірдей қатысты.

6M021200 – түркітану мамандығы бойынша білім мазмұнын құрайтын лингвистикалық түркологияға қатысты пәндер кешені.

Міндетті пәндер:

Түркітанудың теориялық-методологиялық негіздері. Түркітанудың пәнаралық кешенділік сипаты. Түркітану ғылымының негізі – түркологиялық лингвистика. Түркітанудағы структурализм мен антропологизмнің сабақтастығына негізделген аралық зерттеу парадигмасы. Классикалық араб лингвистикасы және түркі тіл білімі. XI-XVI ғасырларда жазылған түркі тілдері деректері қамтылған жазба мұралар. Салыстырмалы-тарихи морфонология. Салыстырмалы-тарихи грамматика. Салыстырмалы-тарихи лексика. Салыстырмалы-тарихи зерттеулерге қойылатын басты талаптар-этногенез бен глоттогенез бірлігі, тіл

мен сол тілде сөйлеуші халық тарихы сабақтастығы, тілдік деңгей мен тілдік қабаттар байланысы, ортақ лексикалық қабат. 1991 жылдан кейінгі түркологиялық зерттеулер. Түркі тілдері дамуы мен қалыптасу кезеңдері жайлы тың көзқарастар. Алтай теориясы аясындағы генеалогиялық, типологиялық, прагматикалық бағыттардың қалыптасуы. Хун дәуірінен белгі беретін тілдік деректер. Қытай жылнамаларындағы түркизмдер. Көне түркі дәуірінің мұралары. Қазіргі түркі тілдерінің көне түркі жазба мұраларына қатысы. Орта ғасырдағы түркі жазба мұралары тіліндегі диалектілік жіктелістер. Аралас оғыз-қыпшақ тілі. Ескі қыпшақ тілі. Шағатай тілі. Түркі тайпаларының дербес халық ретінде, олардың тілдерінің дербес тіл ретінде қалыптасуы. 1917-1991 жылдар аралығындағы түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық жүйесіндегі өзгерістер. Әлемдік түркітану ғылымындағы жаңа түркологиялық (неотюркология) бағыт. Тұран тілдік одағы. Түркі тілдерін зерттеудегі антропоцентристік парадигма. Қазақстандағы лингвистикалық түркітану ғылымының бағыт-бағдары. Түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық, тарихи-генеалогиялық классификациялары жайлы тың көзқарастар.

Алтайтанудың теориялық-методологиялық негіздері. Орал-алтай тілдерінің ішкі классификациясы; В.Шотт, М.А.Кастрен, Ф.И.Видеман, Ю.Немет, Б.Коллиндер, Г.Винклер сияқты ғалымдардың урал-алтай тіл бірлестігі туралы ғылыми көзқарастары; Орал-алтай тілдерін біріктіретін тілдік белгілер мен заңдылықтар; Уралистика және алтаистиканың дербес ғылыми пән ретінде қалыптасуы; Алтай тілдік семьясының жіктелісі; «Алтай гипотезасының» алтаистиканың даму тарихындағы рөлі мен маңызы; Алтаистиканың қалыптасу даму кезеңдері және алтаистикалық бағыттар; Ортодоксалды алтаистика және оның белді өкілдерінің шығармашылығы (Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов, Е.Д.Поливанов, М.Рясянен, В.И.Цинциус т.б.); Классикалық (ортодоксалды) алтаистикадағы дағдарыс және кірмелік теориясы (Дж.Клоусон, А.Ронаташ, Г.Дерфер, А.М.Щербак зерттеулері);

Неоалтаистика: Алтайлық тілдік одақ және алтай тілдері аралық контактология; Түркі-монғол, монғол-тұңғыс-маньчжур, жапон-корей тіл ортақтастығындағы контактының рөлі. Алтаистикадағы түркі-монғол тілдік байланысы мәселесі; Жапон және корей тілдерінің «алтайлық» тілдерге қатысы туралы мәселе; Түркі-жапон және түркі-корей тілдік байланысы; Алтай тілдерінің фонологиялық жүйесі туралы жалпы мағұлмат; Алтайлық тілдердегі дыбыстар сәйкестігіне қатысты «Рамстедт-Пельио заңы»; Алтай тілдерінің салыстырмалы морфологиясының кейбір мәселелері; Жалпыалтайлық каузативтік тұлғалар; Алтай тілдеріндегі көптік категориясының көрсеткіштері; Есімдік категориясы және оның алтай тілдеріндегі морфологиялық дериваттары; Алтайлық тектіл және оның даму сатысы туралы көзқарастар; Алтайлық тектілдің грамматикалық сипаттамасы; Жалпыалтайлық синкреттік түбірлер; Алтай тілдеріне ортақ түбір-негіздердің идеографиялық сипаттамасы; Жалпыалтайлық базистік лексика; Алтай тілдерінің лексикасын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу; Жалпыалтайлық лексиканың этимологиясы және ішкі реконструкция мәселелері; Түркі-монғол-тұңғыс-маньчжур лексикалық параллельдері; ХХІ ғасыр алтаистиканың өзекті мәселелері.

Түркі филологиясының теориялық мәселелері пәні түркі тілдерінің тарихи дамуы мен зерттелуі жайынан түсінік беріп, түркітану ғылымының негізгі мәселелерімен, оның қазіргі таңдағы міндеттерімен, басты бағыттарымен таныстыру, түркітану ғылымындағы қазақ тіл білімінің орнын көрсету мақсатын көздейді. Пәннің басты міндеттері қатарына: түркітану ғылымының жалпы шығыстану ғылымының бір саласы екендігі, оның біздің елімізде және шетелдерде зерттелуі жайлы түсінік беру; түркітану ғылымының мақсат, міндеттерімен, ғылыми қағидаларымен, әдіс-тәсілдерімен таныстыру; түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуын түркі халықтарының тарихымен, олардың этногенездік құрамымен тығыз байланыста қарастыру; түркі тілдерінің генеалогиялық және тарихи жіктелуі мәселелерімен таныстырып, ірі

тілдердің, тілдік топтардың өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуының себебін түсіндіру жатады.

Элективті таңдау курстарына ұсынылатын пәндер:

Алтайтанудың теориялық мәселелері пәні ғылыми зерттеудің салыстырмалы-тарихи парадигмасы негізінде қалыптасқан алтай гипотезасы жайлы ғылыми көзқарастар жүйесін саралауға бағытталады. Мұнда түркі, монғол, тұңғыс-маньчжур, корей, жапон тілдері аралық байланыстың, өзара қарым-қатынастың теориялық-методологиялық тұғыры туралы жалпы мағлұмат беріледі, Дж.Клоусон, Г.Дерфер, Г.Рамстедт, Н.Поппе, В.Котвич, В.Рассадин, Г.Санжеев, О.Суник, А. Ронаташ, Т.Розин, Б.Владимирцов, Б.Тодаева, В.Цинциус, А.Щербак, Н.Баскаков, С.Старостин, Л.Концевич, А.Шайхулов, А.Дыбо, т.б. көрнекті алтаистердің іргелі ғылыми зерттеулеріне шолу жасалынады. Алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, салыстырмалы фонетикасы, салыстырмалы морфологиясы, салыстырмалы лексикологиясы, салыстырмалы синтаксисі жайлы кешенді мағлұмат беріледі.

Түркітанушылар персоналиялары пәні түркі тілдерінің зерттелуі, тарихи түркі тіл білімінің ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері, құрылымдық-деңгейлік салалары, ғылыми пәндер арасындағы орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, түркі тілдерінің даму кезеңдері, оларды тарихи және генеалогиялық тұрғыдан классификациялау жайлы мәселелерді саралай отырып, түркітану ғылымының теориялық-методологиялық тұғырын жасаған тілдік тұлғалардың шығармашылығы мен олардың әрқайсысының ғылыми көзқарастарымен таныстыру, түркітанудың келелі мәселелері бойынша жасаған түйінді ғылыми тұжырымдарына лингвистикалық талдау жасау мүддесін көздейді.

Алтайтанушылар персоналиялары пәні алтайтанудың қалыптасу тарихынан ғылыми мағлұмат бере отырып, алтай тобына енетін тілдердің зерттелуі, алтаистиканың ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері, құрылымдық-деңгейлік салалары,

ғылыми пәндер арасындағы орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, алтай тобына енетін тілдерді тарихи және генеалогиялық тұрғыдан классификациялау жайлы мәселелерді саралайды. Сондай-ақ алтаистика ғылымының теориялық-методологиялық тұғырын жасаған тілдік тұлғалардың шығармашылығы мен олардың әрқайсысының ғылыми көзқарастарымен таныстыру, түрітанудың келелі мәселелері бойынша жасаған түйінді ғылыми тұжырымдарына лингвистикалық талдау жасау мүддесін көздейді.

Түркі грамматологиясының тарихы. Жазу тарихы-жалпы адамзат тарихының бір саласы. Түркі грамматологиясының тарихы пәні, мақсаты мен міндеттері. Графикалық лингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысы. Грамматология ғылымының қалыптасуы және оның теориялық маңызы. Жазудың күрделі табиғаты жайлы ғылыми көзқарастар мен болжамдар. Семасиографиялық кезең мен фонографиялық кезеңінің айырмашылығы. Жазба тілдің ауызекі тілге эквивалент ретінде қолданыла бастауы. И.Е. Гельбтің жазу тарихы туралы көзқарастары. Жазба тіл мен ауызекі тілдің арақатынасын анықтауға қатысты бағыттар (Г.О.Винокур, В.Истрин Р.Якобсон, В.Мотш, А.Леонтьев, В.В.Виноградов, А.Артимович, Л.В.Щерба т.б.) И. Вахектің жазба тіл мен ауызекі тілдің арақатынасы туралы ойлары. Жазу жүйесі – таңбалар жиынтығы. Жазу таңбаларының қалыптасуы. Жазу жүйесі қалыптасуының сурет өнерімен тығыз байланысы. Жазу жүйесінің қалыптасу кезеңдеріне қарай жіктелу себептері. Жазу таңбаларының шығу тегі. Палеография ғылымы. Палеография ғылымының зерттеу нысаны, мақсаты. Палеография ғылымының негізгі салалары. Бернерт Монфокон (1655-1741) және палеография термині. Эпиграфика мен палеографияның айырмашылықтары. Пиктографиялық жазу. Және оның жазу үлгілерінің қалыптасуы, таралу аймағы. Пиктограммалар және бейнелеу мен кескіндеу. Идеографиялық жазу түрі. Идеографиялық жазу үлгілерінің даму ерекшеліктері мен қалыптасуы. Идеографиялық жазу үлгілерін немесе олардың белгілерін сақтаған

әліпби жүйелері. Идеограмма, графикалық таңба, логограмма және ең-таңбалар мен символдық белгілер жүйесі. Қазақстан аумағынан табылған идеографиялық жазу үлгілері. Буын жазуы немесе силлабикалық жазу. Буын жазуының ерекшеліктері. Буын жазуының қалыптасу тарихы жайлы пікірлер. Қытай иероглифтерінің мәні. Буын жазбалары таңбаларының мағынасына қарай жіктелуі. Ассирио-вавилон, элам, урарт, сына / клинописи/, майя дыбыстық корей жазуы (лигатуралы). Крит-микен, кипр, эфиопия, жапон буын жазулары. Үнді жазуларының түрлі жүйелері (кхарошти, брахми, т.б.). Көне түркі әліпбиіндегі силлабикалық жазу белгілері. Дыбыс (әріптік) жазуының қалыптасу жолы. Әріптік жазудың дүниеге келуі, дамуы. Дыбыс жазуының түрлері. Әріп, графема, фонема ұғымдары. Бір фонема – бір әріп қағидасы. Квазиалфавиттік жазу және консонанттық жазу жүйесі. Нумизматика – қосалқы тарихи пән. Нумизматиканың салалары: көне, византиялық, шығыстық, батыстық. Түркі нумизматикасының шығыстық нумизматиканың аясында қарастырылуы. Түркі монеталарындағы жазулардың зерттелуі. Сфрагистика ғылымының қалыптасуы. Түркі сфрагистикасы. Талас өзенінің бойынан да табылған ел билеушілердің еншісінде болған көне мөрдегі, жасыл тастан жасалған аспалы мөрдегі (б.з. V-VIII ғғ.) көне түркі жазулары. Дипломатика – құжаттарды зерттейтін қосалқы тарихи пән. Түркі дипломатикасы. Түркі тайпалары қолданған жазу жүйелері. Көне түркі әліпбиінің шығу тегі жөніндегі ғылыми көзқарастар мен гипотезалық пікірлер (В.Томсен, В.Радлов, А.Дж Эмре, Н.Маллицкий, А.Соколов, А.Г.Кунаа, Е.Поливанов, И.А.Батманов т.б.). Түркі руникасының көне грек, финикий, арамей т.б. көне алфавиттермен байланысы (А.Аманжолов). Көне ұйғыр, араб, армян, латын жазуларының түркілерге таралуы. Көне ұйғыр, манихей, араб, армян, латын әліпбилерімен жазылған орта ғасырлық түркі жазба мұралары. Көне ұйғыр, манихей, араб, латын, армян жазу жүйелерінің шығу тегі. Араб жазуы негізінде жасалған қазақтың төл әліпбиі. А.Байтұрсынов тәжірибесін басқа түркі халықтарының қолдануы. Латын әліпбиіне

негізделген түркі халықтарының жазу жүйесі. Түркі халықтарының орыс әліпбиі кириллица негізінде жасалған жазу жүйесіне көшуі. Славян алфавитінің шығу тегі. Түркі халықтары әліпбиін бірыңғай жүйеге көшіруге бағытталған үдерістер.

Грамматология тарихы пәні жазу таңбалары мен жазу жүйесінің қалыптасуы, жазу түрлері, олардың зерттелуі жайлы түсінік бере отырып, жазу таңбаларының семасиографиялық кезеңі мен фонографиялық кезеңі арасындағы ерекшеліктерін түсіндіру, көне жазу үлгілерін зерттеудің ғылыми қағидалары мен әдіс-тәсілдерімен таныстыру; түркі халықтары тілдерінің дамуын жазу жүйесі мен халықтың тарихымен, олардың этногенездік сипатымен тығыз байланыста қарастыру қажеттігін үйрету; көне түркі, орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерін оқуға баулу мақсатын көздейді. Түркі тілдерінің араб, көне ұйғыр, көне латын, армян жазуларымен жазылған мұраларының тілдік ерекшеліктері туралы толық мағлұмат береді.

Түркі рунологиясы пәні көне түркі руна жазуының зерттелуі мен оқылуы жайындағы мәселелерімен таныстыру; В.Томсен, В.Радлов, П.Мелиоранский, В.Кононов, С.Малов, И.Батманов, Д.Насилов, Ғ.Айдаров, А.Аманжолов т.б. түркі рунологиясындағы белгілі тұлғалардың оқылымдары мен аудармаларын салыстыра зерделеу; түркі әліпбиінің генезисі жайлы көзқарастармен таныстыру; көне түркі тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылымы ерекшеліктерін, қазіргі түркі тілдерімен байланысын көрсету; қазақ жерінен табылған көне түркі ескерткіштерінен мағлұмат беру; Орхон-Енисей жазба мұраларының қазіргі түркі тілдеріне қатысы туралы бағыттар мен пікірлерді сараптау мақсатын көздейді. Көне түркі әліпбиін меңгерту де пән аясына енеді. Руникалық жазба ескерткіштер тілі пәні жазу жүйесінің қалыптасуын сурет өнерімен тығыз байланыста түсіндіреді. Мұнда пиктографиялық жазу, идеографиялық жазу, силлабикалық жазу, дыбыс жазуы түрлері туралы мағлұмат беріледі.

Руникалық мәтін және оқу әдістері. Жалпыадамзат өркениетіндегі түркі мәдениетінің көрсеткіші VII-IX ғасыр түркі мұ-

раларын оқу, аудару, транскрипциялау әлемдік түркітанудағы өзекті мәселелердің бірі. Өзіндік қалыптасу тарихы бар руникасымен жазылған мәтіндерді оқудың әдістемесін үйрену, көне түркі әліпбиін меңгеру болашақ түркітанушыларға қойылатын басты талаптардың бірі. Руникалық жазба ескерткіштер тілі пәні жазу жүйесінің қалыптасуын сурет өнерімен тығыз байланыста түсіндіреді. Мұнда пиктографиялық жазу, идеографиялық жазу, силлабикалық жазу, дыбыс жазуы түрлері туралы мағлұмат беріледі. Орхон-Енисей, Талас-Шу ескерткіштерінің тілінің зерттелуі мен оқылуы жайында ғылыми теориялық білім қалыптастырып, түркі руникасының шығу тегі жайлы ғылыми көзқарастарды саралай білуге баулиды.

Көне түркі тілі жазба ескерткіштерін аудару мәселелері таңдау бойынша оқытылатын лингвистикалық пәндер жүйесінің бастауыш курстарының бірі. Пәнді оқыту түркі тілдері заңдылықтары мен ерекшеліктерінің қалыптасуын меңгеруге жол ашады, болашақ мамандықтарының қыр-сырын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Көне түркі мәтіндерін оқып аударумен айналысқан В.Томсен, В.Радлов, С.Малов, И.Батманов, П.Мелиоранский, Д.Насилов, Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Т.Текин, Д.Васильев, М.Жолдасбеков, Қ.Сартқожаұлы т.б.ғалымдардың шығармашылығымен таныстырып, олардың түркі әліпбиі жайлы көзқарастарын, оқылымдары мен аудармаларын салыстырмалы түрде талдау мәселесін көтереді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Қазіргі түркі тілдерінің көнетүркілік қабатын құрайтын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілін құрылымдық және антропологиялық парадигмалардың сабақтастығына құрылған аралық қағидалар негізінде зерттеп, көнетүркілік лингвоиндикаторлардың ұйыстырушылық әлеуетін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу бүгінгі түркітану ғылымының басты талабы. Көне түркі жазба ескерткіштері тілі пәнінің мақсаты, міндеттері, зерттеу нысаны. Орхон-Енисей, Талас жазу ескерткіштерінің табылу аймағы, зерттелу тарихы. Көне түркі әліпбиінің шығу тегі жөніндегі ғы-

лыми көзқарастар мен гипотезалық пікірлер. Түркі руникасы жайлы «А.Шифнер-Н.Аристов болжамы» және А.С.Аманжоловтың көзқарастары. Түркі руникалық жазу ескерткіштерін оқу, аудару, транскрипциялау мәселесі (В.Томсен, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, И.А.Батманов, С.Е.Малав, И.В. Кармушин, В.В.Васильев т.б). Көне түркі мұраларының Қазақстанда зерттелуі (Ғ.Айдаров, А.С.Аманжолов, Қ.Сартқожаұлы). Көне түркі руникалық жазба мұраларын хронологиялық, территориялық тұрғыдан және қағанаттар (тайпалық қауымдастық) негізінде топтастыру мәселесі. Көне түркі әліпбиін жазу таңбаларының ерекшеліктеріне байланысты жіктеу мәселесі. Орхон, Енисей, Талас, Дон, Кубань бойынан табылған ескерткіштердің әліпби жүйесіндегі ерекшеліктер мен ортақтықтар. Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері жазылған көне түркі әліпбиі, оның дыбыстық құрамы. Көне түркі әліпбиінің полифондық сипаты және консонанттық жазу жүйесіне тән белгілердің сақталуы. Көне түркі тілі фонетикалық жүйесіндегі дауысты дыбыстардың қолданыс ерекшеліктері және таңбалануы. Дауысты дыбыстардың жуан – жіңішке жұптары. Көне түркі тілінде *ä/e* дыбыстарының табиғаты жайлы көзқарастар. Көне түркі тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі. Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді дыбыстарға жіктелуі және олардың таңбалануы. Көне түркі тілінде анлаут *ž* дыбысының қолданылу/қолданылмауы туралы, инлаут және ауслаут *j/n* дыбыстары мен *nij* буыны жайлы пікірлер. Дауыссыздар тіркесін және дауысты/дауыссыз дыбыстардан тұратын буындарды бейнелейтін таңбалар. Көне түркі тіліндегі үндестік заңы. Дыбыс сәйкестіктері мен алмасулары. Көне түркі тілінің морфологиялық құрамы. Түбір морфема және қосымша морфемалар. Көне түркі тіліндегі сөз таптарының ерекшеліктері. Зат есімдердің жасалуы. Көптік, жіктік, тәуелдік жалғауларының жасалуы. Септік жалғауларының ерекшеліктері, жасалу жолы. Сын есімдердің жасалуы, шырай формалары. Сан есімдердің ерекшеліктері, түрлері. Етістіктердің жасалуы және оның рай, шақ категориялары. Есімдіктер мен олардың түрлері. Үстеулер

және олардың түрлері. Шылаулардың қолданыс ерекшеліктері. Көне түркі тілінің лексикалық жүйесі. Көп мағыналы сөздер мен омонимдер. Антонимдер мен синонимдер. Ескерткіштер тіліндегі ономастикалық жүйе. Көне түркі тіліндегі қытай тілінің элементтері. Көне түркі тілінің синтаксистік құрылымы. Сөз тіркесі және сөздердің байланысу тәсілдері. Сөйлем және сөйлем мүшелері. Сөйлем түрлері. Жай сөйлем, оның түрлері. Құрмалас сөйлем және оның түрлері.

Көне түркі тілінің морфонологиялық жүйесі көне түркі тілінің дыбыстық жүйесі мен морфологиялық құрылымының өзіндік ерекшеліктерін сабақтастыра қарастырады, тарихи дыбыс сәйкестіктерінің бағыт-бағдары мен дыбыстардың өзгеріске түсу себебінің негізгі факторларымен таныстырады. Курс көне түркі жазба мұралары тілі деректері арқылы қазіргі түркі тілдерінің морфонологиялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуын анықтай білуге баулу, сонымен қатар түркі халықтары тілінің дамуын халықтың тарихымен, олардың этногенездік сипатымен тығыз байланыста қарастыру мақсатын көздейді. VI-IX ғасыр түркі жазба тіліндегі альтернативтік құбылыстар. Дыбыс сәйкестіктері мен дыбыс алмасулары. Сингармониялық варианттар мен сингармониялық параллельдер. Ескерткіштер тіліндегі идеосегменттік құбылыстар.

Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі пәні көне түркі руникалық жазба мұраларының тілі жайлы ғылыми көзқарастарды саралап, көне түркі тілінің дыбыстық жүйесі, морфологиялық құрылымы мен лексикалық құрамы және синтаксистік конструкциясының ерекшеліктерін, қазіргі түркі тілдерімен байланысын көрсету; қазақ жерінен табылған көне түркі ескерткіштерінен мағлұмат беру; көне түркі руна жазуының зерттелуі мен оқылуы жайында мәселелерімен таныстыру; Орхон-Енисей жазба мұраларының қазіргі түркі тілдеріне қатысы туралы бағыттар мен пікірлерді сараптау мақсатын көздейді.

Талас-Шу ескерткіштерінің тілі пәні Талас және Шу өңірінен табылған көне түркі ескерткіштері тілінің дыбыстық жү-

йесі, морфологиялық құрылымы мен лексикалық құрамы және синтаксистік конструкциясының ерекшеліктерін, қазіргі түркі тілдерімен байланысын көрсету; көне түркі руна жазуының зерттелуі мен оқылуы жайында мәселелерімен таныстыру; Талас-Шу жазба мұраларының қазіргі түркі тілдеріне қатысы туралы бағыттар мен пікірлерді сараптау мақсатын көздейді. Талас-Шу бойынан табылған ескерткіштер мен Орхон-Енисей бойынан табылған мұралар жазылған әліпби жүйесіндегі ерекшеліктер мен ортақтықтарды саралау да пәннің міндетіне жатады.

Түркі жазба ескерткіштері тілінің лексикасы пәні көне түркі және орта ғасыр түркі жазба мұраларының лексикасы негізінде түркі тілдерінің сөздік құрамы, ортақ сөздік қор, жалпытүркілік лексикалық қабат, түркі тілдері арасындағы сөз алмасу құбылысы, түркілік сөздік құрамдағы кірме қабат, әр түркі тілдерінің сөздік қорындағы ұлттық мәдени лексиканың жалпы сипаты, түркілік фразеологиялық қор, т.б. мәселелер туралы мағлұмат береді. Қыпшақ, қарлұқ, оғыз, бұлғар топтарының лексикалық ерекшеліктері түркі тілдерінің морфологиялық-құрылымдық жүйесі және түбір-негіздің морфонологиялық сипаты тұрғысынан түсіндіріліп, түркі лексикасы астарындағы этникалық мәдениет туралы ақпарат беріледі.

Түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиясы– түркі тілдерін зерттеудің негізгі бір саласы. Бұл пән көне түркі және орта түркі жазба ескерткіштері тілдерінің сөздік құрылымы, грамматикалық құрылысы, сөз таптары жөнінде кешенді мағлұмат береді, түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тарихи даму жолдарына талдау жасау, архи түбірлер мен архи қосымшаларды реконструкциялауға және түркі тілдерінің генеалогиялық тектестігін дәлелдейтін морфологиялық тілдік заңдылықтар мен құбылыстарды талдай білуге баулиды. Сондай-ақ тілдік талданымдарда зерттеудің салыстырмалы-тарихи әдісін, морфемдік-компоненттік тәсілін қолдана білуге үйретеді.

Түркі лексикасының этимологиялық негіздері түркі филологиясы мамандығы бойынша оқытылатын лингвистикалық пәндер жүйесінің бастауыш курстарының бірі. Пәнді оқыту қазақ тілі және басқа түркі тілдері бойынша магистранттардың білімін кеңейтіп, болашақ мамандықтарының қыр-сырын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Түркі тілдері лексикасына этимологиялық талдау жасаудың ғылыми қағидалары жайынан түсінік беріп, тарихи-салыстырмалы, морфемдік-компоненттік, танымдық-логикалық, фоно-семантикалық т.б. әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдана білуге үйретеді және магистранттарды түркітану ғылымы бойынша дербес зерттеу жүргізуге баулу мақсатын көздейді.

Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің тілі пәнінің мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны, ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Жазба мұралар тілінің зерттелу тарихы. Түркі тілдері тарихи дамуының орта ғасыр кезеңінің негізгі сипаты, орта ғасыр түркілері тілінің дербес тіл ретінде саралана бастауы. Оғыз-қыпшақтық және қыпшақ-оғыздық аралас тілдік жүйе жайлы көзқарастар. Шағатай тілі. Орта ғасыр жазба мұралары тілінің қазақ тіл білімінде зерттелу деңгейі (Ә. Құрышжанов, Т.Қордабаев, М.Томанов, Ә.Ибатов, Р.Сыздық, Б.Сағындықұлы, Ә.Керімов т.б.). Орта ғасыр түркілеріне араб, көне ұйғыр, латын, армян жазуларының таралу себебі. Көне ұйғыр жазуымен жазылған түркі мұралары. Араб жазулы түркі мұраларының тарихи және тілдік тұрғыдан топтастырылу мәселесі. Армян және латын жазуымен жазылған орта ғасыр түркі мұралары. Олардың тіліндегі қыпшақтық белгілер, қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен байланысы. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің фонетикалық жүйесі. Дауысты дыбыстардың жіктелісі. Ортағасырлық *ä* дауыстысының табиғаты, қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі. Орта ғасыр түркі тіліндегі дауыссыздар жүйесі. Дауыссыздардың жасалу орнына, дауыс қатысына қарай жіктелуі. Орта ғасыр түркі ескерткіштері тіліндегі фонетикалық заңдылықтар. Протезалық,

эпентезалық дыбыстар табиғаты. Орта ғасыр түркі тілдеріндегі элизия құбылысының ерекшеліктері. Орта ғасыр түркі тіліндегі альтернативия құбылысы. Орта ғасыр түркі жазбалары тілінің морфологиялық құрылымы. Түбір морфема мен қосымша морфема. Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшалар. Орта ғасыр түркі тіліндегі сөз таптары. Зат есімдердің жасалуы. Көптік, тәуелдік, жіктік және септік категорияларының ерекшеліктері. Сын есімдердің жасалуы және шырай формаларының берілуі. Сан есімдердің түрлері, жасалу ерекшеліктері. Етістіктер және оның категориялары. Үстеулер мен одағайлардың, шылаулардың қолданыс ерекшеліктері. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің лексикалық құрамы. Қос сөздер мен біріккен сөздер. Көп мағыналы сөздер. Синкретизм құбылысының көріністері. Омонимдер. Антонимдер мен синонимдер. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі ономастикондар. Антропонимдер мен топонимдер. Этнонимдер жүйесі. Орта ғасыр түркілері тіліндегі паремиологиялық және фразеологиялық жүйе. Орта ғасыр түркі ескерткіштері тілінің синтаксистік құрылымы. Сөздердің байланысу тәсілдері және сөз тіркестері. Жай сөйлемдер. Құрмалас сөйлемнің түрлері

Араб жазулы түркі ескерткіштері пәні араб жазуы негізінде X-XV ғасырлар аралығында жазылып, бізге жеткен түркі жазба мұраларының тілдік, орфографиялық ерекшеліктерін саралай білуге үйретеді. Араб әліпбиін меңгерту пәннің негізгі міндетіне жатады. Соның негізінде еліміздің тарихи-мәдени құндылықтары қатарына жататын араб жазуымен жазылған жәдігерліктерді оқып, аударып білуге, жәдігер тіліне ғылыми талдау жасауға баулу мақсаты көзделеді. М.Қашқари, Ж..Баласағұни, А.Иүгнеки, А.Ясауи т.б ортағасырлық түркі ойшылдарының шығамашылығы мен тілдік ерекшеліктерін саралау пәннің басты міндеттерінің бірі.

Армян жазулы қыпшақ мұралары пәні Y ғасырдың басында армян ағартушысы Месроп Маштоц негізін салған армян әліпбиімен жазылған қыпшақ жазба мұраларының тілдік, ор-

фографиялық ерекшеліктерін саралай білуге үйретеді. Армян жазуының түркілерге таралу себебін түсіндіру, армян жазуын меңгерту де пәннің басты міндетіне жатады. Соның негізінде еліміздің тарихи-мәдени құндылықтары қатарына жататын «Дана Хикар сөзі», «Армян-қыпшақ грамматикасы», «Армян-қыпшақ тілдерінің тарихы» т.б. тәрізді мұраларды оқып, аударып білуге, жәдігер тіліне ғылыми талдау жасауға баулу мақсаты көзделеді.

Көне ұйғыр жазулы түркі ескерткіштері пәні соғды, манихей жазулары негізінде пайда болған көне ұйғыр әліпбиімен XI-XII ғасырлар аралығында жазылып, бізге жеткен түркі жазба мұраларының тілдік, орфографиялық ерекшеліктерін саралай білуге үйретеді. Көне ұйғыр әліпбиі меңгерту және оның генезисі жайлы көзқарастар жүйесімен таныстыру да пәннің негізгі міндетіне жатады. Соның негізінде еліміздің тарихи-мәдени құндылықтары қатарына жататын соғды, манихей, көне ұйғыр жазуларымен жазылған жәдігерліктерді оқып, аударып білуге, жәдігер тіліне ғылыми талдау жасауға баулу мақсаты көзделеді.

Қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі пәні жалпы түркі жұртшылығының жеке – жеке халық болып қалыптаса бастаған XI-XV ғасырлар аралығындағы түркі жазба мұраларының ішіндегі қыпшақ тілінің белгілерін сақтаған шығармалар тілінің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйесімен таныстыруды, сондай-ақ қазіргі қыпшақ тілдерінің ұлттық сипат алуына негіз болған сол дәуірдегі ру-тайпалық диалектілік белгілердің өзіндік ерекшеліктерін саралауды; қыпшақ мұраларының локальдық, хронологиялық, лингвистикалық жіктелісі жайлы пікірлер мен көзқарастарды саралауды көздейді. Орта ғасыр қыпшақ мұралары жазылған араб, көне ұйғыр, латын, армян әліпбилерін меңгерту де пәннің міндетіне жатады.

Латын жазуымен жазылған қыпшақ мұралары пәні латын әліпбиімен жазылған түркі жазба мұраларының тілдік, орфографиялық ерекшеліктерін саралай білуге үйретеді. Қазіргі қып-

шақ тілдерінің тарихына тікелей қатысы бар «Кодекс Куманикус» ескерткішінің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік ерекшеліктерін қазіргі қыпшақ тобындағы тілдерімен салыстыра қарастыру да пәннің негізгі міндетіне жатады. Ескі қыпшақ тілінің мұрагерлерінің бірі қазақ тілінің тарихи даму жолын анықтауда ерекше орын алатын латын жазулы қыпшақ мұраларын оқып, аударып білуге, қазақ тілімен сабақтастығын ғылыми тұрғыдан талдай білуге баулу мақсаты көзделді.

Шағатай тілінде жазылған мұралар курсы Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан аймақтарында кең таралған жазба әдеби тіл үлгісіндегі кітаби шағатай интердиалектісімен таныстыру, сол тілде жазылған «Тезкерей әулие», «Бақтиярнама», «Миражнама» т.б. тәрізді мұраларды оқуға, тәржімалауға, ғылыми талдау жасауға баулу мақсатын көздейді. Шағатай әдеби тілінде жазылған мұраларда қолданылған араб әліпбиін меңгерту пәннің негізгі міндетіне жатады. Классикалық араб-парсы әдеби тілінің Шағатай дәуіріндегі түркілік тілдік-әдеби дәстүрге ықпалы қарастырылады. Өз еңбектерін шағатай тілінде жазған Лутфи, Атаи, Сакаи, Гадаи сынды шайырлар шығармашылығымен, тілдік ерекшеліктерімен таныстыру да пәннің міндетіне жатады.

6D021200-түркітану мамандығы бойынша білім мазмұнын құрайтын лингвистикалық түркологияға қатысты пәндер.

Міндетті пәндер:

Түркі жазба ескерткіштерін зерттеу мәселелері. Түркі жазба мұраларын зерттеудің заманауи проблемалары. Жаңа түркология (неотюркология). Түркі руна жазуының генезисі жайлы гипотезалық көзқарастарға аргументация теориясы тұрғысынан сараптама: түркі руникасының арамейлік тегі; түркі руникасының соғдылық тегі; түркі руникасының түркілік тегі; түркі руникасының түркі-монғолдық тегі туралы бағыттар. Көне түркі жазба ескерткіштерін көне қағанаттарға қатысты және хронологиялық тұрғыдан жіктеудің тарихи дәйектемесі. Көне түркі әліп-

биін графикалық тұрғыдан жіктеудің ғылыми дәйектемесі: Орхон әліпбиі, Енисей әліпбиі, Талас әліпбиі, Дон-Кубань әліпбиі. Көне түркі жазба ескерткіштерін оқу, транскрипциялау, аудару мәселесіндегі қайшылықтардың дәйектемелік уәжіне сараптама. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің қазіргі түркі тілдеріне қатысы жайлы пікірлерге лингводәйектемелік талдау. Ортағасыр ескерткіштерінің филологиялық негіздемесі: лингвистикалық, грамматологиялық, әдеби-мәдени. Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің қазіргі түркі тілдеріне қатысы жайлы пікірлерге лингводәйектемелік талдау. Түркі жазба ескерткіштерін зерттеудің қазіргі заманғы парадигматикасы: лингвафилософиялық, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитологиялық, лингвоелтанымдық аспектілері. Көне түркілер дүниетанымының тілдік бейнесі. Түркілік тұлға және түркілік тілдік сана.

Филологияның ғылыми доминанттары (XX ғ.соңы - XXI ғ. басы) және түркітану. XX ғ. екінші жартысы - XXI ғ. басындағы филология ғылымының басым бағыттары. Филологиялық зерттеулердегі қазіргі заманғы парадигмалар. Филологиядағы антропоэзектілік. Қазіргі филологиялық зерттеулердің пәнаралық сипаты. Тіл және қоғам. Тіл және этнос. Тіл және мәдениет. Тілдік сана және ұлттық сана. Тілдік тұлға теориясы. Прецеденттік мәтіндер. Дүниенің тілдік бейнесі және түркілік дүние моделі. Дүниенің поэтикалық бейнесі және көркем таным. Көркем әдебиеттегі этнопоэтикалық константтар. Лингвомәдени концепт және оның құрылымы. Түркі мәдениетінің концептілік аясы және оның тіл мен әдебиеттегі көрінісі. Көркем мәтіннің концептілік негіздері (метафора, символ, миф). Дискурс теориясы және дискурс типологиясы. Филологиядағы гендерлік бағыт. Гендерлік жіктелістің көркем мәтіндегі көрінісі. XXI ғ. ақпараттық кеңістігіндегі теориялық және қолданбалы филология. Мәдениетаралық қарым-қатынас және электрондық коммуникация. Компьютерлік мәтін. Ақпараттық ресурстар мен қазіргі заманғы ақпараттық – коммуникациялық технологияны түркілік

филологиялық зерттеулердің іс-тәжірибесінде қолдану. Түркі филологиясының ақпараттық-зерттеу базасын құру. Түркілік кеңістікте екі тілді, көптілді сөздіктер жасау және электрондық сөздіктер мен электрондық ғылыми басылымдар қорын түзу мәселесі.

Ұсынылатын пәндер:

Түркі тілдеріндегі түбіртану теориясы. VII-IX ғғ. ескерткіштері тілі мен қазіргі түркі тілдеріндегі гомогенді сөздердің тұлғалық парадигмасы мен семантикалық деривациясы негізінде түбір морфемалардың бастапқы тұлғалары V, VC, CV модельдерінен дамығанын анықтауға болатынын түсіндіру. Лингвоэволюцияның ішкі заңдылықтарымен сыртқы ықпалдарға байланысты кері процестердің жүруі екінші дәрежелі CVC, CVCC, VCC модельді морфемалардың қайта ықшамдалуына алып келеді. Сондықтан ескерткіштер тіліндегі CVC, VCC, CVCC модельді бір буынды сөздердің бәрі бірдей тарихи түбір морфема бола алмайды, олардың біразы түркілік тектілік кезеңдерде қолданыста болған, кейіннен дербес лексемалық мағынасы күңгірттенген архетип пен ортақ семаны ыдыратушы, нақтылаушы архиформанттардан жасалғанын түсіндіру. Гомогенді түбір морфемалар мазмұнындағы оппозициялық коннекторлардың шарттылық сипатының астарында идеялық сабақтастықтың іздері сақталады. Тіл дамуының алғашқы кезеңдерінен бастау алатын мұндай құбылыстар өте сирек ұшырасатын, лексикалық дамудың ежелгі сілемдері ғана. Түркі тілдеріндегі мұндай реликт белгілер – сөздердің морфологиялық құрылымының негізі түбір морфемалардың полисемиялық, синонимиялық, антонимиялық табиғаты негізінен V, CV, VC моделді тарихи түбір морфемалардан көрініс беретінін түсіндіру.

Түркі тілдері морфологиялық құрылымының тарихи даму жолдары. Түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тарихи даму жолындағы ортақ белгілерді саралау; түбірлер мен қосымшалардың архетиптерін реконструкциялау мәселелері. Түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың полисе-

миялық табиғаты. Ескерткіштер тілі мен қазіргі түркі тілдерінің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін сипаттайтын морфологиялық заңдылықтар мен құбылыстар. Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тұлғалық-мазмұндық ерекшеліктерін, грамматикалық-функционалдық әлеуетін саралау негізінде түркі тілдерінің морфологиялық жүйесінің даму жолына сипаттама беру, лингводиференциациялық және лингвоинтеграциялық көрсеткіштер арқылы көнетүркілік морфологиялық құрылымның қазіргі түркі тілдерінде сақталу деңгейін саралау. Түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың құрылымдық модельдері бір, екі, үш, төрт құрамды(составные) \sqrt{C} , \sqrt{V} , \sqrt{VC} , \sqrt{CV} , \sqrt{CVC} , \sqrt{VCV} , \sqrt{CVCV} , \sqrt{CCV} тұлғаларынан тұрады; жалаң қосымшалардың архетипі полисемантикалы болып келеді, олар бір дыбыстан тұратын \sqrt{C} , \sqrt{V} модельдерінен және дыбыс тіркестерінен тұратын \sqrt{CC} , \sqrt{VC} , \sqrt{CV} модельдері арқылы жасалған. Түркі тілдеріндегі омонимиялық қосымша морфемалардың шығу тегі, қолданысы жайлы әртүрлі көзқарастардың айтылуы да олардың күрделі табиғатына байланысты. Қосымша морфемалардың дербес лексема түріндегі архетиптері өзінің полисемиялық сапасын сақтай отырып, грамматикализациялануы да ықтимал. Қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық, функционалдық сипатының өзгерістері жалпы тілдің даму эволюциясымен бірге жүріп отырады. Қосымшалардың эволюциялық дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көпфункционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан саралануы, жүйеленуі тәрізді күрделі процестерді қамтиды. Алғашқы қосымшалардың да тұлғалық өзгерістерге түсу мүмкіндігінің шектеулігіне орай бір форманттың бірнеше грамматикалық мәнде немесе бірнеше лексикалық (етістік – есім) мәнде қолданылу мүмкіндігін саралау қажет.

1. Көне түркі жазба ескерткіштері тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. Түркі тілдерінің ұзақ мерзімді

қамтитын глоттохронологиялық даму шеңберінде қалыптасқан лексикалық қабаттар тіл мен этнос арасындағы көпқатпарлы, көпвекторлы қатынасты сипаттайтын лингво-ақпараттық дерек болып табылады. Сондықтан қазіргі түркі тілдерінің көне-түркілік қабатын құрайтын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілін құрылымдық және антропологиялық парадигмалардың сабақтастығына құрылған аралық қағидалар негізінде зерттеп, көнетүркілік лингвоиндикаторлардың ұйыстырушылық әлеуетін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу бүгінгі түркітану ғылымының басты талабы. Фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық және фоно-семантикалық процестерді қамтитын грамматикалық даму барысында күрделі және жалаң қосымша морфемалардың тұлғалық-мазмұндық деривациясының түрлі бағытта, әртүрлі деңгейде жүруі гомогенді қосымшалардың байланыстарының көмескіленуіне алып келіп, синхронды тұрғыдан гетерогенді сипат береді. Бұл түркі тілдеріндегі аралық қағидалар негізінде зерттеп, көнетүркілік лингвоиндикаторлардың ұйыстырушылық әлеуетін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу бүгінгі түркітану ғылымының басты талабы. Фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық және фоно-семантикалық процестерді қамтитын грамматикалық даму барысында күрделі және жалаң қосымша морфемалардың тұлғалық-мазмұндық деривациясының түрлі бағытта, әртүрлі деңгейде жүруі гомогенді қосымшалардың байланыстарының көмескіленуіне алып келіп, синхронды тұрғыдан гетерогенді сипат береді. Бұл түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың барлық тобына, сөзжасам жүйесіне де, сөзтүрленім мен тұлғажасамға да тән құбылыс. Сондықтан түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың даму жолын салыстырмалы тұрғыдан жан-жақты талдау пәннің негізгі қарастыратын мәселесі болып табылады. Сабақ барысында оғыздық белгілермен қатар, қыпшақтық белгілерді де молынан сақтаған VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің тілі орта ғасыр түркі жазба тілімен жалғасып жатқан қыпшақ ⇄ Түркітанудың өзекті мәселелері;

2. Алтайтанудың өзекті мәселелері;
3. Алтайтану және тектілді жаңғырту мәселелері;
4. Түркі-моңғол тілдерінің байланысы;
5. «Тұран тілдік одағы» манифестациясы;
6. Түркі және араб-парсы тілдерінің байланысы;
7. Түркі және қытай-тибет тілдерінің байланысы;
8. Түркі және корей-жапон тілдерінің байланысы;
9. Глоттогенез және этногенез;
10. ХХ, ХХІ ғасыр тоғысындағы түркі тіл білімінің белсенді үдерісі;
11. Имитатив теориясы және түркі тілдері;
12. Лингвистикалық түркітанудың жаңа бағыттары;
13. Ностратика теориясы және түркі тілдері;
14. Тіл онтологиясы және түркі тілдері;
15. Түркі тілдеріндегі терминдер жүйесін біріздендіру мәселесі;
16. Түркі тілдеріндегі әліпби жүйесін біріздендіру мәселесі;
17. Түркітанудың кешенділік сипаты;
18. Түркі лексикографиясының өзекті мәселелері;
19. Түркі ономастикасының өзекті мәселелері;
20. Түркі лексикографиясы;
21. Түркі паремиологиясы;
22. Түркі фразеологиясы.

Қоғамның дамуына, еліміздің бірлігіне, әртүрлі ұлттараралық, мәдениеттераралық, діндераралық, әлеуметтік топтараралық ықпалдастық пен ынтымақтастыққа өзінің білім – білігімен үлес қоса алатын; түркілік өркениет өкілдерінің (түркі халықтарының) өзара ықпалдастығы мен ынтымақтастығы, тілі мен мәдениеті, әдебиеті мен өнері, түркілік тарихи және рухани-мәдени мұралар мәселесіне байланысты жағдайларды мақсатына қарай анықтауға және түркітанымдық бағыттағы жаңа білімді өз бетінше шығармашылықпен меңгеруге, кәсіби қызмет аясында қолдануға; түркі әлеміне қатысты ғылыми мәселелерді теориялық тұрғыдан негіздеуге және шешуге, ғылыми жаңашылдыққа

негізделген өзіндік ой-пікірі мен тұжырымдарын дәлелді жеткізе білуге қабілетті; ғылыми-азаматтық ұстанымы берік, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби, мәдени деңгейі жоғары білікті маман даярлау еліміздің ұлттық мұраты – «Мәңгілік Ел» идеясының үздіксіз дамуын қамтамасыз етудің басты тетігі болып табылады.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУ

<i>Ескерткіштер</i>	
БҚ	Білгеқаған
Е.	Енисей жазбалары
КТү.	Күлтегін, үлкен жазба
КТк.	Күлтегін, кіші жазба
КЧ	Кули Чор ескерткіші
ҚБ	Құдатғу білік
МЧ	Мойун Чур ескерткіші
Он.	Онгин ескерткіші
Орх.	Орхон жазбалары
Тал.	Талас жазбалары
<i>Сөздіктер мен әдебиеттер</i>	
Айд.І	<i>Айдаров Ғ.</i> Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
Айд.ІІ	<i>Айдаров Ғ.</i> Тоникуқ ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
Аманж.	<i>Аманжолов А.</i> История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 366 с.
ДГД	Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках. Под ред. И.А.Батманова. – Фрунзе: Илим, 1971. –194 с.
ДТС	Древнетюркский словарь. Под ред. В.М.Наделяева, Д.М.Насилова, Э.Р. Тенишева, А.М.Щербака. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
Баласұни	<i>Иүсүн Ұлық хас-Хажиб Баласағұни.</i> Құдатғу білік. Наманган нұсқасы. Ғылыми-поэтикалық аудармасын баспаға дайыдаған Ә.Құрышжанов. – Астана: Ғылым, 2015. – 576 б.
ҚТФС	<i>Кеңесбаев І.</i> Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

Құрыш.	<i>Құрышжанов А.К.</i> Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – 232 с.
МҚС	<i>Базылхан Б.</i> Монғолша-қазақша сөздік. – Улаанбаатар-Өлгий, 1987. – 885 б.
ОА	<i>Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ.</i> Орхонескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360.
Сартқ.І	<i>С.Каржаубай.</i> Объединенный каганат тюрков. – Астана: Фолиант, 2002. – 201 с.
Сартқ.ІІ	<i>Сартқожа Қ.</i> Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.
СДЕ	<i>Батманов И.А., Арагачи З.Б., Бабушкин Г.Ф.</i> и др. Современная и древняя Енисейка. Фрунзе: АН КиргССР, 1962. – 248 с.
ЭСТЯ	<i>Севортян Э.В.</i> Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, I-III т. 1974, 1978, 1980 (IV т. соавт. Левитская Л.С.), 1989. – 767, 349, 395, 292.
ЯЖУ	<i>Малов С.Е.</i> Язык желтых уйгуров. Словарь и грамматика. – Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1957. – 197 с.

<i>Тілдер мен диалектілер</i>	
алт.	алтай тілі
әзірб.	әзірбайжан тілі
башқ.	башқұрт тілі
е.қып.	ескі қыпшақ тілі
қ.балқ.	қарашай-балқар тілі
қаз.	қазақ тілі
қар.	қарайым тілі
ққалп.	қарақалпақ тілі
қ.тат.	қырым татарлары тілі
құм.	құмық тілі
қырғ.	қырғыз тілі
маж.	мажар тілі
монғ.	монғол тілі
ноғ.	ноғай тілі
өзб.	өзбек тілі
тат.	татар тілі
түр.	түрік тілі
түркм.	түркімен тілі
тув.	тува тілі
тұңғ.м.	тұңғыс-манчжур тілі
ұйғ.	ұйғыр тілі
хак.	хакас тілі
чув.	чуваш тілі
як.	якут тілі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Адамбаев Б. Қазақ халық әдебиеті: мақал-мәтелдер. – Алматы: Ғылым, 1996.

Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство. – Алматы, 1997.

Академический словарь башкирского языка: в 10 т. / под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. – Т. 1. – Уфа: Китап, 2011.– 432 с.

Айгабылов А.М. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995.

Алексеев В.П. Этногенез. – Москва, 1986.

Алпатов В. М. История лингвистических учений. – Москва, 1998.

Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996.

Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003.

Аманжолов С. «Қазақ» деген сөздің қайдан шыққаны туралы// Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1996.

Арын М. Төртінші анық. Тарих//Бес анық (тәрбие туралы толғамдар). – Алматы, 1996.

Атабаева М.С. Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі. Ф.ғ.д. дисс. Авторефераты. – Алматы, 2006.

Аханов К.А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002.

Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 1966.

Әбдірахманов А. «Қазақ» сөзінің шығу төркіні//Қазақ әдебиеті. – 1968, 3 ақпан.

Базылхан Б. Алтай төркіндестілдердің ортақтығы туралы мәселе // ҚРҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – № 2 (96). – Алматы, 1996. – Б.3-12.

Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – 384 с.

Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – Москва, 1981.

Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988.

Башкирский язык. Башккорт теле. / под ред. Ф.Г Хисамитдинова. – Уфа: Китап, 2000.

Бенвенист Э. Общая лингвистика. – Москва: Прогресс, 1974.

Бернштам А.Н. Этимология слова «казах» и проблемы этногенеза казахского народа // Қазақстан мектебі. – 1967. – №6.

Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН КазССР. Сер. археологическая. Вып.2. – 1950.

Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии и древние времена. – Москва-Ленинград, 1950.

Благова Г.Ф. Историческое взаимоотношение слов казак и казах // Этнонимы. – Москва, 1970.

Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. Т.2. – Москва, 1963.

Бодуэн де Куртенэ И. А. Избранные труды по общему языкознанию. – Москва, 1969.

Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. II. – Москва, 1960.

Булич С. Очерк истории языкознания в России. Т.І. – Санкт-Петербург: Маркушева, 1904.

Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков / Пер. с англ. А.Д. Шмелева, под. ред. Т.В. Булыгиной. – М.: Языки русской культуры. – 1999. I-XII. – 780 с.

Вершагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – Москва, 1990.

Владимирцов Б. Я. Об отношении монгольского языка к индо-иранским языкам средней Азии // Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее Российской Академии наук. Т.1. – Ленинград, 1925.

Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. – Москва, 1997. – 331 с.

Григорьян Б.Т. Философская антропология // Буржуазная философия XX века. – Москва: Политиздат, 1974.

Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984.

Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию / Пер. С нем. Общ. Ред. Т.В.Рамишвили, послесл. А.В. Гулыги и В.А. Звегинцева. – Москва: ОАОИГ «Прогресс». 2000. – 400с.

Гуревич П.С. Антропоцентризм как философская позиция \ \ Философская антропология. – Москва, 2001.

Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы: Ғылым, 1972.

Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. т. 1. – Москва: ГИС, 1955.

Дмитриев Н.К. Материалы по истории кумыкского языка // Языки Северного Кавказа и Дагестана. – Москва-Ленинград, 1949. – Вып. 2. – С. 183-247.

Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1962.

Дмитриева Л.В. Этимология географических апеллятивов в тюркских и других алтайских языках // Алтайские этимологии. – Ленинград: Наука, 1984. – С. 130-140.

Дыбо А.В., Пейрос И.И. Проблемы изучения отдаленного родства языков // Вестник Российской Академии Наук. – Москва, 1985. – № 2. – С. 55-66

Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков: лексический фонд: пратюркский период. – Москва: Восточная литература, 2007

Еремеев Д.Е. К семантике тюркской этнонимии//Этнонимы. – Москва, 1970.

Ескеева М.Қ. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. – Астана: Сарыарқа, 2011.

Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Прес, 2011.

Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы. – Қарағанды: ҚарМУ, 2003.

Жарықбаев Қ., Ғабитов Т., Алдамұратов Ә. Әдеп негіздері. – Алматы, 2001.

Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон Ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

Журавлев В.К., Нерознак В.П. Проблемы реконструкции праязыкового состояния // Slavica XVIII. Debrecen, 1981.

Закиев М.З. Возникновение Казанской тюркской лингвистической школы с центром в университете//Казанская лингвистическая школа. Книга первая. –Казань: Татарское книжное издательство, 2008.

Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: (Семитохамитский, картвельский, индоевропейский, уральский, дравидийский, алтайский): Введение. Сравнительный словарь. – Москва: Наука, 1971. – 370 с.; Изд-е 2-е, испр. – Москва: УРСС, 2003. – 370 с.

Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: Сравнительный словарь (р-қ) (по картотекам автора). – Москва, 1984.

Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1989.

Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Ф.ғ.д. дисс. Авторефераты. – Алматы, 2004.

Кайдар А. О принципах этимологического анализа «қазақ»// Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы : Ана тілі, 1998.

Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений: (казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями). – Астана: Білге, 2003.

Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 368 с.

Кайдаров А.Т., Койчубаев Е.К. К лингвистическому объяснению этнонима «қазақ» // Вестник АН КазССР. – № 3. – 1971. – С. 47-53.

Кажыбеков Е. З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 270 с.

Карасик В.И. О категориях лингвокультурологии // Языковая личность: проблемы коммуникативной деятельности Сб. науч. трудов. – Волгоград: Перемена, 2001.

Карлинский А.Е. Методология и парадигмы современной лингвистики. – Алматы: КазУМО и МЯ им. Абылайхана, 2009.

Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. Түркістан: Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2004.

Климов Г.А. Введение в кавказское языкознание. – Москва, 1986.

Козырев В.А. Русская лексикография. – Москва: Дрофа, 2004.

Колесов В. В. Язык и ментальность. – Москва: Наука, 2004.

Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972.

Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: дооктябрьский период. – Изд. 2-е, доп. и исправл. – Ленинград: Наука, 1982.

Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркологический сборник. 1975. – Москва: Наука, 1978. – С. 159-179.

Короглы Х. Персидские пословицы и поговорки. – Москва, 1973.

Котвич В.И. Исследование по алтайским языкам. – Москва, 1962.

Кубрякова Е.С. Об одном фрагменте концептуального анализа слова память. // Логический анализ языка. Культурные концепты. – Москва: Наука, 1991.

Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – Москва: Наука, 1974.

Курышжанов А. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970.

Кызласов И.Л. Археологический взгляд на проблему первоначального единства алтайских народов // Еуразияшылдық идеясы контексіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы.

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, 2009. – Б. 36-49.

Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998.

Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004.

Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Дайк-Прес, 2009. – 780 б.

Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.

Қашқари М. Түрк сөздігі. А.Егеубаевтың аудармасы. I том. – Алматы, 1997.

Қалиев Ғ. Лексикография // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998.

Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.

Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. – Алматы: Жеті жарғы, 1996.

Құрышжанов Ә. «Китаб ал-идрак ли-л-исан ал-атрак» // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998.

Лекторский В.А. От позитивизма к неопозитивизму // Буржуазная философия XX века. – Москва: Политиздат, 1971.

Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 1998.

Макаев Э.А. Общая теория сравнительного языкознания. – Москва, 1977.

Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва.-Ленинград, 1951.

Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // ОлиЯ. Т. 2. Вып. 2.-Москва, 1952.

Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. Текст и переводы. – Москва – Ленинград, 1958.

Малов С.Е. Уйгурские наречия Синьзяна. – Москва: Изд-во АН СССР, 1961. –161 с.

Малов С.Е. Памятник в честь Тоньюкука//Орхонские надписи. Кюль-Тегин. Бильге-Каган. Тоньюкук. – Семей: Международный клуб Абая, 2001.

Мамардашвили М.К., Пятигорский А.М. Символ и сознание. Метафизические рассуждения о сознании, символикe и языке. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1999. – 216 с.

Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002.

Манкеева Ж. А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008.

Марғұлан Ә. Таңбалы тас жазуы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1996.

Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 1960.

Маслова В. А. Лингвокультурология. – Москва: Искусство, 2001.

Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск, 2004.

Мельничук А.С. О природе лингвистического знака. В сб. «Теоретические проблемы современного языкознания». – Москва: Изд-во АН СССР, 1964.

Митрохин Л. Н. Сциентизм и антрологизм в современной буржуазной философии // Буржуазная философия XX века. – Москва: Политиздат, 1974.

Моңғолдың Құпия шежіресі. – Өлгей, 1978.

Морковкин В.В. Идеографические словари. – Москва: ГИС, 1970.

Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии. – Москва: Институт русского языка им. А.С. Пушкина, 1990.

Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов. – Москва: Институт восточных культур и античности, 2009.

Мухитдинов Р.С. Диуан луғат-әт турк – түркітану қазығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздік белестері – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 344 б.

Нерознак В.П. Праязык: реконструкт или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. – Москва, 1988. – С. 26-43.

Нұрмағамбетов Ә. Қазақ ру-тайпалары атауларының төркіні// Ана тілі. – 1993, 13 мамыр.

Ожегов С.И. Словарь русского языка. Под ред. Н.Ю.Шведовой. 20-изд. – Москва: Русский язык, 1989.

Основная направления структурализма. – Москва: Политиздат, 1964.

Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976.

Өмірәлиев Қ. Ата тарихқа үнілсек. // Жалын. – №5.-1985. – Б. 107-120.

Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. Т. 1. – Москва, 1958.

Ramstedt G.J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft. – Helsinki, 1957. – 192 s.

Rask R.K. Den skitiske Sproget.-Kopenhagen, 1834.

Розина Р.И. Челов ек и личность в языке. // Логический анализ языка. Культурные концепты. – Москва: Наука, 1991. – С. 52.

Розина Р.И. Челов ек и личность в языке // Логический анализ языка. Культурные концепты. – Москва: Наука, 1991.

Сағидолда Г Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (қазақ және моңғол тілдері материалдары бойынша). – Алматы, 2004.

Сағидолда Г Түркі – моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана: Сарыарқа, 2011.

Сарай Ә. «Қазақ» атауының ізімен//Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997

Сейдімбек А. Сонар. – Алматы, 1989.

Сейфуллин С. Қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат// Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997

Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993. – 654 с.

Серебренников Б.А. , Кубрякова Е.С., Поставалова В.И. и др. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира \– Москва: Наука, 1988.

Советский энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1988.

Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000.

Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики. – Москва: Комкнига, 2006.

Starostin S., Dybo A., Mudrak O. Etymological Dictionary of the Altaic Languages. – Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. – P. 858. (A-K); Vol. 2. – P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. – P. 1557-2096. (Indices).

Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Фонетика. – Москва: Наука, 1984.

Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы // Тюркологический сборник. 1971. – Москва: Наука, 1972. – С. 213-226.

Сүлейменов О. Тюрки в доистории. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. – Алматы: Атамұра, 2002.

Тарланов З.К. Язык. Этнос. Время. Очерки по русскому и общему языкознанию. Петрозаводск: Изд-во Петрозаводского гос. ун-та, 1993. – 222 с.

Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. – Москва, 1996.

Тенишев Э.Р. Система согласных в языке древнеуйгурских памятников уйгурского письма Турфана и Ганьсу // Вопросы диалектологии и тюркских языков. Т. 3. – Баку, 1963.

Толстой Н.И. Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – Москва: Индрик, 1995. – 509 с.

Трубецкой Н.С. Вавилонская башня и смешение языков // Евразийский временник. – Берлин, 1923. Кн. 3. – С.114

Түймебаев Ж.К. Проблемы анлаутных губных согласных в алтайских языках. (Развития фонетического закона Рамстедта-Пеллио). – Москва, 2004.

Түймебаев Ж.К. Казахско-монгольские лексические параллели: Материалы к этимологическому словарю казахского языка. – Москва, 2005.

Түймебаев Ж.К. Становление и развитие алтайской теории и алтаистики. – Туркестан, 2006.

Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз. – Кокшетау, 2009.

Түймебаев Ж.К., Ескеева М.К. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Астана: Prosper Print, 2013. – 336 б.

Түймебаев Ж.К., Сагидолда Г. Алтайтанудың тарихи-лингвистикалық негіздері. – Астана: Prosper Print, 2013. – 436 б.

Түймебаев Ж.К., Ескеева М.К. Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері. – Астана: ЕҰУ, 2015. – 516 б.

Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006.

Трыярский Э. Еще раз о методике издание рунических надписей // Turcologica. – Москва: Наука, 1976.

Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. док, дисс. авторефераты. – Алматы, 2007.

Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1960.

Федотов М.Р. Этимологический словарь чувашского языка. – Чебоксары, 1996. Т. 1-2.

Филипов Л.Н. Структурализм//Буржуазная философия XX века. – Москва: Политиздат, 1974. – С. 136-162.

Öztopçu Kurtuluş. Dictionary of the Turkic languages: English, Azerbaijani, Kazakh, Kyrgyz, Tatar, Turkish, Turkmen, Uighur, Uzbek. – London: Routledge, 1996. – 422 p.

Филипов Л.Н. Структурализм // Буржуазная философия XX века. – Москва: Политиздат, 1974.

Философия. Құраст. Ғабитов Т. – Алматы: Раритет, 2005. – 400 б.

Хайду П. Уральские языки и народы. – Москва, 1985.

Хасенов Ә. Үйсін «он оқ бодын». Түркеш // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 2002.

Хомский Н. Язык и мышления. – Москва, 1999.

Цивьян Т.В. Модель мира и ее лингвистические основы. Изд. 3-е. – Москва: КомКнига, 2006. – 280 с.

Шаумян С.К. Философские вопросы теоретической лингвистики. – Москва, 1971.

Шаумян С.К. Аппликативная грамматика как семантическая теория естественных языков. – Москва, 1974.

Шахматов В. К вопросу об этногенезе казахского народа//Известия АН КазССР. Сер. Историч. –1950, вып. 6.

Шлейхер А. Компендий сравнительной грамматики индоевропейских языков // Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. – Москва, 1964. Ч. 1.109

Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. –201 с.

Щербак А.М. Введение в сравнительное изучение тюркских языков. – Санкт-Петербург: Наука, 1994. –191с.

Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.). – Санкт-Петербург: Наука, 1997. – 291с.

Щербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (к проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания. – Москва: Наука, 1986. – № 4. – С. 47–59.

Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «К», «Қ» /Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин. – Москва, 1997.

Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин/. – Москва, 2000.

Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С». – Москва, 2003.

Языки мира: Тюркские языки. – Москва, 1996.

Юдин В.П. К этимологии этнонима казах (қазақ)//Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

Якобсон Р. Избранные работы по лингвистике. – Берлин: БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ., 1998.

Doerfer G. Vorosmanische (die Entwicklung der oghusischen Sprachen von den Orchonschriften bis zu Sultan Veled)//Türk Dili Araştırma Yıllığı. – Ankara, 1976. – S. 81–131.

Castren, M.A., Reiseberichte und briefe aus den Jahren 1845-49, St. – Petersburg, 1856.

Castren, M.A. „Über die Personalaffixe in den Altaischen Sprachen, Kleinere Schriften, St. Petersburg, 1862.

Max Muller, Essays I, Leipzig, 1869. The languages of the Seat of War in the East, With a Survey of three families of languages, Semitic, Arian, and Turanian, London-Edinburgh-Leipzig, 1855.

Öztopçu Kurtuluş. Dictionary of the Turkic languages: English, Azerbaijani, Kazakh, Kyrgyz, Tatar, Turkish, Turkmen, Uighur, Uzbek. – London: Routledge, 1996. – 422 p.

Poppe N. Introduction to altaic linguistics. Otto Harrassowitz. – Wiesbaden, 1965. –S.127.

Poppe N. Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen. T.1: Vergleichende Lautlehre-S.8/. – Wiesbaden, 1960.

Strahlenberg F. Der Nord und Östlich Theil von Europa und Asia, von Philipp von Strahlenberg. – Stockholm, 1730.

Winkler H. Uralaltaische Volker und Sprachen. Berlin, 1884; Das Ural-altaische und seine Gruppen. – Berlin, 1886.

Winkler H. Der ural-altaische Sprachenstamm, das Japanische. – Berlin, 1909.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
§ 1. Түркітану – «Мәңгілік Ел» идеясын дамытудың ғылыми негізі	6
§2. «Мәңгілік Ел» идеясын тіл және этнос сабақтастығында зерделеудің ғылыми-әдіснамалық негізі	19
§3. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі Bengü El идеясы	51
§4. «Мәңгілік Ел» идеясын бекітудің паремиологиялық көздері	107
§5. «Мәңгілік Ел» идеясын дамытудың лексикографиялық негіздері	136
§6. Түркі тілдерін салыстырмалы тұрғыдан зерттеу ортақ руханиятты жаңғырту құралы	189
§7 Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны	211
§8. «Қазақ» этнонимі жайлы көзқарастар	236
§9. Қазақ тілін «Тұран тілдік одағы», «Алтай тілдік одағы» ауқымында зерттеу мәселесі	262
§10. «Мәңгілік Ел» идеясын үздіксіз дамыту және кәсіби түркітанушы	297
Шартты қысқартулар	342
Пайдаланылған әдебиеттер	345

**«Қазығұрт» баспасы ЖШС-нің президенті –
Темірғали Мұратбекұлы Көпбаев**

ТҮЙМЕБАЕВ Ж., ЕСКЕЕВА М., САҒИДОЛДА Г.

**«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ДАМУДЫҢ
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**

**Редакторы Сәлима Қалқабаева
Суретшісі Ермек Мейірбеков
Беттеген Ниязбай Оразымбетов**

Басуға 06.10.2017 ж. қол қойылды.
Қалыбы 66x96 ¹/₁₆. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Arno Pro», «Palatino Linotype».
Көлемі 22,5 б.т. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №2928.

«Қазығұрт» баспасының компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Қазығұрт» баспасы, 480009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 405 офис.
Телефон (факс): 8 (727) 394-42-86
e-mail: kazygurt@list.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.